

894.342-3
T 65
1e

ЭРНЕСТ ТӨРЕХАНОВ

ЕСКЕНДІР МЕН РОКСАНА



899342-3

8965

K

АРХИВТІК
КОР

ЭРНЕСТ ТӨРЕХАНОВ

ЕСКЕНДІР МЕН РОКСАНА

Роман

МИНДЕТТИ АҚЫСЫЗ ДАНА
ОБЯЗАТЕЛЬНЫЙ
БЕСПЛАТНЫЙ ЭКЗЕМПЛЯР

АЛМАТЫ
он же
БЕСПЛАТНЫЙ
2006

ББК 84Қаз7-44

Т 65

Қазақстан Республикасының
Мәдениет жөне ақпарат министрлігі
Ақпарат жөне мұрағат комитетінің
бағдарламасы бойынша шығарылды

Т 65

Төреканов Эрнест. *Ескендер мен Роксана*. – Алматы,
“Өлкө”. – 2006. – 400 бет.

ISBN 9965-742-85-5


Эрнест Төрекановтың “Ескендер мен Роксана” тарихи романының басты кейіпкерлері – патшалар, ғұламалар, әскери қолбасылар. Романда шапқынышық, талас-тартыс, қанды қырғын, азынаған алапат, кек алу лаң өмір суреттелген. Бірақ әлемге әйгілі Александр Македонский, Ұлы Дағын патшалары қаңыл Байтақ, үйсін Күнбекі көрегендер соңғы кезге дейінгі көптеген шығармаларда суреттелгендей әміршілер емес, баһадурлігін, ақыл-парасаты мен ерлігін халық бағалаған қайырымды қолбасышы, үлкен жүректі, озық ойлы, ел жанды түлғалар болып сомдалған. Ұлы Дағынның дана қызы Роксананың елін қанды қырғыннан, жат елге бодан болудан сақтау бейнесі аса көркем нағымды шыққан. Адами қасиеті әсерлі қамтылған.

Китап жалпы оқырмандарға арналған.

ББК 84Қаз7-44

T 4702250201
00 (05)-06

ISBN 9965-742-85-5



© Төреканов Э. 2006
© “Өлкө” баспасы, 2006

Тұп тарихтан Тәуелсіз елдікке дейінгі аралықта қазақ халқының жүзі жарқын ісі – айқын. Сол ұзақ та аса күрделі сапардан аргы ата-бабаларымызды аман алғып өткен ұлы патшалар, қағандар мен хандардың бүгінгі көзі – ел басқарушы, ұлттық мұдде үшін күресуші замандастарыма арнаймын.

Автор.

БІРІНШІ БӨЛІМ



1

Дүние дөнгеленіп, біздің заманымыздан бұрынғы 448 жылға жетті. Македонның таулы-қыратты, жасыл ойпатты, салқар сулы өлкесіне жана күннің нұры себелеп тұр. Шыңылтыр ауа, бусанған шалғын, тыныштық. Енді бір сәтте тыныштықты әр сайдан жөңкілген мал азан-казан етті. Қиқулаған бакташы, үрген ит... өмір кайта жалғасты деп әлемге жар салғандай. Дорбаларында ұзына күндік ішім-жемі бар екі бакташы сойлесін келеді.

— Сен не естідің? — дейді кіші-гірім таудай жас жігіт ағасына.

— Не естуші ем... Келдім де жаттым. Бүгін түрдым да кеттім.

— Мені кеше кінәздің үйіне көмекке шакырды. Барсам үш кінәз күнқағардың астында мұрттары майланаңып, әңгіме құрып отыр. Ары өтіп, бері өтіп журіп естігенім — Рим Карфагенді жаулап алыпты. Ал өзімізде де үлкен жаксылық бар екен. Македонияның патшасы жеті жасар бала еді ғой. Енді нағыз патша сайланыпты. Филипп дейтін патшамыз бар. Мыкты жігіт секілді.

— Осылардың саған не қатысы бар, Апанасий? Нанынды маңызға батырып жеп, айранынды ішіп, құдайдың мына рахат ауасын жұтып жүре бермеймісін?

— Мен сонда тек нан жеу үшін өмір сүрмекпін бе? Әттен, мұлдем сауатым жоқ. Эйтпесе, қаладан қала кезіп кетер едім. Эйтеур, бір жерден тесіп шығарыма көзім жетеді. Тек осы орманнан шықсам болғаны... Ал кешегі кінәздар патша бол енді сайланған Филиппті “қағып түсіреміз” дейді. Олар оны жасайды. Қанша заманнан бері кінәздіктер бар, ел-жоқ. Бірімен-бірі байлық жарыстырган қанша кінәздік бар!? Шетінен тәқаппар. Біреуінің мойыны сәл озса шауып тастайды, не жабылып журіп жүн кылады. Македонда дүние ешқашан өзгермейді. Осылай тау сағалап, дәулет жарыстырып, кінәздер жата береді. Біз солардың малының шып-шырғасын шығармай, кайтсем көбейтөм деп журіп қөрге кіреміз.

— Оның несі жаман? Содырдың сойылынан, созбауыт аурудан, нақұрыстың оғынан өлгенше белін бүгіліп, басың жерге жеткенше

мал бақсан арманың не? Күндердің күнінде патша да өледі, кінәз да өледі. Сонда бәріміз тенесеміз. Мен кінәз болмадым деп жыламаймын. Өйткені, онын уайым-кайғысы сенікінен мың есе көп.

— Сонда өмір осылай қапырық ауадай тұрсын дейсің ғой?

— Тұрсын. Қараашы! Иттің катындары шала сауған сиырлардың желінінен тызылдаш сүт ағып барады. Біраздан соң балалар бізді тауып келеді де екеуіміз сауып қойған сүтті ну ішімен үйге жеткізеді. Қарнымыз ток. Құдай осыдан айырмасын.

— Сенікі дұрыс та шығар. Бірақ дүниеге екі келу жок қой. Келген екенсін сол дүниенін бар қызығын көріп кеткенге не жетсін. Мейлі екеумізді қойшы! Сенің балаларың анау кінәздардың малынған байлығына жетер болса, еш өкінішсіз дүниеден өтер ем. Мен бар-жоғы малшымын. Үйленсем балаларым да құл-құттан боп өмірі өксіп өтеді. Сондықтан мына май бөкселердің басын әңкі-тәңкі қылатын алпауыт табылса деп күдайдан тілеймін. Дүние дүр сілкініп, Македонды біреу манаурап жатқан жерінен жулып алса, шіркін. Сол сапырылыста мүмкін бағым жаңып, санатқа косылып қалар ма едім?

— Арманыңнан қан исі мұнқіп түр.

— Болсын. Македонға бір үлкен лан керек. Сонда мына жаман інін Апанасий жарқырап шыға келеді, бауырим! — деп құлді.

Апанасий — он алтыға жаңа іліккен аллапма жігіт. Ағасы екеуі Keon кінәздің малын бағады. Бірақ іштей сезінеді, құдай берген өлшеулі ғұмыры із-тозсыз, күйкі тірлікпен қыдаланып кетіп жатыр. Ағасы Менон қой аузынан шөп алмас момын, шексіз төзімнен жаралған, ынсанқа берік адам.

— Эй тентек! Макендонға лан шақырғаның қалай? Олай айтпа. Осы өміріне де жете алмай қаласын

— Эй, момыным-ай! Міне, қараашы!

Апанасий табын ішіндегі үш бұқанын ең шайпауына барды да құйрыктан шап берді. Қек бұқа шыр айланып, мүйізімен Апанасийді бір-ак іліп лақтырмак болды. Апанасий жан бермеді. Құйрығынан құламаға қарай бұрып еді, қек бұқаның артқы екі аяғы айкасып қалды да гұрс құлады. Менонға інісінің қылышы ұнамады.

— Екі бұқа алдысып, екі аяқтысы женді. Сол ма айтпағын?

— Сол. Ақылым жетпеген жерде білектің күшімен талай нәрсе тындыруға болар еді. Әттең, бағым жанбай тұр. Филиппей патшага оққағар болуға жарап ем ғой. Мен казір қек бұқадан артық еместін. Ішкен-жегеніме мәзбін. Тіпті қек өгіздің жағдайы менен жақсы. Мына табын түгел соның катындары. Менде катын да жок. Ха! ха! ха!

— Патшада қанша катын болуы?.. Қалай ойлайсын?

— Патшалар катын санына шек қоймайды. Бірін ұнатып, бірін есеппен ала береді. Көзі түскенін кездескен жерде ұрып алып кете беретін де көрінеді.

Қаны тасып, кара күшін, жүрек қуатын елге, ұлкен іске, мүмкін ұлы іске жұмсар ма едім, деп терісіне сыймай жүрген Апанасийдің сезінде жан бар. Македония — құдайдың мейірі төгілген жер. Мұнда өмірге керектін бәрі бар: су да, ну да. Жері қандай! Түгін тартсан түбінен май шығады. Бірак жас жігіт өз елінің әлемнен бөлініп, мешеуленіп қалғанын сезеді. Қыл аяғы: “Олимпиялық ойындарға барам”, — деп Апанасий жүлкynғанда: “Ел намысын корғап кайт”, — деп бір ақсүйек жолакы бермеді. Апанасий жалғыз емес шығар. Ол секілді мындаған бозбала Македонның тікізың шоқыларының ар жағында не өмір бар екенін көре алмай, малмен бірге мал болып жүріп жатыр.

Апанасий ағасы екеуі ес білтелі мал сонында. Үйде ағасының бес баласымен бірге—картайған, карға аттам жер мұн болған ата-анасты мүлгіп отыр. Меноннан ұлкен ұлдары мен қыздары барышылық болғанмен карттар осы Менонның жайлышына бола осы үйде қалса керек. Апанасий кенже бала. Ол ағасының балалары әкесіне көмекші болғанша шал-кемпірді бағыспақ. Одан соң Афиниға кетіп, келесі олимпиядада бак сынауды ішке түйіп койған. Сол мезгіл де жетті. Бірак, кімге баарын, жарыска қатысадың жөнін білмейді. Содан, тәуекел деп, ең мықты кінәз, баласын патша етіп ермек қылған, Моломды мекен еткен Неоптолемаға баруға бекінді. Молом кінәзі туралы көзқарасты дегендерден сұрастырып еді жарытып ешкім, ештеңе айта қоймады. Біреулер тарпа бас салып жамандады. Біреулер оны ақылды адам деді.

Не де болса Апанасий әке-шешесімен, бауырымен, оның бауыр басысқан балаларымен коштасып, көздін жасын бір сығып алды өз бақытын іздеп шыкты.

Македон кінәздіктер одағын Моломда өзін патша деп жариялаган Неоптолема басқарып отырған. Неоптолемада бәлендей билік жок-тын. Ол ара-тұра кінәздерді кенеске шакырады. Айтарын жеткізеді. Бірі қабыл алады, екіншісі сыздаған күйінде кетіп, өз білгенін жасай береді. Оған шамданып жаткан Неоптолема жок. Өз дүниесі түгел, басқа кінәздерден мойны сәл озық. Оған ешкім беттемейді. Неоптолема өте бай, тамыры теренде, тынысы кен — алымды адам.

Неоптолема бірнеше рет төсек жанғыртып, талай жер, талай елмен сүйек құда да болды. Балалары жер-жерде өсіп жатыр. Тұнғышы қыз еді. Афинида кезекті Олимпиада жүріп жатқанда дүниеге келген соң, қызының атын Олимпиада деп койған. Тастан қашап, мінсіз жасаған мүсіндей сұлу боп бойжетті. Сол тас тәрізді сұық, адуындылығына қарап, әкесі оның зеректігін де аңғарды. Содан ба Олимпиада жақтан жел сокпайды, ол бір нәрсе айтса біліп айтады деген сенім кінәздің санасына сініп қалған. Күндердің күнінде Неоптолема сарайына оның

көніл жетері кінәз Филипптің баласы кіші Филипп келгіштей бастады. Бұл жакындық II Филипп пен Олимпиаданың тойымен бітті. II Филипп іздегенге – сұрағанның өзі-тін. Теке сасыған Олимпиадаға таза есеппен үйленді. Өйткені Неоптолемаға тән Молом жері әлемнің кіндігі болмағанмен Македонның басы қосылатын жер екенін жақсы түсінді. Македонның кілті осы сарайда, осы Молом патшасында, Неоптолеманың қолында. Ендігі мақсат – сол кілтті қолға түсіру болатын. Өйткені, есебі түгел, көздегені алыста жатқан II Филипп Македонияның өмірден кенжелеп қалуынан корқады. Не ауызбірлігі, не қатаң билігі, не жасағы жок Македония күндердің күнінде болмашы ғана күші бар, бірак, оңтайлы, кезде ұрынған біреудің қанжығасына байланара анық. Оны ойлап отырган патшасымың Неоптолема жок, кінәздер де дүние осылай қапырық тұнған қолаттай тұра береді деп жүр. Ал жан-жак түгел майдан. Грек полистерінің өмірі таусылмас қактығысы, алыс-жақындағы, ел мен елдің шайқасы, екі көзі қанталап Македонияның Эгей теңізіндегі портты қалаларына көз тіккен парсы өктемдігі ешкімнің шымбайына батар емес. II Филипп соған да күйіп-піседі. Жай ғана күйіп-піспейді, ішіндегі Олимпиадаға актарады. Олимпиада үнсіз тындаиды. Ара-тұра көмескі тұстарда сұрақ қояды. Одан соң және тындаиды: Тындаі-тындаі өзінің Филиппен рухы жымдастып кеткенін, енді аузын ауша аузынан Филипптің сөзі ағытылатын қалға жеткенін байқамады. Филипп жай сиырдың жапасы еместігін Олимпиада іштей мойыннады.

Әлемді әне-міне дегенше өрт шалғалы түрғанда, ел басында аузы алты карыс, еркектің ісін істей алатын, керек болса ерлерше өле алатын адамның болғаны керек. Оны кешеуілдетуге де болмайтынын Олимпиада түсінді. Неоптолеманың бейқамдығы сонша қызық үшін, өзінің патшалық тағын жеті жасар ерке ұлы Аминтаға аударып, зандастырып койған. Бір тұн көз ілмей, Филипке жол ашудың амалын іздеген Олимпиада ақыры иненің жасуынан өтер жол тапты. Ол әкесінің тамырын басып, көңілін аулап отырып, II Филиппті шын реңми патшажеті жасар Аминтаға регент¹ етіп тағайыннатқызды. Тырнағы ілінген жерден айырылмайтын Филипп көп кешікпей әскери демократия тәртібімен өзін патша сайлаташып алды. Енді оның алды күреулі, билігі шексіз. Тек катерліні қағып өтпей жақтас ете білсе, жымсыманы жақыннатпай алыс ұстаса, қактығыс тиімсіз болса қалжынмен күтыла білсе, жауын жаңықтырмай бейтарап күйде ұзак ұстай білсе, достарымен тым ауыз жаласып кетпей іштей сүйініп, сырттай коныр-салқын журе алса, сол өзі сенген достарын қабілеттіне, намысшылдығына карай өз төнірегінен орын бере білсе, өлісетін жерде өзін өлең айтқалы түрғандай ұстаса,

¹Регент - патша көмелеткө толғанша соның міндетін атқарушы.

алкалы топ жиналса мысымен басып, жарқырап жайдарылық танытса. Мұндай патшалық өнерге кінәздер шорқақ. Олар құдай берген өз мінезімен жүреді, солай дүниеден өтеді. Сондыктан олар Филиппен иық тенестіре алмайды. Осының бәрін ұккан Филипп болашақта соғыс бұл өлкені айналып өтпесін де түсінді. Солтүстікте көлденен түсіп Византия империясы жатыр. Қашан жауары белгісіз, жауын болып келуі де, қара тасқын бол жетуі де ықтимал. Басқа тұстан Македонға жау келер, іә келмес, ал гректерге ой түсіп, мына жер біздікі десе македондықтар тыrapай асады.

Гректердің де Македонның да ежелгі жауы — парсылар. Олармен кикілжің қашан басталғанын, қанша соғыс болғанын, сірә тарихшылар да толық білмейді. Бұл бір тоқталмайтын, толастамайтын, үнемі кан тілеп тұрар шеп. Оған тек дауа іздеу керек... Онын емін, оның дауасын табуды тағдыр Филиппке беріп тұр. Әзірше ол жөнінде Филипп ешкімге айтпайды. Әлі тым ерте. Оны айту үшін Филипп не істеуге тиіс?

Македония тез арада кез келген қауіп-қатерге қарсы тұра алар басы піскен ел болуға тиіс. Бұйыры өмір тарих көшімен өтіп барады. Филипп казынасында қаражаты, алдында бес қаруы сай әскері, жан-жағында әр кінәздіктен сыйланған өкілі бар, қолбасшылары сенімді патшаға айналмай іс бітпейді. Замананың осы бір кезеңінде Аристотельдегі ғұламасы, Диогендей сұнғыласы, Демосфендей от ауыз рухшысы, Платон, Соқраттардай, Птоломей, Страбондай шежірешісі жок Македония тарих таңын ерте атқызып, әрекетке ертелеу кешті. Дегенмен Филипп қайта құрған, бұғанасын бекіткен Македон патшалығы ширығып біреулер санасар халге жеткен жок. Филипп бір кінәздік өкіліне дауыс көтерсе, ел іші еki-үш топқа бөлініп кетуге дайын тұр, бұлардың басы тек соғыста піседі, Бұлардың өзі де тек соғыста ширайды деп Филипп болашак жорықтардың камын жасай берді.

Елдін басын пісіргүе кеткен алғашкы жылдардың бірінде, 356 жылдың Македон құнтізбесі бойынша 6 лоос, яғни шілденің сонында Олимпиада Филиппке ұл тауып берді. Босанар алдындағы толғактың арасында Олимпиаданың көзі ілініп кетіпті. Сонда ол түсінде қарның наизағай жарып өткен үрейден шошып оянады да, босанады. Филипп те тұс көрген. Ол тұсі бойынша әйелінің торсиган ішіне арыстанның суреті бейнеленген мөр басылыпты. Дәл со күні Герострат Эфесте әлемнің жеті таңғажайыбының бірінен саналатын Артемида сарайын өртеп жіберді. Олимпиаданың ұлы да анасы секілді олимпиадалық ойындар өтіп жатқан кездे дүниеге келді. Сол күні олимпиадада македондық үш атлет женіске жетті деген хабар келді. Ең бастысы — Филипптің алғашкы жорықтарының елеулісі — Поти соғысында Македон әскері женіске жетті... Осында жақсы-жаманы бар тарихи оқиғаларды, торсық маңдай нәресте мына әлемге өзімен

бірге әкелді деген наным естіген елдін жадына жазылып калды. Сөүегейлер мен балгерлерге тұспа-тұс келген оқиғалар таусылмас азыққа айналды.

Шындығында Филипп бол күнді құдайдың көзі оңынан түскен күн деп білді. Осыдан былай тасы өрге домалайтын, алда данкты қундер тосулы екенін сезгендей күй кешті. Манына жан жуыттай сарайда жатып, өзіне кімді үлгі етерін ойлады. Бұрын-сонды Рим империясының төңірегінде, Азияда, Онтүстік, Солтүстікте данкы шекіз аспандаган кім бар?.. Еуропада кімдер болғанын білмейді. Рим төңірегінде тарихтың басында тұрған мықтылар баршылық. Бірақ... Бірақ олар ары кетсе Мысырға жетті...

Эллада мен Парсы әдіс алысқан ежелгі жау. Македония Филипптін тақиясына тар екені бесенеден белгілі. Ал оған Элладаны қосып, бағы жанса Парсыны теніздерден сәл шегіндіріп тастаса бұл да бір империяның басы – императоры болуы әбден ықтимал.

Осынау алысты қөзделген жоспарын іске асыру үшін II Филипп Дарийді алыста жатып іштен шалды – қазынасындағы тамтүм алтынды қайта құйдырып, сол кезде тек алтыны бар Парсы патшасы Дарийдің ділдәсінен Филипптін ділдәсі, 001 грамға артық, салмақтырақ екен деп айдай әлемге жариялады. Сөйтіп, III Дарийдің “Дарико” аталатын тенгесін құнсыздандырып, өзінін “Филиппогын” нағыз ақшаға айналдырыды. Бұл енді бірнеше жылдан сон тартылатын тұзак екенін ол кезде ешкім болжай алмады.

Филипптін жағдайы сырт көзге орнықты көрінгенмен қазынасы бостау, кінәздердің бәрі түпкілікті мойындан бітпеген еді. Сондыктан ол македондықтардың алдына Фивы, Афины, Спарта, Беотия, Коринф, Пифия, Кликия болып бөлшектеніп, бірін-бірі мойындармай отырған грек полистарын көгендең бергенін пан кеуде Македон кінәздері көруге тиіс. Сонда олар әмиянын ашып, ақша тастайды, мал-мұлікпен әскерді үлкен жорықта дайындауға улес косады. Қазіргі бірді-екілі женіс оларға қездейсоқ ұтыс тәрізденіп тұр. Дегенмен Филипп өз манына Парменион, Антигон Монофталым, Гегелох, Полидамант секілді ерен қолбасшылардың шоғырын жасап үлгерді. Бұл есімдер Македониядан Грекияға ескен жемен, жүрген елмен жайылып, олар тұлғаға айнала бастады. Филипптін есіл-дерті қайсар да керауыз Грекияны бағындыра келе Македонияның өзін эллиндік елге айналдыру. Филипптін жоспары көп, уақыты жеткілікті, өмірдің кисыны мұнын жағына шыққандай еді. Грекияға шындал кіру үшін ту сырты мұздамау керек. Элі де Филиппке сыртын қаратаң отырған ықпалды кінәздер баршылық. Филипп соларды өз жағына толық қаратағай алға алансыз жылжи алмайды. Оның да кисынын ойлап койды. Олимпиаданың жакын туысы, коғамдық сатыда патщаға жетекабыл, керек болса

патшалыққа да талаптана алатын Дропидтің қызы Ланика мен оның інісі кара Клито екеуі патша сарайына келтірілді. Баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып туғаны болмаса эйелдік мейірімі аздау, ойлағаны саясат, қүйеуімен мемлекет ісіне белсене кірісіп кететін Олимпиада Александры бір-ак апта емізді. Одан соң оның сұт анасы Ланика болды. Клито Александрдан ересектеу болғанымен бауыр басып кетті. Бұған Филипп патша және бір жаңалық кости. Филипп Александрды аяғы шыққаннан ер-азamat етіп баулу үшін өз әскеріндегі кәртамыс қолбасшылардың бірі әрі сол Олимпиаданың жақын ағасы Леонидті алдырыды. Леонид барынша адад, әскердегі ең катал, өте турашыл, білімдар адам-тын. Ал елдік табиғат, ұлттық мінез, аныз-қиссалардан молынан сусындау үшін ауылдан шыққан Лисимах атты ұстазды алдырыды. Александр жалғызысырамасын әрі патша баласымен бірге тәрбиеленсін деп біраз аса бай, беделді ақсүйектер балаларын патша сарайына жіберді. Сол жерде топырлап, болашак ұлы қолбасшылар Александр, Гефестион, Пердикка, Птоломей, Леоннат, Эригий, Кратер, Кэн, Лаг, Селевк, Марсий, Никонор, Клито асыр сап, болашак әскер ойынын бастап та жіберген. Басшылары Леонид ақсакалдан бұлар катты корқатын, бірақ бала да болса бәрі сезетін – Леонид жаман адам емес әрі өте әділ. Бәріне тен қарайды. Талаптары орынды. Ол балаларды “жазалағанда” ешкімнен қаймықпайтын. Ешкімге женілдік бермейтін. Оны былай койғанда әлгі тентектерге құтушілері арқылы шешелері артық тәтті, жылы-жұмсақ беріп жүрген жоқ па деп Леонид тұн ортасында төсөнштерін төңкеріп тастап, тексеріс жасайтын.

Александрың өзі де, достары да Леонид ұстаздарын езу тартпай еске алмайтын. Сол бір шақар кісінін бойындағы қайсарлықты бұлар бөлісіп алғандай табанынын бүрі бар азamat болып ержетті.

Александр он үшке толғанда ұстаздықка Аристотель шакырылды. Александр патша баласы болғандыктan емес, зеректігі, алғырлығы, қайратты да самдағайлығы үшін Аристотельге өте ұнады. Александр сол достарымен бірге оқыды. Бірақ олардан оқ бойы озық еді. Оқу оған өте онай тиді. Өмір осылай өз кезегімен кете берер еді, бірақ ел іші қашан тынышталған. Филипп Александр кәмелетке толған шакта Олимпиада көзіме шөп салды деген желеумен одан ажырасып, өзінің ендігі сүйенері македондық жуан кінәз Атталдың жиені Клеопатраға үйленді. Аттал жай адам емес, онын артында тайлы-тайғымен Парменион, оның баласы, ерен қолбасшы Филота тұрды. Парменион мен Филота Олимпиада мен Александрды патша сарайынан бірден аластатты. Бірақ Олимпиада және оның бірнеше соғыска кіріп, женісті жұлып алған жалғыз ұлы Александрды жақтаушылар күн санап ұлғая түсті. Содан Филипп патша Демарат дейтін коринфтік бір акылды адамды араға

салып, Александр мен Олимпиаданы патша сарайына оралуға көндірді. Бұл кез Филипп жалпы гректік одак, панэллиндік келісім деп әлектеніп жүрген. Айла журметен жерде найзасын кезеніп, көздеген одағының негізін қалады. Бірақ сыртқы шаруа киында болса орнынан қозғалып, болашақ панэллиндік одактың нобайы көріне бастағанмен Филипп Македонияның өз ішінен іріткі шығу каупін дәл анғарды. Патшалық таққа Филипптің Олимпиада арқылы келгенін халық ұмытқан жок. Кінәздер тіптен де ұмытпайды. Өзін патша жасаған Олимпиаданы баласымен бірге сарайдан мысықша лақтыруы Македон аксүйектерінің ішінде наразылық тудырып, Филипптің адами касиеттінін аздығын анғартар жайтка айналды. Осы жолы Парменион мен оның баласы Филота да бет пердесін ашып, Олимпиада мен Александрға деген қара ниетін оқыста білдіріп алды. Оны Александр ішінін бір бүршынына мықтап түйіп қойды. Ал Олимпиада бұдан былай әкелі-балалы қолбасшылардың басқан ізін андыды. Енді олардың бұдан былайғы әр қадамы, сөзі мен ісінен Олимпиада көз жазбайды.

Филипп отбасында ұйыған татулық орнамағанмен өшпенділікті өршітпей, сабасына түсірдім деп ойлады. Осы қадамын одан әрі нығайту ниетімен Филипп енді жас әйелімен аттас бойжеткен қызы Клеопатраны Эпир патшасына ұзатты. Әрине, бұл Филипптің ішкі есебінен жаралған туыстық. Патша қызы патшада ұзатылған үлкен той басталды. Ол тойға келген де арманда, келмеген де арманда еді. Той екпін алып, енді не бір қызықтар басталар шакта аса жоғары сатыдағы аксүйек түкімі, жас аристократ Павсаний Филипптің ту сыртынан көк пышакты жүректен өткізе бір-ақ үрді. Филипп тіл тартпай кетті. Павсанийді Филипптің оккағары табан астында өлтірді. Сонымен, бұл сойкан жұмбағы көп, жауабы жок күйінде қалды.

Енді бүкіл македон-грек әлемінің назары босаған тақта болды. Ел ішінде “такқа кім отырады”, деген жоба-жосықтар, қауесеттер желдей есті.

Филипке қыз тауып берген Олимпиаданың күндесі Клеопатра таққа ен жакын тұрған Александрға үлкен катер еді. Өйткені, оның төркіні мықтый. Олар өз адамын қоймаса да таққа отыруға хакы бар. Филипптің басқа әйелінен – Фракия патшасының қызы Медадан туған Каранды қолдан, аяғын жерге тигізбей әкелуі мүмкін. Ол аз болса Линкестияның патшасы Аэроптың үлдары Аррабай мен Геромен де таққа отыруға хакылы. Себебі тегін куса олар да Александр секілді Арида әүлетінен шыққандар. Дәрежелері тепе-тен.

Осы тұста Олимпиаданың бір өзі жүз кінәз, он патшаның алдын орап кетті. Олимпиада Филипп өлген соң-ақ Клеопатраның қызын колында ұстап тұрған күйде өлтіртті. Клеопатраның өзін

асылып өлүге мәжбүр етті. Оның аяғы немен бітері әлі де белгісіз еді. Александрдан ересектеу, түр-тұлғасы келісті, патша болуды арман еткен бөлесі Аминта да үміткер санатында еді. Шешесінің өзі үшін жан алып, жан беріп куреске кіріскең түсінген Александр таққа карай төтесінен тартты: ол қуллі Македон әскерін бір жерге жиғызыды. Жедел түрде жер-жерден бірге өсken, бірге оқыған, кезінде әкесі Филипп Александр құш алып кетпесін деп, әдейі таратқан достары Гефестион, Птоломей, Лаг, Селеўк, Пердикка, Леоннат, Марсий, Никомахты, барша достарын шакыртты. Достары келген бетте Александр он бес жасында сака жауынгерлерге көнбекен, тек Александрға ғана ырық берген піл жонды құрен айтыр-Букефалға конды. Достарын ілестіріп әскерге келді де әскери демократия жолымен өзін ашық дауыспен патша саллатты.

Патша болу бүл кездे жарты шаруа ғана. Өйткені, оның орнын көзделгендер оған қоңе қояр ма екен? Осыны ескерді де Александр Аминтаны, өз бауыры Карапаны, Арабай мен Геромонды түгел қосып, менің әкеме қастандық үйымдастырған осылар деді де ес жиғызбай өлтіртіп тастанды. Дегенмен, ел ішінде Филиптің ажалы Олимпиада мен Александрдан келді деген күдік те жоқ емес-тін.

Сірә, кезінде Филиптің тізесі қатты батқан Павсанийді істүлеп, соның қолымен II Филипп патшаны жолдан тайдырған осы екеуі деген қисынға бәрі бас шүлғыды. Бірак накты дәлел табу мүмкін емес-тін.

Күн батып бара жаткан шак. Батыс көкжиектің күн шапағынан тебіндеп алға шықкан суреті киялға да толы, үрэйлі де, жұмбакты да еді. Александр құрықтаудың тұсында ұзакты құнгі атапттан қызынып барып, енді жанға жайлы күйге тускен төсек тастың үстінде отыр. Александр жұрттың бәрін адастырып, осы жерде онаша қалды. Төніректе бұдан да биік тауышқтар, жақлар тастандар бар. Кез тірелсе соларға тіреледі. Төрт сардың езге тұстары аяқ-қолдары шашылып, сүйкімді тұстары сәл ашылып, үйқыға шым батып кеткен сұлудай бейқам жатыр. Александр мұна биікке жай келген жок. Әкесі өлгелі ете көп оқиға болды.

Гректер кезінде Филипп патшага жасаған кеңшілігін оның баласына жасаудан бас тартты. Филиптің өлімін Олимпиада мен Александрдың ісі деп білетін кауесетті жалаулатып, гректер македондықтарға деген қарсылыкты қоздыра түсті. Қарсылықтың көрігі, әсіресе, Афиныда барынша қызды. Жалғыз қызын жерлеп, бір жеті қара жамылып отырған Демосфен Филиптің өлімін естіген бетте Афины кеңесіне келіп, Грек еліне батпандап жақсылық келетінін білдірер түс көргенін айтты. Сол жақсылыктың басы – Филиптің өлімі, деп кенесті үйітып кетті. Өзі дереу Филиптің кейінгі атасы, яғни Клеопатраның әкесі Атталмен келіссөз жүргізіп, Александрды тастан тайдыру әрекетіне кірісті.

Қалай-қалай емес, деп кіші Азияны билеп-төстеп тұрған парсы сатраптарымен ниеттестік ара катынас орнатып үлгерді.

Демосфен Александрды “сарыауыз балапан, бөрінің бөлтірігі”, – деп даурыып жүріп, оның кім екенін үғуға мән бермеген. Онысы шын ағаттық бол шықты. Ең күрделі есептерді ойша шығара салатын Александр Грекия жактан сокқан лепті сезген бойда әрекетке көшті. Парменион мен Филотаны ілеңстіріп, көршілерін аралауға кеткен Атталдың артынан қуғыншы жіберді. Қуғыншы топқа екі тапсырма берілді. Бірі – Парменион мен Филотаға, одан басқа да қолбасшыларға Филиптің өлімін естіртіп, ендігі патша Александр екенін, енді соған қызмет етуден басқа амал жоқ екендігін үкітыру, екіншісі – Атталды сол сапардан қайтпас сапарға аттандырып жіберу. Тапсырманың екеуі де орындалды.

Пелопоннестің Аргос, Спарта, Элида мекендері фивалыктардың ізімен өздерін демократияшыл ерікті ел деп жарияладап, Македон гегемондығынан бас тартты. Оның бәрі сол сәтте-ақ Александрдың қулағына жетіп жатты. Александр 336 жылдың жазы шығар-шықлас Фессалиядан бастап, Грекия полистарының бетін бері қарату сапарына шықты. Бірақ Александрдың гректерді ағайындыққа шакырған сөзі тәтті де, сесі қатты еді. Өйткені оның сонында бақайшағына дейін қаруланған, әбден ысылған қалың шерік кара ормандай қарауытып тұрды. Үрей дендерген полистер Александрдың жылы қабағы, шамалы уағдаластығына иіген сыңай танытып, шетінен райынан қайта бастады. Ең киыны Фивы мен Афины еді. Бірақ қалың қолмен Александр тәте тартып, орманға түтіліп, Беотияның Кадмей қаласы маңынан бір-ак шықты. “Аргос қайда, біз қайда!?” – деп арканы кенге салған Фивы мен Афины жым болды. Ол аз болса екеуі де Александрға елші жіберіп, оның билігін бірден мойындағы қоймағаны үшін кешірім сұрады. Бірақ Александр мұнда жүрдім-бардым айтылған сөз үшін келіп пе? Әрине, ойлағанын орындан, Фивыға мықты гарнizon қалдырып кетеді. Ол үшін Александр Коринфте Панэллиндік одактың конгресін өткізді. Конгресте Александр Македонский бүкіл Элладанын автократоры болып ресми түрде сайланды. Сайланған бетте Александр конгресс алдында дүниені жана арнаға бұратын ұран тастады. Ұраны – парсылардың ғасырлар бойы езгісі, корлығы үшін, кастерлі қалалар мен касиетті орындарды киратқаны, тәркілелегені үшін кек алу. Бұл ұранды Александрдың жактастарынан бастап, ымырасыз ішкі душшандарына дейін қабыл алды.

Грекияны әкесінен кейін қайта қаратқан кезенде Александрдың қолбасшылық қабілеті жарқырап көрінді. Карт қолбасшы Парменионның ішіне қызығаныш түсірдердегі ерекше, ойына да ісіне де ешкімді ілеңстірмейтін жана қолбасшының

дүниеге келгенін бері ұқты.

Парсы жорығына ұзак дайындалу да катер, асығыстық та катер. Александр соңындағы әскері мен желпінген грек-македон жүртінің сүйп қалуынан да қоркуға тиіс. Темірді қызында сок. Бірақ өзінің санасында қылаулаг бір мазан ой ұстарат емес. Александр он алты жасынан бері әкесі жасаған жорықтарда, кескіллескен ұрыстарда шеріктің бір қанатын басқарып, талай-талай түйіктан шыққан. Әкесі өлгеннен соңғы соғыстарда да қолбасшылық кабілетін көрсетіп бақты. Дегенмен, ол македон-грек әлеміндегі мықтылардың ен біріншісі ғана. Яғни, Александр құдай берген осынша қадір-қасиет, дарын-кабілетіне қарамастан баршамен бір сатыда тұрды. Мұның мойны, заты адамнан оза қойған жок. Ол Александрга жеткіліксіз. Патша бұл салмақпен Парсыдай алыпқа бара алмайды. Александрдың кем дегенде ешкім жуыктай алмас бір қасиеті оқ бойы озып, бәрінің мысын басып тұруы керек.

Сол үшін Коринфтен Македонияға қайтып келе жатып, Дельфыға сокты. Мұнда құдай атынан ғайыптан хабар беріп отыратын абыздарға ат басын бұрды. Александр Дельфыға сәуегейлік айту, құдайдан хабар жеткізуге болмайтын күндері тап болған екен. Соған қарамастан Александр сәуегейші әйелді ғибадатханаға шақыртты. Әйел келмеді. Бұл жайт Александрдың канын теріс айналдырды. Патша өз аяғымен барып, әлгі қасиеткөр әйелді білеziktігінен ұстаған бойда ғибадатханаға дедектептіп әкелді.

— Сейле! Құдайдың хабаршысы! Александр мұнда күнде келмейді! — деп ел алдына шығарды. Сонда сәуегей әйел:

— Сен Зевстың ұлысын, Александр! Сен ешқашан, ешкімнен женілмейсін! — деп шамырқана жария етті.

Александрга керегі осы еді. Енді ол грек-македон одағындағы құдай текті дара тұлға бол шыға келді. Құдай оны жеңімпаз етіп жаратқан сон басқа әңгіме тамам болуға тиіс. Бұл шамалы ғана оқиға эллиндіктерге Александрдың шын мінезін танытты. Александр, тіпті құдай ережесін де өзіне лайықтап алғатын, қарсылыққа төзбейтін, айтканынан қайтпайтын адам екендігін көрсетті. Оның үстіне Македон-Эллада патшасын шектейтін зан да, ереже де жоқ екенін жалпак жүртқа осы карекеттерімен андатты. Осылай арқаланған Александр Македонияға жетіп алып, әскери машықты бастап жіберді. Негізінен Македон кінәздіктерінен ағылып келіп жатқан әскерді киян-кескі соғысқа дайындағы.

Дайындық кезінде сарбаздар бір-біrine аянкестікпен қарамасын, ұрса да, сілтесе де сипап өтүге тырысатын машық қана болмасын деп, болашактағы жоспарларына соғыса жүріп, жол ашып алуды ойлады. Осы мақсатпен Александр 335 жылдың көктемінде иллириялықтар мен трибалдарға карсы жорыққа

шықты. Бұл екеуі де Македонияның ата жауы еді. Ертең құдай қолдап, Александр Парсыдай шеті мен шегі жоқ жалпақ елге, өмірі дес бермеген кетерлі жерге тайлы-таяғымен аттанып кетсе бұл екі тайпа Македонияның шаңын қафуы мүмкін. Оның ар жағында Александрдың өзіне ғана аян іс бар. Ол — Истраға¹ дейінгі жерді түгел карату, Византия уәде еткен кемелерді Истрада қабылдап алу. Соғыс — сейіл емес. Азды-көпті шығын да болды. Трибалдар мен иллириялықтар, дербес фракиялықтар Эмон тауының тар шатқалдарында Александрдың әскерін тас пен дөңбектің астына бастырып тастай жаздады. Табиғаты берген сезімталдығының аркасында Александр әскерін жау ойлаған мезгілден сүт пісірім уакыт ерте алып шығып, аман қалды. Шешуші соғыста үш тайпа да тізе бүкті. Көп естіген, бірақ көнілдері сенбеген фалангандың қуатын олар мықтап ұқты, ал жас патша фаланганды әдейі сынақтан өткізіп, кейбір жайттарда қалай әрекет жасарын ойлад, қосымша ережелер енгізді. Бұл жорық өзі ойлағандай болмады. Александр патша келе жатыр деп қофадай жапырлады деген есеп болмаса да пәлендей қындық, тосын жайттар, табан тірескен шайқастар болады деп жас патша ойламаған. Алдында жаткан мемлекеттердің шағындығына қарап, бірін жене басқалары үдере қашатындағы көрінген. Лигин өзенінің жағасында трибалдарды шегіндіріп, өзенге ықтырам деп македондық талай жауынгер жер жастанды. Трибалдар кару үстaugа жарамайтын көрі-күртән, бала-шагаларын орман кезіп ағатын бұл өзеннің бір аралына орналыстырып, еркек кіндік түгелдей басын ажалағын, соғыска кірген екен. Бұл карсылық Александрды катты ойландырыды. Дегенмен, Балқан жартыаралы Александрдың алдында тізе бүкті. Патша өзі бағындырған галдар, тарибалдар, Иллирия, Агрианри, Пэония елдерін өзінің болашақ жорығына жасақ қосатын, жасақтың бар шығының өздері көтеретін етіп міндеттеді. Истраға жеткенде Византияның жорықса қосам деген кемелерін қабылдап алды. Сол кемелермен Истраның арғы бетіне өтіп, геттерді ғұндардың шекарасына дейін күшті тастанды. Одан ары қарай жылжуға болмайтын еді. Себебі одан әрі бірде гун, бірде скиф, бірде сақ деп тарихшылар ала - құла ататын жауынгер үлкен ел жатыр.. Бұл жалпақ елмен соғысып ешкім береке тапкан емес. Дәл қазір ұрынса жарға соккан толқындағы быт-шыты шығуы әбден ықтимал. Сондықтан Александр сактардың сазайын тартқызууды кейінге калдырыды. Әзірше жаткан жыланның құйрығын басуды әумесерлік деп түйді. Түптің түбінде, Александр өмірі жетсе, құлақ естір, аяқ жетер жердің бәрін женеді, бәрін аузына қаратып, дара патша болады. Солай.

... Эзірше Грекиядан жағымсыз хабар келіп түр. Күні кеше

¹ Истра - Днестр өзені.

өзін Коринфте Элладанын стратег-автократоры деп таныған, елдін полистары қайтадан “Александрың гегемондығына қарсы шығыпты. Қарсылықтың қозы Фивы болса керек. Александр патша трибалдармен болған шайкаста қаза тауып, Македон әскерінің тас-талканы шығыпты” – деген бір қауессті канғалактап келіп Фивыға жетеді. Бұлығып отырган полис бірден тұтанды. Ол қауесетті Афиньда отырган Демосфеннің көрі өршіткен үстіне өршітеп түседі. Фива өз ішінде түрған Македон гарнизонының жою үшін көрші полистардан көмек сұрайды. Көмек кешікпеген. Демосфен өз калтасынан оңбағандай каржы қосыпты. Фивылықтар гарнizonды қоршал алғып, жан-жағына ұшы үшкілденген казықтарды жыпырлатып қағып тастаған. Қалай-калай емес деп Александр өлмеген болса оны бұл өлкеге жеткізбес үшін Истм мойнағына мықты жасақ жіберілді. Олар Александрды Пелопоннестен бөліп тастауға тиіс-тін.

Александр Истмдағы жасақты айналып өтіп, он үш күнде Беотияда ентігін басты. Фивылықтар Демосфеннің желігінен зата шекпесін, – деп Александр Фивы үкіметіне білдіргі жіберіп, райынан қайтуға шакырды. Фивылықтар білдіргіні мазакқа айналдырып, Ұлы патшаға (Парсы патшасына), барша полистарға үндеу таратып, тиранның көзін жоюға көмек сұрады. Ол аз болса фивылықтардың бір жасағы күтпеген жерде Македон әскеріне шабуыл жасап, бір бүйірін үніретті де тастады. Ендігі іркілістің жөнсіз екенін ұққан Александр Фивыға шабуылды бастады. Алдымен Пердикка коршауды бұзып өтті. Одан соң Аминта ұрыска кірді. Үшінші лекті Александрдың өзі басқарды. Пердикка мен Аминта қала ішіне кірген соң, онтайлы тұстардан бет қаратпай оқ жаудырған фивылықтар мен олардың жақтастарына төтеп бере алмай ретсіз, бытырай кері қашты. Александрдың садақшылары мен семсершілері де пәлендей іс бітіре алмады. Соңғы үміт фаланга еді. Фаланга қалаға кіргенде сірескен Фивы күші сөгітіле бастады. Шайкастың соны адамзат ешқашан ұмытпас канды қырғынға айналды. Өршеленген қарсылықтың қанатын әрен қайырған македондықтардың ақыл-есі істен шықты, көздері қанталап, соғысканды да, шал-кемпір, бала-шағаны да, өз үйінде төсек тартып жатқанды да кескілеп-піскілеп Фивыны қан сасытты.

Фивы нәубеті басқа полистардың есін жиғызды. Ал Фивы өкіметінің кешірім сұрап, жалбарынуы тым кеш болды. Александрabyzdarға женілдік жасады. Одан соң өзі туралы ода жазған Пиндар ақынға жағдай туғызды. Басқа полистар саскалақтап, көтеріліске шакырғандарды жазалап, кешірім хат арқалаган елшілерін бірінен соң бірін жіберді. Елші Афиньдан да келді. Бірақ Александр оларға: “Демосфен бастаған оппозицияны түгел алдымға әкеліндер”, – деп болсалатты. Бұл

тапалтың жауабы мындаған ел өтініші болды. Бәрі де Демосфен өлгенше біз баз кешейік дегенге саяды. Александр істін осылай болатынын білген. Сондыктан Фивының да Демосфеннің де тағдырын жалпыэллиндік съезге салды. Александрға жағамыз деп қатқылдыққа шакырган талай манғаз маскара болды. Александр өзіне аян ішкі есеппен Демосфенге кешірім үкімін өз аузымен жеткізді. Өйткені, Аристотель – гректердің ақыл-ойы, Диоген – арман - киялы болса, Демосфен – ұлттың рухы еді. Демосфенге тиіссе әр гректін ішінде бір лан басталарын Александр білді. Александрдың өзіне не үшін кешірім жасағанын Афиныда отырып, Демосфен де түсінді. Ойдағы іс әбден пісіп-жетілгенде ғана сәтті аяқталмақ. Демосфен Александрмен ақыл-ой жарыстырса мүмкін жеңіп те кетер еді, бірақ патшада айла-амал, жойқын күш бар. Патшаның құрығы ұзын. Жымсыма әрекеттері және бар. Егер жымысқысын жіберіп, Демосфенді мыта салса ертең оның өлімін Александрдан көру қыын. Ал Александрдан құтылудың жолы алыстау болуы... Дегенмен, оның да торға түсер кезі келе жатыр деп есептеді Демосфен. Бір ғана дауа бар. Ол уақыт. Оның үстіне өлер бала молаға қашадының керін келтіріп, Александр бір шөкім әскермен байтак Парсыны қиратам деп жөлігіп жүр. Барсын, тек барса болғаны сүйегі құмда жатып қурайды. Сол күнге жетудің ең дұрыс жолы осы тас орамда ойымды жүйелеп, жазуымды жазып, еш пікір шашау шығармай жату шығар деп Демосфен әллітің артын бағып, ұзак уақыт үнсіз қалды.

Жалпыэллиндік съез ұзак даурығысып бәленің басын іздегенісіді. Ақыры Фивының ежелгі жауалары Фокида, Платея, Феспий, орхомендіктер белсене шығып, Александрды бұдан былай “ұлы Александр” деп атайдық, ол ендігі жерде құллі Македония мен Грекияның бірден-бір патшасы болып жариялансын, секілді ұсыныстар енгізді. Қалғандарына тек бас шүлғудан басқа жол жок-тын. Съезден “ұлы Александр” бол шыккан жас патшаның Парсыға барап жолы біржолата ашылғандай еді. Съезден соң жорық дайындығы басталды. Патша бірде-бір істі жеке-дара біреуге тапсырып, өзі шеттеп қалған емес. Әр істін жауалты адамы бар, ал тізгін патшаның қолында. Александрдың штабында әскер басшыларымен катар ірі ғалымдар, дипломаттар, ақындар, тарихшылар да жеткілікті еді. Ал Александрдың ұлы істерін тарихта қалдыру үшін, елге күнбекүн жеткізіп, ерлігін паш ету үшін жорыққа Аристобул, Пиррон, Анаксарх шакырылды. Патша кенсесін екі адам басқарады. Эвмен мен Антилатр. Эвменнің кадағалауымен жорық күнделігі, хатхабар, саяси мәні бар құжаттар жазылады, адам саны, кару-жарак, азық-түлік күнбұрын жоспарланып отырады.

Қарбалас күндердің бірінде ешкімге елеусіз ғана Аристотельдің өзі патша штабына бас сұқты. Ұлы ұстазы кіріп келгенде патша

орнынан ұшып тұрып, өзінің бір сәтке балалық қүйге тұсken, бала кезіндегідей мысы сәл басылыңырап қалғанын өзі де аңғармай қалды. Ұстаз көзінен жылы леп есті.

— Александр, мен кандай көмек берे алам?

— Ақыл-кенеспен, ұлы ұстаз...

— Қалай соғысарыңды өзің шешесің. Оны сенен артық бәрібір ешкім білмейді. Мен ел ішінде керек болу калуым. Ол да көмек емес пе? Және... Сенің болашақ женістерінді жырлауға шакырған үш ақыныңа мен және бір ақынды коссам деп едім...

— Қосыныз, ұстаз!

— Ныспысы Каллисфен. Штабтын сыртында тұр. Қажет деп тапсан шакырып сөйлесерсін.

— Ұлы ұстаз... Тұрасын айтыңызшы. Алдағы соғыста кім жеңеді?

— Эллиндіктер женістің не екенін көрсек деп екпіндеп тұр.

Парсы елі жеңіске тоятташ калған... — Аристотель әнтект жымиды. — Ал Дарий математикада сенің шаңыңа ілесе алмайды. Тек жолда біздің шерік бас қолбасшысынан айырылып қалмауды керек...

— Жорықта кімге сенем?

— Бірге өскен достарың баршылық қой. Олар ара-тұрақтары сейлер, пікірінді құптамас. Бірақ жамандыққа қимайды. Басқаларын білмеймін. Жақын жүргендердің патшаға еті өлсе — сол жаман. Егер патша онашада өзіне жетекабылдардың бойындағы өзгерістерді уақтылы аңғармаса, оның ендігі мүддесі не екенін байқамаса — сол қауіп.

— Түсіндім, ұлы ұстаз.

— Жасы ұлғайған адам ағыл-тегіл акыл айта алмайды. Тек елмен бірге жаксылық тілейді. Женістен соң өзінді дәл осылай көрім келеді, Александр...

Ұлы ұстаз ауырлау көтеріліп, бозаң тартқан жанарымен шәкіртіне аялай қарап тұрды да жаймен бұрылып, есікке беттеді. Патша ұстазын есіктің көзіне дейін шығарып салды. Ұстаз бұрылмастан “осына да ризамын” дегендей бас изеп, көзден таса болды. Жүргегі сыйдал Александр қалды. Келесі сәтте бір басып, екі басып, өзінің сыртқа қалай шықканын байқамады.

Аулада жүргендердің арасынан бойшан, аса сырбаз бір жігіт ағасын жазбай таныды — Аристотельдің жиені, ақын Каллисфен. Александрдың көзі түсkenін сезсе де Каллисфен қынбады. Александр атын атағанда ғана патша жаққа аяғын байыппен басып жақындаш түсті. Алыстан қарағанда патша одан еш мін таппаған. Теректей бойшан. Ашан. Шашы толқынды. Киім киісінен талғампаздығы аңқып тұр. Александр Каллисфеннен көз алмай тұр. Жақындағанда бет-жүзіне аныктап қарады. Мандайы көшіп жүрер екі-үш қатпарлы, көздері аялы, сәл лайлау, өңі

құнарсыз топырақ түсті. Жалпы, көрнекті жігіт. Жай адам емес...

Бір басқан ізін қайта-қайта баса берсе Александр бұжгалдан Парсыға бет бұра алмайды. Тездету керек. Шабаланған әр итті қуып журе берсе ісі өнбес... Грекиядан Македонға оралған құннің ертеңінде-ақ Александр қолбасшылары мен аса жақын достарын, ақылмандарын жиды. Патша әкесі кеше өлгендегі сіресіп, көзін жерден алмай ұзак отырды. Бір кез есік жабылып, абыр-дабыр басыла бере мәселені төтесінен койды.

— Ұлы қолбасшылар, достарым, кеменгерлер! Біз Грек елінен Парсыдан кек аламыз деп аттандық. Кім не ойлады?.. Жорыққа қашан шығамыз?

Үнсіздік едәуір уақытқа созылды. Бұл жерде әркім өз орнын, өз салмағын біледі. Бәрі де ұрлана қарт қолбасшыларға қарай берді. Әлден сон катар отырған екі қолбасшы Парменион мен Антигон күбірлесе қалды да Парменион езу тартты. Со айылын жимаған күйі Парменион үнсіздікті үзді:

— Александр! Өз басынан өткен соғыстар бір төбе де, Парсының жөні бөлек.

Александрың ойы бөлініп кетті.

Фивылықтардың бүгінгі мәймөнкесіне, Афинының саликалы түрде сабасына түскеніне сеніп тұрған Александр жок. Дегенмен, Фивы қырғыны ондаған жылдар елдін есінен кетпес оқиға екенін біліп, оған дейін бұл екі полис ашық карсылыққа бара алмасын бүйрекінің бір бұрышына түйіп койды. Оған дейін Александрың қуаты өсken үстіне өсе бермей ме? Әлемнің әміршісі болам деген арманына жетпесе де жакындауы мүмкін. Олай болса Демосфендер Александр жакқа қарай лағып сейлемек түгілі, өз жанынан түнілөр халге жетеді. ...Парменион сөзінің тоқетер жерінә жетті.

— Соғыста екі жақтың бірі қайткенде де жөніледі. Соғыс қазасыз және болмайды. Сондыктан Парсыңай алпауытпен алысу үшін жалтақтап артқа қарамас жағдайға келу керек. Гректер тынышыды. Енді өз кінәздеріннен кепілдік ал. Өзіміз жазатайым бол кетсек елдін иесі кім болмақ? Патшаның да, осы отырған достарының да артында жок дегенде бір-бір мұрагері қалсын... Бірер жыл...

Александр атып тұрды.

— Жоқ! Бұқіл Панэллиндік одакты дәнекерлеп тұрған ұранды сөзбүйдаға сала алмаймын. Дайындық басталды деп есептендер. Әскердін, тылдың кем-кетігін тез арада толықтырындар. Машықты үзбендер.

Жорық карсанында Александр өзі арка сүйеген қолбасшылардан бастап, дружина басшыларына дейін дүниемүлік, жер, деревня, үй, қымбат заттарға дейін таратты. Сонда бірге өсken досы Пердикка:

— Александр! Өзіңе не қалды? — деп сұрағанда жас патша кідір-

местен: “Үміт”, — деп жауп берді. Осыдан сон Александрдың достары “Үміт – бәрімізге ортак”, — деп сый-сияптардан түгел бас тартты.

Александр өз билігіндегі бар байлығын, женілдіктерді таратып тастады. Енді Парменионның айтуынша кінәздерді шакырып алдынан өтү керек. Александр оны жасамады. Менің билігім де, байлығым да алда. Кінәздер күндердің бір күні “осы халге жеткесінің біздің арқамыз” деп міндетсі алмасын деген кекесін ішінде жатты.

Македония ғасырлар бойы ұйықташ жатқанмен, казір үсті-үстіне есінеп, манаурап, терезеден құйылған жарықка карап ес жиоға жақын.

Александрың ызығарын да көпшілігі сезіп болды. Енді дүние осылай катая бермек. Александр осыны есепке алып, кінәздерге катысты шаруаларды бұйрық, кесім, жарлық арқылы орындарып жатыр.

||

334 жылдың көктемінде Александр Парсы жорығын бастау үшін 160 кемемен Геллеспонт арқылы Азияға бет түзеді. Жорықтың басталуына Александр үлкен мән берді. Онын ең бастысы — сонына ілескен әскердің Александрдың өзіне, жорықтың женісті болатынына, анау-мынау емес Зевстің ұлы Александрмен бірге арқалаған ұлы парыз — Парсы езгісі үшін кек алуды құдайлар қолдап тұрғанын әр жұмыр бастыға мықтап жеткізу еді. Осылай әскердің сенімін еселел, жігерін жани тұсу үшін Александр жолға шығарда Слэунте қалашығында Трояға бірінші болп кірген ержүрек Протесилайға бағыштап құрбандық берді... Жорыкта желеп-жебеуші Зевс пен Гераклге құрбандық шалдды. Әскер 160 кемемен Геллеспонтың ортасына жеткенде Александр флагмандық кемеде Посейдон мен Нереидтарға арнап қызыл өгізді бауыздатып, қанын алтын астауға тосып алып, баршаға көрсете қанды теңізге текті. Сонымен теңіз де Александрға риза дегенді білдірді.

Алыстан құрлық көрінгеннен-ақ Александрдың мазасы болмады. Неге екенін, бұларды жағалауда мықтап бекінген жау әскері тосып тұрғандай көрінді. Барлау да, шолғын да, тыңшылар да жол ашық, жағалау бейқам жатыр деп сан рет қайталаған. Жас патша әскерінің ашы терін алып, тез арада Эгей теңізіне лап қойған уақыттың арасын ақылға сыймастай етіп қыскартқан. Парсы қаншалықты алып, қаншалықты өүлие болса да, ал Александр әскерінің саны елеусіз болғанымен де жау жағы бұған карсы тұру жөнінде пәтуаға келіп, әскерді накты соғысқа дайындал үлгерер уақыт болған жок. Ары кетсе Кіші Азия сатраптары бір мәрте бас қосып, кай жерде тосып алып, қандай амал-карекет жасайтында-

рын айтып үлгерген шығар. Ал Александр енді күн аркан бойы көтеріле жағалауға да іліккелі түр. Тек құдайлары құлтаса болғаны.

Александр жау жері саналатын күрлыққа наиза лактырды. Патша бірінші болып Азия топырағын басу үшін аргы қабаққа секірді...

Мұның бәрі еріккеннің ермегі емес, Александрдың саяси астарлы жоспары еді. Әскерді унемі елітіп, қайрап, дөлебесін көздырып отыру, өзінің құдай тектілігін, Геракл, Зевстердін табиғи жалғасы екенін баршаға ұқтырган үстіне ұқтыра беру керек.

Патша ойлаған шамада жұз алпыс кеме кайранға жетпей зәкір тастап, мама ағашта сүйіп тұрған аттардай анда-санда бас шүлғып тұрысты. Александр іркілместен Трояның үйінді-қирандысын арапал кетті. Александр жан-жағына әлде не іздегендей қарайды. Төбесі құлап, керегелері сойдиып-сойдиып, жарықшактанып тұрған қирандылардың арасында өзі катты табынатын Гомердің даусы, рухы, әруағы адасқақтап жүргенге ұксайды. Қираған ғимарат, үйінділер қайсыбір бұтақтары семіп қалған нән теректер, бар-жоғы он-онбес жемістен артық бере алмай дінкелеп тұрған цитрус ағаштары жай нәрсе емес – Александр қайта-қайта оқыған ұлы оқигалардың қуәгері. Александр Трояда өзін Агамемнон мен Ахиллдің ендігі мұрагері ретінде Афина Илонскаяға, одан соң Трояның патшасы Приамға бағыштап құрбандық берді. Трояның коршап, камалға айламен кіріп, бәрін осы күйге келтірген отандастарын кешіруді өтініп, Зевс тұрағында құлышылық етті. Александр осы жерден тек құдайдың қолынан келер демеу, қолдау алып, бар құнәсінен арылып, жүргегінен зілді сылып тастағысы келді. Оған Троя нағыз касиетті жер бол көрінді. Ішінде бір алыс жоспар да пайдалы болды.

Жорығын құдайлары қолдап, ұлы жеңістерге жетсе Трояның кайта тұрғызылады. Қаланы бастапқы нұсқасына жақындастып, тарих үшін “сыйға” тартылған Троя атын да жасатады. Ол үшін тек жеңіс керек. Сан ғасыр Элладаның енсесін басып келген парсылар Кіші Азиядағы гректерді де өзіне сініріп, мұddeлес елге айналдырып алған. Кіші Азиядағы эллиндер отандастарының ішіндегі ырың-жырынды көрмей отырған жок. Олардың тұрмыстіршілігі шектеулі, тұмшаланған тірлік. Ал Кіші Азиядағы гректерді парсылар алалап, артық салық салып, корлаған емес. Олардың өрісі кең. Саудамен ел шетіндегі Персепольға бар, Бактрия, Соғды базарын арала – жолың ашық. Бұларда сезбен ел ішін қонырсытудан ғөрі өз тірлігін күйттеп, ертенгі күні бүгінгіден тәуірлеу болса деген ниеттен тұратын бір орнықты әлем қалыптасқандай. Сондықтан оларға Александрдың ұраны да, өзі де керек емес. Керісінше Македон әскері үйып тұрған өмірді бүлдіруге келе жаткан қара дауыл секілді. Ел болған соң оның еркесі де, серкесі де болады. Бұл аймакта Александрдың жүргегін күпті қылған, Кіші Азия гректерінің бетке ұстары – Мемнон

бар. Мемнон, шамамен 380 жылдары дүниеге келген. Басқасын бытай койғанда Филипп патша тұсында Парменион, Аристобул, Атталдармен шайқасқан әккі колбасшы. Мемнон Парменионды Аристобул, Атталымен қосып, тенізге құлатқан алпауыт..

Александрга бұл жайттың бәрі белгілі. Сондықтан жас патша алғашкы ұрыста колбасшылық Мемнонға тимесе еken деп құдайдан тілеумен болды. Әліптін артын бағып, парсылар жактан тың тындал, Александр аттамай жатып сурінбеудің камын ойлады. Парсылардың ішінде, парсышыл грек селендерінде Александрдың тыңшылары өріп жүр. Ұшкан құспен, сокқан желмен жеткен хабар-ошардың бірін де ол назардан тыс калдырмауда.

Басты хабар – жақсы хабар–Зелея дейтін оқшаша калашықтан жетті. Онда парсылар әскери кенес өткізіпти. Кенесте Мемнон тосын ұсыныс жасайды. “Біз казір аптығып, лапылдан тұрган Александрмен соғыспай тұра тұрайык. Бар күшті бір колға табыстал, ішкі Парсыға қарай шегінейік. Александрға талғажау тастамай ел-жүртты да ала кетейік. Сонда азық-тұлігі таусылған Александр есебінен жаңылады. Алға басса оны тын күш тосып алады, шегінсе ес жиғызбай куамыз”, – дейді Мемнон.

Алайда осы өнірдің сатрабы Арсий бұл ұсыныска үзілдікесілді қарсы шығыпты. Оны Кіші Азияның басқа сатраптары да колдайды. Олар өз жерінде бір үйдің өртөнгенін корлық деп санаған. Және бір калтарыс ой да туындал еді. Парсылық сатраптар Мемнонның айтканына келіссे билік Мемнонда болатынын, Дарий патша бұларды уақытша болса да колбасшыға бағындырып қоятынын ескереді. Женістің абырай-атағы да түбінде Мемнонның канжығасында кететін белгілі. Мұнымен катар Мемнонға да беймәлім бір жоспар Персепольдан тек парсы сатраптарына жеткен. Ол – Александрды өлтіру жоспары. Ол барынша тез орындалуға тиіс жоспар да, талсырма да. Эрине, оны Дарий патша тиісті адамдарына табыстал жолға шығарды немесе олар осы арада жүруі де ықтимал. Оған қосымша кім Александрды өлтірсе, немесе колға түсірсе соған Дарий кішігірім так та, мызығын бак та дайындал отыр. Сатраптар әскери кенес үстінде іштей осы жоспарға қатты иланды. Бұл деген соғыс басталмай-ақ македондықтар көжырайды деген сөз.

Александрга парсы әскери кенесінің барысы түн жамылып, сезбе-сөз жетті. Тіпті, кенесте айтылмаған Александрды өлтіру туралы жоспардың іске қосылғаны да мәлім болды. Мемнон қарауытып, білгендерінді істендер деп, өз мекеніне сүйт жүріп кетіпти. Онын соғыска кірер-кірмесі белгісіз. Өмірде Дарий патшадан басқа адамды мойындал көрмеген бір беткей адам калак бас сатраптар сайлаған колбасшыға, сірә, бағына қоймас. Уақыт, қисын Александр жағына шыққандай. Енді кідіріс жасауға болмайды. Парсылардың осы бір сәттегі алауыздығы

мен бейкамдығын, майдан жоспары, ішкі тәртіп, айтулы мерзім бекімей тұрғанда ішегерлеу керек. Ықтыру қажет.

Сонымен, алғашкы шайқастың күні туды. Шайқас Граник өзенінің жағасында болды. Кіші Азияда Дарий патша Грекия жақтан жел соқпай тұрғанын өзінде алпыс мың атты әскер ұстап тұрды. Ал әр сатраптың бес - жеті мындық жасағы оның сыртындағы күш. Граникте Дарий патшаның әскері жүз жиырма мындық курады. Ал әр сатрап өзін ең кемі мындықпен қорғатқанын есептесе Александрдың алдында катары қалың жаудың тұрғаны анық.

Александр әскерді бөлшектемес бұрын осы төнірек түгел көрінетін таз төбенің үстіне көтерілді. Қесенің сакалындағы тәбе үстіндегі селдір-селькеу курайдың арасында отыр. Парсылар баюу қозғалып, өзеннің тік қабак, құлама бетінде қабактан таяқ тастам шегініп орнығып алышты. Енді он қанаты мен сол қанатын салқа тұрғызып, ала шапқын бол жүр. Парсы әскерінің он қанаттағы атты әскер өзеннің қабағы жатағанданып, жарау аттар іркілмей еніске құлап, судан екі-үш ұмтылып шыға келетін тұска шоғырланған. Яғни, бұлар Александрдың ту сыртына шығуды қөздеген күш. Жақсы... Оны да көреміз. Сол қанат екі топқа бөлініпті. Бірі – коян-колтық ұрысқа онтайланған да, екінші топ – өзенге қолденен түсіп жатқан анғардан шыға келіп өкпеден ұрмак. Әскердің орта шені лек-легімен сіресіп тұр. Бірін жапырып етсең екіншісіне тап боласың, оны женсөн үшіншісі... Парсылар бұл тәртібін енді өзгертпейді деген ой келді Александрға. Бір кезде тайқы мандай қырқаның астынан бұрандаған көк түтін көрінді. Парсылар, сірә, грек-македон әскерінің әлі соғысқа онтайланған қоймағанына қарап, сарбаздарын жоқ дегенде бір мәрте тамактандырып алмак. Ал жалпы жағдайға қараса бүгін бір кимыл-әрекет бола коярына олардың сенімі аз. Ал орынқан жері онтайлы, әскер саны екі еседен артық. Керісінше грек-македон әскері алақандай көрініп, олардың әр кимылы бақылауда тұр.

Александр таз төбeden түсті де қапталдай шауып, әскердін ту сыртына келіп тоқтады.

– Аристофон! Мынбасылардан бастап дружиниктер түгел келсін. – Александр су жағалап өсетін жынылдарды кешіп өтіп шок талдың қалқасына тоқтады. Қалың нөпірдін арасымен, жыра-жықпыштардың табанымен патшаның сүйенерлері келе бастады. Александр қойтастың үстінде отыр. Түрінен бір нәрсе анғару киын. Жоқ дегенде, үлкен қырғын алдындағы бас қолбасшыларға ұқсамайды. Шакырғандары түгелденгенде баршасына каратып бір-ақ сұрақ қойды:

– Шабуылды қашан бастаймыз?!

Үнсіздік. Тағы да әскерде табиғи турде орнаған иерархия бойынша Парменион сөз алды.

— Бүгінші осы жағалауда кала тұрсақ. Әскерді шабуылға лайықтап, түрлі маневрлер жасасақ парсылар қабактан едәүір шегінер еді де біз ертең аз шығынмен арғы бетке ілінер едік. Ал дүрсе коя берсек парсылардың ойынан шығамыз. Тік қабакқа өрмелей алмаған соң біз ары-бері сабылып өткел іздейміз. Үакыттан ұтыламыз. Бір-бірімізді түсіну киынға соғады. Нәтижесінде алғашкы шайқаста женіліп қалуымыз ықтимал. Ал оның саяси мәнін ойламауға хакының жок. Әскердің рухын түсіріп аларымыз да белгілі. Менін айтартым осы.

Бұдан сон Alexandre ешкімге сез бермеді. Парменионның уәжіне сез іздел те киналмады. Таста отырған күйі, тас түйін шүйіліп, темір кескен темірдей катқыл үнмен бүйрүқ бере бастады.

— Парменион жаудың он қанатымен соғысады. Гетайларлар біздің ту сыртымызға шықпак үлкен құшке тойтарыс беруге тиіс. Гефестион резервтегі бес лекті қай тұска, қай сәтте қосып отыратының басқарып тұрады. Ортада — фаланга, сол қанатты Филота басқарады. Филота, алдымен бетпе-бет келген әскермен соғысасын. Одан соң екі жақ шайнасып, тірепіп тұрғанда буйірден біздің тың құш ұрады. Естіп тұрмысын? Сен ше, Гефестион? Шабуыл дәл қазір басталады. Біз Геллеспонттан өтіп келіп, енді мына қылдырықтай өзеннен тайқып тұрмакпаз ба? Мен фалангының алдында болам. Дәл осы тік қабактан шығып, парсының мандайынан соғам. Кратер! Жақын кел. Кратер! Үш мың атты әскермен ұзын сайды қуалап парсы әскерінің ту сыртынан шығасын. Олар қоршауға түссе де бұзып шығар құш. Бірақ біз екеуелеп олар өз адамына өзі ұрынып, өз аяғына өзі шалынарлық қыспақ жасауымыз керек. Сен, Кратер, анау тұмсықты айналғанда шабуыл басталады. Ұлгер!

Колбасшылар, өздеріне табыс етілген шепкे тарасты. Парменион тұнергеннен тұнеріп, ашыун кімнен аларын білмей келеді.

Биыл, міне 334 жылы бар-жоғы жиырма екіге келген Филипптің күшігі анау-мынау емес Парменионды жоққа шығарды. Оның бір сезін құлағына ілмеді.

Александр қарт қолбасшының күжірейген күйі кеткенін аңғарды. Парменион, әрине, ақылға салып сейледі. Бәрі қөнілге конымды. Бірақ соғыс өнеріне жаңа адам келгенін ол түсінбейді. Соғыс жоспарлы шаруа емес. Соғыс — шайқас-жаңылтпащ, ол — акынның шабыты, ол — есепті төте жолмен шығару, ол — жанкештілік, ол — жау пиғылын алыстан білу, оған күтпеген қарекетті тану, шатастыру. Парменион... Ұлы қолбасшы. Әр сарбаздың медеті. Ол әлі де талай женісті жақыннатуы мүмкін. Ал соғыс өнеріне III Александр келгенін ол әлі ұқсан жок. Сондыктан Парменион Александрды өз айтканымен жүргізе бермек, үйрете бермек, Александр одан дәріс алушы қойғанына көп болды. Бірақ Парменион оны әлі түсінген жок...

Александр атка қонды. Сонында бар-жоғы екі мынға тарта жасақ пелтастар¹ тұр. Патша оң қолын жоғары көтерді де тік қабакты нұскап, “кеттік” деген белгі берді. Александр дәл осылай күн сәскеге жетпей, мың-сан жаудын алдында көзсіз, есепсіз қадам жасайды дег ешкім ойламаған сәтте жайбаракат жүріспен қабактың астына кіріп те кетті. Александр тобы аттарын жетекке алып, бақа бас келте қылыштарын сары топыракқа қадай, өздері содан күш алып, бетке өрледі. Қанталдаш жүріп бір кезде бәрі қабакқа шыға-шыға келді.

Алдымен садақ тартты, жай оғы ұшты, одан соң бетпе-бет ұрыс басталды. Енді бір сәтте Александр өзіне ілескен атты әскерімен сол канатқа құстай ұшты. Атты әскер сырлыған пердедей ғайып болғанда оның артында сірескен фаланга келе жатқанын парсылар бір-ак көрді.

Александр желіп өткен құйындағы сол жақ қапталға сініп кетті. Енді ол әскердің ту сыртында тұрып ұрыстың тізгінін қолына алды. Мұның бір қаупі Парменион жақ еді. Парменион көмек сұрады. Елегізіп, қаны ойнап тұрған Гефестион үш мың атты әскермен көмекке ұмтылды. Гефестион келгенде Парменион өзен ішінде ұрыс салып, енді болмаса қоршауға түсер халде екең. Гефестионның тың күшпен келгені эллиндіктерді серпілтіп тастанды. Тың жасақ Парменионды орауға айналған арнайы топты баудай түсірді. Одан кейінгілері біразға дейін табан тіресіп бакты. Дегенмен, ішке секем түскен парсы жағы өршелене соғысқан, женілу ойына кіріп-шықпайтын грек-македон сарбаздарының тегеуірініне төтеп бере алмады. Парменион мен Гефестион бір-бірін дәл түсініп, Граник өзенінің иініндегі іірімге қарай парсы жасағын көсөумен тартқандай жинастырып, шегіндіре келе сол судан шығармай қойды. Шанда біреуі ғана атының жалын құшып, қоршаудын селкеу тұсынан сыйылым шығып жатты. Қалғаны су ішінде көк семсер, қара жебеден құтыла алмады. Енді сол канатқа көмек керек-тін. Өйткені, Филота бетпе-бет келген жаумен шайқасып, қалжырай бастағанда көлденең аңғарда жасырынып тұрған парсы атты жасағы буйірден ұрмак. Оның бәрін Александр таз төбенін үстінен көрген. Мұның ойынша тасадағы парсы әскері әне-міне жерді тесіп шыққандай каракүрим бол сорғалауға тиіс.

— Клито! Ұмтыл! Қабактан шығарма!

Қара Клито екі мыннан аспайтын пелтастарымен аңғардың кабағына қарай тұра шапты. Оның сонынан Александр Кэн бастаған бір гополит² фаланганды жіберді. Парсылар бұл күні

¹Пелтастар – ауыр атты әскер. Фалангандың алдында, женіл атты әскер – псилииттерден кейінгі шепте.

²Гополит – фалангандың бір құрамы. Әр қатары 256 сарбаздан тұратын 16 қатарлы жұбы жазылмайтын күш.

Александрын ойынан шығуға тырысқандай. Клито қабакқа жетер-жетгес сай ішінен тасадағы парсылар кара ормандай боп шыға келді. Парсылар мұны күтпеген. Клито табандап тұрып, ат үстінен садақ тартты. Анырап үщкан жебенің зия кеткені некен-саяқ. Керегедей тұтас келе жатқан парсылардың алды жусағанда жебе келесі катардағыларды омақастырып жатты. Тастан жердің шанын шығармай екпіндеп келе жатқан фалангистердің демі Клитоның желкесіне жеткенде пелтастар сахна пердесінше екі айырылып, оларға жол берді. Фаланга парсы жасағын іреп өтті де, екіге бәліп таставды. Одан соң фаланганың ежелгі тәсіліне салды. Фалангистер сезіз катардан екі айырылып, жалт бұрылды да парсыларды ат-матымен омақастыруға көшті. Клитоның пелтастары ұрыстан үзіліп шықкандарды қойша қайырып, онтайы келсе омақастырумен болды. Әзірше бір ғана парсылық жасақ үрейге бой алдырды. Парсылар бір кезде тым-тыракай беті ауған жакқа қашуды бастады....

Александрын басты қүші – фаланганың бәрі дерлік өзі жол ашып берген ортаңғы ұрыста болатын. Онда Птоломей мен Кратер жүр. Парменион мен Гефестион он қанатты майырып таставды. Ортаға қалын қүш әлі де қарадүрсін ұрыс салып жатыр. Бұл ұрыс ұзакқа кетсе женгеннін өзінде шығын көп болмак. Не істеу керек? Александр Филота жакқа көз салды. Филота сәл ілгерілепті. Көмек керек. Сәл демесе Филота парсыға ес таптырмайды. Александр соңғы кезде, дәлірек айтса трибалдармен шайқаста ерен ерлік көрсетіп, патша жарлығымен халиарх¹ дәрежесіне көтерілген Атарийді мындықпен Филотаға көмекке жібереді. Оның міндеті – алыстау айналып, парсылардың ту сыртынан шығу. Атарий көзі оттай жаңып ұрыска ұмтылды. Атарий колбасшысының айтканын бұлжытпай орындалды. Парсылар ту сыртынан, оны мен солынан шабуылдаған македондықтарды көріп, таза коршауға түстік деп ұкты. Бүкіл әскер ошарыла бұрылып, кері қарай Атарийдің селкеу шебін бұзып өтті де бас сауғалауға көшті.

Бұл кез он қанаттағы шаруаны жайпап тастаған Парменион мен Гефестион парсының негізгі қүшін атқылай бастаған. Александр Филота, Клито, Атарийді қосып алып сол қапталдан парсыларды коршай бастады. Парсылардың табанынан тиянақ кетті. Жаппай қашу басталды. Үрейді үрэй үстеуlep, көздері алак-жұлак дала қайдасын деп аттысы да, жаяуы да ұрыс алаңынан алыстауга жаңын салды. Айналасы екі-үш сағатта Граник жағасындағы алғашкы ұрыс Александрдың женісімен тамам болды. Жас колбасшы сан жағынан өзінен үш есе көп, кару-жарағы, мініс аты, әскер дайындығы мығым парсы әскерін бет каратпай төнкеріп таставды. Бұл женіс Александрдың беде-

¹Халиарх – аристократ.

лін арттырып, ақыл-ойдың көніші бол келген атақты қолбасшыларының сәл көмескі тартуына бірден-бір себепші болды. Александрдың өзі тік беттен шыға келе жауға ұмтылған көзсіз ерлігі, тапқырлығы, ұрысты басқаруы туралы аныз-хиссалар Грекия мен Македонияға андыздап кетіп жатты. Ал әскер арасында, сарбаздардың адами тірлігінде Александр есімі ауыздан түспеді. Әр сарбаз оны әрі патшасы, әрі карулас досы деп кабыл алды. Енді Александр Айға шап десе әскері іркілместен Айға шабар күн келді. Шайқастан соң Александр атақты Букефалың жортандатып, алдымен Клитоны іздеді. Клито, Гефестион, Кратер, Птоломей төртеуі ат үстінде жон аркалары кеппеген күйі сөйлесіп түр екен. Птоломей Александрды алдымен анғарды.

— Сен жеңдің, Александр!

— Жок, Птоломей, біз жеңдік! Аристофан! Парменионға айт, әскерді сапка түрғызысын. Ал, достар — алғашқы жеңістерінмен!

— Александр! Тойланбаған жеңістің қызығы болмайды! — Клито әзілге сүйеп, көпшіліктің ойындағысын айтты.

— Антипат! Естіп түрмисын? Бес ғасыр тосқан жеңісті тойлаймыз. Шатырларынды тізіндер. Қарауыл үш шептеп туратын болсын. Ал енді мынаған қарандар! — Александр бұрылып, ту сыртында үйелмендей бол ат үстінде отырган жаңадан пайда болған оккағарына қаралы. Александрдың жаңында бұрын кішігірім таудай бол Аристофан ерекше көрінетін. Енді оған бұрын бақташы болып, күрсесрге кісі таппай, бұқалардың құйрығын бұрап құлататын, Македонияға тұлға керек, табылса соған қызмет етер едім деп армандаған сиyrшы Апанасий қосылды. Ол қазір машықтан, окудан өткен аса сирек кара күш иесі. Ол дегеніне жетіп, Александрдың оккағары дәрежесіне көтерілді.

— Апанасий, әкел әлгіні.

Апанасий атын тебіне қалды да әскер басшыларының ортасынан бір-ак шықты.

— Көрсет, Апанасий!

Апанасий кайкы қылышты шенгелінен шығармаған адам қолын көрсетті.

— Клито! Танып түрмисын?

— Мен айттайын, — деді Птоломей күркірей күліп.

— Қызық-ак! Александр Дарийдің күйеу баласы Митридатты найзамен түйреп, аттан ұшырып жіберді. Сол сәтте жау Ройсак канжарымен Александрды бастан ұрды. Дұлыған тесілді-ау деймін, Александр?!

— Иә, алғашқы ұрыстан бір белгі калу керек қой.

Бірақ Александрдың семсері онын қеудесінен кіріп жотасынан шықты. Енді бір қарасам Александрдың ту сыртынан атақты Спифридат қылыш сілтеді. Қылыш патшаның мойнына екі-ак карыс жетпеді. Клито қылыш ұстаған қолды білектен шауып

түсірді. Мынау сол Спифридаттың қолы. Клито патшаны тұра келген ажалдан алып қалды.

— Дәл, өз! Клито бүгін сен патшадан не сұрасан да аласын.

— Қазірше сұрауға тұрарлық ешнәрсе көріп тұргам жок. Жорық жана басталды. Қала да, сарай да, алтын да, күміс те алда емес пе, достар? Ал патшаның бас амандығы арзан болуы мүмкін емес. Ха! Ха! Ха!

Бұл тұні грек-македон лагері жеңісті тойладап жатты. Әр шатырдың алдында лаулап от жанды. Парсылар тастай қашқан тамак пен шараптың мұрты да бұзылған жок. Әскер жаптай мас.

Парсылардың тірі қалғандары андызаған шұбырынды сүрлеулермен ұзап барып, қойнау-қолаттарда бүрісіп жатты.

III

Патша кенесесінің басшысы Антипатр Граник шайқасындағы Македон жақ шығынын Александрға әкелді. Александр жазуды шолып отырды да:

— Жаз! — деді Антипатрға. — Кеңсе басшысының қаламы мен жарғағы қолында еді. — Дружинниктерден өлгені – 25, өткелде мерт болған атты әскер – 60, жаяу әскерден 30 адам шығын болды. Бұдан басқа дерек болуы мүмкін емес. Дәл осы санға лайықтап, өлгендердің аты-жөнін маған әкелесін, олардың бәрін нағыз ержүрек батырлар ретінде жерлейміз. Олардың отбасына көмек жібереміз. Салықтан босатамыз.

— Қалғаның қайтеміз?..

— Алтыншы отрядың бар емес пе? Айдың жарығымен бір сайға... Болды.

Алғашкы шайқас, алғашкы жеңіс, алғашкы шығын. Бәрі де ешқашан естен кетпесін Александр біледі. Сондықтан патшаның ендігі кадамдары онын ішкі әлемін, ұстанған бағытын, саясатын, дәстүрдің жана бағытын айқындамақ. Патша бұл сыннан мұдірмей өтті. Әр күрбан өз кару-жаарағымен еңіреген ер ретінде жерленді. Олардың отбасы жер, мұлік және басқа салықтардан босатылды. Ол аз болса кара жұмыска тартылу ауыртпалығынан азат етілді. Соғыс олжасынан әр отбасына бес сиырдың құнындағай ақша төленді. Александр жаракат алып, сапардан калып бара жатқандардың әрқайсысымен сөйлесіп; марапаты мен сый-сияптын табан астында бергізді. Олар келесі шайқаска бара алмай елге кайтатындарына өкініп, патшамен жылап қоштасты.

Кешікпей Граник шайқасында каза болғандардың жез мүсінін гректің ұлы мүсіншісі Лисиппке жасатып, Дион қаласында тізілте койызыды. Мынадай адамгершілкітің шыны пейіл өлде алысты көзделеген саясат екенін, Александрдың бірге осқен достары да, әліптің артын баккан дүдәмал қолбасшылары да анық түсіне

алмады. Парсы жағында соғысқан грек жалдамалыларының да сүйегін адамша көмгізіп, тұтқынға тұскендерін Македонияға қол-аяғы кісенделген күйде кара жұмыска айдатты. Сонымен, Граниктеңі женіс Геллеспонт Фригиясында Александрдың билігін орнатты. Сатрапка Калас есімді жігіт ағасын бекітті. Александр оның өзін де, әкесін де өз әкесі тірі кезден білуші еді. Тапсырган жердің шып-шырғасын шығармай ұстап тұруға, жан-жакқа іріткі түссе бұл өлкे табан тірер, арқа сүйер жер боларына Калас барын салады. Болашақ Македонский империясын құрудады бір үлгі осылай қалыптасты.

Женістің желігі басылмасын дегендей бірер өлкे Александрдың алдынан шығуға ен құрметті азаматтарын жіберіп, Македон әскерінің тынысы кеніңгендей болды. Солардың алғашқысы Лидии патшалығы. Мұнда Александр басқаша тәртіп, екінші бір улғін паш етті. Сатрап етіп, Филотаның баласы, яғни Парменионның немересі Александрды тағайындағы. Ал салық билігін жеке-дара Никийге ұстартты. Гарнизонға Павсаний басшылық жасайтын болды. Сейтіп, уш таған билікке бағынып Лидии патшалығы Александрдың меншігіне өтті. Әкелі-балалы Парменион мен Филота патшаның бұл қадамын қалай бағалауға білмей аң-тан жүріп жатты. Оның түйіні Александрдың кеудесінде сайрап тұр. Әкесі Филипп бұлардың жақын тузыы Аттал патшаның қызы Клеопатраға үйленгенде Парменион мен Филота бөркін аспанға атып, ен алдымен патша сарайынан Олимпиада мен он алты жасар Александрдың күфызын жібергенін, патша қалай ұмытсын. Бірақ жағдай өзгерді. Парменион мен Филота Александрға керек. Керек болса неге ара-тұра олардың көнілін аулап қоймасқа? Сейте тұрып, олардың бір бармағы қысулы екенін, әскер ішінде қандас үш қолбасшының журуі көптеу екенін ескерген жән. Александр—сатрап. Бірақ колында төрелік етуден басқа билік жоқ. Отырсын... Македондық патша Фригияда да, Лидииде де ел ішінде қалыптасқан өмір салты, алым-салық мөлшері, тәртіп-ережелерді қозғамады. Ендігі күніміз не болады, деп таспадай тартылған бұқараның Александрға деген ризашылығында шек болмады. Салық тек парсы арнасынан македон арнасына бұрылды. Ал Лидииде салықтан күйзелген ел жоқ. Олар Александрдың бір сәтте, бір күнде өз патшамыз деп қабыл алды. Александр осы әрекеттерімен әлі өз аяғы жетпеген, өзін мойындаған порттар мен жеке қалалар, сатраптықтар мен кінәздіктерден асып, Парсының билігімен жүріп жатқан елдерге ауызекі хабар-ошар кете берсін деп өз алдын күреуді де ойлады. Панәллиндік одак әскері әлі де ұлы Парсы империясының шет пүштаптағында жүр. Бұл аймак бірнеше ғасыр бойы парсы билігінде болғанымен халқының басым көшпілігі гректер. Парсы рухы үдең тұрғанмен, бұл халықты дұрыстап қағып-сілкісөң кайтадан грек

бала салады. Яғни, нағыз майдан, шын қарсылыктың бәрі алда.

Александрың осы ойын растағандай ту сыртынан Милет порты – Эгей теңізіндегі аса ірі порттардың бірі Эфес одан соң Галикарнас катты қарсылық көрсетті. Галикарнасты ұлы қолбасшы, ұлты грек Мемнон мен парсылық Оронтобат қорғаған. Александр Галикарнасты ала алмады. Сондықтан оны қоршап алып, ұзак тартыстан соң женілуге мәжбүр етпектің амалына көшті. Көп қолбайлау болары анық. Бірақ Галикарнасты Александр тұншықтырмай қоймайды. Оны Мемнон мен Оронтобат та түсінеді. Ары ойлап, бері ойлап, қару-жарап қоймаларын, кала сыртындағы корғанға сүйенген ғимараттарды өртеп, әскерді, қарсылықка қатысқандарды Мемнон мен Оронтобат Кос аралына алып өтіп кетті. Александр қаладағы өрт пен қарбаластан бір нәрсе түсінгенше Мемнон Александрдың құрығы жетпес жерге жетіп алған. Осы кала үшін қанша қажыса да Александр калада тез тәртіп орнатып, сарбаздардың жүгеніздігіне тыым салып, қарапайым халықтың басына әнгіртаяқ ойнатпайтынын жария етті. Қала өмірі бірте-бірте сабасына түсті. Галикарнас не болар екен деп құлак түрген Парсы еліне түгел Александр саясаты сайрап жетіп жатты. Біріншіден, ол – Александр екі ұштылыққа көнбейтінін, одан бетер қатуланарын, ал өз еркімен қамалдың какпасын ашқан елге кеңшілік жасайтын, корламайтын патша бол ауыздан-ауызға көшіп жатты.

Александр туралы оның құдай тектілігін білдіретін аныздар да қобырап, тым көбейіп кетті. Сірә, кейбірі сарай ақыны Каллисфеннің асыра сілтеуінен болар, бірақ ел күә болған жайттар да бар. Соның ен таңғажайыбы – Лидиидің ежелгі астанасы Сард қаласында Александрдың Зевс сарайын салуға лайық орын іздеуі. Патша қаланы аралап, акропольға келгенде күн күркіреп, сүт пісірім уақыт қар жауады. Аспан ашық, күн жылы еді. Александрдың өзі де ұлы табиғаттың бүл белгісіне қатты таңданды да, күннің күркіреуін, қардың жаууын Зевс сарайын акрополь маңына түрғыз деп аспанның өзі белгі бергені болар деп қабыл алды.

...Ксанф қаласында әлдебіреулер қайнар бұлқастан жез жапырақ тауып алады. Онда жазу бар. Сөз-саптау мәннері, әріпттер, белгілер оның өте көнеден келгенін айғақтайты. Жазуда: “Күндердің бір күні эллиндіктер Парсы мемлекетін жояды”, – делиңген...

Және бір тосын жайт. Фаселид пен Перғаны жалғап түрған жол тек бір жақты болатын. Онтүстіктен лекілдеген өкпек жел карсы жүргізбейтін. Александр дәл осы жолмен теніз жағалап жолға шыққанда жел өз бағытын күрт өзгертип, Александрды тек демеп отырган...

Осылай III Александр неше түрлі киындықтар мен шешуі жок жайттарды бастан кешіп келе жатты. Гордий қаласына келгенде

екі оқиға болды, бірі – Афиныдан елшілердің келуі. Олар афиндықтарды және тегі афиндық бұрын парсы жағында болған жерлестерін әскерден босатуды өтінеді. Жауп табан астында берілді. Афиндықтар – эллиндіктер. Панэллиндік одактың сапары аяқталған жоқ, миссиясы орындалған жоқ. Тек соғыс аяқталған сонғана бәріне бірдей еркіндік беріледі...

Александр осылай жауп бере тұрып, әрине соғыста шындалған едәүір күш елге жетіл алғып не бүлдірерін кім білсін деп алдымен ойлады. Екінші жай – Александр бір замандағы Фригия патшалары әкелі-балалы Гордий мен Мидастың сарайына бас сұқты. Сарайда аты анызға айналған көс донғалакты арбаколесница сәл еңкіш жерде ортада тұрады. Оның донғалактары жабайы шиенің сабағынан есілген арқанмен таңылған да, түйіні колеснициның бөксө тұсына бекітілген. Аныз бойынша кімдекім осы түйінді шешсе – Азия соныкі. Александр әлгі түйінге аз-кем қарап тұрды да қынаптан қылышын суырып, түйінді как беліп таставды. Шырматылған арқан салдырап шашылып қалды да арба орнынан бес-алты қадам жерге жылжыды. Гордий түйінін Александр осылай шешті де таставды.

Ұлы жорықта не болмайды? Оған Александр басын тігіп, тағдырыңың нендей бір қысталанына көнуге, қындығын женуге бел шешіп шыққаны белгілі. Бірақ арасында өмір жаңағыдай қызықтарды да тастан отырады. Патша қайда жүрсө де, нендей іспен айналысып жатса да қара тікендей қадалған екі ой анық кыр-сонынан қалмады. Бірі – Мемнонның Кіші Азияға теренделеп кеткені. Ол өзі билеп-тестеп қалған Кіші Азиясынан Македон билігін аластайтынын ашық айтып, үлкен ланға дайындала бастағаны. Александран не шара? Бүкіл әскердің бетін бұрып, Мемнонмен итпектеген соғысқа байланып-маталып қалуы керек пе? Мемнонға карсы Парменион мен Антигон Монофталым екеуін қосып жіберсе де бұл жолы бәрін өз білгенімен өзі жатка билетін жерде соғыспақ Мемнон дес бермейді. Александр әскердің жартысынан айырылып, әрі-сәрі күйге тусуі...

Екінші, ең басты аланы – Персепольдағы әскери кенестің кешігүі. III Дарий не ойлап жатыр? Граникten кейінгі шайкас – Мемнонмен бола ма әлде парсы әскері македондықтарға шешуші тойтарыс беруді басқаша ойластырып жатыр ма? Александрдың ойынша Дарийде Мемноннан өтег басы ашық қолбасшы жоқ. Мемнонды Дарийдің өзі де, басқа қолбасшылары мен сатраптары да грек деп тануды ұмытқан. Мемноннан парсы мұддесінен басқа бір нәрсе конырсуы мүмкін деп ешкім ойламайды. Мемнон шынымен-ақ сондай тұлға-тын. Енді Дарийде бір-ақ жол бар. Ол Мемнонды бас қолбасшы етіп тағайындал, Персепольдан оның қарамағына қалып күш жіберіледі. Сірә, Мемнон ол күшті орта жеткізбей карсы алып, арғы жағын жағдайға

қарай киюластырады. Мүмкін... осы екі күш бір-біріне қарай қозғалғанда Персепольдан шыккан күшке Парменионды жіберіп, өзі Мемнонды тосып алар? Бұл қалай?!

Александрын енді құдайдан тілегені осы еді. Дарийдің ойын алыста жатып оқып отырғандай. Дарийдің өзін неге есепке алмасқа?! Оның да атқа конуы мүмкін ғой? Атаксеркстен басталған Ахеменид империясының бүгінгі өкілі, бүгінгі патшасы III Дарий Родомани басы жерге жеткен карт емес. Өскердің алдына шыкса әр сарbazға, әр отандасына қуат. Сатраптардың да өніне қан жүгірер еді.

Тағдырылың өзі де, жазмыштың бүйрығы да соған оңтайланды. Александр Гордийден ұзамай Мемнонның қазасы туралы хабар алды. Мемнон Афины мен Спартадан қолдау алып, қионы қашса қылышпен, кисыны келсе акшамен, тіпті болмаши нәрсеге келісетін сатқындардың көмегімен Евбей портын және басқа елді мекендерді бірінен соң бірін өзіне қаратып алды. Енді Балқан жартыаралы арқылы Македонияға шаппак. Сейтіп, Александрды кергіге салу көзделген. Осы жолда ол Хиосты қаратты, одан соң Лесбос¹ аралығындағы Мефимн, Пирр, Эрес қалаларына еш қарсылықсыз басып кірді. Бірақ осы Лесбос аралындағы Митилен қаласына келгенде Мемнонның балтасы таска тиді. Қала парсы туын аспандатқан Мемнонға лағнет жаудырып, түгелдей қарсы шықты. Мемнон қаланы басқа әлемнен кесіп таставды да шабуылға кірісті. Қаланы шабуылмен алу қызған шакта Мемнонның өз жағдайы күрт төмендеді. Ол жаманаттың келгенін анық білді. Өскерді ескі досы Артабаздың баласы Фарнабазға табысталп, өзі бакильтыққа өтті де кетті. Ұлы тұлғаның өлімі осынша қараптайым, аяқ астынан болады деп ойламаған Фарнабаз өз әкесіндегі көретін Мемнонның басын құшып ұзак отырды. Өзінің он қолы Афрадатка қала құлағанша Мемнонның өлімі туралы ешкім білмесін деп нұскай берді.

Бұл хабар Александрға жеткенде патшаның ішіне қуаныш оты түспеді. Дүние сүйп сала берді. Тек ишінан ұзак арқалаған гүрзі түскендей женілдеді. Мемнонның өлімі Александрды сергітіп, айнала дүниеге анықтап қарауға, ненін шындық, ненің жалған екенін кайта бағалар терең-терен пәлсапаға жетелей берді, онашалыққа, окшау жерде ой тұндыруға шакырды. Мемнон – сүйегі грек, тілеуі парсы бол өткен, қарама-қайшылығы мол бір заманың белгісі еді, сол өзі жасасқан әлемді өзімен әкетті...

IV

Персеполь. Дарий патшаның сарайы. Парсы елінің бетке шығарлары кеше күн ұзак әскери кеңесте болды. Бірінші күнгі кеңестен шыққандардың түсінгені – Дарий патша соғыс тізгінін

¹Лесбос – осы аралдың атымен лесбияндық азъындық атауы дүниеге таралған.

Меммонға беріп тұр. Тек Меммонаңың жеңістен жеңіс куалап кеткені, патша жіберген білдіргінің оған әлі жетпей жатқаны ғана түйінді сөзді айтқызбай патша ара-тұра қызырақтап қалады. Кеңестің бірінші құні тамам болып, сатраптар мен қолбасшылар нән қала Персепольдің бүйірінде жатқан, айына-жылына бір келер басиелерін тосулы токалдарына қарай асыққан.

Дарий өншейінде жас токалдарының біріне бара салатын. Кеудесінде бір желік пайда болса, ғардан өзі ерекше көретін кәнизектерінің бірін түннемелікке алдыраттын. Ал мемлекеттік ұлы істер жасаған айтулы құндері некелі жары, сүйікті ұлы, мұрагері Охтың анасы Статира падишаға барып, кеңес әнгімесін жалғастыратын. Әйелінің абаймен ғана қосатын сөздерін ұстап қалуға тырысатын. Сырт көзге Дарий өз жетістігін анасына айтуға асық бала секілді еді. Статира Дарийден екі есе жас болғанымен одан ақыл сарыны байқалатын. Дарий сол ақыл дариясынан шөл қандырып, келесі қүнге жетпек, сірә. Рас, өзінің неліктен осылай жасайтынын Дарий жете ұқпайды. Бірақ өмір солай қақпайлап, әр нәрсені өз орнына түсіретін болуы керек.

Меммонаңың қазасы туралы хабар құн шапағы тікенектеніп тұрған шақта жетті. Патшаның сарайы түйе мінгеннің төбесі тенеспес тас корғанмен коршалған. Корған зертаспен, бедерлі суреттермен нақышталған өзінше бір көркемдік әлемі еді. Негізінен ол Ахемен әулетінің Парсы империясын құрудағы ерлігін баяндайтын, жеке патшалар мен батырларды, шайырларды,abyzدارды, бейнелейтін сурет пен мусін өнерін пайдаланып жасалған бейнелі шежіре. Патша сарайы патша қалашығы ішіндегі бөлек дүние. Қалашықта әр түрлі мақсатпен салынған ғимараттар жеткілікті. Ғар үйі ен алысы. Жұмактың төріндей көгал, көгал арасы гулзарлар, үйдің өзі бір қабат болғанмен өңселі, көркем, жұмбакты. Онда Дарийдің үш жұз кәнизегі патша ықыласын тосуымен өмірін өткізіп жатыр. Аратұра патша өз қасабаларымен осында демалады. Эн мен күй, би мен шарап, жан рахаты, тұн ләzzаты осында. Кейбір түндерді Дарий оншакты оттай ыстық кәнизектің ортасында жалған дүниеге келген күйінде өткізеді. Теке иісін аңсап қалған ғар сұлуларының небір ерекшеліктеріне, қылыштарына масайып, Дарий келесі қүнге асықпай манаурап жата беретін.

Өткен түнді ол Статираның оңаша сарайында өткізгенін екі-үш қызметшісі ғана біледі. Бірақ патшаның өзі шақырмай оған дүние күйіп кетсе де ешкім өздігінен бармайтын. Міне, Фарнабаздан Меммонаңың әлімі туралы келген қаралы хабар орауы жазылмаған күйі патша байланысының үлгісін танытар көн қобдишаның ішінде жатыр. Хабаршылар қарулы күзет басы арқылы патшаның қенесінің басшысына әрен жетті. Кеңсе басшысы

хабаршылардың бет-жүзіне, тықыршуына қарап кейіс білдірді.


— Патшаның мазасын алуға менің де хакым жоқ. Дәл бір Мемнон өлгендей өнмендемендер! — дегенде біреуі санқ етті.

— Мемнон өлді, мәртебелім!

— Солай деп бірден айтпаймысындар! Онбағандар!

Кенсе басшысының фараджасы желбіреп, шалмасының төбесіндегі құс канаты қатты жүрістен ысылдап, Статираның сарайына тіке тартты.

Дарий Мемнонның казасын естігенде ез тәнінің бір қапталы сөгіліп жерге түскендей болды. Бұрын “Александр” деп аталаған катер мен өзінің арасында Мемнонның алып тұлғасы тұратын. Енді Дарий мен Александр ашық далада бетпе-бет тұргандай бойынан үрей желіп өтті. Мемнон... Мемнон.. Қайран Мемнон... Заманың екі өкпені қысып тұрганында кеткенін карасашы... Мемнон... Дарийдің қабағы ауырлап, көзі суарылған болаттай сұп-сұық жансыз қалды. Отырған орнынан козғалмастан бүкіл парсы жерін шолып шыкты. Мемнонды көлөгейлеп қалар адам іздеді. Таппады. Ал елдің бетке шығарларының дені осында — Персепольда. Бірақ олар тойға келген қонақтардай, ішуге, жеуге, сейлеуге бар да патшаның айтуынсыз бірнәрсе жасауға жоқ. Соғыстың не екенін Дарий білмейді емес. Онда әр сарbaz іс бітіреді, өзі табан астында шешім табады. Жан алып, жан берер сәттегі адамның ақылынан жүйрік ешнәрсе жоқ. Ал патшаның айтқанымен, яғни патшаның ақылымен, патшаның қалқасында, яғни патшаның корғауымен өсken мына иғі жақсылардың ішінен көзі шоқтай жанып, ақылы оқ бойы озып, қуат-жігері дауыл кетерерлік боп тұрган ешкім жоқ. Бұлар арка болуға жарап, жер-жердегі тірек, кем-кетігінді онай толтырар епсекті ел басшылары. Қарттары өткенін еске алумен келе жатқандар, орта буыннан бергісі қабырғасы қайысып, ұзак соғыста шындалмаған. Парсы баласын құдайы қолдады да Ахемен бабалары таққа ие болды. Содан бері бір шеті Эгей тенізі, солтүстігі Сақ даласы, онтүстігі Үнді, шығысы Жың — осы аралықтағы ондаған мемлекет, жүзделеген халық, ұлыстар мен тайпалар Парсы империясына амалсыз, тоқпактың күшімен кірді. Парсы тектінің маңдайынан біреу шертілті деген жерге жосылып мың-сан әскер жетіп барады. Парсылар сонысымен бәрін ықтырып келді. Ара-тұра салық төлемей, салқын тарта бастаған аймактарға әнгіртаяқ ойнатып, сатраптарын үйріл бөрідей камалап, тамырына балта шауып отырды. Шектес елдердің ішінде кашшанда гректер ойпы-тойпы. Бірақ олардың ушықкан жерін оттан шықкан темірмен бір қарып алсан едәүір уакытқа тыныштық орнайды. Солтүстікте біраз ел бар. Бірақ санасуға да, сынасуға да мажбур еткені — сактар. Бактрия мен Соғыса парсы сағрабын қылжайтын да сол — сактар. Сондықтан ол аймактарда сактан сағрамғандау



дәстүрге айналды. Рас, сақ сатраптары салыкка салак. Айтканды ойланып барып орындаиды. Бұл да дәстүрге айналған, үрленшікті құбылыс. Парсы патшалары осы екі аймактың өз империясының бір пүшпағы деген атына, азды-көпті бағыныштылығына да канаттап карауға мәжбур. Жын мен Үндіде үн жок. Сонымен, парсы дәуірі аспандап, ғасырды ғасырға ұрып келеді.

Енді дүниені өзгертем деп таудың куысынан шықкан бала патша келе жатыр. Дарий Александрдан корықпайды. Ахемендерге берген бакытын құдай кайырып алғып, дәл осы Александрға тәкпесе болғаны. Құдайдың кәріне іліккен болса онда оған дауа жок.

Әскери кенесте Дарий Мемнонның казасын естіртті де баршага қаратып, бас қолбасшылықты кімге береміз деп сауал тастанды. Кенес әсери такырыптан жүрдай болды да бас қосқандар жарыса-жамыраса Дарийдің өзін мадактап, аспандатып алды да кетті. Дарий бұл мадактың артында не тұрғанын біліп, қатты ашуланды. Кенесте ерек-бөлек сөйлеген грек текті Хариdem болды. Хариdem кезінде Александрдың құрығынан әрен құтылып, Персепольға жетіп, бір-ақ ентігін басқан фивалық булікші. Оның Александрға қарсы екені даусыз. Бірақ оның гректерден жалдамалы үлкен әскер құрайық, оған мықты қолбасшы сайлайық дегеніне парсы аксүйектері өре түрегелді. “Мықты қолбасшы” дегені, әрине, Хариdemнің өзі, ал Хариdem гректерден әскер жиып, парсының күшімен қаруландырып, өзі Александрға қосылып кету ықтимал. Сөйтіп өз айыбын өтемек деп әскери кенес дүрлігіп берді. Аяғы жанжалға айнала бастағанда көзі канталаған Дарий дауды бастаған бір парсы сатрабын зынданға жіберді де Хариdemді табан астында өлім жазасына кесті. Кенес біткенде Хариdem де жоқ болды. Бір қараған адамға Дарий ашуға бой алдырығандықтан бас қолбасшылықты өзіне алған боп та көрінер. Ал шындығында бұл шешімге екі күн даурығысқан сатраптар мен қолбасшылар Дарийді қакпайлап әкелген. Әділін айтса Дарийді бас қолбасшы сайлаудан арамзалық іздеудін де жөні жок. Өйткені әзірше Кіші Азияның шаңын қағып, бірер ірі женіске жеткен Александр патшаның қанша қолмен келе жатқаны, алда әлі де талай шайқаста таланатыны, артында калған Элладасының оған тек өлім тілейтіні Парсы патшасына да, ел, басқарған, қол бастаған зияллыларына да аян болатын. Македон жорығы таудың бір анғарынан шыға келген тау селі секілді, қаншама екпінді, қаншама үрейлі, долы болғанмен парсының шексіз кеністігін түгел жұтып жіберер күш еместігін бәрі де анық билетін. Дәл осы кенес үйғарса Парсы елі Македонның ары кетсе алпыс мың әскеріне қарсы бес жұз мың қол жиып, Александр мың жерден алғыр, Зевс текті ұлы күш болса да оның әскерін үш орап алғып, қынадай қырып, аксүйек кып далаға тастап кетер

күш бар-тын. Ал III Дарий ахемен әулетінің женімпаздық жолын, ерлік дәстүрін жалғастырған, бұрынғысынан әлдекайда қаһарлы, қастерлі патша болатын аспандап кетері де анық іс.

Дарий Родоманидің өзі де, өзі сенер жақындары мен жараптарды да бас колбасшылықтын артында ахемен билігін нығайта тусу, алыс-жақын елдерге Парсы қылышының әлі де қыллып тұрғанын баршаға білдіру екенін білмеді емес.

Дегенмен, патшаның ахемендік тәекеппарлығы ұстап, әскер басшыларына да, сатраптарға да жылы қабак танытпастан таратты.

— Айтулы мезгілде, айтылған кару-жарак, азық-тулігімен нұскаулы жерге ен жарамды жасактарынды жібересіндер. Пәрмен дайындалып жатыр. Ала кетесіндер. Онда, әрқайсының міндетін арнайы көрсетілген. Қош!

Дарий осынын айтты да ғар ішіндегі қызылды-жасылды әлемге барып, екі тәулік күріс-тырысын жазды. Сонда жатып өзінің ұлы шайқастан женіспен оралған арайлы таңын, алабұртқан жүзін, анталап патшасын қарсы алған Персепольді көзіне елестетіп еді. Сол елес сурет бол көз алдында тұрып калды. Қаны басына шапқан, арқасы қозған Дарий ақ боз атын ойнектатып, әскери машиқ жүріп жатқан жерге жетіп келді. Әскердің ұзын саны екі жуз он мың жаяу әскер, отыз бес мың атты әскер, піл саны елу, донғалақтарына қылыш бекітілген колесница саны жуз елуге жетілті. Өзін қорғайтын үш жуз іріктеуі жасаққа соқты. Жан ая-май дайындалып жатыр. Үш жүздін сыртын орап тұратын, ол да өзін қорғайтын сайыпқыран үш мындыққа келді. Олар да сол. Сол екпінмен Дарий аттылы, жаяулы бар әскерді кешіп өтіп, әр сарбаздын, жігеріне жігер косты. Жанынан екі елі қалмай үзенгілес келе жатқан Антиох пен кезінде сактармен көп соғысқан Артабазға карап, патша пәрмен берді: “Әскерді Бәбілде¹ жинақтаймыз. Соңғы машиқтар сонда өтеді. Одан соң Македон әскерін Шам² жеріне жеткізбей тосып аламыз. Одан әрі өргізбеймін...”

V

Мемнонның өлімі Александрдын артқа жалтақтауын азайтты. Дегенмен, Мемнонның жанындағылар да онай жау еместігін Александр біледі. Бұлар бір аттап, Македонияны түтіп тастамас па екен деп ара-тұра ойлай берді. Александр ондай көтерден күтылу үшін кері қайтуға тиіс. Онда не үтады? Көп болса Македон патшасы, Элладаның билеушісі атын қолдан жібермес. Ал алға жүрсе, Дарийді женіп Персепольді алса Грекия да, баска да демін ішіне тартады. Александр жарты әлемнің дара патшасы атанады. Дұрысы – алға үмтүлу. Барынша тез, барынша тұтқындытып. Осы оймен Александр Кликия қақпасынан аман өтті. Бірақ¹Бәбіл - сақтар Вавилонды осылай атаған.²Шам - Сирия.

Кликияның билеушісі Аршам бір кезде Мемнон ұсынған амалды қолданып, Александрға еш нәрсе қалдырмай бәрін өртеп, киаратып, артынып, аркаланып шегінбекке кірісті. Александр Аршамды оған жеткізбеді. Аршам Персепольға қашып құтылды.

Тарс қаласында патша сүйк тіп, қатты ауырды. Аса тезімді жан болғанмен төтеден келген аурудың түрі жаман еді. Патшаның ет қызы басылмай сандырактаумен болды. Жақындары іш жиып, сасқалақтап та қалды.

Шайқас кезінде Книд өзенінің өзі лас, өзі қара тастай сүйк сүйна сан рет малынған Александрдың халі екіталай еді. Оқыста жабысқан кеселмен алдырып жатканда Парменион бүйректен сирак шығарды. Александрға хат жазып, сенің дәрігерін Филиппті парсылар сатып алған. Ажалың содан. Дәрісін ішпе деп шала бүлінді. Александр бұл хатты дәрігердің көзінше дауыстап оқыды. Өзі дәрігері Филипп дайындаған кайнатпа дәріні іше бастады. Патша екі көзімен дәрігердің көзін ұстал тұр. Дәрігер селт етпеді. Кешікпей Александр құлан-таза жазылып кетті. Осы жайт Парменионға катасты жұмбактың санын көбейте тусти.

Катты ауырды дегенінің өзінде Александр жеті күннен соң, аздап өзіне-өзі келді.

— Антипатр, — деді Александр іс басқарушысына аурудан тұрған адамға тән солғын дауыспен. — Ертен әскер сап түзейді. Өзім көріп шығам. Одан соң — әскери кенес. Кенес ұзакка созылуы, соны ескер. — Соны айтты да дәрігері Филипп ұсынған кермек дәмді кайнатпаны сіміріп салды.

— Апанасийге айтындар. Монша дайындастын.

Дәрігердің өні қашты.

— Александр, мұныныз артық. Қайталап қаласыз.

— Жоқ, бұдан әрі бықсып жата алмаймын.

— Ендеше, Александр, моншадан соң өзімнің бір хош иісті майыммен сълауым керек. Онсыз, әскер де, ел де басшысынан айырылады. Парменион менің басымды бір-ак шабады.

— Шаба ма?. Мүмкін жұз талант күміс алыш қаларсын? Жаксы, Филипп. Дүние сол майға тіреліп тұрса өзің дұрыс деген емінді жасай бер. Аяқ-қолда дәрмен жоқ. Оны қайтеміз?

— Ол бір-ак күндік нәрсе. Ас ішіп, ары-бері қымылдаған соң, Александрдың бар касиет-куаты орнына келеді.

Әскери кенесті Александр әдеттегідей ортаға тастаған саулалдан бастады.

— Дарий жолға шыкты. Екі жұз он мың жаяу әскері, елу бес мың атты әскері бар. Өзін қорғайтын үш мың үш жұз ерен жасак, елу піл, жұз отыз колесница. Бізде алпыс жеті мың жаяу әскер, отыз бес мын атты әскер. Қалай соғысамыз?

— Қолмен соғыссан женілеміз, Александр. Баспен соғыс.

— Тоқтат, Монолох! — Бұл патшаның серігі, қамыт аяқ, казан

бас, ойна не келсе соны соғып қалатын патшаның сайкымазағы еді.

— Александр, Монолох дұрыс айтып түр ғой. Кане, айтқыза түшші, — деді кен пейіл, кен мәндай Гефестион. Александр ен жақын досының меселін қайтармады. Эрі мына сіреспе отырысты Монолох тірілтсін деген ой да келді.

— Монолох! Бәрі сенен акыл сұрап отыр. Сөйле!

— Бәрін қайтесің, патша. Ақылды өзіңде айтсам болмады ма?!

Ендеше тында, Монолохты...

— Жансыздарыңның бірімен сейлестім. Дарий әскерін Бәбілде қайта курап, ен соңғы дайындығын көріпті. Көп нұсқау беріпті. Парсы патшасының соғыска шыққан сықптыбы лай көрінеді. Жаңағы өзің айткан әскердің сыртында соғысты қызықтаймын деген бес мындағы аксүйек ырғалған күймелеріне мінсе керек. Дарий шешесін, падиша Статираны, екі қызын, екі ұлын, ғарын, қызметшілерінің бәрін ертіл алышты. Енді түсіндін бе, данышпаным? Ол соғысты ойнап женем, парсылар мысық та, македондықтар тышқан деп есептейді. Сенімен ойнамак. Әбден сілең катқанда қырып тастап тойға аттанбақ. Яғни, осы отырған өзің де, мына мырзалар да баспен соғысса, баспен ойласа женеміз. Арғы жағын өзің ойлап тап.

— Александр! Маған сөз бер! — Бұл Клито.

— Монолохтың ойы оның бойынан артық екенін білуші ем. Бұл жолы әбден тәнті етті. Дарийдің әскері соғыс тақалып, сапка тұрганша бос белбеу деген сөз. Яғни, біз соғысты олар ойлаған мезгілден ерте, олар көзделген жерден басқа тұста бастауымыз керек...

— Кімде қандай пікір бар? — Патша шамырқанып та, шаршап та отыр. Желке тұсынан жылбыскы тер шықты да омыртқаны қуалай домалады. Әлсіздік. Шайқаска аз күн калды. О, құдайларым қуатта... Күш бер. Сәтін келтір. Он көзінмен қара...

— Парменион, не айтады?

Парменион бірден гүж ете қалды.

— Жазық жер парсыға колайлы. Біз фаланганы дұрыстап іске коса алатын, колесницаларды істен шығаратын, пілдер жүгіре алмайтын жер іздеуіміз керек.

— Дұрыс, Парменион. Ұсыныс кабыл!

— Және кім?

— Мен! — Кратер. — Біз отырмауымыз керек. Уш бағытта, үш лек шолғыншы жіберіп, Дарийді іздел шыққанымыз он. Қай жерде кездесеміз — сол жерде соғысамыз.

— Ертен әскерді жылжытамыз, Кратер! Дұрыс айтасын. Шолғыншыларды бүтін өзің аттандыр.

— Антигон! — деді Александр әкесінің заманынан келе жатқан арынды колбасшы Антигон Монофталымді бір көтеріп тастағысы келіп.

— Мен женістен соңғы пирде бір-ак сөйлейін, — деп ол нән денесімен ырқ-ырқ күлді. “Женіс” деген сез отыргандардың жүргегінен зілді күмәнді біржолата сылып тастанды. Сірә, Антигон оны жай айтпаған болар.

— Егер женістен соңғы пирге келіп токтасақ несіне отырамыз. Тарайық. Ертен тан бозында жорық басталады.

Беталысын осы болар деген болжаммен Александр парсы шерігіне карсы жүрді. Әзірше македондықтарда бір-ак хабар бар — Дарийдің әскері Бебілден шұбатыла шығып, Кликияға қарай бет түзеді деген. Парсы патшасы Шам жеріне ілгіп, шайқасты сол апайтес жазықта еткізбек. Оның бул максаты — Александрға Дарий Персепольда отырганда-ақ анық жеткен. Соңдықтан патша Парменионды Кликиядан Шамға өтер қылтаға жіберді. Өзі негізгі күшпен Аххиалды жүріп өтті де Солл қаласында аял жасады. Осы жерде патша куанышты хабар алды.

Македонияға қауп төндірген марқұм Мемноннан қалған әскерді және атақты қолбасшы Оронтобатты Птоломей мен Асандр ықшам күшпен женіпті. Бұл хабар Александрдың аркасын қоздырып, мимырттап қалған жігерін қайта тасытты. Хабар жеткізген ушеуді дереу шақыртып, туған бауырларымен көріскеңдей қеудесіне басты. Әркайсынына бес таланттан бергізді.

— Енді ас ішіп, арқаланып, қайтадан атқа қонасындар. Птоломей мен Асандр енді үлкен шайқасқа үлгеруі керек. Бізді Кликия қақласы мен Гавгамелдің етегі, Иса өзені аралығынан іздендер. Алдымен осы жерге жетсін. Біз өзіміз өткен жерде белгі қалдырып отырамыз. Жолдарын болсын. Ұмытпандар! Сендер әлемді билейтін македондықсындар!

Кликияны алушмен Александр Кіші Азияны түгел өзіне қаратты. Бірақ, дәл осы кезде Грекияны кара ниет қауесеттер кеулең кеткен. “Александардың дәм-тұзы түгесілсе керек. Ауруға шалдығыпты. Әскерді Парменион басқаратын көрінеді. Әскер арып-ашқан. Ілгері де, кейін де жүрге шамасы жок”, — секілді мысық тілеуден туындаған қауесет полистерге көшіп жүрді. Александр ол жайттан да хабардар. Бірақ, не болса соған аландайға болмайды. Дүшпандарына берер жауабы алда. Егер алдағы айқаста женіске жетсе інінен басын қылтитқан дүшпандары қайтадан бұқпантайлап, іннің түбінде жатып, Александр жактан қара хабар тосады. Жалпы Александрды торыған ажал қаупі оның ізінен қалған емес. Эгей тенізінен өтіп, Кіші Азияның ішкі аудандары саналатын маңызды аймактарды басып алған бетте бір көтердің беті ашылған. Парменионның тұтқыны, парсының ортандық аксүйегі Сисина Александрға қастандық дайындалып жатқанын карт қолбасшыға жеткізеді. Парменион оны дереу Александрға айтады. Сөйтсе, жау алыста емес Македон әскерінің ішінде екен. Аэроп дейтін македондықтың ұлы Силисандрды

жансыздар Дарийдін өзімен хат арқылы жалғастырады. Дарий патша Александры өлтірсөң 1000 талант алтын аласың деп линкестиялық ақсүйекпен уәде жасасады... Сатқын патша сарайына, патша жарандарының арасына еркін кіріп-шығып келген адамдар санатынан боп шыкты. Сатқын Силисандр тұтқындалды. Мұны өлтіргеннен не табам, одан да күллі әскердің, ішкі-сыртқының қара пиғылын сейілтіп жүрсін деп, патша оны торлаут арбаға камап, сүретпеге салып, тірі қорлыққа кесті. Ал Дарий алдымен Александры өлтіру жоспарынан әлі де бас тартқан жок. Ол жоспар осы жорықтың шешуші түйіні болады деп Дарий есек дәмемен екпіндеп келе жатыр. Линкестиялық сатқынды үстап берген Парменионның өзі де қатпараты көп, тұман көз, бұлдыр сөз адамы. Александр оны да біледі. Егер Александр екі әлемнің дара билеушісі атанса, Парменионның қара ниеті іште жатып өледі. Жок әлде... Александрдың қолымен бәрі жасалған соң патшаның басын сайдан іздетпекші ме? Бәрі жұмбак. Александрдың басынан арылмайтын қара бұлттың бірі – Парменион мен оның баласы Филота.

Александр қалып жосықтың алдында, жанына ешкімді жанастырмай құн ұзақ жүріп отырды. Осылай жүру – ой тұндыру, өзін іштей ретке келтіріп, алдағы кундердің жобасын жасау деген сөз. Дәл казір ол карақан басын нысана еткендердің көпшілігіне ыза бол келеді. Бірақ, бұл да патша атанған күннен басталатын өмір желісі. Патшаның басы – баршаның нысанасы. Оны сол күйінде қабылдау керек те, ешкімге алдырмай, шалдырмай, бәрінің алдын алып, дүшпандарын бірінен сон бірін келмеске кетіріп отыруы керек. Сонда қапыда кетпестің кепілі не? Эрине, данқ! Ел де, өркөкіректер де қол жетпес биікке көтеріліп алған патшаға не табынады, не корқа-корқа өмір сүреді. Алдағы шайқас Александрды не мәңгілік данқка бөлейді, не тарихтың шет пушпағына сүйреп тастайды.

Александр сүйт жүріп, Кликия қақпасынан өтті де Мириандра қаласының маңында лагерь құрып, аял жасады. Одан сон алдынғы жүрістің тері кеппестен ере түрегеліп, Каставала жеріне жетті. Осы жерде Парменион өз әскерімен басты шерікке келіп қосылды. Македондықтар өз екпінінің қашшалықты болғанын алдарын Иссада өзені кесіп тастағанда бір-ак сезді. Осы жерде Александр жедел түрде әскери кенес өткізді. Онда Парменионның өткен кенестегі ұсынысы түбегейлі соғыс айласы ретінде бекіді. Гавгамелдің шоктығы биік, арқасы ойқы-шойқы тотықкан нән тастандардан тұратын сұлама сілемдері, қырқаларды киғаштай кесіп өтетін Иссада өзені Александрдың қиялына канат бітірді. Мына жер жағдайын пайдаланып, жау әскерін алдап түсіруге болады, тек тым женіл қарап өзінді-өзің алдап кетпесөң болғаны. Соғыс онай болмасы белгілі. Тіпті Александрдың алтын басы, ұшқыр ойы,

арыстан жүргөтіш мұдіріссіз істеп бергеннің өзінде жер кайыскан парсы әскерін түріп тастау неғайбыл дүние.

Дәл соғыс алдында және бір қырық көлбен етті. Александрдың жансыздары патшаға және бір қастандық дайын түрганын өзіне хабарлады. Бұдан бұрын линкестиялық каскейді ұстал берген парсының аты Сисин болса, бұл жолы патшаға қол жұмсауға тиіс парсының аты Сисен еді. Сисен ежелден македондықтарға сініп кеткен, патша сарайына сол аяғымен кез келген уақытта кіріп-шыға алатын, ол аз болса Александр оны “дос” санайтын аса беделді, түрпатты, қасабалы адам.

Қырық шалғаны сол — Дарийдің он колы Набарзан Дарийдің өтінішін хат арқылы астарлап, мегзеп кана Сисенге жеткізді. Хатта: “Бұл ұлы мәртебелі патша III Дарийдің өтініші. Аса қадірлі Сисен Раджан баласы, парсы әлеміне төнген қатерді Сіз бір ғана ерлігінізben тоқтатар едіңіз. Парсы тектінің Парсы патшасына, өз халқына жасаған жақсылығы аса жоғары бағаланатыны күмән тудырмайды”. Сисен бұл хаттағы сандырақты орындау түрмак, оны Александрдың өзіне бермек болатын. Бірақ хатты берудің кисыны келмей, айналсқтап жүргенде хат өз аяғымен патшаға жетті. Александри Сисенниң бұл ісін қалай ұғарын білмей сәл ойланды да, акыры ашуға, катігездікке бой алдырды. Қылмысты, айыпты болғандардан тұратын шағын жасақ бар еді. Олардың дені — криттіктер. Александр соларды басқарып жүрген дружинник пен Аланасий екеуіне Сисенниң көзін жоюды тапсырды. Сисен пиғылы таза болғанмен өзінің салбекселігінен актық сөзіне құлак асар адам таппай азапты өлімге душар болды. Сисенде өлтіру түн жамылған, жымысық жолдармен, астыртын жасалды дегені болмаса оқиғаның болған-біткені құллі әскерге лезде тарады. Сисенниң Александрға жеткізіндер деген сөзі патшадан кара табан фалангистке дейін аян. Сисенниң сөзін сөзбе-сөз естігенде патша парсылық досының жазықсыз өлгенін түсінді. Бірақ... Александрдың ішіндегі актаушысы жүрекке зіл болар өкінішті “соғыста бәрі де болады” деген желеумен тез-ак сейілтіп жіберді. Оның үстіне бір адамның өліміне бола Александр әрі-сәрі күй кешер мезгіл емес-тін. Міне, ата жау кара жыландаид иретіліп келе жатыр. Бұл жылан да емес — аузын кере ашса македон әскерін толғамай жұтатын алып аждаха.

Дарий әскері алдымен Шам жерінде, Ассирия қақпасы деп аталағын жазықта сап гүзеп, реткес келді. Бұл жазық парсы әскеріне қолайлы еді. Ол туралы Дарийге македондық қашқын Александрдың қас дүшпаны, Антиохтың ұлы Аминта тәптіштеп айтты. Дарий үйіндейдай еді. Өйткені жазық жерде парсылар іркілместен қолда бар күшті түгел іске косады. Ал ойлы-қырлы, өткелді, арналы жерлерде әскер қыдаланып, бір-бірінен көз жазып кап, тосян жайттарға ұрынуы хак. Оның үстіне колесница,

пілдер іске косылмай қалуы ықтимал. Ал Александр құдайы берген мінезінен танбаса дәл осы жерге өзі келеді. Өзі шайқасты бастайды. Тек бірер күн тосса болғаны, македондықтар жартаска соғылған толқындай быт-шыт болады.

Уәжі мол бұл тәсілге Дарий қөнді. Амал не патша өзіне тән сөзге ергіш, кім соныра сөйлесе соған иланғыш, македондықтарға деген секемшілдігінің кесірінен, әсіреле сарай ақылгөйлерінің істеулерімен әскерді ілгері жылжытты. Суыт жүргені сонша Амман қақпасынан етіп, Кликияны шандатып келе жатты. Содан шолғыншылары көзі алактап, патшаның өзіне хабар жеткізді.

— Ұлы мәртебелім, — деді шолғыншы. — Біз македондықтардың ту сыртынан шығыппыз. Олар қазір Иса өзеніне құбытын Пинар өзенінің онтүстік жағалауын бойлап ұзап барады. Нендей пәрмен болады?

— Әскер тоқтасын. Әскери кенес шақырындар. Тез!

Александра да шолғыншылары Дарийдің ту сыртына шыққанын жеткізді. Александр әскерді сілтідей тындырды. Ашық аспан астында, ат үстінен Александр шайқас алдындағы пәрменді найзағайша жарқылдатты. Сол аласапыранның арасында Александр Дарийдің бір қысастығын естіді. Иссанның жағасында, саны едәуір жарапылар емделуге калып еді. Дарий сол ыңырып жатқан жарымжандарды коршап алып, бәрінің бір-бір қолын білектен шаптырып тастапты. Мұндай катігездік македон сарбаздарының үрейін арттырады деп ойласа керек.

Александри бұл жайтты отка май құйғандай етті. Македон әскерінің женіске деген өршілдігіне қаны сорғалаған ыза-кең қосып: “Дарий жарапыларды жәбірлесе біз оны соғыста он есе қайтарамыз. Дарий жарапылардың қолын шапса біз олардың басын шабамыз”, — деп шеріктің делебесін қоздырып, көзін қанталатты. Александр Пинардың онтүстік жағалауына әскерін соғыска кіреп салпа тұрғызыды. Ортада — фаланга, он қанатты Парменионның кіші ұлы Никонорға басқартты, сол қанатты Парменион мен Кратерге тапсырды.

Дарий Пинар өзенінің солтүстік жағалауында соғыстың соңғы қамалқасын жасады. Он қанатта жиырма мың атты әскер мен он мыңдай садақшылар, сұнгі лактыруышылар мен отыз мың жалдамалы гректерді Фимод басқарып тұрды. Жалпы он қанатты түгелдей Набарзанға табыстаған. Набарзан Македон әскері мен өзінің алдындағы кара ормандай қалын колға карады да езу тартты. Эр македондықтың екі басы, екі жаны болса да парсы күші оны жапырып өтері сөзсіз. Сол қанатта жиырма мың парсылық жаяу әскер, оның ту сыртында он бес мыңдай атты әскер тұрды. Дарий баяғы өзінің үш мың кайтпастарының ортасында, алтын күймеде үлде мен бүлдеге оранып отыр. Сакалының селтендеуіне карағанда ашыу тасып, айбары асқан

шагында болса керек. Дарийдің ту сыртында қазір соғыска кіретін әскерден үлкен күш садақ оғы жетпес, жау оңайлықпен айналып өтпес жерде тунеріп тұр. Оның арғы жағында, әп-сәтте Дарийдің атакты алқызыл жорық шатыры тігілді. Шатырдың төнірегінде және бірнеше, бас шатырдан кіші шатырлар тігіліп, жібек желбаулар желкілдеп, қызылды-жасылды бір әлем пайда болды. Бұл да Дарийдің көп бопсасының бірі еді. Шатырын тікті деген сөз, женісті сол жерде тойлаймын дегені.

Александр өзінің жанында үш мыңнан үш жасақ ұстап тұр. Бұл жолы бас қолбасшы Граниктеңдей бірінші болып өзі үмтыйлмады. Соғыс кисыны оған сен кейінірек тұрып, кай тұста не болып жатканын, Дарийдің не бүкканаң жіті бақылат тұр дейді. Дарийдің жұмбағы онсыз да көрініп тұр. Александрдың қаупі тың күште. Қазір бетпе-бет келген екі әскердің бірі онсыз да басым. Ал осы күштер бірін-бірі ала алмай ұзак соғысу мүмкін. Ал екі жақ та әбден әлсіреген кезде тың әскер македондықтарды жайлап өтпек. Александр Гефестионды, кеше келіп қосылған Птоломей мен Марсийді әрқайсысына үш мыңнан атты әскер беріп, тың күш жайғасқан беткейдін арғы бетіне жіберді. Олар секем алмау үшін үшеуі сай куалап, алыстан орағытып терең аңғар ішіндегі тал теректің калкасында тұрды. Соғыс алаңындағылар қалжырап, тың күш қимылға көшперде үшеуі осы әскердің сыртынан оқ жаудырып сұнғлактырып, жанаса келіп найза лактырып жалт бұрылуға тиіс. Кайткенде де тасқын судай карауытып жөнкіліп шабуға осы жасақ азғантай әскермен тосқауыл болуға тиіс.

Ал әзірше Александрдың жанында Антигон Монофталым бар. Лак, Пердикка мен Леоннат бес мыңдық үш жасақтың алдына шықты. Александр кайда нұсқаса олар солай карай құстай үшіп, семсердей кадалмак. Букефалдың үстінде жемтігін көрген қаршығадай шүйіліп, Александр отыр. Екі сезім алма-кезек жүргегін өреклітеді. Бірі қол созым жерде тубегейлі женіс пен бұрын-соңды пенде басында болмаған атақ-данқ, үстемдіктің тұрғаны. Бірі сол арманы дәл осы жерде тас-талқан бола ма деген алаң, қорқыныш. Қорқыныш... Ол бәрінде бар сезім. Кімдекім қорқынышты тежел, оны жеңіске деген сенімге, женістің артындағы куанышқа жалғай білсе – сол батыр. Александр парсылардың сапырылсын түсінбей тұр. Бірақ өзенге лап кояр белгі байқалмайды. Александрға керегі сол еді. Егер парсылар өзенге кірсе кара жебе жерге сөүле өткізбей қаптап ұшар еді. Оның сонында сұнғі бар. Жағаға іліккенді фаланга суға кайта батырып жібермек. “Ал, парсым, сен көпсің, сен мықтысың өзеннен өтпей неғып тұрсың?” – деп коялды Александр іштей. Өзінің есебінде өзенге бірінші болып кіру жок. Бірақ кім білсін соғыста не болмайды... Парменион мен Кратер сол қанаттағы әскердің алдында томағасы түрлімеген дала бүркіттеріндей

қақшиып қалыпты. Парменион әлі де шабуылға онтайлы жүйеге келе қоймаған, әлі де сөндөй соктығысқан парсы жасактарына қарап, Александрға құдай қуат бер деп тіледі. Өйткені, өзі мұның жөнкілген кара құрымнан түніліп тұр. Сырты камлиған, жер қозғалса қозғалмас Парменион бол көрінгенмен дәл осы жолы ішін алдырып қойды. Табанда тиянак, қолда қауқар жоқ. Тек ішкі қалтырауы сыртқа білінбей тұрғанда белгі берілсе құдайдың зорымен алға ұмтылмак. Парменион мұндай күйді сан рет басынан кешірген. Осылай қүйреік қалде тұрып, ұрыс басталғанда ып-ыстық қан денесінен жүріп өтегін де Парменион соғыс құдіретіне айналып кете баратын. Ол өзінің табиғаты тілеп тұратын, үйреншікті әлеміне кіріп кеткендей жарқылдайтын.

Кратер... Бұл бір тас-емен. Оған патша айтса болды. Алдында дау тұр ма, жау тұр ма бәрібір. Шырышық аткан аса қарулы, мойны қатты, айлакер, жаныған сайын жарқырай тусетін нағыз сайыскер, нағыз қолбасшы.

Александр бір мезгілде фаланга қолбасшысы Арридейді шакырып алды.

— Сен қазір екі фаланганды өзеннің бойымен жоғары ағыска карсы анау сары қабакқа дейін апар. Сол жерде қолтықтарындағы қамыс коғаға жатып сумен ағасындар. Сарбаздар өз сариссаларынан кол үзбесін. Арғы жағаға шыға тездетіп фаланганды қалпына келтіресін.

Екі фаланга өзен жағалап кетті. Македон әскерінің ортасында бір ғана фаланга калды. Былайша айтқанда, ортанғы шеп әлсіреді. Набарзан жүрісі өнбейтін жаяу әскердің ұзап бара жатканына қарап және құлді. Тіпті ту сыртынан шығуға тиіс болса да жаяу әскер айналма жүріске жарты күн жұмсайды. Оған дейін шаруа бітіп те қалуы мүмкін. Фалангистер Александр сілтеген сарқабакқа ілінгеннен-ақ Набарзанның көзінен таса болды. Набарзан аптығып Дарийге келді.

— Ұлы мәртебелім! Ахеменид елінің бағы және жанғалы тұр. Міне сәт! Фаланга қанғып кетті. Орта тұс селдір. Екі канатын қайыру түкке тұрмайды. Күшіміз төрт есе басым. Эскер Ұлы мәртебелім, бас қолбасшысынан пәрмен тосулы!

— Александр кай тұста?

— Ортада. Нән күрен қасқаның үстінде пілге мінген баладай бол отыр. Әнен! Оңаша тұрған алты-жетеудің ортасында.

— Неге шаптайды?

— Өзенге алдымен бізді малтықтырмак.

— Дұрыс айтасын. Сондықтан әскерді кері бұр да алты жұз қадамдай шегінідер. Бірінші шепке женіл әскерді тіз. Пілдер ортада қалсын. Егер ашық алан тастасақ Александр судан өтіп үлгерем деп тұра шабады. Бүкіл әскер беттегендеге пілдерді жіберіндер. Жағаға іліккен соң колесницаны қоя бересін. Пәрмен — сол!

Парсы әскері жалт бұрылып кері жүрді. Александр сәл тұрды да Дарийдің ойындағысын тапты. Парсы әскері үш жұз қадам жасар-жасамастан екі фаланга өзен жалдап, көздеген жерден шыға келді. Дін-аман арғы бетке табан тіреп, фаланга жан ұшыра өзінің әскери соғыс тәртібімен сіресті де қалды. Набарзан оны көрді. Бірак Дарийге жеткенше, одан нұсқау алғанша фаланга ілгерілей берді, парсы әскері әлі де өзеннен шегініп бара жатыр. Қалын қолды тоқтатып, шұғыл бүйрүқ бергеніше македондықтардың бәрі Пинардың арғы бетіне өтіп болды. Шалт тоқтап, жалт бұрылып қана үлгерген парсы әскеріне фаланга килікті. Македондықтар ойдым-ойдым орам жасап, ортаға түсken парсыларды жусатып жатыр. Дегенмен, тұяқты тұяқ жіберер емес. Парсылар көлтігін көрсетіп, македондықтардың сол канатын өзенге ықтырды. Енді сәл болса телоидтар¹ омақасып суга құлар сәт туды. Александр Парменион мен Кратерге көмек жасау үшін Леоннattы бес мындығымен коя берді. Леоннат македон әскері мен парсылардың шайнасып қалған тұсынан сәл ілгерірек барып канжарша қадалды. Біраз жер бойлап барып Леоннат бір лекке жуық парсы әскерін қоршауға алғанда телоидтар ес жиды. Алдында лықсыған күш емес өз әскерінен бөлініп қалған жосық екенін көріп әп-сәтте аттылысын жерге құлatty, жердегісін жер жастандырды. Леоннattын шамалы болғанымен де шымыр соккысы сол канаттағы парсы күшін тенсeltіp жіберді. Бірак қылыш сілтеуге жаарлық, әлі македон сарбазымен бетле - бет келмеген парсы күші сендей сокттығысып бір-біріне оралғы, бір-біріне кедергі бол, маталып қалды. Бір кезде Александрдың бүйрүғымен атты әскер ықтап, парсы әскерінің он қапталына карай лезде жылжып кетті. Олардың ту сыртынан екі гоплит фаланга өзінің әдеттегі нық жүрісімен келе жатты. Парсылар тұстұстан садақ тартты. Жебелер кісі бойы жez қалканнан өтпелі. Фаланга парсы әскерінің сол канатын жарып өтті. Жарып өтті де фаланганың сегіз катары сол канатка бұрылды, екінші жартысы он қанатка көмекке келді.

Майдан енді-енді кызған шақ. Гавгамелдің сілемдері жатағанданып барып, жазыққа ұласатын, Иса мен Пинардың бір-біріне қыяр тұсындағы ұлы шайқастың тағдыры бүгін бітпеуі де мүмкін. Жарамды әскер екі жақта да бар. Қолбасшылардың бармак астындағы тәсілдерінің бірді-екілісі ғана іске қосылды. Ал шешуші соккылар – алда. Ен үлкен қауіп – беткейдегі тын күш. Олар казір майданға кірген бейбақтардың өлгені өліп, өлмегені өлімші болғанда ат ойнактатып келіп, македондықтардың басын қунбағардың басындаш шауып-шауып өте шықпак. Оған қарсы шығар Птоломей, Гефестион, Марсий бар. Бірак, олар жойқын күшке қаншалықты тосқауыл бола аларын Александр білмейді.

¹Телоид-ақсүйектер тұқымынан тұратын атты әскер. Олар ешқашан шегінбейді.

Никонор фаланганың көмекке келгенін көрді де атты әскерімен шұбатыла шауып, шамасы он бес мындаған парсы әскерін коршауға алды. Ортада қалған парсы сарбаздары бірін-бірі талтап, бар қайратын мына сығылысқан қыспактан шығуға жұмсады. Македондықтар бітік өскен шабындықтың шетінде жүргендей парсы сарбаздарын қаусатып жатыр. Бір кезде майдан алаңында тосян жағдай туды. Сөйтсе тың күш келіп қосылған екен. Александр уш жасақтың бүл күшті едәүір жүлмалағанын көрді. Бірақ күш атасын танымады. Тың күш үшкे бөлініп барып шайқаска кірді. Александр жанұшыра пәрмен жіберді. “Македондықтар шайқастың сыртына ықсын. Коршауға аламыз!” Пәрмен бірте-бірте іске аса бастады. Никонор мен фаланга өздері коршаған қалың қолды сиретіп тастаған. Олар да жанталасып, ең болмаса далаға, өз тылына карай сыйтылып шықпакқа күш салды. Ал дәл ортада одан да зор күш бар-тын. Ортада қырық мың әскер торға түсken арыстанша арпалысып жатыр. Олардың кабырғасы сөгілген жок. Фаланга қалай шел түзеп, қымтанаң, бір наизага сезіз адам жармасып ықтырса бұлар да сонын бір түрін тапканға үқсайды. Қырық мыңның ортасында өзінің уш мың ең сенімді жасағымен Дарий әлі де күймесінде отыр. Оның қоки қаздай бол отырғанын Александр анық көрді. Александр өз жасауылынан уш жүздей мықтыны іріктең, сірекен қолды іреп отырып, Дарийге жетпек болды. Осы кезде Александрыды құдай қолдағандай бірін-бірі ары итеріп, бері шегініп ығы-жығы болған қалың колға сына қағылғандай адам непірі как жарылып Дарийге апаратын жол ашылды. Александр алды-артына қарамастан атын тебініп, Дарийге тіке үмтүллды. Дарий Александры, Александр Дарийді таяқ тастам жерден андалап қалды. Дарий ес таппай Александрын жолына әскерді топырлатып көлденен тастады. Өзі сол үрэй деңдеген қүйінен арыла алмай жанталасты. Оның үстіне айқай - аттаннын, жебеден, сұнгіден қан жоса болған аттары шыңғырып, тулап, жанын қоярга жер таппай қинауда. Осы бір сәтте Дарийге сарбазы жараву аттардың бірін тоса койды. Патша атка қоқыланып отыруға да шамасы жетпей басын ат жалына бүккән күйі алдындағы топ жарушыларға ілесіп кете барды. Дарий сол кеткеннен мол кетті. Ол жеңісті өз көзімізben көреміз деп келген зияллыларға да соқпады, отбасы, бала-шагасына да қарамады. Қос донғалақты былқылдақ алтын күйме оны күшпі жеткен бойда ауысып мініп, өзінің уш мыңдығымен беталды қаша берді. “Дарий кашты!” – деген хабар әп-сәтте ауыздан-ауызға ілігіп, бүкіл парсы құлақтанып бітті. Дарий ұлы бесін шамасында парсы әскерінің сыр бермеген, куаты бойында тұрған, енді бір жігер танытса македондықтарды тарыдай шашар шамасы бар кезде бас сауғалап табанын жалтыратты. Патша көзден таса болғанмен шайқас басында Набарзан бастаған әккі қолбасшылар қалған.

Олар соғысты екіндіге дейін ұластырды. Дегенмен “патша қашты” деген ой әр сарбаздың буынын босатып кеткені алакеугім шакқа жете сыр берді. Енді жалдамалы гректер ғана барын салып соғыса берді. Өйткені Александрдан кешірім болмасы белгілі. Ал парсылық әскери бөлімшелер ұрыс сала жүріп кисыны келсе-ақ даланы бетке алып қашуға айналды. Күн ұясына қонып, көз байланар шакта майдан аланында не өлі, не жаралы парсы ғана қалды. Тірілері далаға сініп жоқ болды. Македон әскери мен ұлы Парсы әскерінің шешуші екінші шайқасы Александр Македонскийдің жеңісімен аякталды.

Күн жалындалап бағыу бара жатқан алыс көкжиекте үлкен той болып жатқандай. Бұл күн – Тарих күні еді. Александрдың бұдан былай “ұлы Александр” деп аталағын күні, сан ғасыр жасаған Ахеменид империясының бір сәтте шашылып қалған күні.

Шайқас біткен соң, Александр жарандарымен майдан аланын кешіп келе жатты. Сарбаздар Дарий патшага қызмет жасауға келген әйелдерді, соғысты қызыктамақшы шонжарлардың қызметші әйелдерін шынғыртып зорлап жатыр екен. Тұтқынға түскендерді кинап, барынша азаптап өлтіріп жатыр. Александр екеуінен де жиіркенді. Хайуандықка барған отандастарына карны ашып-ақ қалды. Бірақ еш нәрсе айтпады, еш пәрмен бермеді. Тек Дарийдің отбасы отырған патша шатырына мықты қорған қойғызып, оларға патшалық қызмет көрсетілсін деген нұсқау берді. Соғыс желігі әлі де өз бойынан шығып болмаған тәрізді. Соғыс – ен алдымен, қызыл кан, қаусап түскен жан түршігерлік өліктер, шынғырған, ыныранған үндер. Жалынып-жалбарынған жан тәсілім сәт. Патша соғыска кірерде сонын бірін де жүрекке дарытпауға бекініп, адами сезімдерді теренге бұқтырып тастайды. Сыртқа адамның жыртқыштық сезік-түйсіктері тебіндейді. Сол бір майдангерлік күйдің құрсауында келе жатқан патша алғашкы күні өз әскері не істесе де қой демеді.

Александр, Гефестион, Птоломей үшеуді Дарийден қалған, сірә, тойға, тынығуга арналған оңаша да салтанатты шатырга беттеп келеді. Букефал ешқашан жылқы баласын өзімен тең жүргізбейтін әдетімен бір мойын ілгері. Патшаның екі досы – екі капиталда, оккағарларының бірі – Аристофан таяқ тастам ілгеріде, екіншісі – Апанасий бұл голтын сонын түйіктаған.

Патша жарандарымен көздің жауын алатын, бүкіл аймаққа сән беріп түрған Дарий шатырына ат басын тіреді. Алдынан шатырды қорғаштап жүрген жасақ дружинніңі, Александрдың доп қуалайтын ойын досы Серапион шыкты. Александр шатыр ішіне кірді де демін ішіне тартты. Эсемдік әлемі қандай болуға тиіс десе бұдан асырып бір нәрсе айту мүмкін емес. Байлыққа кенелу не десе бұдан артылтып бір зат косу да мүмкін емес-тін.

– Моншасы бар деп еді ғой? – Александр өзінің танданысын

жасырмастан әлі де жан-жағын шолып тұр.

— Монша дайын, Александр!

— Патша иығынан сауыт-сайман, асай-мүсейлерін сілкіп тастады.

— Жүріндер, достар! Майданның терін Дарийдің өз моншасында шайып тастайық! — деп ілгерілей бергенде оны тосын сөз іркілуге мәжбір етті.

— Жок! Дарийдің емес, Александрдың моншасында! Женілгеннің мұлкі – женімпаздың атына көшеді.

Александр құлімсіреп жас аристократ телоидтын албырттығын құп алып бас изеді. Ал моншаға кіре патша және таң-тамаша қалды. Биік шатырдың астында жайлы орындар, алтын шылапшын, алтын саптыаяқ, жантайып жатып ас қабылдан, сусындауға арналған әлеміш жозылар, оның үстіндегі жанан ыдыстарды, әріректегі қош істі майлар мен иіс сулардың көркем құтыларын көргенде патша құмалап түрғандарға шынын айтты.

— Патша атанды екенсің дәл осылай өмір сүру керек шығар, а?

— Солай Александр! Енді мұның бәрі сенікі. Бағтайық, жаңа өмірді, — деп Гефестион асығыс шешіне бастады.

Әр күннің өз таңы бар, әр таңның өз қамы бар. Соғыстан кейінгі күннің қамы – түскен олжаны білу, аларын алып, берерін беру еді. Дарий Родомани патша Гавгамел етегіндегі майданға артынып - тартынып-ақ келген екен. Үш мын талант алтын Исса соғысынан соң, Александрға қалып қойды. Қалай-қалай емес дегені ме, Дарий патша екі мын алты жұз талант алтын тенгені, бес жұз фунт күміс және басқа асыл заттарды Дамаскіге тығыпты. Оны Парменион жетіл келгенде-ақ кала басы бірден айтып салды. Сонысымен олар қалаға кол көтертпей, бір кірпішін қозғалтпай аман қалды.

Александр Иссадағы женісімен грек полистарының бей-берекет сөздерін тыбып тастады. Өзі де сабасына түсіп, бұрынғы күбірі көнілі орнығып, кемінде он жаска есейіп кеткендей ой үстінде жүрді. Алғашқы екі соғыс Александрға беймәлім аса ауқымды, арманы алыста, кілті тұнғыбықта жатқан жаңа дүниенің шешуші мен қындығы өзі әупіріммен өткен соғыстан салмакты ма деп қалды. Бұдан былай Македонияның ең шеткі құрықтауынан бері қарай, бүкіл грек жері, алып мемлекет – Парсы елі Александрдың аузына қарайды. Дарий тірі болғанмен, Персеполь әлі құламағанмен Парсы табанының астында жатыр. Бәрі азғантайған уақытқа ілініп тұр. Осыншама ел мен жерге ие болды. Одан әрі не істеу керек? Александр оған жауап іздейді. Жауап та онайлықпен таптыра коймасын сезінеді. Бірақ әзірше ішкі дағдарысты сыртқа білдірмей ескі сарынмен жүріп келеді.

Ескі сарын – тапқан-таянғаның шешесі Олимпиадаға

аттандыру, жауынгерлер, дружинниктер мен колбасшылардың үлес алуда қолын қақпау. Керек болса сарайларды сыйфа тарту, қаланы “мә, сенікі” деп үстата салу әдеті жалғасуда. Алдына түсіне кірмеген байлықтар келіп, үйлігөн үстіне үйліп жатса да Олимпиада баласының тым мырзалығына наразы. Оны әр хатында атап жазады. Бірак соғыста өзіне ерекше жағдай жасамаған, өзін қатардағы сарбаздың бірі ретінде үстайтын, жайшылықта өте карапайым жас патша соғыстың олжасына келгенде таршылық жасаса ол туралы қара табан сарбаздардың пікірі өзгеріп, ілгері басқан аяғы кері кетуі мүмкін. Дәл қазір Александрдың әр сарбазында оның соңынан отка да, суға да баруға даяр дос-жар пейіл тұр. Александр табиғатынан қолы ашық. Мүмкін, жүре келе өзгерер. Александрға келіп сұраған нәрсесін алмаған адам жок. Тек келсе, тек сұраса болғаны. Сұрамағандарды онша ұнатпайтын, ішінде бір бүлік бар ма деп қарайтын.

Дүние бөліс қызған шакта Александр қалың жосықтың ығыжығы тірлігін көріп келе жатты. Бір кезде көннен жасалған қапшықты бауынан сүйреп, бір текшеге шыға алмай жатқан сарбазды көріп қалды. Патша жарандарымен сау етіп, әлгіге жетіп келді.

— Мынауың не? — деп жаймен ғана сұрады патша.

— Алтын... — деді де сарбаз басын құшақтап етпептеп жата қалды. Бейшара әне-міне жанын алатын семсер ме, найза ма — бір солқ еткізіп, жок қылады деп жатыр.

— Тұр, орнынан! — Сарбаз жалтақтап орнынан тұрды. Патша жаққа қарауға шама жок. Колға түскен пенденін тұркы.

— Апанасий! Мына алтынды македондық батырдың шатырына жеткізіп бер, — деді де патша ілгері жүріп кетті. Бәрі ан-тан...

Осы келе жатқан бетіндегі өзінің доп ойнайтын досы Серапион да патша жарандарының катарында болатын. Жаңағы бір оқиға тұртқи болып, ол Серапионды сөзге тартты. Серапион — талапайға жоламайтын, патшага өте жақын жүріп те еш нәрсе сұрамайтын жігіт. Оның бұл мінезі патшаның қытығына тиіп жур. Есінде... Бір ойын кезінде Серапион патшага доп әпермей самарқау тұра берді. Патша таңданып: “Сен неге доп әпермейсің?” — деп қалды. “Сен сұраған жоксың”, — деп жауап берді ойын досы. Серапионның турашыл тік мінезін түсінген патша амалсыз құліп жіберді де оған үлкен олжа бөлгізді. Келесі бір оқиға патша өткізіп жүрген сауық кештерінің гүлі, ку тілді Перилге қатысты. Перилл кызын үзататын болып, Александрдан елу талант алтын бергізеді. Бір күндері сарай философы Анаксарх көмек сұрайды. Сонда Александр іс басқарушысын шақырып алып, Анаксарх қанша сұраса сонша бересін дейді. Әлден соң іс басқарушы қөзі атыздай бол патшага келеді:

— Патша, Анаксархында ұят жок. Жүз талант сұрап тұр, — дейді ентігіп.

— Сұраса бер. Ондай акша бере алатын досым бар деп есептейді екен — алсын!

Міне, соғыстың сыртында осындай жайлар болып жатты. Ал қолбасшылар жолай жеті атасына жетер олжы жиып елге аттандыруда. Олжага, дүние — қонызға көз алартпайтын тек жан досы үшін бұл жорық патшамен бірге өткен балалық шақтағы ойынның жалғасы. Бір нәрсеге қызықса тек ермек үшін. Бойшаң, жүзінен кендік, көздерінен ұлықтың кішіктігі анқып тұрагын аса сымбатты жігіт. Патшаның өзі жан-жағындағылардың бірін өзімен салыстырса осы Гефестионмен салыстырады. Гефестионның ақыл-парасаты, білімі, ен аяғы түр-түрпаты бұдан артық. Бірақ Александр Гефестионнан ештene қызғанбайды. Өйткені, Гефестионда Александр секілді өлсем де жетем деп келе жатқан данқ, билік, жер басып жүрген пенде атаулының бәрінен жоғары болу, әлемді бас иғізу секілді астамшылықтың бірі жок. Гефестион ойын досымен жорықта қыын-қыстау өмірден қызық іздел жүрген жиырма уштегі “бала”.

Патша екі досымен тер басып, шарап ішіп, гу-гу әнгіме соғып отырғанда Дарийдің шешесі Сисигамбистен хабар жетті.

— Александр! Дарийдің отбасы кара жамылып, басиеміз өлді деп жоқтап жатыр. Не істейміз?

— Анығын айтшы. Отбасы дегенде кімдері бар?

— Шешесі Сисигамбис, әйелі Статира, бойжеткен екі қызы мен кенже ұлы Ох. Үлкен ұлы Равтан әкесінің сонынан кетіпті.

— Ендеше, Леоннат, сен бар да менің атымнан бәрін ретте. Дарийдің тірі екенін естірт. Екіншіден, патша отбасын Александр патша өз қамқорлығына алатынын айт. Македон және Парсы елінде бір-ақ патша бар. Бұдан былай осыны ұмытпайтын болсын.

Келесі танда Александр мен Гефестион Дарий патшаның отбасына ат ізін салу ниетімен, желбаулары кемпіркосақтай құлпыра желкілдеген патша шатырына таяп келіп, аттан түсті. Екі жігіт қоғадай жапырылған грек-парсы қызметшілерінің ортасымен жүріп отырып шатырға енді. Шатырға кірген бетте әлденеден секем алған Дарий тұқымының қаланып тұрғанын көрді. Сөлғана бөгелістен сон, Дарийдің шешесі Сисигамбис алдында тұрған екі жігіттің қайсысы патша екенін анғаруға тырысты. Соナン сон кесек те келбетті әрі кімі де салтанаттылау Гефестионның алдына келіп етпептеп құлай кетті. Ентелеп тұрған көпшіліктің абыржып, кибыжықтап қалғанынан Сисигамбис өзінің алжасқанын сезді. Сезді де дереу патшаның алдына бас үрдьы. Македонский еңкейіп, Сисигамбисті орнынан тұрғызды.

— Шешей, еш нәрсеге алан болманыз. Оқасы жок. Онын да аты Александр, онда тұрған не бар?! — деп жасы жеткен күйреуік күйдегі ананың қап-қара корқынышын колмен сылығандай

жок кылды. Дәл осы жерден табан аудармaston Александр Дарий патша үйінен тәркіленген дүние-мұліктерді кайтартты, кызметшілерін қалпына келтіртті.

— Парсы патшасының қыздарын ұзату, камқорлық жасау — менің міндетім. Бәрі өз еріктерімен патша тұкымына сай жасалады. Патшаның ұлы — енді бәрімізге ортақ ұл. Оның окуы мен тәрбиесіне де мен жауап беремін. Айтканыныз болады, сұратқаныныз келеді.

Арада бірер ай өткенде айы-күніне жетіп отырған Статира босана алмай қайтыс болды. Балалардың жаңында Сисигамбис қалды. Біраз уақыт олар патша төнірегінде журді. 331 жылы Сузыдағы Дарий токтайтын сарайға Александр Сисигамбисті немерелерімен орналастырды. Патшаның тапсырмасымен Дарий балалары элладалық салт-дәстүр негізінде оку оқып, тәлім-тәрбие ала бастады.

Александр “таспен ұрғанды — аспен ұрған” тұнғыш патша болып танылды. Ал кезінде парсылық билеп-тестеушілердің жez тырнағына ілінген каншама грек аксүйектері, македон кінәздері құл-құтан боп, ақыры азалтан көз жұмды. Ол тек элладалық тұтқындар емес, жалпы тұтқын атаулыға ахеменид әулеті жасап келген зорлық-зомбылық еді.

Александр алғаш рет Гефестион екеуі Дарийдің шатырына бас сүкканды сулулығы бірінен-бірі өткен Дарийдің екі қызына екеуі де ұрлана көз салды. Анау-мынау дейтін емес. Көзді жұмып барып екеуі екеуін жетектеп кетсе мен ұтылды деп ешкайсысы айтпас еді. Бірақ, бірі патша, бірі қолбасшы — екі бойдақ сыр бермestен кетті. Қайтып келе жатып патша досынан сыр тартты.

— Қалай, дұрыс жасадым ба?

— Дұрыс. Өте дұрыс, Александр. Бірақ әлде бір айлаға, Дарийге құрылған торға айналып кетпесе ұлы патша Александр Македонскийге лайық кесектік, кісілік іс болды.

— Пәл! Айла да амал да емес бұл парсылық игі жақсыларға жасалған емеурін. Македонскийдің қолтығы кең. Ниеті дұрыстар ештенеден кем болмайды, бұрынғы өмірі жақсармаса, кері кетпейді деген сөз.

— Бәсе, патшалар ештенені жайдан-жай жасамайды. Дегенмен, қадамың әдемі - ак.

— Қыздары ше?

— Xa! Xa! Xa! Дап-дайын.... Біз екеуміз, олар да — екеу... A, Александр?

— Аттың басын бұрамыз ба? - деп патша досының қаншалықты екендігін сынады.

— Жә, қоя тұр. Әдемі басталған іс, әдемі бітуге тиіс. Тағдыр жазса ол бейбактар қайда кетер дейсін. Ал өз көнілің алып үшса әнгіме бөлек.

— Сенікі дұрыс. Мен бүгін патшамын. Сен кай кезде патша болам десен де хақың бар, ұлы кінәз тұяғысын. Ұлы Элладаның атымен келе жатырмыз. Ұлы Аристотельдің білімімен өмірге қараймыз. Диогенді білмей, такқа отырсақ мүмкін тойым, нәпсі дегенді, кіслік, адамгершілік дегенді басып-жаншып журе беруіміз... Бүгін біз жасаған онды іс тарихқа кіреді. Кейін ол көктейді, көбейеді.

— Соның бәрін соғыс кезіндегі қатыгездік жокка шығармай ма?

— Соғыс, Гефестион, екеуміз ойлап тапқан ермек емес. Соғысты құдай біздің канымызға қосып берген. Жер бетінде тіршілік барда соғыс тоқтамайды. Балташы мен балташы, бакташы мен бақташы, кінәз бен кінәз, патша мен патша арасындағы текетірес — мәңгілік майдан.

— Майдан — мәңгілік. Соғыста жену қатыгездік емес — соғысты өз жеріннен алыстату ғой?

— Алыстату, Гефестион. Бірақ екеуіміз бір жерде сүрінсек, соғыстың қекесін Демосфендер өз жерінде-ак бүркүлдатады. Тек сүрініп көр....

— Сүрінбейміз. Оны мен де білемін. Ендігі ойынды айтшы, Александр.

— Айтайын. Дарий тірі. Яғни, ахемендер әүлетінін үміті үзілген жоқ. Егер Дарий жеңілгенін мойында, Эллада мен Парсы империясының бір патшаса бағынатының жарияласа оған да жылы-жұмсақ орын табылар еді. Ал Дарийдің дәмесі қаншалықты екенін сен білесін. Сондықтан жорық жалғасады.

Иссадағы жеңілістен соң Дарий Родомани Александрға бірнеше рет елші жіберді. Алғашында Парсының жартысын ал да, бітімге кел, шешемді, балаларымды қайтар деп сөз салды. Александр қөнбеді. Сол себепті де Бәбілге¹ жетіп алып, білдіргі жолдап, келіссөзге елші сайлаған Дарийдің бір де бір ұсынысы қабыл балмады. Осыдан соң өткен шайқастағы үрей қөмексі тартып, халқының әлі де жеңістен үмітсіз еместігін сезінген парсы патшасы едірен-қодыран сөз жая бастады. “Александр жеңдім деп тұр. Онысы балалық. Жарты патшалықтан бас тартты. Енді оны шықкан інінен іздейтін боласындар. Женіс ахемендердің мандайына мәңгілікке жазылған”, — деп күпінді.

Ғасырлар бойы жалпағынан түсіп жатқан алып мемлекеттің бар қуатын жиып әкеліп Иса шайқасында шашып тастап, тұра қашқан парсы патшасының кайта көтерілуі мүмкін емес. Ішінде ішмерезі жоқ патшалық болмайды. Олардың бас көтерер мезгілі жетті. Дарийде бұрынғы айбар жоқ. Оның ендігі сезіне бұқара сенгенмен елді ел етіп ұстал тұрган жуандар мен әрқайсысы өзінше жарты патша бол отырған сатраптар сене кояр ма екен? Шынтуайтқа келсе Дарий ұсынған бітім — Парсының жарты

¹ Бәбіл – Вавилон.

әлемі Александр үшін аттың басын тежейтін-ак жер. Македония мен Грекия сен Дарийді өлтірмедің деп кінә артпас еді. Заманнан-заман гректер кай патшалық тұсында да парсы басқыншыларын Жерорта теңізінен қуып тастай алмаған. Александр уәдесінде тұрып, ата жауын грек жерінен аластап, Парсы патшалығының жартысын басып алды.

Иссадағы жеңістен соң Александр әскеріне аз күн демалыс беріп, жеңіл жаракат алғандарды қатарға косты, ауыр жаракат алғандар ұзак өмделуге қалды, кембағал болған сарбаздарды олжасы, алашақ алтынымен косып елге қайтарды. Аяқ-кол барда да алтынды ұстап көрмеген кемтарларды елге жеткізбекші кірешілерге патша аса қатаң пәрмен берді.

— Жаралылар олжасын елге, өз үйіне аман жекізетін болсын! Қайта оралғанда әрқайсысыннан есеп алынады.

Александр елден келген жасақтарды қолбасшыларға таратты. Әскер саны жұз мыннан асты. Мұндай калың қол Александрда болған емес. Дегенмен бұл сан жас патшаның ішкі есебіне сай келді. Өйткені, Дарий Иссадан қашып отырып, төрт мың грек - парсы әскерімен Бәбілге жеткен. Оның ізінше сегіз мың қолмен Аминта Бәбілге жетіп ес жиған. Дарий екеуі келісіп, Антиох Египеттен, Финикиядан калың қол жинап келуге аттанады. Бірақ, қырық шалған Антиох Египетке іліккенде-ак бір тайпамен соғыса кетіп, өзі сол жерде жан тапсырады. Мұның бәрі де Александрға құпия қызмет арқылы аян. Александр әскерді қозғайтын мезгіл жеткенін сезді. Егер Бәбіл Дарийге бекініс болса мына жұз мың әскер көптік етпейді. Камалды алу не тұратынын біледі. Ал қала ішінде соғысуға тұра келсе санмен жеңуге жақсы. Ақылға салса Александр Дарий бекінген Бәбіл қайдасын деп тіке тартуы керек-тін. Патша олай іstemеді — Александр өзіне қарасты аймактардың сатраптарын қайта сайладап, әр-әр жерде болмашы қарсылықтарды жым-жылас етті. Оның алданы Жерорта теңізі арқылы келіп, ту сыртынан ұرار жаугершілк еді. Оны осы әрекеттерімен кесіп таставды. Шам елінде бүрк-бүрк көтеріліс болды. Александр оны аяусыз басып, тұншықтырды. Бұл карекеттердің астарында Дарийге сырттан көмек келмесін, Дарийдің өзі де Жерорта теңізі, Шам елі, соғығ шайқас өткен жердің кіндігі — Келесирияға иек артам деген есек дәмесінен түнілсін деген қамалқасы болатын. Енді Дарий не Бәбілде табан тіреп соғысады, ал дәті шыдамаса Персепольға қашады. Мұмкін сактарды жағалап, Бактұр мен Соғдыға сініп кетуі. Персепольға қашканы дұрыс-ак. Іштегі бір түйсікке сенсе Дарий Соғдыға бармайды. Бармаса неліктен?..

Күз өте Ұлы Даға жактан кара тасқындай бол жылы өлкелер: Мараканд, Соғды, Бактұрга ентелең келіп іркілетін сактар мен парсылар көп соғысты. Оны Александр Геродот, Страбон,

Птоломей жазбаларынан біледі. Ахемен әuletі парсы тағына келгелі бергі сан ғасырларда да екі жак аз шайқасқан жок. Азы алты карыс, жұтынып, парсының шекарасын Балкан таудан асырып, ұлы теңіздерге дейін жеткізбек болған, сактың Ұлы Даласын қөктей өтіп, парсының өрісін ак кар, көк мұзды жерге дейін күреп тастаймын деген жаугер патша Кирдің басын сактардың Томирис атты катын патшасы алғанын да Александр анық біледі. Кирдің басын кан толтырылған меске батырып: “Тірлігінде канға тоймап ең, енді, міне, арманына жет, құмарыннан шық!” – деп Томирис месті бәйтеректін бұтағына іліп қойған. Ол соғыста Томиристен парсылар онбай жеңілді. “Патшаның басы канға бөгіп мeste жатыр”, – дегенді елге жеткізер бір адам қалмай қырылды.

Ондай жаугершілік оқиғаларды кейінгі патшалар қалай ұмтысын. Қазіргі күні Соғды мен Бактұр Парсы елінің құйқалы өлкелері бол саналғанымен қашан да сатраптары сақтан сайланып, сақ сатраптары Дарийлер дәуірлеп тұрғанда-ак сөзге әрен қөніп, Парсы патшасын мойындағансып кана келген. Соғды мен Бактұрды сактар мен Парсының, Жыңының арасындағы жайма базарға айналдырып, бұл өлкелерді жұз тілде самбырлатып, сауданы сапыртып келе жатқалы қашан!

Соған қарағанда Дарий сактардың қатқылдығын біледі. Дарий жанап кетсе сактар оны түтін сап кууға тиіс. Себебі Дарий кайда жүрсе Александр Македонскийдің көз сұғы сонда. Дарий сактар үшін тек жамандық әкелуші, соғыс шақырушы бол кабылданады.

Сақтар... Олар өздігінен өре турегеліп грек жеріне наиза караткан емес. Бірақ басқан іздері Эллада жерінде сайрап жатыр.

Сонау Македон жерінен жорыққа шықпас бұрын-ак жас патша алдағы жорық сәтті болса барап жер, басар тауын ойша шолып, талшықтап дерек жинап, көп жайттан күні бұрын хабардар болған. Алғыр туған патшаның киялын албырттығы алып қашып, ол талай жерді, талай елді ойша кезген. Ұлы тарихшылардың кейде керегар келер жазбаларын оқып, қайсысы шындыққа жанасатынын зерделеді. Сонда сактар туралы да көп оқыды, көп ой толғады.

Кезінде парсылар берік камалдарды, шегінбес шептерді алу керек болғанда Элладаға жалдамалы сақ әскерімен келіп, қаусатып, қанырайтып кетіп отырған. Аяғы шыққан баласы ат жалына ұмтылатын сактардың өмірі ат үстінде өтетіні, өздері аса тәзімді, ерен садакши, құралайды көзден аткан мерген екені анық. Сактар... Жері кім келсе де, канша қолмен келсе де үнірейіп жатып, толғамай жұтатын болғандықтан Ұлы Дала атанды ма, әлде мына сайыпқыран сактардың ерлігінен осы атқа ие болды ма екен?..

Александр ол жұмбактың да шешуін табады. Бірақ әзірше аттың басын Персепольға бұрады. Сонда Македонскийдің беті

көрі қарады деп сактар бейқамдыққа көшеді. Ал Персепольді алмай Парсыны жендім деу бекер. Аңыз қала, тарих тұнған қала, бар әлемнің байлығын бауырына басып жатқан бай қала, пан қалаға жедел басып жету керек. Басиевстерді¹ – Александр содан соң көре жатады.

Алғашқы екі үлкен шайқастан соң, Кіші Азияның Жерорта теңізіне сұғына орналасқан майда патшалыктары тізе бүгіп, қоғадай жапырылған соң Александр ойша Бәбіл асып, Персепольға да сар желіп жетіп баратындай аркасы қозған. Сактарға дейін әлі өте алыс екенін де жас патша дұрыс болжамаған екен. Окиға мұлдем басқаша өрбіді.

Граниттегі женістен соң көп ұзамай күн сұйтты – қыс келді. Александрдың қанжығасы майланнып, қазынасы ауырлай қоймаған еді. Онсыз да ықшам әскерді қыс бойы асырап, жылы киім, жайлыш орын жасап беру қызыға соғатының кенсе кеменгерлері патшаның құлағына жеткізді. Жас патша бұл кезеңнен өтудің жолын да тапты, одан өзіне үпай да алды. Александр жаңадан үйленген сарбаздар жас жұбайларына оралып, қыстап кайтып, жаракаты барлар сауығып оралсын деген желеумен мындаған адамды елге қайтарды. Олар төрт айдан соң кайта оралуға тиіс болды. Сол мерзімге әскер қатарын толықтыру да белгіленді. Ал патшаның өзі қалған әскерімен парсы империясының кол астында деген аты болмаса, белгілі мөлшерде төлейтін салығын төлең, қалған ішкі өмірі өз заны, өз салт-дәстүрі, өзіндік ішкі тәртібімен өмір сүріп келе жатқан шағын елдерді, сатрапияларды бірін өз еркімен, екіншілерін күштеп қосып ала берді. Ал олардың Александр әскері ұзаған соң бас көтермейтініне ешкімнің күмәні болмады. Себебі Александр Парсының бұрынғы бодандарына басқаша ат қойды – Эллиндік Одактың мүшесі. Бұрынғы салық – мүшелік жарна деп аталды. Өз еркімен қосылғандардың бас иелері де өз орнында қалды. Бар болғаны үш-төрт осындаш шағын елге Александр бір сатрап тағайындал, сатраптың қарамағына жергілікті қырық ру, тоғыз тайпадан құралған мықты гарнizon қалдырып отырды. Елдің ішкі өміріне курделі өзгеріс енгізуге бармады. Осыдан соң ел Александрдың билігін жатсынбады, кайта өз мәртебесінің бодандықтан арылып, эллиндік одактың тен дәрежелі мүшесі деген атқа жеткендігін азатыққа балады.

Әрине, жорық кедір-бұдырсыз болмайды. Әсіресе парсылық билікке әбден жағынып алған, олигархтық-аристократтық жүйеге негізделген елдерге Александр жорығы қара сел бол көрінді. Олар барынша қарсылық жасап бакты. Кіші Азияның бір ғана бөлшегі Памфилияда сондай бір қасарықсан қарсылық Александрды және бір сыннан өткізді. Сол Памфилияға қарасты Мармар қалашығы тікізық тудын төбесіне орныққан екен. Мармарлықтар

¹Басиевстерді – гректер сактарды осылай атаған.

Александра бет қаратпас қарсылық көрсетті. Оларды бір ұмтылғаннан басып алудың қисының келтіре алмай Александр бекіністен кері серпілді. Әскерін кайта жасақтап, басқа әдістәсілдер ойлап тауып, Мармарды коршауға кірісті. Жас патшаның енбегі еш болды — мармарлықтар керек-жарагын алып, екі-уш тау асып кетіпти. Қалада қалған жанкешті топ Мармардан тек күлкөкіс калардай етіп өртеп, жолға түскен...

Келесі қарсылық Клинсияда болды. Аспенд дейтін жаксы қорғаны бар, халкы парсы патшасы мен аксүйектеріне асыл түкимды жылқы өсіріп, тұрмысын түзеумен келе жаткан орта болып шықты. Алғашында Аспендтін жуандары Александрдың алдынан шығып, оның билігін мойындайтындарын білдірді. Александр бұл қадамның құр сөз еместігіне дәлел ретінде бір мәртелең сыйакы — елу талант қазнаға құйылсын, және асыл түкимды аттар түгелдей жаңа билік — грек-македон әскеріне берілсін, деп талап қояды. Аспендтіктер бас шүлғып кеткенмен, қорған ішіне іліге уәдеден айныды. Олар бір кайыршы-кезбеден патшага сәлем жолдап, алтын да, ат та берілмейтінін білдірді. Ондайда қаны теріс айналатын Александр Аспендтін аяғын аспаннан келтірді. Енді контрибуция жұз талантқа көтеріліп, жылқы біткен патшаның тікелей өз еншісіне көшті. Аспендте ен бай, ен ықпалды адамдар тұтқындалды.

Осындағы олигархтық — аксүйектік тәртіп орнықкан тұстардың тас ошағы талкан болып, жана билік ол жерге демократиялық тәртіп орнатып отырды. Сол үшін де әуелде қарсылық көрсетілген мекендердің өзі Александр жорығы жүріп өткен соң да оған қарсы әрекетке бармайтын ахуал орнықты. Кіші Азияны Александр жақсы-ақ зерттеді. Бұл өнірде табынатын құдайы да бөлек-бөлек, түр-түсі де бір-біріне ұқсамайтын, салты да, мерекелері де әр киңи ұсақ тайпалар жүздел саналады екен. Олардың арасында озық тайпалар да бар, каткан қара шалды пір тұтып, айналасына көзді тарс жүмғаннан мешеу қалған тайпалар да аз кездеспелі. Финикияға жетіп, алғаш ұшырасқан Арвада қаласы соғыспай берілген соң Александр осында белбеуін босатып, аяқ сұтуруды жөн көрді. Өзімен бірге жүретін, Дарийден көшкен монша Александрдың шаршауық халін сылып алған соң ішке желік кірді.

— Артос әмірші! Кәне, каланда не қызық бар? — деп бусанып отырған патша Арваданы аяғының астына тастаған кала даруғасына сауал койды.

— Бұғін каланың жартысы күнбе-күнгі тірлігімен болып жатыр да, өзеннің арғы бөлегінде тұратын, өздерін парсы ішінде ахемендерден де биік санайтын наурыз руы той тойлап жатыр.

— Ол не той?

— Бұғін күн мен түн теңесіп, жарық жеңсік алып, қара түн шегінген күн дейді олар...

— Кайда әлгі жүлдyzшылар?! Шынымен солай ма?

— Содан... Бұл өнірде осы күнді мереке деп танитын халықтар баршылық, ұлы мәртебелім! Иә, олардың айтуынша осы күн жыл басы. Қыс көктемге жол берді, дүниеге қайтадан жан біtedі. Өсімдіктін бойына нәр жүгіреді, құстар кайта оралады, жанжануар төлдеп, жәндіктерге дейін тіршілікті жалғастырады.

— Міне, жүлдyzшы да келді. Әнгімені естідің ғой? Мына сөзге сен не қосасың, данышпаным?

— Бәрі даруганың айтқаныңдай. Тіршілік қай күннен бастап күш алса жыл басы сол күн дегенді өз басым мойындаимын. Өйткені ақылға сыйымды.

— Той ма, мереке ме... Қөрсек қайтеді?

Александр парсылардың ежелгі руы, осы ахмәндер алдында билікте болған наурыз руының мерекесіне риза болып қайтты. Қаланың өзі токтаган бөлігіне қылдырықтай өзеннің арғы бетіндегі наурыз парсыларының үй салысы, кеше көрініс мұлдем ілгерілеп кеткен қауымды андатты. Мұнтаздай тазалық, реттілік, еркіндік, бақуатын өмір каймағы бұзылмаған салт-дәстүрді андатты. Ру басы қырықтың ортасына жетіңкіреген, салған суреттей көркем кісі екен. Құлғенде тістері жарқырап көрінер, қою кара мұртты бойшан адам Александрдың алдына дәм-тұз тарттырып, өзі патшаша жасар ілтипатын ірікпестен жарқырап алдынан шыкты.

— Ұлы патша қырық үйден дәм татса деген тілек бар. Бір күнде қырық отбасы бақытқа бөленер еді.

Александр аттан тұсті.

— Жол баста, бас ие!

Ру басы Александр нұскаған үйге жол бастады. Токал там. Коржын үй. Александр есіктен тік өткенмен Гефестион мен Птоломей еңкейіп барып ішке өтті. Патша табалдырыктан аса ұзамаған тұста ала көлеңкеге көз үйретіп аялдады. Оған енді өзі патшасы болатын елдердегінің бәрі қызық. Бәрін — өмір сүру тәсілін, тұтыныстағы керек-жарак, ішкен асы, үй ішілік тәртібі, әдет-ғұрыптарын білгісі келеді әрі еріксіз оны өз еліндегі тұрмыстіршілікпен салыстырады. Мұнда патшаның көргені — бұл елде еденге алдымен көн тері тәсейді екен. Оның үстіне түккіз тықыр кілемді оны мен солына кететін екі есікке жеткізбей тәсепті. Ортаңғысы сірә ас үй. Тұнге қарай бала-шаға да жата кететін орын болуы. Өйткені бұл кіреберіс бөлме өте кен, тынысты екен. Мүмкін анау тұста ұлдар, мына тұста қыздары жатуы. Қыз балалар дейтіні — сол тұста оймышталған екі бақан төбеге тіреліп әдемілеп бекітілген. Ортасына жіп керіп жарма шымылдық жасап қойған. Ыдыс-аяқ, керек-жарактың бәрі тамның өзінен ойықтап жасаған текшелерге қойылыпты. Әдемі. Тосын. Оны мен солындағы екі бөлмеде үй иесінің екі әйелі тұрады екен.

— Үй иесі кім?

Үй иесі патшаның алдына шығып, бас иген күйі тұрып қалды.

— Канша балаң бар?

— Жеті.

— Ұл-қызы аралас қой?

— Солай, ұлы патшам.

— Ушінші әйел алу ойда бар ма? — Александр жымынып дастарына қарады.

— Жок, ұлы патшам. Ол өмірді қыннадып жібереді.

Кілемге өндөлген теріден құрастырылған сыпыра төсөліп, оның үстіне кенеп дастарқан жайылыпты. Дастарқан үсті жайнап түр. Ортада ағаштан ойып жасалған, қақпағы бар шұнғыл ыдыс. Тәтті-дәмді, кептірілген жеміс-жидек самсалап түр.

— Ұлы мәртебелім, наурыз — жыл басы. Қайтадан жер көгереді, егін егіледі, жеміс-жидек өседі, ел қауырт тіршілікке көшеді. Сондықтан бұл ең үлкен мерекеміз. Бұл күні барша есік ашық тұрады. Әр үйде дастарқан жайылады. Әр отбасы бұл күнге өз айналасын да, үй ішін де, тілті өзін де бөгде ниеттен газартып келеді. Өкпелі адамдар табысады, бір бірінің үйіне бас сұғып, дәм татысады. Танымайтындар танысады. Осындағы бір ак ниетті мерекеде келгенінізді алдағы ұлы жаксылықтарға жорып тұрмыз. Қырық үй емес баршасын араласаныз бәрінің де тәбесі қекке жетер еді. Сондықтан осы караша үйде патша дәм ауыз тиді деп айта жүрелік. Дәм татыңыз.

Александр онды-солды каранып еді бақауылы бір тізерлеп барып тағамдардың дәмін татып, тексеріп шықты. Одан соң патшаға асы адал деген ишара білдірді. Дәм татылып, енді көтерілгенде зінгіттей екі жігіт ілеген тәрізді ағаш астау толы күлшे әкелді.

— Бұл не? — Патша түсінбей қалды.

— Ұлы мәртебелім! Сіздің келгенінізді естіген жұрт осы астауға өз күлшесін салған. Бір үзім дәм татсаныз олар патшамыздың қолы тиғен ас деп ол күлшелерін балаларына ырым етіп жегізеді. Міне, былай.

Ру басы жалқыны басылмаған ыстық күлшенің шетінен үзіп жеді. Александр оны қайталады. Даға шықты да әлгі астаудағы күлшеге таласқан жұртты көрді. Патша бұл пейілге өте риза болды. Бір сәт мына қарапайым адамдар өзінен ғөрі бакытты ма деп қалды. Мүмкін солай да шығар? Олар өз шама-шарқы жететін тірліктен арыға баспайды. Барышылықты, тоқышылықты жасау өз қолында. Ерте түр, ерте қымылда, жерінді өндө, малыңды бак. Арасында ойдан ой қуып жүріп өзінің біреуден ілгері, біреуден кейіндеу болса да өз жанбағысының барын сезінетін тоят сезімге тап боласын. Қимыл ширатады, тоят көніл жанынды жадыратады... Ал патша ше?! Әсіресе берместі алам,

жер-жаһанамдағы адам атаулының бәрін билеп-төстеймін деген жол үстіндегі, көтерлі жорық үстіндегі патшаның жүгі керек пе еді, Александрға?.. Керек болса да дәл осы жерде шалт тоқтап, Македон, Грекия, Кіші Азияның басын құрап, мықты империя жасаса қайтер еді?..

Патша бұл сауалдардың бәрін жауапсыз калдырыды. Өйткені қолбасшылары түрмак қаралайым сарбаздарының да әлі айызы қанып, соғысып біткен жок, көздері тоялтар еншісін алып болған жок. Әскер енді-енді екпін алды. Алғашқы жемтігін тоя жеген жыртқыштық нәпсіні тоқтату да онай болмас. Адасқанның алды жөн — арты сокпак. Александр тек ілгері жүреді. Патшаның алыс та биқ мақсаты мен әскердін араны сай келіп тұр.

Арвададан осындағы ойлармен үзаған грек-македон стратег-автократоры Марафонға жетті: Марафон барша әлемге ортақ ойын-сауық, жарыс-сайыс қаласы. Осында өзі көп естіген каланы араламак еді. Дарийдің елшілері патшаның бір сәтке байыз тапқан кеңіл-куйнің ту-талақайын шығарды. Дарий Александрға тоқтау айтылты. Кіші Азияның Галис езенінің арғы бетінен бастап, әзірше басып алған жерді місе тұт. А纳мды, бала-шағамды қайтар. Ізденегін байлық болса оны да аласың деген. Дызактап өз жанын қайда қоярын білмей жүрген су жүрек патшаның құні санаулы деп келе жатқанда оның мына шіренесі, мына болпасы Александрды тек жанықтыра тусты. Александрдың жауабы қыска болды.

— Антипат! Жаз! Дарий алдыма келсін, патша сарайынан тандаған орнын алсын, бала-шағасына ие болсын. Александр билігін қалтқысыз мойындасын.

Осы шамырқаныспен Александр Тир камалына жетті. Тир біреу емес екеу болып шықты. Оның үстіне Александрды едеуір әуре-сарсанға салатын сұры бар. Женімпазға деген сый-сияптың жіберіп, Тирдің қалалық Кеңесі бұл қамалдың құрылыштық белгігіне ғана кіруге рұхсат берді. Ал аралдың бекінісіне кіргізбейміз деп кесіл айты. Александр бұл хабарды алғанда мырс етіп күлді. Қалай екенін, бұрынғыша бұрк-сарқ қайнамады. Хабаршыға өз аузынан былай деді:

— Геракл — менін арғы атам. Сондыктан анау аралдағы храмда бабама атап құрбандық шалмакпын. Осыған көнсөндер ешқандай соғыс әрекеттеріне жол берілмейді. Жауабын тездетіндер.

Жауап қыска болды.

— Тирдің құрылыштық белгінде Мелькарта қудайдың байырғы, нағыз храмы жұмыс істеп тұр. Мелькарта дегенініз — Герак. Сол жерде ойына келгенін жасасын...

Александр бірден тұтанды.

— Кала кенесінде қанша адам бар?

— Жиырма үш.

— Аралдық Тир күшпен алынады. Айтып бар. Қара халықты

маған қарсы қояры белгілі. Бірақ оларда жазық жок. Әлгі жиырмашу түгел байлар шығар?

— Эрине, бай. Жеті атасынан ырысы үзілмеген жуандар.

— Өзің кімсің?

— Орташа саудагер тұқымынан. Ескі Тирде үш дүкен үстаймын. Ныспым — Хакім Керу.

— Хакім Керу! Қазір касына өз адамымды қосып беремін. Соңғы шешімін айтып, Кенес білдіргі жіберсін. Содан соң менің арым таза. Мың жыл тұрған Тирдің қасиетті жер екенін олар ұмытқанмен мен ұмытқан жоқтын. Қамалдың бір кірпіші қозғалмаса деген едім. Амал жоқ... Көнбесендер киаратып кірем. Сөзбе-сөз жеткіз. Әлгі жеті атасынан байлық үзілмеген жиырма шүтің желкесін үзіледі!

— Кенес Зевстің ұлы, Гераклдің ұрпағы Александр патшага қарсы емес. Олар Дарий патшага да тәуелді емес. Тир өзінің бейтараптығын сақтап қалғысы бар.

— Сен Хакім Керу Кенестің сөзін жеткіздін. Парызың өтеулі. Қалғанын мен шешем!

Бас ставкада әскери кенес басталды. Истің насырға шабарын сезген Александр ескі Тирге ақшалы адамдар жіберіп, өзінің білгілерін жан-жаққа жұмсалп күнжұзак керек-ау деген деректер жинастып алған. Қазір сол деректерге үніліп, колбасшылары түгенделсе де әлі ләм-мим деп ешиңэрсе айтпады. Тирдің онай олжа еместігін бәрі біледі. Бірақ Александр бір кисынын келтіретініне бәрі үйрене бастады. Сондықтан қаралып, қаланып отырысқандарымен отыз баста он шекім ой жоқ.

— Кадірлі диадохтарым! Тир Кенесі айтқанға көнбеді. Біз дүниеде болмаған ұлы империя құрамыз деп келе жатканда Тир сол империяның ішіндегі мерез болып қалуы мүмкін бе?

Ешкім үндемеді.

— Мүмкін емес. Тир бейтараптығын сақтамақ. Бірақ ертен ол Дарийдің бекінісіне айналмасына кім кепіл? Сонымен, Тир жазылмайтын жара боп, үнемі қауіп-катердің ошағы болып аландатады. Сондықтан құны қаншаға түссе де Тир алынады. Эвмен! Деректерді жария ет. Эвмен жарғағын жайды.

— Ұлы мәртебелім! Барлау деректері былай: аралдық Тир қамалы мен құрылыштың арасындағы бұғаздың ен терең тұсы 4 орғий¹. Бұғаздың ені 4 стадия². Судың асты тас емес, жалбызы шайнасқан кара батпак.

— Неарх! Тирліктердің ойында не тұр? Нендей амал жасамақ. Кімге, неге сеніп отыр?

— Сенгені — Карфаген. Ежелден дос-жар елдер. Тирдің қамалы да берік, қару-жарағы да оңтайлы орналасқан. Жан-

¹ 4 орғий — 6 метр

² 4 стадия — 800 метр

жағы су болғандықтан қамалға тез жету қын, жасырын бару мүмкін емес. Қамал бұзар амалзаттарды пайдалануға табан тірер тоқымдай да жер жок. Оларда теңіз әскери бар, бізде қайық та жок. Менің ақылым жетерлік іс болса айттар едім. Амал не дәл қазір ақыл косу колдан келмей түр. Маған бір алтадай уакыт керек. Қамалды айнала зерттемей іс бітпейді. Алынбайтын қамал жок. Тек әлсіз тұсын тапсан болды.

— Және кім сөйлейді?!

— Мен... — Парменион гүж етті. — Патша... Тирде біз ұзак бөгеліп қалуымыз мүмкін. Шығын да көп болады. Оған дейін Дарий не ойлат табарын бір құдай біледі. Біз Тирді тоқпактап, күшімізді сарқа бастағанда Дарий тың күшпен дәл осы арада коршап алса қайтеміз?

— Тоқетерін... Ұлы колбасшы.

— Тоқетері былай... Мұнда Тирді бүкіл әлемнен кесіп тастайтын мықты гарнizon қалдыру керек. Карфаген жақтан да, құрылыштан да жорғалаган тышкан, шоршыған балық өте алмастай жасау үшін аз күн аялдашық. Одан соң Персепольға тік тартайтык. Ахемендік Парсы империясының астанасын басып алған соң мүмкін Тир өзінен өзі колға тусер?

Әскери кеңес қозғалақтап, мынау табылған ақыл дегенге кисая кетуге әзір еді. Тек Александрдың қатқыл үні бәрін жым қылды.

— Болмайды! Шалағай майдан, теңбіл-теңбіл жау ұсын тастап кете алмаймын. Керісінше Тир құласа ертең Вавилон алдымыздан шығады, Персепольға аттың басын ірікней-ак алтын қақпадан өте шығамыз. Тирден аман кеткенмен Вавилонда шығын шаш-етектен болуы. Әскер де екі жарылып, нағыз әлсірегенді сонда көреміз.

Александрың енді айтқанынан қайтпасын бәрі түсінді. Патша және кім не айтады дегендегі шатырды кезіп жүр. Ешкім ләм-мим демеді.

— Басқа ұсыныс, қосар ақыл болмаса ертең жария болатын бүйректика естініздер... Антипатр жаз! — Кенсе басшысы жазуға әзірмін дегендегі орнынан тұрып бас шүлғызы.

— Жаз, Антипатр. Арапдық Тир қамалына дейін үйінді жол жасаймыз.

Парменион үндемей келіп қабар төбеттей арп етті.

— Тасты, құмды, кірпішті, ағашты мына айтакырда қайдан табамыз?

Александр миғынан күлді.

— Арапдық Тир есікі, құрылыштық Тирді бізге берді емес пе? Яғни есікі Тирдің жырым-жырым қамалынан жол жасаймыз. Судың асты жабысқақ батпақ. Суға не тастасаң да сол тастаған жерден жылжымайды. Қарағайды Ливан тауынан тасимыз. Ертеннен бастап қамал бұзар карулар жасауға кірісеміз. Ұстаханалар күндіз-түні жұмыс жасайтын болады.

Үймек жол салу науқаны қауырт басталды, грек-македон жауынгерлері күнұзак қамалдың тініндегі тас пен кесектерді тасып суға лактырумен талай күндер өтті. Тирді корғаушылар нәтижесі жоқ бос әурешілікті келемеждел, қайыклеп жақындал келіп каркылдан күледі. Бірақ күндердін күнінде жағалаудан басталып, екі жұз қадамдай жол су астынан алғып балықтың жон арқасында болып дөңкіп шыға келді. Тир жактан құлқі тыйылды. Жол күн санап қамалға жақындаған сайын қамал үстінен үшкан жебелер адам шығынын көбейте тұсті. Ливан тауларынан ағаш та келді. Амалзаттардың да не бір түрі жасалды. Бірақ дауылды күнгі бір толқын әлті жолды жаймалап кетті. Дегенмен су бетінен карыс-сүйем тұста дөңбектер мен тастар мызғымай жаткан. Тир және құлқіге басты. Македондықтар оны елеместен қайтадан жол салуға кірісті. Үймек су бетінен қос қарыс көтерілген сон Ливан тауынан әкеліп жаткан бөренелердің бір жағы тегістеле шабылып, ағаш жол тұсті. Үймек жол қамалға оқ емін-еркін жететін тұста тоқтатылды. Енді сол тұста екі мұнара пайда болды. Македондықтар мұнара үстінен қамалдан асырып, қалаға өрт кою үшін отты жебелер жібере бастиды. Ол әрекеттерге Тир Кенесі былқ етпеді. Шыны да сол еді. Тир қамалы корғаныска қатты дайындалды. Александр адам текті емес — құдай текті екені рас болса да, теңізді шайқалтып, өзенде теріс ағызар қасиеттер болса да аралдық Тир қамалына күшпен кіру мүмкін емес еді. Қамалдың бітеулігі, беріктігі, корғаушылардың өте онтайлы түрғаны, айнала шалқыған су екендігі — бәрі-бәрі Александрға қарсы құбылыстартын. Македондықтар ұзак әуреленіп, өлдім-талдым дегенде дөңбек жолды қайта жасады, оған ағаш төседі. Екі мұнараны түрғызудың өзінде каниша адам тирлік теңізшілердің жақындал келіп аңыраткан жебесінен жан тапсырып, суға кара тастай батып кетті. Ол аз болса мұнаралар бір күн қамалға қарай оқ аткан сон Тирді корғаушылар бір ескі кемені жермайға толтырып, кеменін өзін сол маймен сылап, әлгі ескі мұнараға қарай бағыттады. Кеме мұнараға келіп соғылғанда қамал үстінен отты жебелер үшіп түсіп, жермайға толы кеме жер көшіре жарылды. Өрт бұқіл жолдың жартысын жалмап кетті. Осының бәрін өз көзімен көрген Александр табаны жерге жабысып қалғандай сіресіп ұзак тұрып калды. “Женіліс!..” деген бір жасық ой ызындал тұр. Оны жоққа шығарар не амал, не уәж, не күш-кайрат дәл сол сәтте Александрда жоқ болатын. Әскери кенесте басқа амал ұсынған Парменион көк желкесін көзбен тесіп, “ал, батырым, енді не дейсін” дегелі түрғандай сезінді. Қимылдауға, бұрылуға шамасы жоқ. Бірақ бұл бір боркемік күйді тереценен лықсыған бұла күш, бұырқанған ашу, бойын өртеген намыс тез-ак сейілтті.

— Ұлы мәртебелім!— “Аристофан. Не айтпак?” Патша не бұрыла алмады, не үн катпады. Тістенгені соншалық жағы карысып

қалыпты. Бір қолын көтеріп, ары қарай айта бер деген белгі берді.

— Патша, Ливан тауындағы әскер коршауда қалыпты. Арабы тайпалар қыспаққа алып тұр.

— Атты әкел, Аристофан! — Александр аюдай ақырды:

Патша Кратер мен Пердиккаға бәрін аманаттап, өзі шағын қолмен Ливан тауын бетке алып шаба жөнелді. Жолдың жазық бөлігінен, тау етегіндегі жатаған қырқалардан сон атпен жүру мүмкін болмады. Аттар бір шатқалдың қуысында қалды. Аттарға бар-жоғы он бес сарбаз бас-көз болып қалды. Одан арғы қия бет, құрық таулар тік иық орманды тауға ұласты. Македондықтар араб тайпаларының тегеурініне төтеп бере алмай едәуір өрлеп кетіпті. Енді олар бекінген шот мандай, биік текше тауға өтетін бір-ак жол қалыпты. Жол жау қолында. Олар соңыра көмек келсе негізгі құшке белгі берер күзет қалдырыпты. Салбырап қарақошыл тұн басты. Тауда тұн сұық болады еken. Жосық дірдек қақты. Ең қынын сол — бұл қақтығысқа патшаның ұстазы, аса қадір тұтатын адамы Лисимах ерген еken. Оны Александр өбден ұзап кеткен сон анғарды. Саркідір тартқан ұстаздың ілескенін жақсылыққа жорыған, бірақ дәл мынадай жан таптай дірдектейтін өмірге тап боламыз деп патша ойламапты. Не істеу керек? Қоршаудағы македондықтар бекінген шот мандай тауға, оны қамап тұрған арабтар жаққа теріс баккан жартыкеш найзатастың тубінде таң атқанша қатып калу қаупі төнді. Арыбері жол іздел, тын тындаған Александр жол күзеткен арабтардың жылт-жылт еткен отын көріп қалды. Дерене, жанына жеті адамды ертіп, қараңғылыққа сұнғіп кетті. Тону ез алдына азап болса, енді Александры тосу баршасына одан өткен азап болды. Әлден уақытта әрқайсысының қолында бір-бір алау бар Александр тобы жетіл-жетіп келді. От жағылды, ішке ел қонды. Солай жан сактап, тан сыз бере жасағы алға жылжыды. Арабтар македондықтарды қамалап ұстаймын деп, енді өздері қоршауға түсті. Алды да арты да — македондықтар. Көмек келгенін тусінген жауынгерлер биіктен тас боратты. Александр жасағы садак тартты. Арабтар жанушыра тым-тыракай қашты. Бас-аяғы бірер сағатқа жетпей араб тайпаларының қарулы қолы жым-жылас жоғалып кетті. Екі жасак қосылғанда анықтағаны — ағаш дайындауға келген македондықтардан отыз үш сарбаз окка ұшыпты. Жау жағынан да сол шамада шығын болған еken.

Патша бастаған жасақ таң атар-атпастан жиырма бір арабы жауынгердің түбіне жеткен. Мұншама шығыннан кейін арабтар енді қайтып македондықтарға жоламайтын болды. Ағаш кеспек түгіл, тауды сүйреп кетсе де бас сауғалаудан басқа амалдары қалмады.

Ливан тауынан жеңіспен оралған Александр жол бойы

ойлап, шешкен ендігі қадамына бірден көшті. Тирді алу керек. Алу үшін өзіндегі күш жеткіліксіз. Кемесіз іс бітпейді. Кратерге қайтадан жол салу керектігін шегелеп тапсырып, өзі Сидонға аттанды. Женістің кілті осы жакта жатыпты. Александрдың қуллі Кіші Азияны, оның мықты-мықты қалаларын қалпақпен ұрып, өзіне қараткан женісті жорығы оның алдын талай жерге күреп тастап, әлі өз аяғы жетпеген жерлердің патшаларын грек-македон билігін мойындауға икемдеп ие қойыпты. Сидон бар кемесін Александра ұстата салды, Арвадтың патшасы Герострат, Библың патшасы Энил Александрға өздері келіп, кеме санын сексенге жеткізді. Родос, Сол, Ликия камал бұзар кемелер берді. Парсы патшалығымен ауызжаласқаны үшін Александрдың көріне шалдығамыз ба деп дірдектеп отырған Кипр патшалары — финикиндар мен гректер бас иелері самсатып, жұз жиырма кеме әкеліп қости. Александрдың дакпыртын естіп, Пелепоннестен Киандр тәрт мың таңдамалы грек әскерін көмекке әкелді. Александр Тирге бет түзегенде оның сонында 241 кеме келе жатты.

Тир үшін шайкас тоғыз құнге созылды. Кемені қамалға тақап, тарандар бекіністі токпактады. Қамал қаншама қалың, қаншама берік болғанмен Александрдың токпағы қамалды шұрық-тесік қылды. Соны білген Тир патшасы бүкіл халықты жауып, қамал ішінен және қамал тұрғыза бастады. Бірак тоғызының күні қамалдың екі мұнара арасындағы бір бөлігі гұрс құлады да македон әскери қалаға лап қойды. Бірінші болып Александр ұмтылды. Есі кеткен Тир корғаушыларын ол өз колымен о дүниеге аттандырып жатты. Қаны басына шауып, көзі қанталаған Александр катыгездіктің үлгісін өзі көрсетті. Сарбаздары патшасынан кем соқпауға тырысты. Шайқастан соң Александр алты мың аралдық Тир корғаушыларын, екі мың құрылықтық Тир сарбазын крестке керіп, азаптап өлтірді. Отыз мың тұрғын құлдыққа сатылды.

Осы қалаймаканда бұл қызыл қырғынның басты айыпкері — Тир патшасы Аземлұқ, өзінің иықтас қалталыларымен, карфагендік зиялды елшілерін ілеңстіріп, өздеріне іш тартушы сидондықтардың кемелеріне жетіп алып, астыртын жылыстарап қашып құтылды. Шайқастан соңғы бір саябырда ол хабар Александрдың құлағына жетті. Бірақ Аземлұқтың өз байлығы, оның ығындағы Тир жуандарының мұқият тығулы казыналары туралы Александрдың естігені мол еді. Қазір куса ұзатпай ұстап аларын біле тұра өзірше қордалы қазынасы жоқ Александр аса бай патшаға, оның аса бай жарандарына кендік жасағансызы. Ішінен: “Қазыналарын Тирде жатса қашып қайда барасындар?” — деп миығынан күлді.

— Маған олар болашакта өз казыналарының кілтшісі болып

кызмет істеуге керек болады. Олардың маған тірі жүргені керек. Өле кетсе казынасын қайдан іздеймін?— деп күлді әлгі хабарды жеткізген Эвменге.

Тирде Александрдың ізі болмайды, деген Аземлұқ патшаның өзі де, әлемдегі ірі сауда-саттық, карым-қатынас орталығы болып келген бай қаланы теспей сорған достары да Сифондың бетке алып тайып түрғанда қамал ішінде қарапайым халық әр көшө үшін жанкештілікпен соғысып жаткан. Тек соғысты кәсіп еткен грек жалдамалылары, македондықтардың барша күші қарақұрым боп қалтағанда қарсылық бірте-бірте сөне бастады. Тағы да алтынның буына піскен, құрығы ұзын, айласы көп мықтылар басын да, байлығын да аман алып қалды. Шын шығынға ұшыраған, қан жұтып, кара жамылуши қара халық болды. Адамзатқа құдай сана бергелі, тоқсан тоғыз сезім, түйсік бергелі, ақыл қонғалы бергі мындаған жылдары сансыз қайталанған жалған сөзге халық және алданды.

Қан сасыған Тирде Александр әуел баста айтқанын істеп, Геракл-Мелькарта храмында аста-төк құрбандық берді. Түрлі ойын-сауық, жарыстар өткізді. Қалаға финикиялықтардың лап койып, иесіз үйлерге орнығып жатқанын естіп те көріп те кедергі жасамады. Қаладағы шайқас біткен сон бір де бір ғимарат қирамасын, ертке шалынбасын, деп бүйрыйк берді. Кешікпей жаңа биліктің қол астына еткен алпауыттар қаласы өзінің бүрынғы өміріне бірте-бірте оралды. Тирдің құлауын бүкіл қарсылыққа дем берген иуда дінінің бас священнигі Йадде құллі Палестинаның тізе бүгүі деп білді. Тир қамалы қоршауға алынып, тұс-тұстан токпак қүшеген сэтте де Йадде: “Біз Дарийге берген үәдемізден таймаймыз, тек парсы патшасы әлген сон ғана біз басқа билікті мойындай аламыз”,—деген. Александр Герак-Мелкарта аралында құрбандық таратып жатқанда Йадде жылыстал АLEXANDRДЫҢ алдына келді. Эрине, қорықканынан келді. Бірақ ол қорықкан адам емес, иуда ғибадатханасына өзі келіп, тізерлеп тұрып құдайға құлшылық етпеген жас патшага реніш білдіре келгенін іші мығым сыпсанын аса ұстамды тәкаппарлығымен жеткізді. Александр тұрган жерінде тізерлей кете жаздал, өрцил табиғаты оны бұл кателіктен аман алып қалды. Адамзат ақыл-ойының жаңа өлшеміне айналған Александр мен құрығы ұзын иуда дінбасының бетте-бет келген сәтіне құллі әскер, барша халық кірпік қақпай көз тікти. Кеше өзіне пысқырып қарамаған Йадденің бұл келісінен бәрі іш жиган. Қазір Александр қылышын сұрырып, Йадденің басын, сайдан іздетеріне көпшілік сенімді еді. Бірақ оқиға басқаша дамыды. Александр Йадденің алғашкы сөздерінен сон, бойы байсал тартқан сынай танытты. Одан сон екеуі сәл оқшауланып ұзақ сөйлесті. Кімнің не дегені тарихқа да керек еді. Оны хаттаушыларға Александр “аулак” деген белгі берді.

Әңгіменің өзі беймағлұм болғанмен, осы кездесуден соңғы патша жарлықтары көп нәрсені аңғартты.

Патша иуда гибадатханаларын салықтын барша түрінен біржолата босатты. Осы діндегі халықтан сегіз мың сарбаз Александр әскеріне косылатын болды. Олардың ішінде сексен такуа бұл сарбаздарға дем беріп, жала-пәледен сактауға бірге аттанды. Әскери кенес мүшелері Александрдың бұл қадамын құл алған жок. Бірак ашық пікір де айтылмады.

— Сегіз мың сарбазды мың-мыңнан бөліп әкетіндер!— дегенде колбасшылары бірінің аузына бірі түкіріп койғандай:

— Бұларсыз-ақ күн кешкенбіз. Маған керегі жок,— деп бәрі бұрылып-бұрылып кетті. Александр істін мәнін тусінді де айтканын бұйрық арқылы іске асырды. Колбасшылар бірін бірі іштей тусініп, бұл мыңдықтарды барса қайтпас, кірсе тірі шықпас киын тұстарға салып тез-ақ тауыса саламыз деген. Жарым жартылай солай болды да. Бірак сол азғантай уақытта әлгі иуда дінбасы қосқандардың жартысы оққа ұшқанмен қалғандары тез арада калың қолдың бетіне қалқып шыға бастады...

Тир үшін болған шайқаста Александр ауырып, ажалдан әрең қалған, бірер жаракат алған, әбден жудеп-жадаған. Оның есесіне оны әр сарбаз өзінің сенімді досы, қайтпас қаруласы деп таныды. Ливан тауындағы, Тир тубіндегі, камал ішіндегі қырғында Александр қатардағы жауынгерлердің бел ортасында жан алыш, жан беріп шайқасты. Осыдан соң патша дәрілтеуге де, уағызға да мүдделі емес-тін. Оның бар тауқыметті қара табан қандастарымен бірге көріп келе жатқаны баршаның көз алдында. Сондықтан жорыкта, ұлы істерде болатын кішігірім кінәрраттар Александрдың сүйкіміне дақ түсіре алмады. Әскер бас колбасшы не айтса соны ойланбай жасар халде. Осы бір көтерінкі рухтен македон әскері Египетке бет түзеді. Жолда Газа қаласы бар. Болсын. Ол жақтан жел соғуы мүмкін дерлік еш белгі жок. Әскер екпіндей басып, жолды өндіріп-ақ келеді. Кеше Тирдің ажал диірменінен өлдім-талдыммен аман шықкан дерлік емес. Патшаның өз басы Тирдегі қырғыннан соң Македон әскерін тоқтатар күштің дәл бүгін жок екенін бәрі түсінді деген сенімде еді. Олай болмады. Египетке барап жолда кептеліп түрған Газа ұзақ соғысқа сайланып, азықтулігін молынан жеткізіп алыш, корғанды бекініске айналдырып, кірпіше тікенектеніп алған екен. Александр елші жіберді. Елшілер Газаның патшасымағына “Тирден әулие емессіндер” дегенді ашық айтты.

— Оны соғыс көрсетеді. Александрға айта барындар. Қашшалықты құдіретті болса да Газадан аса алмайды. Египетті көру оның мандайына жазылмаған.

Александр іске кірісті... Газа табандап екі ай бойы соғысты. Корған бірнеше жерден опырылды. Кала канға бөкті. Газаның

бас иесі Батис ел ішінен шықкан ержүрек патша болғанын Александр ол дар ағашта салақтап тұрғанда білді. Бір кылмыс па, жымысылық па, әйтеуір, жайсыз әрекетке барғандай Батистің арыстан жалды тұлғасына ұзак қарап тұрды.

Газадан сон ғана Александрдың тынысы кеңіді. Египет оны парсы езгісінен құтқарушы деп кабылдан, өз патшасы етіп сайдады. Бәбіл де, Персеполь де қарсылық көрсетпейді деген хабарды құпия қызмет саласынан дәйек-дәлелдерімен жеткізді. Бірақ... Бұл — соысты жорық. Бәрі де болуы...

VI

Спитамен — массагеттердің етек-жөнін жиып, өзіне косылған жеті тайпа елдің қыстауы мен жайлauын, көктемесі мен күздеуін айқындалп берген патша. Содан бері бұлар да іргелі ел қатарына қосылып, патшасы патшалар санатына ілігіп, жалы күдірейіп келе жатыр. Бірақ тұтін санына келгенде іргедегі Қанлы патшалығының жартысына әрен жетеді. Бар болғаны үш жуз мың тұтін. Қанлылардың арғы бетінде жеті өзенді еміп жатқан үйсіндер сегіз жұз мыңның үстінде деседі. Ол рас та.

Спитамен аузын ашса маржан төгілетін, шежіре тарқатса Көк Тәнірі мен Ұмай анаға апарып салатын зерделілердің әңгімесін тындауды жақсы қөретін. Өйткені өз елін кіммен дос ету, кімнен алыс ұстau керектігін ойлайды. Сол аузызекі тарихшылардың айтуынша осы қанлын да, үйсінің де, массагетің де байырғы ғұндардан өніп-өсіп, бір-бір патшалық дәрежесіне жеткен.

Массагет, Қанлы, Үйсін тайпалар одағы Үйсінге Күнбегі патша келгенге дейін тонын ішкі бауындай еді. Исследондар, сарматтар, парадарайя, хаом сактары, қылышы қынында жатпайтын өкпешіл, кінөмшіл ғұндар бұл үш патшалықпен жақын болуға тырысканымен тек ірі оқиғалар тұсында ғана ары-бері шапқыласып, кісі алдырып, өкіл жіберіп, аРАЛАСЫП қалады. Одан соң сәлем-сауқаттары қоныр-салқын тартып, даланың құлакқа ұрған танадай тыныштығынан маужырағандай самарқау өмір үласады. Күнбегіден бұрын үйсінді оның әкесінің інісі, құлжаның асығындай пәрменді, сөзге де, іске де аса ұста Сактанмерген үйіріп отырды. Сактанмерген тауүйсін деп аталатын орташа рудан шықкан. Алдымен сол рудың басын мықтап біріктірді. Одан соң жеті атасы ел баскарған Рай патшаның қазасынан соң құллі үйсіннің тайпа басылары Шиғуда бас косып, ұзак-ұзак сөз сөйлемей-ак осы Сактанмергенге ел тізгінін ұстадты. Сактанмерген елді алаламай, әділін айтуга келгенде жақынын жаттай ұстал, жатқа жанашырлық жасап, жар құлағы жастыққа тимей патшалық етті. Сактанмергеннің өз кіндігінен тараған кара-құра бала-шагасы баршылық. Бірақ он үш жасынан патшага .

ілесіп, ел ішіндегі барша тірлікті көріп, білген, есейе келе кіші әкесіне ақылшы бола білген, алқалы отырыстарда түйдектетіп ой айтып, тұжырып істін шешімін тауып кететін Күнбекі елге ерте танылды. Кіші әкесінен кейін оның таққа келуіне ешкім таңданған жок. Ол бір кисыны келіп тұрған шаруадай патша сайлау үстінде Күнбекі дара шапты. Такқа отырды.

Күнбекі Сактамерген жасап кеткен ішкі ынтымакка сызат түсірmedі. Бұрынғы патша қарамен де, ханмен де шүйіркелесіп кететін қарапайым, тұла бойы от, жаны жайсан, алды ашық тұратын патша болса Күнбекі одан бөлектеу табиғат танытты. Күнбекі патшалықтан дәмесі зор ел ішіндегі мойны озық қолбасшылардың өзінен ойын асырып, мысымен басып келген. Сондықтан Күнбекінің алдына кім-кімде тартына-тартына, ойланған-ойланған келеді. Ол өз сарайында отырып-ақ ойша шолып, қайда не бол жатқанын, кімнің не сөз айтатынын біліп отырады. Ойға жүйріктік те бұла күш. Оны ауыздықтан ұстамаса ойға да, қырға да алып қашатын мойны катты тулпар. Күнбекінің бұл артықшылығы жемісін берді. Қазір Алатаудың күнгейіндегі Қарғашта¹ отырған тиграхауд үшкіл берікті ағайындарын, ғұн патшасын аузына қаратып алды. Ал Сактамергенмен бір шамада таққа отырып, ұзак-ұзак жылдар узенгілес, шынайы дос болған Қанлы патшасы аксүйек Байтакты сәл де болса алыстады. Аксүйек Байтактың жалғызырыттын жайы жоқ-тын. Рас, Сактамергенді есіне алса өзегі өртенеді, орны үнірейіп-ақ тұрады. Сактамерген екеуі ешқашан сыр жасырыскан емес. Күнбекі болса екі араны сыйздатып біраз отырды да жатаберіс күлғын да жасамақ бол, Қанлы жеріне жыл сайын қозы көш жер сұғына коныстал, оны өзі байқамағансып келді.

Күнбекі – Сактамергеннің өз тұкымы. Сактамерген Күнбекіге өз үмітінің жалғасында жақсы қарады. Бірак, керек жерінде адудыны сұрапыл Сактамерген Күнбекінің кисаланың андаса шайнап тастайтын. Сактамерген бірде аксүйек Байтакқа өзілге орап: “Күнбекі ақылды. Кейде тым ақылды. Ақылы аттан жығып журмесе болды”, – деп еді. Аксүйек Байтак оны Күнбекінің әлі де солқылдаған жастығынан деп, әнгімен тегістей салды.

Сактамергеннің сол сөзі әбден түсінікті болды. Күнбекі күліп-ойнап жүріп, ғұндарды да, тиграхауд ағайындарды да ығыстырып, Жетісуды түгел жайлап алды. Енді ту сыртындағы қанлының қыстауларын жұта бастаған. Аксүйек Байтак хаомдардың бір үлкен тойында Күнбекіні тоқтатып алып, жетеліге жетерлік етіп, мән-жайды айтты. Тулактай-тулактай қойнау-қолаттар үшін мын жылдық туыстығымыздан айырылып қалмайық дегенді кесімдей етіп жеткізді. Аксүйек Байтактың жайымен ғана айткан

¹Қарғаш - тиграхауд сақтарының алғашқы астанасы. Ол қазір Ыстық көлдің астында жатыр.

сөзі, коныр даусынын артында “Байка, бала!” – деген сес те түрдү. Оны Құнбекі, әрине, түсінді, арты не боларын білді. Бірақ, сол сасық кулығын келесі жылы да жасады. Аксүйек Байтак шарт кетті. Басында дәндеген, енді құныға бастаған үйсіндерді қанлынын үш лек жасағы көшіргенін көшіріп, ішкі үйсінге дейін қуып таstadtы. Осыдан соң, міне, үш жыл өтті. Қанлы мен Үйсін патшалыктарының арасы тым-тырыс. Құнбекі не мұнын қалай демеді, не кішілік білдіріп, екі арадағы жолды жанғыртпады. Аксүйек Байтак Құнбекіге бола күйген терідей тырысып жатып қалған жок. Оның өз тірлігі басынын асады. Сол тірліктін бәрінде де Массагеттің патшасы Спитаменді әрі сес, әрі дос, әрі ақылшысы деп жақын ұсталды. Аксүйек Байтактын аланы – Босы¹. Босыны сактың сактығы мен садағы ғана тәк-тәкпен ұстал келді. Бактүр мен Соғды Қанлы елін Босыға құнде сүйкеніл, көз алартудан күткарып, екі ортада жатыр. Сондыктан Аксүйек Байтак Бактүр мен Соғдыны билеп отырған сак сатраптарымен көбірек араласқанды жөн көреді.

Жұырда Аксүйек Байтак пен Спитамен Маракандтан оралды. Барған себептері – Эгей теңізі жактан бүркүлдаған шаннын үлкен қатерге айналғанын, ол шаннын алдында жалантес патша – кос мүйізді Ескендір Зұлкарнайн келе жатқанын ақылаға салу еді. Екі патшаның Маракандта үққаны – Дарий біржолата женілген. Ескендір Бәбілді алған соң, Босынын бас қаласы Баиршага² тіке тарткан. Сақтарға керегі ол да емес. Керегі – Баиршадан соң Ескендір аттың басын қайда бұрады? Мәселе сонда еді. Әзірше оған екеуі де жауап ала алмады.

Екі патшаны Маракандта отырған Соғды, Бактүр сағрабы Шахранабан абыздын жұз қаралы сарбазы ел шетіне дейін шығарып салды. Одан арғы жер – Байтактың өз елі, өз жері. Жолаушылар шу дегеннен Жейхұнның³ батыс жағына шығып алтып, дәріяға бірде жанасып, бірде алыстап жүріп отырды. Аттар аккөбік боп, камау тері шыққан соң, тек құлак тубі, қүйысан, тартпа, өмілдірік асты жіпсіп, ортак бір ырғакқа бейімделіп, лекілдеген бойда күн екіндіге ауғанда тустанер жерге жетті. Сыртында текше тастан калаған биік дуалы бар екі жұздей түтін турағын Сасан кенті жолаушыларды кешелі бері күтулі. Сасан аян Мауреннахрдан тұқым-тұяғымен ауып келген кірмелердің бүтінгі бас иесі. Жасы Аксүйек Байтакпен қарайллас. Сасан аян әр тебениң басына жол тостырып, адам койған екен, олар біріне-бірі белгі берсе керек кент иесінің өзі қакпадан бері өтіп, екі патшаны тосып алды. Патшалар аттан түсken соң, басқаларының да табаны жер иіскеді.

¹ Босы – сақтар Парсыны осылай атаған.

² Баирша – Персепольдің сақтар қойған аты.

³ Жейхұн – Сырдария.

— Жолаушының кешіккені жаксы ырым деуші еді, басием. Көлігін жарау — көнілін ток па? — деді сакалы селкеуленіп келіп, дәл талма тұста бітетін, ұзын мойын, жұтқыншағы жас бала-нын жұдырығындаі, таспадай тартылған күн какты карасакал кісі. Аксүйек Байтак пен Спитамен шатқаяктап, алғашкы қадамдарын кібіртікеп басты. Ауыл иесі баяу журіспен кент ішіне ене бастады. Сасан аян кезінде Қос өзеннен ауып келген парада-райялықтардың бесінші үрпағы. Енді оларды сінбе деуге ешкім-нін аузы бармайды. Қанлылардың өзі де бір заманда ішкертінде күн сұтып, жыл сайын қыс ұзарып, жазға салым көк әрен-әрен қылтиатын нәубетті шакта онтүстікке жылжи-жылжи, акыры осы Жейхұн дарияның жағасына келіп токтамап па еді? Сондық-тан, ол тарихтан хабары мол Қанлы патшасы біреулерді сінбе, біреуді кірме дегенді жаратпайды. Тәнірі осы жерлерді бос тастап, қанлының көші сәтімен біткен сон, бұларға “сен кімсің” дейтін пенде жок. Әйтпесе, сінбелін көкесі қанлының өзі емес пе? Аксүйек Байтак әкесінен сан мәрте естіген: алғаш дарияға жанаса қоныстанғанда қанлылар білместіктін кесірінен жайынға жем бол, жайыннан, су сиырдан¹, суыннан², қолтырауыннан³, су жыланнан коркып, балық жей алмай отырған. Сонда өзенде жалдан өтіп, қанлылармен алғаш тілдескен осы Сасаның арғы аталары. Кейін қанлылар арғы беттегі дария жағалай қоныстанған, балық сасыған жатактарды көрді. Дариядан балық сүзуді үйрәнді. Өздері де кайық жасалы, тор токылды. Ал мына Сасан кенті де бір кездे балық исі қеуденді қауып, аптапта аузынмен ауа кармауға мәжбур ететін. Енді кара! Сасан кенттің сыртынан карасаң тас қорғанин ешиңәрсе керінбейді. Құлазыған шағырдағы жатаған селендердің бірі деп ойларын анық. Ал какладан өткен сон мұлдем басқа омір пердесі ашылады. Патшалар кенттің құрлық жактағы какласынан кірді. Кірген бетте селенде екі жарып, жалғыздан жатқан кен көшенин бойымен жүрді. Көшениң арғы беттінде дарияға шыгар және бір какла бар. Ол, шамасы аттыға сут пісірім жер. Селеннің өзі кезінде киқы-жиқы еді. Осы ұзын мойын Сасан аянның кейде қытымыр, әлде біреулерге казымыр бол көрінгейнін аркасында камыс-құрактан салынған күркелер, жеруйлер жогалып, осы кен көшенин екі бетіне там үйлер соғылды. Әр отбасына адымдан жер боліп балық келтіруге, мал кораға жер калдырып, берін реттеді. Одан сон екі какланы жалған жатқан кен көшени қеелп өтетін шағын кешелер түсілті. Қөмелер октай түзу. Екі арба ереіл-карсылы еркін өтердей. Қөмеге караган есіктердің алдынға да мол кеністік тастаған. Мұнын бері Аксүйек Байтак патшаның түсында, кез алдында жасалған дүние. Патша Сасаның тірілін

¹ су сиыр – бегемот

² суын – су мен құрлықтың тәң мекендейтін жылжытуқымы,

³ қолтырауын – крокодил

өзге ағайындарға үлгі етіп, барындар, көріндер, деп айтудан жалықкан емес. Бұл жолғы келісінде және бір жаңалық көзге үрді. Көшө-көшө жағалай жайнаған гүл.

— Э, бәсе! Келген сайын бір жаңалық көрінуші еді деп ем... Мынауың жақсы жаңалық болды. Сасан аяңға қарал әлдебіреулер осы бір қара ағаштай қатқан адамның жүргегі де қаттыл шығар, деп ойлауы... Мына тәртіп, мына тазалық, мына әдемілік Сасан аян күрдасымның шын табиғаты емес пе, ә, Спитамен бауырым?

— Дәл солай, ел иесі. Дегенмен, гүл өсіруді құрдасының Сізден үйренді ме деп тұрмын!

— Үйрендік. Несіне жасырамыз. Бірақ мұнда өскен ғулдердің тұқымы өзге. Анау Жын жақтан келді, — деп Сасан аян ағынан жарылды. — Жеті үй жын сансырап, кенезесі кеуіп, бізге әрен жеткен екен. Кім екенін, неге осындай күн кешкенін тіл білгесін барып үқтык. Өздері ағайынды жандар екен. Сол өз еліндегі алым-салыққа тәзбей, әскерге барғысы келмей бір түнде ізім-ғайым кеткен фой. Солар әкелген не бір жеміс пен гүл ұрықтары өсіп, өніп жатыр. Біз сол балық пен ұсақ малға үйрекпіз. Ол қолдан келетін шаруа. Ал көк өсіру, гүл өсіру, киім тоқу, бақал заттар жасауға мына жындарың мықты екен. Олар да өздерін сасан-қанлымыз деп жүр. Қалай, басилем, қабылдайсыз ба?

— Кару асынып келген жок. Қойны-қонышын ғулғе, көк тағам тұқымына тұлтырып келсе, ниеті дұрыс болса неге қабылдамаска! Дұрыс болған екен.

Марақандқа бара жатканда патшалар бір құла дөненге бата беріп кеткен. Сол дөнен және төрт-бес ұсақ мал сойылып, оның еті түрел казанға салынып, бүкіл селеннің үлкен-кішісі қызылжап бол жатыр. Екі патша түстенеді дегелі бері селен іші абыр-сабыр, ойын-кулкі, ән мен күй. Сасан аян қонактарын түмшаланған қыскы үйіне апарғысы келмей, бактын төріндегі жаздық жайында қабылдады. Жаздық жайы — табантасын¹ адамның белінен жоғарылау етіп тастан қалаған шенбер үй. Еденін төрт қырлы етіп шапқан бөренемен жымдастырыпты. Айнала текшелете жасаған отырғыш. Үстіне бар асыл мен мамықты салған, кереге орнында көз қарықтырап ақ шілтер. Айнала да көрініп тұр, самал да соғып қояды, бақ ішіндегі саф ауа масайтып та жібереді. Келген бетте бір-бір акпар² сусыннан соң аксүйек Байтақ есінеген үстіне есінеп, сыр беріп қалды. Онысын жасырмады.

— Эй, құрдас, мені тус ауа кара алbastы басушы еді. Соным кояр емес. Таза ауада көз шырымын алуға қалайсындар?

— Э, мен де ілініп отыр ем, ағасы. Ас келгенше мызғып алайық... — Спитамен де жастық-бөстектерді умаждал, жайғаса бастады.

¹ табантас — фундамент.

² акпар — аса көлемді бүтін ағаштан ойылышп жасалған зеренаяқ.

Сак даласының ең шетінде, өкпек желдің өтінде жаткан екі патша – Қанлы мен Массагеттің бас иелері бас түйістіріп, адам айтса наңғысыз, іздесе тапқысыз қалтарыста үйкіфа шым батып кеткен. Ұлы жаратылыс, калың ел әзірше алансыз өмірді мегзеп тұр. Патшалар шым батып үйкіфа кетерде іште жаткан көп алан, сансыз түткілді бұқтырып, мазасыз күйден әрен құтылған. Ас-судан сон Аксүйек Байтак пен Спитаменнің жанында Сасан аянғана қалды.

Қанлы патшасы әкесі өлгенді де қиналмай тұра жеткізетін, ойы патшалардың індегі шатысып, бытыспаған – тың да айқын Сасан аянның Ескендір Зулкарнайн тұрғысындағы бір ауыз сөзін естіп кеткісі келді.

– Басилем, екі патша сүйт жүріп, Мараканға бекер бармаған болар? Бөрін айтпайсың, әрине, ең болмаса шет жағасын білсек біз де бір көтеріліп калар ек...

– Сенен жасыратын сөз емес, ардақтым. Қайта сол сөзге сені тартсам ба деп бөгелдім. Әнгіме Ескендірде... Мараканнан білгеніміз – Ескендір Баиршаны бетке алған. Баиршаның соғыспай берілеріне күмәнін жок. Бірақ бас қаланы алған сон, Ескендір әскерін қайда бұрады? Енді кіммен соғысады? Соны біле аламыз ба деп едік. Әзірше бәрі жұмбак күйінде қалды. Ал Ескендір Баиршаның қай какласынан шығады? Үнді жағынан ба? Жың жағынан ба? Өлде сак даласына тіке тарта ма, деп тың тыңдал жатуға сірә, болмас. Қаннен-қаперсіз елді қойشا бауыздатқызысак Тәңірім бізді кешірмейді... – Қанлы патшасының қабағы салынқы. Сөзінің артында алабұртқан көңіл тұр. Сөзін аяктап, Сасан аянға сен не айтасың, дегендегі сұраулы карады. Сасан аян әрі мейманы, әрі Ұлы Далаға патша да, батыр да, жауырыны жер іскемеген алып палуан бол атағы жайылған Спитаменге карады. Спитаменнің бір касиеті аз сөйлеп, көп тыңдайтын. Сөйлесе токетерін айтып, сөзден іске қөшетін самдағай. Ол да осы қара шалдың нә көріпкелі, іә болмаса көрегендігі барын біледі. Оған коса Сасан аян патша тұрмак құдайдың құлағына жақпайтынын біле тұра сөздің ашығын, оқтай турасын айтады да отыра береді. Екі патшада Сасанның осы мінезі әрі қызық, әрі керек те.

– Сасан абыз, аға патшадан сон мен не айтам... Бәріміздің ішіміз алай-түлей. Ескендір бізге келеді деп елді дүрліктіруге, атқа мінуге жарамай сүйретпемен ғана жүре алатын майдың селерді орнынан қозғауға уәж жок. Ал Ескендір Баиршада екі тунеп, бұғын үш есе үлгайған әскерін бізге қарай бастаса әскер қоспақ түгілі патшалардың басын қосып үлгере алмаймыз. Қане, екі патшада не ақыл қосасыз, касиеттім. Патшаның ақылы – ел-жүрттың даналығы. Құлағымыз сізде...

– Бәрекелді... Ақыл айт дейсіндер... Ақылдың кені осы

отырған екеуініз. Мен бірдене айтсам ойжадылықтан туған бір сандырақ та... Мен осы бір жұз жетпіс тутін кенттің қамын ойлауым керек жой. Одан әріде нем бар деп өзіме-өзім кейімін. Амал не, дуниеде көзден лас, ойдан жүйрік, сөзден қызық нәрсе жок. Сол ойым алып кашып, Ескендірдің ішін тінтігеніме көп болды. Ақыл деп емес, кара шалдың шалықтағаны деп білерсіндер... Ескендір Баиршада біраз аялдайды. Баирша көрген калам болмаса айтпас едім. Өйткені Баиршаның байлығын түгел еліне жібермей Ескендір жылжымайды. Ал Баиршаның байлығы белгілі. Салтана тының мен сәні қандай! Ескендір дуниенің паркын біледі. Ол басы айналмаса да алтындаған сарайларды түгел аралайды. Әскерін тынаштуға, өз ойын тұндыруға Баиршадан артық жер жоқ. Ал бізге келе ме, жок па? Келеді. Алдымен Соғды, Бактұрға соғады. Одан соң сәл өрлесе Қанлы мен Массагет елдерінен басқа барап жер де жоқ, ұлы патшалар. Ескендір күллі әлемнің билеушісі болам, дейді екен. Сірә, біз де сол “күллі әлемнен” тыс қалмаспыз. Ал Ескендір өз шамасын біліп келе жатыр ма, әлде Босы құлаған соң сактарды таякпен ұрып алам деп ойлап келе ме – оны да білген жөн.

Сасан аянның сөзі жолға шықкан екі патшаның кеудесін қаздай шулатты. Байтақ неге екенін артына жалт қарады. Сасан аян кенттің сыртында құладаузге жармасқан жалғыз қарағаштай бол әлі тұр екен. Патшаның алабұртқан ку жаны құлазып кетті. Сасан сол тұрысымен-ак бар сенгеніміз өзінсін, мен – тілеулесінмін деп тұр. Байтактың осыларға корған болғаннан басқа амалы жоқ та. Дәл казір корған боларлық ұлы сенім өз ішінде болмай тұр. Сірә, Үлкәншайтың дақпырты мұның мысын басқан. Ондайда Байтактың ішіне намыстың бір болмашы ұшқыны түсетін де, аз күнде ол алдырмас адудынға айналатын. Байтақ өзінің мұндай күйді сан рет кешкенін есіне түсірді. Еті қызған аттар тайталаса екпіндеген сайын, қарсы сокқан барқыт самал кеудесін тінтіп, тынысын кеңейткен сайын Байтактың да, Спитаменнің де ішінде өршілдік тұтанаңып та кеткен сыңайын байқайды. Ұзаған сайын жер түгі өзгерге бастады. Тастан құм-шағырлы аймақ бірте-бірте балаусаға кезек берді. Енді жолаушылар әр жері ойылып-тесіліп қалған ескі киіздін үстімен келе жатқандай болды. Алдында көлбег екі жол жатыр. Алыстан караса қоңыр түсті ою-өрнектері бар жасыл кілем жапқандай. Ауда қапырық азайып, айнала төнірек көзге тіреп қойғандай анық көрініп тұр. Мұнарлы дала артта қалды, мұнарсыз өлкеге екі патша да өз бастарындағы мұнардан арылып, еніп келеді. Ой айқындалған сайын сауал күшікдейді. Жауап – ойлы-тойпы. Екеуі де кесіл-пішіп бірнәрсе айтуға дайын емес. Бірак патшаның басы ауырмайтын күн жоқ. Ол аз шаруа ма, келелі іс пе, жок әлде... біреудің тышқақ лағын біреу тартып альпты секілді күйкі тірлік пе бәрібір, долының сан-кылы, жәбірдің өксігі патшаның құлағында жанғырығып, миын

шагады да тұрады. Міне, қазір де Аксүек Байтақ пен баһадур патша Спитамен Ескендір Үзләрнайннан басқа ойға бұрыла алмай, іштей алысып та, шырмалып та келеді. Кейде дәрменсіз күй кешеді, бірте-бірте бар кайрат-жігерін жиып, “келсін, көріп алармыз” деп шиыршық атады. Бірақ сенім аздау, күмән көптеу.

Тұғы жерге тиер-тимес лыпып отырған жүргіншілер екі жонды асты да ұбап-шұбап келе жаткан қаракүрым нәпірge тап болды.

— Белдағұн! Шап! Біліп кел, бұл не жағдай? — Қанлы патшасы аттан түсіп, шоқ талға беттеді. Патшаның істегенін бәрі жасады. Байтақ қолын шөппен сүртіп, Спитаменге жақыннады.

— Мына тұмсықтың қалқасында Барқайым руының ордасы тұр. Егіншілер. Осындағы койнау-қолаттардың арасындағы құйқалы жерлерді дұрыс пайдаланып отырған ағайын. Мал да, дән дә өздерінен. Жидашы келтірмей-ак қазынаға тиесілі салымдарын уактылы, дәлме-дәл жеткізіп келеді. Бәрі бір ауызға қараған ынтымакты ел... Не болды екен?

Талырактата шауып келіп, Белдағұн аттан секіріп түсті. Патшалардың алдына келіп, бір тізерлеп отыра кетті. Қамшылы қолын қеудесіне басып, баян етті.

— Жұлдызышы қайтыс болты, басием!

— Онда бейітке апармаушы ма еді? Шоқыға апара жатканы несі?

— Жұлдызышының “өмір бойы көк зәңгірге көз сүзген шоқыма жерлендер” деген аманатына бола... Сіздерді құтулі, үйлерініз сайлаулы екен.

— Солай де... баһадүр-патша, біраз аялдауға тұра келеді. Өзіңе де хабаршы барған екен. Үйің сайлаулы дейді. Кайда түнесек те ел өзіміздікі емес пе?

— Эрине, ақылшым. Қаралы елге жұбаныш айталақ. Жұлдызышының рухы тәнірге көтерілсін. Жақсылардың ішінде жүрсін.

Патшалар атқа қонып, әп-сәтте қаралы нәпірді қуып жетті. Көк шоқының етегі жайдактау, көкке малынып жатыр. Өрлеғен сайын жұтап, күнге тотықкан сусыма қызыршық тастар ұшыраса бастайды. Ел келе жаткан сүрлеу Жұлдызышының өмір бойы жүрген сынараяқ жолы.

Жұлдызышы шоқыны айнала-айнала қанталдап шығады екен. Патшалар нәпірді қуып жеткен бойда аттан түсіп, лек сонымен ілбіп отырды. Барқайымның ру басы көзі оттай жанған алмабет, аузын ашса күміс тәгілгендей айқын да ашық, нақпа-нақ сәйлейтін дур жігіт. Қаралы нәпірдің алды тәбеле жеткенде ру басы Қара қылыш Қызыләбден ыстық казанға тамған бір түйір майдай тыным таппай домаланып, ентігіп әрен жеткен елді ысырып, патшаларға жол ашты. Екі патша зузада¹ жатқан мәйітке

¹ Зуза – соғыста жарапыларды, өлім-жітімде мәйітті салатын зембіл тәріздес қос сырғыққа бескітілген көн.

бетін каратып катар тұра қалды. Қанлы патшасы ентігін басып, ел саябыр тапқанша үңсіз тұрды. Соңан соң екі қолын көкке көтерді.

— О, Тәнірім! Жараткан ием! Барша жан иесі, жер иесі өзінсін. Арғы атасы Қанлы, бергі атасы Баркайым, өз атасы кеппенші Раухым, тұмысынан берілген ныспысы Зеректі, өзіне жол ашып, жұлдыз оқығалы ел-жұрты Жұлдызышы атаған балан алдында. Онын жердегі күнін түгесілттін, дәм-тұзын өзгелерге тараттын. Тәні жердегі мәңгілік үйінде қалады, рухы, Тәнірім, өзіне қарай сапар шегеді. Жұлдызышы бүкіл сак баласына жылдың төрт мезгілін жорып, кімнің қашан көштетінін, егінді қашан салатынын, жауыннын, дауылдың, үскірік аяз, боранды қыстың аяғы не боларын айтып келді. Соңдай қасиетті адам жаратқан, саған, Тәнірім, мың мәрте тағзым!

Барша жұрт жамыраса “Тағзым!” — деп бас иді.

— О, жұрттым! Жұлдызышының жаны жай тапсын. Ісі жалғассын. Рух сапары оң болсын. Кош!

Патшалар шегініп, ел катарына тұрды. Ер азаматтар терен де кен қазылған обаның ішіне жұмыр ағаштан мәйіт үйін жасапты. Еденге көн төсеп, үстіне жана басылған ак киіз салыпты. Сол үй ортасына мәйіт басы батыска қарата жатқызылды. Жанына кайтқан адамның аты-жөні, руы, көсібі жазылған кыш такта, майға піскен ағаш аяқ, шеміш, көзе, жазу жазуға дайын ак жарғак, ғаданың¹ майға малған көмірі қалам ретінде қойылды. Үйшіктің төрт қырлы шатыры бекітілген соң, топырақ тастау басталды. Бұл өнірге жауын жаумағалы жиырма шакты күн болты. Жұлдызышыны ұзақ сапарға аттандырып, елдін беті ордаға бұрыла бере себелеп жылы жаңбыр басталды.

— Нұр жауды! Тәнірім Жұлдызышының артындағы ел-жұрты көгеріп-көктейді деп тұр, — секілді сәуегейліктер тұс-тұстан жамырап берді.

— Біз жолға шыққалы қанша күн болды, Белдағұн? — Қанлы патшасы атқосшысына бұрылды.

— Бүгін жетінші күнге ауды, басилем!

— Жұлдызышы қашан қайтыпты?

— Сіздер жолға шықкан күннің ертенінде, басилем!

Алты күн Сіздерді тосуды үйғарыпты, басилем.

— Күн ыстық, мәйітті будан ұзақ ұстау қыын ғой... Ниетіміз қалыс еді, үлгердік. Әлті бізге тіктірген үйлерінен дәм татып, Жұлдызышының артында кім бар, жағдайы қалай, соны білген соң, кайтармыз. Оған қалайсын, Спитамен?

— Эрине, қаралы ауыл Сізді көрсін. Патшаның өзі келіпті деген не тұрады?!

Жұлдыздар сары жапырақтанып, кылқыты қыздың құлағындағы алтын сырғадай қалтырап тұрганда патшалар

¹ Ғада — тобылғы тәріздес бадам.

жауыннан соң, бусанып жатқан кеңістікті майша тіліп жолға шықты. Енді канлының бас ордасы Битанға ет пісірім жер қалды. Ал Спитамен өз елінің шетіне жарым түнде ілігеді.

— Мен Битанға бұрылмайтын шығармын, ағасы. Бір ойды бір ой інінен шығарды ма әлде құдайдын өзі аян берді ме... Жана массагет ағайындарына дег тігілген ақ үйге кіріп, аяқ созып, бел жазып, сәл жатқан ем. Түсіме әкем кіріпті. Әкем есіктен кіре сөксін келіп. Отыз жыл ел басқарған, массагеттің өзін де оның қалқасындағы сақ баласын да жаудан, жырындыдан қорғап, Қорған Баба атанып ем. Сендерден кеткенімे он жыл болды. Құллі сақ даласы мені ұмытып барады. Атымды жаңғыртып, бір ас беруге жарамай жүрсін... дегені. Ояндым. Жүргім атырылып, алқымымда тұр. Түс пе, аян ба үқпадым. Дәл өнімдегідей көрдім, анық сөйлестім. Қозін иектеген әжімдеріне дейін анық көрінді... Сірә, бұл әкемнің әмірі болса керек. Мен елге жете ертең бүкіл Сақ патшалары мен хандарына андыздатып хабаршы жіберем. Енді аз күннен соң бастары қосылып қалар.

Патшалар аттан түсіп, төс түйістіріп қоштасты.

— Ниетін кабыл болсын, інім. Маған айтартың болса хабарла. Мүмкін бірер күн ертерек келермін.

— Соныныз дұрыс, аға патша. Сағына тосам.

— Шын ниетінді де, арғы ойынды да түсіндім, Спитамен. Есті сөзді кім айтпайды, тәйірі. Ақылды іс істеген адам — нағыз есті. Ас берудін артында және бір ұлы парыз тұр-ау, сірә! Бәрі сәтімен болсын!

330 жылдың шілдесінде Массагет жеріне Сақ патшаларының бәрі дерлік жиналды. Спитамен ойын-сауық, ат-жарыс, палуандар белдесуін, мергендер бәсекесін, найзагерлер, семсершілер, жай лақтырушылар жарысын түгел өткізді. Қызықтың арты кеңеске айналды. Осы жолы ақсүйек Байтактың қасты ордасына Үйсіннің патшасы Күнбекі бас сұкты. Арада еш нәрсе болмағандай емен-жарқын қауышып, өткен іс жайлы екі жақ та тіс жармады. Кенес Ескендір Зұлқарнайның сақ жерін бетке аларын естіп, жуық арада Қанлы патшасының бекінісі — Тасқалада кездесетін бол тарасты.

VII

Александр осы жорықта кара табан фалангистерден кем азап шеккен жок. Жаракат та алды, кәдімгі ет пен сүйектен жаратылған адамша сүйк тиіп қатты ауырды да, бір жұтым суға тапшы бол, кенезесі кепсе де өзі ішпек суды шау тараткан ұстазы Лисимахка ұсынған сәттері қалай ғана ұмыт болсын. Осылай қажалып, мұқалып, арыл-ашқан әскермен Александр Парсының астанасы Персепольға оқталды. Дарий Персепольға жоламай Қара теніз бен

Биркан тенізі, сактар мекендереген Ұлы Дағаның шет-пүшпағынан қауіл-қатерсіз тұрақ іздеді. Персепольді Александр қиналмай қараташ алды. Ахемендердін бас ордасы, сактар Баирша деп атайдын аныз қала карсылықсыз берілді. Қаланың бас қақпасына бастайтын сар жолмен жосылтып келе жатып, Александр өзі көп естіген парсы мазарларын жазбай таныды. Қаладан оқшау, таушыктың үстіне текшелене салынған мазарлардың сәні мен салтанатына таңданбаған адам жок. Гректердің қатқыл да ұстамды сарайлары мына мазарлардың жаңында тауды ойып, тас қалап тұрғыза салған аса үлкен мүрдебасы бол көрінер еді. 518 жылдары I Дарий салдырып кеткен, патшалардың сүйегі жаткан мазарлар парсы әлемінің ең қасиетті орны. Ондай қасиетті сарайдың бірі Баиршаның орта шенінен де табылды. Бірақ оның салтанаты Александрдың еңсесін басты. Адам баласының киялы жеткен межедей көркем сарайлардың сұлулығы өзіне сор болды. Өйткені, ондай ғимарат Эллада жерінде әзірше жоқ-тын.

Македон-грек әскері Баирша - Персепольға кіргеннен қаланы тонауға кірісті. Құмбезіне қараса бас айналып, көз қарауытатын, өрнектері алтынмен апталған сарайдан-сарай. Сарай іші бірінен бірі өткен бай. Сарбаздарда ес қалмады. Сом алтын, білектей құмістерді арқалап, кайда тығарын, елге қалай жіберерін білмей састы. Алтын зерлі мауыты киімдер, алтын-кұміс зерен аяқ, құмыра, кубоктар құщағына сыймай Александрдың сарбаздары нағыз баукеспе, ұры-қарының кебін киді. Баиршаның кез келген үйіне лап койса – мұндай дәулет түсіне кірмеген эллиндіктер байлыққа батып жатты. Байлығын тартып алып, ерек кіндіктерді өлтіру, әйелдерді зорлықпен иемдену белен алды. Мұндай корлыққа шыдамаған баиршалықтар биік қорғаннан құлап өліп, өз үй - жайын өз қолымен өртеп, отбасымен у жеп өлуге көшті. Жан тәзгісіз зорлық, талапай, нағыз жабайыға тән қатыгездік эллада-лықтардың ішінде тірліліп, сыртқа тепті. Олар қашама тойымсыз, озбыр болса да Баиршаның байлығы соншалықты түгесіле қоймады. Қала құмырсканың илеуіне ұқсан-ак тұр. Мындаған мириад жерді жаяу өтіп, сан қатерді женип келген адудынды әскердің ішкені шарап, іздегені дүние, ара-тұра өзара алтынға таласып, бірінің қолын бірі білекten шалқан азғындық та аз болмады.

Александра мұнын бәрі аян. Осынау бейбастыққа жол беріп, өзі де тұнді тұнге ұрып аузы шараптан құрғамады. Колы қалт өткен бір сәттері нәкерлерімен қаланы шарлайды. Баирша адамды таңдандыру үшін салынған, көркемдік жарыстырыған қала бол көрінді. Бірақ орта тұрмысты парсылардың өзі адамның ку жаңына не керек соның бәрін жасап алған екен. Бау-бак, аспалы өрө, масахана, монша, қойма, шарап жертөлелері – бәрі-бәрі рахат өмірдің дара улгілері еді. Александр осының бәрін көрген

сайын амалсыз өз елі, өз Отанындағы сінірін созған кедейшілік, жаланып-жұқтанған әр отбасындағы мәңгілік тапшылықпен салыстырады. Салыстырады да ішін өрт шалғандай болады. Ыза қысады. Алқымына кесек тығызып, өкініш өзегін өртейді. “Көріндер, адамға не керек екенін?”. “Үйреніндер! Женімпаздар!” “Көр бәрін, Парменион! Көр, Филота! Пердикка! Кратер! Клито, көр, үйрен!.. “Парсылар тірнектеп жиып, ұрпактан-ұрпакқа жақсартып, байтып қалдырған байлықты тауықша шашып, жыртқышша жайпап жатырындар. Ешқайсысының қолынды қакпаймын. Жоқтан бар жасап, өмірдің шын мәні – рахат, барышылық, мүмкін болса малынған байлық екенін мақтаншак македондықтар мен ер кеуде гректерден бүрын парсы баласы ұққанын бәрің көзіңмен көріп, қолынмен ұстандар. Мүмкін қатып қалған қара миларыңа санылау түсіп, ой тірілер!?” Александр күллі шаһарды күнде аралайды. Тез тауысуға асықпайды. Бұл байлыққа өзі де таң. Ең кордалы жердің асыл дүниелері шешесі Олимпиадаға күн сайын кетіп жатыр. Құдайы колдағанда байлыққа өзі де меймілдеп қалған. Пенденшілікке салынбай дос - жарапандары, осы женісті әкелген үлкен-кіші қолбасшыларынан да еш нәрсе аямады. Әркімнін өлшемі – қанағаты болсын, дел түйді де патша арқаны кенге салды. Құндердің күнінде сарайдан - сарай адактап, Ксеркстің сарайына келді. Сарай жай ғимарат емес, әлемнің сұлулығы мен байлығын бағып тұрған Ксеркстің мұсінін көзі шалды. “Міне, Ахемен әuletінің атасы. Ұлы империянын басы – Атаксеркс Ахемен әuletіне билікті ұстасып кетті. Одан кейінгілер оның арманын да, ойын да төкпей-шашпай тек көбейте, көркейте берген... “Сенен өткен ақылды патша шықпайтындаі қөрініп еді?! Жоқ, Ксеркс! Шықты ондай патша! Сен ахемендердің қол астына арипейлерді, Египетті, Палестина, Үндінің жартысын, Бактрияны, Грекиянын қасиетті қалаларын жиып бердін. Мен Македония мен Грекияны сенің жалпақ еліңнің үстінен қарайтын етіп біріктірем. Сонда тарих сені менен кейінгі орынға қояды, Ксеркс. Соған риза бол, Ксеркс!” Патша Ксеркстің мұсініне тұра келе жатыр еді, бір жандайшап патшаның көнілін табам деді ме, әлгі мәрмәр мұсінді қағып кетіп, сұлатып түсірді. Патша жүрісінен жаңылмаған күйі бел ортасынан как бөлінген мұсіннің тұсына келіп: “Не, істесек екен, Ксеркс... Элладаны талтағаның үшін осы жатқан күйінде қалдырайык па, әлде ержүректігін мен кеменгерлігін, кендігін үшін көтерсек пе екен?” – деп тас мұсінді сөзге шақырды.

– Мен бір акыл қосайыншы, Александр! – деп патшаның қамыт аяқ, казан бас, шор маңдай, бәкене бойлы сайқымазақ ермегі Монолох барқ ете қалды. Дүйім жүрт алдында: “Александр, сен ақымақсын!” – деп те соға салатын Монолох. Енді екі патшалық бір елге айналар тұста да Монолохтан басқа

Александрга не ойласа соны іркілместен, кез келген жерде айта аталаатын Монолох бол қала берді.

— Сейле, Монолох!

— Менінше Ксеркстің кіндіктен төменгі жағын тұғырға қайта кондыру керек. Өйткені, ол осы екі аяғымен елін қорғады. Ал қеудесі мен басын Элладаға жіберу керек. Еліне, әр отбасына ғасырдан-ғасырға ұласар бакыт үйріп беріп кеткен патшалар көп емес. Бір құрықтаудың үстінен әспеттеп орнатып: “Халқын бакытқа жеткізген патша” деп астына алтын әріппен жазып қою керек.

Александр миығынан күлді. Содан соң Аристофанға қарап:

— Дәл солай жасандар! — деп бүйрыйк берді.

Баиршадағы төрт ай Александрдың табиғатын екі үдай күйге түсірді.

Ол өз әскерінің Баирша тұрғындарына жасап жаткан қатыгездігін актарлық уәж тапты. Кезінде парсылар да гректер мен македондықтарды аяған жоқ. Қасиетті орындарын тәркілеп, тас сарайларының төбесін түсіріп, сорайтып мұржаларын қалдырған. Енді мына мың сан кара табан құлы бар, аксүйегі бар әскердің әр сарbazы елге қайтқанда Баиршадағы сүмдикты неше сакка жүгіртіп, әсірелеп жеткізегі анық. Онын бәрі, айналып келгенде, Александрдың кек алу жорығын аспандау бол шығады. Екінші жағынан, Александрдың ішінде парсы сәулеті, парсы өнері, сән-салтанатының паркын да түсінбейтін топастардың қиял-ғажайып махаллаларды аяусыз қиратуына деген аяушылық та жоқ емес-тін. Тек іште бір күжіл бар. Ол елде қалған текешіктер — Грекияны қидалап, әр таудың бір беткейін бір мемлекет етіп ұстап отырған панкеуде патшасымақтарды, олардың сойылын соғып, сезін сейлеп жүрген көбік ауыз ақымақтарды тізіп әкеліп: “Уа, данышпандар! Сендер дүниенің өлшемі грек өнері, сәулеті, грек сезі, грек ойы деп сез жарыстырып, елжандылық жарыстырып жүргенде парсылардың сендерді он орап, бар салада шығандап озып кеткенін көріндер”, — деп Баиршаның көшелерімен алып жүрер ме еді. Патшаның міндеті — тек шеріктің алдына шығып, біреуді женип келу немесе ішкі тартыста бірді бірге жығып беру емес, отқа май құйып, жау іздеп, елді дуылдаған даулы өмірден көз аштырмау еместігін де аңғару мына әлемнен түсіну қынға соқлас еді. Бірақ, қайран Эллада ойға ұшқыр болғанымен, еңкейіп еңбек ету, дүниені алға оздыру, адамды баянды бакытқа, қарапайым ғана жақсылыққа, құдайдың өзі қаны мен жанына қосып жаратқан жан рахатын, жан тыныштығын, баршылық пен токшылыққа ұмыттылуын біржолата ұмытқандай. Он күндік дәүлеті барлардың есіл-дерті — так, үш күндік азығы бардың есіл-дерті — данқ. Бірі қаһарлы патша, екіншісі не Демокрит, не Демосфен болуы хак.

Александрдың аяғына тұрзі байланғандай Баиршадан шыға

алмай қалуы не саяси, не әскери айла-шарғы емес. Дәл осында Александрдың ішкі дүниесі өзгеріп жатты. Ол бірінен-бірі күшікте беретін саулдардың шырмауында қалды. Парсылардың қандай ел екені Баиршаның қарны жарылған соң белгілі болды.

Атаксеркстердің бірнешеуінен соң, сол ахемен әuletінің өкілдері Кир, Дарийлер елдің атағын ғана емес, дәулетін де адам нанғысыз етіп көтерген. Елі, халқы оларды аруактап, әркайсысына жеке мазар тұрғызыпты. Әр мазар – асқақ сарай, қордалы байлық, қасиетті орын. Қай патша да өз тұсында ел жадында жүрерлік, аруағын қастерлеуге тұрарлық қызмет етіп кеткен. Елге қызмет еткен патша мен патшасының қадірін білген елді бұл – Александр қалай женгендін түсінбейді. Сірә, гәп елдің елдігінде, Гавгамелде женісті жұлып ала жаздаған әскерде де емес, елдің сорына қалған Дарий Родоманидін су жүректігі, боркеміктігі шығар. Ел нашар болса Дарийге еki рет жер қайысқан қол жинап берер ме еді? Дарий қырық күн емес, қырық жыл шайқасса да мына ел оны еш нәрседен кемшін етпейтін екен. Әттен, бұл жолы халқына патшасы сай болмапты. Патшасының тағы шайқалғанда, жарты елден, қалың жасактан айырылғанда еш нәрсе бұлінбегендей, елдің ертеңіне, патшаның құдіретіне шұбә келтірмей, басқыншылардың аяғы жетпеген, әлі де ел бол, ес жилюға жетерлік жер де, байлық та, басқасы да бар екенін түсініп, еш саспаған қасабалы сатраптар міз бақпай отырғанын қалай түсінуге болады? Бұл не? Тәртіп пе? Дәстүр ме, сана ма әлде адамдық сала ма?.. Александр мұның да жауабын іздеп, талай тұнді аунақшумен өткерді. Саял бар, жауап табылар емес. Амалсыз осындағы жайттарды ойша өз еліне әкеліп телиді. Телиді де жериді. Өйткені ондай ұйыған ел Македония мен Грекияда ешқашан болған емес. Эрине, Эллада қадір-қасиеттегі жүрдай мекен емес. Ол – ойшылдар елі, ғұламалар отаны, шещендер мен көсемдер елі. Аристотельдей адамзаттың акылшысын, ұстазын тудырған ел мал бағып, бала өсірмей, асылды сактап, жақсыны сыйлап, мықтыны мойындаپ, барды бағалап, тірнектеп тіршілік жасауды неге халықка уағыздамаған? Бесенеден белгілі... Бес саусақ бірдей емес. Бірак, оның ешқайсысы артық та емес. Адам да сол секілді. Бірі акылды, қабілетті шығар, екіншісі дәл сондай акылды болмағанмен шебер, зергер болуы. Біреууге құдай онын екеуін де бермегенмен өгіздей денсаулық, күш-куат, темірдей жүйке береді. Сөйтіп, әркім әрқиыл өмір сүргенмен, бәрі жұмылып жақсылыққа ұмтылса, сулуулыққа табынса, тоқшылыққа, байлыққа талпынса оның не сөкеттігі бар? Жо-жоқ... Элладада ел іші олай қалыптаспаған. Бірі сінірі шыққан кедей, бүгін кайда түнері, ертенгі ас қайдан, кімнен екенін білмейтін қанғыбас. Алдына ақ боз атпен патша келсе де қынбайды. Яғни оны мойындағайты. Өзін одан артық санамаса

кем санамайды. Александр мен Диогеннің кездесуі соның айғағы емес де? Есінде...

...336 жылы патша Коринфке келді. Ондағы мақсаты Панэллиндік одактың кенесін өткізіп, өкесі II Филипке берген бар билікті ресми түрде Александрын өзіне жүктету, Парсы жорығын қайтадан құптату болатын. Грекияның жуасып қалған кезі. Македон гегемондығын бәрі мойындан біткен. Келген мақсаты өз ойынан шығып, айдарынан жел ескен патшаның құлағына бір қызық та, қызын да сыйбыс естілді. Ол Диоген Лаэрратскийдің осы қалада жүргендігі. Диоген... Қалтасында кара бақыры жок қанғыбас шал. Бұл дүниеде “мынау Диогеннің құркесі” дерлік тұрағы да жок. Ең бастысы оның бар-жоғын ойлап жүрген Диоген жок. Оған ешнәрсе қажет емес... Міне, сондай алба-жұлба шау тартқан адамның аты — аныз. Елдің қастерлісі. Оның есімі аттап өтпеген шекара, теніздер мен дариялар кемде-кем. Өзі дұрыстап жонылмаған қыныр таякка сүйеніп, бокшасын иығына ілген бойда түн баласы қай жер кезіксе сол жерде кисая кетеді. Александр Диогенді кала шетіндегі тастанды үйдің ауласында, нән ағаш бөшкенін ішінде күншуақтап, манаурап жатқан жерінде талты. Құллі жарандарымен жер көшіре дігірлеп жеткен патшаға Диоген жатқан жатысын өзгерпей қабағынын үстінен қарады. Көзі суарылған болаттай, көз сұғы мірдің оғындей. Ол патшаға анықтап қарады. Таныды. Мысымен патшаны басып таставды. Саскан тек тұрмас дегендей-ақ Александр: “Диогенге бір нәрсе қажет емес пе екен?” — деп қыяп ете қалды. Диоген басы артық қымыл да жасаған жок, өн-түсі дә еш өзгерген жок. Тек: “Патша, күнді көлегейлеп қалдың. Сәл былай түршы”, — деді де қайтадан күншуаққа балқып, манаурап жата берді. Александр ошарыла бұрылып, сүйт жүріспен үзай берді. Александр үңсіз. Ешкіммен сөйлесуге зауқы жок. Жарандары мен жарамсактары Диогенді мазақ қып, неше саққа жүгіртіп, кемсітіп, жарымес дегенге дейін жеткізіп салды. Арасында біреуі тақақтап қоймаған соң Александр Диоген туралы өз ақиқатын актара салды: “Мен Александр болмасам — Диоген болар едім”. Кім не түсінді — белгісіз. Ал Александр патша өзі мен Диогеннің арасына тенденсік белгісін койды. Өйткені Александр — Аристотельдің ен үздік шәкірті өз беделінің билікке, байлыққа, ақшаша сүйеніп тұрғанын, ал Диогеннің беделі ұлы көрегендіктін, адамгершілік пен кіслік, рухани тазалықтын үстінде ғулдеп тұрғанын түсінді. Менің атакданым өзім өлген күні жерге бірге көміледі. Диогеннің ғұмыры — мәңгілік, ол — адамзаттың Адамы. Ол — космополитизмнің атасы. Космополитизм — адамзат санаасының шырқау шегі. Оған дейін аласапыран дәүірлер, сан-килы ғасырлар өтеді. Адамзат Диогеннің космополитизмін жатсынып, мойындағысы келмей, жана әлеуметтік, саяси құбылыстар, алыс-беріс катынастар,

одактар, қосынды елдер, мемлекеттің түр-түрін жасайды. Коршанады, қорғанады. Бірақ тұптің түбінде соның бәрі космополитизмге баар жолдағы баспалдактар ғана. “Адамның ұлты – Адам, Адамның тұрағы – жер”, – дейді Диоген. Сана осыған жеткенде адамзат көптеғен рухани қоқыстан тазарады. Жер шары әр адамның еркін мекеніне айналады.

...Ксеркс сарайына бас сүккәнда Александр осындай бір кездесуді еске алды. Диогенен бір үшқын кеудесіне түсіп, сол үшқын түтінде маза бермеді. Александр сонына ілескендердің көңілін де таппак. Александрдың Персепольға келгеніне біраз болғанымен ол ахемен патшалары бірінен соң бірі отырған тарихи алтын такқа жоламаған. Енді бүгін, сол такқа жайғасу рәсімін жасамақ! Бәрінің Эллада жерінен аттанғандағы арманы – Парсы патшасының тағын тәрк ету еді ғой. Сол сәт те келді. Жан-жағы қаумалаған жарандары, ең соны – тарихи сәтті көзімен көрмек тобыр. Дарий Родоманидің піл жонды, піл еңселі алтын тағы, алтын зерлі қаптамасы, басқа да асай-мүсейі қаз қалпында түр екен. Александр келді де Дарийдің тағына отырды. Сарай ішін қуаныш пен шаттық кернеп түр. Сонда коринфік карт сарбаз Демарат жылап тұрып: “Александрың Дарий тағына отырған бақытты күнін көре алмай кеткен эллиндік бауырларым, бақыл болындар. Сендер осы ұлы той ішіндесіндер!” – деп зарлағаны Александрдың жүргегіне жылу құйды. Бірақ таққа отырудың арты ұлы лаңға айналарын сезсе бір-ак адам сезді. Ол – Александрдың өзі еді. Бұл күн, бұл кеш адам көргісіз мастықтың тойына ұласты. Женісті тойлауға, достарымен сауық-сайран құруға бар да, әйелдерге қатысты жынойнақтан бойын аулақ ұстайтын Александр осы кеш онаша қалуды қалаған. Баирща-Персеполь дүркіреп түр. Тек патша жайғаскан Дарий сарайында тыныштық. Өзін үш орап қорғап түрған күзетшілер мен сақшылардың жауабы біреу-ақ: “Патша тынығып жатыр”. Ол кезде патша сарайын бір мамық бұрышында шалқасынан түсіп ойға шіомған.

Рас, соғыс біткен жоқ. Александрдың жарты өмірі жер бетінде бар деген елдерді жаулап алуға кетеді, қалған ғұмыры сол шетсіз-шексіз мемлекетті басқаруға, адамзатқа мұлдем басқаша өмір жолын көрсетуге арналады. Ол не жол? Дүние есігін жылап ашқан адам баласы өмірден озғанда артында қалып бара жатқан ет жақындары үшін жүргегі езілмей, кап-қара тұнілістің тұнғиырына кетпейтін өмір жолы. Эрине, Александрдың да қолынан келмейтін нәрселер көп. Айталақ, өзіне өзі жақсылықты қимайтын, оны іздемейтін, теріс біткен бұтақтай қара қырықтарды бакытты ете алмайды. Ішімдікке салынған азғынды санатқа қоса алмайды. Тегінен тентек, тұқымынан үры-кары, алаяктарды ел сыйлайтын адам ету, сірә, қолынан келмес. Жігерсізді, қарауды, жалқауды жарылқаудың кажеті болмас.

Дәүлетке, атак-данққа деген талас ешқашан толастамайды. Ол жолда адам ойлап таппас амалда, соған орай мінез-кулықта шек жок. Оған Александр қарсы емес. Тек сол куресте, мәңгілік майданда адамдар Александр жасап берген ережелер, тәртіп пен шектеулерден аспайтын болады. Қазіргі сұрқия соғыс, үрей деңдеген шак, сол болашақтағы нұр жауған ел, гүл жайнаған жер, әуез кернеген кеңістік, көркем де көнілді өмірге үласу үшін жаппай жақсылықтың жолын ашып келе жатыр. Осының қандай да болмасын тоңмойын, топастарға дәлелдейді. Қенбесе — көндіреді. Ондай сынар езулер тек Александр дұрыс деп тапқан өмір салтымен жүріп отырады. Қия баспайды. Бастырмайды. Ненің жақсы, ненің жаман екенін де дәл осы заманда, осы танда Александр ғана біледі. Адамдарға тек патшаның айтқанымен ғана жүру калады. Жаппай-жапатармағай бақытты болу деген осы. *

Ал жорық кезінде кезіккен майда-шүйде патшалықтар Александрдың Парсы империясы туралы түсінігін нақтылады. Әсіресе Тир, Газа секілді мойны қатты патшалықтар бұл мемлекеттің сырын ашқандай. Ахемен әuletі ғасырлар бойы басқарған империя курау-сұрау мемлекет болғаны ғой? Парсы патшаларына тек салықты уақтылы төлең, бодандығын мойындаң, бас шұлғыса болды деген сөз-ау? Мүмкін алып империяның орган белінде жамbastap жатып, өз халқын да, өткен-кеткен саудагерлерді, кемелі, кемесіз керуендерді сылайы тонау Тир жуандарына, әрине, тиімді. Парсыға берер салығы — жидашылықтан түскен пайданың бір парасы ғана шығар? Өз тұрындары өртеп, тауға қашқан Мармар да, Газа да солай өзімен өзі болып жатқан майда патшалықтар болғаны да! Парсы патшалары өз империясын бөлек-салак ұстап келіпті. Бұл империя да, мемлекет те емес. Әлгі қала сайын, бұлық сайын патшалық құрғандар салық төлегенсіп кана жатып семірген. Есесіне парсы найзасы оларды қорғаныска, әскер ұстаяуына кететін шығыннан құтқарып келген. Сонда кім ұтты? Бұл екі жаққа да тиімді болған соң ахемен билігіне қайсысы келсе де .сол калыптасқан өмірді, карым-катынасты өзгертуге кулықсыз болған. Міне, Дарий күн сала қараса көрінер тұста жениліп жатқанда Тирден, Газадан, Мармардан, бүкіл Кіші Азиядан андағайлап шауып, Македон әскерінің ту-талақайын шығармай отыра берудің сыры қайда жатыр! Парсы әскері екі мәрте женилгенде бөлек-салак патшалықтар мен тойынып алған сатрапиялар бүйрегі бұлк етпеген ғой?! Енді сол ісініп-қабынған, бірақ іші бір-біріне сорпасы қосылмайтын мың патшалық, жуз сатрапиядан тұратын ел түгел Александрдың табанында жатыр. Сонда Александр да тек биліктегі адамдарды ауыстырып, басқа тәртіп сол күйінде кала ма? "...Қалмайды",—дейді патшаға оның ішіндегі патша қөнілі. Қалмаса қалай басқарады? Өзі

сайлаған адамдардың адалдығы кепілдікке жеткілікті ме? Ол бір ғана адам ғой! Патша да, сатрапта, батыр да — бір оқтық. Әрине, тіпті сөз жок, мемлекеттік жүйені тұп-тамырымен өзгерту керек. Император сарайынан шықкан пәрмен сол сәтте барша бұлыктардың әрекетіне айналу керек. Император да өз елінің бір пүшпағында жерге түскен касықтын сылдырын естуге тиіс. Императорсыз күмырска илеуінен шықпай, қурай басы сынбайтын тәртіп орнамай оны ел деп атауға болмайды. Ежелден жеке елміз деп келгендердің шекараларын қайтадан кесіп-пішу керек. Ел қалай аталмақ? Әрине, Македон империясы. Грекия ше? Гректер де дәл осы парсы секілді токпактын күшімен одактас болмап па еді! Гректі коссан парсыны амалсыз косасын. Билік қай қолда болса ел солай аталауға тиіс. Қай кезде де солай болған.

Енді... Осы істі алдымен жасап, киоын келтіріп, бұрк-сарқ көнбекендерін басып-жанышып, дәл бүгінгі кеңістікте мызғымас мемлекетке айналдыrsa... Оған ең кемі үш-тәрт жыл кетеді. Жорыкты содан соң тың күш, жана серпінмен жалғастыrsa, мүмкін біраз ел еш қарсылыксыз тізбектеле қосылуы. Өйткені жана алып мемлекеттің дүниеге келгенін, оның бір оргалықтан басқарылатын біртұтас күш екенін бәрі біліп болады. Бүгін де, жуық арада да Македон империясынан көлемді де, қуатты да мемлекет жер бетінде бола қоймайды. Сондықтан, әзірше, осы Персепольдегі дайын сарай ішінде, дайын казынаның үстінде отырып пәрменді бере беру жөн. Болашақ астана, сөз жок, Вавилон. Одан кейінгі астана — құрылышы енді басталған Александрия.

Бірақ... әскердің женімпаздық рухы асып-төгіліп тұрғанда, қолбасшыларын — диадохтарымның жастық жалыны басылмаған шакта және біраз жер, біраз елді жаулап алып, әлгі тәртіпі асықпай жасаймыз ба? Қазір, ел ішіндегі былық-шылықтын қарның аршуға кірссең таусылмас дау, қырқылжың сөз, жаппай қарсылық, өз әскерінмен өзіңе қарасты елді жазалап, малтығып қаламын ба? Елді өзгертуге өзім дайынмын ба? Диадохтарым — карулас достарым. Кінә арта алмаймын. Ертен, олардың ішінде бәсеке тіріліп, сатраптықта таласып кетсе не істеймін? Қайсысын қайсысына жығып беремін? Одан соң әлгі өкпелісі маған бүгінгідей еш бүкпесіз, қалтқысыз қызмет ете ме? Күмән. “Хм... Александр. Елді өзгерту әлі піспеген дүние. Аяғы суымаған, колы шығып тұрған әскермен біраз шаруа өндіріп тастау керек. Әзірше македон билігін төңкөріп тастар қауқар мен өткен жерде жок. Сатраптардың колына құдай қуат берсін, ынсалқа берік болсын деп тілейтін де аз-кем демалыстан соң жорыкты жалғастырайын. Дегенмен, Парсыға да патша болған соң бул қалың елді алдаусырата ұстайтын болмашы амалдарға бару керек. Ол бүгіннен басталады. Бастап көрейін. Кім қалай кабылдар екен”.

Әлден уақытта басын көтеріп, Монолохты ермек қып сарай ішін аралады. Бұл түстеп танитын, танымайтын заттар баршылық. Александр әр заттың не қызмет аткарғанын, оның мәнін түсінгісі келеді. Дарийге қызмет еткен, осы сарайды бабында ұстап тұрған қызметшілерді түгел жинаатты. Жинаатты да македон-грек иістіден тек Монолох пен ұстазы Лисимахты, тәржімашыны қалдырды. Одан соң мұнда не болатынын ешқайсысы ешкімге тіс жарып айтпауға тиіс екенін зілмен жеткізді. Осы кеш Александр Парсы патшасының таққа қалай отыратынын, нендей киім киіп, нендей пәрмендер беретінін, ту сыртында кімдер тұратынын, кол созым жерде, аяғының астында, он тізе, сол тізесіндегі кімдер тұратынын, жарандары мен ақылмандары, колбасшы-каруластары қалай-қалай жайғасатынын, ойың-сауықтардың қалай өтетінін, сарайға кірген бойда патшаға қандай ишара білдіру керектігін түгел менгеріп алды. Өзі Дарийдің тағында отырып, бәрін тірідей, өмірде қалай болады, солай жасатып көрді. Мұның аяғы неге тірелетінін ол өзі сенген екеу-ұшеуге де айтпады. Олар “мұның не?” деп сұрауға да батпады...

Бүгін Александрдың атағы аспандап тұрғанда іштей кектесіп, қолайы келсе, басын алуға да даяр жүргендегі әлдебір әрекетке бара қоймайды. Өйткені “Женіс” деген ұлы ұғым – “Александр” бол естілетін.. Александр сезінде тұрған бірден-бір патша. Әрбір үлкен женістен соң Александр әскерге отыз-қырық таланттан алтын, күміс акша үлестіріп отырды. Парменионға Сузы қаласында осы қаланың ен бай аксүйегі Багойдың сарайын түп-тамырымен сыйлады. Мұндайда Александр өзі еш нәрсеге қызықластан таза шығатын. Өзін осы Баирша-Персепольға дейін қарапайым наизагермен тең ұстап, қатердің алдында жүріп, сол наизагер көрген азаптың ішінде болып, қаракан басына артықшылық көрсеткізбеген, терісі кен, колы ашық патша ушін бүгінше мына қаракұрым сарбаз кез келген уақытта жан беруге әзір. Бұл жоғары рух Парменионнан басталатын ішмерездерді әрекетке жібермей тұр. Сол рух кернеген сәтті Александр мұлт жібермей болашақ өзгерістерге пайдаланып қалмак. Ешкімнің дерлік көнілінде өз патшасына деген күмәні жоқ, шексіз ризашылық шағында Александр өз жарандарының санатына бірнеше парсы аксүйегін кости. Өзін корғаушы үш шептің ен сыртына парсылық сарбаздардан қорған тізді. Өзі таққа қалай отырды, енді елге тек сол байктен ғана көрінер әдетке бет бүрды. Жүріс-тұрысы да парсышалыс патшадан аумай-қалды. Осы өзгерісті көзге үйреншікті, санаға сайлы ету үшін Александр біріне-бірі қайши екі әрекетке барды. Біріншісі – панэллиндік одак жүктеген парызды аяғына жеткізу – ғасырлар бойы Эллада жеріне тыныштық бермеген парсы патшаларының сарай - мазарларын кирату еді. Александр тойынған да масайған қалың

отандастарын ілестіріп, таушыққа қонған ақ көгершіндердегі ақ сарайларға келді. Бірінші болып, әйелдер әскери легінің колбасшысы, Александрдың балалық шактан бірге өсken, бірге оқыған досы Птоломейдін ашынасы айдай сұлу Таис сарайға алау лактырды. Одан соң Александр алауды бірінен соң бірін лақтыра бастады. Басқа сарайларда тонау басталды. Парменион патшаға: “Сен енді осы елдің де патшасысын. Өз мүлкінді өзін өртегенің қалай? Ел сені өз патшасы деп қабылдай ма, осыдан соң?” – деп еді Александр іркілмеді.

– Мен бәрін рет-ретімен жасап келем, Парменион. Парсылар біздің қасиетті жерімізді аз қорлады ма? Мынау соған менің жауабым. Ал парсылар мені өз патшасы деп қабылдау үшін басқа тәртіп орнайды. Есінде болсын, Парсы жерінің ендігі иесі мен екенімді бірінші бол өзің еске салдын. Енді сол сөзінде түр. Сарайлар бүгін өртегенді, өртен, ел оған мойынсұнады. Өлілер бізге еш нәрсе жасай алмайды. Қаскөйлік тек тірілердің іci, Парменион! Рас па?.. Біз тірі парсыларды риза етеміз.

Арада бірер күн өткен соң Александр бұрын Дарийге, енді өзіне көшкен сарайда ұлан-асыр той жасады. Осы тойдан соң ол Баирша - Персепольдағы тәрт айлық, аялды тоқтатып, жорықта шықпақ. Шыққанда да бәр-бәріне мұның ендігі мәртебесін білдіре аттанары хак. Сол үшін Александр парсы патшаларының улгісіндегі алтын зерлі кім тіктірген.

Колбасшылардың бұрынғыдай баса-көктеп патша үстіне кіре беруіне тыйым салды. Алдымен кім келгені хабарланады, одан соң патшадан рұқсат берілгеннің өзінде сарай қызметшілерінің сарабынан өтсе ғана ішке кіре алады.

Той болған күні Александр Дарийдің алтын тағында отырған. Жаңа тәртіп бойынша сарайға шакырылған санат өз саусағын өбіп, еңкейе тағзым етіп, патша шапанының шалғайын ерніне басып өтуге тиіс. Бұл тәртіптен парсылар іркілген жок. Үйреншікті әдеттерімен лыпып берді. Мұндайды алғаш көрген Парменион, Филота, Кратер, Пердикка, Птоломей, Клито, Каллисфен, Македон аристократтарының ерке ұлдары мына тәртіпті түршіге қарсы алды. Колбасшылар бүгінге дейін Александрдың тенденстер арасындағы бірінші адам деп қана қабылдалап келген. Енді бір сәтте парсыларша маймандалап, иіліп, бүгіліп жорғалау – қорлау бол көрінді.

– Парменион! – деді Александр тақта отырған күйі. – Парсы патшаларының сарайын өртегенде: “бұдан былай бұл елдің патшасы өзінсін, өз мүлкінді өртеме”, – деп ақыл айттып ен. Ақылың қабыл. Міне, бүтіннен бастап, парсылық аксүйектермен дәмдес боласындар, парсыланған паташаның тәртібіне қөнесіндер. Бәрі де женісті тек бір күндік ойранға айналдырмай, мың жылдық үстемдікке айналдыру үшін жасалады. Ал енді,

патшаға жасалатын тағзымды баста, Парменион. Жастар үлгі алсын!

Парменион жанындағы отандастарына бір карат алды. Шытынал тұр.

— Мениң басымды иіп, белімді бугетін патша туған жоқ. Сен емес, сенің әкен Филипп маған мұндай қысастық жасаған емес. Ұмытпа! Алдында тұрған — Парменион! Мені өзгерту кеш. Мен картайдым. Одан төрін сен өзің кателігің ұзамай тұрып, сабана тұс!.. — деп зіркілге басты.

— Бұл не тәртіл, Александр? Кеше құйрығын жымып кашкан парсыдан рұқсат сұрап, саған кіруді кім шығарды? — Клито Парменионға үн қости.

— Сені мына таққа көтерген парсының білегі емес, эллиндік жау жүректердің күші. Сен елден шыққанда кім едін? Қазір кім бол отырысын? — Филота буырқанып тұр.

Іс насырға шауып бара жатқанын Александрдың шын досы Гефестион сезді. Өршіл тұрған әңгімелеге су құю үшін бәріне бір-бір саптыаяқ шарап тартқызды да өзі сөз бастады.

— Александр! Біз тойға келдік. Үстіндегі шапаныңды ығыннан сілкіп тасташы. Жауынгер патша, эллиндік патша, өзіміздің Александрмен көңіл көтерелік. Шапаныңды да, такты да біз тұрғанда ешкім ала алмайды. Біз болмасак одан шынымен-ак айырыласын. Кел! Женіс үшін! Касиетті Эллада үшін, женіске жеткізген сен үшін, алып қоялық! Александр жасасын!

Александр тақтан ортекеше секіріп түсті. Шапан астында өзінің жауынгерлік киімі. Келді де өз отандастарымен араласты да кетті. Кеш ұзакқа созылды. Александр бәз-баяғы әдетінен жаңылмастан тойды қыздырған үстіне қыздыра түсті. Ара-тұра: “Эллада үшін, эллиндік женімпаздар үшін”, — деп жалынды сөздер тастап, саптыаяқты сарка ішудің де үлгісін көрсетті. Тойдың деген шағында Баиршаның сатрабы Тиридат патшаға садақша иіліп келіп:

— Ұлы мәртебелім! Сарай бишілерін қызықтауға қалайсыз?
— деп отқа май құйды. Үстіндегі шайы жібектен ақ мәрмәрдай тәндереі көрініп, аш белі жалаңаш парсы қыздары дуылдаған шығыс биін бастап кеткенде масайғандар ес жылп, ерек атаулының қаны құтырды. Сарай оргасындағы ені он бес қадамдай жапжасыл кілем үстінде көгалға шықкан дала гүліндей бол тана көз сұлулар көздін жауын ала билеп жүр. Эйел затына кірпияз Александрдың өзі де дел-сал. Бәсе, ел болған соң мұндай да ерекшелік болуға тиис қой. Мм... парсылар тандандырған дүние аз емес еді... Мыналары да бөлекше екен. Адам ба бұлар, әлде шөптен, гүлден, жібек пен бояудан жасалған сикыр емес пе? Не деген сұлулық!

Таңға жуық Александр он қолын жоғары көтерді. Әуез де, би де сілтідей тынды.

— Мына парсы періштелері сендердікі, достарым! Той аяқталды! Тааратып әкетіндер!

Той басталарда Александр көрсеткен оқыс мінез, жана тәргіп орнатам деп грек-македонның бетке шығарларын қинағаны ұмыт болды. Бәрі де албырт шактағы патшаның арқасы қозған бір сәті болар деп тарасқан.

Ертегі күн ол ойдың тағы да ойранын шығарды. Александр Персепольге парсылық Фрасаортты сатрап етіп тағайындал, бұрынғы сатрап, Персепольды соғыссыз ұсташқан Тиридатты өз жарандарының санатына қости. Парменион да, басқалар да қайтадан күйген терідей жиырылды да қалды.

Енді Александр Персепольдағы төрт ай аялдан сон солтустікке бет түзеді. Өйткені Дарий солтустікте, Бактрия мен Гиркан теңізі аралығында. Сол жерден ары қарай көсліліп жатқан сактардың қолтығына су бүркүте көшті деген събыс бар. Парсылар Александр үшін танымал ел, сыралғы халық. Ал сактар немесе скифтер дегендеге дүние жұмбакқа айналып кете барады. Олар туралы естілген деректерден, ақыздан, тарихтан түсінгені – сактар ат құлағында ойнайтын жауынгер, тендессіз садакшылар. Қатпар-катпар құлығы бар, ешкімнен женілмеген халық дейді. Міне, бұл жайт та Александрдың үлкен алаңының бірі. Ол жолай бакуатты қалаларға бұрылып, көлік ауыстырып, азық-түлікті толықтырып отырды.

Әскер Экбатанға жеткенде патша Парменионды Мидияға жұмсады. Екі гоплит, бес мың телоидты бастап Парменион Мидияға, бас көтергендердің үнін өшіруге аттанды. Патша екі мақсатын бірден орындауды. Әкелі-балалы катерді бөліп тастады, Мидиядағы қырғын Александр өткен жердегі елдін бәріне сабак болады.

Парменионның орнына Кратерді тағайындалды. Тілінің шақпасы бар Каллисфеннің: “Гефестион Александрдың, Кратер патшаның досы”, дегендегі Кратері осы. Сөз жоқ мансап десе басқаның бәрін ысырып тастайтын Кратер парсыны тонап, алтынның буы шарпыған фалангистерді де, аксүйектен шықтық деп еркін сейлеп, патшаға қарай шәуілдейтіндерді де жымдай қылады. Айтары жоқ — Кратер Парменионды алмастыруға жетеғабіл. Анығы сол — Кратер жактан бұрын да катер жоқ еді, енді мұлде жел соқпайтын болады.

— Кратер, — деді алғашқы тапсырмасын беріп Александр, — сен әскердің ұзын санын анықта...

— Жұз токсан үш...

— Жаксы... Жаксы.. Задракартқа жеткенше ең онтайлы әскер саны, оның ішінде фалангистер, телоидтар, пелтастар, псилидтер канша болғаны дұрыс — бәрін анықта. Санды көбейтіп келе жатқан кәрі-құрттан, жаракаты бар, кембағал боп қалғандарды, сырқаттарды түгел тізімде. Басқасын содан сон қөреміз.

Кратер кетуге ыңғайланды.

- Иә, Кратер... Парменионға ілескен әскер қалай? Тың ба?
— Ірітеп әкетті.
— Жақсы. Іске кіріс!

Кратер ебедейсіздеу болса да парсы ақсүйектерінше екі бүктетіле көткеншектел барып бойын тіктеді. Белі бүгілмейтін, басы иілмейтін, сіресіп, эллиндік салттан өзгермей койған Парменионнан кейін оның орнын басқан бас қолбасшының мына ілтифаты Александрдың қоңлін жадыратып-ақ тастады. Осы уақытқа дейін неге осылай жасамаған. Парменион — қатер. Парменион — жүрекке зіл, жүйкеге — салмак, аяққа — тусау. Бірақ... бірақ...

Парменион — женіс рухы, ұлы жорықтың үлкен әкесі, аркасы да. Құдайшылығына келсе Александр өзін өлімге қіған кара шалға осы күнге дейін тиіспегені де содан. Егер дуние шырғалаңға айналса, тұйықтан жол іздесе тек Парменионға ғана сенер еді. Парменион — соғыстың Аристотелі. Ол соғыс үшін жааралған, тек ұрыска дайындық, ұрыс үстінде ғана оның бар қасиеті жарқырап сыртқа шығады. Парменион Александрдың өлімін тілеп, Македония гегемондығына әрек қөніп отырған грек полистарына да үнемі төніп тұрған гүрзі. Солай бола тұра өмір Александрға жүре келе не істеу керектігін қулағына сыйырлады.

Суыт жүріп, Александр көздеңен межесі — Задракартқа тұс ауғанда жетті. Бар-жоғы он бір мың халқы бар Задракарт үшін жұз тоқсан мынға тарта әскер аспан жерге қулағандай әсер етті. Мұнда күнімен лекілдеп құп-құрғак ыстық жел соғады екен. Кешкілік — тымырсық. Қалың қолға әзірше қымттану, жауын-шаашыннан қорғану аса керек бол тұрған жоқ. Су жеткілікті. Қаланың бір қапталын ала ағатын өзенге шомылу, кір-кон жуу, саялап жатып демалу — бәр-бәріне жетіп жатыр. Мұнда Александрдың өзі де ойын тұнытып алуды көздеңен еді. Өткенде тонның ішкі бауындай жанашырлары Лисимах, Гефестион, Таистарға айтқанын орындаған, патша Задракарттағы шатырынан екі күн бойы сыртқа шықлады. Ойнады да ойланды. Енді уәделі құні Александр аты аталаған адамдарына жол ашты.

Улкен шатырдың ортасында Дарийден қалған алтын так. Так бос түр. Александр шығыс үлгісінде жасалған кан тәріздес тек шеде жантайып жатыр. Алдында аласа жозы. Жозы болғанда да созған кол ортасына жетпейтін кен де берекелі. Лисимах бастап келген дос-жар адамдары, барша қолбасшылары, тарихшылары мен акындар қарапайым сәлемнен соң жағалай бестектерге отырысты. Шығыс салтына бекінгендігін дәм ала отырыныздар деген белгіден де андатып, Александр алдымен өзі дәмге кол созды. Шырынның түр-түрі, шараптың әр түрі күмірска бел құміралар мен күміс ыдыстарда самсал түр. Отырыс марғау басталды. Үнсіздік біразға созылды. Соңан соң Александр Монолохка қарап:

- Басы артық адамдарды босат, Монолох... — деп жаймен

ғана айтты. Монолох іргеде әмір тосып суреттей қатып калған сазгерлер, даяшылар, бишилдерді түгел таратып қайта оралды. Монолох отырғандарды шолып шыкты. Іште бұлігі бар Филота, Клито, Каллисфен жок. Ал ішінде не боп жатканы белгісіз дудемалдардың сүйектілері шақырылыпты. Александр осы кеште ойпы-тойпы жүргендерді өз сөзіне иландырмак.

— Сіздер, қадірлі ұстазым, күні бүгінге дейін: “Александр Эллиндік одақ патшасының кейпін парсы патшаларының сән-салтанаты, әдет-ғұрпы, ежелгі дәстүрлеріне неліктен ауыстырдын?” — деп сұрамадыныздар. Менін оған жауап беруге мұрсам да болмады. Эр нәрсе өз уақытында... Экбатанадағы қабылдауда Клитоның айтқанын естідіңіздер: “Қылышпен женіп алғанымыздан варварлардың арбауынан жоғалтқанымыз көп боп түр”, — деді. Каллисфен тағым етуден бас тартып: “Парсылық шапанның шалғайын сүйіп сүйікті болмай-ак қойдым”, — деп жас ақсүйектерді теңірегіне жиып, маған карсы қойды. Мен оның бәрін көріп, бәрін біліп отырмын. Енді солардың маған таққан кінәсін сіздерге түсіндіріп көрейін. Соңан соң, іште қалтарыс еш нәрсе калмастай сауал қойыныздар. Маған бұл тұйықтық онайға соғып тұрған жок. Мен де ішімді ағартайын, ағымнан жарылайын. Түсінген түсінер, түсінбеген акталды деп ойлар. Не болғанда да әркім өз пифылына сай ой түйіп оралары сөзсіз. Сонымен, бұл не өзгеріс дейсіздер ғой!?

Александр жұлып алғандай атып тұрды.

— Македонияда қанша жер, қанша халық бар? Гректердің жері қанша, адамы қанша? Қане, кім айтады? Жерорта теңізінен үнді, сақ жеріне дейінгі құллі әлемді алып жатқан Парсыны маған дейін жаулап алған эллиндік қасқаның атын атандаршы. Бар ма өзі?! “Біз ақылдымыз”. “Біз ұлымыз”. “Біз білімдармыз”. “Біз ержүрекпіз”. “Біз ешкімге бүгіллейміз”, — деп текіректеп жүріп, сол Эллада жерінен кек алуға жараған кім бар? Ғасырлар бойы Парсының құрым етігінен тепкі жеп, құл-құлтан болып, жалдамалы әскерге кетіп тоз-тозы шыққан Эллада бүгін Парсы патшалығын жер бетінен жойды. Бірақ Персепольда ақыл-есі дұрыс, көрер көзі бар эллиндік еш нәрсе айтпай-ак түсінуге тиіс өмірді көрді. Біз өз жерімізде сөз жарыстырып, бақ таластырып, мансап, атак үшін қырғын боп жүргенде парсылар құрығы мен найзасы жеткен жердің бәрінен алтын мен құмісті, жаунарды, маржан мен макпалды еліне таси берген!

Сарай іші тым-тырыс. Александр аз-кем ойланып барып, сөзін қайта жалғады.

— Сөүлеттендіріп, армандай ақ сарайлар салған. Елді дәүлетке бекітіріп тастаған. Персепольдағы төрт айда женіске жеткен сарбаздар өздерінін мұндай байлыкты көрмегенін жасыра алмай есінен танды. Төрт ай! Төрт ай Персепольда жылт еткен асыл

қалмасын, армансыз алсын, елге жіберсін, ішсін, тойынсын, дәүлеттің артықшылығын, кедейліктің кембағалықпен тең екенин бәрі түсінсін деп тостым. Бәрі бір Персепольды торап та, таптап та, өртеп те тауыса алмадық. Парсының жадау-жудеу қаласын көрдіндер ме? Бәрі бай. Тұтынған мұлкі, қолөнері, қыл аяғы киіміне дейін көздің жауын алады. Ішкені алдында, ішпегені артында. Үлкені сыйлы, кішісі сайлы. Ел іші орнықкан салт, дәстүр, ынтымак. Өткен жылы панэллиндік одакқа кірген Фракия, Спарта бас көтерді. Ту сыртымыздан пышак үрды. Анти-патрдың алғырылышы болмаса елде едәуір лан болар еді. Тек соққының күшімен ғана көк езу көсемсімактар қайтадан ініне кіріп, бұғып жатыр. Біз олар үшін кек алуға аттанбал па едік? Енді...

Александр сұқ саусағын шошайтып алтын такты нұскады.

— Мына тактың иесі екі рет қулағанда халқы да, сатраптары да толкымады. Олар қазір мөнді-мөнді. Бірақ эллиндік өскер журіп өткен жер қара тасқа айналған жок. Бұл ел бір көктемнен соң қайта құлпырады, өмірге бейім, жақсылыққа інкәр халық қайтадан өз бакытын жасай бастайды. Сонда Македонияда тігерге тұяқ қалдырмай, Грекиядан ереккінде түгел саусылдатып әкеліп, әр парсы үйінің жанына құзет коям десен де адамың жетпейді. Мұндай алып патшалықты ұстап тұру сонда, мүмкін бе? Мүмкін болса қалай? Осыны кім ойлады? Парсы патшалығы бүгін жарасы жазылғанша ғана үнсіз. Одан соң ел болып бір ер туғызбас дермісің?! Міне, достарым, менің парсыға айналуымның сыры осында. Олар өздері үренген патшаны көрүлері керек. Сонда өз патшасын бірде еске алса да бірде ұмытады. Әдебін бұзбасаң — ұясына тимегенің. Штегі кекті қоздатпайсын. Сатраптары бұрынғы санатта жүрсе, билігі мен байлығы кемімese “такасқаннан не табам, соғысқаннан не ұтам” деп ойламай ма? Парсылар да дәл бүгінгі қалпында қалмайды. Оларды Элладаның данышпандарына жіберіп, ілімге шақырамыз. Парсының отыз мың баласын тиеген кемелер ендігі теңіздің арғы бетіне жетті. Біз оларға өз рухымызды егеміз. Кейін бізді жатсынбайтын сатраптар, ел адамдары солардан болмақ. Екі ел бір-біріне бірте-бірте сінісіп, жана қауым қалыптасады. Бұл менің үмітім, ендігі арманым. Менің айтарым осы! Бұдан соң ешқашан, еш жерде мен ешкімге ұқтырып та, ақталып та айтпаймын. Енді сіздер де ашық әңгімеге көшсеніздер дұрыс болады.

Патша өз орнында бойын тіктеп, кім не айтар екен деп шашылып отыр. Үнсіздікті Лисимах бұзды. Сірә, оның ішін жалап-жұктап, мазасын алып жүрген сауалдар аса көп болмаса керек. Көп білетін, токетерін айтатын адам. Ол төнірегіндегі оқыс оқиғалар, сызыдаған андыс, жең ішінде кездік жүретін жынысқылық, қанку-санку сөздерге жүрегін тоса берсе әлдекашан тыраң асар еді. Жасы жер ортасына жеткен кісі еш

нәрсеге селт етпей егделігінің қалқасында қалғып-мұлғіп жүре береді. Бірақ, Александр қандай іс жөнінде сөз қозғап, ақыл сұрасын, тіпті жай ішіндегісін ақтарсын – Лисимахтын жауабы дайын. Ставка маңындағы, жасак арасындағы ерсілі-қарсылы ағыстардың бәрінен хабардар екенін патша сонда анғарады. Міне, бұл жолы да жасының үлкендігін біліп, өзінен бүрын ешкім сөйлей қоймас деп әрі әңгіменің патша көкейіндегі керекті арнада өрбүіне мұрындық болу үшін Лисимах жайымен ғана сөз бастады.

– Патша... Ұстазың ретінде айтайын. Грекия мен Македония бөлек те, бірігіп те ешқашан мұндағы ұлы женіске жетіп көрген жок. Эллада жерінен шалғайда мындаған отандастарымыз жер жастанды. Олардың өлімі ақ, қаны касиетті. Олардың бәрі Элладаның батыр перзенттері. Мындаған ерлер кембағал болып елге оралды. Қазір де жаралы, сырқатты сарбаздар аз емес. Панэллиндік одактың жеңімпаз жауынгерлері мындаған мириад жерді басып, от пен суды кешіп, окқа қарсы жүрді. Женді. Басына қатер төнбеген адам мұнда жок. Патшасына қарап, катардағы фалангистер де, телоидтар да – бәрі-бәрі өршелене соғысты. Бүгін Панэллиндік одак пен Ахемендердің алып империясында бір ғана патша бар. Ол – Александр. Парсылар Александрды өз патшамыз деп мойындала отыр. Бұл өзгеріске бір жыл да толған жок. Парсы баласы, парсы адамы екі-үш айда грек, не македон табиғатын қабылдап, кебін кие қоймайды. Оларды осы мондыбас күйде көп жыл бойы ұстап тұру керек. Бүгінгілер ескіріп, жаңа ұрпақ келеді. Солар Балканнан Үндігे дейінгі жерді алып жатқан кеңістіктегі патшалықты ортақ отаным деп ұстасын күнге жетуіміз керек. Ол үшін парсы баласын тұртпектеуді тоқтатып, басынан сипауға көшеміз. Сатраптарына булік шығарып, баскаларын азғыраар уәж қалдырмаймыз. Рас, бетімен жіберуге де болмайды. Мыкты қарулы орталыққа сүйенген патша өкілдері жер-жерде бас-көз болады... | Тек солай ғана біз шейіт болған қаруластарымыздың арманын орындаімымыз. Элемде панэллиндік карудың үстемдігін орнатамыз. Ал, егер от басы, ошак қасында өзіміз қырқысып кетсек бұл жеңістің құны түкке тұрмайды... Бұл – менін бүтінгі көзкарасым. Зевстен жаралған ұлы Александрдың оны мен солында журіп, жеңісті өз қолымен жасағандар отыр, осында. Қане, кім не ойлайды, не айтады?

Птоломей сонында сөйлесе сөз таппай қалам ба дегендей гүр ете қалды.

– Патша парсы тәртібін ойнап орнатып жүр ме, ойлап орнатып жүр ме деп ара-тұра мен де түсінбей жүрдім. Оның артында алысты көздеген үлкен саясат тұрғанын өздігімнен түсінбегеніме ұялып та отырмын. Сөздің шыны сол ғой. Жендік, қырдық, іштік-жедік деп кете береміз бе? Жендік деген –

бағындырдық, жаулап, өз елімізге бодан ғып косып алдық деген сөз емес пе? Саясатына қарсы емеспін, қолдаймын, Александр. Бірақ бір зауқым соққанда, баяғы балалық, бозбалалық шактағы әдет бойынша жай келе салып, әңгіме айтып, бірер саптыаяқ шарап ішіп кайтайын десем, мына бір парсы күзеті тергеп, тінтіп, маскарамды шығарады. Бір рет кіргізбей де қойды. Осың артық, Александр. Қанша ұлы болғанмен бұл патшалықты бір патша жалғыз бағып отыра алмайды. Шарап ішуге келгенде қойши.... Егер қазір ауызба-ауыз ғана айтуда болар шұғыл іс болса ше? Саған тек, құлаққа жағатын әңгіме ғана жетер болса сырттағы шындықтан, өмірден бөлініп қаласың. Парсылардын тілі тәтті, патшаның қөнілі тоғаймай өз қарны ток болмасын біліп болған халық. Сонда құлағына жақпаганды былай қойып, тебе шашың тік тұрар оқиғалар, әңгімелер басталса ше? Оны сол күйінде саған маймандаған парсы айта ма, әлде Леонид ұстазымыздың тәрбиесін көрген мына біз айтамыз ба?

— Кай Леонид? — Таистың көзі жарқ ете қалды.

— Леонид менің туған нағашым, Таис. Мына отырған Гефестион, Птоломей, Никонор, Марсий, Лаг, Пердикка — бәрі сол кісінің мектебінен өткен.

— Айт дедің — айттым. Мені парсының басынуынан құтқар. Сонан соң, ашығын айту керек — саған өкпесі қазандай боп жургендерді білесін. Ал оның катары көбейіп, әккімелері үшкынданап барады. Олар енді саған жеңіс әтеру үшін, даңқынды асыру үшін дәл бұрынғыдай қызмет етеді деп ойламаймын. Жібермеймісің анау Филота бастаған мықтыларды әр-әр жерге сатрап етіп. Олар әбден тойынды, енді жеңістің жемісін ғана көкseyді. Сатрап болса, олар сен, Александр жасап отырған сән-салтанаттан асып түседі. Құдай үшін, үш-төртеуін жіберші, ішкертінге. Жарты патша болса, мүмкін түсінер, сенің ішіндегінді?

— Мүмкін, Птоломей! Сондай күнге олар мені жеткізсе... — Александр орнынан тұрып, ары-бері жүріп кетті.

— Жеткізгені қалай, Александр? — Птоломей көп нәрсені елемейтін кесектігімен, өз басы ешқашан жауыздыққа, сатқындыққа, ланға бармайтын тазалығымен дүниені таразылайтын. Оны бәрі біледі. Птоломейдің жаны — балалық пәктігінен көп үзамаған. — Сонда не, әлтірмек пе, сені, Александр? Кім? Айтшы, қазір ойранын шығарайын.

— Мен... Өлер жерімді білем, досым. Ал жаңағы “достарымыз” шектен шығып кетпеді ме? Оларды бері қарату тым кеш боп қалмады ма деген қауптім бар. Жұмбактың шешілуіне көп қалған жоқ. Не әрі, не бері боламыз. Ал патша сарайына кіруге тоқсауыл қойғызыған да осы жайт. Енді былай болады... Патшаның сеніміндегі адамдарға косымша күжат беріледі. Бұдан былай сені,

Птоломей ешкім тергемейді. Естідін бе, Антипатр? Ертең мен атаған достарым сол белгіні табыс етесін.

Патшаның іс жүргізушісі Антипатр парсы тәртібіне бейімділігін таныта қолын мандайына апарып, “түсіндім” дегендей тағзым етті.

— Ұлы патша, — деді өзінің патшадан кейінгі орынға жеткеніне қарамастаң, Кратер сөзін ресми реңмен бастап. — Мен бас қолбасшың ретінде өскердің жайын айтпактын. Мына қазіргі өскер Иса немесе Гавгамел кезіндегі арынды, қайратты өскер емес. Санымыз бес есе асты, сапа жоқ. Азайту керек. Әскери бірлестіктерді қайта құрмай болмайды. Осы шеріктін үштен бірі — масыл. Олар жарамды өскердін тамағына ортақ болып келе жатқаннан басқа пайдасты шамалы. Ерік берсөң ертеңнен бастап өскери машиқты бастап, көрі-құрттан, аксақ-токсактарды бөліп тастар едім. Оларды қайда жіберетінінді айтсаң болғаны... Эзірше айтарым осы.

— Кратер! Өзгеріс болады. Алдағы ұзақ жорыққа жарамды-жарамсыздарын іріктей бер. Тек Задракарттан ұзаған соң айтам бәрін.

Кратер бас иіп барып тізе бүкті. Кратер “бас қолбасшы” деген сөзді әдейі айтты. Патшага, оның ең жақындарына бұл сөз қалай әсер етер екен деп бәріне жағалата көз қызығын салды. Ешкім селт етпеді. Әр сөздін артында не түрғанын мұлт жібермейтін Александр Кратердін бұл амалынан еш жамандық іздемеді. Парменион мен Филота шыққан тегіне, ел алдындағы қызметтіне қарай, Александр кисая қалса, такқа таласа алатын. Ал Кратер нәмі аксүйек болғанмен кінәздік деңгейден тәмен тұр. Сондықтан патшалықтан үміті жоқ. Жетем деген жеріне жетті. Александр оны өзінің етene жақын достарынан, Парменионнан, Филота, Антигон Монофальмнан асырып барып, бас қолбасшы қойды. Мұның ендігі тағдыры, амандығы да Александрға косақталды. Өзін бағалаған патша аман болса ғана Кратер екінші адам бол журе алады. Сондықтан өскердің де, елдің де тағдырын бұл Александрмен тең бөліседі.

Кратердін бұл дәрежеге қара термен жеткенін ең алдымен білетін Александрдың өзі.

Кратердің сөзінен соң шарал ішіле бастады. Әңгіме сонау бір албырт кездегідей емін-еркін қүйге түсті. Салтыяқтарын көтеріп, анда-санда ұрттап қойып, бәрі патшамен де, өзара да кен шатырдың жалпақ кілемін тобықтан кеше жүріп сұхбат құрды.

Достары тараған соң патша моншага кетті. Жүргегіндегі зілді сылып тастан, енді денесін жадыратып қайтпак еді.

Бірақ,... бірақ... патша — моншада да патша. Ізінше сұық хабар жетті. Женіл шайынып, жедел киінуге мәжбүр.

VIII

Дарийден қалған так. Дарийден қалған монша... Бес сұлу патшаны шомылдырып болып, ііс сулы астауға жатқызып, оның аяғынан басына дейін үкалап, құрыс-тырысын жазатын. Шиыршық аткан жас патшаның денесіне ііс су сініріп, балаша балқып, үйіктататын май жағу моншашы сұлуларға ұнайтын. Бұлар Дарийді де шомылдырган. Дарий өмірі бір дene шынықтырып көрмеген, денесі болбыр, қатпар-катпар. Александрдың денесіне бармақ батпайды. Артық еті жоқ-тарамыс пен бұлшық ет ойнап тұр.

Сырт киімнің үстіне желең жамылып, Аристофан астаушада балқып жатқан патшаның үстіне кіріп келді. Бұл ешқашан болып көрмеген жағдай еді. Александр өні қашып, қуқыл тартқан Аристофанның өзінен секем аларын немесе айтпақ сөзінен сұық хабар жеткенін түсінбей қалды.

— Ұлы патша! Шұғыл әнгіме бар... Кешіктіруге болмайды.

Александр доқаба жаймаға оранып, сәкіге отырды.

— Айта бер, Аристофан.

— Арсеналдың басшысы Метрон келіп тұр. Енді бүгін-ертең патшага қастандық жасалады, — деп хабар әкелді.

— Шакыр, Метронды.

Метрон кіре тізе бүкті.

— Метрон, қастандықтың кімнен естілдін?

— Кебалин деген македондық телоид дәл қазір іздеп келіп айтты. Ол қазір менің шатырымда, сенімді жерде тығызып отыр.

— Қазір ставкаға барамыз, Аристофан. Метронның өзін де, Кебалинді де сонда келтір. Гур-түстерін ешкім танып қоймасын.

— Қастандықтың басында кім?

— Филота...

— Қазір, дереу Лисимах, Гефестион, Кратер, Птоломей, Клито, Каллисфен, Антигон, Аминта, Кэн, Пердикка, Леоннат келетін болсын. Тез!

Оппозицияны өзі қаралап, өзі жазалауды жөн көрмей жүрген Александра мынау үрелі, сұық хабар емес, түйіні онай шешілетін іс болғанын ойлаپ, патша миығынан күлді.

Кас карайған шак. Патша ставкасына сүйт жүріп, асығыс кірген оншактыдан соң алдында Аристофаны бар кара жамылғылы екі адам және өтті. Моншадан соң албырап отырган Александр алқынып та отыр. Шакырылғандар бір сұмдықтың басталғанын сезгендей тып-тыныш.

— Метрон, сөйле! — Александр санқ етті.

— Мына тұрган Кебалиннің інісі Никомах Димн дейтін досынан естіпті бұл сұмдықты.

— Кебалин, бәріне естірте сөйле! Ініне Димн не айттыпты?

— Димн... Сәл артықтау ішіп қойса керек... Осыдан бір апта бұрын Димн қызуышылықпен Никомахқа жас аристократтар патшаны өлтіруге үәделескенін, мерзімін айттыпты. Оған өзі де қатысып, грек-македон рухын парсыларға жығып берген патшаны өлтіріп, тарихқа кіретінін мактан еткен.

— Бір апта бұрын естідім деймісің, Кебалин? — Птоломей жабыса кетті. — Одан бері қайда жүрдін?

— Бізде іркіліс болған жок. Сол сәтте-ақ Никомах, ізім андулы болуы мүмкін, сен патшаға жеткіз, деген соң осы ставканың алдын бақтым. Бір кезде Филота шыкты. Мен Филотаға бәрін айттым. Филота қайтадан ставкаға кірді де, қайта оралған соң мені іздеді. Мен Филотадан қорықканнан сарбаздардың ішінде, алыстан шолып түрдым.

Жиналған колбасшылар бір-біріне қарап қалды.

— Мынауың шылқыта өтірік айттып түр! — деп Клито Кебалинге шүйілді. — Егер қастандықтың басында Филота болса, ол сені неге бір аптадан бері тірі жүргізіп қояды? Түсіндір, қане!

— Мен, содан соң өз шатырыма барғам жок.

— Қайда болдың? Ашығын айт! — Клито тап берді.

— Бір жесір әйелдің үйіндемін.

Әнгіме тізігінін Клитоға ұстасып отыра алмаған Александр тергеуді өзі жалғады.

— Никомах қайда?

— Өзінде. Оның маған бәрін айттып бергенін қаскөйлер білмейді.

— Аристофан! Никомах пен Димнді тұтқындалмай-ақ осы тәнірекке келтір. Біреу-міреу секем аларлық еш нәрсе жасамандар.

— Мұндаі, спектакльге қатысқым жок. Мен — жауынгермін. Айып етпесең маған үзір бер, Александр. Өз акылың өзіне жетеді. Менің керегім де жок, — деп Клито қырыстана есікке беттеді.

— Клито! Токта! — Александрдың даусы шатыр ішін осып түсті.

— Бұл түн ешкім еш жаққа шықпайды. Қарауыл! — Қарауыл басы ішке енді.

— Шатырға кірген адам менен рұқсатсыз сыртқа шықпайды!

Александр Филотаның аты аталғанына қуанғанмен оның шын қатысы болса неге бейқам жүргенін түсінбеді. Соған жауап іздел, осы тунде Филотамен болатын соңғы әнгімede ойдан ұсталып, уәжден сүрінбеу жағын ойластырды. Филотамен осында отырған Каллисфеннің арасында болған бір әнгіме Александрға Филотаның ашынасы — патшаның құпия қызметінің жансызы Антигона сұлуарқылы жеткен. Сонда Филота Каллисфенге сұрап қояды:

— Каллисфен, бүгін Грекияда кімнің аты ардақты?

— Гармадий мен Аристогитоннын, — деп жауап береді Каллисфен.

— Неліктен?

— Өйткені, олар Элладаны тұншықтырған екі тиранның бірін өлтіріп, халықта еркіндікті қайтарып берді, — деп түсіндіріпте Каллисфен Филотага. Сол Каллисфен қазір патша бетке шығарғандарының санатында, осында міз бакпай отыр. Каллисфен ұлы ұстаз айтқандай-ақ үлкен дарын дерлік. Сырбаз, сөздің жілігін шағар ұста, көп оқыған, көп билетін адам. Ол әуел бастан-ақ өзін патшадан белгілі бір қашықтықта ұстады. Жазған одалары Александрдың құлағына жағады да тұрады. Әсіресе, Александр өз тегін әкесі Филипптен емес, Зевс құдайдан таратуға, соны бәріне мойындағысы келген Египет жеріндегі бір оқиғаны суреттегеніне катты риза болған. Египеттікabyzdar¹ Александрды фараондар қатарына жатқызып, Аммон құдайдың рұқсатымен Александрды Зевстің баласы деп жариялады. Бұл оқиғаға Александр аса үлкен мән беріп, мәрттікпен құрбандық шалдырып, баршаны қызылжап етіп еді. Одан ұзамай Ніл ойпатындағы Мемфис қаласында тағы да құрбандық шалу рәсімін бұрынғыдан да зор етіп өткертті. Соңда ол өзінің Парменион бастаған грек-македон баласынан артық екендігін баршаға ұқытырған үстіне ұқытыра тұсу максатын ұстанған. Филота тұнғыш рет со жолы сыр берді. Ол Александрды Зевстің баласы ретіндегі дәрежесімен құттықтай келе жен ішінен біз сұқты. Филота құттықтаудын: “Адамнан артық туған құдай тектінің қол астында өмір суруден артық сор болмас”, — деп аяқтады. Александрды ол кезде иығы тен адамдардың біріншісі деп кана кабылдайтын, еркін есken грек-македон аксүйектері Александрдың аяқ астынан құдай текті бола қалуын ашықтан-ашық жақтырмады. Ал Александр құдайға сүйеніп, Парменионнан бастанап, бәрін өзінен едәуір төмендетіп тастауға асыкты. Бұл жайтқа ашууланғандар болды, әжуалағандар қанша! Сол әжуашылардың серкесі осы Каллисфен деп неше дүркін естіді Александр. Каллисфеннің бұл жорықтағы міндеті патша жорығын жеріне жеткізе суреттеу, мадақ одаларын жазу. Оған келгенде Каллисфен улде мен бұлдеге оранған ерекше жағдайын, ұмар-жұмар келіп жатқан үлесін актайтын да секілді.

Каллисфен Александрды Египет абыздары құдай текті деп жариялаған оқиғаны суреттей келе Одасын мифологиялық үлгі дәрежесіне жеткізген секілді. Александрды Каллисфен арқылы алыстағы Элладаның қара халқы адам бол жолға шығып, құдайға айналды деп со күйінде қабыл алуда. Бірақ уакыт Каллисфен біреу емес екенін де білдірді. Біріншісі: “Саған керегі мадақ пен атақ болса, мә, талғамай жұта бер”, — деп керемет сұлу да әуезді, жоғары пафоспен жазылған одалардың авторы. Екіншісі,

¹ абыз — жрец мағынасында.

Александрга қарап мысқылдай құлетін, шакпа тілімен жас аристократтарды да мәз-мейрам етер іші тутін Каллисфен. Ол қазір патша төсектен тұрғызып, ставкаға алдырған санаттардың қатарында мына бүлік немен тынар екен деп, демін ішіне тартып отыр. Александрдың шауыштары¹ Кебелин, Никомах, Димніді дедектетіп патша тағының алдына әкелді. Тергеуді Александр төтесінен бастады.

— Кебалин! Қастандық туралы кімнен естідің?

— Мына тұрған інім Никомахтан.

— Никомах, сен кімнен естідің?

— Димннен. Міне тұр.

— Димн, қастандық үйымдастырғандардың ішінде сенен басқа кімдер бар? Басшысы кім?

— Мені үгіттеген үшкеуін білем... Македондық телоид Метрон, гректер Гордио мен Андромах.

— Басшысы кім?

— Мен мастықпен қосылып ем...

— Басшысы кім??!

— Арғы жағын анық білмеймін... Парменион мен Филота, марқұм Гегелох барда Гавгамел шайқасына келе жатып жоспар жасапты деп естідім. Анық білмеймін.

— Кебалин! Сен інінен бұл хабарды естіген соң не істедін?

— Александр әдейі бәрін қайтадан бастады.

— Мен інім андулы шығар деп оны үйде қалдырып, осы ставкаға келдім. Сізге жеткізудін амалын іздедім. Бір кезде Филота ставкадан шықты. Соңан соң болған-біткенді сол колбасшыныңға баян еттім. Ол маған: “Осында тос”, деді де ставкаға қайта кірді. Мен жасырынып, алыстан бакыладым. Филота қайта шықты да оны мен солына біреулерді жұмсал, өзі сол орында ұзак тұрды.

— Қастандық басы Филота екенін білуші ме едін, Кебалин?

— Жок. Жас аристократтар қастандығы Каллисфен мен Филотаға сүйенеді деп естігем.

— Өшір үнінді, оңбаған! — Каллисфен орнынан атып тұрды.

— Анық сөйле, Кебалин... — Александр Каллисфенге қарап кекесінді жымиды. Ішінен бұған дейін сен мысқылды құлуші едін, ендігі кезек маған келді деп тұрғандай.

— Каллисфен! Не болды? Жан даусын шықты ғой?.. Сені қаскөйлердің бірі деп тұрған ешкім жок. Солардың рухани тірегі деп қана естіпті. Ол дәлелсіз нәрсе. Отыр. Филота бәрін орын орнына өзі қояды.

Александр қайтадан Кебалинге бұрылды.

— Кебалин, сен неге арсеналдың басшысына бардын?

— Менін Филотаға сұық хабарды айтқаныма міне, бесінші күн. Қаскөйлер сак-сак құліп, шерік ішінде ауыздарына не келсе соны

¹ шауыш — оқ қағар (телохранитель мағынасында).

кекіп жүріп жатыр. Содан, менің хабарым жетпегенін түсіндім де арсенал басшысына жалбарындым.

Александр он қолын көтерді.

— Аристофан! Кебалин мен Никомахты жақын араға орналастыр. Еш нәрседен кыспандар. Олар ешкіммен араласпауға тиіс. Қатаң күзет қой. Бұлардың кім екенін, аты-жөнін ешкім білмесін. Димнің тұтқындандар. Қазір... Кратер, Филотаның гарнizonының алыстан орап, қоршауға ал. Птоломей, жанына өзіннің әдеттегі шауыштарынды ғана ілестіріп, Филотага баrasын. “Патша шакырып жатыр. Не екенін өзім де білмеймін”, — дейсін де ертіп келесін. Филота таза болса — дау тамам. Бәрі оның өзіне ғана байланысты. Ал мына сатқын, кім еді, атың?

— Димн...

— Мынау атаған үш қаскөйді қазір ешкімге байқаттай тұтқындандар. Таң атқанша қастандыққа катыскандардың тізімін алындар. Аты аталғандар дереу тұтқындалсын.

Тұн сүйретіліп, тас қаранғы шакқа жетті. Сыртта — абыр-сабыр жүріс, одағай дауыстар. Патша ставкасының ішіндегі тымырсықта қарауытып отырғандардың басы қысыла келе көк бүршактай болды. Жүректер — тас-шемен. Бұл тұн — үлкен бүліктің басы. Грек-македон әскерінің аксүйектерінен басталып, патшаны өлім жазасына үйғарған шакқа дейінгі жицалған запыран осы тұні сыртқа шығады. Тұлғасы тұрымтайдай болғанымен екі аяғымен екі патшалықты басып тұрған тапқыр да алғыр, төнірегі ойлап үлгергенше іс бітіретін Александр енді ұстаған жерінен жібермейді.

Сырттағы дабыр үлғайды. Жұз каралы адамның аттан түсіп, соңғы кезде патша орнатқан тәртіп бойынша белдеңі каруларын күзет басына тапсырып жатқандарына дейін естіліп тұр. Кешікпей Птоломей есіктен көрінді. Иле Филота енді. Жайбарақат. Кірді де басын кегжен еткізіп, “шакырдың — келдім” деген ишара білдірді. Мезгілсіз уақытта тағында отырған патшаның алдына бармай Лисимахтан басталып, Каллисфенмен бітетін, жағалай отырысқан топка карай беттеді.

— Филота, сен менің алдыма кел! — Патша әмір етті. Филота Египеттен бері алдымен Зевс текті атасын, бұлардан оқшауланып алған, ал Персепольдан кейін парсы патшасының кейіпін қабылдаған, үзіліп, шығандап кеткен Александрдың дәл осы тактағы отырысынан жиреништі көріністі білмейді. Мына астамшылықтан қорланып біткен адамды бұл бүгін жеке-дара жаншығысы келгендей әмір берді. “Филота, сен менің алдыма кел,” — дегені құлшылық ет дегендей намысын осып түсті.

— Құлағым сенде, Александр. Маған бәрі естіліп тұр.

Александр Аристофанға иек қақты. Аристофан Филотага қарап әдептен аспай жымиғанмен арқасынан куректей

алақанымен нығырлай итерінкіреп, патшаға жақыннатпак болды.

— Тарт қолынды, итаршы! Мені итеретін сен кім едің? — Филота дедектел келеді. Артына бұрылып айқайлағанда көзі шалғаны - Аристофанның ту сыртында Аланасий алпауыт келе жатыр екен.. Аристофандай алып, бет-аузын түк басқан парсылық қара диюлар да дайын түр. Филота дәл қазір жан тапсыруға бар, ал мынау каз-катар отырған игі жаксылардың алдында қайдағы бір итаршылардың өзін күшіктей сүйрекеніне көнгісі жок. Міне, шын құдайдың өзіндегі боп биік такта жузінен ызғар есіп Александр отыр. Филота өмірінде тұнғыш рет оған төмөннен жоғары қарай тіл кattы.

— Александр, өзіннің кулкі болғаныңмен қоймай, мені де күлкі жасамақсын ғой? Бұл не қорлығын?

— Қазір бәрін түсінесін... Мен сені тойға шакырғам жок – сұраққа шакырттым. Сұрақ былай... Саған осыдан бір жеті бұрын ставқадан шыққан бетінде патшаға қастандық жасалғалы жатыр, соны тез өзіне хабарлаңыз деп біреу айтты ма?

— Қастандық?.. Қайдағы қастандық?

— Саған қастандық туралы айтылды ма?!

— Есімде жок. Жо-жок ешкім ештене айтқан жок.

— Кебалин келсін!

Жасқаншактай басып, Кебалин келді.

— Алдында тұрған адамның аты-жөні кім, Кебалин?

— Қолбасшы Филота.

— Кай күні қолбасшы Филотаға хабар жеткіздін?

— Бұгін бесінші күн. Таңертеннен тосып, тұс кезінде ставқадан шыққанда тосяп алып, қастандық жайлы жеткіздім. — Филота “мынауың кім” дегендегі Кебалинді көзімен ішіп-жеп барады.

— Сонан соң Филота не істеді?

— “Сен осында тос”, – деп, өзі ставқаға қайта кірді. Мен қалын әскердің ішіне араласып кеттім де алыстан бақыладым. Қолбасшы Филота қайта шығып, онды-солды қарап, мені іздетіп біраз тұрды да, өз шауыштарын ілестіріп, атпен шаба жөнелді.

— Филота, сен не дейсін?

— Мынауың өзін ойлап тапқан адамын, Александр. Панәллиндік одактың патшасы мұндай амалға бармас болар. Сенің шынымен-ақ парсыланып біткеніңе енді көзім жетті. Бұл театр кімге керек? Корыкканнан емес, сенің тегіңмен терезесі тен аксүйек болғандықтан Элладаға қызмет етіп келген Филотаға не айтқын келеді, Александр?

— Сен маған сұрақ қояр уақыт келмеске кетті. Сен тұтқынсын, Филота. Әкетіндер!

Жендеттер Филотаны тұлкіге түсken бүркітше бүріп, колдарын артына қайырып ала жөнелді.

— Ей, Элладаның сенгендері! Неге үнсіз отырсындар?! Бұгін

мені қорлаған Парсы патшасы ертең сендерді де жермен жексен етеді. Ұяттарын қайда?!! Намыссыз өллекселер!..

Тек Каллисфен орнынан турып, ары-бері жүріп кетті. Сонан соң ас-сұға батып тұрган парсылық жозыдағы құтыдан шарап құйып, жөпелдете екеу-үшеуін сылқыта тастап-тастап жіберді. Қалғандары шарал буы басына шапкан Каллисфеннің өзімен-өзі ойынға батқан, жан-жағымда біреу бар-ау деген ой қаперіне кірмейтін баланың ісін жасағанын бақылап қана отырды. Каллисфеннің жападан-жалғыз барып, шарапты жөпелдете ішкенін Александр неге жорырын білмеді. Сірә, іште бір бұлік бар. Үрей ме, кекесін бе? Не болғанда да мына ойқастауы, жасанды күлкісі, жасанды еркіндігі жақсылықтың ауылынан алыс... Александрға ол, тіпті жиіркенішті көрінді. Тактан түсіп, тунемелікке кетті. Өзінің көніл хоши болмаса өзгені жакыннатпайтын, әйтпесе кашанда оқшау жүретін маңғаз да пан, тілінің ушынан у кетпейтін, сөзі сатулы Каллисфен сымдай тартылған ашаң денелі жігіт ағасы. Қалың ел, оның рухани әкесі Аристотель, табиғат өзге жұмыр бастыдан бір демін артық жаратқан Александр да анық анғармаған бір ақау Каллисфенде бар еді. Каллисфеннің одаларындағы, көркемдік құнардың аздығын, оның жазғандары бір-ақ күндік ғұмыры бар куатсыз нәрсе екенін елде жатқан Демосфен айтқан. Ол бір хатты үш дана етіп көшіріп, бірін Аристотельге, екіншісін Александрға, үшіншісін Каллисфеннің өзіне жіберген. Онда Грекия топырағында өсіп-өнген демократияның қорғаны, қайсар курескер, от ауыз Демосфен былай деген: “Каллисфен ақын емес. Оның жазғандары өлі дүнисе. Ұшқындаған тапқырлық, жан дуниенде баурап әкетер көркем ой, сезім, лүпілдеген жүрек жок. Каллисфенде сезідік қор бар, сөздерді ойната білер машық бар. Бар жоғы сол-ақ. Ең бастысы – өзі мадақтап отырған патшаны іштей менсінбейді, өлердей жек көреді. Сондықтан патша дастарқанына дәніккен ішмерез сабын сезіді салырып, мактай береді, мактай береді. Бал үстіне бал жағып, патшаға асата береді, асата береді. Александрдың құдай құптар істері бар болса да оны ашып, сарапап, ел-жүртқа, кейінгіге үқтывра жазбайды. Біктек отырған абыздың жас баланы арқаға қаққанында бол көрінеді ол мадақтар. Тура мактайды, былшитып аямай мактайды. Элладаның ұлы ақын-философтарының катарында оның бір сөзі де калмайды. Александр өмірге келген соң, Александр тарихты найзаны қанға малып жазған соң ғана оның да есімі тарихтың бір бүршішінда еміс-еміс естіліп жүре беруі... Екінші, Каллисфен айтыпты деген сөздерде еткірлік те, нәр де жок. Ондай сөздердің әкесіндей ойнакы, үтқыр, бір сөзben адамды не сүйікті етер, не мазақ отына тастар ұшқынды ой сөз зергерлері сол қалың әскердің ішінде де аз емес. Бірак олар-жай фалангист немесе аспаз болуы.

Ал олардың үнінің алысқа жетуі кын. Александр бүкіл Элладаны Каллисфенің аузына қаратып қойды. Каллисфенде өткірлік жок. Оның әзілінен запыран ісі мүнкіді, әжュー деп жүргендері кәдімгі көкбет катынның ашы тілі. Ушінші анғарғаным және тан қалғаным – осының бірін де ұлы Ұстаздың және оның еркетогтай Шәкіртінің күні бүгінге дейін анғармауды.

Мұны Демосфен жаулықпен жазған жок. Демосфен ұлы тиранның қанды жорығын жазатын ұлы акын табылмағанына налып жазды”.

Александр тұнеріп тақта отырғаннан жалығып, түнемелікте мамыққа шалқасынан түсіп, шешінбестен жаткан. Сол бұйыры тыныштықта шыңыраудан еміс-еміс естілген жан айқайдай осы хат есіне түсті. Демосфен – ымырасыз жау. Бұлардың ісі мен сөзі ешқашан бір жерден шықпайды. Бірақ, Демосфен өзін-өзі ұлылыққа дейін көтерген адам екені де рас. Бейшара тұмысынан әлжуаз, аурушаң, кембағал бол жаратылғанмен құдай оған қайсаrlық, ақыл мен от берген. От болмаса Демосфен ас-су сақтайтын жертөленін ішіне кіріп алғып, жалғыз өзі екілене сөз сөйлеп, шешендейті үйрене ме, шәнкілдеген дауысымен не бір асыл сөздің, соқталы ойдың құтын қашырапын біліп, тенізге қарап тұрып, оның сарынын мындаған халықтың дабырына балап, содан асып түсер дауысты қолдан жасап алар ма еді? Демосфеннің балалық, бозбалалық өмірі – окуфа, үйренуге, өзін болашақ куреске дайындауға кетті. Телегей тенізді, адам нәпірі деп елестетіп, ол қашшама күндер, айлар, жылдар жақтар үстінде жападан-жалғыз тұрып, ұзак-ұзак сөз сейледі. Қазір ол оқымаған кітап, ол баға бермеген ұлылар кемде-кем. Ол теніздей толқыған адам нәпірі алдына осылай келген ұлы ойышыл. Оның есімі – тау ішіндегі жанғырыктай жарды жарға ұрып, Эллада жерінен де ұзап кетті. Сондықтан Александр Демосфенді Элладаның – көніл-күйі, бүгінгі сөзі, ертенгі ісі деп біледі. Білгендіктен оның ізі андулы, аузы жабұлы. Сол Демосфеннің Каллисфен туралы жазған хатын Александр жүлдізы қарсының қысастығы деп үетірт оқып еді. Енді, мына тунде, сол хаттағы әр сөз анырап ұшқан жебедей екенін енді үкты. Патшаның ойы енді-енді тұнды. Каллисфеннің табиғатын Аристотель де білмеген бе? Әлде ұстаз да пенде ме? Каллисфен оның жақын тысы ғой. Сол жағы карттың ойын тұмандаатты ма? Не болғанда да Аристотель тілеуі дұрыс, ұлы жорықта достарының катары көбейсін, эллиндер ерлігін, тарихи жорыкты тасқа қашағандай етіп жазып берер осы Каллисфен деп ұқса да ол ниеті актальмады. Каллисфен – дос емес. Ол – анық. Ал енді осы сойқанға қаншалықты қатысы бар екенін таң атқанша Филота айтады. Оны айтқызады...

Сырттан саяқ жүрісті біреу енгендей болды. Лисимах отырған жерінде жас балаша ұйықтап кетіпті. Қалғандары жан-

тәні түршіге сырттан жаңалық тосулы еді. Үрей тұнған жерден үйкі кашқан. Александр сонда түнемелікте жатып құлак түрді. Отырғандар кірген адамды алакеуімнен анық кере алмай есік жакқа тесілді. Өмірі жасамаған қызынқырап алған Каллисфен бірінші бол тыныштыкты бұзды.

— Ооо! Леоннат! Филота тірі ме?

— Әзірше... Монолох, ұлы мәртебеліге айттар сөз бар...

— Айт! — Александр пердені сілкіп шыға келді.

— Мойындасты.

— Кім мойындасты? Нені мойындасты? Сен күмілжітпе, Леоннат!

Каллисфен өзінің созбауыт даусымен емес, ішімдіктен аузы құрғамайтын маскунемнің даусын қарызға сұрап алғандай барк-барқ етті. Каллисфен десе қаны теріс айналатын халге жеткен Александр оған жалт карағанда анау масан болса да шошып кетті.

— Койым, Александр... — деп топқа қарай шегінді.

Леоннат өз сәтін жібермеді. Аштулы үнмен.

— Филота қастандыққа қатысты екенін мойындасты. Әкесі Парменион, марқұм Гегелохпен бірге Дарий өлген соң патшаға қастандық жасауды жоспарлаған. Филота білген. Қастандықты жас аристократтардың қолымен жасамақ болған.

— Ендеше, осымен іс тамам, достар! Жақсы жатып, ерте тұрындар. Ертен — сот. — Александр шаршап-шалдыққан жарандарын таратты.

IX

Мандайында аппақ жүлдізы бар, Александрдың атақты Букефалын ара-тұра алмастыратын бөрте аттың шашасы аппақ болатын. Патша осы кербез атқа мініп, ойқастағанда сүйсінбейтін жан болмаушы еді. Қазір де шеріктін алдында Александр ақ балас бөртені билетіп, қалықтап келеді. Әскердің сап тузеу тәртібі бойынша ең ортада тек македондықтардан тұратын Атариждің кол астындағы фаланга, оның алды мен ту сыртында, оны мен солында жүретін атқамінер телоидтар, псилииттер, пелтастар қатып-семіп тұр. Александр қос донғалақты биік арбаға бекіткен кос сырғыққа танулы Филотаны шерікке түгел көрсетіп болған соң сол македондықтардың тұсына келіп тоқтады. Александр Кратерге қарап белгі берді. Кратер мұдірмеді.

— Отандастар! Алдарында тұрған тұтқынды танисындар ма?

— Танимыз! — деді бәрі деммен.

— Ендеше осы Филота, әкесі Парменион және бірнеше сатқындар патшаны өлтіру туралы қастандық дайындаған. Ендігі сөзді ұлы мәртебелі патшаның өз аузынан естіндер.

— Македондықтар! Патшаларының ұрыс кезінде жаудан жасқанғанын көрдіндер ме?

- Жок! — деді әскер бір деммен.
- Ұрыста мен аянкестік жасадым ба?!
- Жок! — деді әскер бір деммен.
- Арып-ашкан шактарда өзіме ерекше жағдай жасадым ба?
- Жок! — деді әскер бір деммен
- Патша алға шығып, жауға ұмтылғанда женіліл көрдіндер ме?
- Жок! — деді әскер бір деммен.
- Парсының байлығын сендерден тартып алдырған кезім болды ма?
- Жо-ок!
- Ендеше мені өлім жазасына үйғарған Филотаға мен не жаздым? Сұрайсындар ма?
- Сұраймыз! — деді әскер жамырап.
- Әскердің қанын қыздырып, өзінің ығына көндіріп алған патша келесі амалды іске қости.
- Филота! — деді патша тұтқынға қарап. — Сені македондықтар сottайды. Айтарың болса нағыз македондықтардың өз тілінде сөйле!
- Александр! — деді Филота қарлықкан азапты, түнілген, жалбарынысы да аралас дауыспен.
- Мұнда македондықтардан өзге көпшілік бар. Менің айтқанымды бәрі түсінсін — грекше сөйлейін.
- Көрдіндер ме, отандастар! Филота өз тілін корлауға да жетті. Мейлі, кай тілде сейлесе өзі білсін. Бірак, білгендерін абзal... Филота өз ұлтының дәстүрін де таптал жүр. Македондық тегін кор санайтын болды, бұл мырзаларын. Сөйле, Филота!
- Александр өзі арқа сүйер аксүйектер мен жанкешті голпіттердің ең басты шоғыры алдында соңғы кезде оппозиция өзіне танған кінәні. — ел дәстүрін менсінбей, парсылық сәнсалтанат, дәстүрге көшті деген айыпты өзінен сылып алып, Филотаға жапсырды да тастанды.
- О-о-о! Александр! Сен ұлы патша емес, ұлы демагогсың да. Сенің парсылық кейпінді, тәртібінді мыналардың ешқайсысы білмейді. Өйткені, патша ставкасына Элладаның ең аяулы перзенттерінің өзі сасық парсылардың рұқсатымен ғана кіреді. Сен касиетті Элладаны Дарийдін алтын так, зерлі шапанына айырбастандын. Эллиндік патша болып жорыққа шығып, парсылық патша бол берімізді корлап көлесін.
- Кратер колың жоғары көтерді — әскер жым болды.
- Женімпаздар! Алдарында парсы патшасы тұр ма? Әлде, ұлы Александр ма?
- Александр! — деді әскер бір деммен.
- Сендерді Эгей тенізінен осы жерге дейін женістен-женіске жеткізіп әкелген кім?
- Александр!!!

— Осы тұрған қай-қайсың да жеті үрпағына жетер олжа жидындар... Оның қызығын алыстағы бала-шагаларың көріп жатыр. Сонда Александр сендерге таршылық жасады ма?

— Жо-ок!

...

Әлден уақыттан соң Филотий, Деметрий, Каллис бастаған тоғыз адам алпыс мын әскердің лактырған сұнгісі, тастаған кесегінен жан тапсырды. Қала сыртындағы тегістікте болған бұл оқиғадан калың шерік гаризонға қайтты. Жазаға тартылғандардың азапты үні үйінді астынан әлі де естіліп тұрғандай әр сарбаздың құлағына ілесіп бара жатты.

Жазаға тартылғандардың жан айқайы ауада шынылдаپ тұрғанда Александр дереу кенес өткізіп, шұғыл тапсырма берді. Филотаның әкесі, грек-македон әлемінің анызға айналған ұлы колбасшысының беделі ендігі ен үлкен катер. Александрды өлтіру піғылы тоңмойын шалдың қеудесінде жаратылғаны анық. Олай болса ол қеуденің де күні бітуге тиіс. Одан басқа жол жоқ. Өзімен бірге Мидияға таңдаулы жиырма мын қолды бастап кеткен Парменион баласының азапты өлімін естісе жаңағы жиырма мынға Александрға наразылардың бәрін қосып, жойқын күш бол бетпе-бет соғыска келеді. Ондай ланға жіберуге болмайды. Женіс рухы, күллі әскерді жұмған жұдышықтай етер үран Парменион жағында болады. Александрдың Задракат маңында жайылып жатқан әскері қанға тойып, күншуакта маужырап жатқан тәбет тәрізді. Әскер ішінде, Кратер айтқандай, кәрі-курттан, ақсак-тоқсақтары қашама. Жорық жылдары парсы шарабынан аузы күрғамаған маскүнемдер де сірә, аз емес. Соғыстан тапкан олжама жетіп, мамыражай күн кешсем деп ансауышыларды іздесе әскерді тарату керек болар. Мұндай боркемік шерікпен Александр жана қадам жасамайды. Сондықтан ендігі іci — Парменион.

Патшаның назарына іліге бермейтін, ылғи да Парменионның қол астында, сол Парменионның өзімен Филипп дәүірлеп тұрған заманнан бірге жасасып келе жатқан Полидамант дейтін бір кесек тұлға бар-тын. Полидамант Персепольға беттеген бір кезенде Александрға тіке тартып келген еді. Сондағы айтқаны: “Ұлы патшам! Мені отка сал, суға сал, анық өлімге жұмса — тек өзін жұмсашы. Парменион екеуміз бір-бірімізді түсінуден калдық. Сірә, не ол, не мен алжи бастаған шығармыз”, —деген. Соган карағанда Полидаманттың ішінде Парменионға деген қыжыл жатыр. Александр Полидамантты әскер легіне дара басшы етпегенмен бұрынғы орнынан едәуір көтеріп тастаған. Енді сол тындырымды, жакпар тастай берік қолбасшыны пайдаланудың сәті тусти. Кенес үстінде Александр Полидамантқа үш хат берді. Бірі Парменионға шығарылған үкім, екіншісі Парменионның орнына Полидамантты тағайындау туралы жарлық. Үшіншісі

“Филотаның әкесіне жазған хаты-мыс” деген ұзак та бұлдыңғыр қолжазба хат.

Александр сөзді шындағап алғанды жөн көрді:

— Полидамант! Патша легіне ауысада маған айтқан сөздерін есінде ме?

— Есімде, патша!

— Сол сөзде тұрасын ғой? Қайда жұмсасаң да өзін жұмса демеп пе ен?

— Дәл солай, патша.

— Жайшылықта батыр да тындырымды, сенімді қолбасшылар көп сияқты. Ал жеме-жемге келгенде кімге сенерін белгісіз. Менің саусақпен санаарлық сенер адамдарымның бірі—сенсін, Полидамант. Парменионның басын менің алдыма жіберетін, Парменионның әскерін қабылдағ алатын өзін боласын. Бүйрық түсінікті ме, Полидамант?

— Түсінікті, патшам!

— Құнді қүнге, тұнді түнге соғып, Мидияға жетесіндер. Филота бүгін өлді. Суық хабар желден жүйрік, Полидамант. Сендер одан да тез жетулерін керек. Филотаның өлімін Парменион сен жеткенше естісе — қырғын боламыз. Оған жеткізебесіне сенемін. Жолың болсын, Полидамант!

— Бәрі ойдағыдай болады, патшам, Парменион есімін ұмыта бер. — Полидамант Мидияға құстай үшты. Құмнан өтерде түйеге ауысып мініп, он бір күн дегенде Мидияға жетті. Өмір бойы Парменионнан қағажу қөріп, ішіне кан катқан қартан қолбасшы бәрін патшаның құпия қызмет жүйесін басқаратын май бет, май көз Петроуполдың айтқаны бойынша жасады. Мидияда бұларды Парменион жайбаракт қарсы алды. Патшаның құпия хаты бар деген желеумен Полидамант Парменионның оңаша қалуын ескертті. Өзі жеті адаммен ставка шатырына енді.

— Алдымен, Парменион, баланның хатын оқы. Филота женіл жаракаттанып, хатты қөмекшісіне жаздыртты. Қолы анық па?

— Анық, — деді кішігірім төбедей бол отырған Парменион. Хатты оқи бастады. Сірә, баласынан келген хатты рахаттана отырып, кеудесімен көлденен қөзден көлелегейлеп оқығысы бар. Ол алдамшы хаттың бір бетін аударғанда Кән көк семсерді сол жак қапталды ала жетесіне дейін салып кеп жіберді. Ықылых атып, теңселип кеткен Парменион басын көтергенде сол Кән оны малша бауыздап та үлгерді. Жерге гурс құлаған Парменионға шатырға енген жетеуі де қылыштарын малып-малып алды. Осылай грек-македон тарихын басқа арнаға бұрган алпауыттардың ішіндегі ешқашан женіліп көрмегені оп-онай дүниеден озды. Жарты айдан сон оның басы Александрдың алдында домалап жатты. Бұл сапар, бұл оқиға Александрдың өзін де жұқартып жіберді. Полидамант бар-жоғы жүз жасақлең жолға шыққан. Ал Александрдың жойқын

кушін сырттай бакылап, бес қаруын сайлап, ары да бері жосылып жүрген ұлттар мен ұлыстардың біріне тап бол, Полидамант мерт болса Филота туралы хабар Парменионға ұщкан күстың қанатына ілессе де жетеді. Одан сон — көр де тұр! Александрдың үлкен аланы да, азғантай қолмен жіберген өкінішінің де төркіні осында еді. Міне, енді, сол мазаң құндер артта қалды. Патша Парменионның басын ку далаға апарып, шұқанакқа көмдіртті де аты-жөні жок қөл-көсір қабылдау жасады. Тұн ортасына жетер-жетпес өзі бұрын төсекте көрген-көрмегені есінде жок, сұлулығына, үлбіреген жастығына таңдана қарап, бір бейбақты түнемелікке жетектеп кете барды. Патшаның кимылы шалыс, естүсі кіресіл-шығасы.

— Ұйықтамай жанымда отыр! — деп бұйырды патша. Өзі бұтын-бұт, қолы-қол шалқадан түсіп, мамыққа батып кетті.

Таңтерен патшаның алғашкы естігені — Монолохтың барк-барқ еткен даусы:

— Патша тұрған жок. Әй, сарбаз! Ку аналарды. Дабырламасын. Патша кеш жатты... Тыныштық беріндер!..

Қатты үйыктаса керек — үйқысы канып қалыпты. Айнала жым-жырт. Тұн бе, таң ба — белгісіз. Жанында сусыған жібекке малынып, көңілшегі отыр. Александрдың оянғанын көре сала биязы ғана жымиды. Патша анасынан туған-қалпы, устіне жамылғы жолатпай ашық жатыпты. Әйел затымен төсекте жолығу — шөліркегенде сусын ішіп, ашықканда ас ішкенмен бірдей тек қажетінде ғана болатын табиғи құбылыс. Басқа уақытта жалғыз. Ол онаша жатып, өзін-өзі тергейтін. Өз бойынан өзгелерден озық қасиеттер де іздейді, кемшін соғар тұстарын да түгендейді. Бірақ күдай мұның бітіміне неге таршылық жасағанын білмейді. Шакша басы бәрінен артық, бәрінен жүйрік. Соғыста небір алпамсалардың басын жерден іздettі. Шымыр, самдағай, айлакер. Бірақ бір қарағанда көз тояр, патша осындаі-ак болар дерлік бітім мен кескін Александрда жок. Кемістік ізdegендеге өзінің ойынан кетпейтін бір нәрсе осы. Одан басқа қасиеттерінен өзі де шаң жуытпайды. Өзін ел біletін Александрдан екі-үш есе артық санайды. Каллисфен мұны мадактап, басын айналдырым дейтін болар, бірақ ол патшаның жүрген жүрісі мен баршаға аян ісін ғана біледі. Ал оның ішкі қазынасына бара алмайды. Тұсінгісі келмейді, өйткені тұсінуге ересі, сұнғылалығы жетпейді. Адам өзі тұсінбейтін нәрсені жақсы көре алмайды.

Ақылға салмақ, салар іс ешкімді қызықтырмайды. Александр Каллисфен үшін сондай күрделі құбылыс. Ол бар-жоғы ұрыстан сонғы дабылкеш. Бірі ұрыс алдында әскердің дөлебесін қоздырып, жер-әлемді дабылға толтырса, Каллисфен ұрыстан сон жырлап, ел құлағының құрышын қандырады. Екеуі де екпінді басталып, оп-онай ауаға сініп кетеді. Рас, енді бірер

касиеттері бар – оны жаксылыққа жорырын, не астамшылдыққа телірін өзі анық білмейді. Білмегенді былай қойғанда ол мінез Александрдан бөлек жаратылған бұла күш тәрізді ырық бермей кететіні бар. Соның бірі – қашан да, кай істе де жер басып жүрген жұмыр бастының бәрінен оқ бойы озық болу, тәбесінен карау, не құдай иә болмаса құдай тектілігін жасап, адам түрмәқ әлемнің тағдырын уысында ұстау. Кеудесін кернеп тұратын осы құбылыс көбіне-көп Александрды мінілмеген айғырша орды ор, жарды жар демей алып қашады. Екіншісі соған кереғар болса керек. Ол – жалғыздық. Қуану, шат-шадманнан кейін бұқпантайладап келетін құлазу. Ондай сәттегі мұның күйін пенде баласына бермесін. Ең киыны – сол күйді сілкіп тастау. Эрине, жалғыздық пен құлазу иектеген кездерден шыға алмаса Александр бола ма? Өршелене тұрып, жан-жағына кектене қарап, тістене сөйлеп барып құрыстырысы жазылатын. Кейде кеудесін аңызак жел тонап, басын қапырық жайлап алса бірер саптыаяқ шараппен де әлгі қара бәлелерді тұла бойынан айдал шығатын.

Бүгін де солай құлазып жатыр. Кеше ұзак жылдар, сұрапыл жылдар зіл батпан бол енсесін басқан, жүйкесін жұқарткан шұбырынды, тамырлы лан Парменионның басымен бітті. Ол бір іші ала көленке бір тұсы көз карықтырап жарық, бір тұсы көз жетпес бұлынғыр түйсік. Сенім мен құдік, үміт пен қатер, арман мен заманакыр өз ішінде қызырыстал жүргендей.

Александр ғар сұлуын әлде нәрсеге жұмсады. Сұлу патшаның сүйріктей саусағына қарап, мысық табан жүріспен күміс құмыраны және оның жаңындағы алтын саптыаяқты алып келді. Төсектің жиегіне жакындалап кей жүрелеп отырып, шарап құйды. Александр есімін де білмейтін, білмestен-ақ өтетін сұлудың майысқақ қимылына, пәктігіне, нәзіктігіне қарап шығыс қыздарына ғана тән ұрғашы сұлулықтың болатынын үқкандай. Жай сұлулық емес – табиғат жараткан сұлулықтың шегі, аскағы осы отырған қыз дерсін...

Патша ішке екі саптыаяқ шарап барған соң – өткен түнде төсекте не бітіргенін еске алды – тас қаранғы. Білмейді. Ал қазір ғана ішке барған шарап ішін рахатқа батырып, бойын балқыта бастады. Мынандай сұлудың жай келіп, бос кеткенін күнәға балап, патша оның білезіктігінен ұстады да өзіне қарай тартты...

Сәскеден ете өзін бүкіл әлемнен бөлініп қалғандай сезінген Александр Задракарттан тазарып бір-ак жылжимын деген ойын ұластырды. Ол үшін Лисимахты, Гефестионды, Кратерді және күпия қызметтің басшысы Петроуполды келтірді.

– Прелюстрация¹ не айтты, ұстаз?

– Хаттар мені ойға қалдырды. Әскердің дені – әттен, осымен

¹ Прелюстрация - жауынгерлөрдің хатын ашып оқу, сол арқылы әскердің көңіл-куйін білу амалы.

койсақ, елге жетіп, демалсак деп тұр. Патшаның парсыларды санатка қосып, он тізесінен орын бергеніне бәрі дерлік наразы. Әйел, бала-шағасына жай мұнын шакқандар бар, сонымен қатар Александр үшін ендігі жерде басын қатерге тікпеймін деп ашына айтқандар да жетіп жатыр.

— Ашынғандар дейсіз ғой, ұстаз? Кратер! Сол ашынғандардан айыптылар жасағын құрындар! Петроупол сол батырсымақтарды тізіп, Кратерге ұстат. Не жасақ екенін біз ғана білеміз. Қайда тап болғанын олар соғыста көреді. Және... Кратер! Грек текті қолбасшыларды да, сарбаздарды да елге қайтар. Ауру-сырқаулы, қарт сарбаздардан да арыл. Әскер саны жұз отыз мыннан аспасын.

Задракартта Александр гректерді теріп жүріп, басшысын да, косшысын да қалдырмай еліне қайтара отырып, үлкен саяси өзгерістің басталғанын бірден андатты. Александр еш нәрсені ұмытпайтын. Нені кай кезде жасау керек екенін дәп басатын касиетімен ерекше. Бұл жолы ол Панэллиндік одактың патшасы ретінде алған міндетім түгесілді, парсылар енді ешқашан Элладаға каяїп төндіре алмастай боп талқандалды, өз топырағында сендей соқтығысан ақылмандар, шешендер мен көсемдер маған міндетсуін тоқтатсын. Енді гректерге зәру емеспін, Македония мен Грецияны он орап алар кеңістіктің де патшасымын деген емеурінді осы қадаммен жас патша білдірді де тастаны.

Сонымен, Задракартта Александр оппозицияның басын алдым деп есептеді. Бұған қарап шабалана үретін грек мықтыларының аузына құм құю үшін олардың әскерге қосқан үлесі тайлы-тайғымен қайтарылды. Парсы мемлекетін түгел қаратты. Әскер тынышып, қайтадан құрылды. Ендігі тұрыстың еш кисыны жоқ — жорық жалғасады. Қай бағытта? Оны патшаның әскери кеңесі соңғы сәтте білді. Кеңестің сыртқы пошымы парсылық малынған сән-салтанат, ал өту тәртібі македондық тақ-тұқ нақтылықпен жүріп жатты.

— Ендігі бағыт — Бактрия мен Соғды, оның артында сак патшалықтары. Ертен таң бозында жорық жалғасады.

— Әскер дайын ба, Кратер?

— Дайын, ұлы патшам.

— Мидиядан Полидамант шерігін қайтар. Біз дәрияға жетпей әскерге қосылсын.

— Түсіндім, ұлы патшам.

— Сейле, Клито!

— Александр, бұрынғыдай әркайсымызыға карта таратпадын. Босқындарша топтанып, сенін сонынан сүйретіліп журе береміз бе?.. Әлде қалай?

Кратердің “ұлы патшам”, деген баркыт үнінен соң Клитоның “сен” деп серейте сөйлегені, патшага түрпідей тиді. Клито — Александрдың сүт анасы Ланиканың інісі. Түтеп келсе, Ланика

мен Клитоның арғы тегі Александрдан бәлендей төмөн де емес. II Филипп патша атанғанша Македондағы көп кінәздердін бірі бол саналатын. Ланика мен Клитоның да тегі – кінәз. Осындай шатысы бар Клитоның орны ерекше. Александр Клитодан жамандық болады деп ойламайды. Бірақ оның еркіндігі, қызыбалығы ендігі тәртіпке кірікпей тұр. Бір тентекке патша шыдар еді, егер ол өз пікірін ішмерездердің көзінше наизағайлата айтпаса. Ойқастап жүріп, ортаны ірітпесе. Өзгелердің ішіндегі қара бас құртты тірілтпесе...

Патша кеңестің ортан белінде кекесін ренді сұрақ қойған Клитога бірден-ақ жауап берер еді, кеудесін бұрк еткен ыза қауып қалды. Аз-кем үнсіздіктен сон Александр іскеріне қарады. Іс қағаздарын, пәрмен-жарлықтарды жүргізіп отыратын адамы жалма-жан кеңес мүшелеріне жорық картасын таратып берді.

Сенің мұнсіген сауальна жауабым осы, дегендей Александр Клитога сөз шығындармай Гефестионға қадалды.

— Гефестион! Дарийді өлтіргендердің басшысы кім еді?

— Бесс, ұлы патша.

— Бесс казір кайда?.. Аныкта да, күткін жібер. Тап. Осында тірідей алдырт... Ұстаз... — Александр Лисимахка қарады. — Парсылар тамам... Алда — Бактрия мен Соғды. Олар да Парсы патшалығымен жағаласып келген. Казір олардың сатраптары Парсыға еш катысы жоктай сіресіп отыр. Олар өздерін парсыдан бөлеқпіз, деп есептемесе ендігі бір хабар болар еді. Яғни женсен· бағынамыз, келмесен өзің біл, деп жатыр. Бактұр мен Соғды парсы тілінде сөйлемейді, сақтарға жақын деседі. Сонда, біздің ісіміз кіммен болады, ұстаз?

— Бактрия мен Соғды... — Лисимах сәл кідіріс жасады. — Қалай десем екен... Бұл қырық рулы жер. Ел емес — жер. Мұнда ұндіс те, жың да, сақтардан тарайтын үсін, қанлы аталатын ұлыстар да, сармат, массагет сақтары да, саудагер әрі жер емген таранчы да бар. Бұлардың тілі де өздеріне лайық койыртпак. Мұнда парсылар да аз емес. Өздерін сақтарша ұстауға тырысады. Дәл солардай қайсар, ерен, жауынгер. Бактрия мен Соғды сақтар мекендереген Ұлы Даға мен Қара теніздің арғы бетін түгел жайлаған скифтердің Алдыңғы Азияға өтер табалдырығы, жынмен, ұндімен, парсымен, арипейлермен, жалпы осы төніректегі халықтармен алыс-беріс жасайтын базары, жәрменкесі, керуен басы. Ал сақ пен скиф — бір тұқым. Тек біздің тарихшылар оларды әртүрлі атағанмен Бактрия мен Соғдыдан солтүстікке қарай хүннідардың орнын басқан, бүгінгі ғұннідардан бөлініп кеткен біртекті халық басталады. Олар ішінара ата-тегіне қарай бөлінеді, әрине. Бірақ сөйлесе кетсе бірін бірі ұғады, ортақ құдайы — Көк Тәнірі болған сон Мауреннахрда жаткан сактың құйрығын бассан Византияның бүйіріндегі скифтің басы көтеріледі. Тарихтың жетегіне ілеспей, тарихты

өздері жасап келе жаткан, грек ғұламалары көп айтатын, көп жазған сақ-скиф әлемі осы. Көз көрім жердегіні құтқармайтын ерен садақшы, ат құлағында ойнайтын сайыпқыран, найзаны батпышрауықша шыр айналдырып кеп соғатын жаугер сактар осылар.

— Пах! Ұстаз! Сактарды жақсы білгенді қойып, жақсы көресіз бе деп қалдым...

— Клито, токтат! Ұстаз менің өтінішім бойынша сендерге сактар туралы түсінік беріп отыр. Жауын білмеген — қапыда опық жейді. Парсылар біз үшін сыралғы жау болатын. Дегенмен Элладаны сан ғасыр тырп еткізбекен парсылардың өзі ең киын шайқаска жалдамалы сак әскерін алдыға сап келетін. Сол жерде кайтсе де женетін. Яғни сак тегеуріні парсыларға белгілі болған.

— Солай-ақ болсын... Бірак Атаксеркс пе, әйтеуір көп Ксеркстің бір сарайынан женілген елдерді бейнелейтін бедерлі суретті көрмеп пе едік?! Онда шошак бөрік сактар да женілгендер ішінде бейнеленген. — Клитоның бұл сұрағына Лисимах әзілмен жұмсарага жауап қайтарды.

— Әйел патша Томиристің меске қан толтырып, Кир патшаның басын соған батырғанын білесіндер. Клито сол сурет неге салынбаған деп түр ғой? Парсы патшасының басын сақтың әйел патшасы алғанын кешіре алмай ахемендер одан сон да Ұлы Даламен көп соғысты. Ал тук те бітіре алмағаның бүгін көріп тұрган жоқпыз ба?

— Рахмет, Ұстаз! — Әңгімені Александр корытты. — Томиристен бері біраз уакыт өтті. Бүгінгі сактар сол сак па, бүгін кімі бар екенін соғыс көрсетеді. Олар Александрдың әр кадамын андып, бес қаруын сайлап отыр ма, әлде македондықтар сак даласынан не іздер дейсін деп, бейқам жатыр ма?



«КІҢШІ БӨЛІМ



1

Дүние канша кең болғанмен 330 жылдың қисыны Ескендір мен Ақсүйек Байтақ патшаның жұлдызын қарсы қойды. Ел ішінде шықкан тегі, руының атын қосып Ақсүйек Байтақ патша атанғанды. Ескендір сақ даласына адасып келе жатқан жок. Сондықтан онын кеменгерлері сақ даласының тұлғалары туралы тірнектеп дерек жинап, олардың өмір салтын, мінез-құлқын, осал немесе мықты жағын салмақтап келеді. “Ақсүйек” деген сөз Александрға “Оксиарт” бол жетті. Оның есебінше сақ патшаларының дінгегіт сол - Оксиарт.

Ескендір Задракарттан өре түрегеліп, Бактүрға қарай шандата жәнелгендеге Ақсүйек Байтақ патша соғыстың сүк лебін сезді. Алғашында сабырын алдыра жаздал барып, әрен-әрен сабасына түсті. Талқармау боларлық бір ойды бір ой тірлітіп, Байтақ патша бір шай қайнатым уақытта өз адамдарын жинап, кеңес жүргізерлік ойға тоқтады.

— Кайсын барсың? — деді баппен ғана алдыңғы айванның сәкілendіре жасаған қабылханасында шынтақтап жатып. Есіктен бір бас қылтиды.

— Арымас мынбасыларымен, басиелер ертең сәскеге дейін түгел осында келетін болсын.

— Құп...

Байтақ патша ертең сәскеде жиылратын кеменгерлерін дегірі каша құтті. Жайщылықта акылшы да, шешен де, көсем де, досжаран да баршылық. Ал қазіргідей қысталанда сипаланып, жанжағынан жоқ дегенде көңілге мият болар жан таба алмай отыр. Ертең келетіндерді де ойша екшеп көрді. Елгезектен өтпей баданадай бол тек Спитамен ғана қалды. Иә, Арымас бар еді-ау! Оның жөні бөлек, Байтақ екеуінің жаны бір. Мүмкін содан да болар Арымасты өзгелер санатына қоспағаны. Ол да Спитамен секілді табанының бүрі бар, шегінбейтін, майыспайтын, өлуге бар, сатуға жоқ морт мінез.

Байтақтың жана ғана құлазыған жаны тиянақ тапқандай орныға бастады. Есікті ашқанда әлемнің жарығын өзімен бірге алып келгендей жарқ етіп, кенже қызы Роксана кіріп келгенде жүргіндегі түйнек тарап кетті. Байтақ үш әйелден төрт ұл, үш қыз

сүйді. Сонымен құдайдың бергеніне шүкір, көрсеткеніне тәuba деп бурыл тартқан шағына да келіп қалыпты. Роксана солардың ен кішісі. Еркінде, еркесі де осы. Бірақ еркінмін деп еркелеп, еркелігім жүреді деп шолжандаған Роксана жок. Тек әкесінің он тізесінен ешкімге орын берген емес. Қаздып, қадалып отырып, патшаның бар әнгімесі, бар талқысы, кенесінің басы-қасынан шықпайды. Кенес тарқаған соң әлі де ішкі толқыны басылып болмаған әкесіне төтесінен сұрақ қояды. Ондай сұрақ басқа ауыздан шықса Байтак жок дегенде зекіп тастар еді. Роксана бәйкүнә көзбен барлай қарап, жаралы тұсын дәп басып, сауал қойғанда әкесі тығырыққа тіреледі. Басында Байтак Роксананың бұл қылышына аса мән бермеген. Жай шығарып салма жауаппен баласынып алдарқаткан. Ондайда Роксана қайыра сұрақ қойып, әкесін булыға құлуге мәжбүр ететін. Бес наиза бейнелі қек байрағының астындағы 960 мың тұтінге билігі жүріп тұрған патшаның өктемдігі жүрмейтін жалғыз адамы осы Роксана. Байтак қызына қарайды да тәнірі оны аяғаннан жалғызырымасын деп берген шығар деп те ойлады. Боркемік боп өспесін, әкенін көлеңкесі түсіп, әлжуаз болмасын, әкенін мысы басып жасык болмасын деп төрт үлмен Байтак тен адамша сөйлесіп, жасы жетіп, басы післеген кездерінен-ак ел ішіндегі небір ересек істерге араластырды. Қазір үшеуі лектін алдына шыққан әккі шәкрап¹. Үшінші әйелден тұган Бекасыл әлі бала. Алдыңғы үш үл еркін өскенмен олар әкесінің патша екенін, оның балаға мойын бұра алмайтын, кейде мұлдем от басын ұмытып, ел ісімен кететінін біліп өсті. Ал Бекасылға жол бос. Ол үшін Байтак – әке. Әке – кенже үлдың жекеменшігі тәрізді жасы үлғайғанда көргеннен бе Байтақтың Роксана мен Бекасылға патшалығы жүрмейді, екеуде одан еш қынбайды. Роксанадан өзге қыздары Байтақтың өрісін кенейтуге жарады. Екеудің ағайындарға ұзатылып, ғұн патшасының әулетімен екі дүркін сүйек жаңғыртты. Роксанамен тетелес қызы үйсінге бұйырды. Бір кілтипаны сол – үйсіндердің үлкен ордасына ұзатылмай, сол орданың ырысы мен билігін өзіне қотарып алуға әрқашан дайын отыратын, Құнбеті патшамен азуы қайта-қайта айқасып кала беретін Дарабектің колына келін бол тусти. Құнбеті – үйсін-үйсін болғалы бергі күрделі, катпарлы патша. Оның әр сөзіне үш куә керек. Сөз – Құнбетінің елді де, алыс-жакын ел билеушілерді де үйытып, мұдірсіз ақиқат, уәж айттырмайтын тұп-тұнық оймен иландырып тастайтын басты құралы. Былай шыға беріп сол Құнбеті дүниенің бәрін өзгеше жасайды. Жасағанда да өзгелер ойланып отырғанда бұл істі бітіріп те тастайды. Құнбетінің құлышына құрық бойламайды. Көп нәрсені білмеген боп, ерен санамаған боп та жылмитып

¹ Шәкрап - көне түркі тілінде өскери қызметті кәсіп еткен, бүгінгі заманғы кадрлық офицерлер тәрізді әлеуметтік топ (каста).

жасай береді. Байтақ пен ғұн патшасы Қату Күнбегіге ту сыртын қаратаңып, сыздады да қалды. Енді жағдай өзгеше. Төрт жылға жеткізбей ахемендер сан ғасыр билеп, тек дәуірлеп, тек ықтырып, керегін тартып алыш, көздеген жерін басып алыш, табаны жеткен жерді тырп еткізбей ұстап келген Парсы патшалығын толғамай жүтқан Ескендір Зұлқарнайн келе жатыр. Оның ендігі бағыты анық, мақсаты белглі. Мұндай кара катер тәнгендеге патшалар өкпелі балаша бұртыш жүре алмайды. Тек өткенде Спитамен әкесін еске алған жиын-тойында Күнбегі Байтақка келіп арнаіы сәлем берді. Содан соң тағы да тыныштық орнады. Сондықтан үйсіннің арғы бетінде отырған, тиграхауд сактарымен дереу білдіргі алмасу керек. Сактын үш атасымен жасалуға тиіс пәтуаны солардан бастаған жән. Ертең сәскедегі кеңестен соң тиграхауд сактарына Байтақтың етектей білдіргісін алыш, елшілері жолға шығады. Жейхұн мен Жайындарияның¹ арасындағы парадарайя сактарынан шабармандар күнде келіп-кетіп жатыр. Олар қолтырауынның аузынан шоршыған шабакща, Байтақ патшага жаутандап қалды. Ес жиғызып, дегбірін алғызыбай ұстаса олар да аз күш емес. Тек жер еміп, су жағалап, балық аулап, күйкі тірлікten бел жазбаған, ал жері адам қызығарлық болмаған соң жауығу, соғысдан аман келген парадарайя сактарының ендігі сенері – Байтақ патша. Ертең сәскеде олардың да сардары кеңеске кательсады. Уақыт тар. Жау аса қатерлі...

Байтақтың басына түскен бұл сын онай болмай түр. Жүргі күн санап ауырлап бара жатқан Байтақ азынаған жел өтіндегі жапырактай қалтыраса өзгелері не күй кешпек? Сондықтан бәрін есептеп, байыз тапқан сынай танытады-ақ, бірақ іші – алайдулей. Сол сәттердің бірінде келген Роксана әкесінің жүзіне анықтап қарап алды. Сонан соң төтесінен бір тың сөз бастады.

– Әке! Тиграхауд мыкты, бірақ алыш. Ескендір оларға жеткенше әлі көп уақыт бар. Олар соны ойлап, тез арада көмекке келе қояр ма екен? Ал үйсіндер жақын әрі әскері дайын, қатер Күнбегі екеуінізге ортақ. Ол өткен қақтығыста жерінен шегінгендіктен намысқа тырысып, адам жібермей-отыр. Адам бізден баруға тиіс. Бұл еш заманда болмаған ұлы соғыс. Менің есебім бойынша Ескендір Зұлқарнайн бір айда Соғды мен Бактрияға жетеді. Алғашқы соғыс сонда болады. Не парсыны, не қаньыны, не үйсінді мойындармай әрі-сәрі өмір кешкен, күнделікті сауданың судыраған ділдәсінен көз ала алмаған қырық құрау саудагерлердің ойына соғыс кіріп-шықпайтын секілді. Соғысарлық тұрақты жасағы да, басын біркітіретін не патшасы, не абызы жок Соғды мен Бактрияның үстінен Ескендір желіп өтеді. Одан соң бізben соғысады. Жалғыз өзініз, әке, төтеп бере алмайсыз. Үйсінмен тез татуласу керек. Күнбегі патша кішілігін

¹ Жайындария - Амудария. Жайын көп болғандықтан ел солай атаған.

танытты, өз аяғымен сіздін орданызға келіп сәлемін берді, енді тағаты таусыла тосып отыр, әке. Кілдірменіз.

— Ақылыннан айналдым, қызым... Үл бол неге тумады екенсін?!

— Үл бол тусам төртінші бір лектін алдына шығар ем. Бар болғаны. Қыз бол туған сон Қанлынын патшасына ақыл айтып тұрмын.

Әкесі мен қызы сызаған тымырсықтың астан-кестенін шығара құлсіп алды.

— Айтқаның — айдай. Ертең Құнбекіге де, тиграхауд патшасына да, Кату патшаға да білдіргі кетеді. Тездетіп бас қосу керек, қызым. Қай жерде кездесетінімізді Құнбекі өзі айтсын деп биліктін тізгінін ұсынған болдым. Құнбекі - зәлім. Бірак... терен. Жене де біледі, женіле де біледі. Біздін жерден шегінгенмен тиграхаудтарды корғасындағы балқытып, сәл окшау шықкан ру, тайпаларды басынан сипап өзіне қосып алып жатыр. Жер - кейде олай ауады, кейде былай ауады. Елге ел қосу — басы бүтін келген олжа. Ертең сол жаңа ел қыз алып, қыз берісіп, қонысы аралас, малы қоралас бол кеткен соң өзінен өзі шырмауына шатысады. Бір-біріне сініспін кетеді. Яғни ел ұлғайды деген сөз. Сөйте-сөйте тиграхауд сактары астындағы токымды білдірмей суырған қай епті екенін сезбей де қалуы. Құнбекі бізден едәуір жас. Қөрер күнін, татар дәмін тәнірім тартып алмаса ол көзі тірісінде-ак үйсіннің текеметін тиграхаудтың төріне апарып төсетеді.

— Әке... Шыныңызды айтыңызы, Даңа — патшаларының ішіндегі ең мықтысы кім?

— Құнбекі, қызым.

— Сіз ше?

— Бұрын мен едім. Дүние кезек. Менін заманым өтіп барады. Мен бүгін-ак осы жүкті қанлының бір ұлына аудара салар ем. Бірақ қазіргі тұтастықты шытынатып ала ма деп қорқам. Жалғыз қанлы емес тиграхауд, хаом, ғұн ағайындарда да патшалықтың алды адудын болғанымен сонында салбексе, күйкі ой, өз өрісінен арғыны қөрмейтін шақша бастар қаланып тұр. Үйсіннің жағдайы бөлек. Олардың бүгіні мен ертеңі жарқын...

— Сол үшін Құнбекіні жек көруге бола ма, әке?

— Мен Құнбекіні жек көрмеймін — қызығамын. Дәл сондай ай мандай менің тәнірекімнен қылан берсе, мен ертең-ак оны патшалыққа демеп жіберер едім. Такқа отырғанның бәрі патша емес, қызым. Пендеше ойлап, патша бол ел сорына қалу тәнір алдында күнә. Құнбекінің есіл-дерті ел. Қайтсем үйсінді үйдей пәледен арашалап қаламын, қайткенде ешкімнің ыза-наласын қоздырмай, майдан қыл суырғандай етіп елге ел, жерге жер қосам, қайтсем де үйсінді қазіргі қырық патшалықтың ең субелісі етем, сейтіп, алакөзденбей-ак өзгелерді аузыма қаратам деп сырттай жайбарат, іштей жанығып күн кешеді. Тәнірім ара-тұра жерге үлкен өзгерістер, аласапыран жасауға ақылды тентектерін де, сабырлы

терендерін де жіберіп отырады. Күнбегі бізден хабар жетсін деп міз бакпай жатыр. Бірак оған бәрі де аян. Қай күні кімнен елші келерін де, Күнбегісіз енді күн жоқ екенін де анық біледі, қызым.

— Патшаға ақыл айтқан адам патша бола алмай ма, әке... Күндердін күнінде?

— Қызым! Патша болу жай қызық емес. Эркім өзі үшін, тәнір бәрі үшін. Патша да солай. Тәнір жалғыз — патша да жалғыз. Оның бал жұтқан күнінен, у жұтқан күні көп. Патша мына қарақұрымнан бірер демі артық, мысы басым жұмыр басты. Ел ішінде, кейбір жағдайларда, патшамен итжyғыс түсетін алпауыттар болады. Патша атаулының сол қолы сондайлардың жағасында болады да, өзге істі жалғыз қолымен жасауға мәжбүр.

— Жаңа ғана патша болуга лайық ешкім жоқ деп едініз, әке?..

— Жоқ екені рас. Жана мен айтқан ел ішіндегі алпауыттар бір мәрте қауып алуға, аңдып жатып тірсектен шалуға жарап. Ел басындағы адаммен тіресуге олар үнемі даяр жүреді. Оларды былай қойғанда, кой аузынан шөп алмас момынның алты амалы ішінде. Патша азуын айға балаған мықтылардың қай кезде, қай қапталынан аларын үнемі болжай алмайды. Сондыктан, кейде есек де кетеді, есінде кетеді. Анаусымен де, мынаусымен де арпылдасып жатсан одан төмендегілері де шәуілдеп жақындай түседі. Патша болғандықтан кейде-кейде басынан сөз асырып, содырдың ісіне көзжұмбай жасайсын, қызым. Патшаның бойынан бәрі табылып, сол тұрысында артық-ауыс нәрселер сініл те кетуі тиіс. Өйтпесе ол патша емес, патшаның тағын қорушы ғана.

— Осы сезінізбен-ақ, әке, сіз Күнбегінің өзін көп айыптан аршып алдыңыз. Күнбегінің қайда отырғанын білсөніз ертегі кенестен соң неге аттанбасқа? Ел ішіндегі тентектерге де кейде женсік беретін қанлы патшасы терезесі тен патшаға ел тағдырын айта барса несі айып? Оның үстіне тізе батырған, сойыл көтерген үйін емес, қанлы мен ғұн.

— Күнбегінің адына бар дегенің гой, қызым?

— Ілеңтірсеніз бірге барайын, Күнбегінің қанлы жақтан ат ізін салып біреу келе ме деп отырғанына, еш сыздамай, торсандамай құшақ жаярына күмәнім жоқ, әке. Білдіргі арадан қыл өтпеген елге жүрер. Ал екі жылғы тонды жібіте алмайды. Тон жібігенше Ескендір Зұлкарнай қанлының да, үйіннің де тоз-тозын шығарады. Есесі кетпеген елге ел үшін патша бармай кім барады, әке?..

— Солай екен-ау, балам... Рас, жөңкіліп жау келе жатқанда екі қырдын астында екі патша ішімдегіні тап деп жатып алғанымыз ақылға сыймас. Ендеши, Роксана, жолбасшылыққа жеті шәкірат ал, қасына құрбыларынды ілеңтіріп танертең Шигуға аттан. Бар да: “Ертен әкем осында болады,” —де. Сонда менін алдым, сірә куреулі болады. Байтактың қызы еркелеп келсе әкесі елшілеп келетінін Күнбегі бірден анғарады.

Күнбегі мінген былқылдақ күйме піл сүйегімен, білем-білем алтын-күміспен әрлеген тұстары күнге шағылып, тал түсте патша сарайының алдына токтады. Шауыштары аттан түскенше қызметшілер дедектел келіп, Күнбегінің күймеден түсіріп жатты. Бір аяғы серейіп танылған ба, жүрісінде ауырсыну бар. Еңгезердей екі жігіт екі қолтықтан көтерген бойда ак сарайға ала жөнелді. Көзді ашып-жұмғанша сарай алдындағы карбалас жым-жылас болды. Үш күн әскердің машиғында болып, дәл қазір соғысқа кіруге әзір отыз бес мың қолдың шамасын өз көзімен көріп кайтты. Күнқақты өнінде шалдыққандық табы да бар.

— Жол ауыр сокпады ма, басилем? — Күнбегінің мұндайда бірінші көретін адамы да, өзінің бабын табатыны да бәйбішесі Ефрасиса. Күнбегі бәйбішесінің сұрағын жауапсыз қалдырып, керегін бір-ак айтты.

— Тұнба¹ дайын ба?

— Дайын. Эй! Көрбездер! — Күнбегінің кіші әйелдері жетіп-жетіп келді. — Күнбегі патша сендерге тұнде ғана керек пе? Кайда жүрсіндер? — Тоқалдар бір-біріне қарасып жымың-жымың. Күнбегі бәйбішесіне қарай ұмсына берді. Қалған төртеуі қамалқалап патшаны тұнбаға әкелді де шешіндіре бастады. Тұнбаның сұы қанжылым екен. Тұнбаның орта тұсында су денгейінен үш қарыс тәмен құшқа жетпес отырғыш тұғыр ағаш бар еді. Патша рахаттана соған жайғасты, екі тоқалы екі жақтан жуындыруға кірісті.

— Эй! Жың сұлуы! Жаңалықты айта жүр!

Өні от жалыны шарпыған ақ жібектей қытай тәркінді тоқалың қимылы қағылез, патшаны айнала үшқан қарлығаштай қалықтайды.

— Иә, иә, басилем... Үлкен ана айтпақшы, Байтак патшаның қызы қонаға келіп жететін көрінеді. Жеті шәкраты, қырық қызымен келе жатыр.

— Роксана... — Күнбегінің даусы тарғылдана шыкты. Патша орнынан тұрып кете жаздады. Ондайды қалт жібермейтін бәйбішесі:

— Басилем, қопалақтап калдың ғой! Анау сынық аяққа карамай жорғалап кетпесен етті!

— Болды! Сенің андығаның... Әңгіменің тәркінің айтпаймысың?! Ізінше әкесі келеді десенші. Бар! Байтақты қабыл алар қамына кіріс.

— Барсам барайын. Байтак келеді деген ойымда болды дейсін бе? Бәсе, қызы әкесіне жол ашып келе жатқан болды ғой! Дұрыс-ак. Байтаққа осыдан соң не дерсін. Келісінің сынайын көрмеймісін. Тапқыш. Айтары жоқ, тапқыш. Мейлі, жауыкканнан не таптындар? Одан да араларың сауықса ел тыныш, ер аман.

¹ Тұнба - белуардан келер, отырғанда адамның иығының ғана көміп тұрады үй ішілік тоспа.

Байтактан хабар жетті де Күнбегіден маза кетті. Сардарға пәрмен алып үш шәкрапт құстай ұшты. Кеш батқанша кеменгерлерін келтіріп, алдағы әңгіменің ұзын-ырғасын байыптады. Күнбегі Байтакты қутпеген бол көрінбек. Бірақ бар дайындығы сақадай сай. Сай етті де көлденен көзге тұспестей бәрін перделеп, өзі бейқам жатқан адамның сыңайын танытпаққа онтайланды.

Күн кызырып батқан шақта патша дуалы дабыраға толды. Осыдан аз күн бұрын камалап аң қуған патша атының аяғы суырдың ініне кіріп, ат-матымен омақасқан. Сонда аттың аяғы морт сынған. Күнбегінің аяғы тобықтан тайған, иығы ұсынан шығып, екі-үш кабырғасы шытынаса керек. Өлмеді, бірақ бейнеті осал болмады. Қазір бәйбішесі айтқандай-ақ жорғалап кетер еді, бірақ ел-жүртқа тілеуін тілеткізе тұрайын деп, сәл-пәл ауырсынған қүйін сілкіп тастағаны жеңілтектік болғалы тұр. Мүмкін бұл кейпеті Байтакпен сөйлесуге де жәрдем етер. “Алым-ай, мен естімдім. Үйсін-қанлы арасындағы наз шәйі орамал кепкенше ғана емес пе?”—деп Байтак көніл сұрамағаны үшін ақтала сөйлемей ме? Һм... Қилюластыра білсең қисын көп қой. Күнбегі, қабағын қоңыр-салқын жата бер. Байтак өзі келе жатыр. Жай келе жатқан жок, қанша дегенмен ат ізін өзі салған соң өкпесі қысылып келе жатыр. Алғашкы сәлем-сауқаттан соң салмақ Күнбегіге ауады. Сонда ісінен жаңылып, сөзі іртік-іртік шықпаса болғаны. Басқа-басқа, Байтактың жөні бөлек. Күнбегі жиырма бірінде такқа отырғанда патша болудың көп үлгісін Байтактан алып, Күнбегіште көмкерген. Кейін келе көп істі өз жанынан суырып салар халге жетті. Байтак бәрібір, онайлықпен алдырымайтын бүтін тұлға. Мысты патша. Күнбегі іштей тәнірінің көріне ілініп калмас үшін үш мәрте сыйынып барып, өзінің Байтактан бір демі артық екеніне шүкіршілік етеді. Байтак не істесе де екі шоқып, бір қарап, көбіне әліптің артын бағуға бейім. Күнбегі де сак, бірақ оның шешімі мен әрекетінің арасында салбекселік жок. Сондықтан Күнбегінің ойы мен ісіне ілесе алмай тиғрахауд сактары оның айтқанына тек бас шұлғумен келеді. Хаом сактары да Күнбегімен алыс-беріс, барыс-келісті үзбеуге тырысады. Егер сактың екі үлкен патшалығы Байтакпен Ескендірге карсы одак құрғысы келсе де тек Күнбегі мақұлдаған соң ғана пәтуаласады. Байтак, соны жазбай танып, пәтуаны тездеду үшін төтелете тартқан ғой деп ойлады Күнбегі.

Тұнбадан соң кенезесі кеүіп, амалбид¹ шырынымен шөл басып, бойы балқып үйкі иектеді. Өні мен түсінің арасында шеріктің машығы. Қым-куыт кимыл. Ерсілі-қарсылы жосылған атты әскер. Айқай-аттан, қылыш шынылы, жылқы кісінесі, ат тұғынын дүрсілі. Үш күн басы ажалға байлаулы отыз бес мың санлақтың патшаның көнілінен шығуға тырысқан соғыс өнері.

¹амалбид - апельсиннің бір түрі.

Күнбегі әскеріне, оларды шырышық аткан ұрымтал кол етіп ұстап тұрған шәкраптарына риза. Бірак Күнбегі солардың өртөн бір қанаты кеміді дегенді ойласа денесі түршігеді, әр сарбазына ойша амандық тілейді. Байтак осы әскерді іске қос, Ескендердің бірлесіп тоқтатайық деп келе жатыр. Күнбегі үйсін баласынан шығынның аз болуы үшін барын салады. Рас, Ескендер қанлыны жапырып өтсе үйсіннің шығыны кисапсыз болмак. Соғыс сол Соғды, Бактұр, қанлы жерінде калуға тиіс. Ондайда тартыншактық та категер. Дегенмен, соғысқан осы екен деп лап беріп, бір күнде жоқ болуға жібермеу керек. Байтактың ойын тындал алып, бір түн ойланарлық мұрсатана алған жөн. Байтактың Ескендер туралы не білері белгісіз. Ал Күнбегі оның соғыс тәсілін, сұрапыл, бетқаратпас тегеурінін жансыздар арқылы, кеменгер шәкраптармен кенескен сайын ұға түсті. Енді Күнбегінің өзі ғана білетін, тек сақ ағайындар түгел бас қосқанда ғана айттар амалы да лаяр. Сол амалмен-ақ Күнбегі тағы да бәрін өз дегеніне иеді. Иген сон өзін және мойыннатады. Эзірше Байтакпен одак құруға өзір екенін айтып, онын көзінше тиграхауд пен хаом сақтарына, исседон, аrimастыларға осында деру шакыру жібереді. Байтак парадарайя сактары мен жұбы жазылмайтын досы – массагет патшасы Спитаменін ертіп келер. Сарматтар да Байтактың ығында. Бірак Байтакка ілескен үшеу Күнбегінің аузын бакқандарға карағанда селкеу. Егер өз сезінен аспайтын үшеудің күші Ескендерді тоқтатуға жетсе Байтак Күнбегінің кайтсін!

Күнбегі манаурап жатып-ақ осы ойларды жілкे тізді. Енді өзінің орны Ескендерге деген ұлы қарсылықтың дінгегі екеніне күмәні қалмады. Несі бар? Өзге сактар момын үйсін, сары үйсін, малсак, малы өрген жерді үндемей ала беретін, қусаң кете салатын үйсін деп кекеткенмен қап-кара үрей қамағанда сүрініп, қабыныш өздері келе жатыр емес пе?

Патша үйкіда жаткан болар деп бәйбішесі мысық жүріспен жанына таянғанда бір-ақ көрді.

– Ояумысын, басилем? Роксана сәлем берем деп тұр. Қайда келсін?

– Осында... Сұлы орамал берші. Ұйқы басканын карашы... Күнбегі қырықтан асқан қыртысты күйін көрсеткісі келмей, тегі сак, жауынгер үрпағын андатар аны-мұны жинакы киімдерін киіп, сылтай боп алды.

– Келсін, – деді бәйбішесіне өзі кан үстіне тіктеле орнығып.

Көктем мен жаздын арасына тесселіп, даланы не бір түрге бөлөр гүлдерге ұксап Роксана құрбыларын ілестіріп, кіріп келді. Күнбегінің жүрегі дүрсіңдереп коя берсін. Байтактың қызы бұл көрмеген екі жылда көк шыбықтай солқылдалап, толысар тұстары жұмырланып, ажары адам қиялынан асып түсіпті. Байтак бұрын да жанынан тастамайтын ерке қыздын жүрісі бұлан. Иә, несі бар.

Патшайым. Жалғыз Байтактың емес, байтак елдің сүйкімдісі.

— Даланың данышпаны, ел иесіне сәлем бере келдік. Жаракатты болғанынызды әкем кештеу естіді. Кеш те болса барып қайтам деп жолға шықты. Үлкендердің жүрісі баяу. Біз еркін жүрейік, ертерек жетейік деп белек кеттік! — Роксана сыңғыр етіп күліп алды. Көздерімен Құнбекінің бет әлпетінен, отырған отырысынан оны кітапша оқып тұрғандай. Құнбекі үкінің кауырсыныңдай қырық қызы алдына сау ете калғанда жел жыққан теректің түбіргегіндегі жадау отыруды жөн көрмеді де, ауру аяғын да елеместен лып етіп орнынан тұрды. Роксананың алдынан шығып, канға көтерілуіне қолының ұшынан демеп, патша қызының ғана аппак мандайынан сүйді. Өзгелеріне өрлендер деген ишара білдіріп, Роксананы сол тізесінін тұсына отырғызды.

— Ағамыз аман-сау ма, Роксана? Ауру-сырқаудан аланы жоқ па?

— Раҳмет. Ағаныз сау-саламат. Аланы көп-ак. Бірақ әзірше ауру-сырқаудан емес. Тәнір жазса ертен жуздесіп, хошал боларсыздар.

— Айтқаның келсін, Роксана. Мына бір болмашы жаракаттар жа-зылса өзім барып кайтсам деп жүр едім. Созылыңқырап кеткенін көрмеймісін. Енді ағамыздың алдынан шығуға жарасак болғаны.

Роксананың көnlі орнына түсті. Ішімдегіні тап деп екеуі еki жерде кара сана, ойжады болғаннан не пайда? Жақсының алды кен болмай ма? Ойлағаным орындалды, әкемнің алды қүреулі, сөзі сабактаулы.

— Мен құрбымының орнын сипап қалдым... — Роксана өзімен жасты Құнбекінің қызының ұзатылып кеткенін осылай сынықтықлен айта салды.

— Иә, құрбына хаом ағайындардың дәм-тұзы бұйырып тұр екен. Хаом патшасының сүйек жаңғырту ниетін жерге таставуға бола ма?

— Хаом патшасы өте үлкен кісі емес пе? — Роксана Құнбекігеп құрбымыды мұлгіген картка неге бердің деген наз білдірді.

— Эңгіме алыста жатыр, карлығашым. Сақ дуниесінің мактандыши, мәнгілік ұстазы Анахарис патшадан соң сақ әлемі сегілген сендей бәлек-бәлек аға бастады. Сақ балаларының арасы ашылып бара жатыр. Бірінің жайын бірі білуден де калып барады. Хаом — үлкен бір ел. Тірілердің арасын тек тірі адам ғана дәнекерлейтінін құрбына айтып едік — түсінді. Менің өрісім тиграхауд, хаом, жын, исседон. Бірақ құрығым қыска - тәнірім бір үлдан артық кимады. Ол болса тиграхаудтарға қүйеу. Ал осыдан біраз жыл бұрын бес әйелдің бірі ұл туса, ертен басым Байтак патшаның алдында иіліп тұрар еді.

— Ол ұлға кімді айттырар едініз?

— Сені, Роксана. Сені... Ұл болмаған соң айтқан сандырағым ғой. Байтак патшамен сүйек жаңғырту кез келген патшаның тұғырын биiktetip, бағын асырар еді. Ұл бір арман, Роксана.

Ол жай ғана әке атымен өтпекші қыз емес, ерге ес, дүшпанға сес болар Роксана. Ол патшаның ғана тені...

— Тым асырып айтқан жоксыз ба? Әкем патша болғанмен ішін ағартып сөйлесер адам керек кой. Мен сол адамы, әкемнің уақытша серігі, ермегі болармын.

— Рас айтасын, Роксана. Дегенмен құрбың ұзатылып кеткен соң дүние кеуек, бос әлем боп құлазып-ақ калдым. Өзің ойлашы, хаом патшасының үлкен ұлының өзі менен бес жас үлкен... Енді қайтесін. Қисын солай болды.

— Эрине, сіз замандас патшаларыңызға қарағанда қып-қызыл жігітсіз. Өз еліңіз түрмак өзге сақ елдері де дүниеден тиянак кетіп бара жатса бәрінін басын құрап жас та, көреген патша бар деп сізге үміт артады. Сондықтан аңшылықтың қызығына батып, желдей жүйткігенде де мина алтын бас бір өзім емес күллі сақ даласы бағып отырған бас деп ойлағаныңыз артық болмас.

— Роксана қоныраудай сынғырлап күліп алды. — Менің жаман әдетім — осылай патшаларға ақыл айтатыным.

— Бақытты бол, карлығашым. Қайда жүрсөн де қадіріне жетер жерде жүр. Байтак патшага өмірімде бірінші рет қызғаныш білдіріп отырмын. Әттең, осындаі ақылман адам менің жанымда болса деп.

— Бір патшага ақыл айтамын анда-санда. Екі патшага ақылым жете коймас, даныщпаным.

Есіктен бәйбіше көрінді. Құнбегінің терісі ғана кен емес, жүрегі де төмен етекке жасыл жайлау екенін білетін сарықарын катын күйеуіне жаңа бір шабыт көзі табылғанын жазбай таныды. Мейлі бес катын сыйған сарайға алтыншы неге сыймасын. Байтақпен дұрдараздығы қара тікендей сыздатып еді. Байтақтай батпан аяқ, дос та бола білетін, жауықсаң жасқантып ұстайтын, жер қозғалса қозғалмас темір тегеуірінді патшамен сүйек жанғыртса өзге туыстықтары солғын тартып, үйсін-қанлы күллі даланы ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстарын Құнбегі біледі-ак. Оның үстіне мынадай қызға көзі түспеген ерек ерек пе? Дұрыс-ак, Құнбегі патша. Көптен сүлесөк жүр едін, ішіне жай оты түскендей алабұртып кетіпсін. Жарқырап отырғанын қандай жарасымын. Тірілші. Тірілтетін адамың табылды-ау, сірә...

— Басилем, меймандарды сый табак күтулі. Калайсыз? Дәмдес бола аласыз ба?

— Әлбетте! Әлбетте! Меймандарынды жайластыр. Мен казір келем...

Келесі тан шапағы Құнбегіге ерекше көрінді. Мын жыл түнеріп тұрып алған сүрғылт аспан шайдай ашылып, көк аспан биіктеп кеткендей. Кәрі иттін тісіндей қиқы-жиқы көкжиектін артында Құн өргеніп жатыр. Әне-міне ол көк зенгірге ілігіп, бірте-бірте жалқынын басады. Таңсәріде сарайдың екінші

қабатындағы айванға шығып, осылай келер күннен тыныштық, татулық тосып, үмітін қеудеде тұтанған ұлы ынтызарлықка жалғап тұрмады көп болыпты. Кеше ғана Құнбекі өзін жүз жасаған, ендігі ғұмыры ел іші, ел сыртындағы бака есеплен ғана өтегін қарт сезініп еді. Роксана келді де көнілдін кек дәненін ерттеп берді. Не деп еді... Роксана “сіз қып-қызыл жігітсіз”, демеді ме? Мен сені егде тартты деп есептемеймін дегені фой? Мен де жетесіз адамға жетерлік етіп айтпадым ба... Ішіндеңін біліп тұрган сұнғыла қыз сол сөздердің байыбына бармады деймісін. Яғни, ендігі әңгіме Байтақ патшаның өзімен болады. Байтақпен қайта табысса өзінің де өкпесі қысылмай бұрынғы еркін өмірін қайтарып алады. Ал табыса салып қайта сусыну Байтаққа да оңай сокпайды. Оны Байтақ таразылайды. Ақылды қыз әкесін базардан қайтқан шағында қыспаққа салмайды. Құнбекідей арқалы патша күнде табыла бермейді. Екеуінің ойы бір жерден шығары көміл. Тек мың жылда бір көтерілер сұрапыл дауылдай бол Ескендір Зұлқарнайн келе жатыр. Соны бір жайлы етсе одан кейінгі өмір мидай жазық, сен ал да, мен ал заман орнатуға болады. Эрине, Ескендір катері алдында сақ балалары арасындағы алауыздық пен керауыздық бір кеште түгесілер болмашы дүніне, патшалар пен дешілігі. Ескендір жер жаһанамды жалмап келе жатыр. Алмаған қамалы жок. Бірак тұяқты тұяқ жібермес. Оқыған-тоқығаны көп, есепке жүйрік, арыстан жүрек жауынгер дейді. Қанша мықты болғанмен, қанша самдағай атанғанмен даланың амалына малтықтыру керек. Оны женудін немесе бетін басқа жакқа бұруға мәжбүр етудің амалын Құнбекі қазір-ак біліп тұр. Басқа патшалардың құлдіреті осы неғайблі кезенде ел ішін қожыратпай үстап тұруға, ел ішіндеі жуандарға айтқанын серттей орындана алса кара тасқын басқа арнаға аунайды. Қазір Байтақтың алдынан шығу керек. Байтақтың басын бері бұрғаны, жасы үлкен демей жолға шыққаны жетіп жатыр. Бұдан әрі кергу Құнбекіге жараспайды.

III

Үйсіннің бас кенті Шиғуда қайта табысқан сақ-қанлы, сақ-үйсін патшалары Байтақ пен Құнбекі тізе қосып, өзге сақ патшаларына қозғау салды. Бас-аяғы он күнде Байтақтың ұсынысы бойынша Жейхұнға сұғына жаратылған, сусап кеп құлаған кодастай шоқтығы биік, айналасы да тік қабак үстірт бар-тын. Сол үстірттің үстінде Тасқала тұр. Оны жалпақ әлем Соғды жартасы деп біледі. Тасқала Байтақтың өзі бастап, өзі аяқтаған құпиясы мол бекініс. Байтақ пен оның бас сардары Арымдастың есебінше Ескендір сақ даласына өту үшін осы тұска күш салады. Тасқаланың сырты бір орам корған болса, оның ішінде одан да берік патша бекінісінің корғаны және бар. Алды дәрияға

молынан малынып тұр, ал екі капиталын дәриядан жайылған су шайып жатыр. Бұл тұста не көп – кісіні қалпақша ұрып, суға түсіріп, толғамай жұтып салатын жайын көп. Арғы жағалау мен бергі жағалаудағы қамыс-құрак іші қаракүрим колтырауын. Ол аз болса сусыыр, керік, сұын қаптал жүр. Тасқаланың мықты бекініс екенін естісе Ескендір қатердің бұл ошағын талқандап кана алансыз алға басамын деп шүйіледі. Бекініс оны әбжыланша арбап өзіне тартады. Атакты Тир мен Бәбілден әулие емес деп лап кояры анық. Қанлы мен Үйсін патшалары Байтак пен Күнбеті, ғұн патшасы Қату, тиғрахауд патшасы Эллак, массагеттерден – Спитамен, хаомаваргадан Арнай патша, парадарайядан – ұзын мойын, тұман сөз Мекелхамар, аландардан – Бекараб, Соғыдан нәмі қанлы, соңғы бес-алты жылда Байтактың сыналауымен парсы сатрабы атанған Емназар, Бактүрдан Денгизик абыз келді. Исследондар мен одан әрі жаткан сактар өкіл жіберумен шектелді.

Байтақ сақ патшаларын қабылдаушы ретінде өзінің бекінісін, соғыс айла-тәсілін, кару-жарақ жасап, жебе жонып жатқан қауырт дайындығын, ішкі қорғаның ортасындағы күйген кірпіштен салдырыған көгілдір күмбезді салтанатты сарайын көрсетті. Сарай бәріне ой салды. Жыңнан, Босыдан, Румнан¹ алдырыған, ел ішінен табылған сәүлетшілермен бірге кос канаты бар дәңгелек сарай салдырыған. Сарайға күрген бетте тек² ағаштан жасалған, жактаулары саф алтынмен алталған, піл сүйегімен өрнектелген салтанатты баспалдак екінші кабатқа бастайды. Екінші қабатта үш жұз адам там жағалай отырысатын қауыз³ бар еді. Талқы сонда өтті. Патшалар талқы қауызынан бір кабат тек қана өздеріне арналған жеке-жеке баспалдактармен көтеріліп, ілесе келген аламандарымен өзімен өзі жайғасты. Осылай кос канатты, көгілдір күмбезді дәңгелек сарай Байтактың беделін бірден асырып тастанды. Бұл күндері түие де, кулық та, торпак та, бұзауда сойылды. Ұсақ малда кисап жок. Жер-жаһанамның дәмі туғел осыннан табылады. Су сүзген парадарайялықтар әкелген балық дәмі де сар даладан келгендеге таңсық ас ретінде келіп жатты. Талқының бірінші күні түгесіле Байтақ дәңгелек сарайдын талқы қауызынан сыртқа шығатын кен айванда тыныстап, сусындаپ отырған патшаларға сарай іргесіндегі ойын-сауық, атойнақ алаңындағы соғыс машиғының шет-пүшпағын көрсетті. Үдеші⁴ кику салғанда бір жақтан найзагерлер, екінші жақтан тіллә қалқанды⁵, наркескені жалт-жұлт баһадүрлер қарсы үмтүлды. Сарт та сұрт бетпе-беттеген сон, найзага ілініп аттан құлағандар, қылышка түсіп ат бауырында салақтағандар ілеңде жок болды.

¹Румнан - Рим.

²Тек - қатты, өте берік ағаш түрі.

³Қауыз (куыс) - зал ұғымын береді

⁴ Үдеші-керней тәрізді дыбыстық белгі беретін аспапта ойнаушы.

⁵ Тіллә қалқан - болаттан берік қалқан.

Одан соң біл¹ ұстаушылар темір құрсаулы ауыр атты әскерге қарсы ұмтылды. Бар болғаны бір қулаш сойыл тәрізді ағашпен қаруланған білшілер аса карулы сарбаздардан іріктеліпті. Білді ойната бұлғап келіп болат құрсаулы атты жосыққа жете білшілер бір-бір салып өтеді екен. Қысынға қарай біреулер аттың басынан ұрса, екіншілер қарсыласын иықтан, бастан ала жапырып өте шығады. Білшілер дін-аман. Болат құрсаулы, ауыр атты әскер кирайсок бол шашылып қалды. Бұл Байтақ пен оның бас сардары Арымас екеуі әбден шегіне жеткізген тосын қаруы, соғыс өнерітін. Білшілер сақ тайпаларына тосын жаңалық болды... Талқының екінші күнін парадарай патшасы Мекелхамар ұзак та, бұлынғыр сөзбен аяқтады. Мекелхамар не айтты? Мауреннахды² тырмалап дән егіп, су сүзіп, балық аулаушы сактардың бас иесі өзінен бұрын сөйлеген патшалардың сөзіне соқтығады да артынша ақтайды, күн куалап тар жылауында өскен қарағаштай ыздылып тұмандатқан үстіне тұмандата сөйлейді. Тақымын қысып, жүйкесі талып отырғандар осының сөзінен бір түйір өзінікі дерлік дән үстай алмады. Мекелхамар Ескендір категін, бәрінен асырып, тіпті, қап-қара үреймен, күнірентіп жеткізді. Байтақка жаққаны тек сол тұсы. Қалғаны сипай қамшылаған, түйіні жок, сілтері жок дүмбіlez. Мұндайда не жарқ еткізіп ортаға өткір әзіл тастар, не шамырқанып, тұрасын айтуға шакырар Спитамен Байтақтың касабалылығынан іркілгендей қозғалақтап-қозғалақтап барып әрен шыдады. Мекелхамардан бұрынғылар: жау ортак, сак балалары мұнда тізе коспай қашан мәмлеке келеді, дегеннен артпады. Кім қанша кол шығарады, тізгін кімде болады, мерзімі қашан дегенді ешкім дәлдеп айтлады. Талқы жүргі осылай үшінші күнге іркіліп кала берген. Мұмкін... кімнің аузы қай жақтан шығар екен, бүгінгі әңгімеге кім қаншалықты даяр, категі кім шынымен төнген тажал деп ұгады, кім әлі де алыс, әлі де беймағлұм қауесет деп біледі деп әліптін артын бакқан сүйекті үш патша Байтақ, Құнбегі, Спитаменге иек сүйегеннен де басқалары ниеттен арыға бармаған шығар? Міне, талқының жарылар кезі келді. Шаңырак иесі ретінде сөзді сабактап отырған Байтақ қамшыны Құнбегінің алдына тастады – сөйле дегені. Құнбегі айналсоқтап, пәлсапа куып әуре болмады.

— Қадірмәнді басиелер... Мың жыл тұрған Босыны Ескендір Зұлқарнайн төрт жылға жеткізбей жауулап алды. Босыға табаны тигенде қырық бес мың әскері бар жас бөрі Дарийдің жұз елу мының екі мәрте женді. Ахемендер қай заманда онай жау болып еді? Бұл – бір. Екіншіден, Ескендірдің колы қазір жұз мының үстінде. Ол дегенің жолында тұрғанды жапырып өтер кара

¹Біл - май сіңгендіктен ауыр, ұстайтын жерінен ұшына дейін жуандата жасалған жұмыр сойыл. Ұзындығы бір қулаш.

²Мауреннахр - Амудария мен Сырдарияның аралығы.

таскын деген сөз. Өзі жуз мың әскер болса, алдында Ескендір тұрса ертеңгі өмір не болары неғайбіл. Бойкуйездікке салынып, Ескендір бізге жеткенше оның жолында массагет, сармат, парадарайя, қанлы бар емес пе деп үйсіндер бейкам отырған жок. Бүгін бір патшалық құласа ертен басқасының тізесі қалтырайды. Сондықтан мен бүгін ұрыска кіруге жарамды отыз бес мың қолды мұлгітпей ұстап тұрмын. Ақылға салсақ сақ даласына карай алғашқы жебе ұшса ол — не қанлы, не массагет жеріне барып түседі. Сондықтан бас сардарым мен отыз бес мың әскерім Байтақ патшаның құзырына көшеді. Соғыс біткенше басшылық Жейхұнның орта ағысына табан тіресін. Басиeler бір-бірімізге жақындалп келіп қоныс теппесек, шабарманға жарты күндік жерден шалғай жатсақ ісіміз кірікпейді. Өзге басиeler де кемі отыз мындан әскер коссын. Сонымен отырмай әр патшаның өз қол астында бес қаруы сай және жиырма-отыз мындей әскер дайын тұрғаны жөн. Соғыс көніл аулар дүние емес. Ол лықсып, кай тұс боркемік болса сол тұсты орып түседі... Соған сақ болмасқа лаж жок. Ал соғыстың өзін қалай килюастырамыз?..

Күнбегі талқының жанды жеріне жетіп ап, аз-кем үнсіз қалды. Бәрі осы сұрапты іштей қайталап, капелімде жауап таба алмай отырғаны анық. Оны Күнбегі біледі. Енді осы отырғандардың ішінде бір білсе Байтақ білер айла-тәсіл бар шығар, Спитамен турашыл, тағатсыздығымен бетпе-бет соғысуға әзір болар, ал оның бәрін түгел ойлаган өзі әкенін қазір бәрі түсінеді. Күнбегі сол үшін демін ішіне тартты.

— Бетпе-бет келдік делік. Дәл Дарийшілеп. Женеміз, әрине. Дегенмен... Мұның аты соғыс. Ескендір соғыстан қолы суымаған, тәрт жылдан бері қым-куыт сәтте бірін-бірі айтпай ұғатын колбасшылардың үлкен шоғырымен келе жатыр. Олар әлі женіліп көрген жоқ. Женілу ойларында да жоқ. Біз ше? Аз уакытта жеддей есіп, кимылы үйлескен, бір қолға қараған адудынды күш құрап үлгереміз бе? Ал амал-тәсіліміз сәтсіз шықса ше? Оны қалай сыйнектан өткіземіз? Күмән... Бетпе-бет соғыста женілсек Ескендір ес жиғыза ма? Ту сыртымыз каусап түспей ме? Қайтадан кол жиып, карсы тұруға бармыз ба? Бұл да күмән.

— Күмән көбейді ғой, Күнбегі бауырым. Онда үш күннен бері не айтып отырмыз. Токетерін айтшы. — Спитамен шыдамсызданды.

Күнбегі іркіліп қалды. Байыппен Байтаққа қарады. Жүрісі жақын Спитаменге Байтақ жасының үлкендігін көлденен тартса да өзінің Байтақ даラға ерте тараған атағымен мысын басса да, әйтеуір, еркін сөйлейтін.

— Спитамен, — деді Байтақ жүзіне жылдылық үйіріп. — Бүгін, міне, ел аман, күн ашықта бірімізді біріміз тындауға тағатымыз таусылып отыр. Ертен, бір тәнірім біледі, дүние сапырылышып

кетсе қалай ұғысамыз? Бір-біріміздің ойымызды анық біліп тарасуымыз керек. Шыда, жарқынам. Күнбегі сезінің соңын бостекі тастайды деп ойламаймын. Айтарына уәжбен баспалдактал келеді емес пе?

Күнбегі Спитаменге сөз шығыннатпай басқаларды да шындалпай қойған Байтакқа сәл бас иіп барып, сыйыра соғып келе жатқан ойын көздеген жеріне бұра ұластырыды:

— Бақтұр мен Соғдының алым-салығы Босының болғанмен жаны біздікі. Міне, сатрабы арамызыда отыр. Ескендір бұл жерді бағындырмай Босыны түгел алдым демейді. Бірак Бақтұр мен Соғды қырық рудың қан базары, сактың табалдырығы екенін де ол біледі. Сондықтан касарыскан карсылық көрсету керек. Бүгін жендім деген жері ертең бас көтеріп, бөтен ауылдың төбетіндей алақ-жұлақ еткізіп талау қажет. Ол бір өткен жеріне он оралып, қораға кірерін кіріп алып, кайтадан шығар есік те тесік те, таппай жанталасқан сұрбөрінің кебін кигіземіз. Сөйтіп, оның Ұлы Дағаға бет бұруын соза жүріп, шама-шарқын андал та қалармыз.

— Міне, міне! Ойымдағыны дәп бастың, данышпаным. Құрыстырысым енді жазылып, шекем терлей бастады! — Спитаменнің көзі шоктай жанды. — Тек бір нәрсенің бетін ашсы, Күнбегі патша... Беліне қылыш тұрмак, кездік ілмеген, қолынан кетпен-күрек тұспеген, сауда жасап, шақасын¹ санаумен өмірі өткен саудагерлер, шаруалар карсылық жасай ала ма? Әлде біз араласамыз ба?

— Шаруаның ісі – шаруа. Олар ашық күрессе қанға батады. Ел іші сактың құлағы, көзі, тілеулесі болса жетеді. Сақ сарбаздары Бақтұр – Соғдының ішіне еркін кіріп, Ескендірдің ойдым-ойдым тірек әскерлеріне күндіз-түні маза бермеуі керек.

— Тиіп-қашып дегенің ғой, бауырым. Сөзінді бөле бердім... Айылтымын. Бұл табылған ақыл. Сақ баласы ат үстінде туып, ат үстінде өледі. Сақ садақшысының жебесі жеткен жерге әлті паланга борпылдан жарты күн жүреді. Бетпе бет келгенде сактың өнері сәйгүліктеп көнінде садағы болуға тиіс. Күн шыға артынша түн келмей тұрмайды. Ескендір сұнғыла шығар. Бірак барша македон данышпан емес. Бөтен жердің ой-шұқыры көп. Тұнгі жорық бізге онтайты. Иә, сөзінді тірілткенім ғой, данышпаным. Менің сөзім тамам.

— Жо-жок, Спитамен. Күнбегі патшадан соң жеке шабасын. Ойынды тауысып алма.

— Күнбегіден бұрын сөйлесем бірдене айтуым... Одан соң бәрі мидай жазық болмай ма? – Отырғандар күлісіп, ырғалыптырғалып койды. Күнбегі сәл ойланып және көсліді.

— Бақтұр мен Соғдылық ағайындарда табын-табын жылқы жок. Болса әр түтіннің бене² болған шаруа аты, кашыры,

¹ Шақа - ұсақ тыын, майда күміс ақша.

² Бене - арық жылқының терісі тесіліп, қан ағатын ауруы.

есегі бар шығар. Ал сақ жерінің береке-ырзығы – жылқыда. Жылқысы дилы, мініске дайын. Сол себепті казірден бастап жылқылы ауылдарды түгел ішкертінге, терендеңде көшіріп әкету керек. Соғыс кеткенде садакшылардың бір жебесі Ескендірдің сарбазына атылса, екіншісі жылқы біткенге үшсін.

Тігерге тұяқ қалдырмай аттарын омакастырамыз. Оның орнын толтыруға Ескендір бері шапса жер сипайды, ары шапса аяғы матасып ауырлап қалады. Жылқы келеді деген тұсқа тұтқыл анду қоямыз. Содан соң Ескендір жаяулатып не тындырап екен.

– Пәлі! Айттым фой, жана! – Спитаменнің жаны кіріп барады.

– Бактұр мен Соғыдан таланып, далаға келген соң Ескендірдің күні Спитамен баһадурмен болады.

– Сөз бергенін бе, Күнбегі? Իм... Жана бір анық сөз айтылды. Күнбегі отыз бес мың әскерін Байтак патшаның қол астына берем деді. Менде сонын жартысы ғана бар. Соның өзін түгел ілестірмей мындықпен, жасакпен ғана жорту керек. Эрине сонында және аз-кем күш келе жату аблаз. Түн біз жакта, дала біз жакта. Ескендір үзап көрсін... Қазір кім қанша қол қосарын, оны қашан, кай жерде керетінімізді ашық айтайык. Күнбегі жарқыным, менің тусінгенім – билікті Байтак ағана бердің-ау, шамасы?

– Ұрыс осы жерден басталмақ... Одан соң Байтак патшага, бас сардары Арымас баһадурге сенбей кімге сенеміз, ағайын? – Күнбегі сөзді енді ешкім бұза алмластай нық айтты. Әнгіме тізгіні қайтадан Байтакқа көшті.

– Рахмет! Күнбегі көрегенім... Қалың қолдың алдына шығып, атағым жер жарсын деген мен жок. Дүние кезек. Бірде тыныштық, бірде дүрбелен. Еліме елу жыл бойы бейбіт өмір бердім. Майда соғыс кімде болмайды... Ел іргесі сөрілмесе деп тәнірден тілеп едім. Бірақ сокпай кетпес нәубет келе жатыр. Жау – әkkі жау. Бірақ соғысқан осы екен деп, біреудің жалғызын, біреудің үмітін болсын-болмасын отка да, окка да айдалап салудан аулактын. Майдан қансыз болмайды. Ұмар-жұмар бол кент те, кебенек киген де кетеді. Ардактыларымызды ит-құстан алыс ұстап, күтпеген тұста, аса самдағай ұрыс салу деген ақыл-ак. Ескендір бізге кан жұтқызам, тізерлетең деп келе жатыр. Біз оған у жұтқызамыз. Қарасудың бәрін улаймыз. Жебенің үшін уға малынады. Қашқан бол Ескендірді батпаққа да батырамыз, құмға да сініреміз. Тас қаланың сыртын ақсүйек қыламыз. Келсін, Ескендір. Мен енді қорықпаймын. Өйткені аркамда сендер барсындар. Тек Таскалада отыз мың әскер соғысады. Ел болып жебе жонып, семсер соғуда. Қанлы жерінде мың көрік дамылсыз... Мың ұстахана күн демей, түн демей темір шындал, кару сайлап жатыр. Ал енді Спитамен айткан накла-нак сөзге көшейік. Кім қанша қол береді? Кай жерде тұрады? Бас сардар кім?

– Бас сардар Арымас... Басқа кім бар? – Спитамен жұлып

алғандай айта салды.

Өз есімін естіген Арымас баһадур қамшысын шошайтып сөз сұрады.

— Қадірлі басиелер. Бұл соғыс – бұрын-сонды болмаған соғыс. Ескендір Македоннан шығып, күллі грек елін жаулап алды. Оның күшін біркітіріп, міне Босыны құлатты. Енді Македон, Грек, Босы күшін біркітіріп бізге келе жатыр. Жер қайысар қолды бас сардар емес Ескендір патша бастап келеді. Сондыктан патшамен патшалар соғысуы керек. Біз барған жерден олжалы қайтуға дайын шәкірраттарынызбыз. Бұл – патшалар соғысы!

Байтак және бір ойланбаған сөз айтылып, ол сөз бәрін адастырып әкетіп қала ма деген күдікпен талқыфа үзіліс жариялады.

— Жақсы, жақсы, Арымас... Бұл да бір тың ой болды. Жарқындарым, сәл-пәл тыныстап, сәскеңік дәмге барсак. Уақыт бар, әлі айта жатармыз.

Патшалар бірді-екілі абыздарымен, данышпандарымен, кеменгерлерімен¹, сардар, аламандарымен дұр көтеріліп тыска беттеді. Жың жібегінен жасалған зәулім шатырдың астындағы бак, гүлкөмбелер көздін жауын алады. Өзі жеммен желкілдегендеге құлпырым жібек небір рең беріп, ертегі әлеміндегі елеске жетектейді. Кім-кімде Байтактың салтанатына, талғамына риза болды. Кейбіреулері күнбе-күнгі тіршілікте жұн-жұрқадан оза алмай бойкуйездікпен жүргеніне налып та үлгерді.

Патшалар жарандарымен жайғасып жатқанда Байтак Күнбегіні онаша әнгімеге тартты. Бұл үзілістін өзін Байтак онаша, көзбе-көз әнгімे үшін жасай қойған.

— Күнбегі... Жанағы Арымастың сөзінде жан бар. Бұл – патшалар соғысы. Сен тізгінді маған ұсындың. Рахмет. Білгендігің шығар. Бірақ осындағы апас-қапаста ашық айтатын сөз бар. Ол былай... Мен, соғыстан жалтара алмаймын. Соғыс қанұны топырағына келе жатыр. Сарматтар мен Массагеттер де солай. Ал ыкта тұрған тиграхауд, хаом, исседон ағайындарға сенін сөзін өтеді. Мен соғыстың аузында жүрейін, сен, Күнбегі бәріне басшылық жаса. Осыны айту үшін, жана табан астында үзіліс жасадым. Арқамды саған сүйесем маған да жаман болмайды. Соғыста ажад ешкімді талғамайды. Сарбаздың да, патшаның да құны дәлдеп тиген бір-ақ жебе. Арқамда сен тұрсан ол жебеден мен жасқанбас едім, Күнбегі. Бак сынасар, тақ жарыстырар заман емес. Осыны мен ағайындарға байыптен жеткізейін – сен ұлы парыздан қашпа.

Күнбегі аз-кем кідірістеді де Байтакқа қарады.

— Мейлініз. Жалғыз сіз емес баршасына өз аузымен айтқызыңыз. Ертен сол аузынан шықкан сөзбен өздерін жетектеуге, інінен шығаруға керек бол қалуы. Қалай, ағасы? Дұрыс па?

Екеуі қеуде түйістіріп, арқа-жарка күлісіп алды да екі айырық

1 Кеменгер - Европаға камергер бол сіңген лауазым атауы.

дәлізбен жібек шатырлы әлемге жеке-жеке көрінді...

Талқы аякталды. Хаом патшасы Арнай мен ғұн патшасы Кату сөздін ашығын айтпай, ел басына қун туса көре жатармыз, карап қалмаспаз, дегеннен арыға бармады. Сүйекті ағайындардан Байтақ пен Құнбекіні қостаған, кесіп айткан тиграхауд сактарының патшасы Эллақ болды. Эллақ Арнай мен Катудың күмілжүін естіген сон шамыркана сөйледі:

— Кадірлі Байтақ патша, Құнбекі бауырым! Спитамен досым! Құрдасты Мекелхамар, Бекараб¹! Мұнда тиграхауд елінен елші келіп отырған жок, патшасы, мен — Эллақ отырмын. Сондықтан кубірлемей, күмілжімей айтарымды ашық айтып кетпекпін. Бас-қаларды білмеймін, мен елге жеткенде де қазір айтар сөзімді өзгертер жан жок. Патшалар жиналған жерде патшаның сөзін айтамын. Тиграхаудтың жиырма мың қолы Құнбекінің құзырына көшеді. Әскерді Ерназар баһадүр бастайды. Тұратын жері — Жейхұндарияның орта ағысы. Жасақтың ішім-жемі өз мойнымда. Соғысқа аттанғандар соғыстан өзгемен айналыспауға тиіс. Одан арғысын Құнбекі патша Байтақ ағасымен шешеді. Егер жиырма мың аз болса айткан құндеріне, саусағың шүйілген жерге және жиырма мың сайлы жасақ жетеді. Мені Ыстықкөлден іздеймейсіздер. Жақында Есік, Талкар анғарындағы ұлы қорғанымда боламын. Қазірше Шу мен Талас арасында тұрған үш мынды Бактүр мен Соғдыға жылжыта берініздер. Пәрмен қазір кетеді.

Талқы осымен тамам болды. Байтақ қонақасын беріп, ел іесінің кәдесін мұлтіксіз өткерді. Эллақтың қамшы сөзіне де селт етпей хаом мен ғұн патшалары күсырынып, ішін алдырмаған күйі кетті.

... Арада жиырма күн өте шыкты. Соғыс біткенге дейін күллі сақ патшаларының тізгін ұстары болып бекіген Құнбекі көшпелі ордасын өзінің бас кенті Шиғу мен Қанлының бас кенті Битанның орта шені, Таластың қанлы жак жағалауына тікти. Тиграхаудтардың жиырма мың қолы, әзірше Сарысұдың екі ашасына келіп бекінді. Дауыс жетер тұс. Әзірше қауырт кимыл ішінде Байтақ, Құнбекі, Спитамен, сармат патшасы Өте, парадарайялық Мекелхамар. Бас сардарларын бірге ілестіре жүріп, бұл одак аз уақытта көп іс бітірді. Соғдының бас шаһары Маракандқа жеті мың кол кіргізді. Бақтүрдің Ескендір келер жағындағы майда кенттеріне, бір-бір лектен, керек жеріне түмен қойып үлгерді. Бәріне айтылған айла-шарғы біреу — алғашында бет қаратпай жебе жаудыру. Құлаған паланғы да олжа, омақасып мерт болған ат та олжа. Сақ жағынан шығын некен-саяқ болуға тиіс. Ұрыс сала шегініп, тұн баласы қайтадан шабу. Қайта шабу, қайта шегіну, маза бермеу. Солай Бақтүр мен Соғды жерінде Ескендірді ит жырткан терідей талап, ол үйренген соғыс тәсілін жасатпау, соғыс тізгінін Ескендірден тартып алып, ол тек

¹ Бекараб - аландар басиесі

сақтардың әрекетіне жауап берумен болуы керек. Арқасы қозған патшалар да, қаны қызған сақ сарбазы да, келер болсан Ескендір, тезірек кел деп жанықты.

IV

Бактүрдін Аорн¹, Зартаспы² кенттерін және басқа майда селендерді Спитамен Ескендір Зұлкарнайнға соғыса жүріп, тастап отырды. Бірақ әр селенде кару-жарагы тығулы елуден-жүзден астам сарбаздар қалып койды. Спитамен Ескендірдің әр қадамын бақты. Алғашқы соктығыстың өзіне онтайлы сәтін тосты. Ол сәт кешікпеді. Ескендір қалын қолды Келифтен төмөнгі ағысқа әкеп тірегенде Спитаменнің арқасы қозды. Бұл тұста өзен жайылып ағады, аса терең болмаған соң ағыс та катты. Шамамен алғанда Йок-сарттың³ ағры жағалауы мен бергі бетіне дейін бір шакырымнан асып жығылады. Жағалаудағы қамыс-құракқа қол ілінген соң да құлдырандай жөнелу жок. Жырым-жырым жағанын қалын өсken қамысы, қоғасы, құрағы толған қолтырауын. Ол аз болса керік пен сусиыр жөнкіліп жүр. Көгеріп-сазарып жаткан майбатпак жалбызымен коса жабысып, оңайлықпен қабакқа жеткізбейді.

Спитаменге керегі де осы еді. Ол он бес мың қолды ішкертінге жайғастырып, баар жер басар тауын ойластырып койды. Қисын да, аспан да, жер де, су да Спитамен жағына шыкқандай. Жел екеш суыртпак жел де сақ сарбазының жебесіне куат бергелі түр. Сондықтан Спитамен Ескендір секем алар еш белгі бермей демін ішіне тартты. Құрықтаудың үстінде жатып, тірі Ескендірді көрген де секілді. Өйткені қара нәпір олай лықсыса да, былай лықсыса да патша қашанда ірім тәрізді, сол ірімнің ортасында үнемі ақ мандай бөрте атты бір нокат көзге көрінді де тұрды... Құм суырған азызак желді медиен далада ел болмаса да көз барын, сірә Ескендір сезбейді. Дарий патшаны беті бері карамастай етіп жарапап, тастай қашкан оның етене жақыны Бесстің дәл осы тұстан атжалдалап өткенін билетін Ескендір ол өткен жерден мен де өтем деп түр. Бірақ өз патшасын қансыратып кеткен Бесс Ескендірге еш нәрсе қалдырмапты. Кендір арқанға байлаулы, екі жағаның қайсысына келсөн де ат-матыңмен қапталдалап ағып, едәуір жерден қиғаштап өткізер салдарды да, оған тірек, байлау болған жуан беренелерді де, түгел, Бесс кирайсок қып ағызып жіберген. Спитамен оны да біледі. Білгенде Бесстің өз аузынан естіген. Бесс қазір Спитаменнің ту сыртында Нүтекке баар жолдағы Спитаменнің құрығында⁴ алтығын басып, жан шақырып жатыр. Жатсын... Спитаменнің Бесске ішек-бауыры елжіреп түрған жок. Бесстей қаныпезерден гөрі анық жау, ашық

¹ Аорн – қазіргі Ташқорған.

² Зартаспы – қазіргі Балх.

³ Йоксарт – (грекше Орксант, Окс) Сырдария.

⁴ Құрық - патша меншігі бол есептелетін аймақ.

жау Ескендір тәуір шығар. Өзін жесірдің етегінен ажыратып, ел қатарына қоссан, журе келе патша санатына алған Дарий Родоманийге бірінші болып қылыш сілтеген Бесстің Спитаменге не керегі бар?.. Ондай ішмерездер Спитаменнің өз елінде де жок, емес. Тек қапысын тапсам деп қана жур. Сондыктан Бессті Спитамен ел ішіне терендептейді. Тек Ескендірдің бетін осы бағытка бұратын амал ретінде ұстай тұрады...

Бесс, оған ілескен Дарий аксүйектері колға түспей, Ескендір тоқтамайды. Ол ойын Ескендір шерік алдында шамырканға сәйлеп, ашық айтқан. Міне, сол Бессті өкшелей қуып, Бактүр жеріне де жетті, Бесс өткен өткелге де келді.

Алғашында қолына қараған мен ғададан басқа жер түгі ілінбекен Ескендір абдырып калды. Одан соң бұл тұстан түнілсе – кетер еді. Кетпеді. Яғни, Ескендір басқа бір амалзат¹ ойлап тапты. Ол, міне екінші күн әскерін су жағалатып койды. Камыс-қоғаны баудай түсіріп, орғызып жатыр. Спитамен оны да көріп, бұл әрекеттің артында не тұрганын да ұғып болды. Яғни, бұл әбігер біткен соң бау-бау камыс-қоғаға жармасып, қалың қол өзенге лап қояды. Әбігер төрт күнге созылды. Спитаменнің әскері төрт күн тынықты. Аттарын ұзата жайып, от жакпай, жауға иіс алдырмай салқын тамакпен шектеліп, өздерін жарап атша күтумен болды. Спитамен қақтығыс қарсанында да аса толқымады. Қақтығыстан соң кімнің қалай шегінерін шегелеп, бастары қай жерде түйісетінін ықтияпп болған. Қызыларып батқан күнге қарап, тан атпай Ескендір қыбыр етпесін түсінді. Спитамен барлаушы жүз қаралы жасакпен негізгі күш топтасқан жерге оралды. Он бес мың әскер өзеннен едәуір жерде, терен сайдың табанында тұр. Сакшыларды көріп шыкты. Енді ерте жайғасып, тан жулдызы ғосағадан сығалағанда он бес мынды түгел атқа кондыру керек деп шешті Спитамен. Көзін алайтып түндіктен төнген жұлдыздарға қарап, тәніріне бір сиынып алды. Содан соң ер көкірек қор етті де үйкіға кетті. Бәрі дұрыс көрінгенмен Спитамен дәл өзі ойлаған мезгілде қара терге малшынып, жайсыз түстен түршігіп оянды. Түсінде адамша сейлеген екі шиебөрі мұның алдында отыр. Әлгі шиебөрінің бірі ара-тұра Бесс бол өзгере қалады. Оның жанында қырдағы массажтердің бас иесі, өзінің он қолы бол келе жатқан Зака. Бесс пен Зака Спитаменді ойынға айналдырып отыр. Екеуі қолдарын артына жасырып, сыйылықтап құледі. Құлқілері де ұсқындары да жириенішті. Енді бір сәт екеуі де Дарийдің басын бір-біріне қаратада домалатып ойнай бастады...

Бұл не тұс? Спитамен өрекпіген жүргегі басылғанша көтеріліңкіреп отырды да орамалға қол созды. Терін сұрте отырып, санада қылаулаған бір ойдан айырылмауға тырысты. Сак патшаларының Тасқаладағы талқысынан еліне маздаған үмітпен

¹ Амалзат - "приспособление" деген ұғым.

оралып еді. Алда аласапыран күндер тұрғаны анық болғанмен сақтардың басы бірікті деген сенім көмекі тартты. Сол тұста Спитамен патшаның құлағына бір сыйбыс жетті. Зака өзіне карасты ірі әулеттердің естиярларын жиып, тын әнгіме басталты-мыс. Ол әнгіменің көздеген жері – Ескендірге қыр массагеттерінің атынан ерек-бөлек елші жіберу. Сол арқылы үрыссызы-соғыссыз Ескендірдің ендігі еліне ену, еліне енгенде де Зака Македон патшасының кеменгерлері катарына ілігуді көздейтін көрінеді.

Спитамен тосуды тозақтай көретін адам. Тез арада Заканы алдына келтірді. Зака сойған тұлкідей ыржалақтап жетті.

– Да, басилем... Дігірлеп Ескендір таяп қалды. Ертең “ел ішінде не жағдай” деп алдымен өзін сұрамаймысын менен. Сонда берер жауабым әзір болсын, ел бейкам жатпасын деп қырдағыларды жинағаным рас. Оның несі айып екен?” – дегенде Спитаменнің өзі не дерін білмеді. Дегенмен ішке тарткан демі кері тепкенше Спитамен секемшілдігін жуып-шаярлық кесек әнгіме тауып үлгерді. Не үшін, не мақсат екенін ашып айтпай, тек елді, малды ауылдарды терендете көшіріп әкету керек деп, пәрменін ұстасып коя берді.

Ал мына тұс не дейді? Бұл тұс Заканың ойында қара ниет жатқанын растап тұрған жоқ па, өзі? Әлде Зака Бесспен сейлесіп үлгерді ме? Онда не мақсат?... Спитамен отырған орнында сырттағыларға қарата гүж ете қалды. Орда ішіне бір шауышы кірді.

– Басилем?..

– Қайсысың?

– Ликтің ұлы Аханарис.

– А-а. Аханарис. Жақында. Тапсырма бар...

Сол сәтте, жерге жарық түспестен Аханарис бес сарбазben, Бесске арналған білдіргіні алып патшаның Нұтек түбіндегі құрығына шаба жөнелді. Аханарис екі тапсырма алды. Біріншісі – Бессті алдаусыратып, ұстай тұратын білдіргіні жеткізу, екіншісі – Бесске кімнің келіп, кімнің кеткенін анықтап келу. Жолай Аханарис сенімді адамдарына Бесстің қымылын, кіммен жалғасқанын бағып отырап тапсырма береді.

Аханаристің тобы батысты бетке алып, айдың сұт төгілгендейгі жарығымен шапқан тасыр-тұсыры жым болғанда патша мұздай бол жарактанып, тыска шықты.

– Көтеріндер...

Спитаменнің ірікten алған он бес мын садакшысы таңбы тыныштыкты үркітпей әбден тынықсан дилы аттармен дәрияны бетке алып жүріп берді. Анау тұс, мына тұста тұяқ астынан пырылдан үшқан бөдене, тарыға ілескен тастай ара-тұра шак ете қалған таға мен тастың үнінен өзге дыбыс жоқ. Есті мал жылқы баласы да демін ішке тартқандай. Жасак дәрияға жақындал, бірер қыр жетпей токтады. Барлаушылар шолғыншыларға накпа-нак

хабар жеткізді – Ескендірдің әскері шағын шатырларының ішіне шөп атаулыны мықшита толтырып, ықтияттап тігіп, сал текес амалзат жасаған. Салмен кару-жарак, ас-су, түрлі жол мұлкін өткізбек. Жаяу әскер қоға буып, атты әскер ат жүгеніне жармасып өтпек. Ал әзірше жағалау жыпырлаған от. Жойқын күш бүгін бергі бетке лап қояры анық.

Сақ әскерінің Ескендір Зұлкарнаймен алғашкы қақтығысы уағдаласқандай-ақ Спитаменнің күткен уакытында болды. Дарияның арғы бетінде үнірейіп жатқан даладан не иіс, не дыбыс, не жүріс анғармаған македон-грек жосығы тансыз бере суға малынды. Спитамен сабыр сактап, суға түскендердің алдыңғылары өлдім-талдыыммен бергі жағаға ілігіп, арты тугел суға бөккенде етегі кен тік қабакқа дур көтерілді. Спитамендер көтөрілген қыр араның жүзіндегі тікенектене қалды. Дария үсті – ат пен адамның басы. Міне, сак садакшыларының шірене тартар әйгілі жебесі анырап үшты. Спитамен арғы бетте суға кіруге асықпай, ат тізгінің тұқырта тартып тұрған жау тобын көрді. Көрді де оны мен солындағыларға дәл сол топты көздендер деп бұйырды. Спитаменнің болжауынша Ескендір патша сол соңғы топта. Әскердің дариядан қалай-қалай өтіп жатқанын біліп болып, ен сонында өзі өтпек. Олар сак әскерінің жетіп келгенін көрді де шырқ айналып сендей соктығысты. Сірә, патша пәрменін есту үшін аламандары оны шырқ айналып жүр. Енді бір сәтте тарқатылған жіппе дария жағалап, екі топ шұбыра шалты. Патшаның пәрменін әкетіп барады. Спитаменнің екі қапталы мен ту сыртында жүретін үш лек Ескендір тобына әлі де оқ жаудыруда. Қалғандары су бетіндегі қалың әскерді ат-матымен суға батырып жатыр. Македондықтар әлден уакытта ес жиып, жебеден жебейтін амал тапты. Олар өздері жармаскан бау-бау қамыстың астына кіріп, суға бір батыш, бір шығып карсы бетке баяу жылжып келеді. Жағаға жақындағандардың бірен-сараны қолтырауынның аузында кетті. Керіктің тұмсығына, сусиырдың қаска тісіне іліккендер де бар. Спитамен шекесі өртene шыққан күннен жасқана арғы бетке сүзілді. Сак жебесі айткан тұсқа қара масадай қаптап түсіп жатыр. Бір кезде әлде бір нәрсе жарқ ете қалды. Анық көрді – алтын құйме келді. Құйме әлдебіреуді қалкалай тоқтады. Аз-кем әбігерден соң үш карагер ат құймені қанбактай ұшырып ағыстың бойымен ала жөнелді.

– Басилем! Мен білсем Ескендір не өлді, не жаракат алды!
– деп Спитаменнің білшілер сардары Карадара күркірей күлді. Спитаменнің көзі шоктай жаңып, македондықтардың дақпыртықатты болғанмен ұсталатын да, ұтылатын да тұстары бар, жәүкемдеуге әбден-ақ болатын жау екенін көріп куанып тұр.

– Көргенінен көрмегенің көп, Ескендір. Алғашкы аман-сәлеміміз жаман болмаған секілді. Сақ жебесінің дәмін

татқыздық. Енді, Карадара, білдін не екенін көрсөт. Көрдін бе... Анау беттен ағып түсіндер де жағаға шыққандардың жаурының жапыра бір-бір ұрып өте шығындар. Сол ақканнан ағып кете бер. Суықбұлактың басында кездесеміз. Иә, екі-үш адамын өнгере кетіндер. Тілін естик, түрін көрейік. Сенімен курестірем... Бар! Тәнір жар болсын!

Карадара Спитамен айтқандай бір-бір ұрып өте алмады. Алдыңғы елу қаралы білшілер шетке шыққандарды қағып-соғып, сұлатып кеткен соң жау сегіз қулаш ныйзасын тосып жолды бөгеді. Спитамен дереу фаланганың ту сыртынан өзі шықты. Карадара екеуі фаланганы екіге бөліп таставды да аттың басын қабакқа бұрды. Ұш тұтқын қолға тұсті, сақтан жеті сарбаз жер құшты. Қабактағы жасақ әлі де оқ жаудырып жатыр. Спитамен қабакқа көтерілді де дарияның бергі бетіне шолпыша калыктап өткен алтын күймені көрді. Кабакта ак мандайлы атты қекжите ұстап біреу тұр. Алтын күймеге ілесіп Ескендірдің ерен тобы да қабакқа ілінді. Олар Спитамен тұрган қабактан қозықеш жер төмен. Элгі атқа біреу қонжиды, сол-ақ екен сақтардың он қанатын бетке алғып сорғалады. Сол қанатта – Спитаменнің інісі Қайымерден. Спитаменге “атысты сәл ұзатып алмадым ба” деген күмән қылау бергені де сол еді Қайымерден бұл ойламаған әрекетке көшті. Ол өз әскерін дереу қабактан кайтарып, тізбектеле македондықтарға карсы шапты. “Бұл не іstemек?” Спитамен көзі жасаурағанша қадалып карайды. Жер түгі жұтан жазықтың шанынан арқан есіп, бірінің ізін бірі баса кетіп барады. Спитамен тіксініп тұр. “Аптырым, бетпе-бет келмей тұра тұрайық демеп пе едім”. Ныйзаның үші ныйзаға қадалардай екі жақ қарама-карсы төніп келеді. Эне, садакқа ілінер тұсқа жете Қайымерден бетпақ далада жаңтап бұрылды. Жөпелдете бес-алты жебе коя берді.

Одан кейінгілер де дәл солай, жау тобын жанай өтіп, оқ жаудырды. Қайымерден бірде көсіле шауып, бірде іркіліп, күғыншысына есек дәме тастав барып, қайта ытырылады. Қашқанның қарасы үш мындей, күғыншы алты-жеті мынға жуық. Енді бірер сәттен соң ман дағала қашқанды да, құғанды да қылғытып жіберіп, бедірейіп жата берді. Ескендірдің Спитамен тұсындағы әскері сап түзел, өрге ұмтылғанда сак жауынгерлеріне үдешінің қикуы естілді. Сақтар түк болмағандай жалт бұрылды да сар желіспен үзай берді. Сақтардың жалт бұрылып жоғалып кеткенін олжа көрді ме, македон әскері бұларды өкшелей куа қоймады. Спитамен тұс әлтінде Суықбұлақ аталатын терен де нұлы сайға келіп, аттан тұсті. Артта отыз шакырым жол қалды. Аттар қантарлып, сарбаздар қоздың қызыуымен бұл-бұлк кайнаған тайказандарды жағалай әр-әр жерде шенбер құра отырысыпты. Сүйегінен ажырап, былқып піскен еттін исі керімсал орнына жүрді. Жас ет, кара сорпаға тойған далалықтар

бір-бір мұзғып алған соң, аттарын жайғастырып, бүгін көрген қызықтарын айтысып, адам түгендер, гу-гу әңгімеге көшті.

Күн бата Спитаменнің ордасына Ахана里斯 кірді. Спитаменнің күріғында дамылдаш жаткан Бесс жақтан жағымсыз хабар әкелді. Заканың қыр массагеттерін белінуге шақырғаны, Ескендірге елші жіберуге өз тумаларын көндіргені, ең сонында Бесске келіп, онаша сөйлесіп кеткені рас бол шықты. Спитамен ызыға булығып, аюша ақырды.

— Өзі қайда?! Зака қайда деймін?!

— Зака елін қозғамаған. Қазір бес мың қол жасақтап, Өлеңтіде отыр. Әне-міне, өзін хан көтертпек.

— Патша болам дейді, ә? Болсын. Бірақ дәл қазір... Ел басына күн туғанда, міне, дәл бүгін жеті сарбаз жерде калғанда, басқа патшалар сөз байласып, тізе қосып жатқанда Зака үй ішінен үй тігіп әлек. Мұнын аты не, өзі? Не деп ұғуға болады?

— Сатқындық, басилем. — Аханаристің даусы карлығып шықты. Эбден титықтап, шөл буып тұрса керек.

— Нүтекке адам жібер. Дәл қазір. Датаферн, Хатен мен Фаретаки келсін. Өзін, Аханарис, демал. Мықтап тынық. Іс көп...

Араға бір күн салып соғдылық шонжарлар Датаферн, Хатен мен Фаретаки Сүйкбулаққа жетті. Солқылдақ арба, күйме секілді сүйретпеге үйренген майдәнкесе шонжарлар аттан әрең түсіп, шатқаяқтап жүре алмай түнелікке кіре жығыла-жығыла кетті. Спитамен олардың үшеуіне үш үй тіккізген. Сый-сияпатын тен жасап, күтімін келістіріп койған. Бұларды сөздін уәжін келтіріп, сақ патшалары жағына иіп берген, Спитаменнің беделін көтеріп, осыдан айырылмасандар дүние түгел деген Күнбегі еді. Күнбегі Бақтүр мен Соғды қалталыларын жиып, олардың жанды жерінен үстаған. Жанды жері — койма-койма сатын зат, жиһаз-мұлік, алтын-күміс, асыл тас. “Ертен, — деді Күнбегі, оларға... — Ертен аш берідей жалактап Ескендір жетеді. Тірнектеп жиган байлықтарын Ескендірдін еліне кетеді. Одан аман өтем десендер дүниелерінді үйсін мен ғұнның, тиграхауд, хаомдардың ішіне алып кетіндер. Мұнда соғыс біткеніше сауда да тамам болады. Дүниен алтынға, иә болмаса малға айналады. Соғыс — жүріп өткен бүршактай. Ертенақ қайтадан көтеріліп кетесіндер”... Осылай Күнбегі құллі Бақтүр мен Соғдының саудасын сапырып, дүниенің төрт сарынан жузді алып, мынды беріп отырған құрығы ұзын саудагерлерді сактарға жіпсіз байлап-матап ұстартты. Ал мына үш жуаннның Спитамен шақырды деп осынша жерге келуінің сыры да сол Күнбегінің бас бармағының астында жатыр. Әйтпесе өздерінің кай ата, кай ру, нендей тайпадан екенін білмейтін, іздегені мен білетіні сауда,

¹ Пилип-алтын-Македонскийдің әкесі Филипп патша Дарийдің алтын ақшасынан 0,01 грамм артық салмақты ақша шығарған. Сөйтіп, Дарийдің ақшасын құнсызыдандырыған.

² Дарихем - Дарийдің алтын ақшасы. ³ Данак - қолдағы, айналымдағы ұсақ ақша.

дүние, пилип-алтын¹, дарихем², данак³ бол келген үшеуі Спитаменге кіріптар болмас еді. Спитамен де, ірі-ірі әрекетке барада арқасы мұздамас үшін оттан да, жұттан да аман шығатын, ел ішінде ықпалы үй жығардай осы үшеуімен ақылдасқан сынай танытады. Бұл жолы Спитамен Бесстің басын саудалап, Ескендір шерігінің жұбын жазуды ойлады. Осы жерде Заканың да әңгімесін қозғамак.

Спитаменнің меймандары екі-үш сағатта жан шақырды білем. Әңгімені осы түннен артылтпай бітіре салсақ деп асығыстық танытты. Самдағайлық Спитаменнің ерекше қасиеті. Тіпті куанып қалды. Оның үстіне Спитамен патша екем деп басы зеніп, көзіне бұлт үйіріп көрген емес. Ол нағыз дала патшасы, жауынгер патша бол танылып біткен.

— Шақырындар! — деді Спитамен өз ордасының жанында тұрып, камшысымен меймандарға тігілген ақ үйлерді нұскап.

— Әңгімені соғыстан бастайын. — Спитамен көзі жалт-жүлт етіп үш мейманың шолып өтті. Меймандары жолсокты болғанына қарамай саудагерге тән дайын құлқімен “мейлін, мейлін” дегендей бас изесті. — Ескендір патша массагет сактарын алғаш рет дәрия бойында көрді. Дәл сол жерде сак жебесін өзінің иығынан әрен алғып таstadtы. Қазір ол жаракат. Кемінде екі мың адамы, мыңға тарта аттары суға кетті. Дағаның бір пүшпағына іліккенде осынша шығынға үшырағаны оны ойландырады. Содан болар Ескендір бас көтермеген кенттер мен селендердің өзін аяусыз қырып-жойып келеді. Бұл — қорықкан бұрын жұдырыктайды деген сөз. Менің ұққаным — Ескендір ерекше жаратылған құдай текті құдірет емес, өзіміз секілді ет пен сүйектен жаратылған адам. Итінің білімі терен, ақылы жүйрік дейді. Өзі дәл мен секілді еш нәрседен корықпайтын арыстанжүрек деп естімін. Болсын. Өзеннен өткен бойда Қайымерден баһадүрдің соңына күғын салды. Қайымерден оларды емексітіп, тосып⁴ ап, кайта қашқансызы. Эйтпесе біздің аттар оларды шаңына ілестірмейді екен. Ол да біз үшін жаман белгі емес. Құмның іші Қайымерден үшін бес саусақтай дүние. Әлгі македондар қызды-қыздымен күмға едәүір теренде барып, қайтарда біздің тосқауылға үрынды, қак сүймен шөл басып, казір қырқай тышқактап жатса керек... Ха! Ха! Ха!

Спитаменге меймандары қосылып, біраз күлісіп алған соң әңгіме жалт бұрылды.

— Мен шақырдым — сіздер келдіңіздер. Рахмет. Қазір маған әскерден кия басуға болмайды. Соғыс жүріп жатыр, бауырларым. Бұл өзі екі-үш сәтті кимылмен бетін ары қаратып жіберер онай да жау емес. Заман негайбіл. Тәуекел деп массагеттер қеудесін алдымен тосты. Ертең құллі сак елдері де солай етсе жақсы. Ал Ескендірдің екпінінен шошып: “Массагет жауласып көрді — не

шыкты?! Жауласқаннан гөрі алдынан иіліп қарсы алсақ - ұсынған мойынды қылыш шаппас”, – дейтіндер табылса не болдық, мырзалар? Ондайлар соғыс ішке сұғына кірмей жатып табылды да. Эне, Зака тамырларын қыр массажеттерін жиып, Ескендірге елші жібергелі жатыр. Олар Ескендір шерігінің жакындауын ғана тосып отыр. Зака маған айтпастан бес мың қол жинапты. Ол әскер Заканы Ескендірден емес бізден қорғауға жасақталды. Бүгін Зака оп-онай Ескендірге өтіп кетсе, ертен соның жолын қуам деушілер көбеймек. Бактұр мен Соғыны Дарий менікі дегенмен, өздерің білесіндер, бұл өлкеге ешкімнің билігі жүрген жок. Бұл өлке сактың тегеуірінімен еркін өмір кешті. Парсы мен Жыңың, сактың жайма базары болды. Егер Заканы Ескендір колдаса алансыз өмір, базардағы тойларын таркайды. Сондыктan бауырлар, Заканы не райынан қайырындар, не менімен жүздестіріндер. Уакыт тығыз. Он, ары кетсе он бес күнде әнгімені тамам етеміз. Енді... Өз нағашысы әрі өз патшасын өлтірген Бессті мен колдағандай, корғаштағандай бол түрмyn. Ол – жаксылық емес. Жауыздың жазасын жау берсін. Ертен Ескендірге кісі жіберем – Бессті алам десе – мен жолын бөгемеймін. Мұным қалай?

- Макұл!
- Патша өзі біледі де...
- Бәледен күтүлған жөн.

V

Байтақты зәкір тастаған кемедей өмір толқыны ары-бері шайқалтқанымен Тасқала оның токтаған жері бол түр. Құлағы Күнбегінің бас ордасында, екі көзі Спитамен жақта. Эзірше түнілерлік хал жоқ, дегенмен күбірі көңіл келіп, кетіп түр. Спитаменнің елі екіге бөліне бастады. Ескендір дүниені жалмап келе жатқанда Байтақтың үйсін құдасы – Дарап Күнбегімен тәжікесін үдettі. Бұл жайт Байтақ пен Күнбегінің арасын алыстата коймады. Бірақ, екі жақта да жайсыздық бар. Байтақ осынау кірпік қақпас алас-қаласта, амалы жоқ, Дараптың қонысына шұғыл барып, тез қайтты. Дарап – сөз үғудан кеткен. “Үйсіннің әнгімесін үйсіндердің өзіне коя бер, Байтақ патша”, – деп жолға салды Дарап. Дарапқа баруын барып, не әнгіме болғанын айта бастасам Күнбегінің алдында есеп бергендей болам ба деп Байтақ және булықты. Айтпаса дауды басуға емес, отка май қюоға барғандай не үнсіздік деп және ойлайды. Байтақты бұл түйыктан Күнбегінің өзі алып шыкты. Спитаменнің алғашқы қақтығысын сөз еткелі Күнбегі Тасқалаға өзі келді. Еш қырыстанған жоқ. Емен-жарқын келді де болған-біткенді өзі баян етті. Байтақты әнгімеге жетелеп отырды. Арасында Байтақтың алқымында бір кесек тұрғанын, содан екеуі жарқ-жүрк сөйлесе алмай отырғанын сезе койды да Күнбегі:

— Дарак құданыз райынан кайтпады-ау, сірә? — деп әнтек жымиды.

— Солай... солай, ақылдым. “Үйсіннің дауын үйсіндердің өзіне қалдыры” деп куда ендігөрі сөзге араласпайтын етті. Енді... Менін қолымда не тұр?

— Дарактың дауына етім өліп болған. Сіз оған алан болмаңыз. Көnlілінізге қылаудай кірбің алмаңыз. Дарактың әнгімесін әлі де тыңдал көрелік. Қайда баар екен, канша жерден қайтады дегендей...

- Данышпаным, мұның дұрыс сөз. Патшада бір-ак кару бар — сабыр. Дарак секілділер бұл елде де жетіп артылады. Тек іші берік ел ғана жаудан да даудан да корықпайтынын Дарактар сезбейді. Эйтпесе қазір... такқа таласатын үақыт па? Жә... Дарактың әнгімесі ешқайда қашпас. Спитамен жактың әнгімесіне көшейік.

— Спитамен Бессті Ескендірдің торына түсіріп бермек. Ондағысы әрі сатқыннан құтылу әрі Ескендірдің бұтын-бұт, қолын-қол етіп тарату. Оның бәрін жасар... Шатағы Зака боп тұр, аға патшам! Ұста да мыта сал дейміз бе, қалай? — Күнбекінің бабымен піскен сары өріктей рені сәуле шашқандай болды.

— Мыта салу аз ол итке. Закан оңайлықпен алдырмай тұр емес пе! Датаферн, Катен, Фаретаки үшеуі барып сейлесіпті Закамен. Зака енді болмағанда әлгі үшеуінін буынын босатып, бетін ары каратып жібере жаздапты. Саудагердің пұлы қайда жатса — жаны сонда. Бұкіл жиған-тергені ішкі сакқа етіп кетпегенде әлгі үшеуі Заканың жағына шығы әбден-ак ықтимал еді. Зака бір жерге қазық қағып, қоныс теппей тұр. Сондықтан Спитамен одан кайта-кайта адасып кала береді. Мұмкін... Спитаменге біз айткан уақыттан ертерек күш қосармыз, данышпаным? Қалай караисыз?

— Қарсы емеспін. Ол үшін тың-тыңдал, кара сана боп жатқаннан гөрі Спитаменнің ордасына барып қайтсақ деймін...

Тұс ауа шолғынышылар үш топқа бөлініп, ертен таң бозында Байтақ патша мен Күнбекі патша жүретін жолды құлдалап, ұзай берді. Үш кундік жүрістен сон үш патшаның басы бірікті. Бұл тосын жүріске Спитамен балаша куанды. Спитаменнің әскері екі есе көбейді. Баһадүр патшаның жалы құдіреіп-ак қалды және он бес мың әскерді өз азығымен, түнемеліктерімен қоса ілестіріп жетіп келген патшаларды көріп қуаттанып қалды. Үақыт тығыз екен. Спитаменнің Бессті туралы билдіргісін алған Ескендір қайыра елші жіберіпті. Елші әкелген перғауында: “Бессті алуға баратын жосыққа зиян жасамандар. Ескендір патша дәрия бойындағы шығынын кешіреді. Спитаменге патша сарайынан орын сайлаулы”, — деген жазу бар.

— Ескендірдің колтығы кең екені рас... Бұкіл Босы сыйып кетті. Оның сарайында өз аксүйектерінен бөлек парсы шонжарлары, басы ашық парсы сатраптары құж-құж жүріп

жатыр. Бірақ Спитамен ешкімнің колтығына сыймайды. Ескендір бұл сөзді менің жерімнің табалдырығында тұрып айтады, ә!? Элі келгеніңе өкінесін, Ескендір! — Спитамен перғауынды Байтакқа ұсынды. Өзі шықшыты бұлтылдаپ, айналаны көзбен шолып, айбар шекті. Ізінше орда иесі өзі, Байтак пен Күнбекінің алыстан келген ағайындары екені есіне түскендей, бас орданы нұскап, меймандарына жол берді. Үш патша бас ордаға кіріп дем басқанша болмады атын ақ көбік қып шабармен жетті.

— Басилем, македондар жарты құндік жерде. Қолбасшысы — Птоломей. Жасақ саны жеті мындей. Тек атты әскер.

— Қай тұстан өтпек?

— Нүтекке баар төте жолмен. — Спитамен ойланып қалды.

— Біз төте жолдың үстінде отырмыз... Аханарис! Сардарға айт... Әскерді дереу көтерсін. Дақ тауының беткейінде кездесеміз.

Үш патша бас ордада отырып-ақ сыртта не бол жатқанын біліп отырды. Ас-су ішіліп бола қалын әскер кара ормандай бол ерге карай бет түзеді. Байтак пен Күнбекі македондықтарды көріп бірақ қайтуға келісті. Патшалар шеріктің шаңы басыла жылжыған. Қөлеңке ұзара Дақ тауы аталатын текше-текше қыраттың алғашқысына көтерілген. Осы тұстан ары озбай ушеуі аттан түсті. Македондықтар өздерін көп тостырмады. Жана ғана массагет әскері мызығымастай бол түрған Суықбұлактың қабағын ала жүріп өтті. Спитамен оларды садак оғы тұрмак, жай-лақтырсан жетер тұста тұрып көз суарған. Ал Байтак пен Күнбекіге македонның жайрандал өткен жосығы соғыстың, қатердін лебін әкелді. Осы бір оқиға екі патшага Спитаменнің жанын, бүгінгі күйін үктырғандай болды.

— Бұлар бүгін Бесс жаткан құрықты алыстан тора түнейді. Таңгертен құн шықпай бас салады. — Спитамен жол қашықтығын ессеңсө осылай болжады.

— Ендеشه біз македондар кері өткен сон бір-ак қайталақ, — деді Байтак арқаны кенге салып.

Кеш бойы үш патша алдағы соғыс әрекеттерін ойластырып, Ескендір жосықтары тамыр тастай бекінген ірі кенттерді өзара болісті. Заканы торға түсіруге Күнбекі екі түмен әскер бөлөтін болды. Бактүр мен Соғдыны алып болған сон Ескендір сақ жеріне біржолата бест бұрса басты күшіне мықтап тойтарыс беру көзделді. Оған дейін Ескендірдің әскерінс күндіз-туні маза бермеу, көлік аттарын, мініс аттарынан айыра беру, азық-тұліктен айыру секілді жауды титықтатар тәсілдер жүйесі жасалды. Қырат үстінде түннін батқанынан шыққаны тез болды. Тұс әлегінде македон әскері лек-легімен келген Ізін басып кері қайтты. Олардың ізі сұзысымен үш патша төс түйістіріп, қош айтысты. Ескендір тасқынының жолында Спитамен жалғыз қалды.

ҮШІНШІ БӨЛІМ



I

Александр шапанының шалғайы суға тимей-ақ дәрияның арғы қабағына ілікті. Қабаққа көтерілген соң Гефестионға тапсырма берді:

— Сактар жаракат алғанымды білмеуге тиіс. Олар менін атымды танып алды. Сондыктан дәл осы атқа мін де сақтың соңына тұс.

Гефестион жеті мың қолмен жағалаудан македон әскеріне оқ жаудырған сактарға қарай шапты. Александр Дарийден қалған көп олжаның бірі — сырты алтынмен апталған іші кәдімгі жасау-жиназды үй тектес патша құймесінде отыр. Бір қолы иығынан шынтаққа дейін таңулы. Сол қолында өзінің оң иығына келіп қадалған сақ жебесі. Жебенің ұшы — кан. Александрдың өз каны. Александр жебеге карайды, карайды да тан қалады. Әдеттегіден едәуір ұзын жебе канша жер ұшты екен? Иығына тигенде қеудесі қаусап түсе жаздады, бір тізерлеп отырып қалды. Өзі көп естіген сақ жебесін патша ұзақ зерттеді.

— Садақшылары өте мықты. Ал оқ жонушылары олардан да мықты. Оқ жонушылар... Ол халық қой. Сонда біз тек әскермен ғана соғысып қоймаймыз. Әскердің артында ел тұр. Бұл парсы майданынан бөлек соғыс. Солай ма, ұстаз?

— Солай, Александр. Әскер артында ел тұр. Жұмбак ел.

— Аристофан! Кратерді шақыр.

Александр мен Кратердің әнгімесі едәуір созылды.

— Шығын анықталды ма?

— Анықталды, мәртебелім... Мың жеті жұз адам каза болды. Үш мындаіы жаракат алған. Бес жұзге жуық ат мертігіп суға кетті.

Александр селт етпеді. Ұзак үнсіздіктен соң көз сұғы қатайып, құйме есігіне тұтылған докаба перденің саңылауынан далага қадалды.

— Кратер! Мына жердің, осы слдің бас қаласы Мараканд емес пе еді?

— Дәл солай, мәртебелім!

— Ендеше Маракандка тұра тартамыз. Тек солай Соғды мен Бактрия колға түседі.

— Жолға қашан шығамыз, мәртебелім?

- Танертең әскери кенесте шешеміз.
- Мына аймакқа кім ие болады? Бессті не істейміз, патшам?
- Птоломей Бессті табады. Ал Бактүрдың сатрабы... Кім еді?
- Аршак, мәртебелім.
- Аршак сенімсіз бол тұр. Тез арада дружинник Стасанорды сатрап етіп тағайындал, Аршакты тұтқынға алындар.

Александрын Марақандты бетке алып жүріп кетуіне Гефестионның құғыншы бол кетіп, құлазып әрен жеткені кедергі болды. Гефестион жұз қаралы адамынан ат-матымен айрылып, жасағы түгел дерлік іші тоқтамайтын кесел тауып қайтты. Бұл жайт Александр патшаны қатты ойланты. Емшілердің айтуынша жылға, бастау, кайнар біткенді сактар улап тастаған. Өйткені ерні суға тиген адам да, ат та көтерем. Яғни сактар жау жүріп өтеді деген жолда суды харамдайды. Енді ол есте болады. Сондыктан оларды жаңылдыру керек. Жаңылдыру үшін күтпеген әрекетке бармасқа болмайды. Александр жолбасшыларын, жұлдызышыларын, әрине Гефестион досы мен ұстазы Лисимахты кешкілік ставкаға келтірді. Шақырылғандарға патша тапсырмасы дайын болатын. Ол өзі тұрган жерден Марақандқа¹ дейін тіке тартатын картаны қолдан сызып қойыпты.

— Мына сұрақтарға жауап беріндер: бірінші, арадағы құмшөлмен жүріп өтуге бола ма? Екіншіден, қанша құн, қанша азықтулік, қанша су керек. Үшіншіден, егер бұл бағыт өте қатерлі болса немесе мұлдем жарамсыз болса, басқа төте жол бар ма? Ойланындар.

Александр ақылмандарын ставкада қалдырып, Спитаменнен келген шабармандармен сөйлесуге кетті. Сақ өкілеңтерін македондықтар гарнizonға кіргізбеген. Басты күш жатқан ойпаңнан алыстау жерге жеңіл шатыр тігілген. Александр сактарды сол жерде қабылдады. Патшаның сакшылары Спитаменнің үш сарбазын бастан-аяқ тінтіп, тар шенберде тырп еткізбей ұстап тұр.

- Кірсін бе, мәртебелім! — Бұл Аристофан.
- Қанша адам? — Александрдың артында Апанасий тұр.
- Үшеу.

— Үшеуі де кірсін. — Александр сақ баласын жақыннан көрмеп еді. Анықтап тұр-тұстерін көргісі келді. Есіктің турмесіне басы шатырып, нобайы Аристофанның да қомакты бір шой кара есіктен әрен өтті. Түсі сұық-ақ екен. Ол ішке кіре басын сәл тұқыртып гүж етті де оң колын кеудесіне басты. Һм.. Бұл сәлем бергені делік. Екіншісі бой жағынан алдынғымен қарайлас. Бірақ оншалықты денелі емес. Мұрны грек текстес, шұнірек көз, артық еті жоқ, кимылы жіті, нағыздын өзі. Келсен-кел деп тұр.

¹ Марақанд қазіргі Самарқан. Ол кезде Соғдының бас қаласы.

“Ее...” – деді патша ішінен, – құрама жебені жарты күндік жерге жеткізетін осылар... Келген үшеудің мәтібін шойқара деп ойлаған Александр жаңылған екен. Шойқара да, келсөң-кел деп тұрғаны да қарусыз келгенмен үсті-басы мұздай сауыт, дулыға. Әлгі екеуі как жарылғанда әп-әдемі бейбіт киімді, жайдары жұзді жігіт алға озды. Ол Аристофанның тұсына келіп тоқтады да бір орам тері ұсынды. Орам теріні патшаның тәржімашысы алды.

– Окы! – Александр тындауға онтайланып, өзі дөңгелек жұзді, аялы қөздерінен жылдылық ескен, келбетті жігітке қарап тұр. Осы үш адамның табиғатынан бүкіл сак даласының қадір-қасиетін, құпия-жұмбағын танып, біліп алғысы келгендей Александр оларға ашықтан-ашық зерттей қарады. Тәржімашы орамды жазып, білдіргін оки бастанды: “Өз нағашысы, өз патшасына қастандық жасаған опасызы Бесс керек болса алындар. Сатқындарға пана бола алмаймыз. Массагет патшасы Спитамен Бессті алуға келген македон әскерінің амандығына кепілдік береді”.

– Жақсы хабар!.. Сұра... Бесс казір қайда?

– Нүтек түбіндегі шағын бір кентте.

– Қай жерде тұтынадаймыз?

– Спитамен патшаның құрығына әкеліп ұстап тұрамыз.

– Бесстің соңында қанша әскер бар?

– Үш мындар.

– Спитамен патша бұл ықыласы үшін не сұрайды?

– Патша еш нәрсеге зәру емес.

– Өзі патша болса, ол неге зәру болсын. Дегенмен?

– Оны тек өзінен сұранызы, мәртебелім.

– Сақтар неге Бақтұр мен Соғды үшін шайқасып жур?

– Бақтұр сақтын табалдырығы. Соғды – базары.

– Дүниеде македон әскеріндей күш жок. Соғысу – тек қырылу деген сөз. Соны білесіндер ме?

– Сақтар қырылу үшін соғыспайды, жену үшін... Баскалар да солай келген, қанға тойып қайтқан.

– Басы катын патша Томиристің қылышынан сайға домалады, дейсін ғой?... Білем. Бірак ол – Кир. Мен – өлемнің әміршісі Александрмын. Соғыспай берілген патшаға менің сарайымнан орын табылады. Айта барындар!

– Айтқан ауызға балқыған болат құйылады.

– Ендеше сол балқыған болатты беріспеген патшаның тәбесіне құмын. Ал Бесс туралы... Екі адам хабар айтуға қайтады. Біреуін біздің әскерге жол көрсетесін.

Арада жеті күн өткенде Птоломей шағын жасақпен Бессті Александрдың алдына жеткізді. Торлауыт арбаның үстінде екі колы керулі, мойнында – мойынтурыйк.

Бұл кез Александр соңына сексен мың әскерді іlestіріп,

Птоломей қарсы кезігүе тиіс жолмен едәуір ілгерілеген. Енді бір күншілік жүрістен соң әскер құмға кіреді де Маракандты бетке алады. Сол жолайырыққа жетеберісте асығыс та алыс жолдан түге-түтесі шыққан Птоломей жерден шыққандай кезіге кетті. Александр кобалжулы еді. Мына кездесу оны бір серпілтіп тастады. Шынтуайтқа келсе, Александр Птоломейді енді көрем деп ойлаудан қалған. Жақын досын Спитамен қолға түсірді деп ішкыстани іште болып еді. Мына сактарың адам екен! Сөзде түрдү. Өзіне өзі сенетін жау болғаны ғой...

Патша торлауыт арбада керулі, халі мүшкіл Бесскे жақындаған келді.

— Патшанды неге өлтірдін?

— Бәрі солай үйғарды. Ата жауынды өлтірсек, Александр, сенін ойынан шығамыз ба деп алжастық.

— Бұл сенің ең соңғы және өз түбінде жеткен қателік. Өз патшасын өлтірген адамды кешіруге болмайды. Спитамен сенен жеркенді. Мен де колымды былғамаймын. Жазанды Дарийдін тұқымы береді. Әэ! Міне, өздері де келді.

Дарий Родомани патшаның төртінші әйелден сүйген ұлы, болашақта төртінші Дарий атануға тиіс, бірақ тағдыр жазбаған Дарий Автар келді. Бетінде каны ойнаған жас жігіт. Падишаның тапсырмасы мен Александрдың катысуы болмаса Бесстің жазасын табан астында бергісі-ақ келіп тұр.

— Жауыз алдында тұр. Ол енді сенің тұтқының. Біле кетейін. Не жаза, buquerque?

— Ұлы патша! Бесс іштей екі жарылған. Парсы патшасының да, ұлы мәртебелі, құдай текті өзініздің де жақсылығыңызға бөленгісі келген. Соңдықтан екі теректі иіп, екі аяғын екеуіне байлаймыз да қоя береміз. Сонда Бесс екі айырылып, өзінің дегеніне жетеді... Бұл күллі ахемен игі жақсыларының үйғарымы.

Александр Дарий патшаның тұяғы Автармен қыска ғана сұхбаттасқаннан соң нақты әңгімеге көшті:

— Сузыдағы патша әүлеті аман ба? Мұқтаждық бар ма? Міне, төртінші жыл. Орнықкан боларсыздар?

— Бәрі жақсы. Қызметшілер әкеміз бар кездегіден де көп.

— Қалғанын Птоломей айтса, болғаны. Бәрі бір сәтте орындалады. Сәлем айт. Сәлем айт та, мынаны есте ұста, Автар! Экениң соңғы сөзін естіген мен. Аманаты орындаулы. Ал патша бойжеткендеріне сөз салушылар болса тыйым сал. Олардың да тағдырына мен жауап берем...

Александрың аты ытырылып алға шықты. Патша өзінің аса сенімді достарының бірі Птоломеймен жаңа қауышып, куаныштары сабасына түспей-ак тарақталы тұр. Бұл жолы Птоломей патшалығынан гері достығы артық Александрды енді көрем

бе, жоқ па деген жаман оймен қалып барады. “Сен аман орал,, Александр. Мұндағы аланың менің мойнымда”,—деп ол сұлк тұр.

Птоломей шағын әскермен Келифке беттейді, Дарий Автармен бір күн сапарлас болады да Птоломей Келифті тұрак еткен Бактүр сатрабы Стасанормен мына жұмбак өлкені бағады. Патшаның өзі санасатын, тайкуды білмейтін, ашық соғыс, айқын сөзді жаксы көретін Птоломей енді апанға түскен арландай алақ-жұлак өмір кешуге қалып барады. Ол бұрылып қалың нөпірдің алдынан патшасы әрі балалық балдәурен досы Александрды іздең тапты. Тапты да атын қырындана тежеп, қарап қалды. Біртүрлі оны да аяды, өзін де аяды. Бұл не жасықтық екенін ойладап жатпады. Сырт көзге тоңмойын көрінетін Птоломейдің жүргегі осылай елжірейді деп кім ойлаған.

Ал Александрдын ойында өзіне қатты әсер еткен Дарий өлімі.

Қансырап жаткан Дарий патша. Алтын зерлі шапаның бес жерден қылыш тесіп өткен. Қалы кілем үстінде үйыған қаның ортасында аузымен ауа қармап, көзі жаутандап, бір жанып, бір өшіп жанталасуда. Александр нәкерлерімен сау етіп жетіп келді. Келді де табанда жатқан парсы патшасын қоршай токтады. Дарий жағалата бәріне жеке-жеке көз тоқтатып қарап алды. Одан сон жағалата қайта шолды. Ақырында Александрды жазбай таныды.

— Александр... Сенсің ғой?

— Қалай таныдың, патша?

— Сен қызықтап түрған жоқсың. Шынымен жаның ашып тұр.

Патшаның күнін патша болған біледі... Айттар аманатым бар...

Дарий Родомани... Бәрі менікі. Өмір, данқ, құрмет, жан рахаты мен үшін жаралған деп дүниеге, қызыққа тоймаған парсы патшасы өмірден өтерде өзіне қастандық еткен қаныпезерлерді жазала деп те айтпады. Сірә, одан енді келіп-кетер ештене жоқ деп ойлады ма екен? Бар айтқаны — алдымен әйел, бала-шағасының амандығын табыс етті, одан соң сәл үзіліс жасап, ойын жиып алып қатулана сөйледі: “Сен, Александр, Парсыны женғен жоқсың, мені, Дарийді жендін. Мен соғысқа құлқым жоқ, соғысқа шорқақтың. Елге обал жасадым. Ахемендер алдында кара бет болдым. Мені ең соңғы нашар патша деп біл. Болар іс болды... Парсы елі енді сенікі. Патшасы сенсің. Өз патшалығынды бұдан әрі киаратпа. Халық сенікі. Халықтың дәүлеті де сенікі. Өз халқынды өзін тона ма. Жақсы патша тұсында ел тойынады. Тойынған халық кашанда патша жағында. Ашықкан халық — ашынған халық. Онда жауды сырттан ізdemейсің... Сол... Ел саған аманат, жас патша!!”

“Солай да шығар...”—деп ойлады Александр. Бір сарынды жүріс ойын бөлмеді. Өзі де осы бір ойды суыртпактап, ой тубінен жарқ етіп өмірдің барша ақиқатының алтын кілті шыға келердей

айырылғысы жок. Дарий айтқан ақыл, аманат сөзі эллиндер еліне конар ма еді? Қайдам... Онда кесемдер, шешендер, философтар көп-ау. Эр үйдің алдына бір-бір бакыр алтын төгіп, қорасына төрт тұлік мал қамап берсең де жакпайсын. Өйткені... Өйткені олар дүниеге сенің көзіңмен қарамайды. Өз көзімен қарап, өз сөзін айтады. Алтынды алады, колыннан жем жейді. Сөйте тұра өзін сенен артық санайды. Бұл не халық? Бұл қасиетті неге жоруға болады? Жақсылық па әлде әлін білмestіктің азабы ма? Бұл міnez халықтың аскак рухы ма әлде әумесерлігі ме? Қайсысы?.. Парсылар... Олар бөлек халық. Төмennен жоғары, жоғарыдан төмөн әркімнің өз орны қалыптасқан. Мын жерден философ бол – сінірін созылған кедей болсан есі түгел адам деп есептемейді. Есі түгелдің тіршіліктегі есебі де түгел болуға тиіс. Парсылар осылай ойлайды. Сонда, ақылдың ауылы қай жакта жатыр? Сірә, екеуінің ортасынан шықкан дұрыс шығар. Эллиндік одак пен парсы арасы қосылды. Енді осы екі әлемді қоспасқа не?! Бірінен бірі үйренсін. Нени? Не нәрсеге үйренетінін әркім өзі шешеді. Эллиндітер аспаннан салбырап жерге жақындасын, парсылар бел жазып, бас көтерсін. Қолмен ұстап, көзben керерлік нактылай, заттай әлемнен басқа да өмір бар екенін білсін. Қиял, ой деген нәрсе адамның алдын күреп, қиялдан, арманнан тоқылған алқызыл болашаққа жетелеп отыrap ұлы-күш. Сірә, эллиндіктің мәнгілік категорияларға жүгініл, мәнгілік қағидалар жасаймын деген ұмтылсызына парсы баласының күнбе-күнгі тірлікке деген бейімділігін, накпа-нак есепшілдігін, еңбеккорлығын косу керек. Грекияға Парсыдан кемемен жіберілген отыз мын бала эллиндік дүниеге аунап-кунап, білім алып қайтады. Еліне оралған сон олар гегемонның арқа сүйер адамдары, гегемонның саясатын жүргізуши құшке айналуы тиіс. Бірақ отыз мын аз. Парсы балалары лек-легімен Эллада жерінің әр пүшпағында оқып, тәрбие алуға тиіс. Ал мойны қатты эллиндітерге парсы үлгісін калай егеміз? Ол үшін... Эллада мен Эль-Жазираның, Кіші Азияның арасына мын тарам жол тусіру керек. Саудага бейім парсы, арипейлер, бактұрлық, соғылықтар кеуlep, Эллада жерін қан базарға айналдырысын. Менің математиктерім мен философтарым, шешендерім мен кесемдерім бірі біліп айтып, көбі еліктеймін деп бос сөз, көбік сөзбен айналсоктап, тіршілікте алға баса алмай калғаның көзімен көрсін, қызықсын, ұмтылсын. Айналып келгенде, Эллада – әлемнің ақыл-ой, тіршілік-тыныс орталығы болады. Ғұмырым біткенше мен Элладаның табанына әлі талай елдің, талай-талай халықтардың алтын-күмісін, бар асылын, байлығын әкеліп тастаймын. Улғі алар қасиеттерін де Элладаға жеткіземін. Қасиетті Эллада озық ойдын ғана емес, озық тіршіліктің де кордаланған құтты мекені болады. Болдырамын.

Кайтсем де болдырамын! Ол үшін бүгінгі міндет – Бактұр, Соғдыны тез каратып, қалысын тауып, сактарды бет каратпастай етіп жену керек. Сонда кайда бұрылсам да жолым куреулі. Ал сак жұмбағы шешілмей әлемнің кілті қолға түспейді.

Сусыған құмды тобыктан кешіп, Александрдың әскері ауыр жылжып келеді. Патшаның да, оның жұлдызышыларының да есебінше бұлар құмның орта шеніне жетті. Шерік құндізгі шақырайған алтаптан, тұнде сүйектен өтер сүйктан, ауа екеш ауаның жетпеуінен әбден титықтап та қалды. Осынау непірде қыбырлап келе жатқан тірі пенденің бәрі білетін бір-ак ақиқат бар → өлгің келмесе алға журуден басқа амал жок. Жұруге жарамай қалғандар да баршылық. Оларды сүйретпеге салып, бір-бір атка жалғап қойды. Бұл да қауіп емес. Қауіптің үлкені – судың таусылып бара жатқаны. Енді көздеген күні сылдырап аққан бұлакқа, шымырлаған қайнарға жетпесе бүкіл әскер каталап қырылып калады. Бұл Александрдың ең соңғы кателігі ғана емес, аккез ақымақтығы болмак.

Құм кешкелі жетінші күн. Әскер әлсіреп барады. Ыстық өтіп өлгендер жүзден асты. Күндіз темір атаулы кол тигізбес болып қызып, құм үсті отпен тыныстал түрғанда әскердің жүрісі мүлдем өнбейтін халге жетті. Александр амал тапты. Әскер күндіз жалжал құмды күкіттай етіп терен қазып, үстіне қалқа тастап, жер бауырлап жатады да ыстық қайтқаннан бастап тұні бойы жүріп штырады. Тоғызыншы күні Александр қолбасшыларымен үн-түнсіз сұлқ отырды. Шөл буып барады. Судың тапшылығы сондай – су сұрау барып түрған арасыздықпен пар-пар еді. Аристофан әр адамға өлшенген су қорынан патшаның бір жұтыйм сұын әкелді. Патша судан бас тартты.

– Ұстазға бер... – деді сұлқ отырған қалпы. Бұл қезде оның ұстазы Лисимах екі дүниенің арасында жатқан. Александр Тирді алғанда да дәл осылай күйзелмелеп еді. Ондағы көргені – қындық. Қазіргісі кап-кара көтер. Құм ішімен енді қанша жүрерін анық білмейді. Жүріс токтағанда қолбасшылар шақырусыз жиналатын әдет тапты. Олары не ойлағаны бар деп патшадан жақсы хабар күткен сынаилары болса керек. Патшаның қолында бір-ак амал бар – тек ілгерілей беру. Күйрдақша күйрған құмның шетіне шығудан басқа мақсат жоқ. Қалғаны тек содан кейін. Құмға бастаған Александрдың өзі, енді құмнан алып шығу да осының мойнында деп міндетси келіп түрғандар да аз емес. Қалын кол оқыс жасалған бір іс, оқыс айтылған бір сөзден-ак быт-шыт болуға дайын, тұтанып тұр. Александр одан да іш жияды. “Сен адам тегінен асып, өзінді құдайға телідін, Парсыны жалғыз жүріп алғандай парсыша патшалық құрып, сән-салтанатка мас болдын, әллиндік боздактарды парсының қөленкесінде ұстауға шықтын,

Өзін де парсыланып біттін”, – деушілер осы бір жінішке сәтті пайдаланып, әскер ішінен бұлік бастауы да әбден ықтимал. Эркімнің жаны өзіне қымбат. Ақыр өлім – бір өлім екеніне көзі жетсе патшаны қайтсін! Жайдан-жай кеткенше анық ажалаға әкеп тіреген патшаны бірге әкетем деп ашынғандар табылмайды деймісін. Александр қабағының үстімен қолбасшыларын шолып шыкты. Жағдай сырт еткен үшкін ғана жетпей тұрған қурайлы дала секілді.

– Емшілер келді ме? – Александрдың даусы қарлығып шыкты. Аристофан “келді” деп жауап берді. Александрдың жорығымен төрт жылдан бері келе жатқан емшілердің үшеуі ішке енді. Александр емшілерге қолбасшылар күтпеген, күткеннен бұрын түрлідей тиген сұрақ қойды.

– Адам өз зәрін өзі ішсе не болады?

– Еш нәрсе болмайды. Қайта ағзалары тазарып, женілдеп калады, – деді егдеуі.

– Су орнына жылқының қанын ішсе ше?

– Оның да зияны жок. Әлі кіреді, шөлі басылады. Тек ол қан – бауыздау қаны болу керек. Әйтпесе үйіп калады.

– Естіліндер ме?! – Александр қолбасшыларына бұрылды.

– Емшілер түгелдей әскерді арапап, адамның өз зәрі өзіне шипа екенін, жылқының қаны күш-куат беретінің үкітірсін. Енді екі күннен кейін құмнан шықпасақ су таусылады. Суды үнемдеу үшін бүгіннен бастап зәрге көшесіндер. Ертеңнен бастап жаракат, картан жылқыларды қажетінше соя бастаймыз. Оған арнаіы пәрмен болады.

Күн көкжиекке барып құлағанда әскер кесірткелерше әр-әр жерден құмды жарып шыкты да ілбіп алға жылжыды. Шұбатылған нәпір тірі аруақ секілді не басы артық кимыл, не сөз жок, әйтекеір құр сұлдерін әрен алып келеді. Патшаның өзінен қара табан карт сарбазға дейін үрей дендел алған. Алға қараса көретіндері құм, оны мен солына қараса да сол. Көз сүрінер қылпық жок. Содан бұл нәпір алыс та болса бір тіршілік нышанын көруден үміт үзгендей бас көтеруден де қалып барады. Александрдың өз жайы осылардың ешкайсысынан артық емес-ті. Астын да, судың да мәлшерін бәрімен теңестіріп, жолай аял кезіндегі жүрек жалғар дәмді қалың әскер арасында, солармен бірге отырып қабылдайтынды шығарды. Патша осы ісімен-ақ оны “парсылық үлде мен бұлдеге” оранған майбексе патшага айналып біттін деушілердің аузына какпак қойды. Дегенмен сарбаздар өз зәрін өзі ішсін деген патша пәрменін патшаның тарихшысы, мадақшысы, ішінде Александрға деген бұлігі бар Каллисфен мазакқа айналдырып, біреу айтыпты-мыс дегенсіп үш-төрт шумак әжua өлең таратып үлгерді. Каллисфен акымақ емес, әрине.

Патша кайтсем адамдарды аман алып калам деп шамырканған соң осы кадамға барды. Амалы жок. Соны түсіне тұра ішмерездер патшаны бакайдан қағып қалудың сәтін жібермеді. Каллисфен түтіндеп жүріп, мысық жүріспен тоңмойын, ашушан аккөз Клитоға келіп, бұл әңгімені қонырысты. Клито бірден тұтанды. Дереу патшага жетіп барып, пәрменін қайтарып алууды талап етті.

— Александр! Македондықтар азапқа шыдайды, қорлыққа шыдамайды. Қайтар пәрменінді! — деп барқ-барқ етті.

— Мен Клито болсам өз пәрменімді өзім қайтарар едім. Мен — Александрмын.

Клито бұдан әрі бара алмады. Атын жетектеп, кенезесі кеуіп келе жатып та Александр өз туысының үй жығардай екпініне, бұрқ-сарқ аштына елен етпей, тіпті мойын бұрып қарамай жайғана айта салғаны Клитоны тойтарып тастады.

— Осыдан аман шықсак, Александр... — Клито аттың басын бұрып, кіжінген қалпы кетпек еді Александрдың даусы санқ ете қалды.

— Шықтық, Клито! Эне, өмір! Эне, тіршілік!

Клито жалт қарады. Көз ұшында арық малдың бел омырткасындағы қырқа-қырқа тауышық көзге шалынды. Анықтап қараса құм жүқарып, жазыққа айнала бастапты. Тау етегінде зәулім теректердін бүйра кескіні де көзден жас суырып барып елес берді. Клитоның тұла бойы шымырлап, қуаныш оты дуылдап табанына дейін жетті. Куанды да Клито кайта катуланды. “Неткен жолы болғыш ит еді!”—деп Александрға қарады. Дарийді екі мәрте бетпе-бет үрystа женді. Тирді алды. Персепольді киратты. Дәриядан етті. Енді жауды адастырып, ұлы құмнан да осынша әскерді алып шықты. Клито патшадан басталған жақсы сөзден тұтанған әскер арасымен аяңдап келеді. Александрды не төңкеріп, не тұқыртып тастар бір сәттен айырылғандай. Қалын нөпір бұйрықсыз, пәрменсіз-ак жүрісті үдеткен. Екі көздері нобайы қадам сайын айқындала түскен тауышқта, жайқалған көк желекте.

Құмнан шықкан соң Александр әскерге екі күн демалыс берді. Шолғыншылардын айтуынша Мараканд екі күндік жерде. Жол-жөнекей су да, бақ та, ел де, мал да бар. Александрдан үрей алыстап, сенім нығая түсті. Кәдімгі кара жерге, оның бетіне тырыбып шыққан шөпке қарайды да қуанады. Тіршіліктен айырылып барып, қайта табысқаны жағаға соққан толқындаі әлсін-әлсін еске орала береді. Әскер құмнан соң шөл басып, ес жиып жарты күндей буйырған жерде жатып тыныққан әскерді Александр сапқа тұрғызыды. Оның екі мәні бар еді. Біріншісі, күллі әскерге шөл аймақтан ел катаарлы арып-ашып өткенін, өзіне бөлекше жағдай жасатпағанын аңғарту. Екіншісі — азыл-тозған өз сыйкытымен Мараканд соғысына жұмылдыру. Алғашқы

саясаты, Парменион, Филота жазасынан соң сәл сейілген бықсық сөздің кайтадан түтіндегі бастағынына карсы әрекеттін. Каллисфен жүріп өткен жерінде Александр патшаны әжуаға айналдыраар түкым себіліп, ол қауап өсіп-өніп барады. Каллисфен – қаралайым халықтың қабылдауына, ақыл-есіне дәл келетін үстірт ойға жүйрік. Александр іштен шыққан жаудың бұл түрін кейін-кейін анғарды. Каллисфен ақыл-есі жетіп-артылатын адам. Мұмкін патшаның кейбір істеріне наразы болғандықтан арқасы қозып айтып салған шығар деңгей кейбір қаңсық сөзін елемей Александр барынша сабыр сактады. Бірақ Каллисфен айылын жияр емес, оның ішін кемірген мерез тіпті асқынып кетті. Егер сөзге құлақ тосар ортасы болмаса Каллисфеннің беделі артпас еді. Қындықтың бірі сол – Каллисфен үйлықтырған ақсүйек, бетке шығарлардың жуан ортасында Клито жүр. Ол Александрдың өз туысы. Ал бұған не істерсін?! Каллисфеннің де жалғанған жері оңай емес. Каллисфен Аристотельдің ағасынан қалған жалғыз. Міне, осындаі ілік-шатыс Александрға алдағы шексіз майдандардан оңай соғып тұрган жоқ. Патша осы бір жайсыздықтарды жан-тәнімен сезеді де терісіне сыймай назаланады. Одан соң сабырдың самалы жеткенде есіне алдымен жан досы Гефестион түседі. Одан соң Птоломей, Пердикка, Кэн қаланып тұра қалады. Солай Александр байыз тауып, сабасына түседі. Ең сонында әрқашан жинақы, отка да суға да дайын, бұйрыкты бұлжытпай орындайтын, орындағанда ол бұйрыктың мән-манахасын ойлап, еш бас ауыртпайтын тас жүрек Кратер көзіне елестейді. Аристотель бастаған ұстаздардың елегінен өткен санаулы “бала” санатта жүр. Бірақ Александрмен ақылы теннің оты кем. Оты теннің білімі доғал. Ақыл-ойы мен оты теннің арманы алласа. Тіпті кай жағынан да терезесі тен деген тен-тұсы, замандасы дәл Александрдай жүректі, қызы-қыстау сәтте ойы от шашар үшкір емес. Көзге үрар бір ғана қасиетімен патша болған адам – елдің соры. Үзіліп, өз заманынан шығандап шығып кету – ол адамның жеке басының соры. Жоғарыда құдай алыс, жер – тутін, екі арада бұл жалғыз.

||

Алдын кескен жауды қалай женуді, іштен шыққан жаулары бостан-бос арандамасын деп олардың да қамын ойлайтын, түптің тубі не боларын да сарыла саралайтын Александр патша Мәракандты алған соң көл-көсір той жасап, күннен-күнге алыстап бара жаткандарды ішке тартып, құшағын жазғанды жөн көрді. Сақ жерінде сансырап жүріп жауыкканнан не пайда, деп

түйді патша. Мүмкін арадағы кірбің сейіліп кетер болмашы нәрсе шығар. Дер кезінде жуып-шайсан қыл-қыбыр байланбай тазарып та кетер...

Александр айтқан уакытында әскерді көтеріп, Маракандты бетке алды. Екі құндік жер деген тек қашықтық бол шыкты. Маракандтың нобайы Александрға он қүннен соң көрінді. Оған дейінгі әр жыра, әр мекен бұл нөпірді кайта-кайта іркіп-тосып, жұлып-қашып, ілгері басқан аяқты кері кетірді. Александрдың ойынша соғыс Маракандтың өзінде болмақ, ал оған дейінгі аралықтан салдыртып өте шықпақ еді. Рас, жорық сәтімен-ақ басталып еді, бірақ ырымы жаман болды.

Грек-македонның бүгінгі үрпағынан жұз елу жыл бұрындар парсы патшасы көптен тісі батпаған гректің Милет қаласын алу үшін сақ әскерін жалдап апарған. Сонда Милетті мәңгібаки майдан аланына айналдырып, оның негізгі тұрғындары бранхид-гректерін от пен оқтың өтінде ұстаған патша саясатына, эллиндік басқа ұлыстардың менмендігіне ызызы келген милеттік бранхидтер парсы-сақ әскері жағына шықкан. Парсы-сақ әскері Милетті алуын алды да ел орнықты дегенде қалада ыкшам гарнизон қалдырып, негізгі күш кері қайтты. Кешікпей грек полистері кенесіп, бранхид гректерін сатқын ретінде жаппай жазалау шешімін бүрк еткізді. Бранхидтер Милетті тастай қашты. Сол қашканнан мол қашып, жартылай Соғды мен Қанлы жанаскан жерден бір-ақ шыкты. Осында ежелгі одактастары сактармен тіл табысып, жер алып, жинакы коныстанған. Одан соң бранхидтердің ен кемі төрт үрпағы ауысты. Бірақ олар өздерінің тұрмыс-салтын, тілін жоғалтпады. Көбейді. Конданды. Бір үлкен ұлысқа жетекабыл болды. Кеше грек топырағында дүниеге келген жаналық, ертеңінде бранхидтердің иглігіне айналып жатты. Сол бранхидтер армандай алыс елінен келген грек-македон әскерінің алдынан дәм-тұзын алып шыкты. Александр грек-бранхидтердің тарихына қанық болатын. Не істерін түнімен ойлады. Ұмысынған мойынды қылыш шаппас. Бірақ Александрдың Парсыға аттанғандағы басты ұраны жаудан да, сатқындардан да кек алу емес пе еді? Бранхидтер кезінде Милеттің касиетті мекендерін, ғибадатханаларын тәрк еткен, корлаған ұлыс. Александр онсыз да қолтығы толған парсы аксүйектері деген кінәмен алысып келеді, ал оған сатқындар қосылса елде қалай бағалайды, мына жанындағы ішмерездер қалай-қалай құйқылжытады? Александрдың басы қатты. Бірақ шешімді тек өзі кабылдады. “Елін, халқын сатқандарға аяушылық жок. Бранхидтерді жаппай қырындар”, – деп бүйрек берді. Бранхидтердің сауаттылары, көзі ашықтарының бірен-сараны, сак патшаларының сарайында дәріс беруші, кеменгер дәрежесіндегілер аман қалды. Кепшілігі баудай

түсті. Болар іс болып, бранхидтер мекені кан сасып артта қалғанда желе жортып, Каллисфен, Клито бастаған шоғыр, оларға ілескен жас аристократтар Александрдың жолын кескестеді.

— Александр! — деді Каллисфеннің төбетіне айнала бастаған Клито арп-арп етіп. — Бранхидтер бізді бауыр деп қарсы алды. Сен оларды неге қырдын? Жауап бер, патша! Біз де біле журейік.

— Қасиетті Милетті қорлаған, жау жағына шықкан сатқындар енді арқаннан пышак ұрмайды, Клито. Бұл — кек алу жорығы, кек алдыңды.

— Бүгін сенің қылышындан жан тапсырған бранхид-гректер, Александр, сатқын бранхидтердің төртінші ұрпағы. Олар Милетті корламақ түгіл, оны көрген де емес. Сонда, патша, кімнен кек алдың?

Каллисфеннің созбауыт дауысында мыскыл бар.

— Сөзің — сөз-ақ, Каллисфен. Бұрынғыдай уытты. Сол у өз денене жайылып журмесін... Жауабым былай: сен бар болғаны Каллисфенсің. Сөзіңнің куаты бір сәттік. Ойынның баар жері бір-ақ құндік. Мен олай ете алмаймын. Бранхидтер жазасы — тарихты тазарту, болашақта сабак болу үшін керек. Басқа жауабым жоқ, Каллисфен. Бүгін-ертен сатқындардың жазасын тартқызыған Александр туралы ода жазасын. Енді боссын, Каллисфен.

Бранхидтер жұз елу жыл мекен еткен үлкен Мұліт пен кіші Мұліт аталған екі кенттің атын гректердің өзі “Милет” деп койған екен. Кейін сәл өзгеріп, ел аузына Мұліт бол ілікті. Енді ол екі кенттің орны ойран болды. Әскер жүріп еткен селдей ары жылжыды. Бранхидтерді аямаған Александр бізді аяр деймісің дегендей жол-жөнекей қарсылық тутеп берді. Мұліттен озынқырап, шағын селендерді өртеп еткен Александр бұрын өзеннің арнасы болғаны да немесе жер опырылып терең анғарға айналғаны белгісіз бір көлдененге келіп, бес күн, бес түн бойы арнайы сайланып шықкан мықты қүшпен соғысты. Алдымен анғардың алдында, қаланып тұрып македон әскеріне оқ жаудырған атты әскер жауының бет-жүзі анық көрінер тұска дейін міз баклай тұрды да бір сәтте жалт бұрылып қаша жөнелді. Македон телоидтары күшп берді. Бірақ қашканнан гөрі құғанның шығыны көбірек еді. Сактар, ат үстінде зуылдал бара жатып, бұрылады да, адырнаны аныратып жебеден жебе жібереді. Жіберген жебенің мұлт кетуі сирек-ак. Солай елегіздіріп, ерегестіріп қашкан сактар бір кезде жер жұтқандай жоқ болды. Телоидтар шапканнан шауып анғардың тік қабағынан ұшты. Алды мерт болды, арты сактар құлдал түсken жалғызаяқ кия жолдармен сорғалады. Сорғалады да таза сорлады. Оларды сактар бөліп-бөліп қоршауға алды. Коршаудан тек тұтқындар тірі қалды. Қалғандары сайдын табанынан табылды.

Александр сактардың тағы бір амалына шырматылғанын түсінді. Мына анғар оған бөгет, ал сактарға өте онтайлы бол тұр. Александрдың басты екі тәсілін сактар алып қойды. Біріншісі – Александрдың тұтқиылдан тиіп, беткаратпас ұрыс салуы. Екіншісі, жауын өз дегенімен жүргізу. Дүние кезек. Енді Александр сактардың ісіне қарай іс жасап, кай жағымнан ала түсер екен деп, үнемі тұтқиыл ұрыстан сескенумен келеді. Міне, Соғды анғарында тұп-тура Фриядан өткендегі жайт қайталанып тұр. Мына анғарға түстім дегенде апанға түстім дей бер. Александр аттың басын тежеді. Оны мен солына мықты екі фаланганы бекітті. Қабакқа жай лақтырғыштар мен садақшыларды қадап-қадап қойды. Өзі бір ойпаң жерге патша шатырын емес, қаралайым шатыр тіккізді. Сонда қолбасшыларын жиып, жедел кенес өткізді. Болған-біткен сұрапыл ұрыстан тіксініп қалған қолбасшылардың каны дуылдап, ұрыска әзір екеніне патша куанып қалды. Бірінің ізін бірі баса солға қарай үш топ шолғыншы, онға қарай үш топ шолғыншы кетті. Жыраның ішін тінтіп шығуға жер бауырлап, жүздеген барлаушылар және жіберілді. Оң мен солдан келгендер анғардың көкжие ке дейін ирендел жатканын айтып патшаны ойға қалдырыды. Анғардың ішін тінткен барлаушылар күтпеген жаналық әкелді. Анғардың табанында күмістей таза щағын өзен ағып жатыр. Сактың өзі де, ізі де жок. Анғар бос.

- Ім! - Александр миығынан құлді. - Эрине, анғар бос болуға тиіс. Ақымақ македондықтар топырлап төмен түседі. Сонан сон сактар қабакта тұрып бізді сайғақ атқандай топырлатпақ қой. Александр ізім-қайым жоғалып кетіп, ғайыптан пайда болар сак сикірын үға бастағандай. Казір арғы қабакта да иін тірескен әскер жок олар серпіліп кетті. Бірак, бұл далада олардың көзі мен құлағы қалғып-мұлғімейді. Даланың көзі қазір де бәрін көріп тұр. Көрсін. Көргенінен жаңылсын. Александр алыстатып әскердің шатырларын тіккізген болды. Шатырлар тек түнге дейін кауқайып тұрарлық төрт баумен ғана ілдебайланып тігілді. Тұс-тұстан от жағылып, әскер ас камдауға кірісті, сарбаздар тізбектеле тұрысып табанда аккан күміс бұлактан су шығарды. Жуынды-шайынды. Алкам-салкам жайғасқан сыңай танытты. Бұл кезде Александр қабакта жатып алып, анғардың қай тұсынан түсіп, кай сокпағымен өрлеуге болатынын сзып жатты. Ақыры қолбасшыларымен бірге қабакта жатып, бес тарам жол белгіледі. Күн бата әскердің төрттен бірін қабакта қалдырып, негізгі күшпен кесірткеше жорғалап сайға түсті. Македон жағындағы қабакта жыптыраган от. Сауық-сайран құрған ызың-шу, айкай-аттан. Казір ғана бір омакасып тұрған македондықтар ес жиып, оны мен солын аныктамай жылжымас деп ойлауға тиіс сактардың бейқамдығы үшін Александр бәрін ескерген секілді. Бірак сактар

сай ішімен екі жарылып айналып өтті ме, әлде өздері білетін сокпактармен зу ете қалды ма, Александрдың перғауынына түскен сүрлеулер әр-әр жерден терен казылып, үсті қамыспен жабылған екен. Ат-матымен орға құлағандар бірін бірі басып, артта иін тіресіп келе жатқан әскер қамшы сабы айналмас тар жерде кері бұрыла алмай, лектің еклінің тоқтата алмай қыспақта қалды. Осы кезде қабактан дәнбектер үшты. Отты жебелер анырап берді. Александр тағы састы.

— Телоидтар! Қайтындар. Пеластар, қабактың астына, оқ тимейтіндей, жау көрмейтіндей бекініндер! — деді де өзі осында қалды. Таң ата македондықтар арғы қабакта қаланып тұрған сақ сарбаздарын анық көрді. Ол кез македондықтардың екі топ жасағы он мен солға қарай тұн жамылып сініп кеткен. Ал Александрдың өзі бастаған жаяу әскер қабактың астында жасырынып отырды. Арғы қабакқа өтіп, сактарды екі бүйірден қысуға тиіс екі жосық Александрдың сілесін катырды. Олар не опат болды, немесе айналып ету үшін тым алыстан орағылты. Тек күн аркан бойы көтерілгенде тоқал там үстінде ешкі ойнактағандай арсын-гүрсін, дүнкіл-шанқыл басталды. Ұрыс басталды. Сактардың енді қабакты андуға мұрсасы жок деп Александр жаяу әскермен жарға өрмеледі. Әне-миңе дегенше алғашқылары қабакқа ілігіп, Александр арғы бетке табан тірегенде жұлдызды бөрте аты да көлденен тұрған. Таяқ тастам жерде сактың үш жүзден асар-аспас жасағы коршаудан шыға алмай шарқ ұрып, ұрыс салып жатыр. Манада қабакта тұрғанда самаладай бол көрінгенімен бар-жоғы осы болса керек. Енді бұларды жайпап таставу үшін патшаның өзі ұмтылды. Осы кезде Александр ұғып болмайтын бір пәлеге және тап болды. Қыр астынан үстінде адамы жоқ, калың жылқы шынғырып, ұрыс салған ойранды жерге ағып келе жатты. Элгі жылқы нәпірі Александрдың жаяу әскерін жапырып, телоидтарды ат үстінен қауғадай қағып-қағып түсірді. Өзінің қорғаныс шебінің оргасында тұрып Александрдың анық көргені — әлгі калың жылқы жай болмады. Сактар ат жалына шенгелін батырып, жалпақ белдемшеге жармасып көрінбей жеткен екен. Карулары — кәдімгі сойыл. Құйындан үйіткып жетті де коршаудағыларды суырып алып, жок болды. Фаланганың наизасына онбай ұрынған екі-үш шабандозды, олардың қолындағы сойылды қызықтап Александр біраз тұрды. Содан соң бранхидтердің тілмаштықка жарайды деген адамын алдырды.

— Мыналар кімдер?

— Сактар... Патша.

— Сақ екенін сенсіз де білем. Спитаменниң әскері ме?

— Жоқ. Байтак патшаның тосқаулы.

— Ол кім?

— Байтак – Каңлы елінің патшасы.

— Байтак дегенін Оксиарт патша фой? Ал ер-тұрмансыз, сауыт-саймансыз, жалғыз таяқпен ұрыска кіргенді не деп түсіндіресін?

— Олар сондай халық. Қолы ат жалына іліксе сайтанды да бағындырады. Таяқ деп тұрганыныздың екеуін екі адамынызға ұстатьш, ары-бері сілтетіп көрініз.

Александр сала құлаш коныр ағашты екі сарбазына ұстадты.

— Кәне! Ары-бері сілтеп көріндер!

Сарбаздар бір қолмен әлгі сойылды икемге келтіре алмай, тек кос қолдан қана сілтеген болды. Бірақ сойылдың екінінен өздері дедек қақты.

— Енді осы сойылды қылышлен шалқызып көрініздер, ұлы патша.

Сойылды жерге қадап, Александрдың өзі келте қылышпен тартып жіберді. Қылыш қара тасқа тигендей-ақ, шанқ етті де тайып кетті. Патша қайта айналып кеп қадалған жерінде тұрып қалған сойылды ат үстінен жұлып алды. Сойыл қара темірдей салмақты екен. Алдына өнгере ұстап, тұтқын бранхидті тағы да тергеді.

— Мұның аты бар ма?

— Бар. Оның аты – біл.

— Бұл не ағаш? Қайда өседі?

— Соны білмеймін.

— Оксиарт патша туралы не білесін?

— Мен алыстан естімін. Бірақ ол кім, мен кім? Жарытып еш нәрсе айта алмаспай. Грегори ұстаз көп біледі. Байтакты көрген де, сөйлескен де адам. Грегори ұстаз осында. Тұтқында.

— Жақсы. Грегориймен де сөйлесерміз...

Македон әскерінің жүрісі өнбей жатқаны Александрдың китығына тиіп болды. Енді ол күн демей, түн демей-Марақандты бетке алып жүріп отырды. Патша аяқ астынан шыға келетін сактарды дереу қоршап алып қырып салатын екі үлкен атты жасақ сайлады. Калай да фаланганы іске қосудың айла-тәсілін мұқият ойластырып, қолбасшылардың әрекетін үйлестірді. Бәрі бір сактар македон әскерінің алансыз жүріп отыруына жол бермейді. Жолай сактар Александрды екі күнге және тоқтатты. Косянды бес түмен әскер кашып-пыспай жау нәпірін ашық далада күтіп алды. Александр сақ әскерінің тиіп-кашып соғысып, екі жарылып далаға сініп кететін тәсілін жасатпас үшін жау шегінер екі канатқа негізгі күшті топтастырыды. Сактар жұмған жұдырықтай бол міз бакпастан тұрды. Александрдың есебінше сактар как жарылып, бытырай шауып оқ жаудырады. Жай лактырушылар мен садакшылары жанап өтеді. Білшілері мен найзагерлери әскердің шеткі шебін сөгіп, жолға түседі. Оған Александр дайын.

Сақтар дәл солай ұрыс салса бүгінгі күн олардың сағы сынып, беті қайтатын күн.

Александр бір төбешікке шығып, жаудың қанша қүшпен келгенін анық көрді. Бұл жолы едәуір күш жолды бөгеп тұр. Бұлардың бары осы болғанда да бұрын кездеспеген қарсылық болғалы тұр. Сақтардың бір айласы ішінде жататынына Александрдың енді күмәні жок. Александр әскерді осы екпінмен ұрыска кіргізуге бел байлады. Өйткені сақтар док көрсетіп, македондықтар ары-бері сапырылыссын, әскерін реттеп, әдіс-айласын белгілесін деп әдейі сіресіп түрғандай көрінді. Ал келісілген тәсілді іске қосса еш дайындықсыз-ақ сақтарды есептен жаңылдыруға болады. Македондық женил атты әскер фаланганын алдына түсті. Қара нөпір әне-міне сақтарды көміп, жұтып жіберердей жәнқіліп келеді. Әне, екі жақтан да садақшылар атыска кірісті. Жай лактыру әлі ерте, дегенмен ара қашықтық жұтылып барады. Адам бойындағы үрейді ұрыс алдындағы қан қызыу денеден ығыстырып, енді сана ажалдан қаймықлайтын нар тәуекел шақ жетті. Бұрындар, парсы соғысында Александр әскердің алдына шығушы еді. Өйткені жау ылғи бетле-бет келетін. Енді әскердің соңын ала жылжып, немесе ұрыс алаңы толық көрінер бікті тұрып пәрмен беруге дағылданды. Өйткені сақтардың ұрыс салу тәсілі мын құбылып тұр. Оқыс жайттар көп. Ондайда ұлы қолбасшының өзі қылыш сілтескеннен гөрі соғыстың барысын бақылап, кайда, кімге көмек керек, кімді кайда жұмсау қажеттігін табан астында шешкені дұрыс. Бұл жолы Александр бір төбешіктің үстінде, ұрыска кірмейтін әскердің ұштығында тұрды. Екі күштің арасы таяқ тастам қалғанда сақтар әдетінше екі жарылып, он қанат пен сол қанатқа қарай жіпше таркатылып, құстай ұшты. Әп, бәлем! Александр масайрап тұр. Екі қанатқа топтанған атты әскер оларды қоршап алу үшін алыстан орағыта шапты. Сақтар да, телоидтар да көзден ғайып болды. Бір кез таркатыла шапқан сақтардың он тізбегі мен сол тізбегі шорт үзіліп, ортадағы қалың кол тұра шапты. Шапқанда да телоидтар мен фаланганың арасында пайда болған екі қанталдағы санылаумен ағып келеді. Ағып келеді, ағып келе жатып фалангіге жебені қара масадай түтете жаудырып келеді. Алдыңғы шеп Александрдың өзіне қарай оқ ата бастады. Дәрияның арғы бетінде сақ жебесін иықынан сұырған Александрдың жүргі тұнғыш рет зырқ етті. Дереу ту сыртында түрған үш фаланганы алға жылжытты. Фаланга тікенектене керегедей керіліп тұр. Сақтар екпінін баспаса сегіз құлаш сарисса найзаға келіп, шанышлады. Үш фаланга алға шығып, тосқауыл койғанда сақтар ортада қалған фаланганы айнала шауып, садакпен, жаймен жусата бастады. Амал жок Александр атқа қонды. Кратер сол қанаттан,

өзі он канаттан екі лек атты әскермен тұра ұмтылды. Гефестион Александрың орнында қалды. Сактар кашуға, шегінуге асықпады. Ол аз болса тосқауылда тұрған үш фаланга мен қалқада тын тұрған негізгі күшке де сактар килікті деген хабар Александрға жетті. Александрмен бетпе-бет ұрысып жаткан әскер жанымен қоштасып келгенге ұксады. Қайтпайды. Шегінбейді. Айқайға аттан қосып, қиқу сап салысуда. Шығын көп. Нағыз кантөгіс. Екі жақтан да анырап құлаған адам, шыңғырған ат, ұмар-жұмар омакассан атты әскер. Патшаны іздең анталған сактар жаны екеудей қоркуды білмейді. Жақын келгенді қалқаннан қылтиып шығып тұрған төрт сайлы қыска семсермен жайғап, алыштауын қағаздай женіл, ұстарадай қылпып тұрған кос жүзді алмас қылышпен қырқып жатыр. Ұрыстың қызған шағында өуелей ұшқан қара наиза Александрды ат үстінен қалпақтай ұшырды. Сауыты мықты болғанмен кеудесі қаздай шулап, дем ала алмай көгеріп кетті.

Жанкорғандары патшаны ұрыстан алып шығып, оның орнын Пердикка басты. Ұрыс көз байланғанша толастамады. Қас карая сактардың аман қалғандары сусып шығып кетті. Мазасыз, үрейлі тұн салбырап келіп, көзге тұртсे көргісіз бол басып қалды. Курай сынса елегізіп, македондықтардың мазасы болмады. Александр колбасшыларын жиып кенес құрды. Эркім әр түрлі ұсыныс айтып жатты. Бірақ патша өз колбасшыларының да өзі секілді соғыс тізгінін сактарға бере сөйлеген сөзін жаратпады. Бәрі де сактар былай істесе біз быттай жауап береміз дегенге сая берді. Егер окиға үнемі осылай дамыса Мараканд арманға, Македон жері киялға айналар сұры бар. Александр мына алакулік жайты пышак кескендей тыйды.

— Мениң түсінгенім — біз сактардың айтқанымен жүрмекпіз. Олай болмайды. Әскер тан бозында түгел көтеріледі. Жұбын жазбай, сактарды оннан келсе оннан, солдан келсе солдан қағып тастап, Маракандқа токтамастан жүріп отырады. Кала жағдайындағы ұрысты сактар бізден үйренсін. Мараканд Тир емес. Бірақ біз үшін табан тірер бекініс.

Тан бозында Александр әскерін тойындырып, Мараканд қайдасың деп жүріп кетті. Сактар бұларды едәуір қалжыратып тастағаны сезіледі. Дегенмен, негізгі күш түтілген жұндай. Рас, азық-тұлігі толық, тіптен, Дариймен Граник бойында соғыса кеткенде де дәл осындаі сайма-сай емес-тін. Александр тек бір нәрсеге жете алмай келе жатыр. Онысы өз шешімі — әскерді осылай біртұтас алып журу ме, әлде кем дегенде төрт-бес топка бөліп, өздерінің де жұмбақ бол өргені дұрыс па? Соңғысы дұрыс. Сөз жок дұрыс. Өйткені ел құлағы елу — македондықтардың қалың нәпірі қай жерден өткені, қайда жеткені, беталысы

сақтарға дәлме-дәл жетіп жатыр. Александр осындаған ой шырмауында келе жатып алғыстан дағала төсінде еркін ойнақтаған бүйра шанды көзі шалып қалды. Жүргегі мұздап қоя берді. Ол он қолын жоғары көтеріп, пәрмен бере бастады. Әлгі шан бірсеке қыран қалықтар бийкке шаншыла көтерілді, бірсеке оны мен солы тай шаптырым жерді алып, кара дауылша жөнкіледі. “Сактар, деді іштей Александр. – Өте көп. Эскер емес, нағыз кара сел. Жапырып өтпек. Мүмкін бұл екі жақ ушін де соңғы шайқас болар. Ал! Әллада пірлері қуат беріндер!” Александр өзінін ұрымтал жасағымен алға шықты. Эскерді сырғып соғысар жеті топка бөлді. Бәрінің басында әккі қолбасшылар. Ұрыс кезінде қолбасшылар бір-біріне көз қызын сала жүреді. Басым күшке, қоршауға тап болғандарды кім бірінші байқаса сол көмекке ұмтылады. Гефестион үлкен құштің басында, сәл окшаулау қалады. Ол тек Александрдан келген шабарманың айтқанымен соғысқа тың құш қосып отырмак. Сонымен, македондықтар лезде ұрыс салуға оңтайланып, кірлідей тікенектене қалды. Әлгі қою шан жер жұтардай екпіндеп келеді. Жақындаған сайын әскердің құтын қашыра тұсті. Александр кою шанның астынан арындана шапкан сақтарды көруге тырысып, көзі талғанша қарайды. Шан бар, шандатушы көрінбейді. Бұл не құқай? Сөйтіп тұрғанша құйын арапас қара дауыл келді де қапты. Эскер біткен бір тізерлеп шөге кетті. Бастарын бұғып, аузы-мұрның етектерінің шалғаймен жапты. Ауа жоқ – құм мен қою қара топырак. Бір жаксысы көп қинамады, дүркіреп өте шықты, артында жарқырап құн тұр, түк болмағандай дала жатыр.

Бірінші боп Александрдың өзі күлді. Бірақ бұл күлкі бұрынғы күлкіге ұқсамады. Оны өзі де, өзгелер де аңғарды. Патша өзін алғаш рет бөтен ауылға кірген тәбеттей сезінді. Сактар жұлмалай-жұлмалай су жүрек етуге айналыпты. Патша дауылдан соң қолбасшыларына басқа тәртіппен жылжуға пәрмен берді. Жанына Кратер мен Гефестион келді. Үшеуі өздерінін қаншалықты корыққанын, не ойлағанын, не іstemек болғанын айттып ашықтан ашық күліп келе жатыр. Александрдың өкпесін қысып, адымын ұзартпай, құлашын кең жаздырмай тұрған жайттын ең бастысы, сірә, өз ортасындағы, өз қолбасшыларының арасындағы шегіне жеткен араздық. Ішіне қан катқан қолбасшыға Александр жиырма мың әскерді ұстасып жібере алмайды. Бұл бір әбден шиеленісіп, енді шешілмес халге жеткен сарай әнгімесі. Құдай тірі жеткізіп, Мараканд қолға түссе Александр женимпаздарға үлкен пир жасайды. Сонда өкпелі жүргендермен жылы-жылы сөйлеседі, бауырына тартады. Шараптың буына сүйеніп “Бала жастан доспыш. Жат жер, анталаған жау бізді жакындастыра тусуде тиіс. Парсылық салт-дәстүр – уақытша нәрсе. Парсыға

қосып, сактарды уыска сыйғызу киын. Кейін, ел орнығып, бәрі де македон билігін мойында болған соң дуние өзгереді. Біз жаңа империяны, жаңа тәртіппен, жаңа салт-дәстүрмен құрамыз. Оған дейін беті бері бүрсылып тұрған парсыларды қеудеден итерудің жөні жок. Жауды қебейту оп-онай. Оларды қырық тұрлі тыйыммен, қырық киық етіп, елді аузына каратып үйренгендерін жылы орнында ұстаса қажет бол тұр”, – деп ағынан жарылмаса да ішкі тылсымнан сыздықтата сыр білдірмек. Сөйтіп, көптен бері бітеу жарадай бол қайта ісінген кеселдін соқтасын алдырады. Бұрынғысы анау – Парменион баласы Филота екеуі патшаның қаһарын танытардай жазаға тартылды. Жаза желіп өткен сүйк желдей ғана әсер қалдырыды. Патшага деген наразылық козы сөнбеді. Наразылықты ушыктырушылар басы біреу болғанмен екі жаны бардай аспай-састай баяғы қоңырсық әңгімесін үдетіп барады. Эллада жерінен кек алуға аттанған қырық бес мын әскер мына: кәзіргі жұз елу мындан мықты еді. Осыдан төрт жыл бұрын көздері оттай жанған, соғыстан жүрегі шайлықпаған, әркайсысы өзіне берілген билік, атакқа риза, арадан ала мысық өтпеген, олжа бөлісте өкпелі болмаган шақ еді. Соғыс ұзаған сайын тек табан тозып, жүйке жұқармайды, жүрек кірі де қалындағанда бере ме, қалай? Әлде күні кеше Александр патша болғанда өздерінің патша сарайына енгенін бакыт санағандардың еті өліп, енді Александр ашқан жол, Александр берген мәртебе ұмыт болып, кінәз текті еркетотайлар мен әкесі Филиптен қалған жуандар, шешесі Олимпиада ілестірген аксүйектер, грек патрицийларының қулағы мен көзі бол жорыққа ілескендер, былқылдақ құймеден түсіп, он кадам жаяу жүрмеген ұлы ақындар, суретшілер, жұлдызышылар, жеркезбелер, кемешілер, кеменгерлер қаншама. Анасы Олимпиада өзі ірікten жорыққа косқан үш жуз гетераның өзі масаң шакта кез келген мықтының көніліне қірбін түсірер бірдене сыбырлап үлгеруі мүмкін ғой? Ләzzатты шактағы сыбыр да патшаны айналып өтпейді. Сонымен мәнгілік тарихты қанмен жазып, жүріп өткен жерін күнірентіп өтетін Александр жорығы екпіні қатты, атағы мықты болғанмен әуел бастан-ақ бөлек-салағы көп нөпір еді. Тек алғашқы кездегі парсыдан кек аламыз деген ұран бұларды тас түйін күш етіп ұстап тұрды.

Осының бәрін Александр үнсіз ойлап-толғап келеді... Эне, патшаны қоршаған арнайы жасақтан аса алмай біреу белгі береді. Ол кім? Е, бранхид гректерінің бірі. Не айтпак?

– Жіберіндер...

– Ұлы мәртебелім... Маракандқа үш сағаттық жол қалды. Мараканд маңында әскер жок. Маракандта үрей де, дүрбелен де байқалмайды. Ел саудасын жасап, шаруасын күйттеп жүріп жатыр.

— Қала басилевстері қайда?

— Өз мәртебелеріне қарай шайханаларда гу-гу кенес күрып отыр. Соғдылықтар мәңгі баки парсының езгісінен құтылмайтында болып еді. Александр бізді сол қорлықтан құткарады. Азаттық әкелгенге тас лақтырмаймыз, аспен алдынан шығамыз деп отыр Марақанд мырзалары.

— Ат әкеліндер! – деді патша қеудесіндегі қапырыкты ытқытып жібергендей ерекше екпінмен. Ат келді.

— Атка мін. Менің жаңымнан екі елі кетпейсін. Айтқаның шын болса – сенімге кіресін. Өтірік болса – Марақандтың дәл ортасында басынды алам.

Дегенмен, басбағып денеге жайылған үрей сейілді де Александр тебініп қалды. Үш сағаттан соң Марақанд ын-шыңсыз македондықтардың зарыға жеткен бекініс қаласына айналды. Бәрі де бранхид-грек айтқандай болып шықты. Басилевстер ақылман адамдарға киетін кен-мол тігілген фараджасын төгілте, үдешілерін қиқулата емен-жарқын Александр патшаның алдынан шықты. Қызылшырайлы, быттиған беттері құлімдесе қунғе ұқсайтын енгезердей адамдардың біркелкі ақ киініп, қалана қатарласа жүріп келе жатқаны жақсы-ак әсер етті. Бірақ сол жалпақ бет батыр жауырындылардың арасынан зерлі табак ұстап, шақша бас, теке сақал, жағына пышак жанығандай, қызыл иекте сойдиган жалғыз тісі бар, бойшандығынан садакша иліп денесінен еті қашып болған, уақыт пен күннен сартап бол біткен карт шығыстың ен дәмдісі салынған табакты сойған тұлкідей ыржалактап тұрып Александрға ұсынды. Табак ұсынуышы қарт өзінің кім екенін, алдында кім тұрғанын анық ұклайтын секілді. Сірә, алжынқырап қалған. Александр дәмге кол созуға асықпады. Бранхид-гректі қатаң тергеді.

— Мұнысы не? Мазағы ма? Неге Марақандтың басилевсі ұсынбайды, немесе Марақанда сұлулар жок па? Түсіндірсін.

Бранхид-грек ілгерілеп барып қала игі-жақсыларына жақындалады. Жақындалады да патшаның сезін жеткізді. Дереу топ ішінен қаланың басиесі ілгері шықты.

— Патша бұл ниетті дұрыс демесе өзім-ак ұсынайын. Патшаның алдында тұрған ақсакал — бес патшаның тұсында ғұмбыр кешкен ен үлкеніміз. Жасы жуз он бесте. Осы ақсакалдың жасын тәнірім Александрға берсін деген ырым еді. Болмаса өзім-ак...

Грек-бранхид Александрға мән-жайды ұқтырғанда Марқандтың басиесімін деген, екі беті нарттай сиыр көзі бұлтиған адам да жақындалап келген. Әңгіме төркінін түсінген Александр карт ұсынған табактан дәм татса жуз он беске өрмелеп шығып кетердей жарқ етті. Алдымен карт дәм алды, одан соң қала иесі

дәм ауыз тиді, ең сонында Александр өзі жыға танитын бір шығыс дәмдісіне қол созды.

Алғашкы күні-ак, Александр Маракандтын іші-сыртын желе-жортып көріп шықты. Маракандтын сыртында камал жок, корған бар екен. Бәлендей биік те емес. Шабуылдаса ілінбей-ак өте шығуға болады. Қалындығы да шамалы — ары кетсе уш қадам. Корғаның сыртында ор да, жар да жок. Корғаның табанынан басталатын жазық жарты күндік жерге дейін анық көрініп жатыр. Корғаның аздаған кілтипланы іште екен. Корғаның астын орып кетпеуі үшін сәл шегіндіріп терең тоған жүргізіп койылты. Тоғаның сұзы қорғанды жанап, аптапта малға да, жанға да тыныс беріп баяу агады. Тоған мен корғаның арсындағы он-он бес қадам жер ит тұмсығы батпас жеміс-жидек. Бұлай бекіну Александрдың қолайына жағып тұр. Кенттің төрт какпасын жаптырады да құллі жұрт бір дарбазаны ғана білетін болды. Сырттан келген жау тұнге қарай оп-опай өте алмайды екен. Сонымен, Мараканд, құдайы қаласа Александрға, біраз күндік аял, тыныш үйкі болмақ.

Алғашкы күн осылай, сарғайып барып, кірпік айқастырды. Екінші күні патшаның ставкасы тігіліп, сән-салтанаты, ассуы дайын болды. Патшаның пирине шақырылғандардың әзілі жарқылдаپ, кеудеде бір ойнакы әуен секіріп жүрді. Патша кас қарайып, пирдің уакыты жақындағанша түнемеліктен бері аттамады. Сұлк жатты — әбден шаршаған екен. Ара-тұра езеуреп, үйкіға шым батып кете берді.

Көленке ұзарған шақта алыстан барқ-барқ еткен даусы естіле патшага еркін баратын Монолох ставкаға енді. Ставка іші мұлгіп тұр. Бүгін патша жарандарының басы байлы қызығы да, әні де, би де болмак үш жұз қыз парсы үлгісімен айнала жасалған сәкі үстіндегі үлде мен бұлдеге оранып, гүлге қонған қөбелектей бол тым-тырыс тынығып жатыр. Басқа салды-қөндігे үйренген бейбактар бүгін сілесі катқанша ән салып, би билейді. Одан соң кімнің қолтығында кетіп, не қорлық, не рахат табары белгісіз болса да, бейкам. Бұлардан тыс үш жұз гетера және бар. Олардан Александрға қатынайтын тек Птоломей досының ашынасы Таис. Онда да шикілеу әнгімелер қөбейіп бара жатқанда Таисты тұн жамылдып, бетін бүркеп Птоломей әкелетін. Экелетін де естіген-білгенін Александрдың өзіне тікелей айтқызатын. Персепольден соң Александрдың ғары тек шығыс үрғашыларынан тұратын болды. Саны да аз емес — бес жүздей. Сол бейбактардың патша тандаған жүзге жуығы онаша, өз маңында болады. Ол жүздікке ешкімнің кез сұғы да бұрылмайды. Қалғаның жарандарының қөнілін аулауға бөліп тастаған. Монолох түнемелікке кіргенде патшаның ғары түгел баяу жылжып, өздеріне ғана аян белгілі бір

қалыптасқан тәртіппен іске кірсті. Тұнемелікте ақ сары жібектің үстінде жаткан патшаның аяқ-қолын укалау, құрыс-тырысын жазу, хош иісті майлар жағу басталыпты.

— Монолох! Жақындашы, — деді патша. Дәл бүгін аузын ашып сейлемеген адам. Даусы қарлығынды шыкты.

— Ал келдім.

— Монолох... Проскинезаны¹ бүгінше коя тұрсақ кайтеді?

— Неге? Себебін айтшы?

— Оған не себеп керек? Қөнілім соқпай тұр.

— Солай де! Қөнілін емес, журегін дауаламай тұр.

— Жә... болды. Сен түсінбеген сон ешкім түсінбейді деген сөз.

Бәрін бұрынғыша жасатып қойдындар ғой?

— Эрине, Александр. Сен патша емес жай бір байлықтан не істерге білмей жүрген шонжар болсан ғұл тәртіпті бірде жасап, бірде ұмыта салуға болар еді. Сенің сорың сол — патшасың. Жақын-жарандарың туласын-туламасын, қолынды өбсін-өбпесін, әйтекеір, сенің olandan шығандап кеткен құдай текті патша екенінді, тек Эллиндік одак емес енді Парсының да патшасы екенінді мойындауға жақын түрғанда көткеншектегенінді олардың өзі де түсінбеуі мүмкін. Сондықтан алтын зерлі шапаннның он жақ женін салбыратып, алтын такта бір сағат отыруға шыда, патша. Сен отырып бер. Мен кімнін қалай жүргенін, кімнін күлгенін, кімнін кекесінді сөйлегенін байқап жүрейін. Сейтіл, мына отандастарының ниет-лиғылын да ал-анық біліл отырасын. Одан келер зиян жок.

— Болсын. Ақылың — ақыл-ак, Монолох.

Марақандың тыныштығы, халқының қуанбаса да жауықпай қарсы алғаны Александрдың жүйкесін жұмсартты. Ол парсы үлгісіндегі салтанатты киіміне малынып, ставканың төріне қойылған алтын таққа нық орнықты. Гүлзардай боп құлпырып етегін ала екі текшеге өз ғарының сұлулары жайғасты. Аристофан дию шалыс ажырайған көздерімен сақшылардың орналасуын, қаруын түгел шолып шықты. Бәрі дайын. Алдынғы қабылханадан алғашкы келушілердің даусы еміс-еміс естіледі.

— Келген кімдер? — Сұрақ Монолохқа қойылған.

— Шал-шақандар. Лисимах... Одан арғысын білесін. Тек өз бабынды келтіріп алсан ғұрыс болар еді?

— Ол не баб?

— Мен күнімен әскер араладым. Жарандарын мені көрсө тыйыла қалады. Бірақ канку-санқу сөздерін естіп үлгердім. Бүгін

¹ Проскинеза - Парсы патшаларының салттымен пирге қатысушылар патшаның жөніне ернін тигізіп, еңкейіп тағзым ету рәсімі. Грек-македондық ақсүйектердің ең жек керетін, жаппай құсры болған рәсімі.

жарандарын да, жас аксүйектер Маракандтан теріп алған сұлулар да тойға ерекше дайындалып жатса керек. Жүректері алып-ұшып тұр.

— Мараканды несі? — Аристофан ғұр ете қалды. — Бұл патша сарайы ма, базар ма? Ғар канышктери аз ба? Енді Маракандтан кім болса соны жетектеп келмексіндер. Болмайды! Келіп көрсін. Борбайдан алып лактырғанда қорғаның арғы жағына түседі.

Александр үндемеді. Монолох миынынан құлді.

— Жас аристократтар намысшыл халық, Аристофан. Әрі жас, қызыба, қырғын басталып кетпесін.

— Басталса қайда баар дерсін. Бес қабат қоршаудан аман өтем десе өздері білсін. Маракандтың сұлулары кімдер? Қай жерінде у тығулы, қай жықпылында улы біз жасырулы — мен қайдан білейін. Патшаның амандығы жас аксүйектердің қызығынан артық па, сонда?!

— Александр! Менде бір ұсыныс бар... Осы жас перілер емес пе Каллисфен мен Клитоға еліктеп, проскинезадан бас тартып жүрген? Әлгі Мараканд сұлуларын келтірсек. Сонан сон ерекше сый-құрмет жасағансып маракандтық сұлуларды патша тағының арғы бетіндегі қауызға алып өтсек. Ол қауызды жастарға арнадық деп жариялайық. Ал жас аксүйектер сұлуларына өту үшін патшаның алдынан, шапаныңын шалғайын ерніне басып өтетін болсын. Қалай, а?!

Аристофанның қабағы қарс түйілді. Ал Александр мен Монолох бірін бірі иықтан қаға күлісіп алды.

Кеш Монолохтың жобасымен басталды. Мараканд сұлулары жай сөз болмады. Бұлардың нәзіктігі, ашандығы мен көк шыбықтай солқылдактығы, сүт сарғыш макпал өні патшаны тан-тамаша калдырды. Әсіреле олардың тайқымайтын, аялы көздеріндегі тәккаппарлық табы, кимылдарындағы еркіндік сұлұлығы. Парсыдан бері ілесіп келе жатқан ғары сезімі жок жанды куыршак бол әрі қундік торлауытқа үйренген, қанаты қырқылған көркем құс бол та елестеді. Александрға киім киісінде аса өзгешелігі жоқ, денесі ак мәрмардай ма әлде жанандай жарқын ба осы Мараканд сұлулары көніліне қона кетті. Патша маракандтық сұлулар жастар қауызына өткен соң есікті жаптырды. Өзі орнынан атып тұрып әлгі сұлулардың арасынан бір-ақ шықты. Аристофанның белгісімен үш сақшы ілеуде патша жанынан табылды. Александр жар жағалап кірпік какпай тұрған сұлуларды көріп шықты. Бойын көлтен бері дүйнендерінде нәпсі өртеп барады. Ол жағалап келе жатты да сапта тұрғандардан үшеуін сұқ саусағынан демеп алға шақырды. Ол үш қызды патшаның даяшы грек әйелдері жетектеп, алдағы түнге дайындауға алып кетті.

Кеш бастала үш жігіт Аристофанға айбар шекті:

— Біздін сұлулар қайда?!

— Монолох! Мәртебелі мырзаларға дұрыстап түсіндірші...
Монолох тәменнен жоғары күлімсірей қарады.

— Аты-жөндерінді сұрамайын. Өздерін де аулактау жүріндер.
Сұлуларын тексеріске кетті. Сендер, не патшаға сактардың
жансыздарын жеткізушілерсіндер ме? Оларды ұмытқандарың
өздеріне жақсы. Әйтпесе ертең тас үймектін астында қалып...

Аристократтар құп-ку бол, коркып кетті.

— Мә, мына сарай—сарай емес қақпан бол шықпаса де... —
Олар осылай тарасты.

Алдыңғы қауызда дамылдап журіп-ақ қызыу басына
шықкан парсы сатраптары, сарай кеменгерлері ұмар-жұмар
келіп патшаның шапанының шалғайын, женін, қолын өбудің
өнер дәрежесіне жеткен керемет ұлгілерін көрсетіп жатыр.
Парсылардан соң баяғы Гефестион теректей бол келді де, бір
тізерлеп ернін женге тигізді. Екі көзі маздалап тұр. Александр
күлкіден жарылардай әрен шыдап бақты. Ол аз болса Гефестион
патшаға көз қысып қойғанда анау амалсыз өзін өзі қара саннан
ондырмай бұрап, ауырған жеріне назары ауып барып әрен
кулкіден тыйылды. Гефестионнан соң Павсаний жымпиып
келді, оның ізін басып Кратер жетті. Кратердің патшаға тағымы
парсылардан кем түспеді. Алыстан бақылап турған Каллисфеннің
көңілжетерлері мен Клитоның шараптас достары қарқ-қарқ
күлді. Каллисфен мен Клитоның рухтас ақсүйектері проскинезаға
иілмеді. Ешқашан райынан кайтпасын, патшаның дәмесі
әурешілік екенін олар барынша анғартуға тырысты. Патша бәрін
көріп, естіп, сезіп отыр.

Проскинеза біткен соң дуылдаған ән-күй басталды. Эллада
сазы жүрекке жаққанмен арқаны қоздырып, қызыққа батыра
алмады.

Ұстамды да, кірпияз Эллада әузінен соң парсыланған Шығыс
сазы сарайды кернеп кетті. Ішіс те сол кезде үдей түсті. Ары-
бері екіден, уштен сендей соктығысып жүрген патша жарандары
жанап өткен ұғашыны құшып-сүйіп, құмардан шығуда. Патша
мен Гефестион, Кратер бірге жүрді. Каллисфеннің тұсына
келгенде патша іштегі қыжылды әрен басыл:

— Проскинезаға келмединің ғой, ұлы... Кім десем екен? Ұлы
екені рас. Бірақ ұлы ақын деуге өзі көнбес, тарихшы... тарихшы
емес. Ұлы дәріптеуіш! А, А, әй, осым табылған сөз ғой деймін,
Гефестион?

— Дәріптеуіш екені рас. Бірақ ұлы дәріптеуішке жету үшін енді
он-он бес жыл қызмет етсе ілігүі ықтимал.

— Менің дәріптеуіштігім патшаның колбасшылығына сай.
Мен одан асып кете алмаймын, ұлы мәртебелім! Мын жерден

патша болғанмен патша бір-ак адам. Ол бір адам жасаған қайрат-кәжыр, ақыл-ойдан бәрі бір аса алмайды... Айыпқа бүйірманызы.

— Каллисфеннің екі езуінде екі кекесін қоныраулап тұр еді. Александр саспады.

— Демосфеннің бағасы қалай еді, Монолох?

— Аа а а... Дәріптеуіштің шығармаларына ма? Қазір...
Демосфен былай деп жазыпты:

*“Былқылдаған күймедей
Сөз құрайды Каллисфен.
Ұзақ-ұзақ одадан
ой таппайсың түймедей...”*

Каллисфен сазарып қалды.

Патша дегеніне жетті де ілгерілей берді. Каллисфенге деген патша қыжылы не өршімей, не басылмай келе жатыр. Клитоның тентектігінің теркіні Каллисфен деп тузына көп кешірім жасап келеді. Бірақ оны Клито дұрыс түсінбей, барған сайын Александрға деген өкпеден асып, жауығуға шыкты. Жауығуны бір көрген адам-ак сөзінен, көзінен, іште бүрк-сарқ қайнаган кекшілдіктен жазбай таныр еді. Александр онын да бір жөні келер деп жүрген. Дәл осы пирді осынша аста-тәк етіп Клитомен табысу үшін жасаған. Клито алдына келген шарапты қайтармайды. Бейберекет те сілтемейді. Өзінің бұырканып, жыны көпіріп тұрар бабы бар. Содан төмендемесе Клито үшін тойдың жақсы өткені.

Патша достарымен Клитога жақындалды.

— Клито! Мараканд үшін алып қоялық! — деді Александр. Бәрі үнсіз алып жіберді.

— Менде де бір ұсыныс бар, — деді миығынан күліп Клито. — Қане, саптыаяқтарынды толтырындар! — Клито сөз алды.

— Далада қанғыған кара боранды сактар екен-деп тісіне тісі тимей қалшылдаған, желдің қарның жарған Александр патша үшін алып қоялық! Ха! — Жуырда боран мен құйынды сактардың калың колы екен деп Александрдың ию-кию пәрмен беріп, соғысқа дайындалғаны рас еді ғой.

Александр Клитоны саптыаяқпен кеудеге жіберіп ұрды. Клито патшаға ұмтылды.

— Сақтың өзі емес, желінен қорықсан несіне жүрсін мұнда? Қайтпаймысын?! Бұдағ артық женіс жок, енді. Тойымсыз! Жауыз. Саған, эллиндік сарбаз елімі шыбынның өлімімен тең. Аз байлық жинадың ба? Элде шешен Олимпиадаға алтын тау тұрғызбаксың ба?

— Сен мас емессін, Клито! Сен дәл осындей сөз айтарлық ақылды да емессін. Сенің аузынан Каллисфеннің пиғылы мүнкіп тұр. Сен сонын колжаулығысын. Өкініштің сол. Сенің шыққан биігің — Каллисфеннің көкегі болу.

Клито Александрға ұмтылды. Александр да қалыспады. Екеуін жарандары әрен ажыратып, Клитоны далаға әкетті. Тек алқын-жұлқын басылған кезде Клито ішке енді. Келді де бір кеспек шарапты бір-ак сімірді. Кеспекті басынан асыра лактырып, бұрынғысынан бетер ашына сөйледі.

— Александр! Сенің бар ісінді мен кешіреп ем. Бірак оны кешіретін, иә кешірмейтін мен емес — Ұлы Эллада. Сен Эллиндік одакты алдап түсірдің. Сенің бүтінгі мәртебен — парсы патшасы. Атың — сатқын.

Алты-жеті қадам жерде тұрған Александр көз ілеспес самдағайлықпен жаңындағы сакшы-сарбаздың семсерін суырып алып, Клитоның қеудесінен бір-ак шығарды. Клито көзі бозарып, тілі орамға келмestен он жамбасына құлады да жан тапсырды. Оған бірінші жеткен де Александр болды.

— Клито! Бауырым! Клито! Өлме! Клито! Кешір! Клито өзің той! Өзің! Клито! — Александр атып тұрып өз қанжарын суырып алып өзіне салды. Бірак Аристофанның сүйекті қолы оны тежеп үлгерген. Ізінше қанжарды тартып алып, Аристофан бүкіл сарайда шырпы жонар өткір нәрсе, буынып өлерге бір тұтам жіп қалдырмады. Гефестион мен Аристофан Александрдың жазатайым болмауына бар сақтандық жасады. Аристофан мен Монолох үш күн көз ілмеді. Александр Клитоның жаңында үш күн жатты. Тамактан, ас-судан бас тартты. Ақыры Гефестион, өткен түнде келіп жеткен Птоломей, Кратер, Лаг, Пердикка, Никонор, Селевк, Леоннат, Марсий жиналып, шешім қабылдады. Олар әскерді сапқа тұрғызып, бұл өлім терезесі тен патша тұқымдастардың арасындағы жазатайым жайт. Қазір Александр ауыр халде. Оны өзінен артық айыптау киын. Ен дұрысы патшаның қызбалығын кешіру, онын рухын көтеру деп үлкен жұмыс жасады. Осыдан соң бұл үлкен топ алдыға баяғы Лисимахты салып Александрға келді. Александрда өң-сөл жок. Сөзді естіп отырғанын, естімей жай отырғанын білу киын. Бірак айттылуға тиіс сөз түгел оған жетті. Әскердің мұны айыпты деп есептемейтіні айтылғанда ғана ол елең етті. Әлден соң үстіндегі артық киімдерді иғынан жұлып-жұлып тастап, сымдай тартылып орнынан тұрды.

— Клитоны нағыз қолбасшыға, батырға лайық жөнелтеміз. Иске кірісіндер!

Сәл үнсіздіктен соң Каллисфеннің үкімін шығарды.

— Маракандтан абақтыға лайық орын табындар. Каллисфен ендігі одаларын сонда жазады. Үрмандар, соқландар, ас-судан қыспандар. Бірак ешкіммен сейлеспейтін, араласпайтын, ешкімді көрмейтін болсын. Каллисфенге іш бұрғанды тек өлім күтеді. Каллисфен күні біткенде жарық көрмейді. Атарий бар ма? Атарий казір үкімді аласын. Жасақты калауынша ілестіресін.

Жаңағыны сен жасайсын.

— Айтқаның – айткан, мәртебелім!

— Метрон! Кән!.. Каллисфеннің күшіктерінен – әлгі жас аристократтардан кару-жарап тартып алынын. Олар әскерден бөлек, режимде ұсталсын. Мені өлтірмек болған паж кім еді? Гермолай ма? Басы піспегенді өлтіруге болмас. Ол елге кетсін. Өзіз арбамен екі досын косып кайтарындар. Жете алса өсекті олардан артық айтатын адам жок. Жете алмаса амал жок. Осы жерге дейін тек лекке ілесіп аман келді. Енді өздері жол тауып, өздері жаудан жасырынып, жорықтын мектебінен ұстазсыз өтіп көрсін. Ертең бәрін жолға салындар.

Александр Маракандта он жеті күн аялдады. Бес күннен соң Гермолай жайлы хабар жетті. Үйсін сақтары үшеуін тұтқындал, тиграхуда сақтарының ставкасына жіберілті. Александр оны естіді де ... құлді. Соңан соң үш мындық гарнizon тастап, әскерін үш бағытқа бөлді. Бірінші – Каңлы патшасының Тасқала бекінісін, екінші Үйсіннің астанасы Шиғуды, үшінші Каңлының бас кенті Битәндү тора бекінуге аттанды. Олардың ішінде Тасқаладан басқасы үлкен де кент емес, бекінісі де жок. Ал Тасқала Александр сақтарды шынымен сынар, өздерінің де осал тұстарын ашып берер майдан болмақ. Оған үзак барлау, мықты дайындық керек. Үш лек үш тарапка беттеді де Александр қысты Нүтек түбінде жатып өткізбекке бел байлады. Бірак дүние кашан адамның еркімен жүріп отырған. Бәрі әл-сәтте өзгеріп жатты. Нүтектің ұлыған анызағына құлак түріп жатып үйқыға кетуді әдетке айналдыра бастағанда және бір сойқан Александрдың көзін атыздай етті. Маракандқа Спитаменнің жасағы жасырын кіріп, екі мың сарбаздың басын кесіп, жолға түсіпті. Александр бұл хабарды естігенде Спитамен ту сыртында тұрғандай арқасы мұздады. Александр Битән, Шиғу, Тасқала бағытын уақытша тоқтатуға мәжбүр болды. Элі де көп нәрсе анықтау керек еді. Айқай-үйқайға баспай Леоннатты шакыртты. Леоннатқа құпия тапсырма берді. Ол кайткенде де Спитаменнің бәсекелесі, соның орын басу үшін еш нәрседен кайтпайтын Заканы табуға тиіс. Ақыры корка-корка Зака Александрдың алдына келді. Келді де сарайдан орын алды. Бұл бакыты баянды болу үшін ол Спитаменнің басын әкелу керек еді. Зака бұл сәт үшін барын салды. Бір жылдан астам торуылдап жүріп Зака Спитаменді алдал қолға тусірді. Басын Александрға әкеліп, уәделі орнын алды.



ТӨРТІНШІ БӨЛІМ



1

Александр басы бір бөлек, денесі бір бөлек жатқан Спитаменнің тұңжыр кескінін көз алдынан кетіре алмай әлек. Мың жыл аман тұрып, даланың алтабына да, суықына да тәтеп беріп, ақыры бір сәтте тубірімен қопарыла құлаған алып бәйтерек... “Баһадүр-патша”... Десе дегендей-ак. Македондықтарды Жейхұндарияда карсы алып, мыңдан астам сарбазын ат-матымен суға жіберген, үнемі Александрдың мазасын алған баһадүр-патша тынышты. Жен ұшынан жалғасып, күш қосып, кенесіп, Александрдың аяғына батпан байладап, үш жылдан бері ісін өндіртпей тастаған төрт-бес сақ патшасының бірі мерт болды. Бұл шығын оларды ойланта ма әлде ширада түсе ме? Жанағы... Зака сияқтылар қайда, кімде жоқ дейсін! Бірақ сактарда әлі оншакты патша бар. Онын үстіне Спитаменді өлтірткемен оның орны сол сәтте толды — інісі патша боп сайланды. Сонда кім, не үтты? 328 жылдан 327 жылға қараған қыс айлары — Александрдың ең бір титықтаған кезеңі. Бірақ ол да сүйретіліп өткен тәрізді. Енді кенірек ойладап, тың шешімдер табар күн жетті. Алдымен Шеткі Александрияға барып қайтады. Одан соң әскери тірлікке біржолата бет бұрады.

Александр Шеткі Александрияға келді де көнілі орнына түсті. Бұл қала Александрдың осы өнірді бағып тұратын тірек қаласы болады. Варварлар¹ мен соғыстан қажыған кексе сарбаздар, кембағал бол қалғандар, Парсы империясынан жаяу жүріп өткен, жай өтпей со төрт жылда иен-тегін шарапқа құнығып, әбден кеуіп, курап қалған маскунемдер, жакын жүргенінен гөрі, сәл алыстау жүргені тыныш Крит, Кипр аралдарының ала-құла адамдары болашақ Александрия Эсхатаны² бірлесіп салып жатыр. Бұларға пәлендей айқайшы да, дігірлеген басшы да керек емес секілді. Сірә, соғыс адам табиғатына амалсыздықтан ілесетін құбылыс болса керек. Төрт жыл парсы, үш жыл сактардың шет пүшпағында жүріп, өз басымен еш нәрсе шешпеуге, жат десе жатып, тұр десе — тұрып, шап десе — шауып әбден қуыс

¹ Варвар - “жазықты жайлайған грек еместер” деген үғым.

² Александрия Эсхата - Шеткі Александрия. Қазіргі Ходжент. Тәжікстан.

куыршакқа айналған адамдардын семіп калған сезімдері, тоқтап калған қара миы, қайыңың безіндегі қатып калған жүректеріне кан жүгіріпти. Жергілікті тайпалармен солардың тілінде шатып-бұтып, текше тас, сары топырақ, ағаш-шұғаштың қайдан табыла-тының сұрасып, арқа-жарка өмір кешіп жатыр. Мұнда сен пәлен-сің, мен тугенмін деген қансық пиғылдың жоктығына Александр куанып қалды. “Ұлы Александрдың жаңа империясы құрылып жатыр...” деп патша көкірегі маздап берді. Мұндағы жеті мын эзлиниң қару-жарағы өзімен бірге. Олар күн сайын үш жұз адамнан жасақ құрып, далалықтардың үрین-перін әрекетінен сактанады.

Бір кезде Македонның таулы да нұлы, салқар сулы өлкесінде сиыр баққан, табигат берген алапат күші мен іштегі от-жігерінің арқасында патшаның оққағары болған Апанасий аттан құлап, аяғы сынған. Сынған аяқ дұрыс бітпей, казір шойнаң басып, онда да аяғы сыртқа қарай шораяқтанған біткендіктен сілке тастап қана жүретін бол қалды. Александр өзіне мінсіз қызмет еткен корғанышын осы Александрдия Эсхатаға иелік ететін кішігірім сатрап етіп тағайындалды. Өмірі екі адамға басшы болмаған Апанасий бұл ұсынысты құлдық үріп кабыл алды. Казір өз билігі өзінде. Қорықса тек құдайдан және патшадан қорқады. Басқа ешкімге бағынбайды. Патша оған қазына аштырып, қазынашы белгілеп, біраз алтын-күміс бөлді. Апанасий ең алдымен патшаға сарай соқтырды.

Одан соң патша сарайынан сәл кішілеу етіп, өзіне сарай салғызыды.

Таис Александрдың рұхсатымен патша гетераларының бірін Апанасийге әкеліп қосты. Патшаның етегі тимеген македон сұлуы дайын сарайға жан бітіріп, ішін өмірге толтырды. Көнілі дархан Апанасий аз күн, аз жерді басқара жүріп, саясатқа да бейімделе бастады. Оның жас кезіндегі ішкүста күй елге танылмай-ақ күнім батар деген түйік өмірден еді. Енді оны куллі Эллада таниды. Патшаның Аристофаннан кейінгі оққағары, грек-македон әскерінде тірі жан тен келе алмаған палуан еді. Енді Александрдия Эсхатаның билігін патшаның өз қолынан алған сатрап. Рас, Апанасийдің үстінен шағым көп түсті. Патшаның алдына келген шағымдар, негізінен, Апанасийдің қаталдығына сайды. Бір аяғы кембағал болғалы өзінің жуан тор атынан түспейтін Апанасий күнбе-күн салынып жатқан каланы екі-үш мәрте шарлайды. Соңда шарап ішіп шалқып, немесе көленкеде үйікташ жатқандарды көрсе аттын үстінде отырып әлгілерді жерден жұлып алып, тұмсығын кан жеген кара тәбеттей ғып тастап қетеді екен. Александр Апанасийге сипай қамшылап ескерту жасады.

— Бүгінші сенен мына жұрт қорқады. Ертен ашынады. Одан соң қарсы шығады. Ел басқару өте киын іс, батырым. Бірде ел

алдында ашық айтып жазала, бірде дәл сол ел алдында енбегін, ерлігін айтып макта. Тізгінді тен үста. Катал адамды бұкара жек көрмейді, егер оның өзі адал болса, елімен қындықты бөліссе, ен бастысы – әділ болса, ешкімді алаламаса. Сен бұдан былай осы қаланың әкесісін. Эке өз перзентін жерден жұлып ап, өртөкымның қасына салып, бел омыртқасын үзбейтін шығар?

Апанасий кара терге түсті. Патша болған оқиғаны айтып түр. Өзінің маскунемдігіне қарамай өзгелерді ішімдікке тартып, жұмыстан жалтарып, тұрғылықты халықпен қырғын төбелес үйимдастырған бір криттік фалангисті Аланасий ел алдында, буырканған ашу үстінде өлтіре салған. Содан соң жұрт ес жиган тәрізді. Жұмысшылардың тамағын уақтылы бергізіп, Аланасий танын атысы, күннің батысы тыным таптырмай кала салдырып жатыр.

Патша Аланасийден мұқтажын сұрап, кенсе адамдарына жаздырып қойды. Одан соң патша сарайда түстеніп, Нутекке қарай сүйт жүріп кетті. Бұл қаланы патша ендігірі көре ме, көрмей ме – белгісіз. Бірақ Аланасий сұраткан қаражатты береді. Ол қаражаттың зая кетпесіне күмәні жоқ. Бұл жерде Александрдың тірек қаласы тұрары анық. Өйткені онда кимай коштаскан Аланасий атты таудай тірепі бар.

Александр өз оймен өзі боп ат тұяғының дурсілмен де, сонындағы аламандарының өзара әңгіме-дүкен құрған даусын да естуден қалып, басқа бір әлемді ойша шарлап кеткен. Ойын торлаған әлем алда емес, қазір ғана үзіліп шықкан жаңа қала. Патша қыс бойы пәлендей әрекетке бармағанмен, өзін де, өзгені де жүйке талдырып әзірлікте үстады. Ал қазір қантөгістен, ажалдан, негайбіл дүниеден оқшауда жатқан бейбітшілікке малынып, буын-буыны босап қалғандай дел-сал қүйге түсті. Бейбіт тіршілік – неткен ғажайып әлем. Оған жететін қызық жоқ. Бірақ бір заманда ол өмір Александр үшін де орнайды. Ол үшін әлемнің әміршісі болам деген арманына аршындай басып жетуі керек. Аланасий Александрдың Шеткі қаласын салып жатыр. Женістен соң Александрдың соңғы қаласын, Персепольды бес ораС кетер ғажайып қаланы Александрдың өзі салдырады. Ол қала әлемнің астанасы болады. Орта шенінде, таушық па, биік төбе үстінде ме алыстан көз карықтырар ақ мәрмәр сарайда ұлы Александр отырады. Бар пәрмен сол сарайдан шар-тарапқа кетіп жатады...

— Александр! Токта!

Гефестион жүз қаралы телоидтармен патшаның екі капиталын ала ілгері шапты. Патша аттың басын тежеді. Македондықтар арқасы жаллак дөн үстімен келе жатқан. Дөннің күн батыс жағына тайдың күзем жалындай бол ағаш өскен. Александр тобы осы жалдың қалқасында келе жатып, жазықтын ойран-топырын шығарып жүрген сақ аңшыларын көріп қалды. Оны көрген Гефестион еді. Ол ең алдымен патшаның каяуіпсіздігін ойлады.

Өйткені бір көргеннен сактардың қанша екенін байқап үлгермеді. Сондықтан алда келе жаткан досын көлегейлеп өзі жігіттерімен ілгерілеп алды. Сөйтті де жайкалып, шырмалып өскен шоқ тал-теректердің тұсында тоқтады. Македондықтар түгел аттан түсті. Бұлар үшін тоқтаған жерлері амфитеатрдан артық еді. Жазықта даала гладиаторлары өнер көрсетіп, жанкештілік жарыстырып жатқандай.

...Сонау төмennен үш табын бәкенді үш топ аттылар тізбектеле күп келеді. Бәкендер біраз жер тұра шапқанмен сәл төбе жасырап ойпат кездессе күтпеген жакқа жалт бұрылады. Сонда сактар да шұбатыла шауып, үйірдің бетін бері кайтарады. Жай қайтармай, ат үстінде сорғалап бара жатып, үйірдің серкелерін садақлен омақастырады. Сонан соң үйір жасқана-жасқана айдаған жакқа доғаша иіліп барып бұрылады. Ал даланы шандатып келе жатқан бәкендер мен күтіншылардың қарама-қарсысында тын аттың үстінде тізбек құрып, екі жұз, үш жұздей саятшы садағын сайлап тосып тұр. Олардың кейбіреулері тотыққан қырлы тастардың үстінде, көбі ат үстінде сілтідей тынған.

Македондықтар саятты аяғына дейін кызықтауды жөн көрді. Эне, үш үйір бәкеннің алдынғысы орды ор, жарды жар демей арындаған сорғалап, қалыктай секіріп, арсаландалап келіп те қалды. Осы кез қиқу естілді. Саятшылар бір мезгілде алға басты. Аяңдағанның екі канаты ішке қарай қусырылып, бәкеннің қапталынан атуға ыңғайланды. Шамасы екі жұзден астам дала тағысы қоршауға алына бастады. Тіке шауып, көзі қанталап, ес таппаған анды тоқтау үшін сактар қиқу салып, шындауылды, дауылпазды жер көшіре сабалап, даланы азан-қазан етті. Дегенмен өлер-тірілерін білмей андыздаған бәкеннің алдындағы сүйектілері саятшылардың арасынан орғып-карғып өте шықты. Секірісі танғажайып дала тағыларының балықша шоршығандарының біразы сол аспандаған тұста екі жақтан атылған садақ оғынан мерт болып, жерге кара тастай гурс-гурс құлап та жатты. Екінші, одан соң үшінші нәпір келіп бірінші үйірге ұрынғанда қызыл қырғын басталды. Бәкендер иірім судай бір орында сәл-пәл шыырлап тұрды да саятшылардың бір шебін бұзып өтті. Бұзып өтті де шұбатыла бірінің ізін бірі басып, бұқпантайлап кетіп барады. Саятшы сактар екі қапталдан ілесе шауып, сұнгі лактырып, садақ тартып, бәкеннің тізбегін жіңішкертіп, шеткілерін баудай түсірді. Осының бәріндегі саятшылар ат құлағында ойнап, қызық үшін шалма тастап, құрық сала шалқасынан түсіріп, жанаса келіп мандайдан соғып құлатып, небір өнердің қызығына батты.

Айналасы сүт пісірім уақытта саятшылар аттын басын кері бұрды. Олар асықпаған аянемен ду-ду күлісіп, қосыла ән салып, түп-тура Александр тұрған төбеге бір нәрсе сезгендей тіке тартып

келе жатыр. Патша Гефестионға, Гефестион қайтадан атка қонған жасағына қарады. Сактардың саны басымдау. Бірақ Александрға құдай қашан да саны басым жаумен соғысады жазбап па еди? Алдарында көшіп келе жаткан бейбіт ел емес, бес қаруы сай, қаны құтырган сак сарбаздары.

— Гефестион! Тәуекел! — Александр ат үстінде қозғалактап қалды.

— Патша! Сабыр ет! Қорықкан бұрын жұдырықтайды емес пе? Алдымен он адаммен тасадан мен шығайын. Сендер былай екі қанатқа созылып, қоршауға алардай дайын тұрындар. Жұзшактың қақ мандайдан ұруға дайын болындар!

— Айтқаның болсын, Гефестион! Көптен қан үйіп, құрыстырыс жазылмай жүр еди. Көрелік бұлардың өнерін. Біз бөкен емес шығармыз...

Саятшы сактар тізбектеліп келе жатыр. Ара-тұра дауыстары да естіліп қалады. Құркірәй күлер еркек дауыс жок. Кілең аңыз айқай, сыңғыр күлкі. Патша аң-тан. Ол саятшылардың дала тағысын қырып-қырып тастап кеткеніне таңданып үлгермestен көз ұшында шашылып қалған анды жиып, арбаларға тиеп келе жаткан тізбекті көріп, бәрін түсінді.

Саятшылар жазықтан өтіп, жатаған бетке іліккенде де арада адамның бет-жүзі анық көрінбес қашықтық бар-тын. Гефестион тек жетпіс-сексен кадам қалғанда жас ағаштан он сарбазымен шыға келді де қарсы жүрді. Саятшылар бірден қынаптан қылыш суырды, іркілмestен екі жарылып, жаңа бөкенді қалай қаумаласа Гефестион тобын да солай алыстан орауға көшті. Гефестион соғысатын еш пиғыл танытпастан екі жарылған голттың орта шеніндегі арғымак атты жауынгерге таяп барды. Саятшы ат басын тартып, сол қолын жоғары көтерді. Жүріс токтады. Арғымак атты саятшы-жауынгер қылышын қынапқа салып, алға жеке-дара ілгеріледі. Оны көріп Герфестион да жиырмашақты кадамдай озып барып токтады.

— Кімсіндер?! Мұнда неғып жүрсіндер?!

Гефестионның басы айналды. Үстінде хас батырдың сауыт-сайманы, асай-мүсейі, ал даусы он алты, он жетідегі қыздың даусы. Гефестион анықтап қарады. Расында да кыз бала. Александр патшаның әскерінде Таис Афинская баскаратаңын әйелдер легионы бар, яғни сактарда да сондай легионның болғаны ғой?

Жауынгер қыздың сұрағына Гефестион түсінбедім деген сынай танытты. Жауынгер кыз грекшеге көшіп, сак-сұқ сұралкка алды. Гефестионның іші жылып сала берді.

— Біз Ұлы Александрдың адамдарымыз. Саятшылық өнерлерінізді қызықтап, едәуір демалып қалдық.

— Бұл саятшылық, әрине. Дегенмен, Александрмен шайқасар

дайындықтың бір ғана машиғы. Ал нендей ниетпен алдымыздан, шықтындар? Керегі соғыс болса біз дайын!

— Соғыстан қашпаймыз. Бірақ патша қыз-қырқынмен соғысуды қалай бағалар екен — алдымен өзінен сұралық. Александр! Александр!

Букефал алайтөсімен тал-теректі жарып шыға келді. Патшаның екі қапталы мен ту сыртында үш оққағары ілесе келді.

— Ұлы мәртебелі, Зевстің ұлы, әлемнің әміршісі Александр Македонский! Естүіңіз бар ма? — деп Гефестион аңызға айналған Ескендір Зұлкарнайнды таныстырыды. Гефестионның даусында ойнакылық бар.

— Естүім бар, — деді жауынгер қыз. — Тек әлемнің әміршісі деңгейн артықтау. — Сақ сарбазы ер адам емес уылжыған жас қыз екенін көріп, патша алғашкы ойынан әрен арылып, калпына келді. Ол аз болса қыз еш мудірсіз грекше тіл катты. Жауынгер қыз дұлығасын төндіре кигендіктен тылсым күнгі қоғалы көлдей аялы көздерге көлеңке түсіп тұр, солай болса да қыз сұлулығын патша аңғарып үлгерді. Жан-тәнімен сәулелі әлемнің кездескенін сезіп тұр.

Ақ жүзді, аппак маржан тісті, даусы буынға түсер өуезді.

Жауынгер қыз да патшага қадалып қарады. Александр іште жөнкілген толқынысты білдірмей селкос қана сұрақ қойды.

— Легионда тек әйелдер ғой?

— Тұрмысқа шықпаған қыздар.

— Оо! Дәл осы тұрыста бес жүздей қалындыққа тап болыпсын, Гефестион.

— Қалындыққа қол жеткізу дін бір-ак жолы бар бізде.

— Қандай?

— Жігіт пен қыз сайысқа шығады. Тек женген жігіт мұратына жетеді.

— Бұл салт-дәстүр ме, әлде бізге көрсеткен қырыңыз ба, сұлу?

— Сұлу деп шашылманыз, патша. Дәл қазір сіздің сұлуға қарар жағдайыныз жок. Досыңыз каруын сайладап келмеген соң біз де бейбіт ниет білдірдік. Егер сак қыздарының қалындық болуға каншалықты каруы бар екенін білем десеніздер, шықсын жігіттеріңіз. Жауынгер қыз шамырқана сөйлеп, сынғыр какқан болат қылыштың жарқ еткізді. Оны көріп бүкіл жосық қылышын аспанға көтерді. Патша саспады.

— Мен өзімнің кім екенімді жасырмадым. Сіздің есімінізді білуге болар ма екен?

— Роксана! — Қылыштар кайтадан қынапқа сунгілі.

— Фажайып! Сактардың кай патшалығынансыз?

— Мен сактарды белмеймін. Кай патшалығына барсам да Роксанамын. Ұлы Далада Роксана біреу.

— Грек тілін қалай үйрәндіңіз, Роксана?

— Егер Ескендір патша екенініз рас болса оған өзініз жауап

берініз... Соғды-Бактүр жерінде македондықтар қынаша қырған тайпалардың қайсысы есінізде, патша?

— Бранхид-гректері!.. Енді түсінікті. Гефестион, қыздар легионының қолбасшысына бақыт тілейік! Әлемдегі ең мыкты адам жар болсын! Біз — әскерміз. Кәсібіміз — соғыс. Бірак біз сіздердің алдарыңызда ерекпіз, сондықтан алда-жалда ту сыртымыздан оқатылса, ренжімейміз! Хош болыныз! Біз әлі кездесеміз!

Патша аттын басын шалт бұрып кете берді. Гефестион аялы көзімен жауынгер қызға әнтек қарал еді, қыз аптақ тісін жарқыратада жайдарығана құліп тұр екен. Александр Нүтекке жетпей-ақ жаңағы дала сұлуының кім екенін біліп алды. Роксана қанлы патшасы Оксиарт Байтактың қызы боп шыкты. Осыдан соң Роксананың көмескі кейпетін көз алдынан жоғалтпауға тырысып, өзі дөл сол Оксиарт Байтак патшаның Тасқаласын алу қамына кіріп кетті.

328-327 жылдардың қысқы айларынан сүзектен түрғандай көктемге көк жамбас жағдайда жеткен македон әскері бұрынғыдай отты, парсы жеріндегідей оралымды емес-тін. Жеті жыл бойы жұбы жазылмаған шеріктің кимыл-әрекеті жаттандылықтан үйлесімді бол көрінетін. Соны анғарған Александр өздері Соғды Жартасы деп атайдын Тас қаланы алу — намыстың ісі, әскердің кайта тірліту деп білді. Қолдары соғыстан сұып қалған, ендігі шайқастардан кара басы қызығарлық еш нәрсе-көріп түрмәған македондықтардың ынтасын арттырып, қанын қыздыру керек еді. Сол үшін Александр Тасқаланың корғанына шыққан алғашкы топка түгелдей он екі таланттан берем деп жар салды. Екінші, ушінші лекке де бәйге тікті. Ең соңғысына — үш жұз дарико¹. Жорық жылдары талай қамал бұзған үш жұз жауынгер жартасқа кенеше жабысып, сына, арқанды пайдаланып, еренсіз деген тұстап өрмелеп берді. Бүкіл әскер құдайына сиынып, әлгі бейбактардың тілеуін тіледі. Өрмелеген өршілдер жартастан озып, жартасқа жалғанған қамалға іліккенде сактар әлгілерді қағып-қағып құрдымға жіберді. Бейшаралардың жан айқайы сүйектен өтті, жаптай үрей төндірді. Александр шакырайған күнде езіліп-қожырап қалмасын деп әскерге шатырларын тіккізді.

Тас қаланың солтустік қапталынан басталатын жайылма судын арғы жағы жыптыр-жыптыр шатыр, үш тағанға мосы іліп, ас қамдауға кіріскең калын қол. Александр ымырт үйірлұйн тосяп, бұл жолы екі мың адамды жартасқа шығып, қамалға ілігуге аса құпия түрде әзірледі. Көз байланған шакта әлгі екі мыңдықты Александр андыздатып жіберді де құрлық жақтан өзі бастап отыз мың қолмен шабуылды бастады. Бірак сактар Александрды екі жақтан қыспакқа алды. Оның алды қамал, қамал үстінде

¹ дарико - Дарийдің ақшасы. Македондықтардың ақшасы Александрдың әкесінің тұсында шыққандықтан кейде “Филиппок” деп аталған.

сақ садақшылары болса, майдан қызған шакта бүкіл даланы солқылдатып, жазықтан сактын атты әскері жетіп келді. Олар бәз-баяғы әдістерін қолданып, жебені қара масаша тутетті. Жанамалап келіп сұңғы лактырды, білмен қаусата сокты. Ара-тура сыналадап кіріп, едәүір сілтескен сон қайта сыйтылып кетіп отырды. Сонымен таң сыз бере Тасқала манындағы шайқаста кімнің кім екенін анғару киынға соккан. Македондықтардың шығыны Александрға баяндалғанда патша қамалдан кері серпіліп, ставка жакқа ұрыс сала жүріп шегінуге пәрмен берді. Тан атты. Көзі қанталаған Александр Антипатрды шақырды.

— Үш адамнан елші жібер. Алдымен біз өз мәйіттерімізді алып кетейік. Одан сон сақтар мерг болған жауынгерлерінін мәйітін алады.

Елші тез жетті. Тосын жауап келді.

— Құн ыстық. Бір бірімізді тосатын уақыт жоқ. Эркім өз мәйітін бір мезгілде ала берсін. Екі жақтың да сарбаздары қарусыз келетін болсын. — Бұл Ақсүйек Байтак патшаның жауабы еді. Александр ақылға сыйымды сез болғандықтан бірден келісті.

Тұс әлегінде Аристофан қапылып жетіп келді.

— Ұлы мәртебелім! Тасқаланың корғанысын басқарып жүрген Арымас баһадүр қаза бопты. Оның тәнін біздің пелтастар алып келе жатыр. Не дейсін?

Қанлы патшасынан кейінгі орында тұрған тұлға тұнгі шайқаста окка ұшқан. Арымас соғыс өнерін өмірлік іске айналдырған, Парменион, Кратер тәрізді жанкешті шәкраг¹ деп Александрға сан рет айтты. Міне, соғыстың не екенін танытатын да осындай оқыс жайттар емес пе?

Батыр — бір оқтық...

Аңырап ұшқан жебе адам талғамайды. Байтактың бір қанаты майырылды деген сез.

Бірақ сақтарда қылыш ұстамайтын, садақ тартпайтын адам жоқ. Кемпір-шал, бала-шағаға дейін соғыска дайын Арымастың орнын басқа бір Арымас толтырған шығар. Оксиарт Байтак саспайды. Онымен басқаша соғыспаса, мына қарадурсін ашық соғыста женген күннің өзінде шығын тым көп болғалы тұр. Александр дереу әскери кенес құрды.

— Күндіз соғыспаймыз. Тұнде мына шатырлардың алдына түгел от жағамыз да негізгі күшті Гефестионның ставкасына алып кетеміз. Мұнда сақтарды алдаусыратар үш жұз сарбаз қалады. Одан арғы әрекетті келесі кенесте шешеміз.

Александр мына шөкімдей Тасқаланың тым қымбатқа түсеріне налиды. Тирді аларда қашшама жан алып, жан берді! Бірақ ол — Тир! Мынау жазықта жатқан дөнбек емес пе?! Бірақ... Кәне, алып көр! Әр шайқастың өз кілті болады. Кілті табылмай

¹ шәкраг - атадан әулөтке, әкеден - балаға ауысып отыратын әскери кәсіп, әскери мамандар кастасы.

карадұрсін соғыссан женген күнде де ойсырап қаласын. Александрға ондай женіс керек емес. Жейхұннан өтердегі қыруар шығын, Маракандқа барар жолдағы шайқастар, түн баласы үздіксіз шабуылдар мұның әскерін ит жыртқан терідей етпеді ме! Не істей керек? Сақ даласының қара құлпы – осы Тасқала. Кілті жоқ құлыпты қалай ащады? Эрине, бұзып ашады. Александрдың есіне Гордий түйіні түсті. Онда білектей арқаннан қара казандай түйін жасалған. Александр соның сырын табуға тиіс-тін. Патша ол жолы аз-кем ойланып тұрды да қынаптан қылыш суырды. Қылышпен әлгі Гордий түйінін екіге бөлді де таставды. Шешілмес түйін кесіледі деген сөзі еді. Бұл жолы да сондай сауал тұр. Сауал онай емес. Патшага салса дәл осы қамалды алмай-ак, тасқа маңдайын үрмай-ак, ендігі көзденегені – Үнді жорығына кете берер еді. Бірақ македондықтар мен сактардың әңгімесі тамам болған жоқ. Александр не женіп жолға түседі, не келісімге келіп бір-ак аттанады. Амал не, брінші бол келісім жайлы қарсы беттен елші келуге тиіс. Александрдың өзі бірінші бол ымыраға бармайды. Сақтар қайынның безіндей қатып, мықты болсан женіп ал деп бекініп алған. Сондыктан ашылmas құлыпты түбірімен жұлып алмақ...

Әскери кенес тақ-тұқ тез аяқталды.

– Мен сақ жерінен кетуге асығыспын, достар! Бірақ сонынан күлкі естілгенін қаламаймын. Сақтар менен соң күніреніп қалуға тиіс. Ал сонынан ұлы Александрдың сақ жеріндегі женістері тура-лы жана одалар мен аңыздар ілеседі. Ол үшін күны қаншаға түссе де мен Тасқаланың тас-талқанын шығаруым керек. Дайынсындар ма?

– Дайынбыз! – десті осы далага келгелі бері үш жылғы итжyғыстан мезі болған қолбасшылар. Олар да іштей ертең Тасқала болмақ түгіл одан арғысы болса да бекіністі Александрдың аяғына тастанаса ары қарай жылжитындарын естіп, жалдары күдірейіп таасты. Тасқала ертең теп-тегіс болады. Оған Александрғана емес сактардан запыс болған барша қолбасшылар ынталы.

Ойға шомып түн келді. Александр күімшен жатыр. Ертең даладан келіп оқ жаудырар сақтармен арнайы жасақтар шайқасады. Ал македондықтар екі қакпаны бұзып өтуге күш салады. Сол сәтте бар әскер қамалға өрмелейді. Ертең... Қамал құлайды. Ар жағынан қаба сақал қара шал – Оксиарт патша қарсы алып, бекіністі соғыссыз ұстата салса етті. Александрға дәл қазір керегі осы. Александр оған кешірім жасар еді. Өйткені Оксиарт Байтақ патша қолға түссе Роксана да сол төніректен табылар...

Роксана... Александр патша онымен екі мәрте кездескен екен. Алғашында Зака сатқын Спитаменниң басын Александрдың алдына әкеп тастағанда... Оқиғадан соң бір жетіге жеткізбей Оксиарт Байтақ патша жанына сүріктей ақ боз атқа мінген тілмөш қызды ілестіріп, Нүтек түбіндегі ставкаға тапа-тал

түсте әскерсіз, корғансыз жалғыз келді. Келді де алдынан шыққан Антипатрга өзінің кім екенін, не үшін келгенін айтты. Барлаушылар бұл адамның сонында ақ боз атты тілмашы, құмайтазысынан басқа тірі жан жок екенін хабарлағанда Александр, Гефестион, Кратер үшеуі грек-бранхид тілмашты ілеңстіріп, асаймұсейін асынып, Байтак тоқтаған төбе басына келді. Келді де Оксиарт Байтактың осы адам екеніне тілмаш арқылы көз жеткізді. Оксиартта шырпы жонар қару жок екен... Тұкті қабақ, каба сакал, жалпак, кеуде мығым адам тіл жатты. Оның сөзін тілмаш қызы бірден аударып тұр.

— Ұлы елдің Ұлы патшасы Ескендір Зұлкарнайн!.. Патшалар соғыса жүріп те кейбір жағдайда уағдаластыққа келеді. Оның үлгісін Ұлы Ескендір мен басы алдында жаткан Спитамен баһадур-патша көрсетіп еді. Дарий патшаның түбіне жеткен Бесті тұтқындарда Ескендір патшаның жан досы, айбынды қолбасшысы Птоломейді өз тұсынан ары-бері аман өткізіп, ол аз болса Птоломейдің патша тапсырмасын мұлтіксіз орындауына бар жағдай жасап еді. Дәл сол сапардан Птоломей баһадур сонындағы үримтал әскерімен оралмауы да мүмкін болатын. Бірақ Дағала заны бойынша ер екі сейлемейді. Спитамен сөзінде тұрды. Патша дүшпаның қолға түсірді, досымен кайта қауышты.

Ұлы Ескендір ол оқиғаны ұмытпаған болар. Ұлы патша үшін жен ішінде кездігі жүрер арамзалар аз болмасы да белгілі шығар? Спитамен сондай бір арамза сатқынның колынан қаза тапты. Патшаның басы — қашан да мындардың нысанасы... Ол патша атаулының баршасына тән тағдыр. Сол қапыда кеткен патшаның, жақын досымның басын сұрай келдім. Өлі патшаның басын тірі патшаның басына алмастырам десен, міне, алдарында тұрмын.

Александр үнсіз. Байтакка қарайды, одан қауырсындағы желбіреген, грекше ақсүйектер тілінде мұдірмей сөйлеген тілмаш қызыға бір қарайды. Үп еткен самал мандайын көлегейлеген ак шілтерді жұла қашса жүзін толық көрер еді. Бұл кім болды екен?..

— Оксиарт Байтак, патша! Уәжініз орныкты. Бәрі де Сіз айтқандай іске асқан. Біреу әлем әміршісінің қолтығына кіру үшін өз патшасын өлтірсе айыбы өзіне. Спитамен патшаның басын да денесін де сактатып қойдым. Іздеуші-сұраушыларды осы тілмашының бастап кай күні келсе де бәрін дайындағып қоям! Сол күні алады. — Ескендір аттың басын шұғыл бұрып шаба жөнелді. Енді, міне, есіне түсті. Кең даладағы саятшы қызы бен тілмаш қызы — бір адам. Даусы құлақта. Даусы...

Тасқалада түсініксіз жайттар басталды. Әскер атаулыдан патшаның сенімді үш жұз жасағы қалды. Қыздар легі қаруын тастап, сандықтан той киімдерін, әшекей дүниелерін алып шықты. Ақсүйек Байтак патшаның пәрменімен Битәннан, ойдан-қырдан белгілі өнерпаздар, сазгерлер, әнші-бишілер дереу жеткі-

зілді. Тұн қоюланған шакта қорғанның үстінен ақ жалаулар тігілді. Бұл жұмыстар жүріп жатқанда Байтақ патша бекіністің онтүстік қақласына җақын салынған кабылханасында Үйсін патшасы Күнбегімен онаша сөйлесіп әрі шығарып салып отырған.

— Жарқыным, Күнбегі... Ертең не соғыс токтайды, не ең соңғы қызыл қырғын басталады. Біз де Ескендірді бұдан әрі еркелетіп жүргізе алмаймыз. Қамшының сабындағы жас қалды. Мен соғыстың токтағанын, елдің ес жиғанын көріп, билікті білімдіге үстатьш кетсем деймін. Әгар да ертең жазатайым бол кетсем қанлы елін үйсіннің үйіріне қос. Өзің ел басқар. Екі ел қосылғаннан ешкімнің үпайы кемімейді. Өзің өз басынан өткердің талай шырғаланды. Сен де алғашқы жылдарғы Күнбегі патша емессің. Сөзің сокталанып, жастыққа тән ойнақылық өттікетті. Патша болу бақыт та шығар, бірақ ол мәнгілік жалғыздық, күндіз екеу, түнде төртеу бол әңкі-тәңкі баз кешу. Бас сүйегін какырап түсерге дейін, жүйке тамырың бырт-бырт үзілер халге дейін жетер ішкі арпалыс, күмән, алан. Сонын бәрінде Күнбегі, жарқыным, менің саған, өз басына қалдырарам — тәнірім жомарттықпен берген тәзімім. Қызбалықпен жасамақ ісінді келесі танға қалдырсан бәрі басқаша шешіледі. Мен көбіне солай жасадым. Басқасын Күнбегі өзінің көрегендігіне салып жасайды деп коштасқым келеді. Ал Ескендір ертең есігімді теуіп ашып, тулағымды тілгілей бастаса мен болайын-бодмайын, іә тұтқынға түсейін жасқанбай тартынбай бүкіл Дала бар күдіретімен лап қойсын. Басынып келген дүшпанға Тасқала оба болсын. Бәрін осында қырындар. Бекіністен жорғалаған тышкан шықпасын. Айтпағым осы, Күнбегі. Енді жаксылықпен көрісілік.

— Сіз бүгін сақ патшаларының патшасысыз. Сіз секілді бір елді қырық жыл басқарған патша Ұлы Даңада жок. Патша болудың да жән-жосығы, әдіс-айласы көп кой. Жан-жағын жансыздар мен жарамсақтарға толтырып, бірін біріне андышып, қала берді карақан басына біріне бірі бағынбайтын үш-төрт түрлі жасак, шәкраптар мен баһадүрлерден қорған жасап жата беретін патшалар да бар емес пе? Ал Сіз ел ішін аралағанда күзетсіз, қорғансыз жүре аласыз. Халық сайлаған патша мен халыққа енбек еткен патша ғана солай жүре алады. Шыным сол — мен де соған жетсем деп армандаймын. Өз басым өз елімнен жауды колдан жасағым жок. Бірақ пендешілікке салынған бірдіекілі караниеттер бар. Мен оларға шалқаймаймын. Енкеюге дайынмын, бірақ енкейген сөтте етпетімнен түсіреріне көзім жетіп тұр. Қанлы ағайынға қосылсақ тубі жаксылық болғанмен бастапқы кезеңде басы бұлғақ дау-дамай екі жақтан да бүрк ете тусуі. Сондықтан, аға патшам, елдің де, елді жер-жерде басқарып отырған ердің де амандығы, тыныштығы үшін Сіз қанлы елін өзіңіз басқарасыз. Осылай бір бірімізге сүйеу бола жүріп, елді

сабасына түсіріп, ұлken ел болудын артықшылығын бәрі біліп болғанша бәрібір аттан да, тақтан да түспейсіз. Үзенгі қағыстырып жүрер жолымыз ұзак болғай, ағасы.

— Мейлің. Бірақ бұның бәрі ертengі камалқадан соң айтылуға тиіс әңгіме еді. Жау қолы жағада тұрғанда бәрі айтылғаны да дұрыс шығар. Жүйке де талады екен, жарқыным. Жас ұлғайған сайын әр нәрсенің байыбына әп-сәтте бару жағы да доғалдана ма деймін... Ескендір аспаннан аяғы салбырап түспеген. Дегенмен Аристотель, Диоген, Демосфендердің көзі тірісінде елін өз еліне құштеп те, амалдап та косып алған, сан ғасыр жарты әлемді жалпағынан басып, алдына келгенде тістеп, артынан шыққанды теуіп, үстемдікке төзбес сак баласын да бірде ықтырып, бірде пайдаланып келген ахемендік Босы елін екі бүктеп, базарын таркатқан, алмаған қамалы жоқ. Ескендірмен ертең сөз жарыста тен тусуім керек. Ол да болса жүрекке зіл.

— Тен түссеніз — женілгеніміз, аға патша. Сіздін бір демініз артық болуға тиіс.

— Е, сол артық дем сен емеспісін. Арқамда сен тұр деп деміл-деміл еске алып отырайын онда. Ха! Ха! Тәйрі! Иә, айттылмаған не қалды? Енді көрісеміз бе, жоқ па, оны Тәнірден басқа ешкім білмейді.

— Тәнірім қолдаса, ертең соғыс токтайды, аға... Ескендір мұнда тым ұзак айналсоктап жүріп калды. Бітірген туті де жоқ. Енді осы жерден абыройын асырмаса да, жиған-терген абырой-атағына нұксан келтірмей кетудің амалын іздегені анық. Ондай жағдай, міне, жасалды. Ескендір, сірә, жылап көріспес, сыздал, доңайбат көрсетуі... Бірақ оның да шекарасы бар екенін естен шығара қоймас. Қыршындарымызды окқа тосып, күнірене көміп жатқаннан ғері мына ақылының ұлы кеменгердің қөрегендігі. Ал Ескендір басымен жағдайды дұрыс бағаламай тізеге салса, қылыш суырса Ескендірдің қамалға кірген ізі болады да, шыққан ізі болмайды. Ертең — екінің бірін жасаймыз, ағасы. Сак баласы төзімге бай. Қынышылыққа төзіп-ак береді. Тұтанса бір-ак сәтте өзін де, өзгені де жоқ қылады. Тағдырым сол күнге жеткізді. Жетпіс самала шерік қылыши қылпып, каны тасып, көзі қанталап тұр. Тіке шауып жетіп келеді. Екі қанатта және он-оннан жиырма самала македондардың өкпесін қысуға дайын. Бастанапқыда Зұлкарнайн қатерін аңыз деп ұққан сак патшалары ең шешуші сәтте шалқаймады, тізе қосты. Сак баласы бірін-бірі жамандыққа қимайды. Өз жерімізді басып тұрып біз ешқашан женілмейміз. Дегенмен, соғыссыз, сөзбен, ақылмен келген женістің құны артық. Ертең дәл осылай қауышалық, данышпаным! Кудай сізге қуат берсін! Патшалар түгелдей сізден хабар тосады. Даға демін ішіне тартып, тың-тыңдайды. Кош, аға!

Македон әскерінен әр-әр жерде, көп болса, жиырма мыңдай қол қалды. Тоқсан мыңдай әскерімен Александр Тасқалаға лап кою үшін тұнімен журіп отырып, жана туған айдын болмашы сәулесін пайдаланып, әскерді бес топка бөліп, қозыкөш жерде тоқтатты. Таң сыз бере үйлар үш қакпаны токпактың астына алады. Қамал бұзар амалзаттар іске қосылады. Қамалға үш жактан бір мезгілде өрмелейді. Мұнда негізгі салмақ жаяу әскерге түспек. Қамал ішінде одан да берік және бір орам патша қамалы, патша бекінісі бар. Қалашық қөшелері екі арба сүйкеніп өтерлік қана. Тар қөшелері тузу де емес, корғанның бойымен салынған тамдар да шенбер тәрізді қөшелерге бетін қаратқан. Мұндай шынтақ айналмас жерде эллиндіктердің сегіз құлаш наизасы-сариссадан гөрі, ұзындығы бір тұтам бақа бас қылышы онтайлы. Сол есеппен де қамал ішіндегі шайқасқа фалангистер өздері бір сариссаға жабылып үйренген кілең сегіздіктер сайланды. Сегіздіктер аркасын жауға бермей тізбектеле жүріп соғыспак. Колбасшыдан бастап, сегіздіктердің аға сарбаздарына дейін нұқсау берілді. Бұл тұн сарбаздар да соғысқа келе жатқандай емес, тойға бара жатқан бозбалалардай көнілді, елгезек. Оның сырын Александр біліп тұр. Осы бекіністі алсак, Үндіге бет түзейміз деген сөз патшаның аузынан шықты. Енді үйларға күм бүріккен желі тынбас айтакыр жерден, жүлкүп-тартқан соғыстан, тұн баласы ереуілдеп, қопандап - қорқып шықкан айлар мен жылдардан құтылуудың сәті келіп тұр. Македондықтар енді аянбайды.

Көшпелі ставкада Александр, Гефестион, Кратер, Птоломей, Лаг, Селевк, Марсий. Монофталм Маракандта.

— Гефестион, — деді Александр жаймен ғана. Сен менің жанымда боласың. Екеуміз батыс жак қакпаны ашамыз. Басқаларын өз орындарынды білесіндер. Енді бірер түйткіл бар... Бастысы — даладан келер сақ әскерінің жолы. Олар өткендегідей бізді қыспаққа алмау үшін бір лек пелтастар¹ біздін ту сыртымызды бағады. Бұл — бір, екіншісі — қамалдың ішіне кірген соң қөшедегі әскерге әр үйден ок борайды. Дөнбек құлауы, қөшелерді кесіп-кесіп тастап, бөлшектеп сокқыра алуы мүмкін. Одан құтылуудың жолы — шапшандық. Қамал ішіне іліккен бойда әскердің дені тоқал тамдардың үстімен тіке тартып, ішкі қамалға шабуыл жасауға тиіс. Ишкі қамалды киратамыз. Сондықтан қамал бұзушылардың үш тобын корғау кажет. Патшаны қолға түсіру керек. Қолға түссе тұтқынға аласындар. Бірақ қол тигізбейсіндер. Патшалық дәрежесін сактайсындар. Маған “біз женілдік” деп айттар бір патша керек. Содан соң Үнді жорығы басталады.

Александр шағын шатырда отырып, достарымен бір-бір

¹ пелтастар - бес қаруы сай атты әскер.

саптыаяқ шарапты сілтеп тастады. Одан соң бәрі сыртқа шыкты. Бұйра бүлттардың қалқасынан жылт-жылт етіп қайықша сырғыған айшықтың жарығымен әлем ала-кула, томаға тұйык, жұмбакты да үрейлі көрінеді. Алыста дәрияға жете құлаған алып қодастай бол Соғды Жартасы қарауытады. Александрдың іші жана ғана сылқ түскен шараптан жылып сала берді. Құрыс-тырысы жазылып, шекесінен шып-шып тер бергіп шыкты. Шіркін шарапты ойлап тапқан адам баласы қандай ақылды десенші. Жаңа әзірде Тасқалаға іштей тас түйін шүйілген Александр, бәрінің арқау жібін қатайтып, актық айқасқа бейім еткен. Енді бір саптыаяқ шарап оның ішін қыздырып, буын-буынын ғана босатып қойған жоқ, арыстан жүрегін де босаң тартқызыды. Сол жүректің бір бұрышына Оксиарт Байтақ патшаның кенже кызы Роксана патшайымды үлде мен бүлдеге орап сактап жүрген екен. Мына қырғында оның күні не болады? Женістен соң тірі көре ала ма? Екі ауыз сөзге келе ала ма? Әкесіне еш киянат жасамай, патша тұқымына ешкімді тиіскізбесе Роксана оны бағалар ма екен? Байтақ патша не дейді? Гефестион екеуі патша бекінісін аларда сол тұста болады. Артық кайрат жасалып, соғыстың ет қызыуымен сақ патшасы да, оның тұқым - тұғы да мерт болуы мүмкін. Роксана... Александр неліктен осынша ынтық болды? Ол торда ұстаяға көнбейтін құс тәрізді. Сондықтан, құдайы демеп жіберсе Роксана қолда ұстайтын-ақ ару кыз. Александр көзіне тұтылған түн қаранғылышынан Роксананың бейнесін жасағысы келеді. Роксана елесі салт басты, сабау қамшылы жігіт патшаны аныз-хиссалар әлеміне жетелейді. Роксаналар тек сондай алыста дүниеге келеді, ілуде бір жаратылар ақылды сұлу, текті де отты, ойға жүйрік бол келеді. Ондайлар әдетте теңіне косылмай, саясаттың бүйімы бол бір картан майдәнсеге бүйірады. Солай өмірі өкісп өтеді. “Мен өзімді Роксанага сыйласам қалай болады? Мен жаспын. Мен – ұлы Александрмын. Ұлы Александрға ақылы ажарымен жарысқан падиша керек. һм... Мені ол қабылдар ма екен? Қабылдайды. Қабылдаға ақылы жетуге тиіс”.

Кара түн тұтығып барып таң сыз берер шакта шолғыншылар оралды. Аристофан әлгілерді тіке патшаның алдына өкелді.

— Ұлы мәртебелім! Біз қорғанның түбіне дейін еркін барып, еркін қайттық. Қорғанның үстінде әр он қадам сайын ақ жалау желбіреп тұр. Айнала ақ жалау. Қақпалар ашық. “Қала тойға дайындалып жатыр”, – дейді бір сақ шаруасы.

— Қандай той?

— Ескендір Зұлқарнайнды карсы алу тойы...

— Гефестион! Кратер! – Екі қолбасшы жетіп-жетіп келді.

— Қане, жаңағы сөздерінді қайталандар!

Патша да қолбасшылар да ан-тан. Еш пәрменсіз барша қолбасшылар Александрдың төнірегіне жиналды.

— Сактардын кезекті амалы емес пе?

— Кім біліпті, бұларды. Ол да мүмкін.

— Шолғынышылар кеше Қызыл қырканың етегі толған леклек, самала-самала әскер деп еді. Бұлар бізді корғанға кіргізіп, сыртымызды он орап тастаса кайтеміз?

Александр сейледі.

— Біз неге анкаландаپ қорғанға кіреміз? Қорғанды коршауға аламыз. Оксиарт патшаның өзі шықпай, менімен сөйлеспей ешкім ішке енбейді. Келіссөз ат үстінде өтеді. Содан соң жағдайға қарап көре жатамыз. Келіссөз біткенде ешкім тырп етпейді.

Александрын бір ойын екінші ой куалап, мына тосын жайттың артында не тұрғанын іздел бақты: "...Сактардын соғыс тәсілі құбылып тұрады. Ол — соғыс. Мен өзім де парсыны жаңылдырып жүріп женбедім бе?. Айқын сөз, келіссөз, немесе қаланы соғыссыз беру жорық жылдары талай-талай кездескен жағдай. Одан қоркатын не бар? Иә, Спитамен Бессті үстап бергенде сактар сөзінде тұрды. Птоломей ат төбеліндей жасақпен Спитаменнің қалың қолының тұсынан ары да, бері де өтті. Сактар селт етпелі. Енді Оксиарт Байтак патша қакпасын ашып, казан көтеріп жатса ол жақсылық кой. Мұнда еш шығынданбай, өзара келісімге келіп, барап жерге абыраймен аттанып кетеміз. Тек бұл шын пейіл болса..."

— Аристофан! Бронхид-гректерден кім бар?

— Екеуін де осында.

— Екеуін де шакыр. Ұлы македондықтар! Ұлы женімпаздар, алға! — Қалың қол Таскаланы бетке алып алға жылжыды. Александр мен Гефестион батыс жақтан кіретін салтанатты қакпанын карсыына барып, өз шерігін қадап койды. Бұл кез күн кекжиекке ілінген. Көз суырап көк аспанда қылтау жок. Тұптұнық. Александр бронхид-гректердің бірін қосып, уш адамнан Байтак патшага елші жіберді. Елшінің үлкені Лисимах карт. Елшілер көп бөгелмеді. Аман-есен оралды.

— Патшаның өзі қабыл алды. Келіссөзге тілмашын ертіп келеді.

Арада шайы орамал кебер уақыт өте параджасын төгіlte киген бес-алты аксақалдың алдында астында ақ сұлгісі бар алтын табак көтерген сақ сарбазы келе жатты. Сарбаз кездейсок адам емес, сірә Ұлы Даланың бір пірі болу керек. Өйткені Аристофан, Аланасийлер тұқымынан екен. Аса бойшан, иықты, мойны иыққа тік біткен, әбден күнсіген ақ-сары жігіт. Жүрісі қандай! Басқан жері ойылып кетердей. Сарбаз патшаның үзенгі тұсына бір кадам жетпей тоқтады. Басын сәл тұқыртып, патшага ишара білдірді де алтын табакты ұсынды. Александр табақ қабыл дегенді білдіру үшін алаканын асқа тигізді де Аристофанға карады. Аристофан табактағы дәмнен ауыз тиіді. Бұл дәстүр тамам болғанша Букефалдан кем соқлайтын шайпау жүрісті көк атпен Аксүйек Байтак

патша да жетіп келді. Келе зор даусымен екпіндей тіл катты.

— Македон-грек елдерінің, Босы елінің ендігі ұлы патшасы Ескендір Зұлқарнайнға сақ патшаларының атынан сөлем бердік.

Тілмеш патшаның сезін аударып біткенше екі патшаның көздері түйіскең калпы бірін-бірі ұстап тұрды. Тек қарсысында тұрған аса мысты адамның аузынан шықкан сезде ызғар болмағандықтан Александрдың көнілі сәл босаң тартты.

“Бұл — әдеттегі сөз басы... Сақ патшалары арқалатып жіберген сезін аяғына дейін айтсын”. Александр өз денесінде от-жалын ары-бері көшіп жүргенін андады. Қазір тосын ұсыныс жасалса бұл табан астында дұрыс шешім қабылдауы керек. Сәл киыс кетсе — не женіс, иә ажал. Байтақ патшаның алғашқы сезін кабыл алғанын білдіріп, Ескендір Зұлқарнайн бас шұлғыды.

— Ya! Ерен туған ер патша! Уш елдің еңіреген ерлері мен Ұлы Даланың өліспей беріспес баһадурлерінің каны басына шауып, қылышы қылпып бетле-бет келіп тұр...

Байтақ айтқанымды жеткіз дегендей тілмашина иек қакты. Тілмаш жігіттің аузынан естігені тоңын үтеп тұр. Грекше ән салдыратын-ак, екен... Бұрын көрген секілді. Иә, есіне түсті. Спитамен Бесс туралы хабар жібергенде уш сарбаз келген. Мынау жігіт сол хабарды жеткізген, онда да грекше сайрап берген жүзі жылы, көзі ашық, зерек жігіт. Александр әңгіменің онайға сокласын, екі жақ болсаға да саудаласуға да барып каларын андал, бойын тіктеп алды. Бұл жолы жүзінен қатулық есіп, сәлғана бас изеді.

— Мені патша сайлағанда халқым елді сакта, жерге ие бол, деп сайдады. Бұғін сол елдің де, жердің де тағдыры таразы басында тұр. Таразының бір басында ақыл мен сабыр, екінші басында — қызыл қырғын. Қайсысы бізге тиімді?! Оны атусті шеше алмаспаз. Тағдыр мын сан жан иесінің дәл ғылыми жер бетінде каларын, иә жер құшарын ұлы патша Ескендір Зұлқарнайн мен сак патшасы — алдында тұрған Ақсүйек Байтақ патшаға жүктеді. Бұғін ой мен сөзге, пейіл мен көнілге орын кең болсын деп, Тасқаладан әскерді кетірдік. Тасқаланың бар қақласы біздің пейіліміздей айқара ашық тұр. Құп алсаныздар жарандарынызben жарасып, Ескендір патшаға жайылған дастарқан басында үағдаластық сезімізді бастайык.

— Қамал сак патшасының қақпаны еместігіне қалай көз жеткіземіз?

Бұл патшаға бір карап алыш сөзге араласқан, Гефестионның сауалы.

— Тасқала — алакандай бекініс, мырзам! Өзініз бастап желіп өтіп, тінте шолып шығыныз. Уш жүздік жасауылдан басқасы да ладада. Бүкіл сак әскери осы келісімге құлак тұріп, ту

сырттарынызда түр. Эгер да Ескендір патша басқаша ұсыныс айтса тындауға әзірміз.

— Менін досым Кратер бір жұздікпен Тасқаланы шолып шығады. Оған дейін келіссөзді менің ставкамда бастайык, күп алсаныз.

— Келістік, Ескендір патша!

Александр атын тебініп қалды да аймак түгел көрінер қырқа үстіне жана тігілген шатырды бетке алды. Жүре келе Александр Оксиарттың тенесуіне, сөйтіп, үзенгі қағыса журуіне ыңғай жасады. Данқы Ескендірдің өзімен жарысып келе жатқан Букефал мен Байтақтың кайсар көк аты біріне-бірі дес бермей егесіп келеді. Ставкаға дейінгі қозы көш жер екі патшага келесі әнгіме, келесі қадамдарын ойлауға мұрсат берді. Александрды алдымен сак патшасының тілмаштан өзге ешкімді, тілті окқағарларын ертпей кете бергені және таңдандырыды. Заты бөлек демесең дәл осындей қасабалы адамдар Македон жерінде де ұшырасады. Бір қарап-ақ көз тоятын, екі ауыз сөзден соң жатсынудан қалдыратын, бұрын талай рет көрген, сойлескен адамындағы тұс таныс бол кетер санаттан екен Оксиарт патша. Александр көз алдына Оксиарт патша мен оның кенжесі Роксананы катар қойып, ұқсастық іздейді. Тұр-тұсі жуықтамайды. Мінезі... Иә, мінездері келіп түр. Патша жай адам болмаса керек. Ол әкеден мұра бол қалған такқа қонжия кеткен мешел патша емес. Бұл бұқарадан қайнап шыққан, бір елдің озық туған тұлғасы. Сөзі нық. Ойы нақты. Жел сөз, көпірме сөзге жол бермес адам... Бірден қакпайына түспей Александр Оксиартты бірде жібітіп, бірде сұынтып, келіссөзден өзіне қажет кепілдің бәрін өз ставкасынан табан аудармай жиып алады. Тасқалада іздейтіні бөлек нәрсе болмак. Сол ізденегін тапқанша да жайылып түспей, кез келген сәтте шоршып тусер адамның сыңайын танытады... Роксана осынша күнгі киялышындағы бол шықса Александр Тасқаладан онсыз оралмайды.

...Байтак екі жағына пышак жанығандай үйіскан бүйра шашы толқындағы келе желкесін жапқан, тұрымтайдай сергек, көздері көк сұнгідей жас патшаның заманынан озып тұғанын билетін. Енді бетпе-бет келгенде бар табиғатымен сезінді. Ол өз отына өзі өртеніп кетпес үшін жер-әлемді отка орап келе жатқан адамнан гөрі ұлы табиғаттың бір сұрапыл құбылысындағы көрінді. Не амал табар екен? Ойға жүйрік, іске батыл. Мұнын ең басты артықшылығы — қып-қызыл жастығы. Бірак... бірак... қырық жыл тақта отырғанның да артықшылығы бар шығар?.. Талай мықты Байтақтың ойы тұрмак түсіне кірмеген іспен әбден дайындалып, патшаның бір уәжіне он жауап әзірлеп келгенде де сүрініп көрмеген, үпайын алдырмаған. Соның бәрінде Байтак істің төркінін Адамның өзінен андайтын. Мықтылардан ықкан емес, жылбықсылардан катты сескенетін. Жақпаса да анық сөзден дән іздейтін, буалдыр, жылымшы сөзден май ішкендей

кілкіп отыратын. Қырық жыл патшалық ету Байтакқа адам тану жылдары болды. Сонда түйгені – табиғаты ақыл да, қайратта, ажар да берген адамдар көбіне көп залалсыз, терісі кен, өзге тұрмақ өзіне де еренсіздеу бол келеді. Сірә, ондай тәнірім бәрін берген адамдар өз мүмкіндігін іштей сезеді де бейқам жүреді. Сөйтіп көп жағдайда колына су құюға жарамастардың сонында калады. Ал әлжуаздар өзінің кембағалдығын пысықайлықпен толықтырады. Олар күші мен ақылы жетпеген сон амалға, айлаға, карау жүрістерге, кулық-сұмдыққа баруға мәжбүр... Бүгін Байтақтың алдында озық ойлы, жолбарыс жүректі, оқығантокығаны көп біргуар адам – Ескендір Зұлкарнайн отыр. Анық сез бен жасық сезді ол жазбай таниды. Бүгінгі соғыс Ескендірге тиімсіз. Оны ол да, Байтақ та анық біледі. Ендігі түйткіл – Ескендір сақ жерінде түк бітіре алмапты деген лақап пен сақтар женілілті деген жаманат. Екі патша қайткенде де осы екі кара танбаны айналып өтіп, кой да аман, қасқыр да ток жағдайға жетуге тиис...

Ескендірдің қункағар ретінде ізінен қалмай көшіп жүретін шатыры оншакты адам кен отырып кенесерлік жайлы екен. Байтақтың көзіне үйреншікті парсы үлгісіндегі таға порымdas сәкінің үстіне кілем жабылған. Ескендір жол бастап ішке енді де Байтаққа орын ұсынды. Өзі басынан қораз кекілді дұлығасын алып, ізін баккан көмекшісіне ұстартты. Одан сон жанына тілмаштарын қадап қойды.

– Оксиярт патша! Ақ жалау әлемнің кай түпкірінде болмасын не женілгендіктін, не келіссөзге мұрсат сұрағанның белгісі. Сондықтан адамзат дәстүрін, соғыс занын сақтал, ашық түрган қақпаға лап қоймадық. Қамал үсті қаз-қатар желбіреген ақ жалау. Біз сабыр еттік. Жана сездін төркінін андаттыңыз. Енді сақ патшаларының ұсынысын аяғына дейін естісем деймін...

– Македон-грек, Босы әлемнің Әміршісі! Сақ баласы да дәл өздерініз секілді атықсанмен атысады, шабықсанмен шабысады. Ұсынған мойынды шаптайды. Адамы табылса, уәжі иланымды болса сөзге токтайды, уәдесін, сертін бұзбайды. Бұл – Ұлы Дала заны. Сондықтан тұлкібұлан әнгімеге орын жок. Ашық сөйлесуге келген жайым бар.

Ескендір Байтақтың бір деммен айтқан сезін бойына сіңіріп, бас шүлғыды.

– Тасқаланың ішінде қырық мың жасақ бекінген. Казір олар бекіністен тас лақтырым жерде. Олармен қатар Македон әскерінің ту сыртында тиграхаяуда сақтарының, хаома сақтарының, массагет сақтарының, үйсін сақтарының Соғды-Бақтұр халық жасағының, парадарайя мен сарматтар, исседондар, аримаспылардың жосықтары бес қаруы сай қаланып тұр. Уш жылға созылған лаң македон-грек жерінде скиф аталатын біздін

тұқымдастардың да жанына батты. Скифтер әскері көмекке келді. Әскер атаулы бекіністен белгілі бір қашыктықта, тек белгі берсөн қара селдей ағылғалы дайын түр. Бұл, Ескендір патша, менін бопсам емес. Қазір адамдарынды сайла, мен өз жолбасшымды қосып берейін барсын да көрсін. Сактар бұдан әрі ешкімді өз жерінде бұлғақтатып жүргізе алмайды. Македонның қола қылышына болат қылыш карсы койдық. Садақ та өзгерді, жебе де жанаарды. Паланғы дейтін жаяу әскеріңін қалканың да, сарбазын да тесіп өтер жебе тартылады. Ат үстіндегі сакты ырыққа көндіру мүмкін емес. Әскер де тын, ат та тын. Ен бастысы – сак баласы тоқымдай жерін ешкімге бермейді. Дәл қазір біз келісе алмаған жағдайда менен де билік кетеді. Актық, ен соғыс басталады... Бірақ басиелерінің сезінен аспайтын халық патшалардың өзара түсіністігін тосып отыр. Анау әскер мен мына македон әскери – тірі адамдар. Тірі адам бүгінгі ажалдан аман өтсе еліне де, патшасына да әлі талай қызмет жасайды, айбынын асырады, адымын ұзартады. Ал соғыс басталып кетсе мына алқаптан кімнің тірі шығары белгісіз. Сан мындалың қырыламыз. Үміттер үзіледі, барап жер, басар тау азаяды. Бұл соғыс – бізге таңылған соғыс. Соғысуға мәжбүрміз. Кашан да солай. Қыршындарымызды қырғызуға жоқпыз, бірақ женілу де оймызыда жок. Сондықтан сак патшалары македон жорығының ұлы қолбасшысын бітімге шақырады. Бітім, Ескендір патша! Бітім деген сөз екі жақ та бүтін деген сөз. Менін айтпағым осы. Қабырғанмен кенесем десен... Мені қалай атаушы еді бұл ел?

– Оксиарт, басилем!

– Иә, Оксиарт басилевс Тасқалада жатып жауап тосады. Ертең біздің Тәнірге табынатын күніміз – Тәнірдің телегей-тенізден көкке көтеріліп, мәңгілікке бекінген күні. Яғни, халық құрбандық шалып, Тәнірге табынып, той тойлайтын күні. Ескендір патша райынан қайтса, бұл елмен жауыкканнан гөрі табысканым артық деп шешсе баршаның қонақ бол келініздер.

Ескендір сак патшасының соғыс сөздерін ұғып болысымен мен-зен ойланып отырып қалды. Содан соң енжар қозғалып барып:

– Сак патшасының шақыруы қабыл! Біз ертең сәске түс кезінде келеміз. Ұрыссак ұрысатынымызды, бітімге келсек кояр шарттарымызды айта келеміз. Егер тун жамылып сак әскери әрекетке көшісеп келіссөз жалғаспайды. Біздің тараптан астыртын әрекет жасалмайды. Бұны Александр патшаның сөзі деп білініз. Ертең бұдан дұрыс жағдайда кездесерміз деп ойтаймын...

Македон әскери тоқтаған жерінде қалатын болды. Александр қыска ғана бұйрық берді.

– Кратер әскердің басы-қасында болады. Әскердің тұстасынан жиырма стадия қашыктықта сақшылар койылсын. Әскер жол шатырларын тігіп, ас-суын сол жерде қамдасын. Алғашкы

жүлдизбен бірге әскери кенес мүшелері бас ставкаға келсін.

Александр осыны айтты да Лисимахты, Аристофан мен Монолохты ғана ертіп, бас ставкаға жүріп кетті. Алдында жұзшакты телоид желе шауып, кайтадан аяңға кешіп, патшаның жолын ашып келе жатыр. Патша ставкасына келді де ен түпкі жатын бөлігіне өтті. Патшаның корғаны Аристофан да, патшаның ізінен қалмайтын Монолох та үстіне қорғағанда батпады. Қажет болсақ шақырапар дегендеге екеуі қабак қағысып қала берді.

Патшаны бүкіл әлемнен болмашы ғана кенеп шатыр бөліп тұр. Бірақ оған осының өзі оңаша жүріп, ой кешуге жеткілікті еді. Ой жөңкілген жентек-жентек бұлт тәрізді өз басында көшіп жүр. Бұлтың соны жарқыраған ашық қунғе ұласа ма әлде қапқара селге айнала ма?.. Оны нақ басу, болжаяу Александрға түскен жүк. Мұндайда ешкімнен ақыл сұрамау керек. Ақылман не көнілжықпастыққа салынады, не шынымен адасуы. Екеуі де – катер. Ен дұрысы оңашада патша басымен дүниені таразылау. Жана жағдайдың пайдасы мен зиянын жете үғу. Әскери кенесте өз ойын, тоқтамын сынақтан ғана өткізеді. Сірә, патша болудың ен киын сәті де осы. Мұндайда құдай жалғыз, патша жалғыз. Ен жақын, ен жанашыр деген адам да көмек бере алмайды. Дұрыс шешім біреу-ак. Соны жазбай тану – патшаның ғана ісі.

... Александр киімін женілдетіп, өз ойының камауында жүр. Сонымен, бұл ертең не бітіспес шайқасқа барады, немесе бітімге келеді. Шайқастың жөні бөлек, ол – қызыл қырғын. Керек пе, сол қырғын? Бітімге келсе ше? Оны кім, қалай бағалайды? Сактар – айтқанынызға көндірдік демей ме? Парсылар ұрланып мырсымырс күлмей ме? Елден-елге Александрдың екпіні басылды, деген қаңқу сез тарамай ма? Тараса... Алдағы жорыктарда македон әскерінің қаһарынан ығу азаяды. Бірақ... бірақ әскердің алдын күреп отырар, жаудың құтын қашырап қап-қара-қорқынышты жасау киын емес. Алғашқы үрystарда карсы тұрғандардың күлін көкке ұшыр. Аяушылық жасама. Одан соң кім алдыннан ас алып шықса соны жарылқай сал. Ар жағында екі аныз қатар шауып, македон тасқынына қызмет жасайды. Яғни, ертең бір де бір үпай алдырмай терезесі тен бітім емес, алдымен ақ жалау көтерген сактарды сол жалауын ұстаған қалпында қалдыру керек. Александр бұдан бұрын да ымыра ізdegендермен сан мәрте келісімге келген. Бұл бітім емес, сактардың ұсынысына биіктен бас шүлғыған сыңай болмак. Оны тек македон-грек қолбасшылары емес, патша сарайына қабылданған парсылар да көруге тиіс. ... Кенесте соғысамыз деуешілер де болуы. Оған уәж айттып таусылудың қажеті жок. Десе десін. Ерен құллі әскерден айрылып, Дарийдің кебін кисе Александр: бәлленнің сөзіне ілесем деп осылай болды, демек пе? Жо-жок! Батырларым, бәрі Александрдың айтқанындай болады. Дарий демекші... Александрдан Дарий Родомани кашса,

дәл осы сақтардан 512 жылы I Дарий бас сауғалап қашқан. Геродоттың “Тарихын”, Страбонның “Географиясы” көстап, бұл елдің екі басты аждаһа екенін баяғыда айтып кеткен. Оны ұлы Ұстаз деректерді салыстыра отырып баян еткөн. Бұлардың тарихы Анахарсис атты ойшылдан басталады. Ол Эллада жерін аралап шыққан, табандылығы мен тапқырлығына бола Лидия патшасы Крез дос болған. Скил де озық ойлы патша болған. Яғни акыл іздесен мұнда акыл жеткілікті. Ал жеті жұз мың әскермен келген I Дарийді бұлардың Понт Эвксинскийдің¹ солтүстігіндегі кара топыракты шұрайлы жерді мекендеген скиф ағайындары тұп-тура бүгінгі тәсілмен шаршатып, шалдықтырып, у ішкізіп, батпакка батырып, орманда адастырып, аштыққа ұрындырып журіп женіп шыққан. I Дарий скиф патшасы Идантриске елші жіберіп, қызына құда түсken. Александр ұмытпаса... Идантристардың патшасымен туыс болудан бас тартады. Сонда... Сонда... I Дарий жеті жұз мың әскерді алдыға салып скиф жеріне өтеді...

Александр осы бір тарихи оқиға мен өзі жасап келе жатқан тарихтан ұқсастық та, қайшылық та, ертегі келіссөзге керек сәттер де тапкандай. Ұқсастығы сол — ертең Роксана жарқ етіп табыла кетсе Александр да бұл халықпен туыс болуға ниет білдіреді. Ал қайшылығы сол — бұл Дарий емес, ұлы Александр. Ал тиімді тұсы — Дарий скифтерге соғыс жариялағанда намысын таптағаны үшін дегенді желеу етті. Соғыстың тұп-төркіні эллиндерге скифтерден барып тұрған ет пен астықтың жолын кесу, скифтерді солтүстікке түріп тастап, тенізден аластау, саудадан шектеу, тұлқі катерді осылай әлсірету, колдан келсе бөлшектеп-бөлшектеп тентірептің жіберу. Одан сон Дарий емін-еркін, скифтерге аландамай Эллада жеріне терендең кірмек болған. Ол катерден Эллада жерін сақтардың скиф аталағын бөлігі аман алып қалған. Сонда осы жауынгер халықпен алыс-берісіміз жарасқан, ахемендерге бірлесіп қарсыласқан да кезіміз болғаны ғой? Егер ертең бізбен сақтар келісімге келсе, бұл тарих жарқ етіп қайтадан жаңғырмай ма? Ақындар мен тарихшыларға неге жаздырмасқа, осыны?

Ертегінде македон қолбағышылары Таскаланың салтанатты қақпасына ат басын тіреді. Қакпа ауыр қозғалып, ың-шыныңыз ашылды. Қакпалардың арғы жағынан мүлдем басқа әлем басталды. Ең алдымен көзге ұрғаны — реттілік, тылсым тыныштық, кайда қараса — гүл. Жол жиегі — гүл, тұғырлы гүлзарда жайнаған гүл, арасы алшақ алма, өрік ағаштарының арасы жасыл кілемдей үйисқан көгал. Көгалдың ортасында ойдым-ойдым гүлзарлар. Бактың бүйірі тұстарында арқалығы бар ақ сәкілер, аспаннан түсken ақ көбік бұлттай жеп-женіл ақ сарай көз тартады. Александр тілмаштан жөн сұрады.

¹Понт Эвксинский – Қара теңіз.

- Бізді карсы алған басилевстер кімдер?
- Патшаның кеменгерлері, ұлы мәртебелім.
- Камергер?! Ол не деген үфым?
- Камергер емес, кеменгер, мәртебелім. Әр түрлі сала бойынша ақыл-кенес беретін патшаға сенімді, зерделі адамдар.
- Басилевстер тәнірге табынаады. Яғни оракулдері болуға тиіс кой?
- Сіз айткан оракулдерді сактарда “абыз” деп атайды. Абыздар сайланбайды, тағайындалмайды. Оларды халық “абыз” деп біліміне, ақылына, мінез-құлқына қарап таниды. Патша – осы елдін бас абызы. Сол бас абыздықка жараған адам ғана такқа отырады. Патшаны елдегі абыздар, кеменгерлер мен қолбасшылар сайлайды.
- Сонда Оксиарт патша өз елінің ең озық адамы болғаны ғой?
- Тек осы елде емес, Оксиарт патшаның ықпалы бүкіл сак жерінде жүріп тұр. Әділетті, орнықты патша. Елі үшін ғұмыр кешкен абыз-патша.
- Оксиарт патша кангюй елінің ғана басилевсі. Мықты патша деп келесін. Мықты болса күм-шағылда неге отыр? Таулы, нұлы жерлер көп кой?
- Канлылар бұрын Ұлы Дағындық солтустіктігінде, орманды алқапты мекендейді. Осыдан үш ғасыр бұрын ол аймак күрт сүйп, жер тонынан арылмай, өзен-көл мұз құрсанған, қын заман туыпты. Сонда жолсыздан қанлылар жанұшырып жана коныс іздеген. Мекен іздең осы Соғды, Бактүр жерін ала коныстынашты. Алғашында іргелес сак тайпаларының наразылығына қарсы тұрады. Одан соң парсылар Соғды мен Бактүрды алып қояды. Бірақ ел шекарасы ығысқанмен қанлылар коныс тепкен ағайындарын жерге ие етіп қалдырып кетеді. Сондықтан да Соғдының жеріне сатрапты сактардан сайламаса ел көтеріліп, сатрапты шыдатпайды...
- Оксиарт патшалық құрғалы канша болды?
- Қырық жыл. Осы патша тұсында ел дәүірледі, Оксиарт аға патша атанды. Сондықтан тарихшылар осы бір өзгерістерді әлі андай алмай отыр. Түбінде қанлы мен үсін косылып, бір патшалық болады деген сөз бар. Тілі бір, діні бір.
- Үйсіндердің түрі бөлектеу сияқты ғой?
- Үйсіндер... Екі түрлі үйсін бар, мәртебелім. Бірі осы қанлылармен солтустіктен бірге келген сары үйсіндер. Ал сол сары үйсіндерді қабылдаған жергілікті тайпалардың түрі қара-торылау болғандықтан кара үйсіндер деп атайды. Бірте-бірте айырмасы азайып, өз ішінде сарсы мен қарасы араласып, бір ел құрап жатыр. Тәнірі қолдаса казір Үйсіннің патшасы Күнбегі мен Спитаменнің орнын басқан, онын туған інісі Қайымерден патшаны да көріп қалуыныз. Бұл үш патшаның жұбы жазылмайды.

— Олай болса массагеттер неге қанлы мен үйсінгө қосылып, бір мемлекет болмайды?

— Болып та калар, ұлы мәртебелім. Казір осы әңгімені ширатып, ел естиярларын келістіруді Оксиарт патша бастап та жіберсе керек.

— Ортақ патша кім болады?

— Үйсін патшасы Күнбекі.

— Оксиарт патша шаршаған ғой, сірә?

— Бұдан былай абыз берен патша екі адам болады деген сөз шықты. Байтақ патша үш елден құралған мемлекеттің бас абызы, Күнбекі патшасы, Кайымерден бас сардары болады деген жоба ел аузында жүр.

— Енді мынаған жауап бер... Сактар сендерге — грек-бранхидтерге қалай қарады?

— Жақсы қарады. Әр грек жалғызырамасын, тілін, дінін, салт-дәстүрін ұмытпасын деп жинақы қоныстандырып, басқа рутайпалармен теңестіріп қойды. Тіпті патша сарайына дейін жол ашық болды.

— Дер кезінде айттың, отандасым!..

Байтақ патша Ескендір Зұлкарнайнды сарай алдында карсы алды. Сарайға жол бастап, сонда сақтардың ас-суы мен грек аспазшыларын шақыртып Ескендірдің құрметіне альстағы елінің ең тансық деген ас-суын жайнатып тасталды. Ескендір екі жактың да дәмін татты. Одан соң келіссөз басталар деп еді Оксиарт патша шын ықыласымен сөйлеп берді.

— Ұлы мәртебелі Ескендір патша. Кеше айтқанымдай бүгін біздің елде — той. Той ойын-сауықсыз болмайды. Егер ол ойын сауыққа Ұлы Ескендір патша катысып, қызықтаса елдін ризашылығына бөлөнер едік. Карсы болмасаңыздар халықтың куанышын бөлісейік, өнерін көрелік. Айтылар сөз қашпас. Той мекенине барайык!

Сарайдың ту сырты — амфитеатр екен. Той қырық бес үдешінін аспандап кете барған киқуынан кейін басталды.

Ескендір мен Байтақтың ортасында Македон патшасынын тілмашы отыр. Ескендірдің сол жағында эллиндіктер, Байтақтың он қапталында сақ абыздары жайғасқан. Алдымен ат ойнак басталды. Танауы шелектей жирен ат, ақ-боз ат, күрең ат, бөрте аттардың оншактысы аланда нокта-жүгенсіз еркін жур. Енді бір кез бір жігіт дауыстал, алаканын шапалактап еді ақ боз иесіне қарай құстай ұшты. Жігіт атпен жаяу жарысып келе жатты да қолы жалына ілігे қарғып мінді. Одан соң шауып жүріп жерден тенге ілді. Қыздар кестелеген орамалдардың бірін ат үстінде түрегеп тұрып іліп кетті. Ел у да шу. Бір айналымнан соң беторамалдың иесін ортаға шакырып жігіт қыздар отырған тұста тұрып алды. Кыз ортаға шықты. Жігіт қызды колынан жетектеп патшалардың

алдына келді. Байтақ патшаның қатарынан бір абыз жақындал барып екеуінің бас құрауына ризашылығын білдірді.

Одан соң жамбы ату, найза лактыру, аударыспақ, ордан, жардан атпен секіру секілді жан алып, жан берер киын ойындар басталған, Александр мына әлеметтің бір кимыл, бір әрекетін көзден таса қылмай қызықтады.

Арсын-гүрсін ойындар тамам болды. Енді ән мен күйдің ерендері шыкты. Олар патшалардың қарама-қарсысына орнығып, жеңіл де ойнақы сазды бастағанда біркелкі киңген жұзашқты қыз алыстан орағытып биді бастады. Сол билеген күйі сақ, даластының сұлулары екі патшаның тұсына жетті. Осы кез Александр орнынан атып тұрып, биші қыздарға қарай жалғыз өзі кетті. Эне, ол соңғы баспалдактан түсіп, сәл кілдірістеді. Өзі тосқан шептегі он екі қыз тұсына келгенде арасына кіріп барып, дәл орта шенде келе жатқан қыздың колын алды. Басын иіп, жігіттік ишара жасап, әлгі сұлуды бишілерден бөліп әкетті. Сол жетектегеннен жетектеп, өзі отырған құрметті орынға келе тоқтады. Александр Байтақ патшаға қаратып тын сөз бастады.

— Қанлы-сақ елінің басилевсі¹ Оксияарт патша! Роксана патшайым Құланды далада қыздар легионымен саятшылық құрған кезде кездейсоқ кездесу бақытына ие болып едім. Таныстықтың алды жауығумен басталған. Македон сарбаздарына қарсы келгендер қыздар легионы екенін білген соң біз шегіндік. Сонда ту сыртымыз мұздап-ақ еді. Роксана патшайым кендік жасады. Сөздің шыны сол — Роксана патшайымның үлкен парасат иесі екенін біз мойындасты.

Александр тілмашына аудар дегендей иек какты.

— Дәлме-дәл аудар. Эйтпесе Роксана патшайым шалалығынды әшкере жасайды...

Байтақ, Александрдың жіби сөйлегенінен, өзіл коса сейлегенінен жақсылық нышанын анғарғандай. Байтақ алғашкы сөзді құп алған соң Александр сөзін жалғастырды:

— Сізден рұхсат болса Роксана патшайым екі патшаның ортасында отырып, тілмаштық жасаса әрі мына ойын-сауықтың жөнін айта отырса артық болмас па екен? Эрине, ел салтына кайшы болмас...

Байтақ бас шүлғыды. Роксана патшайым екі патшаның ортасында қаздыып отыруға мәжбүр. Роксананың тілмаштығынан гөрі бірінен соң бірі алмасып жатқан ойын-сауықты Ескендір патшаға түсіндіруі көбірек болды. Өйткені Ескендірді, сірә, қыз буы шалып, жеті жыл бойы көргені, ойлағаны, жасағаны тек жамандық болғандыктан да шығар той жалқыны да сіреспе күйден бір сәт құтқарып тұрғандай. Македондық патшаға Роксанамен еркін сөйлесудің әдемі қисыны да қелгендей. Ескендір бұл сәтті

¹ Басилевсі - бас иесі, деген мағынада.

барынша пайдаланып, Роксананы сөйлөткен үстіне сөйлете тусу үшін жас балаша сұрактан-сұракты үтетіп жатыр. Роксана аялы — ағы ақ, карасы кара түп-түнік көздерімен сұрақ сайын Ескендірді бір карып түсіреді. Сөзіне не қылыш, не мінезден еш рен қоспай накпа-нақ жауап беріп отыр. Керісінше Ескендір екеуінің әнгімесін бірсарындылықтан алып қашуға болмаши ғана әрекет жасап кояды.

— “Мені жуз қызын арасынан қалай ғана жазбай таныдыныз”, — деп неге сұрамайсыз, Роксана?

— Ал... Сұрадым, ұлы...

— Ұлы дегенді коя түр, Роксана. Басқалар айтса да жетер. Қалай таныдым?.. Өткендегі кездесуден көзін мен қасын, аппак жүзін ғана есімде қалды. Содан соң ойша сурет салып, Роксана патшайымның түр-түсін толыктырым. Бәрі түп-тура шыкты. Біркелкі киінген, шаштарын біркелкі етіп өрген кырдың кызыл гүліндей жуз сұлудың арасында көрем деп ойламап едім. Жуз сұлудың арасынан шын сұлуды танымасам мен Ескендір болып қайтейін. Ол — бір. Екіншіден, әйел затына көз тоқтатпаған, некесі қылмаған жалғандағы жалғыз патша мен шығармын.

— Бүкіл Македония, Грекия, Парсы елдерінен бір ай мандай табылар, ұлы мәртебелім?

— Сол үш елден де табылмады, Роксана. Тек сак елінен тапқандаймын... Табиғат бір ғана қызға бікік те берік рух, кол жетпес армандағы сұлулық, білімділік, тіл катпай-ак ұғысуға болатын зеректікті жиып бергеніне қалай танданбассың. Ол қызын аты — Роксана патшайым...

Роксана толқып-ақ кетті. Бірақ ішкі дауылдан сыртқа еш белгі көрінбеді - гүлде тұнған танғы шыктай мәлдіреп отыра берді. Егер Роксана жас патшаның ағыл-тегіл ықылас-ынтызарлығынан тұған, жанамалатпай түп-тура айткан сездеріне тосқауыл қоймаса соны не болары неғайблі еді.

— Ұлы мәртебелім... Менің естуімше Сіз әлемнің әміршісі болмай тоқтамайсыз. Ал әлемнің шеті мен шегін анықтаған ешкім жок. Мүмкін ұзақ ғұмырының соғыспен өтер? Сондықтан жүрекке құрсау, аяққа тұсау салу кажет пе?

— Қажет, Роксана! Дара тұған екі ақылдыдан үрпак тарау керек. Мен жығып берген жауды бас көтертпей ұстайтын, мен женең берген елдерді ахемендер әулетінше ғасырдан ғасыр асырып билейтін тұқым қалуға тиіс...

— Ақыл-есі, денсаулығы жақсы, бетінен қан тамған жас сұлупар өз ғарынызда да жетіп жатыр емес пе? Әйел заты тұқым үшін қажет болса егін егетін жерініз аз емес.

Александр тұтығып барып күліп жіберді.

— Сөзден ұтылдым, Роксана. Сірә, ойымды шашыратып алсам керек. Дәл қазір дүние қалай өзгерсе де, аспан жерге түссе

де турасын айтайын. Мен саған шын ғашықпын, Роксана. Мен бүгін Оксиарт патшамен келіссөз жүргізбеймін, кұда түсемін. Маған бір нәрсе аян. Патша да біреуге сүйенгісі келеді. Патша да жанына сая іздейді. Сонда касынан өзі жанындай жақсы көретін, ақылды жары болғаны жөн. Мен жалғыздықтан, ёшкімнен мейірім сезінбегендіктен құннен-қүнге қурап бара жатырмын. Мен, Роксана, бұл жерден сенсіз кетпеймін... Не айтасын? Уақыт тығыз. Жағдай киын.

— Мен еш нәрсе айтпаймын, мәртебелім. Сіз әлі Оксиарт патшамен келіссөз жүргізген жоқсыз. Жұз мың әскермен төніп тұрып кұда түскенді естуім бірінші. Одан гөрі сол калың қолмен мені тұтқындал әкеткенініз онай шығар?

— Хм... жақсы. Бұл сезінін де кисыны бар, Роксана. Мен бүгін ерекше сүріншек қүйде отырмын. Онда бәрін рет-ретімен, жөн-жосығымен жасайық. Сенсіз кетпеймін дегенде әскер, соғыс, кара күш менің ойыма келмеп еді. Бірақ дүниенің бір ғана ұшқыннан қып-қызыл өртке айналып кеткелі тұрғаны да анык. Қазір бұйрық беріледі. Македон әскері алғашқы шебіне шегінеді. Келіссөз басталғанша әскердін ту сыртын да көріп қалармыз.

Александр жарандарына бұрылды.

— Кратер!..

Кратер аттап-бұттап жетіп келді.

— Кратер! Әскерді түгелдей алғашқы позицияға алып кет. Сонда дұрыстап жайғаса берсін.

Ойын-сауық тамам болған соң үй иесі Байтак патша македондықтарды сарайға шакырды. Қанлы патшасының конак қабылдауы Александрдың дүркін-дүркін өтіп тұrap пирлеріне ұксады. Шарап шалқып акты, көккүттанның сирағында ыздиган тілерсегі бар кілен алтын тостақтар әр колда. Ұзына бойы бір тайпа елге жетер етіп жайылған дастарқан асқа батып тұр. Би де, күй де, ән де осында. Сырты құлазыған Тасқаланың ішінде інжу-маржандай тамаша сарай, сарай маны хош иіс, небір қияли мұсіндер, ғұлзарлар, шымқай жасыл көгалдар, сыйдырап акқан бұлактар, оймақтай-оймақтай тұнба су, енді-енді түйнек тастаған жеміс ағаштары... Оттырыс барысында Оксиарт Байтак патша Ескендір патшаға арнап ықылас айтты — басилевстер колдарын көкке көтеріп, күмбездеп салған шаңырактың көк тәнірін еске салар көгілдір тұнғиығын айнытпай салған суретіне бастарын кекжите үмсынып: “Уа, Тәнірім, қабыл ал! Көк Тәнірі өзін колда!” деп жамыраса қабыл алды. Байтак Ескендірге бөлек дастарқан жайғызып, оны баршаға арналған дастарқаннан бір текше жоғары койғызыпты. Байтактың жанында осы елдің Байтактан кейінгі бас иесі Ақ абыз, Ескендірдің жанында Гефестион досы.

Той үдеген бір тұста Ескендір Оксиарт Байтак патшаға сөз жүгіртті.

— Көзбе-көз ғана айтылатын сөз бар... Дәл казір.

Байтак ауырлау қозғалып жол бастады. Екінші қабатқа бастар баспаңдак алдында Ескендірді тосып алды. Екі патша және екі тілмаш азан-казан тойдан үзіліп шығып тек ағашынан жасалған ауыр есіктін арғы бетіне өтіп, онша әңгімелерін сабактады.

— Алдымен кеше басталған келіссөзді аяғына жеткізсек, Оксиарт Байтак патша.

— Эрине, мәселе бір жағына шықсын. Оны үлкен екі әлем тосып отыр.

— Скиф, сақ халықтарының ерен жауынгер екені, ешкімнің езгісіне төзбейтіні туралы Ұлы Ұстаздан естіп едім. Ұлы тарихшылар да оны растап көп жазды. Соңғы үш жылда оған өзімнің де көзім жетті. Бірақ бұдан македондықтар қаймығып түр деген ой тумау керек. Македон әскері алмаған камал жок. Македон әскері жеңбеген жау жок. Македон әскері соғыс шиеленіскең сайын шиыршық атады. Алысқан жауын алмай коймайды. Егер Тасқаланың үстінен ак жалау желбіремегенде македон әскері бұл бекіністі жер бетінен жойып жіберер еді.

— Оны Сіздің құдайларының берілгенінде қалдырайық. Кімнің басы қайда домалайтынын, кімнің дәм-тұзы таусылғанын тек құдай, тек Тәнір біледі. Құлағым сізде, ұлы патша...

Байтактың қаны басына шапты. Бірақ Ескендір Зұлкарнайн қанша жерден қайтар екен деп мұқият-тыңдаپ, әр сөздің астарын андалап, сабыр сактап отыр.

— Откен түні құдайлар маған аян берді. Кеше басталған келіссөзден соң қара түнді жамылып, қарақан басым қатты ойға шомдым. Патшаның ісі басынызда бар, Оксиарт патша. Содан

— Бактүр жерінен сәл ғана озып, сақ жеріне сұғынғаннан не таптым, деген саяул таудай бол тұрып алды. Алдында мен осы қадамынан ұтылыс көрдім деп есептедім. Үш жыл уақыттым босқа кетті. Жолымнан қалдым... Артынша басқа ой келді. Скиф-сақ тарихын, оның соғыс өнерін тарихтан, ауызекі сөзден емес майдан алғанында көрген де ұтыс емес пе? Ол — бір. Екіншіден,

сақ патшасы ымыраға келейін деп түр. Мен жауығып, ұлы шайқастан азда болса кеміп кеткенімнен гөрі Ұлы Даланы туыс етіп аттансам скиф-сақ баласы маған арқа болмай ма? Зевстің өзі жол ашып, әлемнің әміршісі бол деп тұрғанда мен неге дереу жолға шықпаймын деген ой еді. Сол ойда отырған шағымда

Зевстің өзі үн катты. “Ұлы Александр, — деді Зевс, — Ұлы Дала — сағым. Онда сен қызығар кала да, қамал да, қазына да жок. Ұлы даланың қазынасы да, киесі де адамдары. Сен іздең алтын мен күміс әр салт аттының сауырында, ат әбзелінде, ер-тоқымында салпылдал жүр. Сактар үшін алтын мен күміс — темір-терсек. Олар дүние үшін дүрлігіп жүрген жок. Сактар қасиет тұтар ең үлкен, ең басты құндылық — жер, — деді Зевс. — Жеріне тиіспе,

адамымен туыс бол, тұқым ал”, – деді. Мен – Зевстің ұлы Александр құдайдың айтқанын екі етпесем деп тұрмын. Оған қоса өз ықыласым, өз жүргім туыстықты тілеп тұр. Мен жаһанамдағы некесі қылмаған жалғыз патшамын. Мұмкін ең жас патша да мен болармын. Сіздің қанатыңыздың астында өзінізге ақылшы болуға жараған, тал бойына эллиндік білім мен Далалық кеменгерлікті сыйғыза білген, әлемде тенденсі жок көркем Роксана патшайым отыр. Македон әскері сақ жерінен ұзаған соң шаш басылып, ел бейбіт өмірге бет бұрады. Сақ патшалары ішкі шаруаларға көшеді. Ұйқы оралады. Тыныштық орнайды. Ал менін әлем әміршісі болу сапарым онай болады деп ойламаймын. Ал қын-қыстау шактарда патша қашанда жалғыз, қашанда сүйеусіз. Сондай шақта менің қасымда тұнғыш рет жүргімді қозғалтқан, санамды жауап алған Роксана падиша бол отыrsa менің қуатым екі есе артар еді, менің бақытym қолыма конар еді. Ұлы патша Оксиарт басилевс дұрыс түсінсе Роксананың тені бұл арада жок. Роксана патшайым Эллиндік одактан, ахемен империясынан құрылған жаңа ұлы империяның тұнғыш падишасы болуға лайық. Ұлы патша Оксиарт батасын берсе біз осы жерде некемізді қиып, екі елдің де салт-дәстүрін толық өткеріп, ел-жүрттың ризашылығын ала ұлы жорыққа аттанар едік. Менің сөзім тамам.

Ақсүйек Байтақ патша ойланып отыр.

– Хм... Құдай текті ұлы патша Ескендір Зұлқарнайн... Тұяғы бүтін тұлпар жок, қанаты бүтін сұңқар жок. Аудар... Иә, токпағы мықты жау шықса женилмейтін шерік жок. Айтып келген жауыннан іштен шықкан жау жаман. Осының бәрін қырық жыл ел басқарып жүргенде талай-талай көргенбіз. Грек те бізге таң емес. Милетті шапкан біз едік. Ахемени әулеті қанша мықты болғанмен грек-македон жеріндегідей баса-көктеп жүрген жок. Бір патшасы басын қалдырды, екіншісі бас сауғалап қашты. Сақ жеріне олар гректін білекті батырларын да алдыға салып келгенді. Одан да ештеңе шықлады. Сақ баласынан көп нәрсе тегін алуға болады. Бірақ сақ баласы алтын берсен де алақандай жерін ешкімге бермейді. Солай болған, солай бола да бермек. Рас, Тасқала жер бетінен жойылып кетуі мүмкін. Бірақ оның ішінде кімнің сүйегі қалатыны белгісіз еді мой! Тасқаланың үстіне ақ жалау тіккізбес бұрын, карттықса бет түзеген, мына, Оксиарт патша басилевстің көз алдына ертең оққа ұшар мындаған македон-грек қыршынының ах ұрған актық демі, анырап аттан ұшар, жардан құлар сақ боздактарының үні құлағымда жаңғырып тұрып алды. Бұл – бір. Екіншіден, сырттан келген жаудың әр қадамы жер иесіне аян. Македон әскерінде қожырау бар, азық-тулік тақ-тұқ, көлік аттарын, әсіресе мініс аттарын үш жылда едәүір кемітіп тастандық. Не үшін соғысып жатқанын білмейтін сарбаз-көзі байлаулы жауынгер. Македон сарбазы қазір сол күйде. Сақ

әскері тың, саны басым, рухы берік. Өйткені өз жері, өз ошағы үшін шайқасады. Соғыс өнерін сақ баласы ат жалын тартып, ерге қонғаннан бастап үйренеді. Женіліс менің ойыма келген емес. Тек бір актық айқаспен іс бітсе деп басты күштердің тоқайласқанын үзак күттік. Жеме-жемге келгендे осы сарайда жатып, Ескендір Зұлқарнайн патшаға дәл қазіргі жағдайда не тиімді деп ойлауға тұра келді. Ойдан жүйрік, ойдан озар барлаушы жоқ. Сонда Сіз бен Біз ертең оқка тоспак, отқа айдамак бейкүнә жан иелерінің ішкі жан айқайы құлағыма жетті. “Оксиарт патша, үш самаланың алдында үш ұлын тұр. Солар үшін, мына баршамыздың көрер күніміз бір күнге болса да үзарсын десеніз ақ жалауды көтерініз. Македон сарбазының екі басы, екі жаны жоқ. Оларға да керегі сол. Ақ жалау женілгендік емес, тек пәтуаға шакыру ғана. Соны жасаңыз. Ол ісінізден кайран кетсе мәселені майдан алаңында біз найзаның үші, қылыштың жүзімен шешеміз, – деді. Міне, ақ жалаудың сырь осылай.

Енді мын жыл ешкімге дес бермеген ахемендерден атабабасының кегін қайтарған, Тир тәрізді ұлы камалды алған, соғыстың бар қатері, бар киындығының үштығында катардағы сарбазben бірге жүріп келген жолбарыс жүрек қолбасшы, тапқыр да, алғыр жас патшаның қолқасына келейін... Роксанага теңі де, тегі де өзіне пара-пар адам табылады. Сактарда “кымызды кім ішпейді, қызға кім сөз айтпайды” деген бар. Рас, сөз салған жуандар баршылық. Бірақ мен ешкімге үәде берген емеспін. Өзіме ақылшы боп жүрген балапанымның, ең соңғы қызығымның бас еркі өзінде. Роксана мен солай үйғардым десе, маған тек бата беру ғана қалады. Ал, өз ниетімді білмек болсаныздар...

Есік екі мәрте жүлкінды. Патшалар үдіреіле қарап қалды. Іле ішке далалық киімнін бар жақсысы үстінде, камшысын салақтаткан, кеудесі алкам-салқам, көзінен от шашкан біреу кіріп келді. Жас мөлшері – Байтақ шамалас.

– Мынаны неге кіргіздіндер! – Байтактың көзі ұясынан шығып барады.

– Мен өзім кірдім! Карадан шыққан карау патша! Сенің алдында патшаның бел баласы тұр. Екеуміз өмір бойы алыстық. Енді ымыраға келудің жөні құдалық деп Роксананы айттырып ем... Сен оны бағаламадын. Қызынды мына жаланбұттар¹ патшасына ұзатқалы отырын ғой?! Даукес шал саусағымен Ескендірді қадай нұскады. Ескендір тілмашына бір нәрсе айтты. Сірә, мынау кім, бұл не шатак, деген болу керек. Тілмаш ерні-ерніне жүқпай түсіндіріп бағуда. Бірте-бірте Ескендірдің де қаны қыза бастаған. Оқиғаның дәл осылай өрбуіне жібермей Байтактың ызығарлы үні өршіген үндерді су сепкендей басты.

– Сен өмір бойы өз тайпаның берекесін алғып, өзді өзін

¹ Жаланбұттар - грек-македон әскерінің киімін айтқаны

соғыстырып келдін. Бір қолын менін жағамда болды. Сенімен ел болу мүмкін емес. Құдалықтан құдай сактасын. Осымен өзіне өзін үкім шығардың. Сенің көзін жойылса Байсаты руы будан былай күллі қанлымен қауышып, тамаша өмір сүреді. Сен енді тірі шықпайсын. Далада екі жұз мың сарбаз дүние не болады - қан су боп аға ма әлде бір ауыз сөз сол сұрапыл соғысты тоқтата ма деп тосуда. Дәл сондай тағдырылы сәтте өлексенді сүйретіп, өлген балыктың дауын жок жерден қуып кеп тұрсын. Ел тағдырын өзінің күйкі тірлігінен артық қойған сен үшін, жаңа сасық саусағынды мейман патшаға қадағанын үшін, сенің кесіріңнен сөзіміз жараспай, келсіссөз түйіккә тірелсе, дүлділдер мен ак мандай азаматтардың жаңы қызылуы... Сен солардың ешкайсынан артық емессің. Баяндұр, баһадұр! Жақын кел... Қынықты тұтқынға алындар. Зевстің ұлы Ескендірге қарата шошайткан саусағы шабылсын. Өзін зынданға салындар. Жанына ілескен жарбақайларды байлап тастандар. Егер және бір тосын жайт болса Баяндұр, басын кесіледі. Барындар!!!

Тілмаш Байтақтан қалмай болған-біткенді аударып отырғаны Ескендірдің сөз сонына қарай жүзіне қан жүгіріп, көзіне жылылық үйірлгені байқалды.

Қынықты екі қара дәу тұрған жерінен тік көтеріп, бәркін бетіне кептеп ала жөнелді.

- Мынадай әбестік үшін мен, ұлы патша Ескендір Зұлкарнайнан кешірім өтінем. Аудар...

- Жөнін айтайын. Өйткені жаңа Роксананың аты аталағы қалды... Үзден бұрын айтқанымдай Роксананаға сақ патшалықтарының бәрінен дерлік сөз салынды. Біздің әдет-ғұрыпта оған әркім ерікті. Ал қыздың иесі, яғни әкесі солардың біреуіне тоқтап, құдалыққа уәде берсе қыздың басы бос емес деп есептеледі. Кешікпей ұзату тойы қыз елінде, қелін түсіру, отау тойы жігіт елінде өтеді. Мен ешкімге уәде берген жок. Роксананың басы бостан. Және де... Роксана қөптің бірі емес. Тәңірім ерекше жаратқан жан болғандықтан, оны ел-жұрты түгел білетіндіктен бұ дүниеде өзіне кім лайық әкенін Роксана өзі шешеді. Сондықтан ұлы патша Роксананың алтын басын шын сыйласа одан хабар болғанша бірер күн тосуға тиіс. Патшалардың баска да мүмкіндігі бар – күшпен алу. Оны ұлы патшаның өз ықтияры біледі. Мен ак жалау қөтеріп, өз ниетімді білдірдім. Сол ниетте тұрамын.

Ескендір сәл езу тартып, жаймен орнынан тұрды.

- Күш көрсетудің кажеті болмас. Онсыз да мен үшін дәл қазір бір тайпаның басилевсі саусағынан айырылды. Ха! Ха! Ха!

Байтак та құлкіге басты.

- Сол саусактан тамған қан македон мен сақ арасындағы соңғы тамшы болса деп мен де тілек тілеймін. Біз, Оксиярт

Байтак патша тынысымыз кенілі, жана туыс таптық деп ставкаға ораламыз. Маған Соғды-Бақтүр-Сак жеріндегі үш жылдан ғері Роксананың не үйғарғанын тосар үш күн ауырлау соғатын шығар. Тосамын. Роксанасыз жалғыз аттану – мағнасыз өмірге бет алу деп білем. Осы сезім құлағына жетсе Роксана мені ұғар деп үміттегенем. Дәл қазір мен патша да емеспін. Жаңы жадау ғашық жігітпін. Бар болғаны... Александр патша сезінде тұрмапты дегенді ешкім естіген емес, естімейді де. Александр патшаның сезі өтпепті дегенді де естіген жоқсыздар. Зевстің ұлы ұмтылса жетеді, ұмсынса алады, кемсітуге төзбейді. Жаксылықпен қауышайық. Кош!

Ескендері бастаған македондықтар тун жамылып жолға шықты. Оларды сактардың үш жұздігі үш жағынан қаумалап, кездейсоқ қактығыстан корғаштап, бас ставкаға әкеп бірак тіреді. Сак сарбаздары аттан түсіп, он қолдарын кеудеге басып, патшадан үзір сұраған ишара жасады. Патша сақ сарбаздарының жіті қымылына, тәртібіне қарал қалыпты. “Егер шын туыс болсак Оксиарт патша Үнді сапарына әскер қосар ме екен? Бес мын әскер беріп, мініс аттарының, сүретпеге лайық шаруа аттарының, кемшінін түгенден берсе Үнді сапары сәтімен басталды дей беруге болар еді”. Патша он қолын жоғары қөтерді – сарбаздар үзенгі іздеместен ат үстіне қона кетті. Қебіне-көп қарагер атты жасақ ат тұяғымен құм-тасты алқаптың миын шаға караңғылыққа сіңіп кетті.

Сақ патшалығынан оралған оншакты адамды Ставкаға өткізіп барып, Александр ішке енді. Ол әнгімесін қыска кайырды.

– Мен Оксиарт патшадан Роксананың қолын сұрадым. Сақ патшасы үш күннің ішінде жауабын аласын деді. Роксана қалай үйғарса әнгіме сонымен тынады. Менің сезім қабыл болмаған күнде де біз сактармен енді соғыспаймыз. Рас, сақ патшасы да, Роксана патшайым да қатты ойлансын деп екі ұшты зіл таstadtым. Ол тек сактарды тезірек ілітү үшін айттылды. Ал шын сезім – соғыськым жок. Бітімге келу үшін ақ жалаудың өзі жеткілікті. Негізгі күш алдағы Үнді соғысына шашау шықпай баруға тиіс. Келіссөз көзбе-көз жүрді. Сіздер катыспадыныздар. Сондықтан маған ілесіп барған өкіл болмағандықтан келіссөздің тоқетерін айттып тұрмын. Бұғынгі шаруа осымен тамам. Маған сұрақ бар ма?

– Бар. – Селевк.

– Тыңдал тұрмын.

– Туыс боп аттансақ бәрі түсінікті... Ал құр алақан кайтсақ әлденеден ығып, сыйтылып шығуға асықкандай болмаймыз ба?

– Маған қалғаны иә соғыс, иә бітім. Одан басқа қандай мүмкіндік алып бердіндер, ұлы қолбасшыларым? Сактың қанша каласын қараттындар? Қанша әскерін жойдындар? Қанша

сатрап сайладык? Бұғін кирайсок етіп жаулап алған жерін ертеңінде қайтадан сақ жері бол таңын атырады, ту сыртынан оқ жаудырады. Бұл елді жену онай деп кім айтты? Сак... Скиф... Бұлардың жері қайдан басталып, кай жерде аяқталатынын блемісін, Селевк?

— Білмеймін, Александр!

— Мен де білмеймін! Яксарттың бергі бетінен сонау Византияның қыр желкесіне дейін созылып жатқан, табынатыны Тәңір, бірін бірі тілмашсыз түсінетін іркес-тіркес сақ патшалықтары, хандықтары, тайпалар одактары жатыр. Біріне тиіссен баскалары бас көтереді. Бұғінгі келісізден анғарғаным Истра мен Идел¹ арасындағы скифтерден көмекке үлкен әскер келіпті. Біз бар құшімізді Тасқалада сарқып алуымыз әбден ықтимал. Оксиарт патша менің өзіме македон әскерінде қаншалықты азық бар екенін, жүк аттарының, мініс аттардың санын, кімнің кай жерде қанша күшпен тұрғанын жатқа айтып берді. Бұл жердің қамыс-құрағы, тал-терегі, ұшкан құс, жүгірген аны да бізге қарсы...

— Сонда біз неге үш жыл аялдадык, ұлы патша?

— Жанағының бәрін түсіну үшін. Түсіндік. Көзіміз ашылды. Енді керек жерінде сактардың соғыс тәсілін пайдаланатын боламыз. Соғыс өнерін, алмас қылышын, садақ жасауды, тартуды, ат өнерін үйрену де артық болмайды. Енді Үндіге барғанда басқаша соғысамыз. Біз мұлдем құр алакан кетпейміз. Біздің ықылас-ниетімізді, сірә, сактар әскер қосып, бес-алты мың жылды, азық-түлікпен сатып алатын болады. Одан ары қинауға мен де бармаймын, олар да жібермейді. Сактардың Ұлы Даласындағы мыңғырған майды есепке алсақ бес-алты мың мініс аты теңіз бен тамшыдай-ақ. Солай, батырларым. Иә, бұрындар, Граника, Гавгамел тұстарында мен алға ұмтылатын едім де, Парменион тежеуші еді. Енді шабатын да, тежейтін де өзім. Бұл жолы сақ жерінен әскерімді тынайтып, кем-кетігін толықтырып аттанғанымды үлкен олжа деп білер ем. Скиф-сақ, естерінде болсын, бір кезде мен құрған ұлы империяға кіретін болады. Ол үшін Варварлар бізді еш шүбәсіз мойындауы шарт. Біздің бүгінгі салмағымыз оған жетпей түр. Үндіні қаратып, Балқанды, Аппенинді жаулап, бір күшпен Яксарт жақтан, екінші күшпен Истраға дейін соғыса жүріп жетсек скиф-сақ патшалары және ақ жалау көтереді. Солтустірі мұз теңіз, шығысы таулы орман, ортасы Ұлы Дала бол келер киял жетпес кеңістікке, Селевк, сені бас сатрап етіп тағайындаимын. Сонда жанағыдай қыжыртпа сұраптарды саған мен қоятын болам! Бәрін боссын. — Патша шалт бұрылып тунемелікке бетtedі.

1 Идел - Еділ, қазіргі Волга өзені

* * *

Македондыктар кетісімен кіші сарайға, келіссөздің немен тынарын тосып жатқан үйсін Күнбегі, массажет Қайымерден мен парадарайя сактарының бас иесі Мекелхамар Байтактың шақырыммен жаңа ғана Ескендір Зұлқарнайнмен онаша сейлескен қауызға¹ келді.

— Сөздін токетерін айтайын, мырзалар!.. Ескендір Роксанага құда түсті. Ақиқаты сол — док көрсету, тізеге салып сөйлеу болған жоқ. Бәрін өте сыпайы келтірді. Бұл қадам патшаның саясатқа шатысы бар харекеті емес, ет пен сүйектен жаралған адамның жүрек қалауы. Сондықтан тұнғыш рет некемді Роксанамен қисам арманым жоқ деп жігітің ах ұрып тұр. Мен өзімнің ұстамынан таймадым. Роксананың еркі өз қолында. Роксана қалай шешсе солай болады дедім.

— Роксана қабыл алмаса ше? — Күнбегі.

— Оны да сұрадым, мырзалар. Ескендір ежіреіле қарап: “Болдыру керек, Оксиарт басилевс. Мен жасап жатқан әлемдік империяның падишасы болу Ұлы Дағаның қызы Роксанага ғана лайық. Оның жаңында мен де шексіз бакытты болар ем”, — деп шегінбеді. Ұмтылсаң жетем, сұрасам алам, кеудемді ешкімге бастырмаймын, деп те сипай қамшылады. Қалай түсінсендер де өз ерітерінде.

— Роксана келіссөздің жайын естіген болар, аға патша?

— Жоқ. Алдымен өздеріңе айтып отырмын. Роксана жалғыз Байтақ патшаның еркесі емес. Роксана күллі сақ даласына тән өз биігі, өз данқы бар адам.

— Роксана, әрине, казіргі жағдайды түсінеді. Сақ әскерінің ұзын саны жүздің сәл үстінде екенін анық біледі. Ескендірдің әскері тек Тасқала тубінде тоқсан мын. Олар өзінен басым күшпен соғысып үйренген мықты әскер. Ал шетте және елу мындаі тірепі бар. Сонда Ескендір мені менсінбейтіндегі кім едіңдер деп лап қойса не істейміз, ағалар? — Қайымерден сөздің тұрасын айтуда шақырды.

— Күнбегі көреген не айтса сол болсын. Басында одақтастық тізгінін бергеміз. Енді бір-ақ шайқас, актық шайқас қалғанда өзі айтсын. Қане! Тәуекел деніз, жарқынның. Екі өлім жоқ. Екі Отан жоқ. Не істесек те осы алдағы үш күн саябырды барынша пайдалану керек. Біздің “скифтен көмек келді”, әскер саны екі жүз мындан астам, оның үстінен ел бол тугел көтеріледі деген деректеріміз, әзірше, Ескендірді тежеп-ақ тұр. Егер оның барлауы мен жансыздары осы үш күнде бәрін айқындалап берсе Ескендір күшке салады.

¹Қауыз - ғимараттың бір белігі, бөлме, зал, помещение ұйымын берген.

Сөз кезегі Күнбекінің өзіне келді.

— Біз жағдайдың ең киынына дайындалуымыз керек. Бұқіл сақ елін каршадай қыз корғап қала ма, жоқ па деп отыру — ер атымызға сын. Роксананы жат жүрттық ету обал. Оған қажыманыз, аға патша. Енді накты іске келейік. Кайымерден, інім... Мекелхаммар басие, Бүгінгі түннен бастап көз көретін тұстағы қойнаулар мен беткейлердің бәрінде көз байланы сансыз от жанатын болсын. Оған әскерді тартпай колына бір кулаш таяқ ұстай алатындардын бәрін салындар. Ескендірдің көзі кайда түссе сол жакта жыпырлаған от жанып жатсын. Қөп қорқытады, терең — батырады. Ол жайт Ескендірдің шешіміне ықлал етуі. Мүмкін туыстық жарасласа да дәм-тұз татыстық, бет-жүзімізді ашып алдық, деген желеумен, киналғансып, доңайбайт жасап, біздін ақ жалау көтергенімізді тілге тиек етер... Және... Ескендір ешкімнен акыл сұрамайтын, тірі пенден бір демі артық туған құбылыс. Ол кімді болмасын есептен жаңылдыруы. Мүмкін таяу күндердегі қарабайыр шабуылынан бас тартып, біздін әскерді далада, ашық жерде тосып алуы. Сірә, солай болуы... Онда бар әскерді македондық ажданаңын аузына тыға салуға болмайды. Біз өз тәсілімізден танбаймыз. Әскер лек легімен жанап өтіп оқ жаудырады. Македон шерігін еліктіріп, ары тартып, бері тартып, ен далаға, қырқа-қырраттарға жетелеу керек. Қырkalарға жақындаса арғы беттеген құрама садакпен бетпе-бет қарсы алып, біраз жосылтқан сон шегінү қажет. Құдайдың күні жетіп жатыр. Біз өз жеріміздеміз. Асығатын ештеңе жоқ. Соғыс қайтадан созбүйдаға айналғанын түсінсе Ескендір бірінші бол аға патшага өз адамын жіберіп, пәтуаға шакыруы әбден ықтимал.

— Тасқалаға лап қойса ше?

— Тіпті жақсы. Қалада тірі жан қалдырмай үнгір жолмен шығып кетеміз. Сол үнгір жолмен келіп, түн баласы қынаша қырамыз. Басқа амалымыз жоқ. Қазір аға патшаны қозғамайық. Үш патша сардарларға барып кенес өткізейік. Әскерді соғыска әзірлейік. Жаңа айтылған амалдарды жасауға жер-жерге шабармандарды жіберейік.

— Жағдай өзгеріп жатса, мен үшеуінді қайдан іздеймін?

— Сарай түбінде түрған шабарманға айтсаныз болғаны, біріне бірі жеткізіп, табан астында табыла кетеміз, аға патша. Енді Сізден үзір сұралық.

— Жортканда жолдарың болсын, Тәнірдің көзі түзік болсын...

Үш патшаның сарайдан асығыс аттанғанын көріп, Роксана анасына таяп келді. Не дерін білмей кідірістеп түр.

— Э, қызыым, бұу не тұрыс? Тынықпадың ба?

— Қайдан... Ел тағдыры ойпы-тойпы... Нәубеттен аулак! Жүргегім зу-зу! Ескендір не деп аттанды, әкеме не жүк артты?

— Білмек болсан әкеңе жатын орынға ішер сусынын апарып бер. Мұмкін бірдене естірсін.

Роксана куанып кетті.

Күміс табақша үстінде алтын тостақ қалқып барады. Байтақ патша жозы басында екі алаканымен екі шықшытын қыса тұңжыры отыр екен. Роксананың келгенін білді ме, жоқ па белгісіз. Роксана ыдысты жозыға койғанда да Байтақ сelt етпеді.

— Эк...

Байтаққа мына дауыс алыстан талып жеткендей болды. “Роксана... Қызым... Алданышым... Ақылшым...” Басын көтеріп қарағысы келді — дәті шыдамады. “Сен кетсен екеуміздің құніміз не болады? Сен үнемі қатердің қасында жүрмексін. Құні-туні сені ойлап анаң екеуімізде не тамтық қалады? Осы кеткеннен мен сені қөзімнің тірісінде көрем бе, жоқ па? Роксана, Тәнірім сені неге осынша ыстық қып берді? Адамның зоры болмай-ак, — тек адамның қоры емес біреуге, осы төнірекке неге ғана ұзатылып кетпеді екенсін? Ен болмаса мандайыннан иіскең, көргім келгенде сипактап баар ем ғой! Сенің алдында Байтақ деген патша жоқ — Байтақ жүрек қана. Сол жүрек қан жылап тұр, балам!”

— Эк... Ауырып отырмысыз?

Байтақ болар-болмас бас шайқады.

— Сусыныңызды әкелдім...

— Балам... Ананды шақыр. Өзің де келе ғой.

Роксанага ілесіп, ентігіп Дәниша бәйбіше келді. Дәниша бәйбішенің құні-туні Тәнірден тілейтіні бір-ак нәрсе — отбасының бүтіндігі, амандығы. “Шакырып жатыр” деген сөзден соң-ак Дәнишадан ес кетті. Байтаққа бір бәле таяған жоқ па деп қаны басына шапты.

— Басиееем! Ауру-сырқаудан аманбысын, өзі... Бұ не отырыс? Коркыттын ғой әбден.

— Отыр бәйбіше. Тында. Ұзак баяндар хал жоқ.

Байтақ басын көтеріп, алдында отырған бәйбішесі мен қызының жүздерінен көзін алып қашып, төбелерінен асыра қарап отырып сейлеп кетті.

— Ескендір менің бермесімді сұрады. Мен өзіме өзім берген сертімде қалдым — бас еркі өзінде дедім. Ол мұнда дос бол келмегені аян. Енді, мен адам танысадам, шын пейілімен, жас адамға тән ашықтықпен құда тусты. Журегін тосты. Док, көрсеткен жоқ. Ұлы империяның падиshalығына тек Роксана лайык деп ағынан жарылды. Үш күнге үзіліс алдык. Содан соң туыстығымыз жараспады деп, намысын таптады деп соғыса ма әлде басқаша ақылға келе ме — мен білмеймін. Үш патша не де болса қапыда қалмайык деп соғыс әзірлігін жасауға аттанды. Соғыс басталса, сірә, екі жақ та баудай түседі. Екі жақтан қырық мындаидай боздақ жер құшады. Ол — анық. Кім женеді — Тәнірім біледі. Бір нәрсе

анық — Ескендір болмақ түгілі оның Зевс құдайы келсе де Байтак елді, жерді гастан ешқайда кетпейді. Мен қалай соғыссам елім солай шайқасады. Сақ топырағында тайрандағандар аз болған жок. Бірақ бір сүйем, бір қарыс жер тартып ала алмады. Алмайды да, Қанлының тоғызы жүз алпыс түтінін түгел көтерем. Сақ баласы аман болсын. Күнбекі көрегенім, Қайымдерден інім, Мекелхаммар ақылманым тірі түрганда мен кімнен корқамын. Сол — айтарым. Мен бір мызығып алсан тан да атар. Жан-жақтан хабар-ошар да келे бастар. О, Тәңірім, ергенгі қундерімді бүгінгіден жарқын ете гөр! Елімді аман, жерімді бүтін ет!

Роксана анасының қабағына кірбен ілінбесін деп, маржан тісі жарқырап, көк шыбықтай солқылдал, бейкүнә көздерінен жылу есіп кете барды.

— Шаршадым, ала! Ұйқым келді.

“Кыз махалланың” ортасындағы сәүкеле порымdas шағын сарайда Роксана тұнгі салқыннан тітіркеніп келіп, мамық төсекке батып кетті. Ұйқы дүшпанға карсыласып, ғаламдық оқиғалардың кесімді құніне айналған құнді ақылға салмақ еді шамасы жетпеді. Манаурап жатып, адасқақ елестердін арасынан Александр бейнесі қалқып шықты. Қадалған жерін ойып түсердей өткір көздері Роксананы ұстап түргандай. Қасына ерген ашан да көркем Гефестион, тас мұсіндей берік Кратер, қашанда патшаның ту сыртында тұратын Аристофан, мол денелі, басына бас тен келмес, ажырайып қарасы жан шошырылғы Птоломей Александрдың жанында қаланып тұр. Роксана бәрін жағалата шолып шығады. Одан соң қайтадан Александрға тоқтайды. Александр бәрінен ерекше. Мүмкін патша болғандықтан шығар? Роксана қайтадан әр түрлітты мықтыларға салиқалы адами көзбен қарайды. Бәрі орнында. Бірақ бір нәрсе жетпейді-ақ. Ол не? Қайтадан Александрға қарайды. Суарылған қылыштай сүйк Жайшылықта оның қат-қабат сауыт-сайман, темір торлау төстіктөрінің арғы жағынан басқа адам қылаң береді. Әкедей камкор, баладай сүйкімді, нәрестедей пәк бір адам менмұндалап тұр. ...Бірақ құллі Кіші Азияны, Грекияны қанға бектіріп, қаласын киратып, адамын құл етіп келген адамнан жақсылық нышанын іздегені қалай? Қолы білегінен кан. Қарулас қасабаларын өлтіртті, өзі де өлтірді. Сонда бұл кім? “Патша” — деді әлдекім. Роксана одан басқа жауап ізdemеді. “Патша” дегенде Александрды қөмескілеп өз әкесі Байтак елес берді. Роксананың көз алдына, неге екенін, он екі жасында өз көзімен көрген әкесінің катыгездігі сурет бол тұра калды. Роксананың денесі тітіркеніп, журегі шым етті. Ұйқысы сейіліп, әлгі бір ланының шырмауында қалды.

Қайрактас деген жерде үш жүз түтін кент бар-тын. Іркес-тіркес, ығы-жығы сұрықсыз мекен. Кенттің бас иесі әппак сақалы сүйірлене келе белбеуін жабатын созалан қимылды, әр

сөзін сатып, тілін еміп, ділмарсып сөйлейтін кісі-тін. Ауыл болған соң онын өз арызкайы, өз ұрысы, өз сайқымазағы, өз әншісі, өз күйшісі, өз пысықайы, өз қыныры, өз тентегі, өзінің жатыптары түгел болатыны бесенеден белгілі. Сол Қайрактас бұлығынан бүлік шыкты. Жалғыз Қайрактас емес Сарысудың ашасына таман отырған бұлық¹ көптен бері ата қонысқа ауамыз дегенді қоздырып жур. Созалаң шал тілін bezеп журіп, төрт бес ауылды байырғы жүртка қайта көшуге көндіреді. Оның анық-қанығына жеткен Байтақabyздары мен кеменгерлерін жиып талқыға салады. Содан қандай шешімге келсөн де қарсы емеспіз. Іріткішіл ел адамына кешірім жок деген үйғарымды көкейге түйіп, бес жұз жасақпен Байтақ Қайрактасқа дүр етіп жетіп келеді. Шабармандар көшпек болған төрт ауылдың бас иелерін лезде алдырып, олардын патшаға айтпай жасаған әрекеттерінің себебін тыңдайды, уәжін ұққансиды. Бұлікшілер не айтса да көшпей қоймайтындарын білдірді. Жай жеткізбей тіл ұшындағы уды да Байтаққа дарытуға тырысты. Бұлікшілер аузы көпіріп қанша акталғанмен басиelerdің үкімі Байтактың көмейінде тұрган.

— Болдындар ма?!

— Естір құлакқа бұл аз сөз емес, жаланақ Байтақ... — Созалаң шалдың көзінен көк ұшқын шашырап тұр. Байтақ бас иелерді ортада қалдырыды. Айнала ентелеген жүртты жасақ аттың бауырына алып, тірескенін дойырмен көндіріп, оп-онай түріп тастады. Байтақ қарагер атымен ортаға шыкты.

— Уа, жұртый! Сендердің ішіп-асқа, киіп киімге жарымай отырғандарың-мына бесеуінін кінәсі. Бұлардың бәлендей байлығы жок. Бірақ казаны майлы, құрметшілері жеткілікті. Осы сексен үйдің бәріне бас сұқты ма, сұнқылдаған Сұнқар басиelerін?

Жүртта үн жок.

— Бұлар тіл белеуге жорға, тіршілікке жоқ.. Сендерде темір жоқ па? Түрен соғар бір ерек табылмады ма? Соқа тартар өгіз жоқ па? Жерге себер тұқым алдыру осылардың ісі емес пе еді? Суға тапшысындар ма? Ақылдарың кем бе, армандарың аласа ма? Әне, тұрып жаткан лашықтарыңың сұры. Ішкі қанлыдағы жасыл желеқке оранған мырсындаі кенттерді көрмеп пе едіндер? Олардан жер жағдайларын едәуір артық. Су да, ну да бар. Соған мұрындық болудың орнына ызындаپ елді азғырды бұлар. Осылардың жігерсіздігінен, бойкүйездігінен аса алмай сендер де, жұртый, так-түк тірлікке бой алдырындар. Кенттерінде тау көшірер жігіттер жоқ па? Әр тутін қысы-жазы бір ат, бір сиыр, бес-алты қойдың шаруасынан аспай қалдындар. Бұл күйлерінде осы бес ауыл қанлы патшалығына да керектерін жоқ. Ал кетті екенсіндер, сонда ағылып мал, ұмар-жұмар дүние-мұлік алдарынан шыға ма? Кірме қашан сүйкімді болып еді?! Әзірше

¹ Бұлық- әкімшілік бөлік

шықпа жаным шықпамен отырсындар. Көшсендер жолай бар малды сойып жеп, нағыз жырындының кебін киесіндер. Одан гөрі серпілмейсіндер ме?! Әйел мен қолғанат балалар үйдін, азаматтар тұздын тірлігіне жұмылып, етін егіндер, бақ отырғызындар, кесек күйип патша көnlін білер там соғындар. Жалғиған там емес, адамның әдемі киялындай, бірінен бірі озған ғимарат соғындар. Үйлеріннің жан-жағы бау-бакшаға малынып тұрсын. Тірліктің бір жағын төрт тулікке, бір жағын жерге, егін-жайға, кіре тартып, мал айдал, Бактүр-Соғды, Марақан базарына жол тусіріндер. Сендерге осыны жасатпаған кім? Байтақ патша ма, әлде көбік ауыз басиелерің бе?

Байтақ сәл бөгеліп барып, кайта сөйледі.

— Соңғы рет айтам! Бұл жалғыз менің сөзім емес. Абыздар мен кеменгерлердің ұғарымы. Міне, бес ауылға бес арба дән әкелдім. Бас салып жесін деп емес. Жерге ексін деп. Бес ауылға еңсесін көтеруге жарап алтын әкелдім, күміс шака әкелдім. Бас ие оны ым-жымы бір сумақайлармен судай шашсын деп емес. Аузына қараған елдін кем-кетігін базардан алдырысын, тірліктің көрігін коздырысын деп. Ал осы сөзіме токтаймысын, Сұнкар басие?

— Байлығынды басыңда шайнаң бурк, жалаңаяқ Байтақ!

— Хо-ош! — деді Байтақ сабырмен. — Сен не айтасын, Тайсойғанның басиесі?

— Итке тастаған сүйегін ғой, бұл жалаңаяқ Байтақ, қалай әкелдің солай алыш кет. Біз көшеміз.

— Басқалары не дейді?

— Көшеміз!

— Көшеміз!

— Қарамызды батырамыз! Естімегеніміз Байтақ, көрмегеніміз қорлау болсын. Осы күнге дейін кайда журдің, данышпаным? Ел алдында алтын әкелдім, астық әкелдім деп қөлгірсисің. Тері шалбарынның көті жылт-жылт етіп, ел кездін. Құдай берген кара күшпен палуан атандың. Жұғымсыздың баласына тән тәтті тіліңмен санатқа іліктің. Өзің биіктің көтін жалап жүріп, таққа ұрланып барып отырдың. Елдін қыбын таба сөйледің, өз ісінде алдымен ойладың. Біреулерді аузы-мұрнынан шығара жарылқап, халықтың дені, кайталаймын, халықтың дені, сенің салығын мен тойына, сенің салтанатына жем бол, осы халге жетіп жығылды. Сенің жидашыларың¹ шетінен бек аталып, бір-бір бекініс соғып алды. Соны көрмедім деп айта аласың ба, данышпан? Елдін естілерін арсыздарға жәутендетер неше айла-шарғы жасадын! Оны жұрт білмей ме? Сенен басқа қанлы баласы тек айдағанға жүретін түйсігі жок мал деп пе едін?! Сен де түбінде өлімнен құтылмайсың. Менің қорқатынным қанлының тағын қанлыдан қызығанып, қазір ауыз жаласа қалған жас патша үйсін Күнбегіге

¹Жидашы - салық жинаушы.

билікті ұстатасын. Менің де айтпағым сол. Сұры жаман, сүсылдаған жидашыларыңың мың құбылған салығынан өлгенше ата қоныска жетіп, жер жастанғанымыз артық. Сен сыртын кара, ішін ала патшасын. Сен сайкал патшасын. Сенен жаксылық күтегуте күніміз бітті. Енді үрпағымыз мұндай нойыстан, адамның харамынан ада болсың. Арманымыз да, ниетіміз де сол!

— Мен біреудің сандырағын естуге келгем жок. Жаксы патша болайын, жаман патша болайын оның бағасы бүгін берілмейді. Патша дүниеден озған соң, келесі патшаның ісімен салыстырғандағана белгілі болады. Менің таққа жалаңақ келгенім рас. Бірақ елімді қанаттыға қактырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай жерге жер косып, елте ел косып, іргелес патшалармен тіл табысып, осы отырған қасиетті жерге басы бүтін иелік естуге күш салдым. Қотанның қамын Отанның қамымен теңестіру ешкібастардың ісі. Осы тұрған бәрінде тіл бар. Бәрінде ой бар. Соның бәрін ойша шолып, жүректен өткізіп, жігерін жаңып ойға да, қырға да, жауға да шабатын кім? Патша! Мына, пиғылы мұңсік бесеудің елді сарыуайымға салып, еңсесін басып ұстауына енді төзбеймін. Патшаның кесімін тындандар. Ел іргесін сөгуге жұмыскы әрекет жасаған бесеуді елден аластаймын! Сардар! Іске кірісіндер!

Сайланған сарбаздар бес атқа бесеуін мінгізіп, аяқ-қолдарын таңып, үстеріндегі лыпамен айдал ала жөнелді. Жұрт у-да шу болып, шыңғырған дауыс, лағнет жаудырған ауыз, айдалып бара жатқандарға араша болмақ ышқыныстан сыртта, әкесіне айтпай, араға козы көш жер тастанап, құрбыларымен ілесіп келген Роксананың жаны түршікті. Әкесі басын кекжитіп, екілене пәрмен беріп жатты. Әлдән уақытта сойыл ұстаған елу шақты жігіт айдаушылардың сонына қарай құстай ұшты.

— Тоқтатындар! Болмаса атындар! — деді Байтак бар даусымен. Тоқтату кеш еді. Әккі сарбаздар жақындалап барып, әлгі басиелеріне араша түспекші сойылышы жаланқат жейделі жігіттерді бір-бір атып далада қалдырыды. Шыңғырған жылқы ес таппай ауылға қарай құйындарды. Ол кез әлгі қатігездікті көрген халық сарбаздардың шаужайынан алдып жаткан. Жарылған бас, шыққан көз, ат түяғының астында қалған жаралылар, бетін қан жапкан әйелдер саны көбейе Роксана ат басын Битанға қарай бұрды да, атка камшыны көміл-көміл жіберді. Мұндай сұрқия тірлікті көрген емес, көргеніне өкінді. Енді әкесін көру оған онайға сокпайтын болды.

Роксана болған біткенді анасы Дәнишаға айтып еді шешесі шарт кетті:

— Нең бар еді сонынан бұқпантайлап? Әкең кім сенің? Күйкі тірлікten шыға алмаған майда кісі ме еді? Әкең патша! Ел ішіндегі барлық іске жауапты. Сұнкар шал өзінше хандық құрғысы келеді екен деп елді босытып жіберуге бола ма? Патша кейде мактайды,

кейде ақылға көндіреді, шетке шыққандарды жазалап та ел ішінде тәртіп орнатады, – деп Роксананы катаитып тастанды.

... Міне сол бір оқиға Александр мен Байтак арасына тендік белгісін қойғандай. Бұлар тағдыры өзгеше жандар – патшалар. Олардың иығындағы жүкті тірі пенденің басына бермесін, дейді Дәниша падиша екі сөзінін бірінде. Бірақ патша болу әр адамның арманы емес пе? Әлде Тәнір патша тағын армандаганға, қайтсем жетем деп өліп-өшкенге емес, іздемеген, ойламаған адамға бере ме? Ол да шындыққа келмейді... Сөз жоқ патша атану да, падиша болу да тенденсі жоқ бақыт! Сондай бақыт Роксананаң конғалы түр. Бірақ Роксананың басы қара бұлт, қеудесінде ызырық жел, жан-жағы толған үрей. Міне, қолы бақытқа жеткен адамның жан азабы... “Е, Тәнірім, ертең маған тың жол көрсет, дұрыс жолға сал. Сабыр бер, күш-куат бер”... Роксана түнді ортадан асырып барып, әрен көз ілді.

Ертенінде Роксана өз сарайынан шықлады. Ас-суды сонда алдырты. Ешкіммен сөйлеспеді. Тұс ауа бас сұққан анасымен іштегі аласалыранды бүркемелеп, көnlіdі сөйлесті.

– Ауырғам жоқ, апа! Тек көпке дейін үйкі қашып, таң алдында көз ілді.

– Мен де сол, қызым. Байтак та солай шығар. Құт-береке қашпасын. Ол қашса бәрі сонымен бірге кетеді. Заманды көрмеймісін? Әкен елді әкетіп жатыр. Кала бос. Оның есесіне дәрияның астынан басталатын үш үнгір жолды кару-жаракпен толтырып тастанды. Ертең кіші сәскеден сон біз Битанға жүреміз. Мына жерде қырғын соғыс болатын сұры бар. Әкен тас түйін. Сен де былай, күндеріңе айтып, жолға жинал. Тәнірдің басқа салғанын көрерміз. Бүгін жан-жағымыз жым-жырт. Тыныштық. Ертең де аса еш нәрсе бола коймас. Дегенмен ерсілі-карсылы жүріс көбейеді. Ал оның арғы құні канша адамның жаңы шырқырап, сонындағылар шулап қаларын білмеймін. Мен не білер дейін, бірақ әкенің сыры маған мәлім. Жойқын соғыс болғалы түр. Әкен ондайда бұғып қалмайды. Өзі басқарады деп естідім. Тек аман шыға ма, жоқ мерт болып, аяғымыз аспаннан келе ме бір Тәнірдің жазуы біледі. Жақсылық болғай, қызым. Өз орнымда болайын. Байтак көнсе дұрыстап тамактандыру керек еді.

Дәниша орнынан тұрғанда аппақ қынама бел дурия көйлегі сусып сыйқырлауық көк етікті тобыққа дейін жауып қалды. Шәлісінің шашағын сол иығынан асыра лақтырыды. Өрнексіз, әшекейсіз доқаба желеткісінің капсырмасын жүре бекітіп сыртка беттеді. Қызы анасына қарап, оның сөзі мен кимылынан іште бір шайпау сөз жатқанын анғарды. Бірақ өмір бойы Байтактың жығылмақ түгілі, сүрінгенін көрмеген Дәниша бүгінгі әлемнің ен үлкен екі күші тарихтың бетін бұрарлық буырқаныс үстінде екенін терен сезбейтін секілді. Оның ойынша бірер күн соғыс

болады. Байтақ женеді. Жау қашады. Дегенмен ғұмыр бойы санасына сінген Байтақ күдіреті сыр бермесе етті деген үлкен алан да жоқ емес. Кайткенде, Дәниша үшін дүниенің кіндігі қашан да Байтақ тұрған жер. Бар оқиға, бар жақсылық, барша женіс, татымды, айтулы істер сол Байтақ тұрған жерден бастау алады. Дәнишаның көзі жиырмадағы Байтақ пен алпыс жетідегі Байтактан айырмашилық іздемейді. Дүние өзгерген сиякты. Тек бүгін Байтак дудыраған шашын таратып, желкесіне бекіткізгендे¹, бетін білем-білем әжім сойып-соыйп тастағанын, көз алды көлкіп, ісініп тұрғанын байқады. Шашы түгел ағарып біткеніне көзі жеткенде жүргегі шым етіп, байының мына соғыска қаншалықты шыдас берері, қанлы мен үйсінде бір де бір палуан тен келмеген Байтактың қымылы қаншалықты қағылез, жіті екеніне тұнғыш рет күмән келтірді. Содан ба еріксіз:

— Басилем, оқкағарларынды алыстатпа. Қабат-қабат корғасын. Қанша батыр болғанмен бір адамның қолынан еш нәрсе келмейді. Сенің ол жерде патша ақылын керек. Сен аман болсан талайдың базы аман шығады. Елің иесіз қалмайды. Сүрінсен де кайта тұрасын!

— Тек! Ондайды атама! Сүрінгенде тұрғызатын жау емес бул. Соғысамы! Тұяқты тұяқ жібере коймас. Біреудің еркесін, біреудің серкесін, жалғызын, дара үмітін ажалға салып кеп жіберейік деп тұрғамыз жок. Біз әлі де тутеміз македонды. Әлі де әрі-сәрі ұстаймыз. Соңан соң көрсін - бұл соғыс кімге тиімді екенін. Өзі де титықтап болып тұр. Сөл қажасақ икемге кеп қалар.

Дәниша Байтактан босасымен қызына келген. Міне, енді өз ішінен шықкан шынашақтай неме еш сыр бермеген қалпы шығарып салды... Роксананың сарайындағы өзінен басқалар тек шақырсағана имене аттар бас қауызда тылсым тыныштық орнады. Ашық күнгі аяздай тыныштық. Рас, Роксана бүгін не істесе де бір мәнді іс колына да түспеді, бір дәмді ой да санада тұртқамады. Бәрі-бәрінен Роксана қашып жүрген тәрізді. Роксана бүгін адамнан да, мүмкін болса Тәнірінен де бой жасырып, еренсіз қалғысы келеді. Тіпті Роксананың бұ дүниеде бар екенін бәрі ұмытса етті... Бүгін жалпак дүние бір бөлек те, Роксана бір бөлек. Дүние осылай ұласа береріне көзі жетсе Роксана осы қауыздан аттап баспай-ақ бар ғұмырын өткізер еді. Бірақ бір жан тәзгісіз салмак оны басып тұр. Жүргегі зіл, аяқтары батпан. Тұла бойын ара-тұра діріл жайлайды. “Е, құдай, мені неге Роксана етіп жараттың? Көптің бірі етіп жаратсанғой, жайрандап жаман тамда ішкен-жегенім бойыма жұғып отырар ем. Енді міне... сұракты құн келді. “Роксана сенің падиша болғаның дұрыс па? Әлде жойқын соғыс басталып, ерлердің еніреп аттан үшқаны

¹ Бекіткізгендे - сақтар мен скифтердің сыртқы үқастықтарының бірі – шашты тарамдал әкеп желкеге бекіту. Тойға, салтанатқа түсті өрім жіппен, жолға, ұрысқа қынаға боялған таспамен шарт буатын болған.

керек пе?” — деп тұр аспанның өзі күнгірлеп. Неліктен маған осынша салмақ тұсті? Неліктен?..”

Даладан жанына жакын дауыс құлағына еміс-еміс шалынды. Иле дүркірек күлген топ еркектің арасынан жарқылдаш әлгі дауыс және естілді. Иазыр! Роксананың қоныраудың жібін тартып қалды. Қызыметші қыз кіріп келді.

— Үй сыртындағы мамағашқа жүгір! Иазыр сонда болса маған сокпай кетпесін!

Кыздың баруынан келіү тез болды. Кіре кен жымып тұрған ағасы Иазыр есіктен етті. Жалғыз емес. Қасында Роксананың ең кіші шешесі, Байтақтың төртінші әйелі Айхоннан туған інісі Бекасыл ілесе келді. Роксана дәл осы екеуін көруге сусап тұрғандай жайылып тұсті. Ішті өртеп бара жатқан қуанышты дызактата ұстап, төрде оттай қызырып, Роксана тұр.

— Эу, бір кадам жасасаншы, бізге қарай! Патшаның еркесі, патшаның ақылманы! Бармысың! Сағындық кой, әбден!

— Кел! Келіндерші! Жаман түрлеріндегі көрсетіндерші!

Үшеуі құшақтасып, аймаласып кетті.

— Иазыр?.. Қай үйінен шығып, қай ауылына бет түзедін? — Роксана тетесіне осылай көп әйел алғаны үшін, серлігі үшін тиісе сөйлегенді ұнататын. Иазыр Роксанада дені дұрыс жауап берген емес. Бірақ тетелерге осындың өзі жарасып тұратын.

— Патшаның қызына кандай жауап берсем еken?.. Макұл айтайын. Бесінші тоқалдағы үш ұлдың бетінен сүйіп, бәйбіщеммен коштаспақ ем. Жолай мені дүниеге әкелген адамдар бар еді-ау деп, сокқам. Сөйтсем Байтақ патша Дәниша бәйбішесімен осында тұрады еken... Патшаның сарқытына разы бол екеуіміз майданға аттанып барамыз. Жолай ез бәйбішемнің қолынан дәм татсам — арман жоқ. Ал мына босбелу, Бекасылдың жүрісін көрмеймісің? Он төртте. Мұның жасында мен Бәкене, Байтақ дегенім той, екі келін түсіріп бермедім бе? Эй, Бекасыл! Бекасыл! Роксана, айтсайшы, ақылынды!

Роксана екі жыл қөрмеген інісінің бойы теректей бол, әкесінен аумай калғанына таң. Эрі ішіне бір қуаныш жүгірді. Мына өзімен бір анадан туған үш ұлдың ешқайсысы аттакка да, такқа да ұмтылмады. Мұлдем қызықлады. Әсіресе үшеудің кішісі — Иазыр. Ол елдің сүйіктісі. Өйткені аса көркем. Тілге, әзілге ойнап тұр. Энши. Қолына ғижажақ¹ түссе оны зарлатады, канун² түссе дауыл тұрғызады, үде³ түссе құлак тұндырады. Отырған жерінде түк табылмаса күйс құрайдан аспап жасап ала қояды. Іздегені той, әдемі қыз, жүйрік ат, әзіл-оспак, ду-ду құлкі. Оның бір жақсы жері балажан. Жеті әйелі едәуір туып-ақ берді. Оларды

¹ Ғижажақ - қобыз тәріздес қыл шыбықпен ойнайтын аспап.

² Канун - 36 шекті музыкалық аспап.

³ Үде - үрлеп дыбыс шығарар аспаптар.

бағу керек-ау деген Иазырдың ойына келген емес. Шүкір, әкесі патша, мал көп, дәүлет жетеді. Дәниша тақаңтап журіп, Иазырдың әр сайдың табанында отырған отау ауылының бары мен жоғын түгендеп жүреді. Оған бәрі үйренген, ол ерсі болудан қалған.

Роксанага Бекасыл жаңалық боп үйіне енді. Оның – орнықтылығы да, бойын тәккаппар ұстайтыны да, сөз саптасы, күлкісі де, бар болмысы Байтақтан аумай қалыпты. Үш жылдықты емес, елу жылды оймен шолуға құштар Роксана Байтақтың орнын басар адам табылғаны ма деп, куанып тұр.

— Сен де майданға тартылдың ба, Бекетай?

— Енді... Затымыз еркек, табиғатымыз түздік болғасын үйде бөркімді ыстаратып жатам ба?

— О-о, Роксана, Бекасыл дегенің тұра Бекенің өзі!

— “Бәкен”, Байтақ патша ғой?

— Иә, сол кісі. Бекасыл да Бәкен секілді палуан! Әскерге келгелі қурестен-курес. Басқа не істейміз. Көрісі де, жасы да шак келмеді. Найзагерлігін, садак тартқанын көрсөн! Бәкен анаумынау боп кетсе, әрине, журе тұрысын, жас патша, Байтақтың өз кіндігінен тараған мұрагер дайын тұр. Оны куллі әскер айттып жур. Аузын ашпаған Бәкен ғана. Айтсаши! Сені өлердей тыңдайды. Бізді құнсітіп бір-бір самаланың басына қойды да ұмытты. Теке сасыған шеріктен шығандап шықпағанымызға, міне, төртінші жыл. Соғысы бола ма, өзі? Болса екен! Тезірек құйрықтан теуіп, суға қолтырауынға жем қылайық. Жаяу-жалпылап, жаланбұт жүргендерді сонша әулиесітіп. Айтшы, әкене, бастасын соғысты: Өлсек – өлейік. Өлмесек талтаңдатып қоймай елден аластайық. Ұят екен! Жалаңбұт жұз мын еркек. Не сүмдых!

— Сонда сендер женесіндер ме?

— Енді кім? — Бекасыл дүр ете қалды. Тіпті қоюлана шығар барқыт даусы да Байтақтықи.

— Ал соғысты болдырмаса ше? — Роксана ел ішінде не сөз барын білмекші.

— Жана... Иә... Естідім. Ескендір құда түсті деп шешем айтты. Сен ұзатылсан, әрине, соғыс болмайды. Бірақ ел намысы қайда? Біз кімбіз, сонда. Бекасыл сөзді іліп әкетті. Мұнайып, Роксанага жаны ашып тұр.

— Роксана, сен саспа. Біз жеңеміз. Сен келіспе, макұл ма? Сені жауға беріп, біз қалай өмір сүреміз? — Есіктен тықыры естілді.

Кызметші қыздың рұқсатымен қаба сақал грек-бранхид екі жігіттін біріне грекше тіл қатты. Иазыр оқуға, тіл үйренуге жоктын. Бекасыл грекше судай акты. Роксана ан-тан.

— Қашаннан бері үйреніп жүрсін, Бекетай?

— Осы кісіні аткосшы, ұстаз етіп жапсырып койғалы үш жылдан асты. Оқитыным Аристотель, Диоген, Демосфен, өзіміздің Анахарис, Скил. Соғысатыным грек – оқытатын грек.

Мен оның айтқанын өзімізше танбаласам күйіп-піседі. Күйсін-піссін. Біздің танба олардан кем емес. Тезірек жазылады.

— Хм... Солай де Бекасыл... Экем бәрін білгенде тұптың түбі не болады деп ойлай ма, деуші едім? Экемді жұрт жайшы¹ деп бекер атамаған екен. Көнілім орнына тұсті. Енді сол куанышымнан айрылып қалмауым керек, бауырларым.

— О, не дегенін, Роксана? — Бекасыл сұраулы қарап тұр. Иазыр қалын топтан басы озып тұратын бойшан. Ал Бекасыл одан бес елідей биік әрі жауырынды жігіт бол қалыптасыпты. “Болсан – бол!” – деді Роксана құдайға іштей мың бір рахметін жаудырып.

— Мен не дейін... Мені құдайым төмен етек етіп жаратты. Мен уақытша адаммын ғой, қалай болғанда да. Ел үшін, әкеміз төрт бұрышын түгел бекіткен қанлы патшалығы үшін сендер аман болындар. Сендер елге керексіндер. Сол үшін қырық жыл қырғын болса да аман шығуға міндеттісіндер!

Роксана екі бауырымен кимастықка жеңсік беріп, құлазып тұрып қоштасты. Көзінен ыстық жас та домалап тұсті. “Бұларды мен енді көрем бе, жоқ па?..” – деген қап-кара ой жақындалап келіп, бағып тұрып алды.

Кызметші кірді.

— Патшайымды бас иеміз үлкен дастарқан басына шакырып жатыр.

Роксана бас сарайға келгенде ортасына қол жетпес жозынын басында жақпар тастанша одырайып, Байтақ патша мен Күнбегі көреген әңгімелесіп отыр екен. Алғашында Роксана естілер-естілмес кана сәлем берді. Патшалардың кулағына сәлем жетті білем, екеуі бастарын бір-бір щұлғыды да жайбаракат әңгімелерін жалғастырды. Роксана анасы Дәнишаның он тізесін баса, жер жетпегендегүйкене келе жайғасты.

— Ўйкушік бол қалдың ғой, қызым? – деп еркелете сұрады.

— Үйдін не екенін енді түсініп жатқандаймын, апа... Үйде болғанға не жетсін.

Дәниша не айтартға білмей тосылып калды. Қызының неңі мегзегенін анғарып, өзінін де күйреуік халде екені сыр берді. Қызының қолын сипалап, алақанын өз бетіне басып елжіреп отыр.

— Тамак алшы, қызым. Құдай, осы отырған әкелеріне қуат берсін. Сені қозы-лакша бакыртып, біреудін қанжығасына байлайды деймісін. Македондар – дәлдеп келген нәубет. Бүкіл елдің басына түсken ажалды ауыртпалық. Қайтеміз. Кетереміз. Тістенеміз. Шыдаймыз. Қиналамыз, қайысамыз – жеңеміз. Екі патшаның арқа-жарқа күлкісіне қарап, соғысқа бәрі дайын ба деп қалдым.

Дәниша мен Роксана ақырын ғана сөйлесіп отырғанда қырағы көз патшалар қыз жанарынан жылу кетіп, тұла бойынан

¹ Жайшы - күннің көзі жететін жердегінің бәріне, елге күн жайларатының дүниенің бәрін ойлайтын адам.

кайсарлық тебіндемей тұрғанын бірден анғарды. Роксананың ішінде дүние түбірімен өзгеріп жатқанға ұксайды. Күйреуік, жылауық, ес таптаған кезеңнен өтіп, бүрк-сарқ көніл сабасына түскендей. Өз қауызындағы тылсым тыныштықта дүние таразыға түскен. Ақылы жетік, ойы тұнық Роксана каншама үлбіреп тұрғанмен сезімге жол бермейді. Бар мен жоқты, ақ пен қараны, сағым мен нақтыны орны-орнына қояды.

Ешкім еш нәрсе айтып отырмаған секілді. Бірак патшаның үлкен дастарқаны басындағы төртеу іштей ұғынысып тарасты. Роксана келген ізімен қайтты. Терезе алдына барып күн батыс жаққа ұзак-ұзак көз салды. Заманың тынышында сонау бір шерктей¹ жерде ерекше өсken бәйтеректің маңы – жастар кешкілік жиналатын хиабан² еді. Сәл әрірек жүрсे жайдық қабак. Тәменде қара таста шоршып арынды бұлак ағып жатыр. Бұлактың екі жағасында ойдым-ойдым көгал, шок-шок тал. Ойынға, сауыққа одан артық не керек?! Міне бәлен жылдан бері сол бәйтерек маңындағы хиабан дәуірі біржолата өткен мекендей құлазып көрінді. Откенде... Роксана мандайына перде тұтып, әкесіне тілмаштық жасау үшін Ескендірге барды. ...Спитамен патшаның табытын қайтару үшін барған катерлі сапар. Содан қайтып келе жатқанда Байтак дәл анау бәйтерекке жеткенде аттан түсті. Бәйтерек үлкен бір жотаның жон аркасына тырнакты барынша салып, алып күшпен сол жотаны бүркітше бүріп тұрғандай әсер етті. Өзі әуел баста жалғыз тал болмаса керек. Сірә, үш терек тамырласып, біріне бірі өріле өссе келіп, әбден күш алғанда сыртын бір бүтін етіп алғандай. Өйткені онын түбіндегі ордалы жыланша мың бұралған білем-білем тамырлардың жуандығы-ақ бәйтеректің мәнгілікті бетке алғанын анғартады. Байтак бәйтерек дүміне аркасын жапсырып, екі аяғын созып жіберді де еніске қарап ұзак отырды. Сірә Ескендірге бара жатқандағы қубірі көніл, алда тұрған Спитаменді жерлеу рәсімі, Спитаменнің жоқтығы, енді қайтып келмесі Байтакты тоқтатса керек. Көкірегінен көк жалын шығып болғанша отырмак.

— Қызыым, асықсан – аяңдай бер...

— Жоқ, әке... Жолдасты жолға тастауға болмайды. — Роксана осынын айтты да әкесінің он жақ төсіне басын қойып отыра кетті. Әкесіне керегі де сол еді, қайта-қайта мекіреніп, орай тұсынан шуылдаған мұрнымен иіскеп-ііскеп қояды.

Сонда Байтак ара-тұра басы жоқ, аяғы жоқ бір сөздерді айта отырды. Бірак Роксана ол сөздерді інінен шығарған қандай ойлар екенин танбай таныды.

¹Шерк - ұзындық өлшемі. 1 шерк - 2 шақырымға тең.

²Хиабан - жүрттүң серуен құратын, бас қосатын, ойын-сауық өткізетін оңтайлы орны.

— ...О, дүние-ай! Қайшыласкан канды ұрыста мерт болсаши!
Оған тек соғыста өлү жараскан фой...

Байтак және үнсіз қалды.

— Көзі жыптылқтап, алақаны базданып тұрар жылбысының қолынан кеткенін қара! Спитамен кім, Зака кім? Сақ баласының басынан бақ тайып бара ма деп корқам, кейде. Бақ таярда азғындар алға шығады. Азғындыққа елдің еті өледі. Соңан сон оны тоқтату қын.

— Неге олай дедініз, әке?

— ...Дегізіп тұр фой, мына өмір. Каркарадай бастарын әрен көтеріп бүкіл сақ патшалары үш күн кеңестік. Жеме-жемге келгенде көпшілігі тырс етпей, кай жеңгениң менікі дегендей жатыр. Сабылтып қанша білдіргі жібердік. Жауабы болады деп қайтарумен бүгінге жеттік. Сонымен оқ пен оттын өтінде тұрған бесеуміз ғана қалдық. Ақылың бар фой, қызыым. Аузыннан шықпасын, македонмен кен далада Дарийшілеп лап берме соғыска кірсек табан астында жоқ боламыз. Ескендеріп соғыспай беріскенге кайырым жасайды. Ал соғыста жеңілгенді тігерге тұяқ қалдырмай қырады. Ал біз Ескендеріді толғамай жұтатын Ұлы кеңістікке ие бола тұра қанша мекнат шектік. Ескендеріді тиграхауда, хаом, ғұн патшалары елітіп, ішкертінге, теренге тартып кетсе, оның шығар есігін біз жауып кояр ек кой. Екі жуз мың болмак түглі бес жуз мың әскермен кел... Бәрі бір сардалаға бір іліндірсек не су, не ну, не ішім-жем таппай аксүйек бол бостан бос шашылып қалар еді. Соны айттық-ау Құнбекі, Спитамен, Мекел бол... Бас шұлғыды — кетті. Енді кайыр жок. Бақ тайды деген осы емес пе? Ол аз болса Спитамендей тау тұлғалы патшаның басын өз массагеті кесіп, Ескендеріге апарып берді... Бұдан өткен маскара бола ма? Шын шайқастын уакыты да жетті. Әттең тірі болғанда Спитаменнің жұлдызы жарқырапар еді. Ол нағыз батыр еді фой. Ескендерідің есін алар Спитамен емес пе еді?! Жер бетінен Ескендері кетіп, Спитаменнің жұлдызы жарқырапар деп күткен ем!

— Неге Спитамен патша сонша ақыл-адуынмен қапыда кетті?

— Батыр анғал келерін білмеймісің, қызыым? Массагет баласы түгелдей Спитаменнің басымен ойлап, аузымен сейлеп, айтқанымен жүргуге әдеттеніп алған. Оның төнірегінен інісі Қайымдерденнің табылғанына тәуба! Басқаларын әлжуаздық жайлады. Әлжуаз тек сасық құлық, амал-айлаға, жымысқы іске бара алады. Өйткені Спитамендікіндей ұлы рух жок. Ұлы күш, батыр жүрек жок. Міне...

. Байтақ өзі отырған тұстан бәйтеректі бойлай қарады.

— Бәйтеректі көрмеймісін... Ұштығына қарасан көзің қарауытып, басың айналады. Тамырлануын! Жайқалып ескені сонша бұтағының астына қасты орданы сиғызуға болар еді. Бірақ қызыым,

осы бір адам таңданбай өтпес алып бәйтеректің жан-жағына карашы!

- Карадым.
- Не көріп тұрын?
- Ештеңе.
- Солай. Бәйтерек осы бір жуан төбенің бар құнарын, сүсі мен сөлін бойына тартып әкеткен. Мұның өзінең басқа ағаш өсүі мүмкін емес. Өзі өседі, өзгені өсірмейді. Теректің астында не бар?
- Ештеңе жоқ. Топырак.

— Һм, көрдің бе, бәйтерек түбіне күн түспеген, сондыктан топырағы шығып жатыр. Енді түсіндің бе? Кейде алыптардан соң онын алды-арты, соны құлазып қалады. Сақ-скифтер дегендे консы елдер кірерге тесік таптаған заман болған. Азаймасак та бөлшектендік. Әлгі ұлы қуат жоқ. Оттаннан гөрі өз қотанын ойлайтын бас кебі бір уыс патшалар өрді. Енді өз патшасын аңдып жүріп, басын кессетін азғындар шықты. Міне, алыптардан соң табиғат майдаланып, тынығатын тәрізді.

Байтақ сәл үзіліс жасап, қайтадан іште ұзак қайнап, енді сарқындыға айналған ойын алға жетеледі.

— Адам өмірінде де жаңағыдай құбылыстар болады. Соның мысалы тиграхауда сақтарының Дүр-баһадүр алтын патшасы...

— Дүр-баһадүр алтын патша таққа отырганда елі Кіші Ұзық¹ көлдін манында, мұзарт таулар шаншыла бітер көлбегей тегістікте отырган. Негізгі кенті Алатаудың күнгейінде ғайыптан пайда болған Үлкен Ұзық² көлдің астында қалған. Алатаудың адам таппас көп жұмбағының бірі болған, биік таулар арасында тұнған қасиетті көлді тиграхаудтар иесіз қалдырыған. Содан ол жерге кім көрінген ие бола бастаған. Дүр-баһадүр алтын патша бір мың шәқрат жасактады. Шәқраттыққа тектілер ұландары шақырылып, патша сынағынан өткендер ғана қалдырылды. Шәқраттар патшаға қызметі үшін жақсы акы алатын болды. Бұлар өмірін әскери қызметке біржолата қіған адамдар-тын. Солардан келе-келе тұракты жұз басы, мың басы, лек басы, самала сардары, бас сардарлар шықты. Дүр-баһадүр алтын патша елдін берекесін алмай, салыкты үдетпей бар тірлігін еренсіз ғана жасата берді. Елге, сыртқа еренсіз болғанмен патшаның арғы ойы алыста болатын. Сондыктан болар алғашқы мың шәқратты соғыс өнеріне күн құрғатпай екі жыл дайындалды. Одан соң олардың әр қайсысына елуден сарбаз бекітіп берді. Сарбаздар өз атымен, бес қаруын сайлап келіп, күнұзак машиқта болады да түнге қарай үйді үйіне тарап журді. Солай бір жыл ак кар, көк мұзда, от шарпыған шілдеде, сіркіреген жауында машиқты үзбеді. Сонан соң Дүр-баһадүр алтын патша ата қоныстарын саны аз,

¹ Кіші Ұзық - қазіргі Есік қаласының аумағы.

² Үлкен Ұзық - қазіргі ыстық көл.

аса тегеуінді жосықпен-ак түгел кайтарып алды. Триграфауд рулары Дұр-балаңдұр алтын патша қайтарып алған құтты қонысқа ертеңінде ұбап-шұбап кеп қоныстанып жатты. Эрине, бір күн де болса иеленген жерді келімсектер оңайлықпен бере қойған жок. Ондайда Дұр-балаңдұр алтын патша ашуға да басты, сақ баласымен аралас-коралас отыра алмаймын деп қасарысқандардың тас-ошағын талқан етті. Қыңырлар ес таптай босып, өлгендерін жерге жасыра алмай безді. Басы осылай аса каткыл басталған соң кейінгілері мөнді-мөнді күй кешіп, тиграхаудтарға сінбе болуға келісті. Ең үлкен қактығыс қазіргі Сантаста болыпты. Сиырдың бүйрекіндегі қырық бөлек ру-тайпалар Дұр-балаңдұр патша алғашқы үш кентті тентіретіп жіберген соң, естері кетіп, құш қосып жетпіс мың қолмен бөгет жасамак болады. Дұр-балаңдұрдың сонында сайдың тасынданды отыз мың. Соңда патша соғыстан бір күн бұрын сарбаздарына бір-бір тастан алып соғыска бара жатқанда мына жерге тастайсындар, соғыстан соң әркім бір тастан алып жұз қадам жерге қайтадан үйесіндер деген екен. Соғыс ұзакқа бармапты. Басы бірікпеген, әр тілде сөйлейтін жетпіс мынды Дұр-балаңдұр патшаның сайлаулы жосығы бас көтертпей женіпті. Ұрыстан соң сарбаздары бір-бір тастан алып, екінші жерге үйсе, ескі орында иесіз үш тас қалған деген... Сөйтіп, Дұр-балаңдұр алтын патша елінің іргесін кенейтіп, бекітіп, отыз жыл патшалық жасапты. Бүгінгі тиграхаудтар сол баба Патшадан қалған жерге, сол ұстасып кеткен кенттерге әрен ие бол келе жатыр. “Жақсы әке, жаман балаға елу жылдық азық” деген сол... Дұр-балаңдұр аса азұлы, адұынына азуын айға балағандар төтеп бере алмайтын адам болған. Ұрпактан кенде болмаған - жеті ұл, бес қызы сүйген. Өзімнен соң такқа біреуі ие болар деп ұлдарын жанында ұстаған. Жанында ұстағанда да желкелеп-жерлеп, тұқыртып тәрбие берген. Нәтижесінде жетеуі де өз сөзі жок, жасқаншак, жасық, бозекпе бол шығыпты. ...Жаңағы бәйтерек пен Дұр-балаңдұрдың ұқсастығы осында. Дұр-балаңдұр өзі өлерде ұлдардың тұнғышын такқа жарбитып үлгерген. Бірак бір жылға жетпей-ак еркін өскен ағайындар оны саятта аттан құлады-мыс жасап жок қылған. Одан соң билік Дұр-балаңдұрдың інісінен тараған Шәкраптқа көшеді. Шәкрап-патша елді кайта ес жиғызады. Бірак өзі ежелгі бір жаракаттан қайтыс болады. Содан соң тиграхаудқа есі дұрыс патша келген емес. Оны жақсы білетін Күнбекі көреген тиграхаудтарды бірер толғап, Үйсіннің сары карнынан шығарары анық. Жыланың торғайды арбағанын көріп пе ең?

— Көргем.

— Ендеше тиграхауд сол торғай. Барынша шырылдайды, канаты талғанда Үйсіннің салымды аузына топ етіп өзі түседі. Күнбекі сондыктан Эллақ патшаға налығансиды. Бірак оған өз

тарапынан жағымсыз бір сөз айтпайды. Үйсіннің малшылары өрлей-өрлей тиграхаудтардың ең конды, ешқашан қуанышлық, жұт шалмайтын, қойнау қолаттары ық өрі отты жерлердің бәріне дерлік кіріп кетті. Енді тиграхаудың үйсінге айбат шақырам десе де тұқ бітіре алмайды. Үйсін ағайын тиграхаудтың буын-буынын түгел басып қалды. Сонымен сактардың аға баласы тиграхаудтардың жер бетінен көшіп, үйсінге сініп жок болар ақыр заманы таяп түр.

Сондыктан мен ұлдарымды түзде өсірдім. Рас ел басқаарлық күлық үш ұлкеннен табылмады. Тәніріме тәуба орнымы басар деген бірі ойпы-тойпылау, екіншісі – тіл-көзден аулак, тәнірі қолдаса әне-міне ержетуге жақын. “Кім?” – деп сұрама. Атын атаудан өзім де шошимын. Аман болса ел есті басиесіз қалмайды. Оның ілімі мен білігі менен артық болсын деп өзінді оқытқандармен қоршап койдым...

Роксана әкесінің сөз төркінін араға біраз күн салып, міне, енді түсінді. “Орнымы басар”... Құні бүгін Іазырмен бірге келіп кеткен Бекасыл болғаны ғой?! Болсын! Ол да Байтақтың бел баласы. Бәрін ойлайтын, бәрін болжайтын Байтақ патша елдін ертенін ойлағанда таққа кім ие болады деп кара басы қанғырып оны ойламады деймісін? Казір қосында¹ жүрген үш ағасына арка сүйейді де бірте-бірте патша өміріне мойынсұнады. Ал егер ертеннін арғы күні соғыс басталса ше? Манада жастық албырттықпен Бекасыл: “Біз женеміз, Роксана, ешкімге басынды име, тәуелді болма,” – деп жүргегінде сарқа, жалына айтты. “Әй, тентектерім-ай”... Иазыр да соғысты бүйім құрлы көріп тұрған жок. Иазырдың табиғаты сол – ешқашан ес токтаттым демейді. Ол – қаранғы жерді жарық етуге, жарықты жарқыратуға жаралған ел қуанышы, ел сүйіктісі, ел еркесі. Соғыссандар... сак женилмес. Бірақ соғыс қашан шығынсыз болып еді? Аныраған жебе, ыскырып ұшқан көк сұнгі адам тандамайды. Ертендер Ұлы Далаңың бір пүшпағында жанына келер жан жок қанға бөгіп, дуние дөнгеленіп төртеуіннің бірін жатсан мен қалай өмір сүрем? Ат жалын құшып қаншама боздақ – біреудің жалғызы, біреудің үміті қырцынынан қылса... Біреу-екеу емес жүздел, мындал жайрап жатса біз женген күннің өзінде мен қалай өмір сүрем? Патшалардан пәрмен тосып, атының қамау терін алып, күнде машық жасап, аркалары қозып, бірін-бірі жанықтырған, ажалмен қоса өзді-өзімен әзіл-оспағын жарастырған мойымас сак батырлары... Бәрін менін бауырымсың. Бірінді де жамандыққа қимаймын. Елге керек адам сендерсіндер. Қыз жат жүрттық. Сендер аман болындар. Қамаған үрей, лағыған кауесет, сыйыс, жылаған-сықтаған жылдар тым созылып кетті. Елдін берекесі үшты. Бәрі, бәрі – жамандықтың бәрі осы елден менімен кетіп,

¹ Қосын - әскерлөр топталған жер, военные сборы

елде кой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заман орнаса, мен соған жарасам армансызыбын, әке, армансызыбын ана. Сөкпендер ағаларым. Ренжіме, Бекасыл, тентегім. Өкінбендер достарым, құрбыларым...

Роксана конырау жілті тартып қалды. Қызметші қыз кірді.

— Атшыны келтір.

Атшы ентігіп жетті.

— Күн көтеріле ақбоз сейілге дайын болсын...

* * *

Жана күн жер шетінен сәл көтеріліп, енді одан әрі шарықтап кете беруге дәрмені жетіңкіремей қалтырап тұр. Роксана танғы саумалмен көкіректегі қапырықты тазартқысы келгендей атын жетектеп, лекілдеген самалға қарсы журді. Алыстарға көз салды. Жоғары карады — Көк Тәнірі бүгін жердегінің бәрін анық көргісі келгендей аспанды көз суырап қек тұныққа айналдырыпты. Роксана ең жақын қақпадан қала сыртына атын жетектеген бойы өтті. Қакла күзеткен сарбаздар тұстарынан Роксана өтіп кеткенше қаққан қазықтай тік тұрып, демін ішіне тартты. Патшайым оқыста алдынан шыға келген картан қаклашыға ғана сәл бас иіп сәлем берді. Тасқаланың қақпаларының топсасын уақытылы майлап, әрі берік, әрі көркем күйінде ұсташа осы кісінің мойнында. Карт қаклашы патшайымның таң бозында сейілге шыққанын талай көрген. Бірақ онда сонына ілескен оншакты қызымен коныраулатып өтетін. Бүгін сейілге саяк шығыпты. Бұл ненін белгісі екен?..

Сырт көзден тасалау тұста Роксана ақбозға конды. Қала сыртында сай куалап құлдырайтын ұзынбұлактың бойымен біресе жылғадан ары өтіп, біресе бері өтіп, патшайым өрлеп келеді. Осы бір жылудынмен ұзап алса сырт көзден біржолата құтылады. Арғы жағы — таяқ тастам жер. Ақбоз жолды өндіріп-ақ келеді. Бірақ оның екпініне Роксананың ойы ілесе алмай, айттар сөз, кояр шарттарының басы бірікпей мазасы кетті. Оның үстінен өзінің осы бетальсының, жасамак қадамының дұрыс-бұрыстығына да көзі жетпейді. Содан ба, қыз жүрегі бұлқынға соғады. Не де болса патшайым ойындағысын жасамай тоқтамайды. Кейде ақыл өте алмаған жерден тарыдай түйсік алып шығады. Роксананы жетелеген сол түйсік.

Патшайым жылудынның астауша тәрізденіп, түйықталар тұсындағы шоқтыққа көтерілді. Аттан түсіп, тоқымдай көгалға тізе бүкті. Сол жаққа қарайды — қосында сабылған, таудан азар да безер боп шайқасқа ұмтылған қалың жосық көзіне елестейді. Олардың арасынан бауырларының суреті қалқып-калқып шыға келді. Үшеуі көмексіленіп, он төртке жана ілінген інісі Бекасылдың бейкүнә жүзі көз алдынан кетпей тұр. Қомпылдалап

сөйлесінде, бет-жүзінде, кимылында әлі де баландықтын көп белгісі бар. Бірақ өзін сақа жігітше ұстауға, ересектерше сөз саптап, ел адамдарынша ақылдың төркінін андатуға тырысады. Сірә, Байтак патша оған сөздің ашығын айткан. Сондыктан Бекасыл үшін өзінің болашағы, бүгінгі қалыптасу, икемделуінін қайсысы шын, қайсысы ойын екенін өзі де толық сезінбейтін болу керек. Роксана Бекасылды бұрын да өте жаксы көруші еді. Енді сол түптің түбінде Бекасылға көшетін патшалықтың бір курайы сынбасын деп Ескендірдегі ұлы катерге өз тағдырын құдайға тапсырып келе жатыр. Кешеден бері Бекасыл есіне түссе езу тартатын болды, жүргегіл жүккелі.

Роксана сонау тәменде дәріяға қарай баяу жылжып бара жаткан алып кемедей Соғды жартасына көз салды. Оның үстінде Тасқала бұлдырап тұр. Онда қаба сакалын саусактарымен тарамдап, ойға бөгіп Байтак патша отыр.

Патша қызынын кайда екенінен, әрине, бейхабар. Роксана өз қауызында төтті үйқыда деп ойлар ойща іздеген болса. Байтак, сірә, әр дыбысқа елегізіп, қосын басынан хабар күтуде. Өйткени ертен – шайқас...

Роксана өзін белгісіз құш көтеріп әкеткендей жалма-жан атқа қонды. “Сөз де, ой да кисынға қарай айтылар. Жақсылық жарты қарыс жерде тұрған болса ел-жүртқа тездетіп алып беру керек. Мен Роксана шығармын... Бірақ қанлынын қай қызынан әулиемін? Мандалайға жазылғаны әлем әміршісінін әйелі болу екені анық болса көндік. Көнбес бұрын оны да біраз жайтка көндіру керек”.

Роксана лекілдеген сүйт жүріспен өткенде әкесі Спитаменнін мәйітін сұрай келгендері төбенін үстіне кілт тоқтады. Ақбоз аттың үстінде қынама бел қызыл камзол, аспан түсті желмен желкілдеген көгілдір көйлек, басында үкілі тақия – бір киял ма, даланың және бір жұмбағы ма селт етпестен, еш белгі берместен тұр.

Аристофан екі телойдымен тапырактай шауып, Роксананың алдына келіп, сәлем берген ишара жасады. Одан соң төбені айналсқотап жан-жақты тіміскілей шолып шықты.

– Патшаға не айтайын? – Аристофан ажырайып төніп тұр.

– Роксана патшайым Александр патшамен көзбе-көз сейлескісі келеді.

– Құп! Роксана патшайым! Қазір патшаға сөзінізді жеткізем.

Аристофан бір телойдты патшайымның қасына қалтырды да өзі Александрдың ставкасын бетке алды. Өзі тұрған биіктен Роксана бәрін бақылап тұр. Ставка алдына уш ат келтірілді. Ортадағысы Александрдың Букефалы. Аттарға қарап, дала қызы Александрдың жанына Гефестион мен Кратер ілесетінін жазбай таныды. Эне, уш салт атты Роксанада тіке тартып келеді. Асығыстық байкалмайды. Уш мықты келе аттан түсті. Александр Роксананы шынтағынан ғана демеп, аттан түсуге қызмет етті.

— Кош келіпсіз, Роксана патшайым. Есен-саулықпен көргеніме куаныштымын.

— Раҳмет, ұлы әмірші! Мен жана шабарманыңызға Александр патша қабыл етсе, көзбе-көз сөйлесем деген едім.

— Иә, айтты.

— Сіз, ұлы әмірші! Бес қаруынызды, екі қолбасшынызды сайлап келіпсіз.

— Менің бес қаруым — менің сертім. Әлемнің ен үлкен империясы құрылған күні үстімнен соғыс кимі туседі.

— Жақсы... Мен ата-анаңыз емеспін. Бірақ олар жоқ жанымда. Мен елсіз емеспін. Бірақ жанымға бір адам ілеңтірғем жоқ. Айттар сөзімді, жасар қадамымды осы жерде өзім үйғарам деп келдім. Ал сіз, ұлы әмірші, ақылшыларсыз сөз бастай алмайтын болсаныз, мен қарсы емеспін.

Александр еріксіз бас шайқап, екі досына қарады да үшеуі дүркіреле күліп алды.

— Келіссөз дейміз бе, бұны? Әлде қалай?

— Өзара түсіністік, ұлы әмірші!

— Онда шақырайған күннің астында түрғанша ставкаға барайық.

— Оның жөні жоқ, ұлы әмірші. Әр елдің өз салты болады. Егер мен сіздің табалдырығыныздан аттасам сол үйдің иесіне косылған бол шығам. Осы жер де жарап...

— Гефестион, Кратер! Бізді оңаша қалдырындар. Дәл осы жерге дереу шатыр тігілсін мамық отырғыштар, дәм әкелінсін.

— Ашық сөзге көшейік, ұлы әмірші!

— Мен дайынмын, Роксана!

— Откен сапарынызда менің әкем Байтақ патша екеуініз көзбе-көз сөйлескендегі маған шын ғашықтық жолымен, жүрек қалаудың үйленбек ойынызды айтып құда түсіпсіз. Құда түсушілерге әкем де, мен де үйренгем. Оған аса-мән бермейтін де болдық. Ал ұлы әміршінің құдалығын өзгелермен тенеуге болмайды. Бұл Ұлы Александр әмірінің бір айтулы кезені болып тарихқа кірері сөзсіз. Ал менің білгім келетіні — осы ниет қаншалықты саясат, қаншалықты адами кадам?

— Александр Македонский — Зевстің ұлы. Ол ешкімнен женіліп көрмеген қолбасшы, патша. Ол — ешкімнен тайсалмайтын, ешкімге арқа сүйемейтін, өз еркі өзіндегі бірден-бір адам. Сонымен қатар патша жиырманың ішіндегі жас адам. Сезімі, жүрегі көнермеген жас жігіт. Сондыктан Роксана патшайымға деген сезімді — алғашқы махаббатым деп қабылданыз. Мұнда саясаттың исі де жоқ.

— Жауабынызға, қанағаттандым, ұлы әмірші! Егер құдалығыңыз баянды болса одан әрі Македон әскері бұл жерде нендей әрекеттерге баруы?

— Ешқандай. Үнді сапарына аттану үшін жер-жердегі жосыктар

мен шеріктер косынға шакырылады. Аз күндік дайындықтан соң Үндіге аттанамыз.

— Онда, осымен соғыс аяқталды. Сақ жеріне, Бактұр, Соғды халықтарының басына бейбіт күн оралды дей аламыз ба?

— Эрине. Бәрі Роксана патшайымның колында.

— Роксана патшайым жалғыз сақ баласын емес македондық қыршындарды да ажалдан арашалайтынын мойынданыз, ұлы Әмірші!

— Соғыс шығынсыз болмайды. Оны мойындеймын.

— Және бір сауал, патша! Тұыс бол жарасқан елден әскерінізге тың құш қосып алуға калай қарайсыз?

— Оны патшаларға калдырысқақ кайтеді, Роксана?

— Жақсы. Патшаларға калдырымайтын менің өз талабым бар.

— Айта беріңіз, Роксана патшайым.

— Мен өзімнің қыздар легионымнан үш жуз құрбыымды іlestіре кетем. Олар сіздің ғардағы құлуларша масыл болмайды. Легионер қыздар әскери тәртіплен өмір сүреді. Мүмкін патшаның да, падишаның да амандығына септігі тиер?!

— Қарсылық жок.

— Және бір жайт... Роксана бір ғана Байтак патшаның ерке қызы емес. Ол сақ даласының еркін өскен бір қызы еді. Оны бүйім ретінде алып кете беру – елді корлау. Сіздер үйленудін, неке қиюодың өз салт-дәстүрін жасаңыздар. Мен оны, әрине, қабыл аламын. Өйткені Эллада мәнің бұдан былайғы ел-жұртый болмак. Менің бұдан былайғы уайымым, алаңым – Александр патшаның да амандығы, оның ұлы жеңістері. Дегенмен, біздің елде қызды ұзату деген той болады. Маған он сапар тілеп, бата беруге, кош айтысып қалуға келетіндер аз болмас. Сол ата · салтымыздан аттап кетпесек деймін.

— Аттамаймыз!

— Енді ескеरту.

— Тыңдал тұрмын.

— Ұлы Александр бес жылға дейін Роксананың үстіне және бір әйел алатын болса ол әйел өледі.

Александр рахаттана құліп алды. Роксана сол ұрты томпайған сүйкімді күйі еш өзгермesten ұзын кірпіктерімен сүзіле қарап тұра берді.

— Ол әйелді өлтіріп қайтесін, Роксана. Одан да өлі күйінде әкелейін де?!

— Ең дұрысы сол, ұлы мәртебелі!

— Жақсы. Эзіл ғой. Біздің кай кезде келгеніміз жөн?

— Бүгін уағдаластықтың соңғы күні. Соңдықтан, сақ пен скифтің калын қолы орнынан қозғалмай тұрганда Байтак патшаның алдына барыныз. Мен өз елімдегі жағдайды білгендіктен айтып тұрмын. Атқа ерте қонғаным да ұшқыннан өрт шықпасын деген екі жактың камы еди.

Роксана қауырсындағы қалқып атқа кона кетті.

— Бақ пен сәт, ұлы мәртебелі!

— Көріскеңше, Роксана!!!

Александр Роксана бүрүлшіп кеткен соң адам қиялышнан да асып түскен сұлулыкты көргендей тұрып қалды. Ақбоздың әр кимылына айызы қанады. Алыстан алдырды ма екен? Ат өзінше, ал оның үстінде отырған қызылды-көкті әлемді айтсайшы. Керемет жарасым тапкан екеуінің арғы тұсына аспан мен дала сурет бол тұтылып, ұлы кеңістіктің кең тынысын сездіріп тұр. Роксана... Қаншама құғын-сүргін, қаншама қырғыннан құтқарып кетті. Сактарға керегі тыныштық еді оны да Роксана дәл казір өзімен бірге Ұлы Даласына апара жатыр. Ұлы Даля ешкімнің аяғын басқан жок. Төтеден киліккен өзіміз. Құдай алдындағы шындығым, ешқашан ешкімге айтпас сырым сол — сақ жеріне келуім — улken қателік болды. Шығын да болды. Ен үлкен ұтылыс — алақандай жерді үш жыл шандатканымыз. Бұл — соғыс сабағы, әлемді екі аяқпен кезіп жүріп, ел мен жерді тану мектебі деп білейін. Өз басым — олжалымын. Бұл жерге соктықласам Роксана менің өмірімнен беймәлім бол өтер еді. Танығаным аз күн болды. Мен қиялдан жасаған, қолыммен қалаған әлемнің жартысы Роксанаға айналды. Мен ел ішінде патшамын. Өзіммен өзім қалғанда кәдімгі басы айналған ғашық жігіттін. Мен ғашықпын! Нендей бал татыған күй. Бір таңдан екінші таңға аман жеткенде де бір зұлмат екі иықтан басып, күлімдеп атар таңдар келмеске кеткендей еді. Енді олай емес. Александр ертегі таңды ойлап, жатын орынға ынтызар, тағатсыз ынтызар көңілмен келіп, көзінен үйкі кашып, жұлып-кашты ойларға бой алдырып, осы ниетіне біреу қастандық жасардай қорқады. Роксана ынтызарлығымды өз аузынан естіді — сыр бермеді. Экесіне айттым — Роксананың бас еркі өзінде деді. Ал Роксана жатсынып тұрған жок. Сак қыздарының Эллада қыздарынан асып түсетін еркіндігіне салып, көзіме тұра қарап, тен адамша сөйлесті. Енді соның бәрі артта қалды. Күмән — артта. Алаң — артта. Роксана келді де бір ауыз жылы сез айтпаса да Александрдың бакытқа бөлеп кете берді. Рас, Роксанадан әйелге тән көркемдіктің бәрі табылады. Сұлулар, құдайшылығын айтса, шешесі Олимпиада қосқан гетералардың, парсыдан, Маракандтан косып алған фар ішінде аз ба? Александр III Дарийдің екі қызын да талай-талай көрді. Бірі емес екеуі де менікі десе қолында тұрды. Жорық жолында талай патша, талай сатрап уылжытып, “мынаған қалайсын” дегендей ен сұлу деген қыздарын Александрдың алдына әкелді. Бірақ Александрдың жүргі селт етпеп еді. Олар оның алдынан аса көркем жасалған жанды қуыршактай өте шықты. Роксана сонда несімен мұны осынша босатты. Неге Роксана дегендеге езу тартады, рахат дуниеге алансыз елтіп кете береді?. Неге?! Неге?! Мм... Тапты... Александр

осы бір өзгерістің сырын тапқандай. Бірак ол ой түтілген шүйкедей үп еткен жемен үшкалы тұр. Адасып қалмаса етті.

... Роксана Александрдың теңі. Шықкан тегі, ажары өзінше. Ол Александрмен сөйлесе кетсе кейде патшаның өзін логикамен түйікка тіреп қояды. Сөзінде, яғни ойында айқындық бар. Математикаға өте жүйрік деп естіді оның бранхид-грек үстаздарынан. Күрделі пәлсапаны оп-онай, карапайым тілмен жеткізеді дейді үстаздары. Яғни Александр үшін Роксана шынайы ақылышы әйел болады. Александр қашанда қындықты жеңуге, жұмбакты шешуге, мықтыны мойыннатуға, ой жарыстырыса логикамен көміп тастауға құштар еді. Роксана әлемнің төрт сарынан, бойына жиған қасиеттерімен жарқырап тұр екен-ау. Оған үйленудің өзі, сірә, тенденсіз жеңіс.

Роксана бұлдырап барып шоқ-шоқ талдардан көрінбей кетті. Александр деру ставкаға келді. Әскери Кенесін шакырды. Кенесте бір-ақ жаналық айттылды.

— Ұлы отандастарым, сак, Бактүр, Соғды жерінде, Мараканда соғыс аяқталды.

Күтпеген жерден Кенес мүшелері қол шапалақтап жіберді.

— Оксиарт — Байтақ патшаның қызы Роксана патшайымның ықыласына қол жетті. Мен тұнғыш рет өз салтымызды, бұл елдін салтын қоса сактап, неке киып үйленбекпін.

— Ұлы Александр жасасын!

— Ұлы қолбасшы ұлы шешім тапты! Жаса, Александр!

— Ұстаз, тарихшылар, Эллиндік неке қиудың дәстүрін ойласырыңыздар. Адамдарын белгілеңіздер. Бар әскер дәл осы жерге шоғырлансын. Қолбасшылар, әскерге патша жарлығын жеткізіндер. Жарлықта айттылатын сөз біреу-ақ, алды бір апта, соны он күн дегенде Үнді сапарына аттанамыз. Қару-жараптар түгенделіп, шатырлар жанарып, киім-кешек ұзақ жолға ынғайлансын.

Казір менімен бірге Гефестион, Кратер, Лаг, Ұстаз және біркелкі ақ желбегейлі үш жүздік — Тасқалаға Оксиарт-Байтақ патшаға барады. Бұл жолғы миссиямыз — туыстық, құдалық. Селевік! Әскерге бас-көз бол, босансуға жол жок. Біз өз жерімізде емесіз. Күзет, шолғыншыларды катаитындар. Дүние бір сәтте өзгеру! Дегенмен, сак жеріндегі жорықтың аяқталуымен баршанды құттықтаймын!

* * *

Байтақ патшаның шарадай басы шакшадай, бүкіл денесі тасладай тартылып, жүйкесі бырт-бырт үзілуге жакын. Үссылатып шайды үсті-үстіне ішсе де тұла бойы жібіп, мандай тершімей қойды. Кураған жекедей тиіп кетсен ыдырап түскелі отыр. Жүргегінің басында тобықтай түйнек тұр. Ол аз болса

журекті найзагайлатқан шаншу көзінен отын шығарады. Ондайда Байтак еріксіз он қолымен жүрек тұсын басып: “О, Тәнірім, сакта!” — деп үлкен киналыстан титтей ғана белгі береді.

Байтактың көз алдында — ертегі қырғын. Өзі отырған сарайдың да, Тасқаланың да отқа оранған, ойраны шықкан суреті. Қикулаған дала, жер көшіре дүсірлеткен атыс-шабыс. Сонымен, бұл төніректен тіршілік нышаны жойылады да, жорғалаған тышкан іннен шықпас, тек тырнақ басындағы кара ноқаттар — қарға-құзының қарасан бөркін жерге түсер тік биіктегі қан сасыған даланы шолып, көбейе береді, көбейе береді...

Байтак қосыннан хабар алды. Құнбегінің сөзін бір кеменгері жатқа айтып келді: “Тұс ауа Тасқалада ешкім калмасын. Азғантай қүшпен бекіністі корғаймыз. Күштің дені осында екен деп македондар бар қуатымен ұрынғанда шегіне соғысып, үнгір жолдармен кетеміз. Қаланың іші македонға толсын. Сол кезде жауды екіге бөліп тастаймыз. Даладағысына қырық мың ескі ән ұрыс салады. Тасқалаға садақтан от жаудырамыз... ы ұзакқа жібермейміз. Ескендірді есебінен жаңылдырып, ә едәуір сүйретіл, олар шамырқанып, көздеріне қан да жым-жылас боламыз. Тасқала мен Битанның арасына ыл койылды, аға патшам. Өзініз де кешікпей Битанға ңыз. Бәрімізді Тәнір қолдасын!”

Ітак таңғы ас тәнірден деп ырым жасап, жан-жағына н сезік білдірмей мығым отыруға тырысуда. Қазір өрлерін шақырады да сан қылы пәрмен береді. Кеменгерлер қауызда үн-түнсіз ас-су алғансып қаз-катар отыр. Байтак ан козғалактап барып, алғашкы сөзін айтып, гүж ете қалды. Қаланың басиесін... — қолымен шақыр дегенді білдірді. ә, көзі де, өзі де дол-домалак, шымыр, қалай лактырсан да таяғына түсер жігіт ағасы келіп бас иді.

Битанға қараган қақпамен елді әкет. Битанға... Дыбыстарын ісін. Шандатпандар!..

Үп, басиесін... — Домалак домаланып есіккә жеткенде есікке ан ауыр матаңы қақ жарып Роксана ішкे енді. Ішке енді де ісиесінے сыйыр етті.

Атағасы, патшаның пәрмәні өзгеруі... Сәл кідірініз...

Ітак қызына байыпташ бір қарады да ерке қызы осы уақытқа үлде мен бұлдеге оранып жатпағанын түсінді. Білезіктігінде қамшысы жер сзызып келеді. Өзі буын-буынынан әл кетіп, ип та қалғанға ұқсайды.

Әнірден қелген таңғы ас қуат болсын, әке.

Ійтқаның келсін, қызым. Дәмге келдін...

Йышылықта “а” десен аспан қақырап түсердей кең тынысты, үмбезді ас-суға арналған қауызда Байтак пен Дәниша ғана да жер жетпегендей Роксана әкесінің он тізесін баса,

сүйкене барып тізе бұгуші еді. Бүгін ол еркіндігін әке қабағына қарап жасамады. Оның үстіне кекіректі кернеген жаңалықтарды актаруға асық.

— Әке, мен токетерін айтайын...

Байтак та, Дәниша да үнсіз құлақ түрді. Әңгімә үшеуіне ғана қатысты шығар деп Байтактың қолдаяқты ұланы орнынан атып тұрып сиртка беттеді. Ол есіктің арғы бетіне өткенше тылсым тыныштық бұзылмады.

— Кеше маған Иазыр мен Бекасыл келіп кетті, әке. Қосында және екі бауырым уш жылдан бері жылы тәсек көрмей ат үстінде күн кешіп, киіз күйдіріп, жарасын жазып жүріп жатыр. Ал олардан басқа жетпіс-сексен мын боздақ — бәрі сіздің балаларының, менің бауырларым емес пе? Ертең соғыс басталса кім бар, кім жоқ, кім женеді, кім женіледі — оны тек құдай ғана біледі. Алдыңызда айбарлы жау тұр. Ертең құм-шағылдың бір пүшпағында соғысты ойын деп білетін Бекасылым жатса мен қалай өмір сүрер едім, әке...

— Иә, құдай, жаманаттан аулак, — деп Дәниша күбір етті.

— Мен көп ойландым, әке! Тұн баласы көз ілмедім. Өйткені Ескендір дәл бүгін құдайы қолдап тұрған патша. Қанлы елі бес патшадан соң құласа өлі мен тірінің лағнеті бізді табады. Бір емес төрт патшалықтың, арысы Ұлы Дағынан, сақ баласының басын бәске тігуге дәтім шыдамады. Ескендір маған адамшылық жолымен құда түсті, алдыларыныздан етті. Оны ел-жүрт түгел білді. Мен Ескендірді үш мәрте көрдім. Үшеуінде де әңгімә ішінде болдым. Эрине, бір патшаның кемінде он кебі бар. Мен соның екеуін аңғардым. Бірінші — тасы өрге домалаған, беті қайтпаған, от жүректі, оттан да, оқтан да жасқанбайтын аса ақылды, тапқыр қолбасшы — патша. Екінші — іші ілім мен білімге, әуезге толы, кісілікке берік, кісілік жасағанды бағалай білетін алды кең Ескендір. Екінші қасиетін Ескендір жүргінің ең түпкірінде, ешкімге білдірмеуге тырысып үстайды. Сондықтан жана ғана, осы танда мен өзім барып өзара түсіністік сөз айту үшін көзбе-көз сейлесіп кайттым...

Байтакта үн жоқ. Дәниша сүзіліп жерге қарап қалған. Роксана сөзін жалғады.

— Кырық мын қыршын өлгенше қанлының бір қызы ретінде құдай ерекше жаратқан, әлемнің әміршісі болам деп азуын айға білеген, некесі қызылып көрмеген жас патшамен жат жүрттығымды жасасам деп ұйғардым. Үәдемді бердім, әке. Шарт қойдым. Енді соғыс емес, қактығыс та болмайды. Бар әскерін осы тәнірекке шақыртып, жолға, Үнді жорығына дайындалады. Неке қиу, ұзату салтын Эллинше және қанлыща жасаймыз. Осы қадамым дүрыс па әлде категестім бе, бір тәнір қазы, одан соң әкем мен анам біледі. Мен — білмеймін. Менде қазір ақыл-ес жоқ. Тек бір түйсік жетелеп келеді, жетелеп келеді.

- Ескендірдің ендігі әрекеті не?
- Екіншіге қарай жарандарымен келеді. Менің өз шарттарымды қабыл алды.
- Кандай шарт?
- “Мен үш жұз құрбымды ерте кетем”, — дедім. “Макұл” деді. “Бес жылға дейін үстіме әйел алмайсын” — дедім. Қабыл алды. “Үнді сапарында бірге болам” — дедім. “Жағдайға қараймыз”, — деді. Сақ әскерінен кемі бір самала сарбаз қосып ал деген ем, ол істі патшаларға қалдыр, Роксана, — деп күлді.

Осы тұста Байтақ та езу тартты.

- Жақын келші, карлығашым, — деп Байтақ босаң тартқандығын білдіріп алды. Сірә, іште екі алып сезім итжyғыс түсіп жатса керек. Патша басымен не жыларын, не қуанарын білмейді.

Роксана лып етіп әкесінің етегін баса қона кетті.

- Балаптаным, сен маған қашан да шыныңды айтушы ен. Мені патша деп білмеген жалғыз адам, сен едің. Айта қойшы, сен өзінді құрбан еткен жокпышың? Іштей жылап жүргеннен аманбысың?

— Бұрын бала едім. Бәрін айта беретінмін. Бүгінгі танда бойжеттім, есейдім, әке. Жұз жасаған кейуанадан кем емеспін. Енді неде болса бәрі өзіммен кетеді. Сұрағынызға берер жауабым жоқ. Тәнірдің бұйрығынан аса алмаймын. Мен көкпарға тастаған лақ емеспін. Мен — Роксанамын. Байтақ патшаның еркін ескен қызымын. Александр мені өзінің тені деп білді. Мен оны да бағаладым. Ұлы Александрмен тенмін деп шалықтамаспын. Бірақ падишаға, Ұлы Даланың еркін ескен қызына шақ тендігімді кемітпеспін. Сонымда бейбіт өмірге жеткен елім қалып барады деп өзімді жұбатармын, жаратқан ием осылай жат жүрттық етіп дүниеге әкелді екен — ендігі тілеуім Александрдың амандығы болады...

Сәл үнсіздікпен соң Роксана ата-анасын жұбатқысы келді ме сөз төркінін күрт бұрды.

- Қанлының басиесі! Апа! Елге бейбіт өмір орнады. Бейбітшілік күллі далаға келді. Неге жар салмайсыздар?! Мұндай ұлы хабарды жүрт неге қанлы патшасының аузынан естімейді?

— Айтқаның болсын, қызым!

Байтақ жозы үстінде қынама бел көйлекті төгілте киген қыз баланың бейнесіне келтіріп жасаған саф алтын қонырауды жұлып алды да қағып-қағып жіберді.

Косшы жігіт кіріп келді.

— Шерік кеменгері келсін.

Шерік кеменгері ішке кіре сәл өрледі де он қолын қеудесіне басып, бас иді. Одан соң тас мүсіндей катып қалды.

— Жақында... енді мүккіят тындалп ал...

— Әке, өзімде болсам?..

— Бара ғой, қызым, демал.

Байтак кеменгеріне бұрылды.

— Алдымен қосын басындағы Күнбегі көрегенге адам жібер. Одан соң Мекел патшага аттандыр. Қайымерден өз әскерінің касында. Оған да дені дұрыс, шатып-бұтып кетпес адамынды жібер. Бәріне айттар сөз біреу-ак: “Жағдай өзгерді. Соғыс токтады. Тездетіп кенеске келсін. Әскерде тәртіп күштейтілсін. Байланыс екі есе жиіленсін”. Болды. Алғы қауызда отырған кеменгерлер күн Тәнір тағынан¹ ауғанда келсін. Сен боссын. Қаланың басиесі келсін... — Домалақ кісі ішке бас сұкты.

— Жағдай сәл өзгерді, жарқыным. Жүрісі ауыр жасамыс адамдарды, ауру-сырқаулыларды, бала-шағаны Битанға аттандыр. Калада патшаларға, одан соң екінді мезгілінде жарандарымен, үш жұздік сайыпқырандарымен келетін Ескендір Зұлкарнайнға қызмет жасайтын епсекті ер-азаматтар мен өз талғамына сай шарбатшылар² ғана қалсын. Саманшыға³ менің атымнан қажет пәрменінді бере бер. Дастарқан алғашында сыпа болсын. Оң келісімге келген тұста менен белгі болады. Одан соң Ескендірдің сайыпқырандарынан бастап, арқаның⁴ бас дастарқанына дейін аста-төк етіп меймілдет. Бұлар Босының шарабына құнықкан. Сен Жыныңың ашы суын, Соғдының сотқар шарабын, Маракандтың бал татыған хаомын да аяма. Даияшыларды тек жастардан, көркем кыз-келіншектерден сайла... Бәрі біркелкі киінетін болсын. Аяғы-аяғына, қолы-қолына жұқлай баршасы мұқият қызмет етсін. Бұл — ұлы сын.

Тұнімен дөңбекшіп шыққан Байтак жатын қауызға кіріп бара жатып бәйбішесіне ескертті:

— Ұлы бесінге жеткізбей оят...

* * *

Ескендір Зұлкарнайн мен сақ патшалары Оксиарт-Байтак патша, Күнбегі көреген, Мауреннардың патшасы Мекелхаммар, Массагеттің патшасы Қайымерден көзбе-көз кездесіп, соғысты токтату жөнінде бітімге келді. Одан соң ғана Ескендір Роксана екеуінің салтанатты, барынша жариялыш жағдайда екі елдін салт-дәстүрін сақтап некелесуі жайлы сөз қозғады. Байтак қызын шакыртты. Роксана анасына ілесе кірді. Дәниша бәйбіше керден басып келіп, Байтактың он қанатынан орын алды. Роксана анасының касында қаздыып отыр.

— Роксана, қызыым! Ұлы әмірші Ескендір Зұлкарнайнға берген уәден сол қалпында ма?

¹ Тәнір тағы - көнеде Тәнір аспанда дәл тәбеде отырады деп есептеген.

² Шарбатшы - аспаз.

³ Саманшы - зав.хоз.

⁴ Арқа - патша сарайы.

— Сол калпында, әке!

— Ендең мен Роксананың бас еркі өзінде деген сөзімнен кете алмаймын. Роксананың анасы не қосады?

— Патшаның айтқаны, Роксананың еркі біледі. Мен алдымен Тәнірге, одан соң ұлы әмірші Ескендірге айтарым — қызымының амандығы аманат. Екінші сұрайтыным — даланың ерке құлының еркін ұста, жасқама. Роксананың тағдыры Ескендір патшаның тағдырына байланды. Роксана, балам, ендігі тілеуін — Ескендір. Отка да, суға да бірге кір. Қасынан екі елі қалмай бірінші камқоршы өзін бол. Мен қанлының падишаһасымын. Патша алансыз іс жасасын, падиша кімнін дос, кімнің жымысқы екенін сырттай бақылаушы, тарықса рухын көтерер досы болсын. Алдарынан жарылқасын. Күдай колдасын екеуінді...

... Осыдан он бір күн бұрын бәрі дәл осылай болған. Келісімді туыстыққа жалғаймыз деп Македонның, Грекияның, Босының билеп-төстеушісі Ескендір Зұлқарнайн да, сақ патшалары да әскердің буынын босатпай, қырағылықты ұдете отырып, ұзак арбасқан. Нәтижесінде әркім өз мұддесін корғап қалды.

... Кеше, 327 жылы маусымның онында Ескендір Зұлқарнайн мен Роксананың некесі киылды. Эллиндік салт бойынша буы бүркүрап, ісі аңқыған, туған күндей қызара піскен нан екеуінің алдына қойылды. Патшаның жан досы Гефестион қылышпен нанды ортасынан как бөлді. Ескендір мен Роксана екі бөлінген нанның өзіне жақын бөлігінен дәм татты. Сол-ак екен Ескендірдің достары жүгіріп-жүгіріп жетіп келді де дүркіресе құлді. Сөйтсе нан тен бөлінсе екі жақтың сүйіспеншілігі тен деп есептейді екен. Бұл жолы нанның Ескендір жақ бөлігі көлемдірек боп шықты. Яғни Ескендірдің сүйіспеншілігі басым деген сөз. Жас патша саспады.

— Құлетіндегі еш нәрсе жок, достар. Роксана менің тұнғыш махаббатым екенін жасырмаймын!

Одан соң Байтақ патша Битандағы арқасында, яғни, патша сарайында сақ патшаларының жақын-жуығын катыстырып, ұзату тойын жасады.

327 жылдың көктемі түгесіліп, құдалық, бітім-келісім орныққаннан кейінгі он күнде Ескендір әскерінің бас-аяғын түгендеді.

Жұз тоқсан мындық қол жинақталған екен. Сыртқы ел Соғды жартасы, сактар Тасқала деп атайдын бекіністің төнірегін, өз сарайын ас-су, қызметшісімен коса Байтақ Ескендірге тастап кетті. Ескендір дабыра жасамай қайын атасына екі мәрте барды. Бір сапарында Байтақ патша мен Күнбегі көреген екеуімен Битанда кездесу сәті түсті. Ескендір алдағы ну орман, пілге бай, орманы толған жыртқыш, жер жағдайы соғысуға өте қолайсыз, жерін жетік білмейтін Үндіні айта келіп, көлік пен азық сұрады.

Ол жолы он бес мың жылқы мініске, табын-табын ірі кара азыққа деп даладан алдырылды.

Ескендір бұдан артық еш нәрсе сұрамауга бекінген. Бірақ екі жұз мыңға жуықтаған әскерді түгел тізіп, өзі бастан-аяқ асықпай қарап шыққанда өз әскерінен өзі шошыды. Жадап-жудеген, ішімдікке жем болған, шау тартып күші әбден кемігендер, жаракат, сырқаттан мұжілгендер тым көп екен. Ескендір әскерді тынығуға қоя берді де үлкен әскери Кеңес шақырды.

— Менің бүгінгі көргенім әскер емес. Сақ жерінен Үндіге бет алған босқындар деп таниды ел. Мынадай жунжіген әскермен ешқайда жылжымаймын. Үш күннің ішінде сайдың тасындағы жұз жиырма мың қалу керек. Қалғанын, әсіресе, гректерді қайтам десе Грекияға, болмаса өз еріктерімен қазір салынып жатқан жиырма тоғыз Александрияның кез келгеніне катырма куәлік үстатьып жіберіндер. Барған жерінде оларды елге еңбегі сіңген ер деп танитын болсын. Еңбекке тартылсын, баспана берілсін.

Екі күннен соң патша кенсесінің басшысы, құм санаған қазымыр шал Антипатр Ескендіргे тосын жайтты өз аузымен жеткізді.

— Ұлы мәртебелім, өзіңіз айтқандай жұз жиырма мың шерік қалдырысак деп едік, шын жарамдысы тоқсан бес мыңнан аспады. Қалғаны өзіңіз көргендей сан көбейтіп, азықты жалмағаннан басқаға жарамайтындар. Тізімі міне, әрқайсының тұсында жарамсыздығы туралы дерек бар.

— Олар жорық әскерінен бөлектенді ме?

— Бөлектенді.

— Антипатр! Жанағы әрекеттеріңе ризамын. Тек бір нәрсе ескерілмеген. Анау-мынау емес жұз мың карулы, соғыста әбден ысылған адам біраз жер бірге жол журеді. Олар тенізден ұзамайды, тау бөктерлерімен жылжиды. Рас па?

— Рас. Ал теніз жағалауында, таулардың біз жетпеген алқаптарында ел жоқ емес. Мына миын шарап улағандардың бірі: “Біз өзімізше әскер болайық. Біз Александрға қанша ел, қанша жер әпердік. Енді өзімізге де ел мен жер қаратып алайық десе үлкен бұлік шықпай ма?

— Мүмкін. Сондықтан әлгі сотқар мыңбасы кім еді?

— Певколай ма?

— Сол Певколайды жазалау жасағына басшы етіп, бұлар жеті тарам бол айырылысқанша күнді күнге, түнді-түнге ұрып айдал тастау керек. Жазалау жасағын Певколай басқарды дегеннен-ак өздері де жым болады.

— Дұрыс-ак, Антипатр. Певколай бізді қыып жететін болсын.

Ескендір енді Битанға екінші мәрте жол журді. Келді де Байтак патшага сырын түгел ашпай жағдайдан үстірт әрі елеусіз ғана хабардар етті. Соңан соң Роксананың аузынан шыққан сөзді аяқсыз қалдырmasын білдіргенсіп, өз қолқасын жеткізді.

— Роксана... Өзінің қыздар легионынан үш жұз карулас күрбесін ертіп кетем дегенде мен келісім бергем. Ал әскер ілестір дегенде оны патшалар шешсін деп едім. Мен көп ойландым. Тарихқа үнілдім. Парсылар ең киын тұстарға сак сарбаздарымен келгендін біздің тарихшылар жазып отырған. Енді ол сақ елі менін бір жұртыма айналғанда мұндай сұрапыл құштен мен неге бас тартамын деп ойға калдым...

Байтақ бұл әңгімеге даяр-тын. Эрі сактан әскер ілессе Роксана үшін шырылдаған ку жаны сәл де болса тыншыр еді.

— Қаша?.. — деді саудаласкан адамша Байтақ кен жымыш.

— Жеті мың жетіп қалар.

— Жаксы. Он бес мың сайыпқыран жорыкка ілеседі. Ескендір патша сол он бес мыннаң жоқ дегенде он сарбазды тандап, өзінің үріс кезіндегі корғанышына алса біраз катер айналып өтер деп ойлаймын.

— Оны Роксана іріктең берер...

Маусымның он бірінші жүлдізында Ескендірдің жұз мыннаң сәл асатын, бес каруы сай, еш нәрседен кемшіні жоқ, әбден тыңайып алған жосығы Үндіні бетке алды. Елінде, Македонияда отыз мын жосық машыққа кірісті. Ол күш Ескендір Үндіге жеткенде жолға шыкпак. Шеріктің орта шеніндегі алтын күймеде екі күрбесімен әңгіме-дүкен құрып, Роксана падиша жер мен көкті алтын күйменің терезесінен көріп келе жатты. Әзірше Роксананың оны мен солынан көрінген жер бедері, табигаты көзге үйреншікті. Ал киямет жолы қол созым еді...



БЕСІНШІ БӨЛІМ



I

Соғды жартасынан жолға шыккан Македон жосығы он екі күнде Гиндикуш асып, Кофен¹ өзенінің арғы бетінде, аз күндік аялға жайғасты. Осы жерден Александр Үнді өзенінің оң жағалауындағы үнділік әміршілерге шабармандар жіберді. Шабармандардың койнында Ұлы Александрдың суреті мен мөрі басылған ресми Білдіргі бар-тын. Онда Александр: “Карсылық көрсетпей, Македон билігін мойындал, әлем әміршісін карсы алған елдерге патша мейіріммен қарайды, өз империясына бейбіт түрде қосады, ел ішінде еш дүрбелен болмайды”, — делинген. Кешікпей Үнді өзенінің бергі бетіндегі елдердің ен ірісі әрі ықпалдысы Таксила елінің патшасы Амбхидан күткен жауап келді. Александр төрт-бес күн аяқ сұтып, ес жиган әскерін дереу жолға шығарды. Амбхи патша өз астанасының қақпасынан бері өтіп, Македон жосығын тойға келгендей карсы алды. Александр алдынан шықкан алғашкы үнділік патшаны сол жерде Амбхи-Таксил деп атады. Дуалы ауыздан жанарып шыккан есім елге бірден сіңіп кетті, тарихшылар да со күйінде қағазға түсіре бастады. Амбхи-Таксилге карат, оның ығында жүрген ондаған тайпа Македон билігін мойындаады.

Ел де Таксил, елдің бас қаласы да Таксил деп аталады еken. Таксил Үндінің зәулім де шайнасып өскен тұңжыр орманына терендеп барып орналасқан кала боп шықты. Сыртында пәлендей корған жок, дегенмен қала халқының будан былай да өсептін ескеріп, бос жерлерді кеңінен қалдыра атты кісі бойы калың дуалмен қоршап тасталты. Александрдың құрметіне жасалған пирде Роксана еш нәрсеге көз тоқтатып, тан-тамаша қалмауды ойында үстады. Оған өзінің де патша сарайында өскені, талай патшалықтардың сән-салтанатын көргендігі дем болды. Амбхи-Таксил патша сарайының сыртын Роксана өз еліндегі тезек калау улгісіне ұқсатты. Бөлек-салағы жок біртұтас сарай дөнгелене бой көтеріп, басы күмбездене бітеді еken. Сырты өте жұпымы - жігін талсан жарылатын кара көк тастар тікенектеніп тұр. Керісінше,

¹ Кофен - қазіргі Кабул өзені.

сарайдың ішкі жадыранқылышы табалдырықтан өте алып мүрдеге кіргендей зілді сылып тастанды. Пирге келген македон қолбасшылары үнді әуезі мен үнді биіне тәнті болды. Шарап басқа шыққан тұстарда кейбіреулері ожарлықпен биші қыздарды өз жанына отырғызып, мысық пен тышқанның ойынына үқсас көрініс белен алды. Масан қолбасшылар кәнизактармен кәдімгідей сөйлескен болады. Кәнизак та мәз, қолбасшы да сойған тулкідей. Оларды елеусіз ғана бакылап, Роксана жиреніп-ақ отыр. Бірақ падишаның ондай-ондайды елемеуі тиіс екенін, өзін өз мәртебесіне сай әрі жайдары ұстай керектігін ұмытпады. Бала жастан бойға сінген еркіндікпен Роксана Амбхи-Таксилдің жеті әйелінің ортасында еркін жортты. Қозінен күн төгілген тілмаштың арқасында Роксана кейде бөтен ортада жургенін ұмытып та қала берді.

Әңгіме арасында Роксана өзіне тән танымдыққа құштарлықтан Үнді елдерінің өзара қарым-катаңасы, салмағы, күші, пігільші жайлы біраз нәрсе біліп алды. Дәл со мезгілде онаша жүріп сөйлескен, дастарқан басында қатар отырған Александр мен Амбхи-Таксилдің де әңгімесі осы төніректе өрбіген. Александрға ол барлау ретінде қажет болса Амбхи-Таксил бұл әңгімені Македон наизасын енді қайда бұру керек деген өз есебімен жетекке алды. Александр да қарал қалған жок: Үнді патшасының сарайынан табан аудармай өз әскеріне жырма бес піл, бес мың жауынгер косып алды. Каланың шығыс жағында бір күндік жерде Певкелаотиду мемлекеті Таксил мен Үнді өзенінің ортасында көлденен жатыр. Амбхи-Таксилдің сұқ саусағы сол мемлекетке қадалды. “Ол елді жаулап алмай Үнді өзеніне жете алмайсың”, — деді Амбхи-Таксил. Певкелаотиду Таксилдің ежелгі жауы екенін де үнділік патша жасырмады. Александр Амбхи-Таксилді дос санаған соң Певкелаотиду Александрдын да, Амбхидын да жауы. Бұл басы ашық әңгіме бол шықты. Амбхи-Таксил Александрдын бұл өнір туралы түсінігін кеңейту үшін Үнді өзенінің арғы бетін жайлаган аса адудынды Пор патшасы бар екенін ұқтырды. Певкелаотиду мен Пор — одак. Ал өзеннің бергі бетіндегі аспасий, гураизм, асsecен тайпалары өліспей беріспеуге бекінгенін және жеткізді.

Пирден кейінгі күндері Александр қауырт іске кірісті. Александрдын алдында қанша маймандаса да бұл елдің тәртібін өзгерту женімпаздың қолындағы іс еді. Амбхи-Таксил сондықтан Александрдың жарлығын дегірсіздене тоскан. Сол жарлық та жария болды. Амбхи-Таксил орнында қалды. Махаттың ұлы Филиппті сатрап етіп тағайындал, жырма бес мың әскерді резервке қалдырыды. Енді әскер алмасқанда осы жерден тын күш алдырытып, жарамсыз жаралылар Таксилде ес жиятын болады.

Амбхи-Таксил осы жағдайын куана-куана қарсы алды. Қаланың дуал ішіндегі бос жатқан көлемді жеріне ол өзінің бас ставкасын тіккізді. Ставканы қоруға бір мың парсы, мың македон, бір мың сак жасағын қалдырыды. Роксана бас ставкада калатын болды. Бас ставкаға патшаның кенсе басшысы Антипатрдың бас-көз болуы үйғарылды. Өзімен жорық кеңесінің басшысы етіп Эвменді ертті. Жорыққа аттанарда жана тігіліп, жасау-жабдықтары орынорнына енді қойылған әнгередей шатырдың ішіне патша жалғыз енді. Роксана екеуі онаша отырып тамактанды. Алғашында үнсіздік едәуір созылғанмен, ас ішілген соң тоқ басып, сусын ішіп отырып Александр күнірентпей, төндірмей де, тым алып-ұшпа женілдікке де жібермей Роксанага жағдайын ашырын айтты.

— Үнді жорығы оңай деп мен ешқашан ойлаған емеспін. Әйткені бұл жұмбағы көп ел, жұмбағы көп жер. Кешелі бергі түсінгеніме, барлаудың дерегіне қарағанда өте курделі бес-алты шайқас түр. Жаудын біразы осы бергі жағалауда. Үнді өзенінің бергі жағалауынан Парсы жеріне дейінгі аралық ежелден ахемендерге қараған. Бұл жер маған қарамай Парсы империясы түгенделмейді. Амбхи-Таксилдің ата жауы алда жатыр. Ол елді күшпен аламыз. Онсыз Үнді өзеніне жол ашылмайды. Ал Үнді өзенінің арғы бетінде жаудың үлкені – Пор патшасы отыр. Оны не талқандау керек, не мойыннату керек. Онсыз маған бас иген ірлі-ұсакты елдер Порға арқа сүйеп, бізге тән жерде маза болмайды. Осы мақсат орындалмай бас ставка Таксилден жылжымайды. Әйткені қауіп-қатер тым көп. Мен сағынсам да келе алмаспyn. Сәті түссе болды өзінің жанынан табылуға тырысам. Әлемнің әміршісін жаулап алған Роксана падиша еш нәрседен мұқтаждық көрмейді. Маған айтарын болса шабарман жібер. Жорықтың барысын өзіне кенсе қызметшісі арнайы хабарлап отырады.

— Бәріне қанша уақыт кетуі, ұлы әміршім?

— Мен білмеймін, Роксана. Бұл – соғыс. Дәл осында ең кемі бір жыл отыратының анық. Үстіңнен күс ұшырмайтын үш мың корғаныс жасағын бар. Ол аз болса жиырма бес мың әскер гарнizon сатрап Филипптің қол астында болады. Амбхи-Таксилдің әскері қаланы, бекініске айналдырып жатыр. Бүгін Амбхи-Таксилге көз алартушылар көп. Сондыктan Амбхидың отыз мың әскері тап козғалмай қаланы күзетеңі.

— Түсіндім, әміршім! Мені ең сенімді деген жерде қалдырып бара жатырсын. Менің аланым да, азабым да – күту. Күткенді жек көруші ем. Әкем сыртқа кеткендегі анамның терең-терен күрсінүі маған енді түсінкіті болды. Мен бір нәрсемен айналыспай бос отыра алмаймын. Сондыктan, маған үш ұстаз керек.

— Нендей ұстаз?..

— Бірі үнді тілін, екіншісі парсы, үшіншісі араб тілін үретсін.

Сонан сон ара-тұра құрбыларыммен әскери машық жасамасам бұларға да обал ғой...

— Машығынды өзін біл. Ал осынша тілді үйренудін керегі не?

— Ұлы Александр әлемді жауап болған соң неше түрлі мәмлекеттер, жер-жердегі өзі сайлаған кіші патшалар, сатраптар алдын босатпайды. Сонда елеусіз бір тұстарда жүріп, кімнің не пигылда екенін біліп отырмаймын ба?

Александр Роксананың көзінен есті еркенің бір нышанын аңғарып мәз болды.

— Ах, Роксана! Осыдан соң қалай ғана сені сағынбай жүре алам? Шын дос бұрын жалғыз Гефестион еді. Енді оған сен қосылдың. — ...Екеуі ойда жокта, мезгілсіз уақытта төсектен табылды. Одан соң Александрды келесі танға дейін Роксанадан басқа ешкім қөре алмады.

Келесі күні Александр өзін алтыннын буы шалғандай бір өзіне ғана аян, бұрындар болмаған әуезді сезіммен Букефалға қонды. Гефестион мен Пердикка Певкелаотиданы жауап алуға тапсырма алып, қалың қолмен шығыска шұбатылып кете барды. Александр тау мен қырат-қырқаға, жакпарға жармасқан қайсар тайпалардың бетін бері қаратуға аттанды.

Александр жорыққа аттанған соң Роксана үшін мазасыз өмір басталды. Ставканың төнірегінде сатырлата шапқан дабыра естілсе өзінің мәртебесі ұмыт болып, далаға жүгіріп шығады. Бірақ сабылған жүріс, ставканы бетке алып шабу — Роксанага беймәлім соғыс жағдайындағы үйреншікті өмір екенін бірте-бірте ұқса да түжік дүрсілі естілсе-ақ Роксананың да жүргегі дүрсілдеп береді. Ақыры ол Антипатрды шақырды.

— Екі мәселе мен шакырдым сізді, патшаның ең сенімді диадохы¹...

— Тыңдал тұрм, мәртебелі падиша.

— Бірінші мәселе — тіл үйретушілердің кешігүі... Екіншісі — ставканы бетке алып тасырлатған шабу. Мен мұндағы үйренбегем. Мениң елімде елді мекенге, үйге, патша сарайына қарай шабу қаралы хабарды, немесе жау келе жатқанды, оба шыққанды немесе басқалай нәубет сокқанды білдіретін бірден-бір белгі. Біз сайдрандап жүргеміз жок. Ұлы мәртебелімнен бастап баршасы сәт сайынғы көтерлі өмірге бас тігіп кетті. Сондыктан жаңағыздай бейбастак ала шапқыннан адамның жүйкесі жұқаруы занды нәрсе деп білем. Осыны реттесеңіз...

— Айтқаныңыз әбден орынды. Бізде ондай ырым жок. Дегенмен ақылға конымды уәж екен. Оған дәл казір пышак кескендей тыйым салам. Бұл тәртіп біздін өмірге енді деп

¹диадох - жақын, жақтас қаруласы.

есептеніз. Ал екінші мәселе — тіл үйретушілердің үнділік ұстазы дайын. Парсы мен арабы ұстаздар ертендер келіп жетер. Үнді тілін бастауға калайсыз? Қашан келсін.

- Ертең, тәнғы астан сон.
- Түсіндім. Басқа тапсырма болмаса...
- Хм... Айып етпеніз... Александрдың айтуынша патша жорығының күнбек-күнгі жәдігері, шабармандардың жедел хабарлары Сізге келіп туседі емес пе?
- Дәл солай, аса мәртебелі падиша.
- Сол жәдігерлерді келген бетте оқып, біліп отырсам деп едім.
- Жақсы. Қазір қолда барын дереу әкеліп береді. Одан сон келген бетте оқитын боласыз.

... Айтуы мұн екен, Антипатр Роксананың алдына майданнан келген Одаларды, аса жоғары мадак рухында жазылған күнделіктерді, суретшілер Апеллес пен Лисипптің майданды бейнелеген суреттерін үйіп тастады. Қол кусырып отырғаннан гері мына тарихи деректерді, майданның барысын білу мын да бір ғанибет еді. Роксана бірден окуға кірісті.

... Тимофейдің мадақ өлеңдеріне алғашында елітіп отырды да ақын патшаның аяғын жерден көтеріп әкеткен тұста Роксана сұына бастиады. Табиғаты берген зеректік пен одалар патшаны мадақтауға, оның істерін бұқара ішінде таңғажайып анызхиссаларға, ертегіге, ауыздан ауызға құлпырып, жұмбақтана тарап, патшаны ұлы құдірет дәрежесіне көтерер уағыз екенін үкты. Иә, Александр ондай мадаққа тұрады. Оның үстіне мұндай дәріп-уағыз адам баласы естіп білмеген мұндай женістерді, мұндай аса көлемді көзсіз жорықты жасаған адамға сол Македон гегемондығын мойындаған елдерді ұстап тұруға, сатраптардың салқын тартпауына көмектесуі. Сондықтан Роксана Тимофейдің жалынды жолдарының ақындық қарымын ғана анғаруға тырысып, тек көз жүгіртіп шықты. Керегі — тарихшылардың күнбек-күнгі жазбасы еді. Одан түсінгені Александр аттанған жақта соғыспай берілген тайпалар жок. Алғашқы қактығыс аспассилермен болған. Александр сегіз жұз атты әскермен тау басындағы бекініске лап койған. Аспассийлер македондықтарды шегінуге мәжбүр етіп, Александр қоян-қолтық шайқаста жаракат алған...

Роксананың жүргегі шым ете калды. Жаралы... Келесі күндердің тарихнамасын аударыстыруды. Міне, тапты. Сол күннің ертенінде аспассийлер женілген. Александрдың бүйрығымен қала түгелдей қираған. Бірақ аспассийлер шегіне жүріп және бір тау басындағы бекіністе македондықтарды тоқтатпақ болған. Бұл жолы Александр, Леоннат және Птоломей үшеуі үш лек әскермен үш жақтан қысып аспассийлерді біржолата тізе бүктірген. Енбектеріне орай олжа да аз болмаған. Қырық мын

адам тұтқындалып, құлдыққа айдалған. Екі жұз елу мың ірі қара бір қойнаудан табылған. Александр малды Амбхи-Таксилге жіберіп, аса асыл тұқымды қырық мын бұқаша мен тайыншаны Македонияға айдатуға пәрмен берген.

Гефестион мен Пердикка Певкелаотиданың басты қаласы Пушкалаватиді қоршауға алған. Соғыс жүріп жатыр...

Бұдан кейін екі майданнан да оншакты күн хабар келмеди. Роксана үш мезгіл үш тіл үйренумен өзін алдарқатып, арасында қала дуалының құнбатыс жағындағы жасыл алқапты ақбозбен үш мәрте айналып, қыздарымен желлініп, атының қамау терін алып қайтты. Бұл сейіл кезінде орман ішін қалқа етіп, Роксананың үш мын қорғаушы жасауылдары шеп құрып күзетті.

Жарты ай өткенде майдандардан және будак-будак хабар-ошар келіп, үйіліп жатты. Роксана жарты күн тарихи жазбаларды оқығанда Александрдың ассакендерді алдаپ түсіргені, сол асsecендерді тұн жамылып қырғаны есінен кетпей қойды. ... Македондықтар бар күшімен алдына фаланганы салып Массага қорғанын біраз әурелейді. Содан соң беті қайтқан сыңай танытып, фаланга жалт бұрылып тайып тұрады. Алдында екі-үш мын атты әскері бар фаланга қаладан едәуір ұзағанда асsecендер қакпаны ашып, фаланганын сонына туседі. Македондықтардың шегінісінен желлінген ассакендер фалангаға найза лактыраар жер қалғанда македондықтардың ен мызғымас күші – фаланга жалт бұрылып, сегіз құлаш сариссамен асsecендерге тап береді. Ашық жерге алдаپ шығарып алған соң фаланга асsecендерді ес таптырмай қыра бастайды. Шегінер жолды Македон атты әскері бөгел тұрып, садакпен, сұнгімен асsecеннін тұракты, кәсіби әскерін баудай түсірді. Бұл кез бекіністің әр түсінде тас лактыратын, от лактыратын амалзаттар іске-кіріскең. Сол қанғыған оқтың біреуі Массагада бекінген ассакендердің көсемін мерт қылады. Көсемі жоқ тайпа келісім-бітім іздейді. Александр бітімге келген сыңай танытып, ассакендердің негізгі күші – жалдамалы үнді жосығын өз әскеріме костым деп жар салады. Түнге қарай жалдамалы үндістерді окшау гарнизон етіп жайғастырады. Тұн жарымында өзі бастап барып, әлгі бейбактарды шатырларынан шығармай кескілеп, жеті мыннан бір адам құтыла алmas қызыл қырғын жасаған.

Роксана осы оқиғаны ерлікке балап, көрегендікке мензеп жазған тарихшылардан жиренді. Өзі Александрдың мұндай жымысқылыққа бармайтынына сенімді еді. Дәл қазір патша касында тұрса Роксана: “Неге олай жасадың? Сен кісі өлтіруші емес, ұлы қолбасшы емес пе ен?” – деп кайтсе де сұрап еді... Бірақ ол алыста, киянда жур. Жай журген емес соғыста жургендердің жағдайы қандай екенін Таксилден тап қозғалмай отырған Роксана

өз жағдайына қарап шамалайды. Өйткені жаралы жауынгерлерді Александр Таксилге жіберіп, олардын орнына осы жерден тың күш алдырып жатыр. Үнді жерінің сыңсыған орман-тоғайы, капырық беккен ауасы, ауадағы ылғалдың молдығы Роксана падишаңын өзін де шаршата бастады.

Роксана ара-тұра македон гарнizonын аралап, сарсылып жатқан сарбаздармен әңгімелесіп, тұрмысымен танысады. Көпшілігі науқас. Ал жаралылардың жарасы мынадай бусанып тұрған жерде жазылып болмайды екен.

— Парсыда, сак жерінде де жаракат алғанбыз. Бірақ онда екі-үш күнде жарап қарақотырланып, оншакты күнде орны да қалмаушы еді, — деп бірде сол қолы білектен жоғары танулы, сырқат қолын мойнындағы кендір орамалға іліп койған картандau жауынгер көзі тайсақтап тұрып айтты.

— Аса мәртебелі падиша! — деді және бір сарбаз. — Сак жерін өз елінен кем көрмейтін бранхид гректерінен сіз туралы көп естідік. Ұлы Александрға ұлы падиша жолықканын, міне, көзімізбен көріп отырмыз. Біз қатардағы адамбыз. Үніміз патшаға жетпейді. Сондыктан сіз арқылы айтарымыз — әскер шаршады. Міне, жетінші жыл жолда жүрміз. Енді бізге алтынның да, одан зорғысының да керегі жок. Елге тірі жетсек содан артық олжа болмас. Ұлы Александр жер шетіне дейін барам десе мына қаусаған әскерді түгелдей таратып, соғысты қызық көретін тың әскер жасақтасын...

Жаралыларға тігілген ұзына бойы жүз қадамдай кен шатырдың іші: “Үйге қайтамыз”, “Жорықты тоқтатсын”, —деген айқай-үйқайға толып кетті. Роксана гарнizonды жайлаған самарқаулықтан іш жиып, жаралылардың ашынған айқайынан шошынып қайтты. Роксана ставкаға келді де болған-біткенді бұлжытпай Александрға хат жолдады. Он екі күнде жауап келді. “Роксана... Сенін хатын маған тосын жайт болды. Өйткені маған шындықты шылкитып айтатын Монолох атты сайдымазағым еді. Ол өлді. Елден шыққалы менен екі елі ажырамаған оккағарым, шын корғаным Аристофан еді, ол жаракат алды. Сонда да ставқадан кеткісі жок. Ешкімге сенбейді. Таксилдегі гарнizon, онда шоғырланған жосықтың азығы, керек-жарафына айтпасам да сен камкорсын. Ал Антипатр бір сабак жіп, бір түқік майды шашау шығармайды. Филипп сатрап бол тұрғанда бас ставка Таксилді де, оның төнірегін де тап қозғалтпайды. Оған сенімім зор. Ал әскердің көніл-күйін олар біле бермейді. Өйткені сарбаздар осылай бір көтерілгенде “айыптылар” легіне жазылып, Таскалада ең катерлі тұсқа жіберілген. Солардан санда бірі ғана тірі оралды... Ал падишаға айтылған сөздерден мен әскердің ішкі күйін біліп отырганым өте кажет. Ұлы мәртебелі падишаларына сенімдері

кемімеу үшін, арыз-шағым айтқандарды тізмдепеу үшін қасына әскер басшыларын ертпе. Падиша енді бір барғанда жігерлі сөздер айтып, косымша тамак, сый-сиялат ала барып, жылыжылы сейлер деп ойлаймын. Жер шеті алыс емес. Біз ахемен еліне тән жерді алып болсақ, аттың басын елге бұрамыз. Сегіз жыл соғысқан ерлерді елі оларға лайық қошеметпен қарсы алуға тиіс. Мен әскеріммен елге осылай оралсам деп армандаймын.

Роксана, сенің өзінде деген ансарлы сөздер кеудемде, жүргегімде қайда жұрсем, не күй кешсем де өзіммен бірге. Елден аттанғандағы анттым Эллада жерін, оның қастерлі мекендерін, қасиетті орындарын сан ғасыр таптаған ахемендерден кек алып, жерін түтелдей Македон билігіне қосу еді. Соған кол созым жер қалды. Пор женілген сон, сірә, бас ставка Үнді өзеніне қошіріледі. Сонда жүздескенше, Роксана! Александр". Хат Роксанага майдай жақты. Өзінің де қонылтақсыз сейіліп, көзінен өмір нұры, жүзінен шексіз мейірім есті. Падиша шарбатшыға таңсық тағамдар әзірлетіп даяшыларға кен дастарқан жасауды бұйырды. Кешкі асқа Роксана сатрап Филиппті, кенсе басшысы Антипатрды, арыз айткан екі жаралы сарбазды, өзінің жақын құрбыларын, өзін қорғашуы сақ, парсы, македон шеріктерінің колбасшыларын шакырды.

Таксилдің іші алажеуімденген шакта падиша шакырған адамдар дастарқан басына жиналды. Роксана үй иесінің міндетін атқарып, бәріне жылы қабак таныта қарап алды. Тек Филипп пен Антипатр, уш қолбасшы жаралы сарбаздарға одырайып қарап қояды. Ал Роксананың құрбылары күлпүра киініп, бас косудың тігісін жатқызуға көп септігін тигізді. Теке сасып, көп жыл түзде жүрген еркек сорлының жүрегі тас бол тұрса да көзге сүйгі төмен етекті көргенде қазанға түсken майша еритіні бар емес пе?! Роксана, сірә, оны да ескерген. Алдымен, мына отырыстың киуюын келтіру үшін Роксана екі тост катар ұсынды.

— Женімпаз македон әскері үшін! — Бәрі шараптарын сарка ішті.

— Ұлы женістердің Ұлы қолбасшысы Александр патша үшін! — Бірінші тостақ шарап өткен сон екіншісі, тілті, сылқ ете қалды. Осыдан сон ешкім ешкімді жатсынбады. Жарықтық шарап өзі сейледі ме әлде сейледті ме бәрінің тілі шығып, көздері майланаип, файыптаң - файып бір рахат еркіндік келді. Бақауыл¹ Роксанага енді қандай тағам әкелейін, деп сыбыр өткен сон-ак буы бұрқырап ет келді. Етті сақ аспазы әзірлеген-тін. Жас ет келсе ұлтына қарамай еркектің баршасы бөріге айналатынын Роксана көзімен көрді.

¹ Бақауыл - Патша дастарқанына келер тамақтың дәмін татып, тексеретін аса сенімді қызметші.

Қуатты тағамның тоғын шаралпен басып, мелдектеп отырғандарға Роксана Александрдың хатын оқып берді. Ол хаттан әркім өзіне керегін алып, жігері тасып, арқалары қозып, керемет сөздер айтылды. Өздеріне сырттай берілген үлкен сенім, мактау сөздер үшін Филипп пен Антипатрдың жігері тасығаны анық. Роксана бұл екеуін Александрдың мәнгі достарына айналдырды. Жаралы сарбаздар елге ерлерше ораларын, құрметке бөленетіндерін, соғыс жуырда бітетінін естіп, корғасынша балқыды. Үш қолбасшыға Роксана атын атап, түсін түстеп алғысын айтты. Олар туралы ұлы Александрға жақсы мінездеме айтыларын білдірді. Жинакы ғана отырыс Таксилде көзі бозарған жосықтың да, жаралылардың да, кіші әскер басыларының да, қолбасшылардың да кеудесіне жан кіргізді. Ол әнгімені жел ұшырып, Амбхи-Таксилдің де құлағына жеткізді. Амбхи-Таксил екі иығынан басып тұрған македон билігі женілдер күн алыс емес, деп сойған тұлқіше ыржалактады.

Арада бірнеше ай етті. 326 жылдың кысқы айлары аяқталуға жақын. Бір кездегі көніл-күй шараптың буындан сарқыла бастаған. Сондай бір күні Александрдан шабармандар сау етіп жетіп келді. Хабаршылардың қойнындағы екі пәрмен Филипп пен Антипатрға жолданған. Үшіншісі Роксананың ез қолына тиғен хат болды. Хат қып-қысқа. “Роксана! Ставканы Үнді өзеніне, басты күштер шоғырланған жерге жақыннатамын. Ұлы өзеннің жағасында кездескенше! Александр”. Таксилде сатрап Филипп гарнizonымен және жаралылар қалды. Мал-мұлік те қозғалмады. Тек бас ставка төрт мың корғаныс жасағымен Александр жіберген үш жуз жасақтың ізімен сүйт журіп отырды. Жол бастаушылар патшаның тапсырмасымен қөлденен қедергілерге, қарулы қаскейлерге ұрындырмай Бас ставканы жетінші күні Үнді өзенінің жағасына жеткізді. Патша риза.

Ставканың аман-есен ахемендер иелік еткен жер шетіне жеткені құрметіне патша пир жариялады. Бұрынғы пирлер үнемі Александр мен оппозиция арасындағы текетірестен, андысу, сөз қактығысы, төбелес, тіпті кісі өлімімен бітіп келген еді. Оппозицияның басы Клито мен Каллисфеннің көзі жойылды. Олардың запыранымен уланып, патшаны өлтірмек болған паждар қастандығы әшкереленіп, олар да о дүниелік болған. Содан да болар Александр алтын такқа парсы шалыс, бірақ таза парсы да, шығыс та, үнді де емес, солардың бар үлгісінен үйлесімді етіп тіктірген жаңа порыммен келіп жайғасты. Ал проскинезаны бәз-баяғыша өткөруді талап еткендей Ұлы жеңімпаз қабылдауды бастады. Сол тізесінде отырған Роксана падиша патшаның ажарын ашып, құдіреттендіріп жібергендей. Алдымен парсылық жарандары өздерінің канына сінген тәртіппен сусылдап өте шықты. Одан соң Гефестион кіріп келді де кен

жымып, дайынсың ба дегендей қабак қағып, патшаны құлкіге бұлықтырды. Өзі парсылардан асып түсердей лыптылда, досының он жеңіне ернін тигізіп, бір тізерлеп барып, бас иген бойда өте шыкты. Оған қарап оқтау бел македондықтар ебедейсіздеу болса да колдарынан келгенше ырымын жасады.

Александрың үнділік аксүйектер еді. Олар алдынғы екі лектің жасағанын айнаңтый жасап, патшаның иығынан жүк түсіргендей болды. Проскинезадан сон Александр қоқылануды додарып, иықтағы әмірші шапанын алып кетуге белгі берді. Пир устінде Александр күні кеше найзаласып, ок атысып, қандыбалак күндер кешіскең, ал бүгін жеңілгендігін мойында, дос-жар пиғыл білдірген үнділік билеушілерге көп көңіл бөлді. Солардың көңілін аулады. Жеңілген елмен жен ұшынан жалғасып, тезірек өз жағына шығару, оларды жылы-жылы сезімен баурап әкету Александрдың парсы жеріне аяғы жеткелі бергі тәсіліне айналған. Міне, бүгінгі пирде де Александр сол әдетінен таймады. Өзі де арқаны кенге салып, шараптан тартынбады.

Патша жатын орынға аюдай ақырып, арыстандай айбарлы күйде келді. Сол тұрған бойы Александр Роксанана шарап толы құмыра бол елестеді. Бір жағынан Александрдың әліптің артын андамай алқып-шалқығанынан секем алды. “Қасиетіннен айналайынның мұндай да “қасиеті” бар екен-ау”, – деп ойланып қалды. Пирден сон Александр ешқашан дара кетпейді екен. Ол ставкаға баяғы жомарт жүректігіне салып, көзіне іліккен диадохтары бар, бер жағынан күлімсіреген тегі бөлектері бар ұмар-жұмар үлкен топпен келіп, пирді жалғастырды. Әбден ауырлап, кей сәттерде еш нәрсе естімей отырған сыңай танытқанмен оның ойдан шатыспайтыны Роксананы таң қалдырды. Қаншама болып, бітіп отырса да пир тізгінін жібермейді. Сондай бір басы салбырап, шашы додаланып, мастық жеңсік алған сәтте ол басын көтермесстен қолын аспанға шашыды. Бәрі тынши қалды.

— Менін саптыаяғымды әкеліндер! — деді ақырып. Шарап шайқалып, шып-шып төгіліп, патшаның колында алтын саптыаяқ жарқ-жүрк етеді.

— Ұлы македондықтар! Парсының игі жақсылары! Үнді патшалары! Мен қашан да елін қорғаған ерлерді, мемлекеті үшін сонына дейін тірескен патшаларды сыйлағам. Бүгін менен жеңілмеген тек сақ патшалары. Біз бітімге келдік, туыс болдық. Басқа жерлерде менен жеңілмеген бір де бір патша жок. Бірақ жеңілудін де жөні бар. Осында табандылығымен, жау жүректігімен менің сый-құрметімді жеңіп алған патша бар. Ол — Гидасптың патшасы, болашакта да Гидасп пен Аксесина арасында жатқан үлкен мемлекеттің патшасы бола беретін Пор патша. Пор патша! Қайдасың? — Александр орнынан атып тұрды. — Саған,

Пор патша, өз заныңмен өмір сүрге, патшалық тағынды сактауға жарлық етемін. Сен сыйға тұратын патшасың. Сен ер патшасың. Мен сени бағаладым. Саған сендім. Бұданбылай сенімен қалай сөйлескеніміз жөн, Пор?

— Патшамен патша сөйлескендей!

— Міне, мінез! Міне, кісілік! Солай болады, Пор. Бірақ жанында сатрап отырады. Амбхи-Таксилде үлкен гарнizon, Гидаспта одан да үлкен гарнizon қалады. Өйткені жер де, ел де Зевстің ұлы Александр патшаның әлемдік империясына кіреді, Пор! Мына тост сөзінде тұратын ер патша, өзіне арналады! Пор патшаның құрметіне!

Той тарқады. Александр сылқ түсті. Ертеңінде сиыр сәскеде патша үйкесі қанып, түк болмағандай жана қүннің тірлігіне тікелей араласып кетті. Тұнімен соны ойлап шыққандай Антипатр мен Эвменді шақырып алып, бірнеше жарлықтың төбесін нұқыды. Біріншісі, Гидасп еліне парсылық аксүйек Артабазды сатрап етіп тағайындау, екіншісі — Гидасстағы жеңіс құрметіне естелік декадрахма шығару, Үнді өзенінің батыс жағалауында Никея қаласын салу, Үнді бойындағы бір каланы көрілктен, көптеген жақақттан өлген өршіл аты Букефалының құрметіне “Букефалия” деп атау жөнінде еді. Никея¹ Александрдың сегіз жылдық жорығында салдырған немесе салдыру жөнінде жарлық шығарған жиырма тоғызыншы қаласы-тын. Кешікпей Никея үнділіктердің күшімен салына бастады...

Қала салынып жатканда Үнді өзенінің арғы бетінен оқ жауды. Александр, Гефестион мен Птоломей жолға шықты. Сейтсе өзеннің бергі бетінде бір Пор патшалық құрса, арғы бетте және бір Пор патшасы үлкен бір елді жайлап жатыпты. Олар тынышмай бергі бетке маза болмасын бергі беттегі Пор мойындасты. Соғыс кайта жалғасты. Ендігі Пордың елі Катаи деп аталағы екен. Олар Үнді өзенін құрайтын уш өзенінің бірі Гифасистің арғы бетінде Нанд елімен жалғасып жатыр. Нанд Ганга өзенінің бергі бетіндегі орманды, жасыл алқапты, өзгелеріне қарағанда біршама дамыған ең қуатты ел деп Александр жана дерек алды. Нанд асыл тас, алтын, күміс, ак маржанды кешіп журмесе де көсіп алып, қүреп беріп, алыс елдермен саудасы қалыптасқан ел деген еліртпе мәліметтер Александрдың құлағына іліне берді. Катаилармен негізгі шайқас Сангал қаласында болды. Мықты шеп құрып, берік қамалда бекінген катаилыктарды Александр Македонский жарты ай жұлмалап жүріп, ақыры қамалды бұзып кірді. Ешқандай бітімге, ымыраға көнбекен катаилардың жиырма мыңға жуық адамы Сангал қаласының ішінде өлді. Патшаның бүйрығымен

¹ Никея - Женіс.

македон әскері катыгездікті шегіне жеткізді. Жетпіс мын адам құлдыққа айдалды. Осы соғыс соңғысы деп білген македон жосығы патшасын риза етуге барын салды. Бірақ қара табан фалангистер Сангалды түп-тамырымен қиратып, қып-қызыл өртке жем қылғанда патшаның киялы Ганганың алып ойпатын шарлап жүрген. Ганга бойындағы Нанд елі нағыз Үнді елі, оны алмай Үндіде болдым деу бекер сияқтанды да тұрды. Оның үстіне Александрдың маңына шоғырланған ұндайлес бес-алты патша өздері өмір бойы қызығып та, қызғанып та келген Нанд еліне осы пакырды айдал салып, екеуінің де сілесін катыруды ойлаған тәрізді. Өйткені Нанд – анау-мынау емес, мындаған піл, бес жұз мын әскерді оп-онай қарсы коя алатын ел... Ол аз болса бұл нағыз жылан жайланаған жер. Нанд Ганганың бергі беті ғана емес, арғы батыс жағалауында да аумакты жері, Декан аталағын кірме елі бар алпауыт. Александр сак жеріне сәл терендегеннін өзінде ескексіз қайыктай шыр айналып, қай жағы жағалау, қай жағы шексіз айдан екенін әрен-әрен шамалап, уш жылғы митың-митың әрекеттен соң реті келіп, әдемі құтылып еді. Егер Нанд елінің құйрығын басса Александр нағыз аждаһаның бас көтергенін көргелі тұрған. Жеңістен кейінгі желік оның ойын тұмандатып-ақ тастаған. Оны өзінен басқанын бәрі үққан. Патша бар күшін жиып, үлкен дайындықсыз-ақ, шолғыншы жіберіп, барлау жасатпай-ақ Нандты бетке алып: “Алға” – деуін деді. Сонда бір колбасшы, бір сарбаз міз бақлады. Әскер бір бөлек, Александр соқа басы бір бөлек боп, македондықтар екіге бөлініп түсті.

Тек жан досы Гефестион жақындал келіп, жарылып кетуге сәл қалған досын сабасына тұсірді.

— Александр! Сабыр ет. Нанд сактарға ұрынғандай екінші, мүмкін соңғы қатен болуы. Саған анау үнді патшадары Нандтың не екенін толық айтпаған. Мындаған пілі бар, әскер саны шексіз өте үлкен ел, бай ел. Ойлан. Ставкаға оралайық. Біраз күн аялдайық. Өзің дерек жина. Таразыла. Үнді патшаларының – арандату...

Патша тұнжырап:

— Мен ешкімнің айдауымен жүрген емеспін. Аналарды... — Александр қолбасшыларын мегзеді. — Көргім келмейді. Әскерді ставкаға өзін бастап кел.

Александр үшін бүгінгі оқиға өлімнен де үлкен қатер еді. Үнірейген әлемде жападан-жалғыз қалғанына тұнғыш рет көзі жетті. Ұлы қолбасшы, патша болу мен бәрінен жүрдай боп жалғыз қалудың арасы қас қағым сәт екен...

Ставкаға тұнеріп, тұтығып келген Александр келді де жалғыз өзі моншаға кірді. Моншадан соң бір саптыаяқ шараппен шөл

басты да состиып тұрғандарға, соның ішінде Роксанага да қарата зілді нұсқау берді.

— Мен — жокпын. Кім сұраса да. Тірі пенде жаныма жоламасын!

Патша түнемелікке еніп, үш күн төбе көрсетпеді. Роксана бір бәлениң болғанын ұқты. Келесі күндері өзі түнемелікке кіріпшынып патшаның жүзіне ұрлана көз тастап жүрді. Апәрған тамаққа патша тиіспеді. Тек сусындық әр түрлі шырындар ғана ортайып калады. Соған да шүкірлік етіп, Роксана сусынның және екі үш түрін қолы жетер тұсқа кояды. Үш күннен соң патша үнкітті.

— Кім бар? — Роксана жанына келді. — Тізе бүкші, Роксана...

Александрың жүзіне анықтап қарағаны осы. Үш тәулік асқа ауыз тигізбегені көрініп тұр. Жағы солып, өні қуан тартқан. Өткір көздер терендей, құдық түбіндегі кара судай жалтырайды.

— Тамак алдыртайын ба, Александр?

— “Александр” дедін бе, Роксана?

— Иә, қалай айтқанымды өзім де байқамадым...

— Дұрысы сол фой. Мен “Роксана” деген соң сенің “Александр” деп атауын занды. Маған ұнап та қалды...

— Тамак...

— Соныра, Роксана... Есінде ме, сенің сарбаздар соғыстан шаршадық деп арызданғаны туралы хат жазғаның?

— Есімде.

— Есінде болса Сангалды алыш, әскерді Нанд мемлекетінебастамақ болғанымда сонынан не бір қолбасшы, не бір сарбаз ілеспеді. Дәл қазір менін патша атым да колбасшылығым да бос сөз. Мен тактан түскен болармын? Не айтасың?

— Эллада жерінен жорықта шыққалы, Александр, сен өзінен сенген сарбаздарынды отқа салдың, окка төседін, аштыққа көндірдің, шөлге қактадың, өлімге жұмсадың, мындаған адам өмірін сенің арман-мұдденің жолына қиды. Сен оларды мың мәрте неғайбілге баstadtың — олар ілесті, жеңістен жеңіс әперді. Мың біріншісінде ғана мінез көрсетті. Сен соған, балаша өкпеледін. Мен үш күннен бері бос отырғам жок. Колбасшыларға жеңін айтып, Александр науқастанып қалды деп кайырдым. Ешқайсысының не жүзінен, не сөзінен өзгеріс көре алмадым. Жарандарың мына үңсіздіктен өздерін коярға жер таппай жүрген секілді. Үнді патшалары көрінбеді. Бірак үнділік философтарың бірінен соң бірі келді. Айттар сөзіміз, ақылласар ісіміз бар еді деп өлі де келетіндіктерін айтып кетті.

— Өзіңе еш нәрсе айтпады ма олар?

— Жалаңаш философ...

— Калан карт.

— Иә, сол әулие кісі үстінде еш лыпасы жок күйінде кисық таяғына сүйеніп тұрып езу тартты. “Мен Александрға бір жұмбактың шешуін тапқызсан деп едім. Жазылып қалар. Киын ауру емес. Мүмкін септігі тиер. Мен айтты деп жеткізші... Александр ойша өзін карапайым сарбаз деп есептесін де Сангал қырғынынан соң Нанд еліне бірден аттанамыз деген патшаға қалай қарайтынын ойласын. Және де, Нандты жаулап ал деген үнді патшаларының пиғылын сарапал қорсінші. Мүмкін ұлы патшаның тез айығына септігі тиер”, — деді.

Александр басын көтерді. Көзі қарауытып, басы айналды. Дүние дөнгеленіп барып токтағанда ұзын дәлізben тұра барып қоңыр салқын тұнбаға қеудесінен малшина отыра кетті. Сонынан Қаланның сөзі қуып жетті. Қалан, әрине, жай адам емес. Дегенмен оның айтқанын, оның ойын мен бір үйқыдан сон-ақ талдап, орны орнына қоймадым ба? Екеуміздің ойымыз бір жерден шықкан... Бірақ мына тоқырау-тұйыктан қалай шығу керек? Оны кім айта алады? Абыройым да, айбыным да кемімеу керек. Оны қалай жасаймын. Ойлану керек... Сөзді сөз қоздырmas үшін елге көріну қажет. Тұк болмағандай басқаша бір әрекеттер жасап барып, ел назарын қырсықты қүннен алып қашудың жолын іздейін.

Александр ас ішіп, жан сергіткен соң қатарға енді қосылған Аристофанды, Антипатрды, Эвменді шақырды.

— Бас ставка манында өзгерістер болады. Міне, жобасы. Жарлық дайындалып, бүгін бәрі ауысып болуға тиіс.

Александр патшаны қорғайтын ерекше жосықтың басына Гарпалдың ұлы Аполлонияны тағайындағы. Аполлонияның он канаты мен сол канатына сак жосығында ерекше ерлік танытып келе жатқан Челні баһадүр мен парсылық қолбасшы Мифренді қосыпты. Аполлония қарадан шықкан, осы жөректа әбден сенімге де, құрметке де лайық болған патшамен жас шамасы қарайлас адам. Александр оны алты мәрте өз жарлығымен жоғарылаткан. Бірақ қолбасшылар санатына, патшамен тікелей іс жасар дәрежеге жетпеген. Аполлония өзіне тапсырылған басты фалангамен талай шайқастың таразысын Александрға аударып берді. Бүгін сол фаланғыдан жұлып алып, Аполлонияны өзінін ен сенімді адамдарының қатарына бір-ак көтерді. Чепнінің патшаға қарсы болар, жамандық ойлар еш қисыны жок. Оның жаны бұдан былай патшамен косактаулы. Өзі өлгісі келмese патша аман болуы шарт. Мифрен де орнықты адам. Енді ерте ме кеш пе ахемендер әuletі орнатқан Парсы әлемін қайтадан кешіп өтері анық. Мифрен парсы жактан патшаға жел соктырмайды.

— Колбасшыларда да үлкен өзгеріс болады. Ұзап кетушілер болмасын. Әркім патшадан жарлық болмайынша орны-

орнынан тап қозғалмасын. Бұл – бүйрек. Тәртіпке көнбекендер жазаланады!

Бұл пәрменді барша қолбасшыларға ауызша жеткізіндер! Құрылымдарда инспекция болады. Оны да алдын ала айтЫңдар!

Өзін қорғайтын ерекше жосыктағы ауыс-түйіске қарап, одан кейінгілері де бір соқтай өтпейтін қатердей көрініп, қолбасшылар қобалжулы, кіші әскер басылары мен катарадағы сарбаздар демін ішіне алып тосумен күн кешпек. Бүкіл әскер Александрдан ескен ызғардан дірдектеді. Ал патшаның өзі сарай философы Аноксархты шақыртты. Патша әңгімені ойшылдарға қажет еркін жағдайда жетелеп отырды. Әңгіменің басында Роксана болды. Роксана бәз баяғы білуге, дүниені түсінуге деген ынтызарлықтан өзінің бар-жоқтығын сездірмеуге тырысты.

— Құрметті Аноксарх... Біз Үнді жеріне найзамен, қылышпен келгеніміз рас. Біз өзімізге керектіні алдық та. Бірақ алып кете алмайтын, өте қызық, өте құнды дүние бар. Ол үндінің сансала философиясы мен діни ағымдары. Сіз қалай ойлайсыз, кай философия бізге аян, біздің елде бар ағымдарға жақын? Қайсысы біздің саясатка онтайлы?

— Ұлы мәртебелім... Менің пайымдауымша бірінен бірі айна-кatesіз ағымдар жок секілді. Ал негізгі постулаттары сәйкес философиялық мектептер ұшырасады. Өзіңіз көп пікірлескен жаланаш философтар, яғни, дигамбарлар джайнизмнің бір саласы, кәдімгі өзіміз гимнософистер деп атайдын діни ағымға өте жақын.

— Дигамбарыныздың басында бүгін Калан философ түр ғой? Ол да үстінен еш нәрсе ілмейді. Құдай дүниеге қалай әкелсе адам солай жұру керек дейді. Біздің жер мен ариппейлер арасындағы қыс болмайтын кеңістікте жаңағы гимнософистеріңіз тырдай жаланаш жүріп жатыр. Бұл тек сыртқы ұқастық болар... Ал айырмашылығы дигамбарлардың сана мен тәнді өз канондарына лайық бағындыра білуінде ме деп қалдым.

— Эрине, ұлы мәртебелім. Дигамбар ілімін менгергендер менің саусағым шабылады, бірақ ауырмайды десе шынымен-ак ауырмайды. Олар кара тастың үстінде мамыққа бөлениген адамша рахаттана үйқыға кетеді. Тағамның арасына жан-жануар атаулының етін қоспайды. Тек өсімдікпен тамактанады. Өзіңізге айтқаным бұл ағымның негізі.

— Иә, жан мен тән рахатынан биік бол... Уайым-кайғының жеміне айналма... Жан киналысы мен енбектің мекннатын шатастырма... Үнемі ойлау кабілетін арттырып отыру, қофамға, жеке адамдарға ішкі есепсіз кайрымдылық жасау... Және... Иә, өзгенің есебінен пайда таппа, басы артық, ел назасын тудырар байлық жинама... Осылай демеп пе еді, Калан карт.

— Солай, ұлы мәртебелім. Ол біздегі киниктердің де дүниетанымына жуық. Ал ұлы Александр жиырма мын мириад жер жүріп, жүздең ұлттар мен ұлыстардың патшасына айналды. Бұл халықтарды қүшпен ұсташа аздық етіпес үшін өзіміздің Диогеннің космополитизмі мен симбиоз уағызы керек деп ойлаймын. Адам өзін рухани бұғаудан босату керек деп Антисфенниң кинизмін де қатар дәріптесе деймін. Оның бәрін, әрине, ұлы ұстаздың сүйікті, ең озық ойлы шәкірті — ұлы Александр өз қалауынша, жағдайға орайластыра шешеді.

— Құрметті философ дигамбарлардан сана мен тәнге бүйрық берудің — құпиясын білуғе ден қоймады ма екен?

— Бұл құбылыс адам баласы жеткен үлкен жетістік. Оны білу қыынға соғып тұр. Себебі өте қарапайым... Дигамбарлардың ойын толық түсіндіре алғатын аударма жоқ. Сірә...

— Мен түсіндім... Сіз аса дарынды деген үш философтың ауылын андатыңыз. Біз оларды елге әкетеміз. Біздің тілді еркін менгергенде олардың құпиясы да аян болады.

— Әлбетте. Одан басқа амал жоқ.

— Аршак! — Парсылық окқағар жетіп келді. Тез арада Калан картты осында жеткізіндер!

Александр мен Анаксарх философияға терендей, қанша уақыт өткенін де сезбеген секілді. Роксана екі мықтының пәлсапаға әбден сусап жеткенін анғарды. Әлден уақытта қабығы қожыр-қожыр кисық таяғын табалдырықтан алдымен аттатып сүйекке тери қаптағандай боп ілміп Калан карт келді. Колтығында екі бүккетілген ешкінін иленбеген, қауқайып қатып қалған терісі.

Александр да Анаксарх та орындарынан тұрып, еріксіз еті қашқан екі санның ортасында әне-міне үзіліп түсердей боп созылған, шүмелгі ініне кіріп жатып қалған кара-кек еніне қарап қалыпты. Каланның өзі ол ауылға ден қоймағаны ғана аздаған жайсыздықтан күтқарды. Калан жанындағы аудармашыға қарап бірдене айтты.

— Патша не үшін шакырды екен?

— Жұмбағынызды шешсем деп ем.

— Онда іске кірсейік. Себебі Сангалдағы дағдарыс мені катты қүйзелтті. Патша, әрине, бізге басқыншылықпен келді. Бірақ бұрын-сонды философиядан, біздің ұстанымдардан корықтай, соған мән берген патша өзімізде де болмап еді. Александр тұмысынан патша болмағанда ұлы философ-дигамбар болар еді. Ол патша болу бакытынан да артық. Ал ұлы патша мен бұ дүниедегі ең соңғы кенесімді мына жұмбакпен жеткізсем деп тұрмын.

Калан теріні жерге тастады. Тері қайкиып, екі шеті көтеріліп жатыр. Калан Александрға алдымен терінің бір пүшпағын

табанымен бастырды. Екінші пүшпак қауқайып көтерілді. Калан терінін карсы жақ пүшпағын бастырды - арғы пүшпак көтерілді. Енді ортасынан бас деді. Александр теріні дәл бүктелген тұстан басып еді, тері жерге жабысып калды.

— Жұмбак осы, ұлы патша, — деп Калан үнсіз тосты. Александр Анаксархқа бір, Роксанана бір қарады. Екеуі де аң-тан. Қарт не айтпак, сонда? Александр алмай қоймас, женбей тынбас, шешпей шегінбес, киындықты женбей токтамас әдетіне салып, теріні қайта-қайта ары басып, бері басып ілік іздеді. Сүт пісірім уақыт патша ставкасында тылсым тыныштық орнап, дуние сілтідей тынды. Александрдың мандайы тершіл, тайқы мандайға қызыл тенбілдер тебіндеді. Роксана жұмбакты шешті. Бірақ Александрға айтса ол намыстан жарылып кетуі. Роксана ставканы шарлап кеткен Александр мен Анаксархқа қарап, олардың елінде мұндай жұмбактар болмайтынын еске алды. Сақ жерінде ол жастар бас қосатын үйреншікті орын – хиабанда, халықтық мерекелерде жиі кездеседі. Тіпті онсыз той да өтпейді. Роксанана далалық табиғаты сыйыр етті де жұмбак шешілді. Роксана әлі де ойланған адам боп Александрды алакөленке тұста қуып жетті. Жанына келіп, катар жүріп келе жатып сыйырлады.

— Менінше, тері – өзіннің бүгінгі империяң. Империяның императорының орны шетте емес, ортада...

— Роксана, сен менен ақылдысын. — Александр да жұртқа ту сыртын қаратып, дауыс естілмestей етіп сыйырлады. — Мен түсіндім. Сен менен ұзанқыра.

Және аз-кем уақыт өтті. Александр жалт бұрылып, теріге жақындал кеп ортасынан басты.

— Мынау патшаның орны. Тері менің империям. Империя өте үлкен. Бір шетіне шықсан екінші пүшпағы көтеріледі. Патша ортада отырып, тізгінді тен ұстасу керек! Солай ма, ойшылым?!

— Дәл өзі. Ұлылығыңа көзім және жетті. Патша дигамбар бола алмайды. Бірақ ақылды патшасы бар ел бакытты. Қош! Ұлы Александр. Енді көрісе алмаспаз. Енді екі күн жолға дайындалам. Үшінші күні шығарып салуға келерсің.

Александр Каланның айтқанын түсінбеді де аудармашыны тергеп, ежіктей сұрап барып үкты. Сөйтсе Каланның жер бетіндегі өмір мерзімі біткен екен. Сондықтан екі күн о дүниелік болуға төсек тартып әзірленеді. Содан соң үлкен от жағылып, Калан күлгे айналмақ...

Уш күннен соң бүкіл македон әскері, аяғы жеткен барша үндіс Каланмен қоштасуға келді. Жасыл алаңның ортасында белгілі бір тәртілпен жұмыр ку ағаштар текшелене каланған. Текшениң ортасында, қуыс-куысында үлпілдек шөп. Қызметші тауалар әлгі ағаштарға мөлдір май құйды. Бір кезде атка

жайдак мінген Калан келді. Ешкімге, ешқайда мойын бұрып, көз салмастан өзінің ен сонғы тұғыры да, биігі де – каланған ағашка жақындал келіп, такуаларына бірнәрсе айтты. Такуалар айтқаның болады деп құлдық ұрды. Калан екі адам тік ұстап тұрған саты ағашымен салтанатты түрде көтерілді де, бес-алты сырықты байластырып жасаған жайдак тесекке шалқасынан жатты. Элден уақытта такуалар аспанға карап жамырап берді. Ол шулыған сап тиылғанда төрт бұрыштан от койылды. Сатырлап, өршелене жанған аллауыт алаудың ортасында Калан кара күйеге айналды. Одан соң қаһарына мінген қызыл от Каланнан ештеңе қалдырмады. Мұны көріп тұрып жаны түршікпеген адам жоқ. Ал қып-қызыл өрт жалап-жұктап, тірідей пісіре бастағанда да Каланның бір мүшесі бұлк етпелі. Сұлқ жаткан күйі жоқ болды.

Мынадай сүмдышкы көрмеген қалың әскер әлі де болған-біткен оқиғаның әсерінен табаны жерге жабысып калғандай бол үнсіз тұр. Осы сәтте көз үйреніп калған төрт такуаның егделеуі ат үстінде отырған Александр патшаға қарай өзі секілді арық-тырық бір адамды ертіп келе жатып, айтарым бар деп ымдады. Шерік как айырылып әлгі екеуіне жол ашты. Патшаның қасына ентігіп жеткен тілмаш:

— Ұлы мәртебелім! Бұл кісі Каланның досы, дигамбарлардың ендігі абызы Дандағид, — деп үлгерді. Дандағид базары тарқаған жастағы кісі екен. Дегенмен Каланнан, шамасы, он бес жастай кіші көрінді. Ол да кеудесінде жаны бар демесен төрт сырый, бір құрықтан жасай салған тірі әруақ. Ол да баяғы құдай жаратқан күйі – тырдай жалаңаш. Иыр-қыыр, мандайы құнғе тотыққан Дандағид патшаға иілмеди. Жақын келді де Александрдың көзіне тесіле қарап тұрып Каланның актық сәлемін жеткізді:

— Александр патша оқтап өлмейді, өз елінде астан өледі. Сактанбаса кешікпей кездесеміз, — деп сәлем айтты Калан әулие.

— Калан карттың ескертугі есте болады. Ұмытып бара жатсам Дандағид абыздың өзі еске салсын.

— Калайша?

— Дандағид абыз бен жанындағы төрт такуаға менің сарайымнан орын табылады. Эвмен! Қазірден айналыс.

Қызыл інірде қолтықтарында ширатыла оралған перғауыны бар төртеу ставкаға келді. Роксана оларды түстеп те танымады, не үшін келгенін де ұға алмады. Олар Александрға төрт белік перғаунды жерге жатып, киюластырып болған соң кезеклен кезек әлде бір нәрсені баян етті. Жерде жатқан төрт перғаунды айналып, ұзынша таяқшамен перғаун бетіндегі көп нокат, айқыш-ұйқыш сзыбыктарды нұқып Александр ұзак-ұзак ойға шомады. Кейде әлгі төртеуімен катардағы әріптес адамдарша еркін сөйлесіп барып даяшылар самсатып үлгерген үстел басына ығы-жығы отыра кетті.

Отырыс ұзакқа бармады. Александр әлгілердің әркайсысымен қол алысып коштасты. Берінің арқасына алақанын салып, адами ризашылығын білдірді. Одан соң деру Антипатр мен Эвменді шақырды. Екеуіне әлдебір тапсырмаларды шегелей айтып жатты. Олар да жалт бүрүліп бірден сыртқа беттеді. Кешкі рееси асқа патша ешкімді катыстырмады. Роксана екеуі оңаша отырды. Патшаның асқа аса зауқы жок. Тек әдеп сақтап, рет-ретімен келген астың бар түрінен ауыз тиіп, сырғытып отырды. Роксана әлі де ой шырмауында отырган патшадан жөн сұрамады, іші қайнап тұрса да әміршінің ісіне сұғанақтық жасамады.

Кешкі астан соң Александр алтын тактың екі канатындағы сәкіллendіре жасалған мамық орынға барып, күімін жеңілдетіп, сәл мызып алды. Екі иығынан басқан зіл, кеудені кернеген өкініш уыты азайғанда басын көтеріп, тілі орамға келді.

— Роксана... — Падиша жақындап келіп тізе бұкті. — Роксана, Үнді жорығы аяқталды. Енді үш күннен соң жолға шығамыз. Әскердің жарамсызы флотпен, калғаны теніз жағалауымен жүріп отырады. Сен осы жерден Вавилонға барып, мені тосасың.

Александр өзен жағасына он екі алтарь тұрғызып, сол жерде құрбандық берді. Содан соң бүкіл әскерге: “құдайлар жорықты тоқтат, елге кайт деп тұр. Елге кайтамыз. Бірақ Македон әскерінің ісі осымен бітпейді. Алда — Карфаген, Сицилия, Рим тұр”, — деп өзінің тактан сыптырылып тусе жаздаған маскарасын жауырды жаба токығандай салдырып өте шықты.

Үнді сапары... Александрдың жүргегінде бір тамыр үзіліп кеткендей кеудесі сыздап тұратын болды. Сангалдағы әскери қарсылықты көзіне елестесте өмірден де, адамнан да түніледі. Патша деген аты болмаса осы жорықта қындықты осы қаракұрымның кез келгенінен артық көрді. Оның денесіндегі жаракат іздері-ак отыз мың шақырым майдан жолының кескініндей. Парсы — мемлекеттерден құралған алпауыт империя. Соның байлығын талапайға салғанның өзінде қарабайыр жауынгердің өзі елге қыруар байлық жөнелтті. Үндінің асыл тас, алтын, күмісі, піл сүйегінен жасаган асыл заттар, теңіз тубінен сүзілген маржанын да Александр ешкімнен қызғанбады. Қолбасшылар — бар-жоғы он бес-жырма адам әлемдегі ең бай адамдар санатына көтерілді. Патша сарайына қабылданған, сегіз жылда сегіз қадам жаяу журмелеген ақылгөйлер мен әр түрлі саланын озық ойлы адамдарына Александр патша үлесінен аямай арқалатып келді. Олар да бүгін аса бай адамдар. Елге аман жетсе олардың өз өмірі ғана емес, кейінгі үрпағы да жорғаның үстінде ғұмыр кешеді. Олар Александр секілді бүкіл әлемнің көз сұғы қадалған ерекше тұлғалар емес. Жиған-тергені қаншалықты болса да жалпының назарынан да, назасынан да

тыс. Алтынның буына шыдап берсе өмірдің қызығына тоймас еді. Александр қолдан жасаған мықтылар Сангал соғысынан соң жең ішінен біз көрсетті. Сол бір сәт Александрдың рухын торап кетті. Бұдан бұрынғы сатқындықтардан Александр жүргегін тілім-тілім етіп шығып еді. Мына карсылыкты Александр жаппай сатқындық, опасыздық деп ұқты. Рас, Нанд еліне бірден тартып кету — көзсіздік болатын. Александр бұл жолы үнділік төрт патшаның арамзалығын андамай онбай кателесті. Патша Сангал әлі өртегіп бітпей әскерін де қолбасшыларын да сапқа тұрғызды. Әдеттегідей саптың орта шенінде ен жоғары дәрежедегі қолбасшылар шоғыры өз орнын алды. Патша әрі бас қолбасшы дәстүр бойынша қолбасшылардың карсыына келіп сөз бастайтын. Бұл жолы да солай болды.

— Македондық женімпаздар! Міне, алдарында және бір Үнді елі сұлап жатыр. Еңбектеріңе, ерліктеріңе рахмет! Македон әскері жасасын!

Әскер қылышты қалқанға жалпағынан соғып, патша сөзіне жауап қайтарды.

— Менің карулас достарым Птоломей, Лак, Леоннат артта қалған әскерді баскарып, бізді күюп жетеді. Бізді жана женис, адамзат көріп-білмеген шын байлық, жана кеңістік, тосулы. Ол — Нанд елі. Алға, ұлы женімпаздар! — деп Александр аса жоғары рухпен, әлі де сүйнбаған жастық албырттықпен қылышын жоғары көтерді. Тебініп қалды. Жиырма-отыз кадам жерден кері қайтты. Әскер оған ілеспей мелшип тұр. Александрдың қаны басына шапты. Мұндайда әскер түгелдей қылышын аспанға шаншып, айғайға аттанды қосып, жерді тітіркендіруші еді. Бұл жолы күллі әскер, барша қолбасшы үнсіз сұлк тұрды. Сол сәтте қолбасшылар әскермен бірге, яғни қара халықпен бір сапта, бір пікірде, бір пифылда жақтас боп шыға келді де, ұлы патша, бас қолбасшы, барша женистің рухы, ақыл-ойы, көреген Александр Македонский алмас қылыш шауып түсірген бас тәрізді бөлініп қалды. Сол сәтте әр сарбаз, әр әскер басы үшін, Александрдың өзі де жер бетіндегі қым-куыт тіршілік токтап қалғандай болды. Қолбасшылардың бойында қан жүрмей қалды. Бәрінің көз алдынан Парменион, Филота, Клито, Каллисфен, Гермолайлардың тағдыры зуылдан өте шықты. Олар көзі шатынап, аспанды жерге түсірдей боп тұрған Александрдан көз алмай тұрғанда қыңыр Кән айқай салды:

— Үйге, Александр! Үйге қайтамыз!

“Үйге қайтқанды көрсетем, саған, Кән!” — деді іштей қас қағым сәтте тақтан омакаса құлаған Александр. Келесі сәтте онын не істерін бір құдай біледі. Оқыс жайттан патшаны Гефестион құтқарды. Гефестион, баяғы жан досы зу етіп жанына жетіп келді.

— Александр, есінді жи! Эскерді гарнizonға бұр. Алдына түсіп, өзің ертіп әкет. Қалғаның көре жатармызы...

Александр үшін бұл тұйықтан бұлт етіп шығудын жалғыз амалы еді. Ол және қылышын жоғары көтерді.

— Шерік! Онға бұрыл! Қолбасшылар алға шығындар! Гарнizonға! Алға... бааас! — Патша тебініп қалды да өзі оқ бойы озып кетті. Эскерді өзімен сейлесуге дәті шыдаған Гефестионға тапсырып, ставкаға тұртты.

Енді міне, үш күннен соң македонның карулы құші еліне қарай айналма жолмен жөнкіледі. Кеткенше үнділік төрт патшаның тынысын тарылтып үлгерді. Александр патшаларды шақыртты. Олар македон әскерінің кетеріне байланысты осы төніректе Александрдың қол баласындағы лыпылдан кызмет жасап жүрген. Өзін маскараға ұрындырған төртеуі Ставкаға кіргенде патша алтын зерлі әміршілік шапанын киіп, алтын такта отырған. Төртеуі де бүкжендеп келіп, жен ұшына ернін тигізіп, кеткеншектей жылыстап, дайындалған тапалтақ сәкіде арбалған көжектей бол отырысты. Патшаның жаңындағы биік сәкіде Таксилдің сатрабы, Махаттың ұлы Филипп отыр.

— Ертегі төртеуің де әскерлерінді Филипп өткізіп бересіндер. Патшалардың қолында сарай сакшылары ғана қалады. Бұл — бір. Екінші... Парсы жерінен Үнді өзеніне дейінгі төрт патшалықка Махаттың ұлы Филипп сатрап болып тағайындалды. Сатрап Филипптің сөзі — менің сөзім. Бұдан былай Үнді жері мен үшін жұмбак болудан қалды. Егер әлдекімнің пифылы өзгерсе жазалау әскері екінші ойран әкеледі. Онда ілуде біреудің басы аман қалады. Мен сендермен қоштаспаймын. Көзім де, құлағым да осы жақта болады. Боссындар!!!

Александр сөзінің сонында акырып жіберді. Алдаш шақырып, мыта сала ма деген қаупі бар төрт патша шыбын жаңы шырылдан, Ставкадан ұзағанша дегбірден айырылды.

||

Антигон Монофталымге Роксананы Вавилонға жеткізу тапсырылғанда патша қарт колбасшының Вавилоннан хабары толық екенін ескерді. Тирден де мықты, аса құрделі бекініс Вавилон еді. Парсылардың әкімшілік ордасы Сузы қаласы болғанмен ен кастерлі, ахемендер рухы ұйыған шын астана Персепольға бара жатқанда Вавилонды айналып өту мүмкін емес-тін. Александр Вавилон туралы Геродоттың жазғанын оқыған. Вавилон мұнарасы, аспалы бағы кезінде жасағанда Александрға Шығыстың киял-ғажайып ертегісі бол қабылданды.

Өзі жер қайысқан қолмен киял кала Вавилонға жақындағанда Вавилон карсылық көрсетпесе етті деп тіледі. Өйткені оның көз алдында Геродот суреттеген азан-қазан көшелер, сан тілде сөйлеген саудагерлер. Әрине, Вавилон мұнарасы, аспалы бақты керуге асыкты. Элемге әйгілі танғажайыпты киратушы бол тарихқа кіргісі жок. Құдай сол жолы да Александрдың тілеуін берді. Гавгамел шайқасынан соң Вавилонға қашып келген, осы өнірдің парсылық әміршісі Мазей ересек ұлдарын ertip Александрды жайма-шуак карсы алды. Қамалдың әрі қаланың даруғасы¹, Дарийдің қазынашысы Багофан көшелерге гүл төсепті. Кураған гүлдерге от қойғанда көше бойы хош иіске толды. Александр дәл осындай кошемет көрем деп ойламаған. Әрине Мазей де Багофан да өз заманындағы аса маңызды мәдени, сауда, саяси орталықты бәз калпында алып қалу үшін шыр-пыр. Александр оны түсінді әрі ақылдары жеткеніне риза да болды. Өзі қалаға енгеннен-ақ Геродоттың Вавилонды суреттеп жеткізе алмағанын түсінді. Патша кайда мойын бұрса сол тұстан оқыс бір керемет көреді.

Қамал шенбері 365 стадия², биіктігі 50 шынтақ³, қалындығы 32 фут⁴ қамалдың өзінен бас айналып, көз карауытты. Керемет сарайлар салтанаты, адам киялының шегіне жеткен храмдар мен ғибратханалар, кен көшелер мен қысан жаяу жолдар, Ефраттың екі жағалауын жалғап түрған тас көпір, басы артық суды жинаитын тұнбалар, карсы алдында табандап бір күн тұрсан жалықтырмайтын алып қакпалардағы бедерлі суреттер, ләззат атаулының бәрі – соның ішінде көркіті де асыл киімді қөнілшек әйелдер македондықтардың есін кетірді. Вавилонға Александрдың мейірімі түсті. Ішіне, түптін тубінде өз империясының астанасына Вавилон лайық екенін ол пирамидаланып басталып, ең соңғы текше тамы қорғаннан 80 фут артылып, айнала төнірек түгел көрінетін мұнара аталған ен жоғарғы қауыздың өзі Александр біржолата құдайға айналғанда мекендер жай екенін ішке түйіп қойған. Жорық кезінде Александр бас қақпаға жақын әрі өте мықты бекіністік сипаты бар Итар сарайлар кешенін резиденция етті. Ара-тұра ғажайып қаланы зерттеп, кезінде парсы патшасы Ксеркс киратқан, жергілікті халық құдай деп таныған Мардун храмын аршып алып, қайтадан қалпына келтіруге пәрмен берген. Вавилонда қалатын македон гарнizonы, азды-көпті жаракаты бар жауынгерлерді, басы байлы құлдарды Александр жұмыска салды. Қала даруғасына құл-құтандардың еңбегі өнімді болу үшін ас-суын қүшетті деп Дарийдің қазынасының есебінен қалып бара жатқан жауынгерлерге әр түрлі мөлшерде күміс акша

¹ даруға - қала басшысы.

³ 50 шынтақ - 22 метр.

² стадия - 70 метр

⁴ 32 фут - 9,5 метр.

бергізді. Жалдамалы әскер де риза — үш айлық көлемінде сыйакы таратылды.

Сол жылы, сол сапарда Александрмен бірге Вавилонға Антигон Монофталым да кірген. Резиденцияның бір канатында карт қолбасшы күн сайын жас ііске кенеліп, отыз күнде жас шағында орайы келмеген рахатты тұндердін орнын едәуір толтырған қанағат сезімімен аттанып еді. Сондыктан Антигон Монофталым Вавилонға келген сәтте Мазей мен Багофанды шақыртып алғып, кенсөнің темір-қазымыры Антипатр дайындаған Александр патшаның нұскауларын табыс етті. Іс қағазына, патша тапсырмасына аса мұқият, ешнөрсөні ұмытпайтын, майдашүйдеге дейін тәтпіштеп жазатын Антипатрдың бүйрек ретіндегі құжатын оқыған соң ешкімде ешқандай сұрап-саял қалмады. Енді тек сол сала құлаш нұскауларды бұлжытпай орындау қалған.

Роксана өзі көп естіген Вавилонды акбоз атымен алты күн аралады. Ең сонында мұнараға келді. Қөрген-білгенін әкесі Байтак патшаның Вавилон туралы айтатын аныз тәрізді әнгімелерімен салыстырды. Әкем кейін елге оралғанда Таскаланы түгелдей салдырып, орта шеніне патша сарайын тұрғызыды. Гүлзарлар, жеті ай жазда күн көзінен жылынатын су тұнбалары, жалпак тас тәселген жаяу жолдар — бәрі-бәрі Байтактың Вавилоннан алған әсері болса керек. Ал өзінің бас қенті Битанда салдырған сарайы орталық, ең биік күмбезді коршаған он екі кіші күмбезben құдіреттеніп тұр. Онда да Байтак Вавилоннан қөргенінің жобасын жасаткан. Рас, мына Вавилон сарайлары мен Зиккуратындаған болмағанмен бір елдің патшасына өбден лайық көлемді де, көркем ғимарат бол шыққан. Роксана бұл кішігірім әлемді бірден түсіне алмасын білді. Дегенмен толық түсінігі болу үшін Зиккураттың бірінши қабатынан бастап, ең жоғарғы “мұнара” атаптына себепші болған, биіктігі он бес құлаш ғибадатханаға дейін сақшыларын, үш жұз құрбысын, жергілікті сатрап пен даруғаның әйелдері, Вавилонның бетке шығар аксүйектерінін нақсұйерлерін шұбыртып, сейіл құрды. Ғибадатхананың іші де, сырты да алтынмен апталған; күтімі жақсы екен. Жол бастаушы, Вавилон тарихын кәсіп еткен жергілікті ғұламадан Роксана өзіне өте қажет көп дерек алды. Сонын ішінде алғашқы биіктігі алты метрлік қабаттың астында күпия жолдар мен күпия қауыздар бар екенін, қатерлі жайт туса ең жоғарғы ғибадатханаға апарар баспалдактар бітеу тас есікпен оп-онай жабылып қалатынын да еренсіз ғана біліп алды.

Александр мұхитқа жетіп, жолай соғысып, Үнді өзенінің бергі бетіндегі майда тайпаларды түгел қаратып, бір-ак келеді. Оған дейін, деп ойға шомды Роксана, Вавилонды зерттеуден басқа не істеуге болады? Зерттеу де керек, тек қөрген адам тан-

тамаша қалатын әуестік үшін тұрмай керек бұл қасиетті орындар. Оларды адамға жакыннату қажет. Өмір, тіршілік демі білінетін болсын. Александр мені бұл жерге бекер жіберген жок. Оның ойы теренде. Десе дегендей. Вавилон әлемдік империяның астанасы, әлем әміршісінің бас резиденциясы болады. Александр бұрын досым көп деп ойлаған. Сангалдағы дағдарыстан соң көзі ашылған сияқты. Эне, Александр ту сыртын қаратып ұзағаны сол еді, терт патшаның үстінен карап сатрап Махаттың ұлы Филипп қастандықпен өлтірілді. Мазей мен Антигон Монофталым Роксана әзірлеткен кешкі аста неше түрлі сұмдықтарды айттып берді.

Патшаның анасы Олимпиада мен империяның Европалық бөлігіне Александрдың өзі наместник етіп тағайындаған Антипатрдың арасындағы тартыс баршага аян-тын. Қазір екеуінің дау-дамайынан ел іші екіге бөлініпті. Екеуі де бірінің үстінен бірі шағым айттып, Александрдың басын қатырумен отыр. Сақ даласына жасаған жорықта Александр Шеткі Александрия деп қала соктырған еді. Каланың басшысы етіп, хат танымағанмен табиғатынан зерек, Александрға көп жыл оққағар бол қызмет істеген, сол қызметінде бір аяғынан айырылған Аланасий алпауытты тағайындаған. Сол қаладағы жеті-сегіз мың грек бас көтеріп, араларынан Афинадор дегенді қолбасшы сайлапты. Македондықтар мен гректердің қактығысында Афинадор өліпті. Бірақ гректер сол тулағаннан тулап, Александрдия Эсхатаны тастап, Элладаға қарай босып кетіпті. Шамалы кару-жарағы бар екі мыңдық әккі сарбаздар жолай не бүлдіретіні белгісіз. Аланасийдің де тағдыры беймәлім.

Сатраптар жақтан да жел есті. Олар Александрдың соғыстан қолы босамағанын, шалғайда жүргенін пайдаланып, елді де, жерді де тонауға кіріскең. Сірә, Александрдың табаны Парсы жеріне тиісімен үлкен лан басталады.

Қатердің үлкені – Александрдың жуырда ғана қатты жаракат алғаны еді. Патша қеудесіне қадалған жебені өзі суырып алғанда қансырап, ес-түссіз құлаған. Патша жан тапсырды деген қауесет Неархқа жеткен. Патшаның Гефестион, Птоломей, Кратер тәрізді достарының қатарына қосылған ұлы теңізші, үлкен білгір, ержүрек қолбасшы Неарх патшаның өлтегін рас болса не істеу керектігін ойластырып, әскердің босқынға айналмауын қамдап қойғанда көз ұшында зәмбіл үстінде сұлк жатқан адамды көреді. Бір кезде жааралы адам қолын көтереді. Сарбаздар қобырап, жааралы адамды атқа көтеріп мінгізеді. Сонда барып Неарх та, көз тіккен қаракүрим әскер де жан шакырып, қуанғаннан айқайға басыпты... Антигон мен Мазей ол хабарды, әрине, дастарқан басында айтпады.

Александр жақтан килы-қилы хабарлар келіп жатыр. Анаумен соғысыпты, мынаумен соғысыпты дегендеріне Роксананың еті өле бастады. Сол кисынсыз қактығыстардың қисалсыз хабарынан сүзіп алатыны біреу – Александр тірі. Ал патша Роксананы Вавилонға аттандырып, мені сонда тос дегеніне бір жарым жыл болды. Бұл уақытты Роксана бостан-бос өткізген жок. Алғашында Мазей де, кала даруғасы Багофан да падиша жан тыныштығы, алдында асы, сайлы қызметшілері болса керіліп-созылып жата беретін адам болар деп ойлады. Бұрын Үнді орманында сейілдеп қайтар, көсліп шабар жер жок еді. Оның үстінде белінде оншақты сұнгі, қолында садақ жүретін жалантес, жаланбұт үндістер маймылша өрмелеп ағаш басына шығып ан аулайды. Топтанып жүреді. Егер олар аншы болмай Александр бездірген босқындар болса тасадан оқ жаудырып, орманға сініп жок болуы әбден ықтимал-тын. Вавилонның сыртындағы сары даланы Роксана өзі туып-ескең жерге ұқсатты. Құмы майда, сәл ғана жел көтерілсе шаң қабасын. Жер түгі дерлік қылтанак та шамалы. Сақ жерін Роксана көп аралаған. Кейін өзі қыздар легін құрған соң алыс-алыс мекендерді бетке алып, серуен де құрды, саятшылық та жасады. Енді соған ұқсас, тынысы кен, ашық аспан, ашық жерге келгенде: “Александр тос,” – деген, деп майысып, мұнайып отыра алмады. Роксана Вавилонның ішінде өзін еркін сезінетін қүйге жетті. Одан соң ен алғаш Вавилон мұнарасына, аспалы баққа жол бастап, жөн айтқан тарихшыны шақыртып алды.

– Откенде мұнараға, аспалы баққа барғандағы әсерден арыла алмадым... Ныспыныз кім еді?..

– Оксатр.

– Оксатр мырза... Сөз арасында қамалдың сыртына шығатын жерасты жол бар дегенді айттып едініз. Ол рас па?

– Рас.

– Ендеше, жол кай жерден басталады?

Оксатр ойланып түр. Үнсіздік үзап кетті.

– Мен сұрақ койдым!

– Жол бар екені рас. Бірақ кірер күпия есірі кайда екенін білмеймін.

Роксана Оксатрдың өтірік айттып тұрғанын түсінді. Шын оқымысты, шын ақын, шынайы абыздарды айтқаныңмен жүргізу киын екенін Роксана біледі. Алдында сондай өз елінің тағдырын патшадан да, басқадан да көбірек ойлайтын, ішіп тамаққа, киіп киімге жарымаса да өз ұстанымынан кайтпайтын дара батырдың бірі тұр.

– Оксатр мырза... Жасыныз каншада?

– Қырық жеті...

– Кай бұлықта тұрасыз?

- Кедей базар жакта.
- Қанша баланыз бар?
- Сегіз.
- Жақсы... — Үйініз тарлық етпей ме?
- Одан артыққа жағдай жок.

Роксана аудармашыға шыға түр деп белгі берді. Өзі бір жарым жылда парсыша еркін сәйлейтін халге жеткен. Сірә, қыныр тарихшыны жібітуге септігі тиер деп тікелей соның тіліне көшті.

— Жағдай қолда, Оксатр. — Оксатрдың көзі атыздай болды. Манадан грекше сәйлеп келген падиша парсы тілінде санқ ете қалды. Шынымен-ак Оксатрдың іші жылып қалды. Дегенмен, бойын тіктеп, іштей катаіып алды.

— Сіздей ел мұрасын ардактап, халқына бергенін міндеп қылмай ғұмыр кешетін адамдар бірен-сарап әр жерде ұшырасады. Мен сіздің ішініздеңі аласапыранды көріп тұрмын. Сіз бәрін білесіз. Айтқыныз келмейді. Калауыныз білсін. Эркім өз парызын орындаиды. Мен де бір парызымды орындаын. — Роксана қазынашы Гарпалға арнал бір пәрмен жазды. Одан соң екінші катырманын басына “Багофан мырзага” деп әлденелерді парсыша жазды. Оксатр “бұл жағдай зынданмен бітер, патшалар құліп тұрып-ак үкімінді шығара салмаушы ма еді?..” дегендей қатып-семіп қалды. Роксана қонырау какты. Күндікші¹ кірді.

- Толым баһадүрді шақырындар!

Тарихшы каккан қазықтай бол қабарып тұра берді. Роксана ішкі қауызға кіріп жым-жылас болды. Аяздай тыныштық. Сүт пісірім уақытта Оксатрды жұдырығымен төбеден бір-ак ұрып жок қылатын ақсары келген нағыз алпауыт кірді. Кірді де үн-түнсіз тұрды. Роксана енді сак тіліне көшті. Оксатр және іш жиды. Кетерде Роксана Оксатрга сөздің ашығын айтты.

— Толым баһадурге ілесініз. Кала иесі сізге жаңа қоныс береді. Қазынадан ақша аласыз. Ол ақша сіз алансыз Вавилонның тарихын жүйелі жазып шығуынызға мүмкіндік жасайды. Ал әлгі құпия туралы... Жазбаларынызды, жәдігерлерді қаарсыз. Бір дерек табылып жатса, мен сізге борыштар болар ем... Сізге сарай есіргі әрқашан ашық. Сау болыныз, Оксатр мырза!

Құпия жол үш күннен соң Роксанада аян болды. Оксатр өзі келді.

— Жасаған жақсылығынызға рахмет. Ең бастысы — біздей қолында билігі жок, тек окумен, тану-білумен кеткен адамдардың жанын түсінгенінізге мың мәрте рахмет, ұлы падиша. Мен құпия есікті білем. Көрсетсем деп келдім. Тек жанынызға ең сенімді жалғыз адамды ертініз. Бұл есікті сатрап та, қала басы да білмейді.

¹күндікші - жалдамалы қызметші.

Вавилонда білетін жалғыз мен едім. Енді үш адамға аян болғалы тұр...

— Білесеніз неге сонша қиналдының?

— Патшада, байларда қорғаныш көп. Олар дуние олай-былай болса елді тастап алдымен қашады. Дарий патшада да солай жасады. Қырылатын, баяғы қара халық. Сондай жаманатты күн туса елді осы жолмен алып өтем деп ішке түйіп ем. Ол жол Сізге де, ұлы падиша өте керек. Тарихтан белгілі. Патшада сарайының ішінде үздіксіз үнсіз майдан жүріп жатады. Оның үстіне Сіз македон-грек ортасында, парсы жерінде жалғызысыз... Мен соны ойладым.

— Әңгіменіз көнілге қонды, Оксатр мырза. Ал іске кірсек қайтеді?

— Бұйырсаңыз болғаны... Тек... Құпия есік бұл сарайда емес. Аспалы бакқа ең жакын, шын мәнінде ең сәулетті, ең үлкен сарай Семирамида сарайында. Сарайды да, аспалы бакты да, жер асты жолды да Навуходоносор Мидия патшасының қызына үйленген сон салдырған. Бактың Семирамида, біздіңше, Шаммурамат атты Ассирия падишасының атымен аталуы кейіннен, зорлықпен, әділетсіздікпен жасалған қиянат белгісі. Сізге, ұлы падиша сол Семирамида сарайы кай жағынан да қолайлы. Ашығын айтсам, жазаға тартпассыз... Егер қауіп-катер төне бастаса осы жер асты жол сізді екі қыр асырып, көзден таса қылады.

— Бізге үшінші күнін керегі жок. Қазір Семирамида сарайына барамыз. Сақшылар сыртта қалады, оққағарлар сіз белгі берген тұста тоқтайды.

Семирамида сарайының жанында Роксана жайғасқан Иштра сарайы қарапайым дуние боп көрінді. Ал жер асты жолы үнгір жол болмады. Ол едені, қабырғалары, төбесі әлеміштелген, Мараканның көк тасындағы таспен қаланған, үш атты кісі үзенгі қағыстыра катар жүре алатын тіп-тік дәліз боп шықты. Кірер есірі — Мардук құдай айтты деген сөздер көне ариппейлер тілінде жазылған он жеті тастың жетіншісі. Беті жылмағайланған, шыбын тайып жығылар жап-жалтыр. Бас жағы күмбездене дөғалданған, өте биік. Жетінші тастың бетіндегі жазудың жетінші жолындағы бір таңба тастың арғы бетінде салбырап тұрған шығыршықтың түймесі екен.

— Роксана Оксатрга қарады.

— Илесесіз бе, Оксатр?

— Сізден рұқсат болса. Мұндай бақыт маған енді бұйыра қоймас.

— Жүрініз! — Роксана есікті өзі ашты. Арғы бет тас қаранғы. Сырттан түскен сәулемен дәлізге түскенше тас есік өзінен өзі қайта жабылды. Дәліздің тынысы кен іші мырсындей екенін

Роксана жан-тәнімен сезінді. Және бір ғажап – өте алыстан күн сәулесі себезгілеп, өзіне қарай шақырып тұр. Падиша мен тарихшы алға жұруге жүрексініп, кібіртікеп біраз тұрды. Элден уақытта көзге тұртсе көргісіз каранғылық сүйылып, дәліздің төрт бұрышты кескіні көрінді. Едениң ортасында еденмен еден кіріктірілген ақ тастан жалтырата жасалған жолақ–атқан оқтай бол жатыр. Дәліздің әрбір жиырма кадамы сайын шырақ қойылыпты. Шырақ тамға терендетіле орнатылған тұғырда жуандығы білектей бол тұр. Роксана біріне от койды. Одан сон карсы беттегі және біреуіне... Жер асты саяхатшылар козы көш жерден оралды. Шығар есіктің де құпиясын, есіктен себезгілеген жарықтың да сырын Роксана ұғып алды. Тысқа шыкты да жан-жағына қарады. Шығар есіктің арғы жағы еңкейме жазық екен. Ұзаған сайын көзден таса. Тіпті мұнара үстінен де бұл жер көзге шалынбайды.

Семирамидадан кайтқан соң Оксатр Роксанага және бір сырын айтты.

— Мендеңі дерек бойынша осы дәліздің шыға берісінде он жактан үнгіп жасаған қалтарыс бар.

— Бар. Оны көрдік.

— Сол қалтарыста тиел әкетуге дал-дайын алтын-күміс, асыл тас, інжү-маржан қазына болуға тиіс.

— Казына болса болған шығар. Қазір онын орны бос жатыр. Фасырлар бұрын нендей тағдырлы жайттар болғанын бізге кім айтады? Оқасы жоқ. Оксатр мырза үйге құр қол қайтпайды.

Роксана өз қобдишасынан бір маржан моншак, бір алтын әйкел¹ алып берді.

— Есінізде болсын, Оксатр. Қымбат мулік көз тартып қана коймайды, қаскейдің пиғылын да бұзады. Эйеліңіз абай болсын. Дұрысы Вавилонның хан базарында жүрген жат-жүрттық бай саудагерлерге апарып, алтын тенгеге айырбастансын. Мына жаунардың күны – бір сарай тұрғызарлық пул...

Осы кезде есіктен тықыр естілді. Тұс ауа сатрап Мазей мен қала даруғасы Багофанды, қазынашы Гарпалды, өз сақшыларынан үш әскер басы келсін деп шақыртқан. Оксатр күны күнан койфа жетер-жетпес адамдарға тән үркектікпен екі асыл затты қалтасына тыға салды. Өзі бір уыс бол тұр.

— Сізге рұқсат, Оксатр мырза. Тек койма туралы деректі, жол туралы деректерді де жинақтап әкелсеніз дұрыс болар еді. Асығыс емес. Жазудан бір шаршаған шакта келерсіз...

Мазей, Багофан мен Гарпал қабылханада жайфаса бергенде лағыл түсті көркем кейлекті төгілте киіп, басында падишаның тәжі күлпірып, құдай жомарттықпен берген сымбаты мен

¹ әйкел - асыл тастан көзі бар алтын кулон.

сұлулығын жарқыратып, шілтерлі есіктен өткенде Роксананың мысы үш еркекті бірдей желкеден басып калды.

— Ұлы Александрдың аса сенімді достары, аман боларсыздар! Мен сіздерді көп бөгемеймін. Тек сауалдарыма ұғынықты жауап алсам болғаны. — Роксана есіктен өтті де тоқтады. Сол жерден санқылдан сез бастады.

— Ұлы мырзалар?! Мен бүгін тарихшыны жалдап, Семирамида сарайын аралап келдім. Семирамиданың жанында мына сарай жеркепе емес пе?! Әлде оны бұрын білмеп пе едініздер?

— Білгеміз... — Мазей.

— Әлде әлем әміршісіне, онын падишасына осы да жарайды деп комсындыңыздар ма?

— Ұлы падиша! Мен жөнін айтайын... — Мазей орнынан тұрды.

— Вавилонға патша салтанатты жағдайда, бар құрмет-қошеметпен кірген. Сонда өзі осы сарайды таңдады...

— Александр патшаның әр қаланы зерттеп жүргүре уақыты жок. Жорықта жол үстіндегі сарайды таңдауы занды. Ал менің затым әйел, тегім патша. Семирамида сарайында тұруға Роксана падиша лайық, деген ой келмеді ме сіздерге, ұлы ақылмандар? Босағадағы сарай кімге лайық? Төрдегі, ең касиетті жердегі Сарайды кімге сактап отырсыздар?!

— Сөзінізде кате жок. Антигон Монофталымның айтуымен ұлы әмірші тоқтаған сарай деп үйғарғанбыз. Ер адамдардың сән мен салтанатқа кейде жетесі жетпейтінін есінізге салып, Сізден, ұлы падиша кешірім сұраймыз. — Мазей қасындағыларға бұрылып еді екеуі де жөпелдете бас шүлғыды.

— Он күн мерзім, мырзалар. Сарайды қауіпсіз, қаннен каперсіз әмір суруді ұнататын падишаға лайықтап дайынданыздар! Қолбасшылар! Ертең осы отырған ел иелерімен кеңесіп, падиша сейіл құrap аймақты барладап, белгілеп қоясыздар. Сейіл-арғы күні. Әскер түгел катысады, ойын-машық өткізесіздер. Ол машық апта сайын өтетін болады. Падишаны сақшылар алыстан орағыта корғайды. Үш жүздікпен тан ата жолға шығамыз. Әзірше осы! Сіздер боссыздар!

Роксана жалт бұрылып, шыққан есіктің арғы бетіне өтті. Роксананың үәжін тауып, қаумалап әкеліп, сатрапка да, даруғаға да тек бас шүлғуды қалдыратын өткірлігіне бәлен жылдан бері жан қинамаған ақсүйектер үйрене бастады. Сірә, бас катырар істің жоктығы олардың ойлау қабілетін де доғалдай бастады ма екен?..

Оксатр Роксана Семирамида сарайына жайғасқан соң тілім-тілім, күлдіреп тұрған перғаундарын көтеріп келді. Роксана Оксатрды бір арба азық-тұлікпен жеткіздіртіп салды. Роксана мазасы болмай отырған адамның сыныайын танытып, асықпай

танысу үшін перғаундарды уақытша тастап кетуін өтінді. Оксатр есіктің көзінде тұрып, күмілжи сөйлемеді.

— Ұлы падиша! Мен бір нәрсе айтсам өзіме, бала-шагама зиянның тиіп кете ме деп те тұрм...

— Айтыңыз. Зиян болмас жағын қарастырмыз.

— Осыдан бір жеті бұрын патшаның қазынашысы Гарпал мені жендеттерін жіберіп, бас сарайға алдыртты. Сонда: “Роксана падишаға мен туралы не айттың”, — деп қатты шүйілді.

— Мен: “Қол жетпес адамдар туралы не айта алам? Сіз туралы сез де болған емес. Падиша өнерді, тарихты жақсы көреді. Әңгіме Вавилонның тарихынан асқан жок”, — дедім.

“Бас сарай туралы біле ме?” — деп сұрады Гарпал.

“Әзірше білмейді. Падишаға Семирамида қатты ұнады” — дедім.

Гарпал: Байка! Ғұлама... Бас сарай туралы аузынды ашпа. Егер өзі падиша білген болса не айтасың? — деп тақақтады.

“Семирамида оңаша, тыныш, қорғаныска да, аспалы бакта демалуға да қолайлы. Ал бас сарай ғасырлар бойы бірінің басын бір алған әміршілердің бакталас орны болған. Ырымы жаман жер, деп үқтырам”, — дедім.

— Ол не деді?

— Барқырап тұрып күлді. Риза болды. Алты талант алтын берді.

— Бас сарай шынымен де солай ма?

— Солай. Ол мынадан үлкен. Өзі жатқан бір кала.

Тарихшы бұрынғыдай емес, киімі жаңаланып, көзі майланып, жүрісі екпіндеп-ақ қалыпты. Роксана жаны аши қарап, ол көзден таса болғанша үнсіз тұрды. Арада үш күн өткенде Оксатр түсініксіз жағдайда қаза болды. Тарихшы өз көшесімен — келе жатканда сатырлата шапқан оншакты оны қапталдай өткен соң қеудесінің жартысы бөлек жатқан Оксатрды жүрт бір-ақ, көреді. Әңе-міне дегенше қаскөйлер жұтынып түрған аттарымен көшеден көшени адақтап, бұлт-бұлт жүріспен ұзап кеткен.

Роксанага бұл хабар жеткенде падиша селт етпеді. Тек айтқаны:

— Оксатрдың өлімі кімге керек болды еken? — Одан соң Гарпалды дереу шакыртты. Роксана тіке кетті.

— Оксатрдың жендеттерінмен алдыртқанда неден жасқандың? Елге аян не қылмысын бар еди?

— Қылмысым жоқ... Бірақ бұ заманда кім бірінші барып жамандаса сонықі жөн бол жатыр ғой. Қазынашыны кім жақсы көрсін, падиша!

— Оксатрдың, өлтірген кім, деп ойлайсын?

— Қалай? Ол өлді ме? Қашан?

— Мен оны өзінен білмек ем, Гарпал. Патша сенің бала кезден бірге ескен досын. Жас кездерінде, әкесі Филипке қарсы алғашқы қындықта тайсалмай Александр жағына шығып, айдауға бірге кеткенінді патша ұмытқан емес. Бірақ патша да оның өтеуін кайтарған болар, Гарпал?

— Өтеді, ұлы падиша! Өтеді, артығымен...

— Солай, артығымен деп естімін. Досына адап бол. Менің нұсқауларым аса қынға түспейді. Қазынашы мен падиша сыйлас адамдар болғаны жөн. Өйткені қазынашы алтынның үстінде отырғанмен, падиша патшаның кулағына жакын ғой! — Роксана күміс қоныраудай күліп алды. Ебедейсіз семіріп кеткен Гарпал ырс-ырс етіп құптаған болды. Кетерінде Оксатрдың отбасына қомақты қаржы, ас-су жіберем, деп Гарпал терге малшынып кайтты.

Ертенінде: “Тарихшы Оксатрды қазынашы Гарпалдың адамдары өлтіріпті, падиша оны жазаға тартқызам депті. Гарпал айыбын акшамен, дуниемен жуып-шайыпты. Ажал шарапқа тойған Гарпалдың сакшыларынан келгенін қазынашы мойындалты. Жазатайым жай болғандықтан падиша Гарпалды кешіріпті”, —деген кауесет Вавилонда гу-гу айтылып, құлпыра кайталанып жатты...

325-тің аяғы 324 басында — Александр Македонскийдің табаны парсылардың ежелгі, ата-бабадан бұйырған жері — Иранға тиді. Дәлірек айтканда Иранның Кармания деп аталар бұлығында патша өз жеріне келгендей бола бастаған. Бұл — жыл басы еді. Үндіден Филипптің қазасын естігелі Калан әулиенін: “Сенің орның империяның ортасы”, —деген даналық сөзі есінен кетпеді. Міне, империяның бір пүшпағын тастан кеткені сол еді, мынадай сойқан шыға келді. Осылай шаршауық өмір таусылмластай бол көрініп, көңілі алабұртып жеткенде жаңағы жайттан секем алды.

Александр демалып үлгерместен Кратер құрылышты арапап, қалың шерікті аман-есен алып жетті. Қара тастан қашалғандай берік адам патшаға жалғыз келменті. Өзі жүріп өткен жерлердің сатраптары: Арахосиядан — Стасанор, арийлер мен зарангтердің сатрабы Фарасман, Парфия мен Гирканияның сатрабы Фратагерн аттан түсті. Олардың ізінше аттарын ақкөбік қып атакты әскер басылары Клеандр, Ситалк пен Геракон жетті.

Парсы текті сатраптар патша алдында иіліп, майысып, патшаға майдай жағатын салтпен аман-сәлемін, құрметін жеткізді. Біраз жыл ешкімнің алдында бас имеген македондық әскер басылар парсылардан біраз нәрсе үйренген екен. Олар келе бір тізерлеп отыра кетті де сатраптардан өтер мәймәнке салтын өткерді. Александрдың көзінен еш нәрсе таса болмаушы еді.

Бөлек-бөлек келген сатраптар мен әскер басылары патшаның екі канатына бөлініп тұра калды. Ал өзара амандық сұрасу ишарасын жасамады. Керісінше бір-бірінің төбесінен асыра қарап, көздерін алғып қашумен болды.

— Сатраптар мен әскер басылары бүгін кездескен болдыныздарғой?! — Александр сынай қарады. Екі жақ та абдыраптап калды.

— Кездескен жоқ, ұлы мәртебелім. Патшаның алдында тәртіп сактағандары болар, — деді Кратер.

— Тәртіп?.. Оған қарсылық жоқ. Тынығып, бір-бірінізben көзайым бола тұрасыздар, мырзалар! Баршанызды кешке кабылдаймын. Ел ішіндегі әңгімелерді білуге өзім де асықпыш.

Күндізгі уақытын патша достары Гефестион, Кратер, Птоломей, Пердикка, Певкестермен моншада өткізді. Одан соң бірер саптыаяқ шарап ішіп, бүкіл әлемді уысында ұстап тұрған алты-жеті арлан Дарий моншасынан тер басып, тынығұға арналған бөлігінде жас нәрестеше бұты-бұт, қолы-қол боп шашылып, үйқыға басты.

Өзіне ерекше бап ізdemейтін патшаның Сангалдан кейін достарымен қауышқаны осы. Бүкіл әлемді өз атағымен толтырып тастаған Александр, сан мың қолды сонына ілестирген ұлы қолбасшы, жарты әлемнің әміршісі соңғы кезде дос, мұдделес, армандағас деген ен жақындарын да белгілі қашықтықта ұстайтын болды. Ара-тұра өзімен өзі, ойдан ой қуып, жалғыздық арқасына аяздай батып жүргендей көрінеді. Осының бәрін жіті аңғарып, жаны ашып жүретін Аристофан монша төнірегін ок бойы оқшаулап тастады. Патшасының сыздаған жараны, талған жүйкені, мазаң ойды сілкіп тастап еш алансыз тынықлағанына көп болған. Аристофанға патша бәлен уақытта оят деп табыстаған жоқ. Сондықтан мазасы кетіп, патшаның Ставкаға баар жолын тосқан сатраптар мен әскер басыларды да жуықтапады. Қыстың келте күні құйрығын шолтан өткізді. Бірак қызыл інірге жеткен жоқ. Аристофан кешкі тірліктен хабардар. Енді оятуға да болар деп тұрғанда аршылған жұмыртқадай боп патша сыртқа шыкты. Аристофан езу тартты.

— Жайша ма, Аристофан?

— Жай... Моншаға үндістерге ұқсан кіріп едініз, шықканда сүттен ақ бол шыктыңыз, ұлы мәртебелім. — Александр күлді.

— Оу, батырым! Қай елде жүрсөң — сол елге сәл де болса ұқсасу керек кой!..

— Оят, мына “бала-шағаны”... Ставкаға келсін, — Александр атқа мінді де Ставкаға бет түзеді. Кешкілік бәрінің бас-аяғы жиналғанда нағыз лан басталды.

— Көрмегелі көп жыл өтті, ел иелері! Ел орнығып, тарихтың бүдан былай жаңа арнамен ағатынын түсініп болған шығар?

Халыктың тұрмысы калай, көніл-күйі нені аңғартады? Кәне, әнгімелерінді айтындар.

Александр және байқады – сатраптар бір бөлек, әскер басылары бір бөлек топтана карама-карсы отырысыпты. Алдымен Клеандр атып тұрды. Ол осы жылдары өзі басқарған гарнизонның арқасында ел ішінде бүлік-шатак болмағанын айтты. Әскерді де тәртіппен ұсташанын, тек кейбір кезендерде сатраптар әскерді шеміштен қысып, салық уақтылы келмеген соң әскерді пайдалануға тұра келгендігін, патша қазынасын ойлап, қолды болып кетуі мүмкін деген алтын, күміс пен жауар тас және де басқа асыл заттарды қордаландырғанын баян етті.

– Алдыңғы сөздерінді ұқтым. Ал патша қазынасына деп алтын, күмісті, асыл заттарды кайдан алдын? Ситалк, Геракон! Сендердің де айтпақ сөздерің осы тақылеттес пе?

- Дәл солай, ұлы мәртебелі...
- Сендер де алтын, күміс жинап койдындар ма?
- Дәл солай, ұлы мәртебелім...
- Ал, Клеандр, алтын мен күмістің көзін қалай таптың? Айтшы!
- Ұлы мәртебелі Александр патша! Осы сауалыңызға
- Клеандрдан гөрі мен анығырап жауап берем ғой деймін.
- Арийлер мен Зарантардың сатрабы, аса орнықты адамның ауылын андататын парсы аксүйегі Стасанор орнынан көтерілді.

– Ұлы мәртебелім! Маган табыс еткен Арийлер елі мен Заранг бұлығында отызға тарта тайпа мен ұлыстар тұрады. Егетіні өніс, балтайтыны жеміс, бағатыны төрт түлік мал. Бұл бір момын ел. Аштық аяздай батпаса, киянат канын қайнатпаса, енбегінің жемісін көріп, ертенгі күнге үміт артар жағдайы болса ерте тұрып, кеш жатып, енбекпен есіп өнуді ғана білетін жұрт. Маган тапсырылған бұлықты соғыс айналып өтті. Рас, әр мекеннен соғысқа тартылған адамдардан шығын boldы. Соның өзі бұл елді соғыстан азар да безер етті. Майдан шебі алыстал, араға айлар мен жылдар түскенде жұрт үстімізде кай патша отыр деген жок. Ежелгі кәсібі, ежелгі тіршілігіне кірісті. Елдің еңсесі көтерілсе, карны ток, қайғысы жок болса сатрап болу да онай. Бәрібір Дағыл патшага да бұл жұрт күн сайын сәлем берген емес. Дағыл патша осы бұлықка келген де емес. Сол бір ынтымағы үйінен жерге Клеандр мырза гарнизоның әкеліп орнатты. Бәрі түсінікті: Гарнizon – Ұлы мәртебелінің пәрмені. Сатрап гарнизонның барлық мұқтажына жауапты. Мен өзімді сатрап етіп ұлы Александр патша тағайындағанын бақыт деп санап, гарнizonды бір күн, бір нәрседен мұқтаж етпейдім. Клеандр мырзаның өзіне ерекше жағдай жасап, осы өнірдегі македон құдіретінің белгісі деп түсіндім. Ұлы қолбасшымыз бәлен кентті алыпты, бәлен өзеннен өтіпті, секілді ұшы қырысыз тойлардың шығынын

көтерумен келдім. Бәріне де шыдар ем, бірак Клеандр мырза әлемнің әміршісінің колы бар Антипатр мырза мәр басқан алым-салық мөлшері мен түрлери бойынша қызмет жасауға мүмкіндік бермеді. Сатрапияның жидашылары айтқан салыкка бұл халық мәү деген жок. Салық уақтылы жиналышп, казынаға занды түрде табыс етіліп түрды. Бұдан соң Клеандр мырза “әскери салық” деген салыкты өз жанынан қости. Оның не тұрақты мөлшері, не айтулы түрлері, не мерзімі көрсетілмеді. “Әскердің мұқтажына орай жиналады”, – деп осы жылдары халыкты тоздырып, аздырып, ұрып-соғып, үй-жайын өртеп, коркытып, халыктын ашу-ызасын тудырды. Бұрқылдал әр-әр жерде ел көтерілді. Сатрапияның аруақты, дуалы ауыз адамдарын алдыға салып барып, басу айтып келеміз. Жаңағы алтын, күмісін Клеандр мырза елдің касиетті орындарынан тартып алды, ежелгі ел сиынатын обаларды қаздырып, сонда адаммен бірге жерленген асыл заттарды, алтын ділдәларды алдыртты. Клеандр мырзаға ел “молашы” деген ат қойды. Ұлы мәртебелім, аса өтініп сұрарым – екеуімізді бірдей тексертініз. Мен астамшылық жасасам басым колыныңда. Ал Клеандр артық кайрат жасаса бағасын өзініз берерсіз. Мен Клеандрмен бір бұлықта қызмет жасай алмаймын. Мені ең курделі, ең киын жерге жұмсаныз – даярмын. Тек Клеандр текстес булікшіні қосып бермесеніз болғаны.

Қалған екі сатрап та өз бұлығында ойына келгенін жасаған македондық әскер басылар Ситалк пен Гераконды айыптын астында қалдырыды. Александр үш бұлыққа үш тексеріс тобын аттандырып, сатраптарды да, әскер басыларын да ұзын арқан, кең тұсаумен тексеріс біткенше ұстады. Тексеріс парсы текті сатраптардың сөзін растады. Сірә, әскер басылары Александрдың бұл жорықтан тірі оралмайтынына сеніп, ойларына келгенін жасап бақкан. Александр көп ойланып жатпады – македондық сенген серілерін өлім жазасына кесті. Мұнда сырт көзге байқалмайтын Александрдың ішкі есебі де жоқ емес-тін. Бұл үшеші және Агафон дейтін әскер басы кезінде Филотаны айыптауда белсенділік танытып, Полидамантпен бірге барып, алыс Мидияда бейқам отырған Парменионды өлтіруге катыскан. Сол жолы қанқұйлы тапсырманы орындауға аттанған жұз сарбаз осылардың гарнizonдарында қалған. Александр оларды мұқият терізіп, бәрін бір жерге жиды да Агафонмен бірге қырып тастанады. Таққан айыбы – елді тонауға, жәбірлеуге катыскан... Александр үшін “қызықтың” үлкені Персепольдің өзінде еді. Калаға тай шаптырым қалғанда қошеметі меймілдеп бейтаныс адам құллі жарандарымен қарсы алды. Жұзінен күн төгілген, майлы бет, майлы көз парсылық мән-жайды бірден баян етті. Сөйтсе, Александр тағайындаған сатрап Фрасаорт Александр Үнді

орманына терендей кеткен шакта қайтыс болыпты. Персепольді, онын кат-кабатындағы халық тығыз орналасқан басқа қалашықтарды енді кім басқарады деп иғі жақсылар анқайып қалғанда патшаның алдында түрған Орксин өзін—өзі ұсынады. “Александр патшага Персеполь мен онын аумағын менен артық сақтап тұрар жанды көріп түрған жокпын”, –депті сабаз.

Александра Орксиннің сөзі ұнады, бірақ жылы кабак танытуға асықпады. Персеполь армандағы ақ қала еді. Еш қарсылықсыз қақпаларын ашып тастап еді алғашкы келісінде. Бірақ төрт ай бойы македондықтар қаланы қиратумен, тонаумен, зорлық-зомбылықпен болды. Өйткені ол кезде Парсының астанасы тәркіленсе эллиндердің заманалық кегінің қайтқаны болып есептелген. Александрдың ойында будан әрі сақ жеріне, одан соң Үндіге, ол бітсе батыстағы алпауыттар: Карфаген, Сицилия, Римге аттану жоспары жок болатын. Жоспар осы Персепольдағы төрт айда пісіп, жетілді. Ал қазір сол Персепольді осынша қиратқанына іші ашып, Александр көбіне сау-саламат түрған сарайларға ғана көз тастап келеді.

Атаксеркстің сарайын резиденция етіп, әлем әміршісі бары мен жоғын және түгендей бастады. Бұл кезенде салмақ әскерге емес құпия қызметке түсті. Құпия қызмет және үш-төрт тұзакты салбыратты. Дар тұзағына кімнің басы ілінері көп тостырмады. Александрдың алдына өзін—өзі сатрап сайлап, бір жылдан астам Персепольді шырқ иірген Орксин туралы дерек кат-катымен келіп түсті. Орксин храмдардағы жылт еткенді тонап, патшалар жатқан кесенелерді қабанша қопарған. Карсы келген естиярлардың өлтіргенін өлтіріп, өлтірмегенін елден аластаған. Орксиннің түбіне жетер дерек бұл да емес. Оның ең үлкен айыбы — Дарий Родоманидың туған жиені, ахемендердің бел ортасынан шыққандығы болды. Мұны білгенде Александрдың каны қарайып кетті. “Сонда қалай... Александр жанын шүберекке түйіп, мындаған мириад жол жүріп, мындаған эллиндіктің әмірін қыып, парсының, онын ішінде ата жауы — ахемендердің билігін мұна болмашы сарқындыға ұстата үшін жүрген болды ғой?! Бұдан артық корлық бола ма?!”

...Орксин өзінің қалай дарға асылғанын білмей де қалған шығар. Орксин дар ағашта салақтап күн ұзак тұрды. Александр саяси мәні өте зор бұл бұлыққа соңғы кезде жанынан жарты кадам алыстамай жүріп келе жатқан оққағары әрі есқі досы Певкесті сатрап етіп тағайындалды. Бұл тұстағы шаруа осымен саябыр болғандай еді. Пресиданың әкімшілік орталығы Сузыдан да құпия қызмет небір құқайларды тауып шықты. Александр ашудан бұлығып, сатрап Абулитке дурсе коя берді. Оның айыбы — әскерге азық-түлік жеткізіп тұруды ұмытқаны. Абулит

патшаның алдына қыруар алтын акша – дариконы үйіп тасталды. Александр алтынды ақырға тектірді. “Атқа алтынның керегі не!?” деп патша айқайға басты. Өзі теңіз жағалап, астан да, ауыз судан да тапшылық көріп, бүкіл әскерімен қырылып кала жаздаған сәтін есіне түсірді. Осы ашу үстіне Абуліттін Парэтакенді билептестеген баласы Орсит келді де Александрдың өз колынан жан тапсырды. Өкіріп-бақырган Абулітті патша баласының ізімен о дүниеге аттандырды.

III

Роксана Семирамида сарайында отырғанмен, Александрдың әр қадамынан хабардар. Патша, әрине, жол үстінде жатқан Пасаргад, Персеполь, Сузыдан шауып өтіп Вавилонға тіке келмейді. Ал патшаның аяғы жеткен жерде былықтың шығып, Александрдың ілгері басқан аяғы кері кетуде. Оның бәрі падишаға өз ретімен, белгілі мерзімде келетін поштадан емес, құпия қызмет басшысынан белгілі болып жатыр. Роксана – патша қызы. Сарайшілік өмірдің қалтарыстарын жақсы біледі. Ең алғаш Вавилонға келіп, Семирамидаға жайғасқан соң жұбы жазылмайтын екі македондық – казына басшысы Гарпал мен құпия қызмет басшысы Фиоклдың соңына Роксана өз сакшыларының арасына әкесі қосып жіберген әkkі тыңшы Суниотты салып қойды. Суниот пен Роксананың руы бір. Шешесі грек-бранхиді болғандықтан оның өн-жүзі грек-македон ортасында жым-жылас жүруіне әбден келіп тұр. Грекше судай, адамға жұғымды, көркем жігіт. Суниот – Роксананың айтуымен өзінің құпия жүйесін жасады. Іс жүрмелеген жағдайда Роксана оны ақшаның күшімен бұзып беріп отырды. Ашылмаған есіктерді де Суниот ақшаның күшімен оп-онай ашып келеді. Енді, Роксанага наразы адам бол көрініп, өзін сақ жерінде туған бранхид-грек деп таныстырып Фиокл мен Гарпалдың дос-жар адамына айналды.

– Рас, сен өзге сақтарға ұқсамайсын. Өзіміздікі екенін түрінде тұр, – деді бір күні Фиокл шарапқа балқып отырып. – Бірак сенің қалайша қанлы патшасының сарайында өскеніне танмын. Түсіндірші...

– Түсіндіретін түгі де жоқ. Менің әкем білімдар адам. Рас, маған ол қасиеті аса конбады... Қанлы патшасы балаларына Эллиндік білім бергісі келді. Өзіне де гректерден бір кеменгер керек болған. Сонымен біздің отбасымызды сарайға алдырды. Әлі де әкем сонда. Патшамен дос, сенімді адамы. Кеменгер деген сақтарда өте жоғары атак.

– Аты кім?

— Афинет.
— Жаксы...

Роксана Александр жаракат алды дегенді естігенде өз жұртының салтымен құрбандық шалдырып, аман-есен тезірек келуін тілеп ырым жасатты. Сол ырымға падиша сатрап Мазей, даруга Багофан, қазына басы Гарпалды, құпия қызмет басшысы Фиоклды, әскер басыларын, Вавилонның бетке шығар атакты аксүйектерін шақырды. Құрбандық шалу, тоқым қағудың сонын Роксана ойын-сауыққа айналдырып, шараптын ең бір тансық дегендерін жайнатып таstadtы. Киім киісінен, өзін еркін ұстаудын-ақ Суниоттың жай сиырдын жапасы еместігін жиналған жұртқа анғарткан. Суниот осы кеште еренсіз, кездейсок тіл катыскансып барып, Гарпал мен Фиоклге соқтықты. Шараптан бусанған екі доска тілінің қуакылығы бар, келбетті жігіт ұнап қалды. Суниот оларға өзін бір көрсетті де жергілікті биші сұуларға ұмтыла берді. Өзі Гарпал мен Фиоклға аса мән бермегендей.

— Эй, мына жігіт катын көрмей әбден курауға айналса керек. Байғұстың сауабын алсақ кайтеді? — Гарпал досына қарады.

— Сонда, не іstemексін? — Фиокл ұрланып, Роксананың ізінен калмады. Төмен етектінін бәрі тек тәсектегі қызыққа жаратылған деп әбден еркінсіп біткен сабаз Роксанага көз тастау, қызығу тек өлгісі келгеннің ісі екенін ұмыта берді.

— Фиокл! Сен өзің не ойлат отырсың? Мен не айттым?
— “Суниоттың сауабын алайық”, — дедін. Қалайша?
— Ертіп кетейік те жұз катынның ортасына лактырайык.
— Жарайд... Лактырайык...

Суниот осылай Фиокл мен Гарпалдың ойнасқор достарының біріне айналды. Әнгімелері шарап, катын, тұрпайы қызықтар. Кешікпей Роксана Гарпалдың қазынаны қалай болса солай шашып жатканын нақтылай біліп алды. Ал Фиокл Гарпал төнірегінен еш сыйыс патша жакқа кетпеуін шегелеп тастаған. Бірақ елде құлак пен көз бар емес пе?! Бұл екі достың жүгенділігі баршаға аян еді. Мазей мен Багофанның бұларға билігі жүрмейді. Ол аз болса сатрап та, даруга да ел мұқтажына деген каражатты Гарпалдан алады. Гарпал патшаның ең жақын, ең сенімді досы деген лақап оны бәле-жаладан қорғап келеді. Гарпал мен Фиокл басы бос әйел жетпегендей, Вавилонда тордағы құстардай бағулы көркем келіншектерді де қүйеулерін конакқа шақыргансып, түгендей шықты. Сабасына сыймаған Гарпал Афинадан аса сұлу, аса қымбат тұратын екі гетера — Пифионика мен Гликераны алдыртты. Тұнгі жын ойнақтан ісіп-кеүіп, әрен бас көтерген бір күні Гарпалды Роксана шақырып алды.

— Гарпал мырза, мен падишамын. Патша құрған елдін

тағдырына мен немкүрайды қарай алмаймын. Александр шексіз сенген адамдардың шектен асқан қылыштарын патшадан жасырмаймын. Александр ең киын жолдан жаралы да болса тірі өтті. Есінізді жиыныз, есебінізді түгенденіз. Сыртка, бей-берекет кеткен акы-пұлдың ширегі Александра аян болса, басынызбен жауап бересіз. Танысыныз, мұнда өзініздің пәрменінізben сыртка шықкан қаржының рұқсат тубіртектері, міне, менде. Осының өзі сізді дарға апаруға жарайды. Ал бас сарайдағы жын ойнак, қымбат гетералар?.. Гарпалдың жүргегі тоқтап қала жаздады.

Екі тізесі ұстамады ма, Роксананың алдына сылқ түсті.

— Бәрі рас, акталып та жатпаймын, ұлы падиша! Мен де бір қажетінізге жаарармын. Бәрін пышақ кескендей тоқтатам. Тек патшага айта көрменіз. Құлыныз болайын! Мен жақсылыкты ұмытпайтын адаммын.

— Мені де сатып алмақсын, ба, онбаған!

— Жо-жоқ. Жай, адамдық борышты айтам да!..

— Бар! Ойлан! Тұзе, ісінді. — Роксана “сізден” “сенге” көшті.

Тұс ауа жылмандал Фиокл келді. Роксананың қабылдауын тосып едәуір жүрді. Роксана іс дәл осы бағытта өрбитінін білген. Мырс құлді де Фиоклды әдейі ұзақ тостырды. Фиокл тоса-тоса төзімнен де, әншайіндегі жайбаракаттығынан де жүрдай бопты. Сөйлесе ерні ерніне тимай селкілдеп кетеді. Роксана оны сөйлетпеді де.

— Гарпал екеуін құрдымға бірге кетесіндер. Оны өзің де білетін боларсын, Фиокл? Сен де өз міндетінді ұмытқансын. Кай жерде қанша адамың жүргенін, шын аты-жөнін мен бес саусағымдай білемін. Бұдан былай тырп етсөң Александрызың-ақ басынды өзім алдыртам. Жауабын мен бере аламын. Бір жақсысы — өлген адам актала алмайды, Фиокл. Гарпал екеуін қазынаны тауыкша шаштындар. Енді есеп-қисабын түгендер көріндер! Шашкандар екеу — қазынаға құюшы бүкіл Вавилония, Сузыдан бергі аймак, өткен-кеткен бай саудагерлер... Мүмкін қазына ортаймай, артылып-төгілуге жақын шығар? Ойланындар, достар. Ал бұдан былай патшалықтағы барша құпия мәліметтің көшірмесі күн сайын менің алдымда жататын болады. Енді менің де тапсырмаларымды орындастын боласын, Фиокл! Сенің қызметін маған таң да емес, құпия да емес. Есінде болсын, ізін андулы болады. Өзіңнің амандығың үшін... Енді Персепольдағы жаппай үйлену туралы айт. Александр бір күнде екі рет үйленіпті — рас па?

Роксана мәліметке шүкшия түсті. Біріншісі Дарийдің кызы Статира¹, екіншісі Атаксеркс III Оханың кызы Парисатида. Тойға патша жарандары түгел дерлік катыскан: Гефестион, Птоломей,

¹Статира - Дарийдің әйелінің де аты - Статира.

Кратер, Пердикка, Селевк, Неарх, Певкест, Леоннат, Марсий, Никонор, Лаг. Эрине жастарға тілекші бол Антигон Монофталм мен әлі де алпысқа жетпеген, бірак өзін жорық бойы карт адамша үстәған Лисимах үстаз бас шұлғып, айылын жимай жүрген.

Роксана жырақта жүріп, жаңылыс баспас үшін бір кеш бүрк-сарқ кайнаса да бәрін ақылдың тезінен өткізуге тырысты. Александрдың бұл әрекеті – саясат екенін, екі елді жақындастырудың амалы екенін түсінді. Дарий мен Атаксерктің қыздарына үйленгенінде де үлкен мән жатқанын ұқты. Енді Александр Парсы патшаларының ет жақын туысына айналды. Енді парсыларға оны жатсынудын жөні калмады. Гефестионға Дарийдің үлкен қызы Дрипетида тиіпті. Гефестион Александрдың жан досы, енді әйелдері арқылы туыс та болды. Птоломей де, Неарх та, Эвмен де үйленген. Ең қызығы Селевктің үйленуі. Кезінде массажет патшасы Спитамен Александрдың әрекеті арқылы өлтірілгенде Александр оның бала-шағасын өз сарайына алдырған. Кешіктірмей оларды Персепольға жіберіп, сонда патша отбасына сай жағдай жасаған. Оларды кайтарып алуға Байтақ патшаның құрығы қысқа болды. Заман өзгерер, бір жөні болармен бұл бейбактар Персепольда тұрып жаткан. Селевк осы тойда Спитаменнің қызы Апсанана үйленіпті. Апсанана Роксанадан бірер жас кіші. Спитамен патша қызының атын Роксанана ұқсатып, Апсана деп қойған еді. Роксана Апсананы жақсы біледі. Өні сүт сарғыш, көздері ашық күнгі аспандай көкпенбек, тұп-тұнық. Мінезі сыйық, сұлұлығында мін жоқ қыз. Үл тұста Роксана сәл жібіді. Апсананы бауыр тартып, көргісі де келді.

Фиокл Роксанадан тірі шықты ма, өлі шықты ма белгісіз. Көзі жер тесіп, өн-сөлсіз қыбырлап бара жатты. Роксана Мазей мен Багофанға қатан тапсырма берді: Гарпал мен Фиоклдің әр қадамы андулы болатын пәрмененді өз колымен жазып берді.

Бір күннен соң Суниот Роксанана келді.

— Ұлы падиша... Гарпал мен Фиокл айып-пұл әкеліпті. Не істе дейсіз?

— Экелсін.

Роксана сыртында алтын өрнегі бар, піл сүйегімен көркемделген сандықты екі кара палуанға көтертіп екі кү жетіпті. Роксана сыр бермеді. Сандықты патша кенес өткізеді деп ыңғайлаған кең тынысты ападанға² кіргіздіріп, патша тағының он канатына, қол созым жерге койғызды.

— Қазына — патшанықі. Оның каншасы қазынашыда, каншасы өзінің қол астында тұрғаны бәрі бір емес пе? Жаксы. Патшаның қолма-қол жұмсауына, біреулерге құрмет көрсетуіне

²Ападан - жыын өткізер немесе үлкен қабылдау жасайтын салтанатты зал

қажет болар деп Гарпал мен Фиокл әкеліп койды деген жауап алады патша. Енді боссыңдар, достар.

Роксана Александрың әр қадамын Фиокл арқылы накпа-нақ біліп отырды. Оның Иранға келген беттегі ланды істерден малтығып шыға алмай жатқанынан да толық хабардар. Хабардың бәрі бірдей жайлы емес. Көбіне Александрдың жаңына бататын жайттер. Парсы жеріндегі аз күнде Александр қылмыскерлерді жекелей де, жүздеп те жазага тартқызып жатыр. Өз қолымен де кісі өлтірді. Сірә, әбден титықтап, ашу-ызыншы шегіне жеткен.

Дегенмен, сұрқайы хабарлардың арасынан бір күні Александр Персепольда үлкен той жасапты. Он мың македондық бір күнде парсы қыздарына үйленіпті деген хабар келді. Үйленген мықтылардың алдында әрине, Александр тұр. Терісі кен патшаның жүргегі де кен боп шықты. Роксананың кеудесінде кек пайда болды. Өйткені Александрмен отасқанына екі жылға аяқ басқанымен Роксана бала көтермеді. Ал күні кеше Александрдың етегі тиген екі қар тоғыз айдан соң бір-бір үл туып берсе Роксанадан тараған үрпак үшінші дәрежелі боп, сүмірейіп қалары сөзсіз. Осы ой сап ете қалғанда Роксана Суниотты шақырды. Суниот Фиоклды ертіп келді. Роксана мен Фиокл көзбе-көз сейлесті.

— Фиокл... Персепольдан алдырған соңғы хабар мені катты толқытты. Александрдың екі әйелін және Гефестионға ұзатылған Дрипетиданы менін жолымнан алып тастайсың... Өтеуін өзін айт.

— Кайдағы өтеу, ұлы падиша. Бізді жамандашылардың аузын жаптырсаныз болды. Гарпал екеуміздін кателіктегірімізді айтпасаңыз... Және... Ел болған соң оның бәрінің аузын жабу киын болуы. Сондыктан қатер төнсө біз алдымен естітін болайық. Кеудеде жан бар ғой. Жол табармыз. Мына тапсырманыз табан астында орындалады. Үшеуі сіздің болашақ үрпағыныңдың бағын байлайды. Оған жіберуге болмайды. Мен дұрыс түсіндім бе, ұлы падиша?

— Дұрыс, Фиокл. Мұмкін істі жеңілдетуге қаржы керек болар? Керегінше ал, Фиокл. Тек жарты айға жеткізбей істі бітіріндер.

— Бітіреміз. Кай күні патша Персепольдан бері қарай жылжиды, сол күні тапсырма орындалады. Иә, қаржы, сөз жоқ керек. Бірақ Гарпалда ол жағы қебірек кой... — Фиокл әзілге сүйеп езу тартты. — Керегінше береді: Естуімше Гарпалдың да басы біреу-ак. Рұқсат етсөніз...

Бұл әнгімен дони сөз күн өтті. Тоғызынышы күні Персепольдан жиырма бес мың әскермен Александр Вавилонға бет түзеді деген хабар жетті. Александр Вавилонға қарасты жерге іліккеннен-ақ әр-әр жерде тоқтап, ел ішіндегі әнгімелерге ден қойды.

Сондыктан әскер өте баяу жылжыды. Вавилонға үш күндік жол калғанда Фиоклға берілген тапсырма орындалғаны естілді. Дәл осы мерзіммен қат-қабат Мазейге патшаның жасырын пәрмені жетті: “Гарпалды қөзден таса етпендер. Қаладан шығып кетпесін. Бұл пәрмен күпия қызметке айтылмасын”. Мазей Роксанага бұл пәрменді өзі келіп, оқытты да үн-тұңсіз кетті. Сірә, Вавилонда да лан басталатынын түсінген Мазей Роксанага жағынып үлгеруді жән көрген. Майбекселігі, мимырттығы болмаса Мазей елге жайлыш сатрап болды. Роксананың жүрегі атша тулады. Бір нәрсе анық — Гарпал мен Фиоклдың сұраққа алынуы Роксанага қауіп. Бұлар сірә, өлім жазасынан құтыла алмайды. Ал өлеріне көзі жеткен адам Роксананы аясын ба?! Иле кетері анық.

Роксана түнделетіп, Гарпал мен Фиоклды шакыртты. Патшаның пәрменін жеткізгенде екеуі құзі жалыракша қалтырады. Роксана ертеңінде өзінін үш жуз құрбысымен, мынға тарта жасакпен қала сыртына үйреншікті сейілге шыкты. Сол қаракұрымның бел ортасында әскерше киңген Гарпал мен Фиокл да кетіп бара жатты. Гарпал алты мың талант, Фиокл да көтергенінше алып жолға түсті. Сыртта Гарпалды осы төңіректің қаракышысы Қауға сақал атанған, қаракышы аннан-мыннан құралған алты мың әскермен тосып алды. Қауға сақалға жеткен соң Гарпалдың күлкісі түзелді.

— Қош, ұлы падиша! Тезірек бала көтерініз... Біз Қауға сақал екеуміз өз мемлекетімізді құрамыз. Қазынаның жартысын елге жеткізіп тастағам. Менен басқа жан адам оның кайда екенін білмейді. Әлемді билейтін — алтын. Алтын менде жетіп артылады. Рахмет! Бұ дүниеде кездеспегеніміз дұрыс шығар. Сау! — Фиоклдың жанына Роксана жуз сақ сарбазын косып берді. Олар соғды, Марақанд басып Битанға кетті. Фиоклдың колында сақ таңба жазуымен жазылған, тек әкесі немесе інісі Бекасыл оки алатын жазу.

IV

Александр Вавилонға тұтығып, Персепольдағы үш әйелдің қазасын кімнен көрерін білмей ашулы кірді. Гарпал мен Фиоклдың сыйылып кеткенін естігендे арыстанша ақырды. Мазей сорлы өз басынан түніліп, Роксанага кісі жіберді.

Александр Семирамида сарайына бас сұкты да бұл жерде өзін сарғая тоскан адам бар екенін жан-тәнімен сезді. Өйткені бұдан кем сокпайтын сарайларда дәл мынадай жылдылық, әр нәрседен есіп түрған мейірім мен сүйіспеншілік жок-тын. Александр сарайды аралап келе жатып, Роксана кай тұстан шығар екен, деп елегізді. Александрға сарайдың бас саманшысы патша тынығатын

данғаза үлкен қауызды, қабылханасын, Кенес өткізуге арнағы жасалған кең тынысты, патша тағы аса құдіретті етіп орнатылған ападанды көрсеткенде, патша сүйеушісі бар адамның күйіне түсे бастады. Бірак қайда барса да Роксананың көрінбеді. Шыдамы таусылған патша жалт бұрылып Мазей мен Багофанға қарады. Іштей және бір қаралы хабар тосып тұрған жоқ па деген үрей алқымына қара кесек бол тығылды.

— Падиша... Ұлы падиша Роксананың қайда?

— Аспалы бақта, ұлы мәртебелім. — Роксананың көлеңкесі — сак сұлуы Баршын. — Падиша басы ауырып, салқын ауаға шықкан еді.

— Басы ауырып... Онда отыз мын мириад жол жүрген адам отыз қадамға кинала қоймас. Жол баста.

Патша Баршынға ілесіп, жалғыз кетті. Аспалы бақ та алғаш көргеніндей жадау емес. Жасыл желегінің күтімі түзелгені көзге ұрды. Бір саты көтерілгеннен-ақ даладан самал есті. Сылдырап аккан бұлактар, кіп-кішкентай сарқырамалар Александры Македонның орманына кіргізіп жібергендей. Патша және бір саты көтерілгенде ауа және өзгерді. Жасыл жеңек буырқанып, ырғалып тұр. Көз ұшындағы аспалы ереде Роксананың жатыр. Александр және толқыды. Онысина өзі тан. Бірак бұл бір бал татыған сезімді шашлай-төкпей аңсаған адамына жеткізуге тырысып келеді.

— Роксанана!

Роксанана қанша ұстамды болам десе де көзінен ескен сағыныш аралас қуаныш, алабұрткан өні бәрін жайып салды. Патша мен падишиштың құшактары айқасып, екеуі де біраз уақыт масаң қүйде қалып койды.

V

311 жылдың 13 маусымы. Бұл — ұлы Александрың қайтыс болған күні. “III Александр”, “Ұлы Александр”, “Әлемнің әміршісі”, “Зевстін ұлы”, “Екінші Дионис”, “Ұлы колбасшы”, “Александр Македонский”... Көзінің тірісінде оның есімі жетпеген жер қалмады. Ол көз жұмғалы бергі он екі жылда баржоғы отыз екі жасқа дейін қарама-қайшылығы көп, жақсылығы да аз емес, киял қатар шаба алмас іс тындырған Ұлы Александрың есімі жер бетінен өзімен бірге кеткендей жым-жылас. Әлде “Александр” деген сөз әлі де үрелі ме, әлі де Александрың мысы оның жаулап әперген елдерін басып қалған қарулас достары — диадохтарының мысын баса ма екен? Бүгін, міне, Александр қайтыс болғаннан кейін дүниеге келген артындағы жалғыз тұяғы

IV Александрды ересектерше киіндіріп, өзі ақ пен кара түсі тен кейлек киіл, Роксана жатын қауыздан ерге шыкты. IV Александр бұл күні жасалатын рәсімдерді ес білгелі көріп келеді. Анасының оны не үшін аса бір тебіреніспен жасайтынын түсінуге тырысады. Бұл күні анасының сөзі санаулы, ісі өзі қалыптастырған реттен ауытқымайды. 13 маусым – Ұлы Александрды еске түсіретін күн. Роксана оны осымен он бір жыл қатарынан бұлжытпай орындалап келеді.

Құрбандық шалар орынға жеті қара өгіз, жеті қарагер ат байланды. Бәрі де бордакы. Қасапшылар пышактарын жаңып, алжапқыштарын таңып, сақадай сай тұр. Семирамида сарайын пана еткен жеті мындық сақ жасағы, елге қайтарған үш жұз қыздан өз еркімен қалған тоғыз құрбысы, әр түрлі қызмет жасайтын екі жұзге тарта қызметшісі амфитеатр тәріздендіріп Роксана жасаткан құрбандық орнына таяп, жарты шенбер құрып, үнсіз тұр. Роксана оған ілесіп бала Александрдың ұстазы, македондық кекселеу кісі әйелімен және сақ сақшыларының арасында жүрген естияр кісі, тәнірші такуа Қынық абыз барып сәкіге жайғасты. Алдымен македондық ұстаз орнынан тұрды.

— Адам бол туып, кудай бол дүниеден өткен Ұлы македондық, ұлы Александр! Тәнің жерде, Рухың аспанда! Адамзат сені ұмытпайды. Македон халқы үшін сен мәңгілік мақтанышсын. Сенің жер бетінде жасамақ ісінді, жете алмай кеткен арманынды өзіннің бел балан, IV Александр жалғастыруға жазсын. Енді сенің есімің өмір сүреді. Сенің рухын жана ел, жана ұрпақтарға ұласа береді. Сенің есімің ғасырлардан, дәуірлерден асып, сен естімеген, сенің өзің қиялдамаған жана жерлерде, жана елдерде адамдардың жүргегін, санасын жаулап алады. Сен мәңгіліксің, Александр! Македон халқының ұлы перзенті... Бүгінгі құрбандықты қабыл ал!

Македондық ұстаздан соң тәнірші такуа екі колын аспанға атып, өзі тілінде құрбандық шаларда айтылар сөздерді Ұлы жаратушыға бағыштай сөйледі. Осыдан кейін Роксана баласы екеуі қасапшыларға жақындалады:

— Ұлы Александрға бағышталған құрбандықты бастандар! — деді IV Александр.

Бүгінгі түн — Семирамидадағы сонғы түн. Ертен түн жамылып, бүкіл сақшыларымен, құрбыларымен, елінен бірге келген қызметшілерімен Роксана Александрдия Эсхатаға қоныс аударады. Вавилон бір сәтте зынданға айналуға жақын. Бұл кадам корыкканға кос көрінгеннің ісі емес. Вавилонда казір Македония мен Грекияның наместнігі Антипатрдың ұлы Кассандр жіберген жұз отыз жансыз жур. Олар аздаған топпен келіп, күннен күнге көбеюде. Сондықтан ертен әскер екіге бөлініп, дала тыншығанда бала Александрды алып бірінші жасақ кетеді. Түн жарымда Роксананың өзі қалған жасақпен, өзіне осынша жыл қызмет

еткен адамдарымен жолға шығады. Баар жер, басар тауын, жолда не болуы мүмкін екенін, қауіп-кательдің кайдан, кімнен екенін Роксана мұқият есептесе де аса кобалжулы. Ол күн кешкіре Вавилоннан жалдаған қызметшілерінің акысын төлеп, бәріне Александрың еске алу күні жасаған қызметі үшін дегенсіп, бір күн емін-еркін базар аралар сыйакы таратты. Қызметшілерге бір тәуліктік демалыс берілді. Сонымен, Семирамидада тек Роксананың адамдары қалды.

Роксана Александр Вавилонға келген күннен бастап, күнделік тәріздендіріп, маңызды сәттерді накпа-нақ жаза бастаған. Ол күнделік бүгін Роксанага алтыннан қымбат, жанынан артық көретін жәдігер. Ол енді IV Александрдың көре алмаған әкесінің соңғы жылын көз алдына елестететін, әкесінің қаншалықты алып тұлға болғанын растайтын, әзірше, жалғыз дерек. Ол дерек бір-ак дана... Егер Роксана колға түссе баласы оған жете алмайды. Не істеу керек? Роксана көп ойланбастан күнделікті көшіріп, екінші дана жасауға кірісті.

“324 жылдың 29 қаңтары. Александр оралды”.

“Ақпанның 3 жүлдізы. Александр келgelі Вавилон, оның ішінде Семирамида сарайы жер-жаһаннның кіндігіне айналды. Адам нөпірі патшаға бар-жоғы екі күндік тыныштықты әрен қиды”.

5 акпан. “Әскер ішінде нарызылық басталды. Грек-македон сарбаздары өздерін парсылармен, басқа да азиаттармен теңестіріп қойған жана тәртіпке наразы”.

6 акпан. “Осыдан төрт жарым жыл бұрын Александр отыз мың парсы баласын кемеге тиеп, грек-македон әскери өнерін, тілін, салтын, мәдениетін үйретуге жіберген екен. Сол отыз мың Сузыға келіп, патшаның жарлығын тосып жатыпты. Патша олардан арнайы әскер құрып, патшаның тікелей қарамағына көшірді. Қазір әскер ішіндегі грек-македондық менмендікті жою үшін Александр Бактрия, Соғды, Арахос, Дрангиан, Ария, Парфиядан шакырылған жана күшті ескі әскердің арасына косып жатыр”. “Әскер ішіндегі наразылық ушығып тұр. Александр грек-македон сарбаздарын сабасына түсіру үшін “карыздарынды өтендер” деп ақша таратты. Сарбаздар бұл ақшаның арты жамандық болар деп алмаған. Патша ақшаны еш тізімсіз, аты-жөнін сұрамай таратқызды. Бірақ мұнда да бәрі онай болған жок. Масқара болғанда ен карт қолбасшы Антигон Монофталым осы қалаймаканды пайдаланып, едәуір алтынды жымқырып қалыпты. Ол жайт Александрға аян болғанда патша қатты қынжылды. “Парменионмен бақталасқан Антигон осылай істеген соң басқа қолбасшыларды да, сатраптарды да таза қырып тастау керек шығар!?” деп Антипатр мен Эвменге шүйілді”.

14 акпан. “Антигон жасының ұлғайғанын көлденен тартып,

ұмытшақтыққа жығып, ақша үрлаған қылмысын жуып-шайды. Александр сенбеді, бірақ кешірді.

Александр жалпак жүрт танғы асын ішіп, құнделікті тірлігіне кірісkenнен соң төсектен тұрады. Оның есесіне таң жүлдзызы босағадан ауғанда ғана әбден шалдығып келіп құлайды. Империяның шанырағы шайқалып тұр. Патша күн сайын бір дауды басып, екінші дауға дауға іздейді. Кезінде грек полистарынан түрлі саяси күрес, қайшылықтар үшін қуылған аты мәлім отыз мың адамды елге кайтару туралы, олардын мүліктік, азаматтық, саяси құқықтарын қалпына келтіру туралы тәптіштелген патша жарлығы бүкіл Эллиндік одакқа таратылды. Бірінші бол Афиныдан карсылық келді. Баяғы Демосфен. Демосфен патшаға Панэллиндік одактың жарғысын жіберіпті. Онда патша алдымен жергілікті Халық жиналышының келісімін алып қана мынадай Жарлық берे алады, делінген тұска Демосфен түсінік жазыпты.

Александр рахаттанып құліп алды. Жанында Птоломей мен Пердикка бар. Антипатр мен Эвмен, Аристофан да патшаның касында болатын. Александр Демосфенді құлкіге айналдырды: “Мен соңғы рет Афиныды тізе бүкіргенімде естерінде болар, Демосфен қырқа басындағы орамынан шықтай, тығылып жатып қалып еді. Сірә, сол үнгірден кеше ғана шықканға үқсайды. Өйткені әлемнің жаңағанын, Александр үшін Панэллиндік одак - бала кезде киген итжейде екенін түсінбеген соң осы адамды ақылды деуге бола ма? Мен оны ініне қайта кіргізем! Демосфен халықтың адамы болса, сынап көрелік. Жаз, Эвмен! Самос аралы Халық жиналышының шешімін қолдансын. Арал Афиныдан бөлінсін. Жеке әкімшілік аумағы құқы берілсін. Горг аумактық әкімшіліктін басшысы болып тағайындалсын”.

“Самос аралы үлкен дауға айналды. Енді Самос пен Афины арасында соғыс болғалы тұр”.

“21 сәуір. Аяғым ауыр. Александр оны білгелі маған ерекше мейіріммен қарайды. Оңашада ішімді сипап, тезірек томпайса екен, бәрі көрсе екен деп мәз болады. Ондай сәттерде мен алдында кім тұрғанын оп-онай ұмытам. Патша екені рас. Бірақ ол менің некеі күйеуім фой.

... Александр анасы Олимпиададан хат алды. Антипатр екеуінің жауығуы шегіне жеткен. Антипатр грек полистарының Александрды басқыншы санайтынын пайдаланып, бұл өнірге басы бүтін иелік етпек ойы бар. Олимпиада көмек сұратты. Көмек те, Жарлық та дайын. Кратер өз калауымен Антипатрды орнынан түсірерлік мықты әскер жинақтап жатыр. Антипатрды түсіріп, оның орнына Кратер тағайындалмақ. Жарлықты Кратер өзімен бірге алып барады”.

“Мамыр басталды. Самоста тыныштық орнады. Никанор қалың қолмен Афинаға кіргенде Демосфеннің үні өшті.

Александрың айтуынша Демосфен секілді демократтардан халыққа пайда жок. Олар халықтын санасын, ақыл-есін саясатқа бұрып қояды да кәдімгі күнүзакқы, жыл бойғы қаралайым тіршілікten ажыратады. Самос – олардың сауын сиыры. Онда көбік ауыздар жок. Халық тенізден балық сүзеді, егін егеді, бак баптайды”.

“... Кратер отыз мын әскермен жолға шыкты. Самостың билеушісі Горг Александрға “Аммон құдайдың ұлы III Александрге” деген жазуы бар үш мын алтын гүлалқа жіберіпті. Алтын патшаға тан емес. Дегенмен, елге жасаған көп жақсылықтың бірі үшін алғыс келгені оны қуантып-ақ тастады”.

“Мамырдың 10 жүлдізы. Эфраттын шығанаққа құяр тұсында кеме жасау іci мықтап колға алынды. Карфаген, Сицилия, Рим, Испания жорығында негізгі күшке айналатын кемелердің алғашқылары тенізде тербеліп тұр. Ол туралы Александр аузын ашпайды... Бірақ мен оның болашақ жорықты жобалаған жазусызуладарын көрдім. Содан да болар қазір ұлы теніз қолбасшысы Неарх былтыр жыл аяғында марқұм болған Гефестионның орнын басты деуге болады”.

“Мамырдың 21 жүлдізы. Кезінде көп жәрдем жасағанын есепке алып, Гарпал Афиныға барыпты. Бірақ Демосфен оны жолатқызбалты. Гарпал тықкан казынасын түгел көтеріп Крит аралына жеткенде сыйбайластарының колынан қаза тапқан. Александр бұрын оған канышалықты ашулы болса, қаза тапқанын естігенде ішек-бауыры езіліп, мұнайып-ақ калды. Гарпал қылмыскер. Бірақ Гарпал Александр өмірінде үлкен орын алған, бала жастан бірге есекен жан досы да емес пе?”.

“Патша Эфратқа барғыш бол алды. Онда көркем кемелер тізбегі жасала бастады ғой. Соны бір көріп, кемешілерге не жетіспей жатқанын қарапайым балташылардан сүрайды. Певкест осы жерге парсылардан тұратын 20 мын әскер әкелді. Сірә, булар тенізшілер енерін үйрене бастайды.

Мессопотамиде кассит тайпасы бас көтерді. Александр бес күн соғысып, тайпаны елі мен жерінен біржолата қуып тастады. Келе анасы Олимпиададан ашулы хат алды. “Кайда, әлгі Кратерін? Мына мимирттықпен калай ғана елден ел жаулап жүрсіндер?” депті Олимпиада. Александр Кратердің жолға қашан шықканын есіне алды. “Мынауың мен білетін Кратерге үксамайды. Петроупол! Кратер, сірә, тірі емес. Антипатр алдынан адам жіберіп өлтіртті ме? Тез анықтандар! Болмаса Кратердің жолында біреулер тұр ма?”.

“Мамырдың 27 жүлдізы. Эфратқа бардық. Суға шомылдық. Патша жайшылықта тәж орнына киетін диадемасын суға түсіріп алды. Диадема жалбызға оратылып теренде көрініп тұрды. Диадеманы алу үшін сұнгіген жігіт малтауға женіл болсын деп,

диадеманы басына кие салған екен. Александр қатты ашуланып, рахмет орнына оны үш күнге қаматып тастанды.

“Маусымның 1 күні. Тұс әлетінде Александр жарандарымен Кенес өткізетін ападанға кірген. Кірсе такта қара киімді біреу отыр... Әлгі адам тұтқындалған, сұракқа алынған, бірақ аузын ашпаған күйі өлген. Кім екені, не үшін солай істегені жұмбак бол өзімен кетті. Александрдың жаужуректігіне ешкім шек келтіре алмайды. Ал онын секемшілдігін, ырымшылдығын екінің бірі біле бермейді. Ол диадемасын басқа біреудің кигенін де, тақса келіп жұмбак жаның отырғанын да жаны түршіге кабыл алды. “Бұл – жақсылық емес, Роксана”, – деп күрсініп қойды. Ел іші әлі де бұрқ-сарқ. Александр канша мықты болғанмен бір ғана адам ғой. Қалай ғана шыдайды деп таңданам. Дегенмен, Александр “менмін” дегендердің бірін басындырған жок. Александр ендігі кезде бүкіл империясының жер жердегі сатраптарына, грек полистарына, Македонияға мені құдайдың ұлы емес, құдайдың өзі деп мойындандар деген Білдіргі таратты. Бір қызығы, ең акылды, ең бір санасатын жауы Демосфен оны құдай деп тануға қарсы емеспін деп қалың ел алдында айттып, рәсімін патшага жолдасты. Сірә, Александр, мен алған бетімнен кайтпаймын дегенді осы ісімен аңғарткан. Александр айтса орындастынын алдымен түсінгендейтін Демосфен келісімін бірінші бол берген.

Бұл хабардан соң Александр бұлттан шықкан күндей жарқ еткен. Қөтерінкі қөңілмен Вавилондық абыз, тұқым-тұғыянынан бай, аксүйек Медийдің сарайында конак болды. Мен, әрине, патшаның жанында отырдым. Кейде, достарымен тойлағанда шарапты түбін түсіре ішетін Александр Медийдің төрінде өзін өте жинақы ұстады. Сөзі орныкты, жүзінен акыл-парасат ескен адаммен аспандап, аса биік, аса нәзік, аса құрделі пәлсапаларға барды. Екеуі де арқасы қозып, аса биік денгейде сөз қозғау, ой толғау бакытына кенелгендей қанағат сезімімен оралдық. Медий Аристотельмен сан рет кездескен, хат алыш, хат беріскең ойшыл бол шықты. Аристотельдің өзі де Медийде еki мәрте конак болыпты”.

“Маусымның 2 жүлдізы. Таң ата Александрдың ет қызызы көтерілді. Жүргегі айнып, іші жүрді. Қазір дәрігелер қаптап кетті. Бірі уланған, дейді. Бірі өкпесіне сұық тиген дейді. Енді бірі есқі жарапардың бірі жөнді бітпей ішке қан кетіп жатыр деп кояр да қоймайды”.

“Маусымның 4 жүлдізы. Александр дәм татуды қойды. Бірақ бой бермей атка мініп, кемелердің жағдайын көріп қайтты. Неархты шакырып алыш, небір жоспарларын айтты. Бірінші кезектегі тапсырмаларын берді”.

5 маусым. Александр кара тұн сейілгенше тыншымады. Оның каншалыкты қиналғанын бәріміз жан-тәнімізben сезіндік. Бір

кезде Александр басын жастықтан жұлып алып, өзінің өктем үнімен емшілерге бұйырды: “Өздерің қаншасындар?! Бәрін жабылып ұқының дәрісін таппадындар ма?! Күйіп барамын ғой, күйіп! Токтатпайсындар ма!!! Табындар! Әйтпесе бұл менің соңғы үкімім болады!” Қалғып-мұлгіп, қыбыр-жыбыр жүрген емші-құшнаштар басқа бөлмеге кіріп кеңеспек еді. Александр маған қадалды. “Роксана! Сак балгерін шақырт. Өзің анау емшісімдегін ішінде бол. Оларға сенім жок. Жалаңаш философ Калан дуниеден өтерінде не сәлем айтқаны есінде ме?”

...Есіме түсті, әрине. Біз Александр екеуіміз Калан карт өртке оранар алдында өзінің ізбасарына: “Александра менен мынадай сәлем айт: асқа абай болсын. Оны ұмытса кешікпей о дүниеде кездесеміз”, — деп аттанған. Ұлы патшага төтесінен келген кесел астан болуы деген жорамал ол ауырған күні-ақ бес емшінің үшеуінің аузынан шықкан. Әрине, құдік бізді қонакқа шақырған Медийге түсті. Медий тұтқындалды. Асқа у косып бергені анықталса немесе Александр осыдан жазатайым болса дәл сол сүні Медийдің де күні біtedі деген үкім шыққан. Қазір Александрдың әупіріммен болса да тірі калуын құдайдан сұраушы ен мудделі адам да сол Медий болар.

7 маусым. Александр тан бозында көз іліп, түске жуық оянды. Көзінің ағы — ақ, карасы — кара, өні де байыз тапқан адамды андатады. Жуындыруды өтінді. Аяқта әл жоқ... Денеден еті қашқан. Әлемді әлі де тітірентіп үстап тұрған Ұлы Александрдың бар болғаны осы.

Александр ложасына қайта жайғасқан соң мені ымдаң шақырды.

“Роксана, тізе бүк”. Ол аз-кем ойланып, анық та тұнық көздерімен терезеден арғы әлемді арапал кеткендей. “Мен білмеймін... дәлдеп келген ауру ма, әлде өтпелі кесел ме, әйтеуір осы жолы қиналыстан соңғы бір дамыл сәттерде қайдағы-жайдағы пәлсапалар иектей берді. Сірә, мен өз өмірімнің не екенін түсінуге тырысқан шығармын. Сонда көп дүние алдамыш кейпінен аршылып, көз алдымға нақпа-нақ келді. Мен отыз мың мириад майдан жолымен жүріп өткенде өлімнен корықладап едім. Мен — Зевстің ұлымын. Өлім — өзгелер үшін. Өмір — тек мен үшін деп білдім. Мына жатысым соның бәрін жоққа шығарды. Роксана, алдында жатқан мына мен — патша да, құдай да емеспін. II Филип патшанын баласы Александрмын. Бар болғаны сол. Жер де, аспан да, теніз де, ну ормандар да әлі Александр Македонскийдің атын естігеннен-ақ кусырыла бастайды. Менің шыбын өлтіруге кауқарым жетпей жатқанмен мен жасаған үрей мен коркыныш бүкіл империяны тап қозғалтпай үстап тұр. Менің жасамағым ол емес еді. Отыздың үстіне жана шыққан, Македоннан Үндінің ортасына дейінгі үлкен империяны өз

қолымен жасаған патшаның жоспары, ойы, өмірді өзге арнаға салар жобасы болуы заңды емес пе? Бірақ, тағдыр маған сол ұлы жобаның екеуін ғана қиды. Біріншісі — осынша кеністікті маған каратты. Екіншісі — сол кеністікті үрей мен қорқынышқа толтырды. Осы тұста үзілсем — мен тек қылышынан кан тамған тойымсыз патша, қатыгез қолбасшы бол ел жадына сінермін. Соғыс бір кездे аяқталар еді. Сонда мен империяға кірген мындаған тайпа, жұздеген ұлт пен ұлыстың бойындағы, салт-дәстүріндегі жақсылықтарды бірінен біріне көшіріп, озық ой, озық өнер, озық білімге ғана жол ашсам деп едім... Менен кейін осыны диадохтарымның бірі жасайды деп ойламаймын. Менің диадохтарым демін ішіне тартып, осы сарайдан хабар құтуде. Бірақ, қандай хабардың оларға онтайлы екенін біле алмаспын. Өйткені Ұлы Ұстаз жорыққа шығарда айтып еді. "...Егер өзің сенген жарапдарының, жақын қызметшілерінің саған еті өлсе — сол жаман",—деп. Диадохтарымның дені балалық шактан ілескендер. Олардың еті өлмеді деп айта алмаймын. Олардың әркайсысы өз ішінде бір-бір патшаның өсіп жеткенін сезіп, бұырқанып отыр. Бірақ бәрінің алдында көлденен тұрған аса категерлі бір адам бар. Ол — менмін. Егер, Роксана, ажал тура келгені рас болса мен үшін жанын қиған мындаған пелтастар, телойдтар, голливудтердің ешқайсысынан артық емеспін. Оларды өлімге жұмсауға құдіреті жеткен адам сол өз атына сай өле де білуі тиіс. Өлімнің не екенін мен бұрын білмегем. Ойламағам. Енді оған дайынмын. Арман тым алыс, өкініш өте көп. Мен осы сәттен бастап сен үшін патша емеспін. Адамдық жолмен қосылып едім, адамша қоштасқым келеді. Мен тақтан түскен жокпын, тек сенің алдында ғана сенің Александрның, Роксана. Жылама. Бекін. Гефестион досым түсіме кірді. Судан өткізіп, жетелеп әкетті... Өмір мен өлімнің арасындағы жантәсілімнен ол өтті ғой. Соған төзді. Мойынсұнды. Мен де төземін, мен де өте аламын. Анама осының бәрін айтып хат жолда. Қазірше ол кісі сені қабыл алмай тұр. Мен кеткен соң бөлісер де, таласар да, қызғанар да ештеңе қалмайды. Бір-бірінді бұз дүниеде көрмей өтсендер де сен жазған хат анамның мен жиып берген тау-тау байлығы мен казынасынан артық дүниеге айналады".

Александр қолымды қысып, осымен әнгіме тамам дегенді білдірді. Өзі де әлсіреп, кірпігі айқаса берді. Ол өлімге бекіндім дегенде, мен ол ойын растағандай болмайын деп: "Александр, сен көптен бері ашылып сөйлемеп едің. Сондықтан ғана тындалым. Өмір бойы тек сенің әнгіменді тындал өтсем арманым болмас еді. Бүгінгі жайын бір жақсылықтың хабаршысы болғай. Өнін аршылған жұмыртқадай. Ойын анық. Көзін тұнық. Сірә, Ұлы Александр және бір женіске жеткелі тұр. Бірге күресеміз, Александр"...

“Маусымның 8 жүлдізы. Александр мені жанына шақырды. Бөгде адамдарды кауыздан шығарып жіберді. Өзі тек шырыннан басқа ештең ішпей әбден қалжыраған. Әлі қашып, әрен сөйлеп жатыр. Сонда айтқаны: “Роксана, мені тағдыр талай рет сынады. Мен шыдадым. Ал жазатайым, мен женіліп калсам... Түсініп тұрмысын? Хм... Онда үлкен жарыс, ұлы талапай басталады. Сен мына ұлдың атын IV Александр деп ата. Көзіннің карашығындаи сакта. Мен бұл елде бәленге арқа сүйе деп айта алмаймын. Тек өз туыстарына сен. Алдымен бәрі Александр екеуінді өлтіруге ұмтылады. Ең дұрысы Александрдия Эсхатаға жетіп ал. Өзін патша бол. Сүйенішің алыста емес. Бәрі дұрыс болады. Ертен мені аспалы баққа апарып жатқыз. Мүмкін пайдасы тиер. Мұнда ауа жетпейтін секілді. Жаңағының бәрі қалай-қалай емес деген әнгіме. Қайғырма. Қандай жағдай болса да падиша жалғыз сенсін. Өмір үшін күрес. Сен күресте білесін. Ешкімнен ақыл сұрамайсын. Жағдайға карай жедел кимылда. Сені жолықтырған тағдырға рахмет. Мен сені шексіз сүйемін, аянышым да шексіз, Роксана. Мені айыпқа бұйырма...”

“23 шілде. Александр туралы бір нәрсе жазуға қолым жүрmedі... 9 маусымда аспалы баққа апарып жатқыздық. Александрдың тілі байланды. Тек ылғынан түсінісетін күн туды. Бүкіл әскер, қалын жұртшылық, қолбасшылар: “Александрың бүтінгі халін өз көзімізben көреміз”, – деп маған талап қойды. Ішім жамандықты сезгендіктен рұқсат бердім. Алдымен қарулас қарапайым сарбаздарына жол аштым. Әр сарбаз сәл ғана езу тартқан бол жатқан Александрдың қолын сипал өтіп жатты. Көпшілігі патшаның тұсынан өте өкіріп жылауды шығарды.

13 шілде күні тілі күрмеуге келмеген күйі, алystай берді. Ұлы төзімнен жаратылған ұлы патша, өз заманында ешкім иық теңестіре алмаған Александр Македонский менің қолымды қатты қыскан бойда киналыс танытпай жан тәсілім берді.

Патшаның денесі сұымай жатып Вавилонға жиналған диадохтар айтыс-керісті бастап жіберді. Бір сәт, бір күн мына империя бас иесіз болуға тиіс емес. Ол – үлкен катер. Егер патшаның көзі тірісінде босанып, үл тұған болса, Александрдың орны баласына ауысатын еді деп ол жағдайды да диадохтар ескергенсіді. Тіпті, Роксана үл туса регенті хилиарх Пердикка болады деп те бекітіп гастанды. Әзірше оның қандас бауыры, ақыл-есі кемістен Арридейді қоя тұрайық деген шешімге келді диадохтар. Арридей бұдан былай III Филипп деген атка ие болды. Осы шешім күшінде тұрганда Александрдың жақын досы, әккі қолбасшы Птоломей патшаны жөнелту билігін қолға алды. Ол Александрдың денесін арнайы жасалған науаға салып, үстіне меймілдетіп бал қойды. Солай еш бұлдірмей Александрдияға жеткізіп, бұрын-сонды болмаған, небір асыл

заттардан жасалған саркофагка салып, ұлы Александрға лайық жөнелтті. Александрдияда белгісіз біреулер мені Александрдың ізімен жібере жаздады. Карап шерудін алдынғы тобында, бес оккағар сақ жауынгерінің ортасында келе жаттым. Әлден уақытта әйелше киінген, бетін кара торлауыт көлегейлекен ер адам маған кездік сілтеді. Оккағар білектен шап беріп, өз канжарымен әлгіні өлтіре салды. Қолбасшылар шеруді токтатып, арнайы адамдарға істің анық-канығына жетуді тапсырды. Птоломей мені тездетіп Вавилонға жеткізді”.

“Александрың қайтқанына тұра бір жыл толды. IV Александр дүниеге келгелі оның регенті Пердикка мен Ұлы Александрдың ең сенімді адамдарының бірі – жорық қенсесінің басшысы Эвмен екеуі сатраптардан есеп алуды, орталыққа бағынуды қалпына келтіреміз деп барын салды. Бірақ бір кездегі достардың көкейін тескен так пен байлық дауға, кісі өліміне әкеп тіреді. Пердикка мен Эвменге–Птоломей, Антигон, Кратер, Антипатр карсы шықты. Пердикка қастандықпен өлтірілді. Эвмен Антигонның қолына түсті. Дүниеконыз шал Эвменді жоқ қылды. Әуел баста III Филипп деп ат койып, патша сайлаған жарымес Арридей IV Александр дүниеге келген күні жоғалып кетті. Оның тағдыры әлі кунғе дейін белгісіз. Аяқ астынан Кратер қайтыс болды”.

“315 жыл. Қазан айы. 317 жылы Александр айтып кеткен “улкен жарыс”, “ұлы талапай” кайта қозды. Антигон Монофталым сексенге таяп отырғанмен баласы екеуі тізе қосып, Кіші Азияны түгел дерлік басып алды. Птоломей Египетті иемденді. Лисимах шалдың белі жазылып, журісі ширап, даусы сұнқылдап Фракияға ие бола калды. Селевк – Месопотамияға бекінді. Антипатрдың ұлы Кассандран Грекияның гегемондығына үмтүлді.

315 жылы Антигон баласы екеуі Кіші Азияны түгелдей жауап алғып, Кассандран мен Птоломейді де бір-бір соғып өтті. Әкелі-балалы Антигон мен Деметрий қүйеу балалары Селевктің бүкіл Месопотамийді Вавилонымен басып қалғанын есептесе Македонскийдің империясы біргұтас ел болуға жақын еді. Бірақ миерияның ендігі иесі Антигон мен Деметрий болған сон олар өздерін патшамыз деп жариялады. Олар патша болса біз сатрап күйін кешіп журмейік деген асығыстықпен Птоломей, Кассандран, Лисимах, Селевк тे өздерін патшамыз деп жариялады”.

“311 жыл. 9 маусым. Бұл – жат жұртта корғаусыз қалған Александрдың жесірі Роксананың соғыы жазбасы болсын деп тілейін. Тұн жамылып отырып, ақиқаттан аспайын. Жол түссе Александрдың қайтқан күні 13 маусымда құрбандық таратып, келесі түн елте қайтамыз. Ол да Александрдың керегендікпен айтқан ақылы. Менің ендігі орнын – Александрдия Эсхата. Онда казір Фиокл мен Аланасий мені тосулы. Сарай сайлаулы. Мен келген сәтте Бекасыл жиырма мың әскермен калаға кіреді. Одан

сон бүкіл Бактүр, Соғды жерін өзге биліктерден тазартып, грек-бранхидтер мен Александрдия Эсхатадағы македондықтар мені IV Александр он сегізге толғанша басқаратын патша етіп сайлайды. Бәрі Александрдың айтқанындай болса деймін.

Селевк патша маған көп жақсылық жасады. Өзі тұнғыш рет Спитаменнің қызы Апсананаға ғашық бол үйленген. Апсанана көп тұрмады. Қайтыс болды. Селевк таза есеппен Антигон Менофталмның немересі, Деметрий Полиоркеттің қызы Стратоникаға үйленді. Селевк Стратониканың қызғанышына қарамай Апсананың атымен атап үш кала салдырды. Біреуі портты кала. Сақ қыздарының құны артқаны жақсы-ак. Бірақ қалт-құлт патша бол отырғандардың қай-қайсысына да IV Александрдың аты түптің тубінде таялар тажалдай көрініп тұр. Ал Кассандр Селевкке ықпалы журмеген соң Стратоника арқылы мені де, баламды да өлтіруге әрекет жасап жатыр. Осыдан төрт жыл бұрын Кассандрдың бүйрүғымен Ұлы Александрдың анасы Олимпиада өлтірілді. Ендігі кезекте біз тұрмыз... Селевктің ішінде сақ еліне, сақ қызына деген үлкен сый бар. Сондықтан ол Семирамиданы “IV Александрдың патшалығы” деп атап, корғап, демеп келді. Бірақ Селевк те патша. Патша қашан да жалғыз. Ол иегінің астында не болып жатқанын бірде білсе, бірде білмейді. Стратоника Роксанамен бір қалада отырғысы жоқ. Оның үстіне Роксана Апсананың туысы, деген ой оған маза берсін бе? Кош Вавилония! Кош, Семирамида сарайы! Кош, Вавилон мұнарасы, Аспалы бак, кош!”

311 жылдың 14 маусымы да Вавилонда өткен атаусыз, қызықсыз көп күндердің бірі бол тұнге ұласты. Күн батқан тұстын қабағы ауырлап, жұлдыздар сары жапырақтанған шакта Роксана құпия есікті ашты. Аттарын жетектеп сарбаздар жер асты жолға сарайдың іші арқылы өтіп жатыр, өтіп жатыр. Орта шенінде алтын күйме. Оның ішінде Александр мен Баршын отыр. Күйме кере құлаш есікке дәлме-дәл сыйды. Өзі-жатып тынығуға да ыңғайланған кішігірім қауыздай көркем дүние. Роксана тұнде көшірген күнделікті баласының қойнына тықты. Бір кезде Гарпал мен Фиокл ауыз бастырық ретінде Роксананаға әкеліп берген казына сандығы ішіндегі бар асылымен күймеге салынды.

— Мен жазатайым болсам сен өсір, Александрды, Баршын. Мұнда екеуінің бар өміріңе жететін пұл бар...

Бес мындық жасақ далаға сініп кеткен секілді. Айнала жымжылас. Айқай-үйкай жоқ. Бір жағдай болса кері шабуға тиіс хабаршы да құмға сінген судай жоғалды. Ұзасын, оралмасын... Тун жарымында Роксана соғы лекпен жер асты жолға түсті. Сарайдың дарбазасы тас бол жабылып, құпия есік те қайтадан орнына тұрған соң да екінші лек едәуір бөгелді. Өйткені марқұм Оксатр тарихшының жәдігері көрсеткен Семирамида казынасын

аттарға тенден артқанда жыныра бір атқа жүк болды. Қазына түгел тиелген соң кеңістікке бастар тас есік ашылды. Вавилон корғанынан қозы көш жердегі қабактың астынан шығып, көлбеп жатқан ылдимен екінші лек тунде жорткан алып аждаһадай иретіліп, тез арада көзден таса болды.

Сол 311 жылдың 18 маусымына қараған танды Роксана Соғды жерінде қарсы алды. Осы жерде Бекасылдың әскері қаланып тұрған. Шексіз боз даланы шимайлана шұбырынды жолдардың бірінде бір кездे өзі ұзатылғанда мініп кеткен, Александрдан қалған алтын құйме тұрды. Роксана аттан түсіп, құймеге ауысты. Құймеде IV Александр пырдай бол үйкіда жатыр. Бекасыл Роксанамен қауышып, құймеде жатқан жиеніне күле қарады.

— Жиеннің сөзі нағашыға заң. Сарайларың сайлаулы, халқың тосулы, Роксана патша! Кеттік! — Жаңа таң атты, жана үміт Ұлы Даланың бір пүшпағын шандатып, болашаққа асығып барады.

VI

Шеткі Александрия Вавилоннан, оның Семирамида аталған ғажайып әлемінен кейін Роксанада шынымен-ак дүниенің шеті, ұмыт қалған бір бөлігі болып көрінді. Өзі кермегелі бергі 13-14 жылда Шеткі Александрия, грекше Александрия Эсхата орнықкан елді мекенге айналыпты. Эсхатаның ортасында оншакты енсели ғимарат бар. Одан соң грек-македон әскерінен қалған, жорық жылдары біраз дүние жинағандардың дөнкіген үйлері, биік дуалмен қоршаған атшаптырым жері көсліп жатыр. Грекиядағы бір-біріне ықтаса, жапсарласа салынған қиқы-жиқылых жок. Әлгі отырықшылыққа айналған бүрінғы сарбаздардың дені осы Эсхатаның бетке шығарларына айналған. Қылыштарын тамға іліп, колдарына кетпен-күрек алған элладалықтар араларына кен бау-бақша тастап, топтаса коныстанған. Сол алғашкы жылдары отырғызған шыбықтар бүгін мәуесін әрен қөтерер бакқа айналыпты. Тек адам жасаған көк желек Эсхатаның көркі де, байлығы да.

Роксана патша сарайы деп салынып, бұл жылдары үлкен мерекелер өтетін орынға айнала бастаған ак үйге түсті.

Тобан аяқ Апанасий — казір қырықтың ішіндегі жігіт ағасы Ұлы Александр берген биліктен айырылмапты. Роксана IV Александрмен келе жатыр, осы елдің билігі енді соларға көшеді дегенді естігелі Апанасийдің ку жаны күйрдак. Апанасий билікті қызығанып жан терге түсіп журген жок. Ол осы билікті берген адамдар күндердің күнінде бір оралып, оны басқа біреуге берсе де өз қолдарымен жасаса етті деген ниетте еді. Әйтпесе, Ұлы

Александр: “Сен осы Александрия Эсхатаның басиесі боласың”, – деді. Одан соң басқа пәрмен естіген емес. Апанасий Эвмен жазып, мөр баскан, Александр Македонский қол қойған тағайындау Грамотасын алған күйіндегідей сактап келді. Патшаның бір ауыз пәрмені Апанасийді білек сыбанып кірісер тұстарда іркіліп қалуға көп себепкер болды. Патша: “Заман олағай да бұлағай болып кетсе өзің шешерсің”, – дегенді айтпай кетті. Жиырма жыл осы кентті басқару онада болған жоқ. Ұлы Александр берген ауызекі тапсырмалар орындалған соң одан әрі өмір өз екпінімен жүріп отырды. Құдай берген санлаулы түсіктін аркасында өзі көрген кінәздар тірлігінен әр-әр нәрсени алып, соларша билік құрып, бас иесінін бары да, жоғы да аса білінбейтін бір өмір ұласты. Сол өмір енді дүр сілкінді. Александрия Эсхатаға Роксананың IV Александр қалының әскермен келіп кірді. Оттыз мыңның үстінде халқы бар Эсхатаның тұрғындары түгелдей көшеге шыкты. Біреулерге мына келіс үрей үйірді. Алтын күйме, күміс күйме, піл сүйегімен оймышталған қырық күйме осы елге жана да жарқын өмір әкеле жатқандай жастар жағы куана карсы алды. Апанасий бүкіл баубакшадағы гүлді жуулдырып, Роксананың калаға кіргеннен сарайға жеткеніше жолға шашқызып, шын пейілмен куана күтіп алды. Кім не істесе де өз ой өрісінің жеткен жерінен аса алмайды. Апанасий де сол. Көргені көп болғанымен токығаны шамалы, білім, ілімге доғал неме баяғыда Александрға арнап салдырған сарайсымағын күтімілдеп ұсталты. Сыртын алыстан орағытып биік дуалмен қоршапты. Дуал ішіндегі бос жаткан жердің біразына осында не өссе соның бәрін жайкалтып койыпты. Қайда карасан – гүл. Өзен жағалауынан шым ойдырып, әлем жерді көгалға айналдырыпты. Қегалға, баққа қарайтын сарттар мен парсы текті бағандарды жалдап ұстап отыр екен.

– Жарайсын, Апанасий... – болды келесі күнгі Роксананың алғашкы сөзі. – Сарайын да, патша құрығы да дәл өзі емес, дегенмен жобасын келтіріпсін.

Апанасий сойған тулкідей ыржалақтады.

– Рахмет, ұлы падишам! Мен, енді... Ұлы Александрдың ту сыртын корғай жүріп талай-талай ғаламат сарайларды көрдім ғой. Бәрі есімде калмапты. Оның үстінен патша сарайында нендей қауыздар болатынын білмейді екем. Өзінізге аян болар, грек ағайындарымыз көтерілді. Біз – македондықтар мен жалдамалы гректер оларды елден көшірдік. Осы сарайды, қаланың орта шенін әзупіріммен аман алып калдық. Талай-талай көшелерді өртеп кетті. Жұртшылық панасыз калды. Қазынадан каражат бердім. Қазір казынада екі жұз талант бар. Соны кезімнің қарашығындау сактап отырмын, ұлы падишам.

– Танғы ас – Тәнірден дейді біздін елде. Тәнір – Ұлы Жаратушыға дүние халықтары берген көп аттардың бірі. Ас-судан

соң қаланы түгелдей аралаймыз, Аланасий. Ешкімге ешқандай пәрмен берме. Барын бардай, жоғын жоктай көрелік. Егер кем-кетік көзіме түсіп жатса оған сен күстістанба. Оның бәрін бұдан былай бірлесіп жасаймыз, туゼйміз.

Арада үш-төрт күн өтті. Эсхата халқы Роксананың артында құллі сақ әлемі түрганын біліп те, мұздай жасақтанған, кілең сәйгүлікке мінген қалып әскер арқылы сезіп те болды. Ендігі бөгелістін еш қисыны жок. Бекасыл Роксананың алдына үзір сұрауға келді. Олак колдан шыққанымен іргесі, сүйегі мықты патша сарайының кең тынысты мейман қауызы. Жарты Ай тәріздендіріп жасаған сәкіде төрт адам отыр. Олар дөңгелек жозыға қол созып, ас алып, асықпай әнгіме сабактасып отырған сыңайлы. Есіктің кезінде түрган күндікшіге сонау төрде отырғандардың аузының жыбырлағаны көрінгенмен сөздері талып қана жетерлік.

— Экеме айтарым — әрине, сағынышым. Одан соң айтарым — қырық күн шілде өткен күні төркіндең кайту үшін жолға шығамын. Анама айта бар... Мекіреніп бір сүйсе оншакты жыл арқалаған ауыртпалық, бар кайғы-мұнымды сылып тастайды деп сенемін. Бауырларыма сәлемімді жеткіз. Үйде жүргенде соларды сағынамын деп ойламап едім. Бәріннің тілеуінді күні-тұні тілеумен болдым. Бұл — елге деген сәлемім. Енді өз ойынды айт, Бекасыл. Мұндағы жағдайды көрдің, білдін. Экен патша болғанмен ел тізгінің саған ұстаканын халқын біледі. Ел басқарған адам Эсхата бұдан былай калай өмір суре алады деп мен үшін, жиені үшін ойлаған шығар? Қосар ақылынды айтып кет, Бекасыл.

— Апанасий, сен бізді түсініп отырмысың, өзі... — деп Бекасыл оған иек қақты.

— Апанас бәрін түсінеді. Бұл аймактың тілін білмей өмір сүру мүмкін бе? Орнығып, ауқатты өмірге жеткен македондар мен гректер жалшы жалдаса да осы тілді білуге мәжбүр, саудаға шықса да сол, Дала жуандарымен тамыр болам десе осы тілді үйренуге құштар. “Кеше сен бұл жерге найза кезеніп келгендің” демей Ұлы Александр жорығынан қалған бұрынғы сарбаздарды, енді олардың бала-шагасын шеттету ойына кірмейтін бұл халықтардың ортақ тілін неге үйренбеске?! Құлағым сіздерде, ұлы Падиша, ұлы сардар.

Апанасийге Роксана көз алмай қарап отырды. “Аптыр-ай, пендешілікпен “хан” дейміз “кара” дейміз-ау. Мына Апанасий біз Үндігे аттанғанда бүтарланбаған томар емес пе еди? Енді қара. Тілімізді біліп алған. Шақтаулы болса да ел естияры бола жүріп, сірә, елдің өзінен көп нәрсе үйренген. Сөз салтасы, отырыстұрысынан Дала нышанын аңғару да киын емес. Яғни бул адам Эсхатага ие табылса “кашқалы түрган қоян” емес. Билікті өткізіп

беріп те жеке басының кам-қарекетін місе тұтып, азды-көпті дәүлетінің аркасында бала-шагасын өсіріп, алансыз картаудың мекені осы Эсхата деп білгенге үқсайды”.

Бекасыл сөз бастады:

— Апанас жақсы білетін Дала тілінде сейлейін... Әкеміз — қанлыны арқалы ел еткен Аксүйек Байтақ патша бүгін сексеннің үстінде. Әрине, бұрынғыдай самдағай, бұрынғыдай қайратты емес. Дегенмен, өз жас шамасына қарай шукіршілік. Иектеген кеселден аман, касында таяқ емес, баяғыдай-ак — қамшысы. Қиналмай тұрады, тізеде діріл, қолда қалтырау жок. Тілім таска... Қажет болса көзделген жеріне күйме-сүйме секілді сүретпеге тәуелді емес. Атына мінеді де кеменгерлерін іслестіріп тартып кетеді. Маған халық “Кіші патша” деп ат қойыпты. Өйткені әкемнің тапсырмасымен ел ішіндегі барлық шаруаға шабатын мен. Айтысатын мен, төрелік айтатын мен. Ағаларымның биліктен неліктен бас тартқанын енді түсіндім. Бұл аса киын өмір... Ел басқаруды айтамын, Апанас. Сондықтан Падишаға бар ауыртпалықты итере салу дұрыс болмас. Бұл өлкенің иесі осында — IV Александр. Александр он сегізге толғанша биліктің Падишада болғаны жөн шығар. Ал Апанас, осы Эсхатаның кала басы болып кала берсе деймін.

— Бір қалаға үш патша көп емес пе, ұлы сардар? Мен бұл қалаға берерімді беріп болдым. Казынасы қаңырап тұр...

— Қазынаға басың ауырмасын, Апанасий! Ол менін шаруам. Екеуміз осында қалатын адамбыз. Құйысканы көтеріліп тұрған Кіші патшаның сөзін естіп алайық.

— Олай болса мен төтесінен тартайын... Бұрын бұл қалаға арғы беттегі парсылар да жортуылдап, жаткан-турған патшалық жоқ па еken деп жаландаған грек-македон кінәз тектілері де көз тікпеген. Енді Роксана мен IV Александр осында орнығыпты деген хабар желдей есіп, Ұлы Ескендірдің диадохтары беліске салып күріп алған патшалықтардың баршасына ілеңде жетеді. Ал олардың ішінде Падишаға пана болған Селевек патшадан, мүмкін Птоломейден басқасының ішінде не тірілетіні белгісіз. Бізге Ескендір Зұлқарнайн құрган алып империяны қырық қызық еткен диадохтар, қазіргі дара патшалар туралы бәрі мәлім. Ертең Македон үstemдігін қайта орнатамын деген біреу шықса оған IV Александр керек болуы. Немесе сол Македония мен Грекияда “Александр” есімінен түптін түбінде бір ылаң қайта басталуы мүмкін деп іш жиятындар да табылады. Мұндайда кім қандай әрекетке барапын білесіздер. Осы жайттерді бір сәт естен шығармауымыз керек. Ұлы Падиша, мен қаланың бас иесі қалаға арнайы тапсырмамен келіп, қастандық жасар каскейлердің кіріп кетпеуін ойластырса деймін. Қазір ауыздарыныздан не шықса сонша әскерді бөліп беремін. Бірақ әскер ашық соғыстын,

корғанның кепілі. Ал қаланың тыныс тіршілігін іштей бағып отыра尔 жансыздар жүйесі жок секілді. Дереу жасау керек. Ұлы Падищаңың ол іске ыңғайлы деген адамы бар ма?

— Бар. Суниот. — Роксана кесіп айтты.

— Суниот біздің тұқымнан. Шешесі бранхид-грек руынан. Кезінде Милеттен босып келген гректер. Өң-түсі осы Апанасийлерден аумайды. Макұл... Оған көмекке екі қупия қызмет адамын беремін. Үшеуі сол жүйені қалыптастырады.

— Ал, Кіші патша... Енді бір сауалдың басын аша кетсөніз...

Бекасылдың тез есейіп, өзінін ойына келмеген жайттарды жүйелеп әкеліп көлденен тартқанына әрі танданып, әрі сүйсінген Роксана інісінің бет-жүзіне меймілдеген мейіріммен қарап отыр.

— Құлағым сізде, падиша. — Бекасыл бәрін түсінді. Ол дәл қазір Роксана үшін “Кіші патша” емес, жанындај жақсы көретін інісі. Соны сезіп Бекасыл “не айтасың” дегендей әнтек жымиды.

— Ұлы Александр Эсхата ең шеткі кала деп айттып кетті. Ол тек осы қала ма әлде жан-жағында оған қарайтын селендер мен кенттер бар ма ол жағын айтпаады. Александр өз ғұмыры дәл осындай келте болады деп, әрине, ойлаған жок. Сенінше калай, Бекасыл? Мұмкін саған мән-жайды ұлы Женімпаз түсіндіріп кеткен шығар, Апанасий?

— Апанас, айтарың бар ма? — Бекасыл әліптің артын бақты.

— Ұлы Қолбасшының айтканы мынау: “Бұл әлемде біздікі, біздікі емес деген жер жок. Бәрі біздікі. Эсхатаның төңірегіндегі өзіне керек селендер мен кенттердің басилевстерін бағындырып ал. Бұл аймақ Парсы империясының меншігі. Ал Парсының ендігі иесі сен екеуміз, Апанасий. Кемтарың бар, бүтінің бар, жеті мындај эллиндік қалып бара жатырындар. Солардан тұракты жүздік ұста. Қалған төрт жұз жауынгер сенен пәрмен болғанда дереу атқа конып, әлгі селендердің бетін бері қарату үшін саған ілесіп баратын болсын. Ол селендерге де Эсхата керек болады. Сауда жасайды, керек-жарағын сатып алады. Түсіндін бе, Апанасий?” — деп аттанған. Мен оны жасай аладым. Тек әлті жүздікті құрып үлгердім. Одан сон гректер көтерілісі басталды. Біз — македондықтар жендік. Бірақ екі мың қарулы грек сарбаздары, онда да жорықта әбден ысылған жаужурук бауырларымыз бізден бөлініп, елге кетті. Ал жанағы майда-шүйде елді мекендердің адамдары онсыз да келіп, кетіп жур. Жеміс-жидекке, малға сүйенген жатқтардан жамандық нышаның анғарған емеспін. Табиғи түрде адаммен адамның қарым-катаинасы орнады. Сол, менің айтарым...

— Ұлы падишаны аландаткан не болды екен? Соны білсек...

— Бекасыл тұл-тура әкесі Байтақ патшаның ешқашан қалып калдырмайтын талқы кезіндегі тәсілін айналтпай қабылдапты. Роксана жер қозғалса қозғалмас Қанлы патшасының алдымен

бәрін естіп, тындал болып қана сөз сабактайтынын талай көрген, естіген.

— Байтак патшадан аумай қалыпсын ғой, өзін...

— Енді әкеден балаға бір нәрсе ауысады да!

— Ауыссын. Құдайдан өзім де соны тілегем, Бекетай.

— Жаңа “Кіші патша” едім, енді “Бекетайға” түстім бе?

— Мен үшін “Бекетайсын”... Енді алымды айтайдын. Ұлы

Александрын енбегі еш болды. Оның қаһарынан құлаған елдердің қызығын Антигон Монофталым тұкымымен, Птоломей Лаг, империянын Македон-грек бәлгінің сатрабы Антипатрдың ұлы Кассандр, Фракияға ие бола қалған қу шал Лисимах көріп жатыр. Птоломей мен Лисимах өзімен-өзі болып, бұл патшалықтың кімнің арқасында келгенін ойларына да алған жок. Ал Кассандр Александрдың анасы Олимпиаданы әкесінің ежелгі жауы деп азаптаї өлтірді. Сапарда біз — IV Александр екеуміз сол Кассандрын тұзағынан қашып келдік. Тек Мессопотамияға ие болған Селевк патша бізді осынша жыл қорғап, бар жағдайымызды жасады. Селевк бірде: “Гефестионның жолы болмады — ерте кетті. Александрға оның өлімі өз қазасынан кем сокпады. Гефестион тірі болғанда Ұлы колбасшының ісі жалғасар еді. Гефестионды біздер — патшаның диадохтары империядағы екінші адам деп мойындастынбыз және оның патша орнын басуына ешкім қарсы болмас та еді. Ол бәрімізге ұнайтын. Гефестионның мысы бәрімізді басып тұратын, сөйте тұра одан бір кендік, жайлышық, тазалықты сезінетінбіз”, —деген еді. Селевктің сезінде кате жок. Бірақ Персепольдағы жаппай үйлену акциясынан соң кешікпей, ауырмай-сырқамай, жайлыш жатқанмен жансыз табылған Гефестион өлімі жайдан-жай еместігіне менің күмәнім қалмады. Александрды өлтірушілер алдымен Гефестионды жолдан тайдырды. Себебі жаңағыдай. Александр патшаны өлтіргенмен оның ісін жалғастырушысы тұрса ол кастандықтан не пайда? Сондыктан Гефестионды олар алдымен улады. Оны сесспей қатырды. Өйткені жымысқылық кімнен келгенін дөп басу киын жағдайда жасалды ол іс. Ал Александрға берілген у дәл есептелген. У оны бәрібір алып жейтін, бірақ бірте-бірте. Сонда оны біреуден көру киынға соғады. Солай болды да. Вавилонда түрған әскер басы Аполлодорға оның көріпкелі бар інісі Пифагордан хабар келген. Пифагор сол кезде-ак: “Алдымен Гефестион, кешікпей Александрдың өзі де о дүниелік болуы. Екеуі де сақтансын. Менің сандрақ болғай”, —деген. Оны Аполлондар менің өзіме айтқан. Гефестионның казасынан кейін ғана мен бұл сәуегейділкіті патшаға жұқалап жеткіздім. Патша: “Неге бірден айтпадың!”? — деп зекіді. Мен суға түсіп, бұтаға ілініп қалған диадеманы тауып, малтауға ынғайлы болсын деп басына кие салған жігітті

патшаның жаман ырымға балап, қаматқанын есіне салдым. Пифагордың бұл сөүегейлігін, әрине, мысық тілеу деп қабылдап, бейшараны салактатып дарға асар еді. Патшаның жанынан ас-судың адалдығына кепіл бақаулының кетпестей еттім. Бәрібір Үндіде Калан айткан ескерту – ішкен асына абай болсын дегені, Пифагордың ескертуі ажалдан арашалай алмады. Александрдың жауы тым көп екенін ол дүниеден өткеннен кейінгі жылдар бадырайтып көрсетті де. ...Бұл менің он бір жыл бойы ешкімге айта алмаған сөзім. Оны неге айтып отырғанымды өзім де білмеймін.

Роксана іште әлдеқашан беріш бол катқан өксігін сыртқа енді шығарса керек. Бадана көздерден бүршактап жас домалады. Бекасыл да, Аланасий да, Баршын да оны жуатуға асықлады. Іш күстасынан арылсын деп демдерін ішке тартты.

— Александр қанша зерек, аса кесімді, тәуекелшіл болғанмен көнілдін адамы еді. Сол аты өшкір Мәді байдын үйінде қонак болған сон-ақ Александрға күтқармас кесел жабысты. Менің ез барлауым бойынша Мәді Аристотельмен дос болған. Аристотель оның үйіне үш мәрте қонаққа келген. Ұлы ұстаздан келді деген де сөз тарады. Бірақ мен сенбеймін. Ең дұрысы Александрды Македония мен Грекияға өзінің он көзі ретінде сатрап етіп тағайындаған Антипатр өлтіртті. Патшаның ең жақын, ең сенімді диадохтарының бірі бүкіл жорық бойы адал қызмет еткен Грекиядағы сатрап Атипатрдың аттасы кенсебасы Антипатрдың да жорамалы сондай-тын. Сатрап Антипатр жанталасып, Македония мен Грекияны Александрдан тартып алмақ болды. Оған патшаның жақтастары да, тіпті Демосфендей бітіспес дүшпандары да қарсы болды. “Александр — грек демократиясын тұншықтыруши тиран. Бірақ ол Грекияның парсыға кеткен кегін қайтарған да патша. Ал Антипатр бізге несін міндет қылады?”—деп Демосфен бір сөйлегенин-ақ Спарта, Афины, Фивы грек рухының таразысына жақтаса кетті. Сондықтан сатрап Олимпиадаға тиісе алмады. Бірақ түптің түбінде Олимпиадаға жорық жақтан батпандалап келіп жатқан байлық өзіне қөшеді деп таудай байлықка карап тамсанып жүрді. Түбінде солай болды да.

...Бәрі өтті кетті. Бірақ бұл өмірде мысқалдай әділет болса осынша әлемнің бір пүшпағы Александрдың еншісінде реиси түрде қалуға тиіс кой? Неге диадохтардың құрығы жетпеген үлкен аймак Ұлы Александрға тән болмасқа? Александр бағындырып кеткен жер, қалалар мен кенттер, ру-тайпаларды осы жаңа патшалыққа дәл қазір неге қоспаска, Бекасыл?

Бекасылда ун жок. Кеше келіп, бүгін маған анау-мынау емес бүтін патшалық құрып бер деп отырған әпкесіне айттар сөзі дайын емес.

— Бекасыл, айтарын дайын болмаса ойлануға уәде етші!

— Уәде... — Бекасыл орнынаң тұрды. — Падишаңың сөзін Ақсүйек Байтақ патша еститін болады. Ондай киын істерге Кіші патшаның бойы да, ойы да жете бермейді. Қанлы абызының сөзі дайын болғанда хабар жіберемін. Өзің келіп, өз құлағынмен естірсін. Бір нәрсе анық. Ол — иесіз болып көрінген құла дүзге бар, тіршілік нышаны жоқ құмға бар — “мынау менікі” деген сәтте иесі табыла кетеді. Оны ұстап калу үшін артында бес қаруы сай әскер, іс насырға шапса ұзак соғысқа әзір ел тұруға тиіс. Осы сапардан оралған соң мен Шеткі Александрияның төрт сарын түгел зерттеп, осы отырған жеріннен кай жаққа бет бұрсан да он күн сүйт жүрер кеңістікті ойып алудың ретін қарастырамын. Сонда Байтақ патшаның аузынан өзін күткен сөздер естіп қалуын.

— Рахмет, жаным! Ал енді жолдан калдырмайын. Сендер жақтан келер хабарды тағатсыздана тосарымды өзің де білесін. Көріскеңше! Елге сәлем! Апама, әкеме бауырларыма сәлем!

Бекасыл Эсхата бұрын көрмеген жасақтың алдында кербез кер атпен кетіп бара жатты. Жарасып, көз тойдырып, талай-талай жас өспірімнің киялын қозғап ұзай берді.

Патша сарайынан таяқ тастам жердегі гимнастикалық ойындар, жиындар өтеді деп салдырған амфитеатр Бекасыл бөліп берген төрт жұз атты әскерге онтайлы пана болды.

Шеткі Александрия — Александрия Эсхатаның кеші батып, түні келіп болмады. Бекасыл бел асып кеткеннен соң Роксана жанына жан жуытпай жалғыз журді. Бір ойды екінші ой інінен шығарып, ойды бірде киялға жалғап, бірде жорамалға лекерлеп алыска кетті, теренге үнілді. Эсхатаға жеткенше ой бір-ақ арнамен ағып еді. Онысы Эсхатаға кіші Александрды аман жеткізу. Оның да, өзінің де құрығын ұзартар қазынаны сенімді жерге жасыру. Осы екі мақсат іске асқанша Роксананың жүйкесі садактың адырнасындей шегіне жете тартылып тұрды. Иықтан ол жүк түсіп еді, басқа бір әлемнің көкжиегі көрінді. Ол қайткенде де ұлы Женімпаздың артында қалған жалғыз ұлға патшалық жасап беру. Ұлы Александр жорығы қазынасы тақ-тұқ жағдайда басталған. Александр байлық жорық жолында деп сенген, айтканы айдай келді. Кіші Александрда қазына жеткілікті.

Кезінде Вавилондағы орталық қазынаны ұстаған, соның буымен азғындаған Гарпалды Александр құрығынан босатып, өзі қаладан өлшеулі ғана қаржымен шығарған Роксана сол тұста тез ойлап, тез шешімге келген екен. Гарпал бір сөзінде қазынаның жартысы Самос аралында, оның кайда жатқанын өзінен басқа жан баласы білмейді деп аузынан қағынған. Гарпал кетерінде қолын қазынаға молынан салмақ еді Роксана тыйым салды. Үәжі — Гарпалдың өз сөзі болды. “Жарты қазынаң Самоста,

казір алғашқы шығындарына жетерлік қана ал”. Роксананың күндестері – Дарий мен Атаксеркстің қыздарын жолдан алып тастаған құпия қызмет басшысы – Гарпалдың жан досы Фиокл азғынды да өлшеулі қаржымен аттандырған. Сол Гарпалдан кейін Роксана Вавилон қазынасын Семирамидага жеткізіп алды. Оның қайда екенін Антипатр, Эвмен үшеуі ғана білетін.

Антипатр да, Эвмен де империяның ыдырап кетпеуі үшін куресеміз деп, өз карулас қолбасшыларының қолынан мерт болды. Енді бар казынаның кілті тек Роксанада қалды. Роксана ол казынаны да, Семирамиданың жер асты жасырын жолының шыға берісінде жасырылған аса мол казынаны да шашау шығармай осы Эсхатага жеткізіп барып, жан шақырды. Осынша казынаның келіп жеткенін Бекасыл да аса андамады. Жау ортасында осынша жыл отырған әпкесінің амал тауып, құтылып шыққанын ақылға, ерлікке балап, тең-тең дүниелерді бет жағына салынған орам-орам жазбаларға бола шимай-шатпак кеңе дүниелері деп білді. Бар сырын Роксана бауырына да айтпады. Енді Роксана алыска кеткен қиялыша қанат бітірген алтынның буы екенін түсіне баставы. Рас, Ұлы Александрдың күші, оның құдыреті – тендессіз биік рухы болатын. Енді жағдай басқаша. Рух жоқтың касы. Болашақ тақ иесі әлі жас.

Ең үлкен киындық – бұлықта адамның аздығы. Эскер жасактау, кол жинау керек болса тек сырттан жалдамалы әскер ұстаудан басқа амал жоқ. Жалдамалыларды керегінде пайдаланып, басқа уақытта таратып жібермесе оларға берер төлем, киім-кешек, кару-жарак, азық-тұлік казынаны ойсыратып кетеді. Эскер не үшін керек? Патшалыққа ұмтылудың арты неге соғады? Осындың бәрі артық қайрат емес пе? “Артық қайрат – жанға қас” деуші еді ғой Ақсүйек Байтак патша. Мейлі... Бүгіншे арғы-бергінің бәріне ой жүгіртті. “Мынауым табылған ақыл”, – деп еш нәрсеге ен такқан жоқ. Ойлары аяу жайылып жур. Олар бірте-бірте нақтыланады. Асықпау керек. Жанын жегідей жеген басты қыжылы – кеşе Александрдың көленкесі болуға таласқандардың бүгін алшан басып, бір-бір патшалық құрганы. Сол патшалықтарды тізе бүктірген қаһарманының атында тоқымдай жердің болмауы. Бұл – карапайым тілмен айтса – әділетсіздік. Диадохтардікі – опасыздық. Эттегі солардың көзіне көк шыбын боларлық бір мемлекетті қалай құрады?! Эзірше Роксана оны білмейді. Бірақ сол күнге бар ақыл-ойын, әйелдік амалшылдығын, Қанлы патшалығының сесін пайдаланады.

Роксана жеңіл күрсініп Апанасийдің жолына көз салды. Апанасий елге барып, туған-туыстарымен көзайым болуға үзір сұраған. Келер уақыты болды. Тезірек келсе, Эсхатасына ие болса етті...

Роксана ұзатылып кеткен соң патша орамында пәлендей өзгеріс болған жок. Байтақ патша Битәндағы өз сарайына біржолата жайғасты. Бекасыл үйленді де Тасқалаға қоныстанды. Бекасылдың тандауын әкесі түсінді. Жайдақ жерде тұрган Битан, әрине, үлкен кент, өмір кайнап жаткан базарымен, жуандар тәжікелесе салған еңселі үйлерімен, дүниені җұмбакқа айналдырар. Биік те тәкаппар дуалдарымен, оның іші толған бау-бак, бау-бакты құміс құлқіге толтырыған қызы құлқісі — бәрі-бәрімен Бекасылға ұнайды. Дегенмен Тасқала оның киялышына жем тастап, биік максаттар, ұлы ерліктер, қызын туйндерді шешу, әке аркасында емес, өз ерлігімен Ұлы Дағаға баһадүр боп танылу, әлдебір категерлі шайқаста жауды женіп, қалың жосықтың алдында маңдайы мен төсінде ақ тенбілі бар атакты Тасқайнат қаракер атымен ойкастап келе жатса... секілді кияллардың мұны ерте тастап кетпеуіне жақсы. Тасқаладан төнірек онсыз да жақсы көрінеді. Бекасыл оны місе тұтпай ішінде бұранда тәрізді баспаңдағы бар ыздыған мұнара салдырыды. Мұнара негізінің ені төрт кулаш. Одан соң мұнара сәл жінішкеріп барып ұласады. Мұнара жінішкерер орта тұста Бекасылдың оңаша орны бар. Екіншісі одан да шағын, бірақ мұнараның құзар басында орналасқан. Кіші патша өзімен өзі болғысы келгенде осы екеуінің бірінен табылады. Ол осы биіктерден алысқа көз салғанды ұнатады. Алысқа көз салып тұрып, Бекасыл сан-сак ойға кетеді. Оның ойы әкесі отырған тақ емес. Айтпақ тұтіл ойлауға жүргегі дауаламайтын, бір сокпай кетпес алан — Байтақ мәнгілік емес, одан кейінгі өмір калай болады? Міне, Бекасылдың ішін кемірген жегі құрт осы. Қалған ойлар осы үлкен аланнан құшқітей беретін сансыз сауал. Кейде алдағы уақыт Бекасылға дәлдел келе жаткан қара тасқын әлде дүлей дауыл болып та елестейді. Осындайда әкесі Байтақ патшага таң қалады. Байтақ жиырма үш жасында ел басына келіпті. Бекасыл жиырма тоғызда. Тәнірге мың мәрте рахмет — әкесі өз орнында. Кай бұлықта канша жатқақ, канша қыстау, канша кент барын, ондағылардың руын да, ру басыларының ныспысына дейін жатқа біледі. Эр бұлықтың кемшін, зәруліктерін де ойынан тастамайды. Қазір Ескендір шабуылынан соң ел ішінде Байтаққа деген зор сенім мызғымас сый-құрметке айналды. Күндердін күнінде Байтақ жалған дүниеден мәнгілікке кетсе оның орнындағы жаңа патшаны әркім-ақ ырғап көреді. Байтақлен бірге жасасқан карт кеменгерлерді ысырып тастап, қойын-қолтығына кіруге таласушылар аз болмайды. Бекасыл ол күнді де ойлайды. Жан жағына қарап, татымды, өзіне арқа болар табанының бүрі, сөзінін дауасы бар беттілерді таба алмай қалады. Дүние осылай

мұлгіп тұра бермесі анық. Бекасылға салса әкесі жасаған, елу жылдан бері қалыптасқан қанлы әлемін еш сапырылтырымай, осы тұрысында елдің қазынасын нығайтып, елді көріктендіре берер еди.

Осыдан алты жыл бұрын Мауреннахрды мекен еткен парадарайя сақтарының көсемі Мекелхаммар дүние салды. Күллі сақ, ғұн игі жаксылары андыздан келіп жеткенше елі мәйітті жиырма күн ұстады. Артында қалған елінің боздақтары шынырау қазып, шынырауда ұстаған мәйіттің асты үстіндегі көк шөпті деміл-деміл ауыстырып, Мекелхаммар патшаны ардақтап жерледі. Сол жолы Байтақ патша қасына екі кеменгерін және Бекасылды ертті. Байтактан бір мүшелден астам үлкендігі бар Мекел патша Байтакқа жайлы көрші, ығынан шықпайтын сенімді одак та болды. Үйсін Құнбекі көреген сәл кірпияздау, талғап танысып, талдап сейлесетіндіктен Мекел патшаны аса менсінбеген сынайлы. Байтақ болса осы бір момын патшаны кілен басиeler жиналған жерде уытты мыскылдан, ашық келемежден, кекесіннен корғап жүрді. Өйткені Мауреннахр дегеннін ку тақыр екенін Байтақ біледі. Тұтін саны да ары кетсе осы қанлының екі тайпасына жетіп жығыларлық. Түе мен балыққа, аздаған ұсақ мал, қолөнерге сүйенген ел. Оған Мекелді он орап кетер қандай да бір данышпанды апарып патша сайла – Мекелдің жасағанынан артық еш нәрсе жасай алмайды. Бұл ел өз ішіндегі мүмкіндікпен басқалардың алдына шыға алмайды, шаңына да ілеся алмайды. Мекелдің сабаздығы сонда – өзі де өзегі талғанын білдірмей, өлшеулі күн кешкендерге медеу болып, жанына барып, жаны ашығанын білдіріп, ойсыраған жерді ойдан-қырдан жылу жинатып толтырып келгендігі. Енді бұл ел таза жетімдікке ұрынды. Мекелдің өз тұқымы да, басқа рулар да Мекелдің тағы тақ емес, үнірейген азап екенін түсініп, Мекелдің кос қанатты жұпның сарайына көз тікпеді. Ел естиярлары, Мекелдің үлкен ұлы патшаның сүйегі мәнгілік үйіне – кен обанын ішіне қарағаштан қызып, талмен өріп тұрғызған кәдімгі үйдін ішіне қойып көмген соң Байтакты ортага алды. Мекелдің соңғы рет жайған дастарқанынан дәм татысқан соң көніл білдірушілер андыз-андыз бол лезде тарады. Ен сонында қалған Байтақ қана. Онда да әлгі естиярлармен Мекелдің ұлы: “Байтақ баба, өзінізге айтар сөзіміз бар”, – деген соң қалды. Парадарайя патшасының кеменгерлері де, ру басылары да, патша баласы да айналсоктап ұзак әнгіме айтты. Байтақ тек тындаумен болды. Сонда түйгени жеke ел болып жарытпаспыш, Мекел патшаның дүниеден өтерде айтканы бойынша қанлыларға қосылу екен ұзын сөздің қысқасы.

Байтақ ұзак сөйлемеді:

– Мекел патшаның айтқанын екі еткен жерім жок. Тәнірдің мейірі түскен ақ адам еді. Жамандығын да көргем жок.

Екеуміз қатар ғұмыр кештік, барымызды осы ел – өздерінмен бөлісіп жедік. Мауреннахр елі бізге ежелден бауыр басқан. Еш жаттықтарың жок. Қосылсандар, қазір кім қай жерде отыр – сол орнында қала берсін. Бір ғана талабым бар. Ол мына “шықпа жаным шықпа” деген өмірді өзгерту. Екі өзенді дұрыстап пайдалану, кенттерді түзеу. Оған қазынадан біраз көмек жасалады. Бірақ жақсылыққа ұмтылмаған елді бакытты ету ешкімнің қолынан келмейді. Талап күшінде. Елді ояту керек, өздерінізді алыс-жакын елдерге жіберіп алсам деймін. Сусыған құм үстінде отырып та алтын астаудан ас ішіп отырған елдер баршылық...

Осылай Мауреннахрды мекен еткен парадарайя қанлы елінің алтыншы бұлығына айналды да кетті.

Жолда ұзақ үнсіздіктен кейін Байтақ Бекасылға ошарыла бұрылып:

— Үа, Кіші патша! Мауреннахрды елге косып қайттык. Не үттык? Басқа не амал бар еді? – деп іштегі көп түйткілді жүйелеуге мәжбүр етті.

— Өз сөзінізben айтайын әке! “Көбейгенің – көркейгенің, азайғаның – азғаның”, – демеуші ме едіні!

— Қемейде кептеліп көп сез түр, балам. Бірақ ол жайт маған да, саған да белгілі. Жаңағы сөзінмен токталайық. Жақсы ырым болсын. Тәнірім қолдасын. Бұл елді жабырқатпай ұстau керек. Енсесін көтерсек тіпті жақсы. Парадарайяның ен жақсы касиеті – енбеккорлығы мен көмпістігі. Бұл елді Қанлы патшалығына коскан екенбіз бұрынғы бес бұлыктан кем болмасын. Оның амалын өзің тап. Тапқан соң тізбелеп айтарсын.

Парадарайяның Қанлы патшалығына ұн-тұнсіз косылып кеткені іргелес елдерге жер сілкінгендей әсер етті. Бәрі дерлік сәл қызығанып қалды. Парадарайя Ақсүйек Байтақ патшаның кәріне ілініп, байырғы бір қарызына иә болмаса өтелмеген парызына бола мәнді-мәнді күй кешті ме екен? Әлде Мауреннахр жұрты Мекел патшадан айырылып, абдырап қалған жіңішке сәтті дөп басып, ел естиярлары Байтақтың тұзағына түсті ме, жок сұрапыл адудынына төтеп бере алмай осы халғе келді ме? Осының басын ашу үшін сарматтардан, аландардан, үйсіндерден, тіпті алыста жатқан ғұндар мен ұлы йозілерден сыр тартушылар жолға шықты. Мауреннахрдың басиелері “құдайы конактарына” болған-біткенге зәредей еш нәрсе қоспай құдайшылықтарын айтты. Сексеннің сенгірінде жан дүниесі жантайып жатарлық орынды тілеп тұrap заманға жеткен Байтақ патша бәрін біліп жатты. Бірақ дұрысы – білмеген бола калу екенін де ішке түйді. Мекел көзі тірісінде камқоршы бола қалған патшалардың иегінін астында жүрді. Байтақ үшін Спитамен сес, ал Мекел марқұмның елін жел сокпалтын қымтама деп ұққаны да рас. Бірақ Байтақ та Мекелге жайшылықтағы қанқу-санқудан корғаушы әрі қысылғанда кол

ұшын беруші болып келді. Соры сыртына шығып, тырбиған шок-шоқ бадам мен түйеден басқа түлік ауыз салмайтын тұзды шөп, аспаны мен жері бір түстес сүп-сүр әлемге бұрын ешкім қызықпаған. Енді жоғалған пышактың сабы алтын көрінер әдеттеп сақ әлемі бұл оқиғаға елең ете қалды.

Міне, Роксана ұзатылып кеткелі бергі ең үлкен оқиға да Бекасылдың бірсес торы төбелімен, бірсес кербез кері атымен Битән мен Мауреннахдың басты кенті – Мекелкамалдың арасына өзінің төтежолын салған, көсліп шауып, ашылып сөйлеп, сүріне-қабына шаршаған тұсы – елге ел қосу кезені болды. Енді Бекасыл өзі қыстықканда жалғыз қалар жері – Мұнараның құзар басындағы оңаша орнында төсөніші – тұкті кілем, тамға жапсарлас жасалған текшеде аяқты аяққа айқастырып жатыр. Ара-тұра атып тұрып, Роксана келер жаққа көзі бұлдырағанша тесіледі. Мұның есебінше Роксана бесін шамасында қылан беруге тиіс. Ол алдымен Тасқалаға соғып, Бекасылдан мәнжайды толығырақ біліп, одан соң Битәнға – әкесінің алдына бармак. Роксана жат жұртта жүргенде оны шын сағынған үш адам болса сонын бірі Бекасыл еді. Енді Роксана сақ әлемін бір зобаланға ұрындыруға келе жаткан адам болып елестейді. Роксана аз да емес, көп те емес – бүтін бір патшалық құрып бер деп кинауда. Енді сақ-қанлы, сақ-үйсін, сақ-массагет, су жағалаған парадарайя сақтарын дүрбеленге ұрындырып, қыршындарына найза кезендіріп, неғайбыл жорыққа шығармын дейді. Оның Бекасылға жақпай тұр. Айтса айтқандай: бір Роксананың қыңырлығы қырық рудын басына қара бұлт үйрмесе етті.

Роксананы алған бетінен қайтару, ыланды істі бастамай-ак қазіргі жылы орнында падиша болып, қаланын төрт сарынан бір-бір күншілік жерді Эсхата падишасының құрығы деп жарияладап кана койса дұрыс-ақ болар еді. Дұрысы сол. Ұлғайған Қанұл патшалығының қорғаныс, күзет әскерін Бекасыл әр ай сайын ауыстырып, олардың бар шығынын өзі көтеруге бар. Роксана тек кала мен оның маңындағы өзіне тән майда кенттерде киялы жеткен ермегін жалғастыра берсе болғаны. Ал кезінде үш жыл сақ даласында дүрбелен җасаған, мындаған адамын өлтірген, өзін құдай тектімін деп жар салған әумесер Ескендірдің өзі емес, енді күшігі үшін сақ әлемі жаткан аждаһаның құйрығын баспақ. Егер құрылса, патшалық Македон-Бақтұр патшалығы аталмақ. Македония қайда, Александрия Эсхата қайда? Шын Македонияны әр адамы, әр отбасы елім-жерім, Отаным деп үгады. Ал одан мындаған мириад алшак жаткан, жан-жағы айтакыр, мекендеушілері қырық құрау, аз уақытта Македонды да, оның әскерін шұбыртып әкелген Ескендірдің өзін де еміс-еміс билетін шалғайда Роксана кімге сүйенеді? Елдің басын біріктірер мүдде немесе әр жүрекке жетер сөзі бар ма? Роксана! Роксана!

Падиша болуға лайыксын. Амал не, жаткан тұрған бос патшалық жоқ. Ескендірді өз жарандары, ең жақын достары, ұстазы керек кылмады. Ұлы Женімпаздың аркасында патша бол отырмын деп олар үш мезгіл еске алады деп ойламаймын. Шешесін, некесіз тұған ұлы Гераклды Антипатрдың ұлы Кассандр азаптап өлтірді. Бар байлық Александр Македония мен Грекияны сеніп тапсырған әкелі-балалы Антипатр мен Кассандрга көшті. Ен үлкен, ең құнды байлық. Солар Александр Македонскийдің атын да атамайды, ал жерімізді жүндей тұтпек болған, Спитамендей баһадурді астыртын өлтірткен шапқыншының атын жаңғыртамыз деп біз далактамақпрыз. Қызы – жат жүрттық. Рас еken-ay. Қараши ұлы өзгерістер, қауырт кымылға жарамсыз әкені де, кезінде сак баласы түгелдей менін бауырым дегендегі ер-азаматтардың бас амандығын да тәрк етіп, табиғаттың бір қатерлі күбылышы тәріздес бұрк-сарқ етіп өткен Ескендір дауылын кайта соққызу мүмкін бе? Әпекемнің бұл қолқасы сондықтан да елге зиян, кисынсыз. Осы ойын Бекасыл әкесіне айтты да. Тек Байтак патшаның жүргегі езіліп, капелімде карт көніл бұлан өсірген қызының айтканынан шыға алмай калмаса...

Роксана бастаған күймелер тізбегі Тасқалаға көленке ұзарған шакта жетті. Вавилонда он жылдан астам тұрғандығын, Бекасылға деген ерекше мейірімін таныту үшін жасады ма Роксана Бекасыл алған Хаом патшасының қызы Әсен ханыкеге сыйлыкты үйіп әкеліпті. Сақ әлемі Бәбіл атаған Вавилонда табылмаған нәрсе басқа еш жерден табылмайды деген сез ел ішінде ежелден бар. Сол жалпак дүниенің тоқсан жолы тоғысқан, базарында жердін асты мен үстіндегі, судың тұнғылқы теренінен алынған ең қымбат асылдар, титыктап жеткен кіре, шалдығып жеткен керуендермен күн сайын келіп жаткан дуние мұлік, киім-кешек, өнделмеген піл сүйектері, өнделген інжү-маржан, алтын мен күміс, асыл гастар осы ғажайып каладан келіп тұр. Роксана Александрдың барында Бәбілді окқағарларының қаумалауымен еркін арапап, бір саябыр болса елге барып қайтамын деген дәмемен бәріне атап неше түрлі базарлық алып койған. Соның біразы он жылдан астам сакталды. Кейін әр қадамы бағулы заман туғанда да Роксана қалаға шықпай тұра алмады. Сол бір серуенінде арнағы барып Бекасылдың әйеліне Ассирияның әйел патшасы Шаммурамат киіпті деген киімдер үлгісі сатылатын арнағы сауда орнына келген. Әдетте ол киімдер аса қымбатқа түсетіндіктен байлардың әйелі өзи Вавилонда болғанын есте ұстau үшін бірер үлгісін ғана алатын. Роксана сол Шаммурамат әйел патша киіпті деген киімдер үлгісінін толық жиынтығын бірақ алды.

Енді Шаммураматтың үлгі киімдері көздін жауын ала, көрген әйел затын есінен тандырып Бекасылдың нақсүйері, Әсен ханыкенің алдында тұтас жатты. Оның сыртындағы інжү-маржан,

алтын, күміс сый-сияпты бір тәбе. Бекасыл зады еркек болса да қас қағым сәт демін ішіне тартты. Бірак есін тез жия қойып, өз ісінен жаңылмауға бекінді. Үй иесі ретінде Бекасыл Роксананың құрметіне Тасқаланы тойға айналдырды. Саз да, ән де, астатек дастарқан да бүкіл халықта арналды. Роксана Әсен ханікені қатарына алып, халқымен көшеден-көше адақтап қезайым болды. Тұн қоюланып, аспанда жұлдызы жамырап тұрғанда жол киімін киіп, Бекасыл Роксанадан үзір сұрады.

— Патшамыздын шұғыл тапсырмасы бар еді. Тұнімен жүріп, таңсәріде Киропольда болуым керек. Онда да ел көзіне түспей кала даруғасының онаша жайына жетіп жығылу міндет.

— ...Мен өзінмен ақылдассам деп арнайы келіп ем ғой?! — Роксана әрі абдырап, әрі ренжіл-ақ тұр.

— Ақылдасамыз. Сен Битанға жеткенде, тәнірім қолдаса мен де келіп үлгеремін. Төрт көзіміз түгел отырып сөйлескенге не жетсін. Мына бара жатқан сапарым да, Роксана, сенің қамын. Нәтижесін Битанда естірсін. Ренжіме. Әсен қалай? Ұнады ма?

— Ұнады.

— Ендеше кездескенше, падиша!

Бекасыл Байтак патшаның алдында Роксананың қолқасына орай болатын ұзак та қыын әңгімеге дайын болу үшін Киропольға асығыс аттанып кетті. Жолға ертең де шығуға болар еді. Ертең шықса оған дейін Роксана Бекасылды өзінің сезін сейлеуге дайындал, әкесін тек бас шұлғып, “өздерің көріндер”, “абайлап кірісе беріндер” дегеннен арыға жібөрмеуі мүмкін.

Ойға жүйрік, сөзге шешен, қажет болса тік шабатын мінезі де бар, Ескендірдің канды жорығын көрген, оның қандай жағдайда қалай-қалай әрекет жасарын көнілге тоқыған, ең ақыры — он бір жыл қалың жаудың ішінде отырып та ешкімге алдыртпаған Роксана оның адам емес. Оның қолына онаша түспеу үшін Бекасыл, ашығын айтса, өз сарайын тастап кашты. Оның үстіне, Бекасылдың қазіргі жағдайы да орнықсыз. Кіші патша деп елі атағанмен әкесінше ойлай алатын, әкесінше әр нәрсені байыппен шеше алатын, әкесінің екі иығынан басып тұрған сексеннің орнын толтыратын қолды-аяқты шабарманға көбірек ұқсайды. Рас, бұл дәрежесін місі тұтпай, әкесінің тезірек қисая кеткенін тілеп жүрген де Бекасыл жоқ. Себебі ел ішінде бүрк ете қалар дау-дамай, айтыс-тартыста Бекасыл тапырақтап, дағдарып қалады. Ондайда Байтак патша иығынан отыз-қырық жасты сілкіп тастап, көзі от бол жаңып, сөзбен дау тұрмак жер қыртысын сөгердей жарқылдаш шыға келеді. Ақыры ошақтағы қозға шылқытып су құйғандай жым қылып, екі жақты мөнді-мөнді халге келтіреді. Байтактың өлі де бола бергенін Бекасыл осы қасиеті үшін де тілейді. Байтактай батпан құйрық ақылшы, адудын тұрғанда қанаты құйғен көбелек болмасы анық. Міне, қасында

мұздай қаруланған он шауышы, алдында шолғыншылары бар түнгі жолдың ой-қырын жердін төбесін ойып келе жатқан кілен жүрісті аттарға тастап Киропольге келе жатыр. Бұл — Байтактың тапсырмасы. Өткенде Роксананың сәлемін жеткізген соң Байтак Бекасылға одырайа қарап:

— Жоқ-жітіктен мемлекет құрам дейді, ә?! Сүйекті қалалар, аты алысқа естілген кенттерді қоспаса анау қыстактар мен жатактар ел болып жарыта ма? Қөрерміз... Мүмкін бізді қөріп арқаланған желік шығар? Бірер айда сабасына түсіп, келгенде жерге түскен нақты әңгіме айтар... Қалай ойлайсын?

— Әзірше қызыңыздың еркелігі елге пайда ма жоқ па, деп арғы-бергісін ойлап жүрмін.

— Еркелік деймісін? Еркелік-ак болсын. Бірақ Роксана мен әлті жиен Александр Зұлкарнайнның тікелей және занды мұрагерлері емес пе? Олардан мойны озық мұрагер бүкіл македон-гректерінде жок. Роксана анау Зұлкарнайнан кейінгі бөлек-бөлек патшалықтарынды “менікі” десе қылыш қана карсы тұрады, сөз інінен шыға алмайды. Мараканд қазір не болды? Ол кімдікі? Парсымен бірге ол да Зұлкарнайнның патшалығына өткен. Зұлкарнайын Маракандта жарасын жазып, ішкі даудамайын реттеп, жарты жыл тұрған қала? Ол неге Зұлкарнайнның мұрагеріне көшпейді? Кирополь Ескендірдің екпінінен-ақ жайрап қалған кент болатын. Ол неге иесіз тұрады? Мәселе басқада, балам? Роксананың ондай ірі қалаларға, шалғай кенттерге жүрегі дауамай тұруы мүмкін, іә болмаса осы бағыныштылықты білмей отыр. Сондықтан, қарап отырмалық, Кіші патша. Маракандқа сатрап Сартахұнның тамырын басуға сатын мұлкі ешқашан бөлінбеген тамыры Жәрдем бекті жіберем. Киропольға сен баراسын.

— Баармын. Барғанда не айтамын?

— Иесіз жер, иесіз кала болмайды. Кирополь бүгін өзімен өзі. Ертен Дарийдің бе, басқаның ба бір тұқымы келіп, қалпақпен ұрып алады. Онда қазіргі сатрабын да, Киропольдың даруғасы да қанбакқа айналады. Истің алдын алу керек. Тезірек Роксана басқаратын жаңа патшалыққа кіріп алғаны абзал. Әгар ертен олардың өз тұқымдастары Зұлкарнайнның баласына тән елге күш көрсетсе — біз бармыз. Сақ балаларының тегеурінін олар ұмытқан жок. Келіп көрсін!

Байтак патша бірден тұтандып, осындай ой қозғап еді. Бекасыл өзінің дәл осылай кең ойлай алмағанын жүрексіздігінен деп білді. Бекасылға керегі — Байтак жасап берген әлемнің тап қозғалмай тұруы. Бірақ... “Ақпаған су азады, токтаған дүние тозады”. Бекасыл намыстынып та қалды. Шамырқанып, атын сәл демеп еді, катарынан сыйтылып бір мойын озды. Сол озған күйі Киропольға жетті.

Киропольдың даруғасы Аршад Бекасылдың алдынан шықты.

— Аршад бек, дәл қазір әңгіме айтар шама жок. Демалсак...

Жолаушылар бір-бір зеренаяқ шұбат ішті де құлай-құлай кетісті. Ертенінде күн едәуір көтеріліп, санлаулардан құйылған сәуле қөзін карыктыра берген соң Бекасыл басын кетерді. Тыңайып қалыпты. Оңаша тігілген үйде жалғызыбын деп ойлаған. Сейтсе іргеге аркасын беріп бір сұлу отырыпты. Бұл елдің әдеті — сыйлы адамның тұнемелігіне мөлдіретіп бір көркем қызды отырғызып қояды. Онысы мейман сусын іздел қала ма, басқа да бір қыжалат туса айтар адамы болсын деген сыйы. Бекасылдай қып-қызыл жігіттің қөнілі бұзылса қыздың қылық жасағанымен қарсылық жасауға қакы жок. Зәу-сайтан патшадан тұқым қалса Даруға оны патшаға сыпайылад жеткізеді де әлгі бейбакқа қасты орда тігеді. Орда — патша түсетін үй. Ол үйдің орны ерекше, жасауы бөлекше. Оған бір құл, бір күн қысы-жазы қызмет жасайды. Патшаның бір тұндік қызығынан жаралған бала да, ана да жақсылар санатына қосылады. Әдетте ондай бюджеткендер кедей-кешіктедін арасында жарқырап жүрер көркем қыздардан іріктеледі. Бұл салт Бақтұрга бейім бұл елде әбестік болып саналмайды. Қайта сол құрметке ие болғандары патша ма, сардар ма, атақты бай ма, әйтеуір даруга ерек-бөлек құрметке лайық деп тапқан адамның етегі тисе деп тілейді. Егер әлгі ардақты әтек болмаса етек тигізбей кету де айып.

Бекасыл басын көтерді де қөзімен қыздың қөзін ұстады.

— Қарғам, уакыт не болды, өзі?

— Тал тұс, ұлы мәртебелім.

— Көз ілмеген шығарсың?

— Сәл-пәл кірпік айқастырған едім, сіз сөйлей бастанызы...

— Қыз сынғыр етіп құліп алды. Құлгенде байқалды, қыз әлі балғындықтан алыс кете қоймапты. Уыз. Бекасыл нән ағаш төсектен аяғын салбыратты. Төсегі тобылғы түсті ағаш. Расын айтса, жатқан орны төсектен ғері тасаттық бергенде, құрбандық шалғанда мал соятын арбаң-сарбаң аса берік ағаш көтермеге ұксайды. Сол касиетті орын қызыл қанға боялса бір жақсылық кешікпей келеді деген ұғым қалыптасқан.

Бекасылдың сәл ашық-щашиктығына мән бермestен әлгі қыз оның киім-кешектерін тауып беріп, киінуге көмектесті. Кек шыбықтай солқылдаған сұлу қыздың қөпсіп тұрар толқынды шашы, жанаса кеткендегі ыстық лебі Бекасылды масайтып жіберді. Ишінен кескен теректей бол жата бергеніне нальды. Бірақ сол сәтте үйінен қырық кадам озған еркектігін жасап, нәпсіге ме, құмарға ма бой алдырыды.

— Есімің кім, қарлығашым?

— Сая...

Осы бір сәтте екеуінің жанары кездесіп қалды.

— Ендеңе, Сая, мен қайтқанша осында бол. Мен келесі танды атырып, бір-ак жолға шығамын. Келістік пе? Демал. Үйыктап ал.

Қыз “макұл, макұл” дегенді білдіріп, басын изей берді.

Аршад отыздың ортасындағы сыйтай жігіт ағасы екен. Қоғалы көлдей көздері, қолмен қызып жапсырғандай қастары, төгілте киғен киімдерінің бәрі жарасып тұр.

— Басилем, менің үлкен әкем сексенді еңсерген кісі. Сәлем бере келе ме деп тосып отыр. Тәнірдің осы таңға жіберген асы сол дастарқанға түссе керек. Оған қалайсыз?

— Дұрыс-ак. Алдымен үлкен кісіні риза етейік. Одан соңғы әнгіме киын болмас. Егер басқалай асығыс шаруа болмаса кала сыртына сейілдеп қайтсақ қайтеді? Қаланы жанай өтіп, тұз тағысы үркүді білмейді деп естіп ем.

— Үркітпейдісін қайдам, бірақ осы манда ойық-ойық ойпаттар бар. Сол ойпаттарға жан кіргізіп қылдырықтай-қылдырықтай күміс бұлақтар ағады. Су бар жерде — ну бар. Әлгі тұз тағысының түр-түрі сонда еркін жайылады. Дәл мына тал түсте көленкеде, жан сақтап жатыр. Құннің көзі қайтып, құлама ойпаттың бір беті тенбілденген кезде жануар біткен бұлақтан шөл басады. Сонда қырда тұрып жебеден-жебе аныратуға болады.

— Соны көп естіп ем. Құмардан шығып қайтайық.

— Мен дайын. Бекасылдай ардактылар Киропольға қунде келіп жаткан жок. Онда, басие-бауырым, менің де бір қолқам бар.

— Айтыныз.

— Асығыс болмаса жолға ертен шыққан калай болар еді?

— Ертен деймісіз? Ім... Роксана бүтін жок, ертен Битанға карай жол жүреді... Олар бізден жүйрік емес. Салт аттылар — біздер. Оларда он үш күйме бар... Дұрыс-ак, Роксана Битанға бізден бұрын барса — даға бармайды. Экесі мен анасының, басқа да бауырларының ортасына барады. Қозайым болып, ах-ухтері басылғанда біз де жетерміз... Айтканыңыз болсын, Аршад бек!

Саятшылар алтаптан кейінгі қапырық өткен соң атка қонды. Қос балақ тәрізденіп барып қосылатын екі айырық сайды халық Дамбал сай атап кеткен екен. Саятшылар осы жерге келіп, опырылған ойпатқа құлдамай қабакта іркіліп тұрды. Аттар матастырылып, саятшылар тәменге карай баспағыш жаяу кетті. Тізе кілтілдеп, еспе құм-тасқа бір жанbastай құлап акқан тұстар болды. Одан соң шок-шок тал-теректі қалқалап, садакшылар қайнарға жақындаады. Бір-бір текше тасқа отырып, саятшылар тынши қалды. Анқау да бейкүнә дала тағысы көп күттірмеді — шайнаса өскен нудан үйір-үйірімен шыға-шыға келді. Олардың алдынғы тұяқтары суға малына жебелер анырап берді. Бекасыл қорамсақтағы жеті жебені түгел коя беріп, ел мен жер иесі Аршадқа қарады. Екеуі ортекеше секіріп, бұлк-булк қайнап

жатқан қайнарға келді. Бекасыл етпеттеп жатып шөл басты. Су миды шағар сұзық болғанмен әлі де ішкісі келіп отыр. Аршад та қайнарды балаша емді. Одан соң нән жапырақты кобылас, асықпай үрттап ішуге көшті.

— Әнгіме айта отырайық, Аршад бек...

— Біз не айтамыз?.. Біз елге патшалардан жеткен әнгімеге орай, сөз бастаймыз.

— Марақандтын әнгімесіне канық боларсыз, Аршад бек?

— Жай ұзынқұлақ, қанқу-санқу сөз жетіл жатыр. Бірақ анық-канығын білу қыын. Өз аузыңыздан естісек.

— Сартахұнды сатрап сайлаған Зұлқарнайн емес, қанлы патшасының беделі еді. Құрығы ұзын Сартахұн сатрап болып жарыттады. Баяғы қанына біткен саудагерлігі басым. Роксана айтқан патшалыққа карсы емес, екі жылға салықтан босатсын, әскери міндеттемелерден, тұз салығынан да құтқарса бағынуға әзірмін дейді. Бірақ Роксана Марақандқа жоламасын, біз Роксана падишаның қол астындағы бұлық болып ес жиып алайық, дейді.

— Пах! Сартахұн! Кұлығы көл-дария күйінде қалыпты. Салық төлемесе, жасақ қоспаса, тұз екеш тұз татырмаса оның бағыныштылығы неде? Қайран майлыбасым, өзінен басқаның бәрі ақымак деп ойлай ма? Ұлы басиет соған көнді ме?

— Эрине, көнген жок. Бірақ ішінде бір айла жатқанға ұқсады. “Сартахұн не өзі өзгереді, не оны өзгереттін адам табылады”, — деді де сыздап жүріп алды, әкей.

— Дұрыс-ақ. Мен де сөйтер едім. Болмаса бір тунде жиырма мың жосықпен басып қалып, Кеменгерлер кенесіне желкелеп апарар едім.

— Солай. Құйқылжытып қайтеміз. Кирополь жел өтінде тұрған сексеуілді орман секілді. Қанша мықты болғанмен дауыл дәлдеп сокса тамырымен қопарыла құлайды. Ол — анық. Қанлы елі, оның абызы, патшасы Байтак тұрғанда бізге басқа корғаныш іздеудің жөні жок.

— Кирополь Қанлы патшалығына қарамайды ғой?.. Роксана күрмак...

— Білем. Роксана падиша кімге сүйеніп осы істі қолға алды? Өздерінізге. Айналып келгенде бәріміздің амандығымыздың кепілі — қанлы наизасы.

— Оны жоққа шығара алмаймын, басие. Мен өзім үшін бір нәрсені анықтап қайтуым керек... Ол — Марақанд пен Кирополь, яғни, іргесі кенейген Соғдының сатраптығын өзінде тапсырсақ қалай болады?

— Мені сатрап ету үшін қан тәгудің керегі бар ма?

— Қантегіске жібермейміз. Оның амалы жасалады. Сатрап ауысу керек. Сартахұн кез келген жерде жығып кетер үркек аттай сенімсіз адам. Біз оның құлық-сұмдықтарының катпаршағына

үніліп өмірімізді оздыра алмаймыз. Бізге сөзі мен ісі бір жерден шығатын, мына мәлдір дүниен тұмандатпайтын сатрап керек.

— Сатрап елден де табылуы мүмкін емес пе?

— Эр нәрсениң өз орны бар, басие. Елдегі кеменгерлер Байтак патшага ақыл қосып, киналғанда жөн сілтейтін жандар дей алмаймын. Олар тек былай етсек қайтеді, олай етсек не етеді, деп Байтақтың өз ішіндегі күмәндерді ғана бір-бір шертіп, патшаның әлі айтылаған, бірақ іштей бекінген үйғарымын бекемдеуге ғана жарамды. Басқа сатраптар өз орнында. Әкем не ойлайды — оны әлі ашық айтқан жок. Осы жолы Роксана айтқанын жасатпай қоймасы анық. Алғашында Роксана тыныш жатқан елге лан ала келгендей көрініп еді. Лан болмас, бірақ аз әуре әкелген жок. Бірақ бұрынғы Парсы билігінен Зұлқарнайнға көшкен, қазір шын иесі кім екені белгісіз Соғды, Бактүр, Паратакент, Марғиан, Арахос, Кирополь, Мариополь дәл осылай бытырап ұзак жата қоймасы анық. Зұлқарнайнан кейінгі патшалар жарысқа түсті. Соның қайсысының құрығы ұзын болса мына бұлықтар сонықі болады. Сатрап та сол жақтан тірек жосығымен бір-ак келеді. Ол жайт Қанлы, Үйсін, Массагет, Аrimаспыларға жайлы тимесі де анық. Сөздің ашығын айтсам — Байтак патша ел тізгінін маған ұstattты. Аса күрделі істерде ғана ақылдасам. Ақылына өзім де зәрумін. Егер біз мимырттыққа салынсақ жаңағыдай өмірге тап боламыз. Ал ширак кимылдасак бос жатқан бұлыктардың басын біріктіру аттың қамау тері мен тұяғының сәл желінгенінен артық шығынға апара да қоймас.

— Мен де сансыз қунді сандырақ оймен өткіздім, басиебауырым. Тізгін өзінде болса іске кірісейік. Тубінде осы жатқан сақ, Соғды, Бактүр әлеміне өзіміз ие болуымыз керек. Аты Ескендірдін мұрагері IV Александрдың мемлекеті болып бірден жариялансын. Бала патша есейгенше Роксана падиша басқарып отырғанын, оның арқасында қаланып қанлы тұрғанын алыс-жақын патшалықтар онсыз да түсінеді. Бізге IV Александрдың мемлекеті деген тиімді. Аты оның отандастарының мысын басады, өздерінің кімнің арқасында патша болғанын естеріне салады. Егер күшке салмақ болса Зұлқарнайнның үш жыл дүрлігіп, үш кадам жер ала алмай, уақыттан ұтылып, жігері жасып, шығыннан шығынға ұрынғанын бәрі біледі. Сондықтан сақ наизасы, сақ жебесінен тек шашылып қалармын деп қай-қайсысы да тартынады. Ал патшалықтың зады өзіміздікі. Іс осылай өрбісе кайда жұмсасаңыздар да әзірмін. Бір ғана түйткіл...

— Айтыңыз, басие.

— Тәнірім құп алып, дүние өзініз айтқандай өзгеріске түссе Сартахұнды өз құрығына қуып тастай аламыз ба?

— Сол ойыма келменті.

— Олай дейтінім — Соғдының кілті де, кіндігі де Мараканд.

Марақандтың базарында тек дүние-мұлік, мал мен дән ғана сатылмайды. Онда жер де, ел де, сырттай адамның басы да сатылады. Егер Сартахұн сол базардың майлы бет, барт бас жытырларын үйіріп отырар болса, менін аланым көбейеді. Сартахұнның бір қолы менін жағамда болмаса да арқам жыли қоймас. Тізгінді осында жылымдарға ұстасып, қашанғы жүреміз. Ордалы жыланға май құйып өртеу керек. Немесе уәжін тауып тараткан жөн.

— Дұрыс-ақ. Біз Аршад басие, құдай жазса бірге картаярмыз. Яғни, алдыда кесіліп жаткан заманды үзенгі қағыстыра жүріп өтерміз. Эр патшаның тұсында өз сүркүлтайы болады. Патшалар соны көре тұрып та, көп жағдайда өзіне жақпайтындармен де ымырада құн кешеді. Біз осы алдағы ауыс-түйіс тұсында сол екпінмен көп нәрсені өз қалауымызша жасап тастамасақ бітеу жарамен жаңың жай таба коймайды.

— Онда осы сөзімізді ер-азаматтардың серттесуі деп, кол алысайық. Міне, қолым, міне жүрегім, Бекасыл патша!

Екі басие қол алысты. Екеуде жас. Екеуде теректей сұнғак, көрікті жігіттер.

— Әңгіме осымен тамам болса — демалайық. Біз де ет пен сүйектен жаратылған Тәнірімнің тандаулысы емес пе едік. Бір кеш арқаны кенге салуға рұқсат шығар, басие?

— Мен конакпын... Үй иесі не айтса сол болады.

Аршадтың жазғы жайында қырғын сауық өтті. Бекасылдың әкесі жасаған әлемде де ойын-сауық баршылық. Бірақ нәпсі мен сезімге ерік беру жоқ. Бәрі патшаның темірдей тәртібінен аса алмайды. Мұнда еркіндіктің үлгісін Аршадтың өзі көрсетті. Кеудесінде бір жолақ лыпасы, бәксесіне еркекті арбап тұрар жын жібектің екі-үш тұсті орамалын жалаңаш белге байлай салған, ақ бакай қыздар гүл дестеге айналды. Солардан сұрырылып келіп үшеу-тәртеуі Аршадты башпайынан басына дейін өбіп, аймалайды. Оған еті елген басиенің өзі ара-тұра балқып кетеді. Бекасылға бұл сауық ұнап-ак калды. Бекасыл шарап бойды балқытып, кан тасытқан бір сәтте: “Патша темір емес қой... Сірә, осылай ара-тұра женілейіп тұру керек те шығар?” — деген ойға келді. Одан соң өзі де үрғашы қызықпай қоймас, аяқ-кол, мүшемүшесін қыз-қырқынның талапайына тастап жіберді. Арасында көз жүгіртіп түнмелікте көрген Саясын іздеді.

— Басие, әлгі түнмелікте ұшыраскан бір жан көрінбеді фой?

— Карлығашының өз орнында. Алан болмаңыз. Ол етегін жел ашпаған он бестегі қыз. Жел ашпағанды ер ашады да!

— Тұқымы қайдан?

— Менін естуімше, кезінде Зариаспының даруғасы болған адамның үрпағы. Әкесінен ерте калды. Нәмі аксүйек, бірақ Зариаспыдан бір сабак жіп ілеспей, бас амандығын олжа тұтып осында

токтаған бір әulet. Әлі көтеріле алмай жатыр. Саяның үш ағасы бар. Қыздан бір өзі. Мәселе анасында. Егер анасын алдымен көрген болсаныз, мүмкін қызына аяңкестік жасар ма едініз?

— Және бір қызық басталды десенізші.

— Оны, әрине, асыранқырап айткан болармын. Анасы — мен көрмеген сұлулық. Кедейлік, жоқ-жұтандық та кеудесін қушита алмаған ай жүзді адам. Қызы анасының көшірмесі. Тек баландағы болмаса.

— Қанша сұлу болғанмен, жастықтан асар сұлулық, одан өтер бал сезім жоқ шығар, басие.

— Эрине, әрине! Киропольде Қанлы патшасының дара мұрагерінен түкым қалса деген ниет еді, менікі. Ха-ха!

— Оnda мен міндегімді атқаруға кеттім, басие!

Тұн ортасына дейін дұылдаған сауық аяқталды. Орда ішінде самаладай жанған шырактардың түтіні мен қоңырысқ исі ашық түндікке сәл бүйраланып барып, тіке кетіп жатыр. Бекасыл табалдырықтан аттады. Сая қарсы алып, иығынан сырт киімін түсірді. Төсекке сылк түспек жас патшаның тынысы ауыр. Аратұра аузын бақадай ашып ауа қармайды.

— Шөл басуға қалайсыз, басилем?

— Болады...

Сая сап-салқын шұбат әкелді. Бекасыл табанынан тиянақ кеткендей іштей аласұрған күйде отыр. Анда-санда екі үрттын толтыра шұбат үрттайды. Жан шақырғандай бойы байсал тартып барады. Құдай үрүп, мынадай бал қыздан және қағылмаса де! Есін жиып алды. Қыз оның етіктерін сыптырып алып, аяғын қоңыр-салқын су қүйған ілегенге салдыртты. Аяғын жуды. Апрыым-ай саусактары неткен нәзік... Бекасылдың тағаты таусылуға жақын. Бірақ бұл ләzzат өзіне бүйірып тұrsa бәрін бабымен жасау керек. Қыздың әбігері таусылғандай. Енді Саяның өзі де кол-аяғын тыска шығып жуды. Түрулі есіктен оның нобайы анық көрініп тұр. Одан соң жүрісін білдірмей кестесі жатқан тұска барып үкідей желбіреп отырмак еді...

— Сая... — деді қарлығынқы дауыс.

— Иә, басилем?..

— Келші.

Келді. Бекасыл өз денесінен киім атаулыны түгел лактырыпты. Басын көтерді де барын жасырмадан қалыпта екі аяғын төсектен салбыратып, қызды лезде шешіндірді. Құрышблектер оны қауырсындағы көтеріп, төсектің іргесіне алып кетті. Өз денесін қыз денесімен алтындал алғысы келгендей төсек қызығына ұзак шомылды. Тыныстар жиілеп, нән төсек тарыла берді. Әлден уақытта ала көлөнке үйде “апа!” деген бір жандәрмен үн естілді. Әр әр жерде жылтыраған көп шырактың ең жакыны лып етіп сөніп калды...

Таң бозында Бекасыл көштен калған адамша журегі зуылдап, өрекліп оянды. Оянды да шашы жастықка жайылып, осынша қалың кара шаштың үстінде жарқырап жаткан қыз жүзін көрді. Қыз тұндіктен ары көз жіберіп, жапалақ кірпіктері ара-тұра жалп құлап, ояу жатыр екен. Бекасыл қеудесін көтеріп, қыздың бет-жүзіне анықтап қарады. Алдымен ерні тиер-тимес екі қастың ортасын тыз еткізді. Одан соң мұрынның ұшы суланып қалды. Бұдан ары екеуі де шыдамады. Есепсіз, ес-түссіз бір сәттер өз кезегімен келе берді, екеуі де бұл сәттер таусылмаса деп тіледі...

Бекасыл және балқып кеткен. Кірпігі айқасып шетсіз-шексіз бір әлемге кеткен еді. Сол жақ қанталында әлдене қимылдады да оянып кетті.

— Мен тұрайын, басилем. Енді керегім болmas. Аларыныз алынды...

Патша кай кезде оянса тіршілік сол сәттен козғалыска түседі. Ерте болсын, кеш болсын Бекасылдың да есін жиып, келген ісін ұластырар мезгілі жетті.

— Мен де тұрамын. — Кіші патша орнынан тұрды да сілтідей тынды. Аяққа қарай лақтырган көрпенің іші де, астындағы акжайма да қызыл кан. Тамған, сүйкелген. Қыз да әлгіге қарап қалыпты. Есі шықкан болар, бүрісіп іргеге тығыла түсті. Бекасыл кеше осы тесекті құрбандық шалар орынға ұқсатып еді. Бүгінгі танда сол ойы және тірілді. Тек қасапшы өзі де, құрбандығы Сая болып көрінді. Бәрі бір өкініш те, жиренің те жок. Қеудесінде қуаныш тұтанды. Дүниенің бар кілті өз калтасында жатқанда, пәрмен тек өзінен тарайтыны есіне түскенде төсеккө қайтадан сылқ түсті.

— Мен су әкелейін. Жуынып, тазаланыныз.

— Жок, Сая. Бұл дегенің кір емес кой. Тазалықтың өзі емес пе? Сенің тазалығының белгісін езіммен елге жеткіземін. Сен енді мендіксін. Бар жағдайың жасалады. Жалғыз сен емес, анаң, бауырларың да тез арада санатка қосыласындар. Сен менің ордамның тұтінін өшірмейсің. Келер адамым, түсер үйім өзіңсің, Сая. Мен сені сағынамын. Қолым қалт етсе, тәуліктің кез келген шағында тұрменді қамшы сабымен көтеріп құшағыннан табыладамын. Сен екінші қосағымсын. Орданың намысы ортақ. Бүгіннен бастап, сенің орнын ерек-бөлек.

— Бәрін түсіндім, басилем. Құндіз-тұні тілеуім өзінің амандығын болады. Қара көз жолына қарай-қарай бозарғанша, қара шаш ойлай-ойлай ағарғанша көnlіліне қаяу, бетіңе шіркеу түсірмеспін. Дүние дөнгелек. Әкеміздін басынан тайған бақ айналып келгені ғой. Тәнірімнің көзі он болсын.

Бекасыл жасағын шырқ үйіріп, Аршадпен төс түйістіріп жедел аттанып кетті. Бекасылдың ізі суыған соң Аршад күтушісін ақ үйге жұмсады.

— Бар. Біл. Не болды. Не айтып кетті. Не істеген жөн.

Күтуші тез-ақ оралды.

— Ордаға ие бол, депті Кіші патша Саяға. Сен – екінші қосағымсың десе керек.

— Қосағы несі? Әй, албырттық-ай! Байтақ патшаның ығынан шыға алмаған, дұрыстап ойнап-кулмеген батыр ғой! Бірінші көргеніне қолқ ете қалған. Тағы не айтыпты?

— Аршад басиесе сенің орнынды талғап, тандап жасап береді. Бұдан былай анан да, ағаларың да санатқа қосылады депті. Санаты несі, басиесем?

— Санат... Оны өзі шешер. Ал ордасын кірсе – шыккысыз етіп, бір әспепті жерді оңашалау керек болды. Бір күн, бір құлды босағасына бекіт. Анасын осында шакырт. Бәрін өзім айтам.

Аршад Байтақтың бәйбішеден туған үш ұлға тоқтамай кіші токалдан туған Бекасылға неліктен үміт артқанын осы жолы түсінді. Ертең әкесі не біржолата патша сайласа, немесе бір жайлы бол кетсе Бекасыл ашылғалы түр. Қазіргі ұсақ-түйек сенімсіздігі, тұтықласы жоғалып, азуы алты қарыс патша болары күмәнсіз. Дегенмен, ер мінезді, өр мінезді адаммен үзенгілес өмір кешкеннін өзі не тұрады. Бекасылың – нағыз жігіт, нағыз еркек. Мейлі Аршадты сатрап етер, етпес бәрі бір бар қасиетінің үштығы көзге бадырайып көрініп тұр. Ал оның да пейілі бұған құлаған секілді. Әйтпесе екінші рет сөйлескен адамның айтканына сеніп, еш алансызың қасты ордасын тіккізе ме? Мен азғантай елді, шағын жерді басқардым. Бірақ дара басқардым. Менің сөзім – соңғы сөз. Бұрын туған бұрын өлеңіні рас болса, Бекасылға құдайым ғұмыр берсе ол да ертең өз сөзін нық айттар күнге жетеді. Ал осы бір алакөбен шақта батпанқүйрық Байтақтың Битандағы сарайында тірі жатқаны Бекасылға да Аршадтың өзіне де керек...

...Бекасылдың алған беті – Битан. Қатпары көп қалың әнгімеге бара жатыр. Бірақ соның бір сөзі, бір ойын есіне ала алмай келеді. Көз алдында – Сая. Оның жаны мен тәнін, ыстық лебін өзімен әкеле жатыр. Сол бір сезім әлемінен айырылып қалмас үшін әлі ешкіммен ләм-мим деп сөз тастасқан жоқ. Аршадтың өз беті, өз сезі, керек болса өз мінезі де бар екендігіне, оның ішкі еркіндігіне риза болды. Бес-алты жас айырмашылық – түк те емес. Достасып кетер, тәнір жазса. Енді осы адамды Сартахұнның орнына апара алса Аршад Бекасылға біржолата сенер еді. Ол үшін Роксананы осы адамды қолдауга көндіріп қою керек. Екеулесе Байтақ “өздерің көріндер” деп билікті бос тастай салады. Арғы жағын Бекасыл астын-үстін етеді.

Жанағана ел ісі ойында жоқ-тын. Енді Битанның нобайы көріне Саяның елесі ғайып болып, мемлекет ісі басына шауыпты. Бұл да болса тәнірдін патшаларға берген сыны шығар. Қара басынның қызығы артық па, қараорманынның қамы артық

па? Эрине, қараормандікі. Караорман бүтін де бақытты болмай Саяны да бақытты ете алмайды. Сая анда, Әсені Тасқалада тосады, сарсылады, шыдайды. Ел ісінде шабандық елді сорлату деген сөз.

Битанда керемет қарбалас жок. Роксананың өрен-жаран, жасағымен қосып патша орамы жұтып жіберген тәрізді. Бүгін кешкілік үлкен жиын-тойын болғалы жатқанын Бекасыл кисапсыз казандардан-ак анғарды. Даладағы сәкілердің бәріне кілем жабылған. Мұнысы келген меймандар дудырасып ары-бері жүрсін. Шаршаса тынықсын дегені. Дастаркан, сірә, сарайдың орталық қаузында әдеттегідей жайылатын болса керек. Роксана бірінші болып Бекасылды қарсы алды.

- Қалай барып кайттын?
- Падиша да болсаң шөл басар бірдене алдырышы.
- Қымыз-қымыран ішесін бе, әлде шырын ба?
- Шырын.
- Эй, қыздар! Басиеге шырын!

— Әңгіме былай, Роксана! Тоқетерін айтайын. Марақандтағы сатрап Сартахұн бізге қол емес. Алаяқ. Алтынның буынан мастиғы тарамас сенімсіз де адам. Оған елің де, халқын да, намыс та керек емес. Алтының кайда жатса сол елдің итаршысы болып журе беруге бейім. Оны амалдан орнынан тайдыру керек те сатраптықка Киропольдың даруғасы Аршадты тағайындау ақыл. Мен оған бәрін айтпасам да сатраптыққа тағайындалсан таңданба, елге, патшана адал бол деп ашығын айттым. Өзі де ашық адам.

- Неге ерте келмедің?
- Әңгіме піскен жок. Біреуді тықпаласаң болды — әкен сіреседі де қалады. Ұлғайған сайын күдікшіл бол барады Байтак патша.
- Мүмкін. Ал құлығына құрық байламас Сартахұнды жайдак атқа теріс мінгізудің жолын таптың ба?
- Таптым. Тек әкен екеуің кол-аяғымды бос қойып, дәл осы жолы менің айтқанымды жасасандар болғаны.
- Мен не істеуім керек?
- Сен осы сапарда Марақандқа базарлап бар. Сатрапқа ерекше сыйлық ала бар. Бәбілдің патшасы Навуходоносор үлгісіндегі алтын шапанды жап. Одан соң Зұлқарнайның аруағына бағышталған үлкен құрбандық беретінінді айт. Соған келетін болсын. Оны жеке, оңаша жерде айту ләзім. Куә болмау керек. Құрбандық шалу мезгілін мен жолға шығарда айтамын.

- Не іstemексің? Өлтірмекпісің?
- Роксана, Сартахұн өле қоймас. Бірақ өзің жүктеген іс онай деп ойлайсың ба? Қажет болса қынаптан қылыш сұрылады, садақ тартылады. Соны болдырмаудың бар амалын жасаймын.

Бұл істің кілті де, құлпы да Марақандта.

— Не істесен оны істе, тек өзін аман бол. Мен сенің жанында жүремін.

— Жұр әкемізді тостырып қоймайык.

Әпкелі-інілі патша тұқымы Ұлы Дағаға атағы әйгілі, ең киын, тылсым терең, сарыны дегбірінді алар шалкар-дариядай адамға бара жатыр. Екеуі де демесе, сәл сабыр етсе, құдай сәтін берсе бір-бір елге иелік етуге жақын. Сейте тұра Байтакқа бара жатқанда әкелік еркіндіктің болмайтынын білгендіктен екеуі де іштей айтар сөздерін жүйелеп, қандай екпінмен, қандай қөніл-күймен жеткізуі де ойлап келеді. Роксана көп сөйлемеуге бекінді. Тек тіке сұрап қойылса өз көзқарасын тұмандатпай, шатып-бұтпай жеткізсе болды. Басты ұстанаттыны — IV Александрдың патшалығын құру. Бұл жолда Роксана қаржылай шығынға да, соғыс бола қалса оның да шығыны мен ауыртпалығын көтеруге, әскер жалдау кажет болса оған да, келіссөзге баруға тұра келсе — баруға дайын екендігін ашық айтады. Ол өзі ойлаған істі аяғына дейін, майда-шүйдесіне дейін ойластырып біtedі. Бірақ сол ойды ешқашан бірден лак еткізбейді. Керек жеріне дейін ғана ашады. Арғы жағы тұман, немесе екішты күйде қалады. Мүмкін Байтак ой желісіне қарап, ұлының көмейінде қалып қойған сөзді билетін болар? Мүмкін.

— Келіндер, ел иелер! Жақынырақ жайғасындар. — Байтак - есік жакқа қарап еді есік баккан екі сақшы да, күйбендең жүрген күншебай қызы да сып етіп қалың емен есіктің арғы бетіне өтті.

— Ал баянда, Бекасыл! Әлде сен бастайсың ба, қызым?

— Жо-жоқ! Мен айтарымды Бекасылға айтып болғам. Өзінізге де баян еттім. Кіші патша нендей жағдаймен оралғанын естик. Тізгінді берген болсаныз болашақ патшалықтың егжей-тегжейін ойластырып, бүге-шігесіне дейін білетін де осы ұлыныз болар. Тыңдал алсақ...

— Жақсы... Олай болса маған емес, мына әпекене жай-жапсады, не істеп, не қою керектігін айт, Бекасыл!

— Аршад, сатраптыққа, болашақта Роксана падишаның қол астында адал қызмет етуге дайын.

— Бәрекелді! Е-е! Егер Аршадқа Сартахұнның басын шауып ал десе шаба ма?

— Шабады.

— Макұл-ақ. Енді сол қылыштың жүзі өзімізге катег болмай ма?

— Аршадта қатылдық бар, ал сатқындық жоқ.

— Қатылдық болмаса ел басқара ма?.. Жақсы, құлағым сенде.

— Роксана ертен жоқ, бүрсігүні Маракандка барады. Бәйілден әкелген базарлығым деп Сартахұнға алтын шапан жабады. Алдағы айдың он жетінші жұлдызында Зұлқарнайнға бағыштал

құрбандық бермек. Сартахұнмен сол Шеткі Александрияда яғни Александрия Эсхатада сойлесеміз. Ол жерге Аршад та келеді. Зариаспының, Паратакенттің даруғалары, сол төңіректегі бірқатар кенттердің басиелері шақырылады. Патшалықтың нобайы сол күні белгілі болып та қалар.

— Айтқан адамдарының бәрі келіп, тек Сартахұнның аяғы жетпей қалса — істерін бос әбігер. Оны бір табак етпен, пайдасы мен зияны екіталай падишаңын сөзімен келтіре алмайсындар. Сартахұн — бай. Біздің ұғымдағы бай және өзінің дәулеті өз өкпесін қыскан бай.

— Өз өкпесін қалай қысады, әке! — Роксана бәз-баяғы тікіреккөз ерке қызының әдетінше жабыса кетті.

— Сартахұнмен баймын дегендердің бәрі тамыр болғысы келеді. Оның табағынан ас алу — саудагерлер үшін дәреже. Ал Сартахұнның өзі де өзінен ірі біреулерге жанассам дейді. Мұның керуені жеткен жерге өзгелері де барып-келіп жүр. Рас, Сартахұнның керуені үш жұз түйеден асты. Басқаларынікі ары кетсе сексен-тоқсан. Сатын заты да басқаларда бар дүниеліктер. Сартахұнға Бәбілдін базары керек. Соған шықса, сонда Ұрым мен Қырымның, арипейлердің, гректердің, куллі Кіші Азиядан ағылатын дүниеге бір кенеле алмай жүр, сабазың. Оның өкпесін қыскан жайт осы. Әгар да Роксана Бәбілге барад жол тауып беремін десе ол жанына бір де бір тамырын ілеңстірмей сақа басы келеді.

— Онда, Роксана Сартахұнға Бәбілдін кешелері түгел базар екенин көбірек айтқаны керек шығар. Құрбандықтан соң базарлап барып қайтам десе, тіпті үйитар еді. — Бекасыл әкесінің кай істе болсын бұлардан сәл әрірек ойлайтынына, адам тануына және бір кайран қалды.

— Солай қилюастрыныңдар. Одан кейінгісін Кіші патша жасайды. Мені оған араластырмай-ақ қойындар. Өйткені заман өзгергенде амал-тәсіл де өзгереді. Мүмкін менің сөзім аяққа тұсау болуы. Тәнір қолдасын. Жігерлерің жасымасын. Бекінген істі сөз тарап үлгерместен астын-үстін етсөң көздеген жеріне жеткізесін. Сол!..

VIII

Александрия Эсхата. Халық “Эсхата” деп атайды бастаған кент. Қанша ақша тәк, құлдарды аксүйек етіп қырғын құрылыс сал, бәрібір ит байласа тұрар жер емес. Саясат үшін, болашакта патшалық құрсаң деген үміті үшін Роксана осында отыр. Маракандтан, Зариаспыдан, Киропольдан, Паратакеннен, Битаннан лекілдетіп жоғары мәртебелі меймандар келер күнге дейін Бекасыл көп іс тындырыды. Әсіресе, Суниот пен Фиоклге

салмак түсті. Фиокл – Зұлкарнайның құпия қызметінде болған әккі жымсыма, суға салсан батпас етіп өсірген құпия қызмет басшысы. Эсхата – алдын-ала мұқият дайындалған, кімнің не айтары, кімнің қай кезде сөзге қосылары, кімнің айқай шығарары әбден дайындалған тарих сахнасы-тын. Жиyrма күнде ападан әзір болды. Мындаған кез жібектен күнкағар жасалды. Отырғыштар кілемге малынды. Патшалар, сатраптар, даруғалар атап, арнайы орындар ерекше жасауланды. Осының бәрі Роксананың алыс-алыс елдерді қөргендігін аңғартар, мықтылардың үфымына сыймайтын салтанат та. Бұл салтанат Роксананың ешкімге тәуелсіз екенін аңғартар байлықтың да ауылын андатуға тиіс-тін.

Ұлы Зұлкарнайнга арналған құрбандық шалынды. Одан соң ойын-сауық басталды. Меймандар өз жайынан жылжымастан аста-төк тағамға кенелді. Роксана мен IV Александр меймандарына жеке-жеке жолыкты. Аман-саушылық тіледі. Меймандардың отырган жерінде ортада болып жатқан қызық-шыжықты да көруіне, меймілдеп тойып, ауырлап үйкі иеқтесе жата кететін де орны сайланған. Меймандардың ас-суын, жағдайын жасаушылар аш белі аппак, кілең көздін күрті, нәпсінің жұты боларлық қыз-қырқын. Жұп-жұмсақ жымыспен ыдыс-аяқ сылдырын естіртпей, өзінің адам текті, немесе аспаннан түскен гүл-көбелек екенін білдірмес құбылыс болды. Олар жайғана қызмет етсеші! Шақырғанға бара қояды. Білектен ұстатқаннан-ақ кімнің де болса қанын құтыртатын есірткіге айналды. Мына алақандай Эсхатада осынша сұлу бар деп кім ойлаған. Болса олар дәл осылай киініп, дәл осылай қызмет жасауга қашан үйреніп жүр? Осы сауал ерек сорлының ешқайсысының ойына келмеді. Меймандар біріне бірі қуәлік ете алмасын, бір-бірінен именбесін деп Эсхата иелері алғашкы түнді нәпсі түні, ләzzат түніне айналдырыды. Ертең болар қонақасында, сол жерде айтылар айқыш-үйкыш әңгімеге бір ауыз сөз қоса алады деген ереккек екі періште қызмет жасады. Ләzzат түнінен соң кіші сәскеде Роксана өз сарайында қонақасын берді. Сол қонақасы қызған шакта негізгі сөз айтылды. Алқып-шалқып отырғандар алғашында Роксананы аса менсініңкіремей:

– Бәрі болады, падиша. Әр нәрсе өз уақытында... Құрбандық ниетін талқыға ұластырып кайтеміз...

– Иә, солай. Құрбандық құдайларға жетсін, аруактар риза болсын. Соңан соң да уақыт бар емес пе? Бізді куып келе жатқан біреу бар ма?! – секілді шығарып салма сөздерді қөлденен қастай берді.

– Куып келе жатқандар бар! – деп Роксана санқ етті. Иле-шала сөзін жалғастырды.

– Апанасий! Қайда әлгі білдіргі! – Алпауыт македондық

беліндегі белбеуге қыстырған орамды сұрып берді. — Міне! Вавилонның патшасынан келген хабар. — Перғаунға грекше “Парфия” деп жазылған. Перғаунға адамның жалғыз көзі салынған. Бұл жұмбак хатқа бәрі ойланған қарады.

— Тұсіндірсөніз, ұлы падиша!

— Тұсіндірейін. Селевк Александрдың диадохтарының бірі еді. Бүгін ол да патша. Селевк алғаш рет Спитамен — баһадурдің қызы Апсанамен некелескен. Шын сүйіп косылған. Амал не Апсананың ұмыры тым қыска болды. Содан кейін де Селевк патша Апсананы ұмытпады. Оның атымен атап шығанақта үш кала салдыртты. Маған камқорлық жасағаны да Дала қыздарына деген ықыласынан деп білемін. Селевкке қарайтын жерлер сол Бәбіл мен Қос өзен аралығы, Сузы, Мидияның етегі. Көзделегені Парфия еді. Оны казіргі қайын жұрты Антигон Монофталмнің, бізше айтқанда қанқұйлы тойымсыз қолбасшы Жалғыз Көзді Антигонның балалары алып қойды деп мынаны маған жіберіп отыр. Антигонның ұрпактары казір кезінде Александр жасап берген империяның басым көпшілігін басып қалды. Енді Парфияны да жаулап алышты. Ендігі кезекте сіздер мен біздер тұрмыз, басиeler! Мына жалғыз көз — Антигонның тұқымы жақында жалмауға барып қалады деген ескертпе. Бұл шындық сіздерге аздық ете ме, басиeler?

Үнсіздік орнады.

— Білдіргі қашан келді, падиша? Біле отырсақ.

— Тұнде.

— Адамның аяғымен келді ме, әлде құстың қанатымен жетті ме? — Бұл Сартахұнның кекесін аралас сұрағы.

— Аланас! Жаушыларды келтір. — Грек атты әскерінің порымындағы бес жігіт кіріп келіп, сәл бас иген ишара жасады.

— Сонымен, падишамыз бізге не айтқысы келеді? — Сартахұн өз азаттығына каяп тәнгенін сезді.

Роксана тәтесінен бір-ақ айтты.

— Кеше Парфияны алған Антигон тұқымы ертең бөлек-салак отырған біздерді оп-онай басып алады. Бұл жерлер ежелден Парсы империясына қарасты болғаны баршанызға аян. Парсы қулады. Билік Александрға көшті. Яғни бұл жерлердің ендігі иесі Ұлы Женімпаздың жалғыз мұрагері IV Александр. Соның атынан жаңа патшалық қурамыз. Сонда ғана Антигон тұқымы бізге қарай наиза кезенбейтін болады.

— Мен бір нәрсениң басын ашып, падишаның сөзін тірлтейін.

— Бақтүрдан, оның бас қаласы Зариаспыдан келген басиес Аржан абыз сөз алды. Бұл адамнан ойы мен сөзінен озған жан болмағандықтан бүкіл Бақтүр бұлығы бас қаласымен бірге осы адамның аузына қарап қалған.

— Марақанд майбөкселерін сөзбен сендіру киын, падиша!

Жиналғандар Аржан абыз бен Сартахұн байдың құрдастығын, арасында әзілді де бір-біріне түйдектетіп тастантынын білген соң “майбөксе” деген сөзден секем алған жок. Сартахұнның көз қарашығы жүгіргілеп кетті. Сірә, жауап іздел отыр.

Аржан абыз сөзін жалғастырды.

— Жанағы дио тәрізді қолбасшынын бала дилюары жер-әлемді жалмап келе жатқанын Бактүр жүрті біледі. Менің естуімше соғыс Раги ойпаты мен Пасаргад маңында жүріп жатқан. Ол екеуін алған соң екі жосықтың Парфияны қолға түсіруі әбден ықтимал. Өйткені Орта Парфияда оларға кедергі жасар кала да, қамал да жок. Орта — үнірейген кеңістік. Парфиянын қолға түсіу тек уақыттың ғана шаруасы-тын.

— Мен айттарымды айтканмын. Марақанд бейтарап өмір сүреді. Ол ешқандай патшалыққа зәру емес. Марақанд бейтарап болған соң Соғдыға патшалық та, патша да керек емес. Парсы кулағалы біздің тәбемізден ешкім қараған жок. Зұлкарнайн сайлаған сатрап келіп тәбемізге әнгіртаяқ ойнатамын деген еді, акыры өзі әнгелек болып, сүйегінің қайда қалғанын да білмей қалдық. Одан соң Ескендірге бұл жақтан хабар жетпеді.

— Арғы жағы белгілі, Сартахұн басие. Айтпағыныз Ескендір өлген соң ел өз бетінше өмір сүрді, алым-салыктан бәрін босаттым, демексіз фой? — Роксана Сартахұнға кадалды.

— Жок, падиша!.. — Сартахұн акталмақ еді, Роксана оны елеген де жок.

— Жок емес. Елді жалғыз өзім сорып, қанап отырмын деп неге ашығын айтпайсыз, басие. Марақанд — Ескендірдің табаны тиген жер. Марақанд Ескендір күрған империяның бір бұлығы. Солай қала береді. III Александр өлді. Оның занды мұрагері, міне, IV Александр отыр. Марақандты, бүкіл Соғды бұлығын бір мешкейдің теспей сорып жата беруіне жібермеймін. Дәл қазір жауабын айтасыз, басие! Макұл десеніз бірге тіршілік жасаймыз. Бәз баяғыдай... Ал көнбесеніз жолыңыз ашық. Оны Сартахұн басиесіз-ақ шешеміз.

Және аз-кем тыныштық орнады. Бекасыл, Аршад, Массагет патшасы Кайымерден, Күнбекінің ұлы Айбек, алғаннан әкесінің ниет-сәлемін жеткізген оның ортанды ұлы Ханназар, төніректегі ірі екі үш кенттің басиелері үнсіз. Әр басиенің сол жақ қапталында бір-бір жазауығы отыр. Олар мұлдем демін ішіне тартқандай. Олай сескенудің жөні бар. Өйткені Роксана падишаның сарайын үш орап, күзет тұр. Әр патшалықтан кемі елу-алпыс жасак және келді. Ал осы сарайдың артындағы ұзын жотаның астында бес мындық жосық түрғанын әр патшалықтан келген топ ішіндегі тынышылар бір-біріне жеткізсе керек. Талқының беталысы жаман.

Казір дүниенің не болары Сартахұнға тіреліп тұр. Ол шіренгенін коймаса осында айқыш-ұйқыш айтыс басталады. Айтыстың атыс-шабысқа айналуы оп-онай. Соңан соң бұл жерден кімнін тірі шығары белгісіз бола бастайды.

— Кім пікір қосады?! — Роксананың даусы ауаны осып тұсті.

— Мұнда пікір айта алатындар — бірді-екілі адам ба деп қалдым. Біз — Кіші патша Бекасыл сардар, Үйсін, Алан патшалықтары ниетке келген бөтен жандармыз. Келдік, Роксана падишамен, Ескендірдің мұрагерімен жүздестік. Сонымен, келген шаруамыз түгесілді деп есептеймін. Әңгіменің тізгін болашақ патшалықты құрайтын басиelerде шығар, ұлы падиша. Ағайын ретінде әңгіменің басы-қасында бол десеніз — болайық. Біз де талқы немен біткенін білсек артық етпес. Өйткені жаңа мемлекет құрылса, біз ол мемлекетпен қоныс отыrsaқ біз бұл талқыға бейжай қарай алмаспайыз. Бақтұр, иә болмаса Кирополь жағы сөйлесін. Iрі кенттерден келген жасы үлкендер не айтар екен?

— Массагет патшасы Қайымерден әңгімеге жем таставды. Аршад қонышындағы қамшысын екі бүктеп алдына салқ еткізді:

— Аршад білге, сөз алдыныз.

— Маракандпен Кирополь теңесе алмайды. Бұ заманда бай бай түседі, кедей тақырлай түседі. Тәнірім берекені Маракандқа түсірген. Басқа калалар да, кенттер де, жатак-қыстактар да барын Маракандқа апарып, өз керек-жарагына айырбастайды. Сатса да, айырбастасада Маракандтың дедалдарына жем бол кайтады. Дедалдардың бәрі Сартахұн байдың нансоғарлары. Біріне тиіп көр, бәрі жабылады. Солай Кирополь да жылдан-жылға тозып барады. Бұл мерезді отка қарылған қып-қызыл қылышпен сылып тастав керек. Онсыз патшалығыныз Мараканд қолындағы ойыншық болады, Роксана падиша.

Аршад алайып, Сартахұнға қарап қойды. Сартахұн бұл әңгіме өзіне катысты еместей сазбеттеніп алған. Даусы созалан әрі жіңішкелеу бір сына сақал кісі сөзге қосылды. Үш кенттің бір басиесі болса керек.

— Мараканд бізге жақынырақ. Бірақ біз Битәннің базарына барамыз. Онда тәртіп бар. Әділдік бар. Маракандқа барсан — басынтың аман қалғанын олжа көресің. Ал ірі саудагерлерге бар жағдай жасалған. Майда-шүйделер қала дуалынан шықкан соң бірінші тоғайда, немесе жыра-жықпышда тоналады.

— Ау, текешім! Соңда малынды сата алмағаныңа да, тоналғаныңа да мен кінәлімін бе? Кеуденде жан, басында кекектін миындай ми болса амалын таптаймысың?! Не көкіп отырың? Ныспың кім, өзі!

— Саған менің ныспым керек пе, Сартахұн? Мә, ныспы! Мә! Мә, ныспы, наисап! — Сына сақал ашаң шал Сартахұнның тал-

такыр жалпак басынан қамшымен тартып-тартып жіберді. Талкы дүр көтерілді.

Сартахұн самайына қарай акқан қанды белбеуінің ұшымен басып тұрып Роксанана ызғарын төкті.

— Падиша екенін рас болса, дәл қазір мынаны дарға асасын. Дарға ассан — Марақанд сенікі, аспасан Соғдыға соктықпа. Соғдыда мен құдаймын. Сен мені сабатуға шакырып па едін? Сартахұнмен ойнамақсындар! Бас орнында, жара жазылар. Бірақ Соғды өзінің ежелгі бас қаласы Марақандымен бөлек тұрады. Күшке салам десендер — тұрысатын жерлерінді айтындар! Кәне, мынаны тұтқыннат!

— Сартахұн, басие! Жылайтын бала атасының сакалымен ойнайды. Ол кісінің сакалына тисіп неңіз бар еді? Ер адамдар қамшы сілтеспей тұrmайды. Оған кай төмен етекті араша түседі? Саудагерлерде сондай зан бар ма?

— Онда, мен кеттім. — Сартахұн атып тұрды.

— Оттырыңыз, Сартахұн! Енді бір болмашы іс калды. Содан соң бәріміз тараймыз. — Роксана ойнақылау сөйлемеді.

— Герострат! Шартты әкел! — Роксана падишаның қарамағында баяғыда Александрға адаптың кызмет еткен кеңсе бастығы Антипатрдың ұлы жұмыс істейтін. Әкесі Антипатрдан аумаған Герострат екі жарлыкты, оның бөлек-саласын қаттап әкелді.

— Оқы! Герострат!

— Александрия Эсхата. 18 тамыз... Жарлық.

“Осы күннен бастап Александр Македонскийге бағынышты болып келген, бұдан былай оның занды мұрагері IV Александрдың билігіне өтетін Эллиндік Соғды-Бактүр патшалығы құрылсын. Патшалыққа мына төмендегі бұлықтар мен қалалар, кенттер мен селендер кіреді...” Ары қарай қалалар мен кенттер тізімі үзак өкілді. Жарлық сонына IV Александрдың регенті Роксана падиша қол қойыпты. Жарлықтың қосымшасында тізімге ілінген бұлықтар мен қалалардың, кенттердің баршасына бүгін билік жүргізіп отырған басиeler өз танбаларын соғады. Оның мәні — осы Жарлықты мойындағы дегенге саяды. Аршад, Аржан абыз, үш кенттің басиelerі ықыластарын ірікпеді. Перғауын жылжып Сартахұнға келді.

— Тарт ары! Соғды қосылмайды!

Роксана бірден тұтанды:

— Падиша ешкімді үгіттемейді. Екі айтпайды. Тұтқынданцар!

Әп-сәтте Сартахұн адудынан айырылып, екі алпауыттың екі қолтықтан алып сүйреткеніне көніп кете барды.

— Апанасий! Марақандтан келгендер түгел мырза қамауға алынсын. Сартахұн жасағы кару-жарагын өткісін. Арнайы пәрмен болғанша Марақанд бағытындағы жолдар жабылсын!

Суниот! Өз адамдарынды жолға шығар. Жеті күннен соң мен де жетемін. Бәрі даяр болсын! Фиокл! Жолға шығасың. Стасанорға катысты мәселеде мұдір болмауға тиіс. Боссындар!

Сарайдың әлем-таптырығы шықкандаі еді. Басиелер жазауықтарын, падиша өз қызметшілерін шығарып жіберді.

— Сактың ұлы басиелер! Өздерінізбен келісілген ізден аумаған болармын. Ендігі қадамнан хабардар болам десеніздер, маған әлі де тірек болам деген ниеттеріңіз сұымаса келесі базар күні жасырын каруы бар, үстіне шаруамен, саудамен жүрер адамың параджасын киген елу-алпыс сарбаздарыныз Марақандқа кірсін. Эр жасақтың басындағы адам Сіздердің таңбаларыңыз басылған белгі көрсетсін. Басқасы ойластырылды. Тірлігінде жан баласы тен келмеген ұлы Александрдың әруағы қолдар! Оның сонғы арманын орындау — маған жүктеліп еді. Соған жеткіз, тәнірім!

Жеті күннен соң Марақандтың Орталық аланы адамға лық толды. Бір кездे дәл осы аланда Ұлы Александр сатрап Аршакты дарға асып еді. Сол алан тағы да лаң орнына айналғалы тұр. Өйткені қаланың ішінде сырттан келген атты әскер сендей соқтығысады. Дар ағаштары құрылды. Одан оншакты тұзакты аркан салбырап тұр. Біріншісіне Марақандтың сатрабы Сартахұнның басы ілікті...

Бұл оқиға еш карсылықсыз, дүрбеленсіз өту үшін сак патшалары өз сарайларынан қарға аттам ұзамай-ак бәрін жасады. Марақанд төбeden үргандай мәнгіріп қалды. Калаға жақын жерде қаңлының бес мың әскері үш күн тұрды. Киропольдың жасағы да үш күн ер жастаңып, токым төсөніп далада жатты. Бақтұрдан келген жосық қана құллі қаланы бір уыс қып, үрей деңдетіп, ұбал-шұбап қалаға кірді. Қөше-қөше сабылған әскерден қорқып, көпшілік ішім-жемін тасып алып, іннен шыкпауға тырысты. Осы жылдар елді кан-қақсатқан және бес жуан, қаракыштарды деддал етіп үстаған баскесерлер, кала сыртын тонауға Сартахұннан ықтияр алған үш топ баукеспелердің басқақтары да салактап, дарға ілінді. Дар ағаштағылар елді тіршілікте ақырып-шакырып, үрып-соғып коркытушы еді. Енді мына салактаған жансыз түрлерімен және қорқытты. Ел бірден түсінді — тамыры терең кеткен байлығы кисапсыз Сартахұнды сыйбайластарымен бірге дарға асқан Роксана падиша — дүлей күштің үштығы.

Түннің бір уағында жазаға тартылғандардың сүйегі қаладан көш жердегі бір сайдың табанына көмілді. Бұдан былай олардың жатқан жері де жұмбакқа айналып кете барады. Ол іс атқарылып жатқанда Роксана кезінде күйеуі токтаған сарайда отырған. Мұнда Байтак патша, Кунбегі көреген, Қайымерден, Бекасыл, Аршад, Аржан абыз іріктеліп бас қосқан. Бәрінің ойы бір жерден шықты. Сатраптықка Аршад тағайындалды. Ол Киропольдан Марақандқа

коныс аударады. Роксана Эсхатада кала тұрады. Бірер жылда падиша өзінің қалауымен жаңа сарай – IV Александрың өз сарайын Марақаның көк тас, күйген кірпішінен салдырады.

Төңкерістен кейінгі таңда Ұлы Александрдың жорыкта бірге алғып жүрген байрағы Бас сарайдың үстінде желбіреп тұрады. Бұл байрак талай-талай қасарысқан қалалар мен ұлы корғандардың үстінде желбіреген. Ырымшыл Александр байрак үш күн желбіреген соң дәл сондай басқа байракқа алмастырып, мына женімпаз байракты өзімен келесі шайқастарға, келесі қамалдарға алғып жүрген. Роксана да соны жасап, үш күннен соң байракты ауыстырды:

– Мынау ел байрағы, Аршад басие! Жаңа байрак өзініздің билігініздің белгісі. Байрағыңыз құтты болсын! Мен кала қазнасының, жазаға тартылғандардың қоймаларының бәрін күзеттіріп қойғам. Енді тәркіленген дүние-мұлік, асыл заттар, алтын-күміс акшалар саналады, қалғаны түгел қатталады. Санак пен каттау жұмысына Кеңсе басшысы Герострат басшылық етеді. Хауіпсіздігі Суниотка тапсырылды.

– Ұлы падиша! Патшалығыныздың құрылғанын сақ патшалықтарына, одан соң Македон-грек одағына, Египетке, Мессопотамийге, Фракияға – Лисимах патшаға, Кіші Азияға IV Александрдың патшалығы туралы білдіргі жіберу керек болар. Білдіргіде бұдан былай өз патшалығынызға енген бұлықтар, қалалар, кенттер тізімі түгел көрсетіліп, бұдан былай ол жер бізге қарайтынын жария етсөніз. Ел болған соң оның бас қаласы болады. Оны не деп көрсетесіз... Осынын бәрін қазір айтсаңыз Кеңсе қызметкерлері іске кірісер еди.

– Білдіргінің бір нұскасы жазылды. Қазір мен қосқан түзетулермен қайта жазылады. Аршад басие, өзінің қалай ойлайсыз? Бас қалға қайсысы лайық?

– Эрине, Марақанд.

– Зариаспы ше?

– Тірек елдерден алыстау. Бізге көз алартушылардың шабуылына онтайлы. Бұл патшалықтың құрылғанына Ескендірдің диадохтарынан Селевк кана куанады. Басқалары тісін кайрайды. Ол аз болса “Александр” есімінің тарих сахнасына, әлемдік саясатқа қайта оралғанынан біразы іш жияды.

– Білемін, Аршад басие!

– Менің ұсынысымды қабыл алсаныз – Марақандты бас қала деп жариялайық. Ал падиша өз патшалығының кай қаласында, қанша уақыт болам десе өз еркі. Әр қалада падишаның сарайын салдырамыз. Бас сарайдың орнын мен тапқан да сыңайлымын. Эрине, оны падиша құптаса...

– Кәне, барып қайталаңык. Баратын да жер емес. Орталық алан

— Орталық базарға айналсын. Ал базардың орнын сыптырып тастап бас Сарай салса болмай ма?

— Болмайды, басие! Орынды Эсхатадан оралған соң өзім көрсете мін. Әзірше каланы былых-шылықтан, настықтан тазартындар! Қорғаның ішіндегі суағар арнаны қоқыстан тазартындар. Исі қолқаны атады. Маракандты ұстап тұрган жеті жуан мен үш баскесер емес. Ол ордалы аждаһаның жеті басының біреуі ғана шығар? Фиок! Сатраптың он көзі боласын. Ел ішінде бұғып қалғандарды інінен сұрып шығындар. Олардың ел үстінен, қараулықпен, қарақшылықпен жиған қаражаты да мұлкі де бұл патшалыкты дәүірлетуге керек. Оны сол халықтың камына жұмсаймыз. Жазалау жасактарын ұстауға, қалаларды құзетуге, шолғыншы жасақтарды асырауға, қалаларды жақсартуға, елге дән тасып беру, керек-жарагын аман алдыртуға жұмсаймыз. Халықтан альнар алым-салыктың жартысын қыскартамыз. Сөйті тұра, халыққа ескерту жасаған жөн. Сол азайтылған салыктан бас тартқан адамның дүниесі тәркіленеді. Тынышы әрі дұрысы енбек еткен адамның қолын қақпайтын, алым-салыкты екі есе азайтқан патша тәртібін бұзбау өздеріне тиімді.

— Эр жидашыны халық падиshanың сенген адамы деп біледі. Ал жидаши арам болса ел мен ел басқарушылардың арасында сенім орныклайды, падиша. Жидашылар түгел аудысу керек. Жидашыны әр жатак, әр кент өзі сайласа қайтер еді? — Аршад және ұсыныс айтты.

— Болады.

— Ал үлкен қалаларда ше? Төрт қала — Мараканд, Зариаспы, Кирополь, Эсхатаның бас жидашысын өзініз тағайынданыз. Бас қазнашының да атын атайтын уақыт келіп қалды. Ертең тәркіленген қазына, дүние-мұлікті кімге өткіземіз? Кім тіркейді?

— Аршад бек... Патша, Абыз; Сатрап табудан Казынашы табу киын емес пе? Әзірше бәрін Геростраттың мойнына жүктейік. Бас қазынашы табылса өткізіп береді. Өйткені Геростарттың Сарайшілік шаруасы бастан асып жатыр.

Роксананың шолғыншылары Эсхатаны бетке алып кеткелі едәүір уақыт болды. Тұс ауа Мараканда үш мың әскер калдырып, Роксана жинақы жасақтың коршауында алтын күйемен Эсхатаға кайты. Былқылдақ күйменін перделерін жулмалап, сардаладан саф ауа лекілдейді. Асты-усті, жан-жағы мамық. Бір өзін қорғап шолғынға үш жұз, өзімен бес жұз жасақ келеді. Дүние-байлықтың есеп-кисабын ойладап келеді. Құні кеше астын-устін болған Мараканнан бірер күннен соң сан елге жана патшалық туралы білдіргілер кетеді. Дәл казір еш нәрседен кемшін емес. Роксанада бар қазына-байлық Қанлы елінен кем емес. Бірақ олардың сенгені жылтыраған сары темір, асыл тас, ақ маржандар ғана емес.

Олардың мықтылығы – қалыптасып болғандығы. Байтактың қазынасының үстінде бір ғана адам отырған жоқ. Қанлының қазынасы – мынғырған малы бар ел-жұрты. Солардың патшага деген шексіз сенімі, патшасының елім тойынын деген тілеуі, тынымсыз өмірі. Қанлы да, Үйсін де тірі жан секілді мемлекеттер. Патшасы бәрін сезіп, бәрін біліп отыр. Оларда тышкақ лактың шығыны да сұраулы. Әуел бастан елде орнықкан бір ғана өмірлік таразы бар. Ол – әділдік. Оларда да біреу кедей, біреу бай. Ол елдерде де керауыздар аз емес. Тентектер де табылады. Патшага қарсы атышулы дауқестер де, патшаның ісін жоққа шығарып, елді үйитып тастар көбік ауыздар, тілін емген, сөзін сатқан айтқыштар жетіп жатыр. Соның бәрі мемлекет тәніндегі үлкендікішілі сырқаттар, ет пен терінің арасындағы жел. Патша соны асқындырмай дер кезінде не сылып тастап, не емдел отырмаса – катер. Міне, әкесі Байтактың ұлылығы кайда жатыр. Қандай төзім, қандай сабаздық, көрекендік керек. Ескендердей кара дауылды басқа арнаға құлатқанын көрмеймісін?

Роксана, міне, кара тұнді жамылып, өзінен өзі жабырқап келеді. Оның қандай күйде екенін білетін Баршын үйқыға жеңістік бергендей сұлқ жатыр. Жабырқаудың, жалғызыраудың төркіні қайдан? Роксана ашыктан-ашық коркады. Неден? Жауабы тұман. Роксана алдағы күндерді ойлағысы келмейді. Неге? Білмейді. Ойласа жүрек тұсына наиззатып шаншу қадалады. Сонында со жүрек сорлының сыйздатып бір түйнек тұрып алады. Үрей дендейді. Үрей ұлғая-ұлғая басы ауырады. Осылай жаңын қоярға жер таппағанда көз алдына монтайып баласы келеді. Бала көзі толған сұрак, толған үрей. Ол үрей қайтадан Роксанага көшеді. Роксана күймеден секіріп түсіп, беталбаты қашарлық бейшара күйге түседі, безгек тигендей қалышылдайды.

– Баршын! Баршын! Менің жағдайым... Болмай тұр. Үрей, Баршын! Үрей! Бір белгісіз қап-қара қорқыныш қыр-сонынан қалмайды. Бірдене айтшы, сөйлемеші, іштін не дәрін бар? Берсөңші...

– Менде бул ауруға берер бір-ак дәрі бар. Іш, падиша. Ұйықтайсың. Демалсаң бәрі өзінен-өзі кетеді.

– Әкел! Бер дәрінді.

Баршын күміс құмырадан бір гостаған көк су берді. Роксана ашырқана отырып, тоқтатпастан ішіп салды.

– Енді жатып тынық, падиша. Көзің ілінгенше мен әңгіме айттайын.

– Айтшы, Баршын. Айтшы... Мен өліміннен қорықлаймын. Бүкіл әлемде Александр жападан-жалғыз қалады деп қана өлгім келмейді.

– Сен шаршадың, падиша. Шілдеде Мараканның көк тасы

да жібиді дейді жұрт. Сен он үш жылдан бері бір жібімедін. Сен ауырмай кім ауырады. Тұне құндері былай ренін дұрысталип еді. Куанып-ақ қалып едім. Одан соңғы бір айда Айды аспанға шығардын емес пе?! Бәлен адам салақтап дарға асылды. Бәрі жүрекке зіл. Ендігі коркыныштың кисынын таба алмай отырмын. Арканда елін, алдында әскерін, астында қазынан. Сондықтан, ен болмаса тұн баласы падишағының жиып койып, бір ереккеке ен салсаңшы! Хи! Хи! Не айтып кеттім өзім?!

Баршын сезді. Роксана да жадырап қалса керек, бұлк-булк үнсіз құліп жатыр.

Құлазыған көнілмен жарты жолды артқа тастап, дегбірі кеткенде Баршын берген көк қайнатпаны түгел ішкен Роксана үйқылы-ояу манаурал, қалған жолдан да өте шықты.

— Падиша, сырқаттан сау ма? — Апанасий Баршыннан сұрады.

— Онша емес. Бәлен жері ауырады дейтін емес, жүйкесі талған. Шошынған. Оның устіне алдағы түгесілмес тірліктен де жүрегі тайқып тұр. Содан жүрегі ауырады білем. Осы жатқаннан өртен кай кезде оянса сол кезде тірлікке араласар. Сарай маңында тыныштық болуын ескерші, Апанас.

Роксана кезін ашқанда тал тұс екенін сезінді. Терезені қашалықты тұмшаласа да, жан-жакты тыныштыққа бөлесе де мезгіл білініп тұрды. Падиша женіл тұрды. Кешегі қара албастыдай басқан күйден еш белгі жок. Аяқ-қолдары да қанбактай. Бір он төрт-он бес жасындағыдай женіл, қазір жарқ етіп далаға шықса мекіреніп әке, әбектеп анасы дастарқанға шакыратындей. Әлем қайтадан кеніп, қайрат-жігер, арман мен киял өзін иектел алыпты.

Төсектін бас жағындағы шашакты жіпті тартып қалды. Лезде Баршын кірді.

— Қалайсың, падишам?

— Көптен осы бір күйге жете алмап едім. Кішкентай кезіміздегідей төбеден төбе асып ойнактап кеткім келіп тұр.

— Дәл солай болса бәрі орнында деген сөз. Эй, кайсысын барсың? Падишаға қызмет жасандар... Айтқандай бүгін танертен Битәннан үш салт атты келді. Қолдарында Бекасылдың таңбасы бар. Роксана падишаға деген тілдей хат. Жағдайларын жасап, тостырып қойдым.

— Кімдер?

— Айтпады. Екі жігіт, екеуі де көркем. Бір бойжеткен. Өзі осы сақ қыздарына ұксайды. Бірак киім киісі, жүріс-тұрысы онай жердін кызы еместігін көрсетіп тұр.

— Апанас сөйлесті ме олармен?

— Сейлескенің не, қойны-қоншыларын түгел тінтіп, кару-жарактарын алып қойды.

— Онда мейман қауызға дастаркан жасата бер. Аланасий оларды ападанға ертіп келсін. Қабылдайын.

Шет жұрттықтар ападанға енгенде Роксана әлдебір орамдарды жазып, жұмысбастылық таныткысы келген. Кіргендер мына ортаға онша сіністі емес, өзге ел, өзге ортаның адамдарына ұксады. Баршын саңқ етті:

— Қай тілде сөйлейсіздер?! — Роксана падиша мен келімсектердің арасындағы қашыктықты, дауыс ренкін коныр салқын ұстауға тырысты Баршын.

— Грек, парсы, құман... Сізге кайсысы ынғайлы, ұлы падиша?

— Бойжеткен күлімдеп, өзін ерекше еркін ұстап тұр.

— Білдіргі бар деп едің ғой, Баршын?

Бойжеткен білдіргін ұсынды.

“Ұлы падиша, ұлы әпекем, ұлы женімпаз! Патша жері, елі, әскері, нәкерлері, ақылмандары, қызметкерлері болса ғана патша. Патша сарайын тілектес әрі падишаның кәдесіне жарайтын адамдар толтыруы керек. Соны ескеріп, үш адамды ұсындым. Бірінші — сардарың. Ныспысы Қанайдур. Ерен палуан, ержүрек баһадүр. Әкен екеуміздің Роксана падишаның амандығын алдымен табыстағанымызға күмәнің болмас.

Екіншісі — Байтақ патшаның ежелгі грек-бранхид досы өзіннің ұстазының Юстиннің немересі Гогрий. Жасырын атпен Эладаға барып, бес жыл жүрген. Іздегені ілім мен білім. Аристотельдің алдынаң өткен, Демосфеннің жаңында жарты жыл жазуына көмектескен. Диогенмен ел арапап, су кешкен. Гогрийдің білімі, Элладаның қыр-сырын көргені саған, Роксана артық болмас. Кез келген мәселе жөнінде кенес, ел басқаруға, өз адамың етуге тырыс.

Ушіншісі... өзі айтсын кім екенін. Айтты болды. Апалы-сінлілі болып кетесіндер”.

Роксананың бетіне алкызыл жалын тепті. Көзі құлімдеп, бойжеткенге карады.

— Бекасыл патша өзін туралы еш нәрсе айтпапты. Өзінен сұра депті. Кім боласың?

— Спитамен патшаның кенже кызы Айсарамын, әпеке! Бізді Қайымерден патшамыз көшіріп әкелді. Мен Персепольда өстім.

— Солай де! Кел, келе ғойшы, жаным. Аман келгеніне шүкір.

Роксана Айсараны бауырына басып, мандайынан иіскеді. Екеуі парсыша сөйлесіп кетті. Арасында жарыла, жарқылдай құлісіп алады.

— Ас әзір, ұлы падиша!

— Жүріндер, достар! Аукаттана отырып та өнгімемізді жалғастырамыз. Шынымды айтсам өз акылым, өз күшім жетпей жатқан уакытта келдіндер.

Роксана патша сарайына келген үшеуіне жұмыс-міндегі бөлісін

бірден жасады. Роксананың өз әскері жок. Апанасий жоктан бар етіп, үш жұздік жасак құрды. Онысы Сарайды корғаудан арғыға жетпейді. Ал шолғыншы жасакты ел орныққанша деп Массагет патшасы берді. Роксананың өзін корғап жүрген бес жұздік жасакты Бекасыл бөлді.

Кешікпей Эсхатада түбегейлі жаңалық болып жатты. Падиша өз билігіндегілерді түгел жинап, Қанайдүрді бас сардар етіп тағайындағы. Бірер айда патшалықтың бес мындық жақсы карууланған жасағын мұздай киіндіріп, атқа қондырмак.

Сарайшілік жұмыстар, міндет бөліс, тағайындау жүріп жатты. Роксана Кирополь жөнінде ойланды. Әлі уақыт барышылық. Сірә сонау Зариаспыдан бері аралау керек болар. Бәрін уақыт көрсетеді.

IX

Мараканның Орталық алаңында болған жазалау халықты еki ойлы күйде бір жетідей ұстады. Сартахұнның щектен шыққан жауыздығын баршасы біле тұра, соның өзін үйірімен косып дар ағашта салактатып қойған Роксана падишаның қатыгездігі бәрінен асып түсken жок па деген де күмәнді үрей қылаң берді. Дегенмен адамға Тәнір берген бір қасиет бар. Ол – қандай да болмасын жамандықты тез ұмыту. Каšан да кара жамылған күндерді Үміт дүниесінін оп-оңай ағартып алғатыны, ертенгі жақсы күндерге жетелеп, емексітіп қоятыны. Бірақ заманнан заман асып келе жаткан бір ақиқатты адамзат біржолата оймен қорытып, жадына өшпестей етіп жазып ала алмай келеді. Ақиқат ете қарапайым – ертенгі қасірет – кешегі қасіретті ұмыткан сәттен бастау алады.

Мараканд та солай. Кеше осы халықты қан қақсатқан, белшесінен нас, білегінен кан бол келген Сартахұнға бүйрегі бұрынқырап барып, алым-салық еki есе азайғанын естігендे шемен жүрек жібіп сала берді. Гу-гу әңгіме басталды. Сартахұнның бар жауыздығы еске түсіп, жаппай лағнет айту басталды. Онымен қатар Роксана падиша жарылқаушы, Қунгे ілескен жана Күн болып, ауыздан ауызға көшіп жатты. Солай Мараканд аспаннан тас түсken көлдей лықсып, толқып барып сабасына тұstі. Қала бір ұлы мерекеге дайындалып жатқандай көтерінкі күй кешті. Оны Аржан абыз анғарды да жолға жинала бастады. Маракандты тап қозғалтпай ұстап тұрған үш мынның еki мыны Бактүрға оралды. Өйткені ол жакта Парфия дейтін жана ел ірге көтеріп жатыр. Әлі карым-қатынас орнаған жок. Зариаспыда да Сартахұнға жетекабыл жуан байлар бар. Олардан сатқындық та, кастандық та тосуға әбден болады. Олар Парфияға адам жіберіп, Бактүрдь

өзіне косып ал десе кім білсін, дүние калай құбыларын. Әскермен бірге Аржан абыздың өзі де оралды. Келді де ақылмандарын, бай-бакуаттыларды түгел жинады. Маракандтың жайын ұзак баян етті. Қалы кілемнің үстінде малдас құрып отырғандарда үн жок. Сұрақ та жок. Бұл не? Үнсіз қарсылық па? Әлде үрей ме? Жағдай калай болар екен деген оймен Аржан абыз өз сарайын айналдыра әскермен коршап тастаған. Әлде бұлар да қуыстанып отыр ма? Абыз осыны анықтап алу үшін жүзін сұтып, даусын қатқылдай, ортада отырған Манасұр байға қаратып айқай салды.

— Әй, Манасұр бай! Әншейінде абыздың өзін ойыншық жасауға да барып-барып қалушы ен! Небір сайқымазак сұраптармен әнгімені бұзушы едін! Бүгін не болды!? Саған бәрі түсінікті ме?

Манасұр бай күжірейіп орнынан атып тұрды. Қолында тациясы. Тациясын умаждал бір нәрсе бұлдірген баладай қыбыжықтап тұр.

— Егер түсінбеген болсан мен қазір бәрін түсіндірем!

Абыз ежірейіп Манасұр байға қадалғанда анау корыққанынан ерні-ерніне тимей қалтырады.

Абыз бәрін түсінді. Мараканд төңкерісінің дақпырты Зариасыға еселеп жеткен. Егер сондай бір бәле басталса бірінші бол дарға ілінетін — Манасұр. Абызben тәжікесі тым ұзакқа созылып еді. Осы алас-қапасты пайдаланып, Абыз бұлардан ала алмай жүрген салық қарасын, болашакта әскер ұстауға, қаланы реттеуге, елге сатрап тарағынан дән, басқа да шикізат, мал сатып алу, қала халқы бас қосар бір орын жасату, көшелерді түзету, тас төсету, сатраптықты ұстап тұрар қаражатты да осы екпінмен шешіп алмақ. Абыздың ойы түп-тура шықты. Қала байлары сол күннің ертенінде-ақ Абыз сұратқаның бәрін жарыса жеткізіп берді.

Аржан абыз осы қым-қуыт қарекетті Мараканнан келген ет қызыумен жасап таставды. Одан сон бас жидашы берген салық мөлшерін қазынадағы корға косып есептеді. Жаман емес. Егер өмір осылай тұра берсе еш нәрседен қысылып-қымтырылмайды. Ал бір дурбелен басталып, үлкен ләшкөр ұстауға тұра келсе қазына тұбі так ете қалады. Манасұр үлгі бол, басқалары одан гөрі иман таразымыз дегенді білдіріп, үнемі алым-салыкты жарым-жартылай өтеп келмеді ме? Соның зардабы Аржан абыздың жанын ескі жарасына тұз сепкендей ашытты. Бұл жуандар бүгінше төменшік бола қалды. Шынымен секем алып, сескеніп отыр ма, әлде бергі жағынан ғана мұләйімсіп, сырт айнала беріп Аржанның өзін мазаққа айналдырып жүр ме? Осылай бұдан былайғы қарекеттерін ойша тізіп, әлгі басы ашық дүшпандарының талқы кезіндегі отырысын, бет жүзін көз алдынан өткізе бастады. Манасұр жаланқат киген он бес-жыырма жігіттің ортасында отырды. Сірә,

тұтқындауға бұйрық берілсе, белгे іліп, балакқа жасырып келген қылыштарымен әлгі білекті жігіттер мұны өліспей бермеуге серт етіп келген секілді. Яғни сыртта жүйрік атты даярлап және біраз күш тосқаны ғой? Басқалары тек бас шұлғумен болды. Аржанға сауал да қоймады, әңгімеге де шакырган жок. Мүмкін, бұлар өзара құпия түрде сөйлесіп алды ма екен? Егер солай болса мына үнсіздіктің ортасында бір сүрқылтай түр. Ол не?!

Жиынды таратып абыз таңертең жансыздардың басшысын шақыртты.

— Кел, жайғас. Әнгіме бар. — Аржан абыз даусы созбауыт шығатын, көріліктен енкіш тартканы болмаса, кезінде сұнғақ адам болғаны көрініп тұрған түкті қабақ, құс мұрын, жағы солынқы сүр кісіні дәм-тұзға толы жозы басына шакырды.

Екеуі үн-тұнсіз тас құманнан шай ішті. Әлден уақыттан кейін абыз үнсіздікті бұзды.

— Талқы кезіндегі әлгілердің омырық күйде болғанына мен аса сенбей отырмын, Шету бек... Не айтасың?

— Оларға сенсек әлдекашан жердің астында жүрер едік... — Шету бек сәл жымыып койды. — Мені де небір ойлар қамап, кең төсек қыл көпірдей бол жатқан ем. Шақырганыңыз дұрыс болды. Манасұр бүгін Паратақентке жолаушылап кетті деген әнгіме жетті. Менің адамым да соны растап түр. Бірақ сауда жатып жейтін кәсіп емес. Солай-ақ болсын. Мен білетін Манасұрдың керуені де, кіресі де ол жаққа ешқашан барған емес. Жолдағы үрын-періндерден корғайтын отыз жігітпен кетіпті. Сыбай-салтан. Сейілге шыққандай женіл аттанған.

— Оның жүгі — ішіндегі сөз ғой. Оған несіне таңданамыз. Дереу Паратақентке адам жібер, Шету бек. Қазір, үш жігітті сайла. Қазір өз адамдарынды жина. Міне, әрқайсысына бес-он ділдадан бер. Дұшпандардың ізі андулы болсын...

— Әп, бәрекелді... Көптен бері ол бейшараларыма жарытып ештене бермеп едім. Мына ділдадан сон олар Зариаспыда қанша торғай бар десен — санап шығады.

— Иә, Шету бек... Менің бір күдігімді сейілтпедін. Талқыға дейін, Марақандағы оқиғаны естісе де бұлар жеке-жеке іннен шықпай жатты дегенге сенбейтінімді жоққа шығаршы, қырағым? Қай жерде, қалай кездесуі мүмкін? Ойланшы. Әлде қаланы бетімен жібердіндер ме?!

— Айтқаның — Айдай, абызым. Бұлардың басы ашықтан-ашық қосылған екен-ау. Әдetteтте катарына коспайтын бір керуен басы бар еді ғой?..

— Әлгі жиырма тіл білетін кезбе ме?

— Дәл өзі. Соның басы жерге жеткен анасы қайтыс болды. Әлгілер түгел барып көніл білдірді. Мен де болдым. Бірақ

жерлеген соң кетіп қалдым. Манасұр бастаған мықтылар қалған...

— Бәсе, сондай бір ортақ пәтуа болғанын сезіп едім. Онда жағдай анықталғанша әскерді таратглаймыз.

Осы әнгімен соң үш күн өтті. Құпия қызмет басшысы Шету бектің аузынан жаксы хабар шықпайтын болды. Оның жансыздарының айтуынша Манасұр тобының сүйектілері қаладан түн жамылып Паратакентке кетіп жатыр. Сірә, бір бүлік болмақ. Паратакенттен Шету бектің бір жансызы оралды. Манасұр тобы ақшаны судай шашып, әскер жасактап болды... Аржан абыз екі пәрмен берді. Біріншісі екі мың әскерді бес мыңға жеткізу. Өзінің ғибадатханасы, тәніркүттyn¹ құрықаны² мен өз құрықанын қорғайтын әскерді жасырын әрі әзір ұстая, екіншісі Роксана падишаға, Аршад сатрапқа, Бекасыл сардарға Білдіргі жеткізетін үш үштен үш топ жауши аттандыру.

Жаушилар жетекке ат алып, қарасын батырғалы екі күн болғанда Зариаспыға түн жамылып Паракентте жасақталған жеті мың ләшкер кірді. Аржан абыз оған дайын болатын. Шетудің жансызы сол әскерден жарты күн бұрын Аржан абыздың алдына атын аккебік қып жеткен.

Күннің алғашкы шапағымен соғыс басталды. Аржан абыз, Тәніркүт, Бактұрдың сардары, Шету бек коршауда қалды. Бірақ бұл ойластырылған тәсіл еді. Жалдамалылар иненің жасуындей тесік табылса биік дуалдын арғы жағына өтпек. Дуал құлатар амалзаты жоқ, тек найза, қылыш, садакка сенген, дайындығы да шамалы жеті мың әскерді жаксы бекінген бес мың азайта берді. Осылай үздік-создық үш күн соғыстан соң Манасұрдан Кесім келді. Кесімнің сұзы суық-ақ. “Аржан абыз берілсін. Жеңілгенін мойындасын”. Бекінгендер Кесімді күлкіге айналдырды. Бірақ онысы бекер бол шықты. Әлті үш күн соғысқан әскер кейін серпілді де кара құрым жаяу әскер келді. Шикі кірпіштен қаланған қалың да биік дуал әр-әр жерден опырылды. Ерекше тегеуріні бар тың күш келіп шайқастың шаңын будақтатты. Ең киыны — Аржан абыздың жараланғаны. Абызды ғибадатханаға алып кіріп, оның темір құрсаулы ауыр есіктегі іштен жабылды. Зариаспының Тәніркүты үш жүздікпен бекініп алды. Сардар құрықанға бекініп, шайқасты басқарып жүр. Лек-легімен келген жаяу әскер жер астынан жасалған, үсті бес қабат қарағай, оның үсті кісі бойы топырак, топырак үсті тамыры тереңге бармас өсімдіктер жайқалған ғибадатхананың әуресі мол екенін ескеріп, құрықанды токпакқа алды. Құрықан кирай бастады. Сардар мен Шету бек әне-міне қолға түсер немесе окқа ұшар қауіп төнді. Осы бір жанталаста әлгі қарақұрым өршіл ләшкер шетінен қырқылып,

Тәніркүт¹ — қала немесе мекен басшысы.

Құрықаны² — бас ордасы, панасы, ғимараты әрі қорғаны.

баудай түсө бастады. Келесі сәтте құмырскадай қалтағандар тымтырақай қашуға айналды. Сол қалың атыстын арасынан жаксы хабар да жетті. Аршад сатрап Мараканнан бес мың жосықпен келіп, Манасұрдың жалдамаларына лап қойған. Бекасылдың он мың жосығы қаланың Паратақент жағында қаланып тұр. Бәрібір Манасұр тобы жинақы да мығым күшпен сай куалап құтылып кетті. Беталысы – Паратақент.

Кешкілік қала іші әлі ынырысып жатканда Бекасыл, Аршад бек, Аржан абыз бас қосты. Абыз қан қатқан жаланқайымен жантайып жатып Кенеске қатысты.

– Роксана падиша Паратақентті Мараканд секілді тұптымдырымен өзгертпесе патшалық төрт аяғынан тең тұра алмайды. Паратақент бүгін аннан-мұннан жиналған қара ниеттердің ұсына айналды. Халықтың жазығы жок. Ал халықты оқса да, отка да тастауға әзір Манасұр, Зартахұндардың тамырына балта сол Паратақентте шабылады.

Бекасыл бастаған он мың, Аршадтың бес мындығы сүйт жүріп, Паратақентке жақындал, жебе жетер тұсқа келіп тоқтады. Жолай Бекасыл жайсыз хабар алды. Паратақенттің, анығын айтса Зартахұнның сыйбайластары бекінген ірі кенттің іші толған ләшкөр. Қолбасшысы аса адуынды, Дала патшалықтарына аты мәлім Түйепалуан. Оның Бекасылға кеткен есесі де жок емес-тін. Ғұн патшасының бас сардары Түйепалуан Бекасылға бұйырған Әсеннен дәмелі болған. Бірақ патшалардың біреудің дәмесіне бола өз шешімдерін өзгертер жағдайы жок-тын. Ғұн патшасының алдына анау-мынау емес Ақсүйек Байтак патшаның құдалықпен келуі – Тәнірдің жарылқағанымен тең. Өйткені Арнай патшаның елін Жын жырымдап, ұлы йозілер өзінде тартқыштап, дүниенің өзі шайқала бастағандай еді. Ондайда Байтак патшадай тірек өзі келсе – Тәнірдің оң көзімен карағаны емес пе? Түйепалуан өкпелеп елден кетті. Сол кеткеннен кім қайда салса сонда соғысатын дүлей құшке айналды. Қаңбакша домалаған бір лек әккі жосығы бар. Кім жалдаса соның сойылын согады. Бұл жолы Мараканд – Паратақент – Зариаспы жуандарының итаршысы болып Бекасылды тосулы екен. Бекасылмен ашық аланда жекпе-жекке шығамын деп жар салыпты. Шақырғаны рас болса Бекасылдың шегінуге хакы жок. Ал өмірі женілуді білмеген Түйепалуанмен жекпе-жекке шығу – қара қатер.

Паратақент барлық Шығыс қалалары секілді сары балшықты ак сабанмен араластырып соккан қалың дуалмен коршалыпты. Дуал мезгіл-мезгіл жамалып-жасқалып түрған. Жырық-тесіктегі жок – мырсындай. Дуалдың үстінен шығу үшін сатығағаш керек. Өзі үстінен көдек-арба шоқырактап кете берердей қалың да. Кенттің Зариаспы жағындағы дарбазасының алдында екі жүздей сарbaz

ары-бері тенселіп жүр. Дарбазаның арғы бетінде небір құйтырқы дайындық жүріп жатканға ұқсайды.

Бекасыл мен Аршад қала дуалынан козы көш жерге шегініп, бірі Зариаспы екіншісі Үндінін Абисар патшалығына апарар жолға қараған дарбазаны бақылардай болып кенеп шатырларын тікті. Қалаға басып кіру үшін мына күш жеткіліксіз. Бекіністегі әскердің шығыны қашан да аз болатыны белгілі. Кала ішіндегілер ен онтайлы жерлерге садакшыларын, сұнгішілерді орналастырып койды, эрине. Бекасыл мен Аршад өзара ақылдасты да бұларды ұзақ қамауға алуды жөн деп талтты. Бар-жоғы екі дарбаза. Одан ешкім шықпайды да, сырттан кірмейді де. Осылай оларды есептен жаңылдыру көзделді. Әлгі биікке орналасқан мергендер қонақтаған тауықша біраз отырар, одан соң қолбасшылары басқа амалға көшүі ықтимал. Бәрі бір осы екі дарбазасыз атты әскер сыртқа шыға алмайды. Шықса қоршауға түседі.

Осылай үш күн өтті. Төртінші тунді жамылып барлаушы келді.

— Ертендер түн жамылып жаяу әскер дуалдың бергі бетіне түспек. Олар қакпаларды торып жатқан әскермен қоян-қолтық ұрыска кіреді. Сол сәтте атты әскер де қакпадан зымырап өтеге шығады... Түйепалуанға берілген әскердің ұзын саны он үш мындей.

— Бізге керегі де осы, — деді Бекасыл ойланып. Барлаушыны ертіп келген Аршад сардардан пәрмен тосулы.

— Пәрмен былай... Өз жосығынды сәл таратып, садакшыларға жағдай жаса, Аршад бек. Ара қашықтық жақындағанда сұнгі лактырындар. Ең соңғы шепте атты әскер тұрсын. Негізгі, органды күш қақпаға ие болсын, ал екі канаты дуалдан тусем деушилерге садақ тартсын. Біз де солай жасаймыз.

Қала ішіндегі әрекет сыртқа шыға бастағанда кірпік қақпастан дайын түрған Бекасыл мен Аршад сарбаздары қылан еткенді қырқып отырды. Осылай жерге жарық та түсті. Енді әрекеттің беті ашық болған соң екі қақпадан жүздіктер топ-тобымен шыға бастады. Бекасыл мен Аршад олардың қарасын көбейтпеу үшін дәл қақпаның алдында тосып алып ат-матымен омакастыра берді. Түске жуық ақ жалау көтерген үш адам көрінді. Ұрыс тоқтады. Үш елші Бекасылға тіке келді.

— Түйепалуан жекпе-жекке шақырады. Сонына үш жүздігін ғана ертіп сыртқа шығады. Тұрысатын жерін айтсын дейді.

— Тұрысатын жерім осы. Түйепалуан қақпаның алдынан, мен өз шебімнен қарсы шабамын. Қаруы не, Түйепалуанның?

— Найза! Одан соң қылыш...

— Мен дайынмын. Құттірмесін!

Бекасыл Аршадты шақыртты. Екеуі оңаша сөйлесті.

— Аршад бек, Түйепалуанды жолдан тайдырудың реті келіп

тұр. Кешегі калқанды алдырт. Екі жүзді тік қылышты ұстат. Одан арғысын бір Тәнірім қолдасын. Бір кінарат шықса өзіңе сендім. Қаладан шығарма. Қалаға кіретін өзенде бөле, бес тарам етіп құмға бұр. Сусыз бір күн шыдад. Одан соң халық әскерге қарсы тұрады.

— Осы айтқанның бәріне өзің басшылық етесің, Бекасыл патша. Түйепалуан да өзіміз секілді адам екені рас болса өзің тапқан жекпе-жек тәсілінен құтыла коймас. Тек кер аттан, ақбозына ауысып мінсен. Белділеу, ойнакы, сәл демеген жағына лыптып тұр. Аса есті жылқы. Тәнірім қолдасын!

Кақпаның алдына мойылдай жуан тәбел қара атпен Түйепалуан шықты. Колында дұлығасы. Арқа-жарка боп, анаумен бір, мынаумен бір сейлеседі. Сейлеседі де Бекасыл жақты нұсқап күркірей күледі. Бекасыл бәрін көріп, көз алмай тұр. “Иә, халықтан сөз артылған ба... “Батыр болсан — бопсаға шыда” деген ғой. Мына іci — сол бопсасы. Ол бопсалатсын, біз есепке көштейік...” — деп Бекасыл дүнк-дүнк сокқан жүректі сабырға шакырыды. Иә, белгі берілгенде екеуі қарсы шабады. Анау үш құлаш шетен найзасына Бекасыл бір ілкесе деп тұр-ау. Оның көздейтіні қалқан болады. Қалқанға найзаның ұшы қадалса тесіп өтіп, Бекасыл аттан сыптырылып түсуге тиіс. Сонда... екеуі бір мезгілде шапқанда соктығысар тұсы шоқ караған. Соған жете бере...

Бекасыл ақбоз атқа лып етіп кона кетті. Түйепалуан секілді алпауы болмағанмен бұл да сүйегі ірі, бірақ құлжаның асыныңдай жұмыр да епетейлі. Бекасыл атқа конып, тұrap жеріне жеткенше жосығы ұлардай шулады. Бара-бара дүркіреп тұрып алды. “Тәнір жарылқа! Тәнірім қолда! Тәнір! Тәнір!...” “Бекасыл! Бекасыл! Бекасыл!” Бекасылдың арқасы козды. Бүкіл Ұлы Дағаға шын баһадур танылар, ал жаңылса масқара болар сын сәтін өзі іздеген еді. Онысы әке атымен таққа отырудан әлдеқайда құрметті. Ел сүйген патша болу да осындайдан тұрады. Түйепалуан жаралы жыртқыш секілді аса ширыққан ұшқыр лекпен Ұлы Дағаның да, таулы-нұлы бұлықтардың да сан етін жұлып кетіп, бәрін тітіркендіріп келді. Оны жайратса Бекасылдың атағы барша сақ даласына, елден ел аралап көтеді. Сыртқы жаулар да жер иесі табылды деп аяғын тартары сөзсіз. “Уа, Тәнірім! Абырайлы қыл!” — деп Бекасыл дүр сілкініп алды. Шабысар сәтке асықты. Эне, екі жақтан екі белгіші шығып, түп-тура орта шеннен кері серпілді. Уа, сәт!!! Бекасыл әр кимылын ойша және бекемдеп алды. Сол колындағы қалқанының сыртына үш елі етіп болбыр киіз жапсыртқан. Түйепалуан оның осы қалқанын тесіп өтем деп тұр. Тесіп көрсін... Бекасыл қалқанды білегіне ілмеді. Ішкі жағындағы шенгелмен ұстарлық тұтқа көнмен ғана кеудесін, белін жауып тұр.

Эне екі байрак жоғары көтерілді. Байрактар төмен серпілді.

Түйепалуанның қара төбел аты шонкиынқырап барып, бірден косаяққа салды. Тұяктан ұшкан шаңнан-ак дүлей тегеуріннің төніп келе жатқаны анғарылды. Түйепалуан қыпқызыл етіп қынаға малған үш құлаш шетен найзасын ердін он қапталына тіреп борпылдата шауып келеді. Екі көзі, найзаның ұшы жарқылы жок қап-қара нән қалқанда. Бекасылдың көзі ғана қалқан үстінен жылт-жылт көрінетін секілді. Түйепалуан соктығысар сәтке ынғайланып, қеудесін тіктеп, үзенгісін шірей тартты. Бекасыл қеудесін алға беріп, бұғып келе жатыр. Эне, екеуі сарт та сұрт ете қалды. Не болды? Ең соңғы сәтте Бекасыл лып етіп Түйепалуанның сол қапталына шықты. Қалқанды Түйепалуанның найзасына іліктіріп, басынан асырып жіберді. Бекасыл аяктарын үзенгіге тен тіреп көтерілді де қыска қылышын палуанның қеудесіне қадап өте шықты. Түйепалуан найзасына жабысқан қалқаннан құтыла алмасын түсініп, оны тастап жіберді. Жалмаған атын бұрып, қеудеге қадалған қылышты қанжоса ғып суырып, Бекасылға қарай лактырды. Қанды қылыш қалықтап барып шанға бұрқ ете қалды. Түйепалуан қылышын суырып, атын тіктеп Бекасылға қарсы ұмтылды. Қеудесі қаздай шулап, жаракат алғаны онын бар жынын шакыргандай. Палуан арқыраған, күркірекен дүлей үн тастап, жауын жапырып өтердей екпін алды. Бекасыл сардар да тіке шапты. Бірақ қолында не барын білу қыын еді. Қолына қол жалғағандай бір нәрсе салактап келеді. Қара ат пен ақ боз аттың арасы құрық бойы қалғанда Бекасыл білді сакланша айналдырып келіп аттың басынан ұрды. Қара ат үшін дүние қап-қара түнек бол омақасып бара жатты. Палуанның қылышы жерге қадалды, өзі ердің қасынан ұстал, аяктарын үзенгіден суырды. Осы сәтте атты құлаткан біл Түйепалуанның оң иығын қаусатып түсірді. Түйепалуан шаң-тозаңға бұрқ етті. Сәл есендіреп, сынған иықтан ауырсынып орнынан тұрды. Сол қолымен жерден қылышын көтерді. Өкіріп, айбат шекті. Бекасыл аттың басын тартты. Ақбоз селт етпей, басын кекжиткен қалпы тұра қалғанда Бекасыл әлі де қарсылығын токтатпаған Түйепалуанға қарай көк сұнғіні бар ашу-ызасын косып лактырды. Сұнгі Түйепалуанның қеудесіне қадалып, аркасынан шықты. Атақты қарақашы, дүлей күш иесі жан тапсырды.

Бұқіл жосық ес-түссіз күркіреп тұрғанда ақ жалаулы төрт салт атты ілгері озып, аттан түспестен Түйепалуанды іліп алып, какланың арғы бетіне өтті. Арада үш сағаттай тыныштық орнады. Бекасыл мен Аршад бұл тыныштықтан не кутерін білмей мазасызданды. Жекпе-жек рухын көтеріп тастаған сарбаздардың әркайсысы өзін дәл Бекасылдай баһадүр сезінді. Көздері от бол жанып, казір отка да суға да, өртке де, өлімге де қарсы тұрар сенім орнады. Ак жалаушылар көрінді. Бұл жолы Паратакенттіңaby-

рой-ақылшысы Нұрсаха абыз үлкен топпен келді. Абыз әнгіме ат үстінде бітпейтінің білдіріп, жерге түсті. Бекасыл да соны жасады.

— Байтақтың ұлы, Бекасыл баһадұр! Баһадұрлігінді өз көзіммен көрдім. Дала патшалықтарына маза бермен жырындыдан бәрімізді құткардың. Мен айтсам да, айтпасам да бүкіл сақ патшалықтарында сенін есімің будан былай сүйікті болады. Сыртқы жауларды есімің сескендіріп ұстайды. Даңқын артсын! Елдің бакыттың жасаушы өзің бол! Енді... тізе бүгіп, аз-кем кенессек деп едім...

Бекасыл өзінің шатырына бастады. Нұрсаха абыз екі адамынғана ілестіріп шатырга бас сұқты. Қалғандары сыртта қалды. Карсы тараптан Бекасыл мен Аршад келіссөзге барды.

— Кала іші ұзак күнгі шайқастан, шығынның тым көптігінен өре турегеліп, еркек-әйел, жас-кәрі демей сойыл ұстап көшеге шықты. Жосықтың камалдан кетуін талап етті. Өйткені дуалдан асам деп оққа ұшқаның дені осы қаланың бозбалалары мен білекті жігіттері. Бірак олар бұрындар соғысқа тартылмаған, акша үшін амалсыз басын ажалға тіккендер еді. Енді сол Паратакенттік жасактар Манасұрдың өзіне қарсы тұрды. Мениң айтуыммен казір Манасұрдың да, Сартахұнның да сыйбайластарын тұтқындаламақ болдық. Қолға төрт-бесеуі түсті де. Осы ланды бастаған Манасұр тобы, Сартахұнның біраз жемірлері әлті лектің ішіне кіріп алыпты. Солармен бірге қашпак, сірә. Енді бізге көнбей тұрғаны — Түйепалуанның ерен легі. Олар казір мал базарының ашық аланында иіріліп тұр.

— Түсіндім, Нұрсаха абыз. Егер жағдай дәл сіз айтқандай болса Паратакент жосығы карусыз кала сыртына шықсын. Оларға ешкім тиіспейді. Біз қалаға екі жақтан кіреміз. Көнсе каруларын тастайды. Көнбесе сол жерде қаруын құшақтап бәрі қырылады. Осыған келіссеніз — біз қаланы ланнан тазартуға әзірміз. Басқа ешкімге зиянның тимейді.

— Дұрысы сол шығар! Онда мен кеттім.

Сыздаған тыныштық орнады. Бір кезде қақпадан алғашқы карусыз жасак көрінді. Одан соң қалған жеті мын лек-легімен дуал сыртына шығып, бір жотаның үстін басып қалды. Бұл күштің лықсып кетпеуін бакылап, тұс-тұстан карулы күзет койылды. Бекасыл мен Аршад екі қақпадан ішке кіргенде алдарынан Нұрсаха абыздың адамдары шықты. Олар әлгі содырлардан тұратын лекке білдірмей тез жететін көшелермен жосықтарды жүргізді. Лек қоршауға алынды.

Бекасыл ілгері шықты.

— Бітім-шарт ұсынамын, сарбаздар! Сендерді жалдаған ланкестер бері шықсын. Олар тұтқындалады. Сарбаздар қаруын анау ашық жерге тастайды. Одан соң қаладан бес айрық

жолмен... — Бекасыл сөзін аяғына жеткізе алмады. Жасырын тартылған садақтын жебесі төсіне келіп қадалды. Үш қабат көнді тесіл, еттен етіл, сүйекке жеткенін сезді. Демі пышак кескендей тоқтап барып, кайтадан қалпына келді. Дегенмен, сардардың бір сәт тенселіп кеткенін күллі жосық та, ортадағы содырлар легі де анық көрді. Іс насырға шапты. Бекасыл қылыш ұстаган колын жоғары көтерді. Бұл жерден жорғалаған тышқанның тірі шықпасы белгілі. Сол сәтте содырлар ішінен бір жұзбасы әлгі садақ атқанды желкеден буріп, сардарға әкеле жатты. Бірақ ол ту сыртынан қадалған бес жебеден мерт болды. Каракшылықпен талай жыл бүкіл даланы дүрліктірген лек мал базарының бұлын-бұлын кора-копсы, сойыс мал ғимараты, ет сатуға арналған, көк тастан жасалған үш катарды едәүір корған көріп тұр. Жырындылар Бекасылға оқ атып, жұз басын мерт қылуымен беріспейміз дегенді білдірді. Іле атысты өздері бастады. Аттарды бірер көше кейін тастап, бұқпантайладп келген Бекасыл, Аршад сарбаздары мұндаи бұлқыныска әзір-тін. Олар базардың жан-жағындағы биіктеге бекініп алған. Бекасылдың қылыши серпілген сәтте тұс-тұстан жебе анырап берді. Ашық тұста тұрғандар қырқыла бастады. Жан сауғалап, куыс іздегендер сатын текшелердің астына кіріп жатып алды. Бас көтертпес, көз аштырmas атыстан соң Бекасылдың өзі бастаған атты әскер коян-қолтық ұрыска кірді. Ары кетсе шай қайнатым уақытта ұрыс тоқтады. Негізгі күшінен айырлған, үрей дендең, ажал көзіне анық елестеген бауқеспелер сұлқиып-сұлқиып, дауылдан ықкан табындаі өзінен өзі топтана тұрысты. Кару-жарақ әр жерде қалды. Қаланың да, кала сыртындағы карусыз жасактардың да, тұтқынға түсken Манасұр тобының да тағдыры белгісіз сарытап, жүрекке шемен байланған ахуал есіп тұр. Бекасыл сардар, Аршад бек пен Нұрсаха абыз өзге ешкімді катыстырмай кенесті.

— Кала жасағының жарасы жеңіл. Таратып, үйді-үйіне кайтарамыз. Халықты кім алдамаған?! Бұл жолы кара көбейтсек болғаны, байлар өз жаны үшін алтын-күміс ділдаларын аямай таратады деп ойлаған шығар. Ол жағы, Нұрсаха абыз, сізге көбірек мәлім. Ал бауқеспелер мұнда адасып келген жок. Оның үстіне бұлардың елден ел адактап, жатақтарды, кенттерді шауып, жер өртеп келе жатқандарына көп жыл болды. Бұларды бір-бірлеп әр жаққа таратпасаң бастары тез бірітіп, жүрген жерінде не бір бұлік шығарарына күмәнім жок.

— Бекасыл сардар! Бас катырып кайтеміз. Бұларды осы тұрған бойда құл базарына айдау керек. — Аршад ақыл косты.

— Табылған ақыл... Қынадай қырып, Тәнір алдында күнәға батқанша еңкейіп енбек етіп, мал құрлы өз тамағын тауып жесін. Бәрібір бұлар адамдықтан кеткендер. Артына қарайлайтын ешкімі

жок тексіздер. Мына тұрған Арахостың құл базарына қаумалап жеткізсөн парсы да, үндіс те, арипейлер мен гедростықтар опонай таратып әкетеді. Одан түскен пұлды Зариаспыны қалпына келтіруге жұмсайык. Өртеген де, кираткандар да осылар.

— Келістік. Оны Аршад бек шешсін. Кімге тапсырады. Қашан алып жүреді — бәрін өзіне қалдырайык. Ал Сіз бен Біз, — деді Бекасыл Нұрсаха абызға қарап, — кала сыртындағы сарбазсымақтарға барайык. Тәнір жолы — соғыс емес. Ол адам тұрмак жан-жануар, есімдікке дейін қайырыммен карау, енбекпен, ақылмен ас-суын табу екенін айтайды, ұлы Абыз. Соған мойынсұнса — таратайык. Кешірім жарияладайык.

— Элгі жуандарды не істейміз? Оларды құлдыққа да алмайды. Қарны мен бөксесін көтере алмайтын қулар Арахосқа жаяу жете алмай жолда теңкіп-теңкіп қалар?

— Оларды сенімді орында тұтқын ретінде ұстаймыз. Билігін падиша айтады.

Кімді айтса — сол келеді. Әңгіме-кенес тамамдала шабарман жетті:

— Роксана падиша он бес мын жосықпен қала іргесінде тұр. Сіздерді тосулы!

Паратақентте Бекасыл Түйепалуанмен жекпе-жекке шығады деген хабарды Байтақ патша мен Роксана падиша Битанда бірге естиді. Жер қозғалса қозғалмас Ақсүйек Байтақ патшаның сабырын алдырып, қалбалактал қалғанын Роксана тұнғыш рет көріпті. Патша аюша ақырып жібергенде он бес мын әскер тұратыра қалған.

— Ал, қызыым! Токтамастан жет. Бекасыл қызбалыққа салынды. Тоқтат. Жырындымен жарты патша жекпе-жекке шығушы ма еді?! Түйепалуанға тен келер күш иесі жоқ бұл елдерде. Көргем тұртусін. Бекер мерт болады. Бауырына ақылынды айт. Патшалығын жасасын. Өз күші, Аршадтың жосығы, мына ләшкермен қосылып қаланы басып алындар. Одан сон Түйепалуанға өлім жазасын берсін! Кандай да бір хабарды бара салып маған жолда.

Роксана падиша жарты күн кешігіп жетті. Бірак Түйепалуанның Бекасылдан жеңілгенін естіп барып жан шақырды. Сардарша киініп, салт атпен келген падиша мандайынан, желкесінен шымырлап шыққан терді құрғатып, сірескен қалың қолдың алдында ерсілі-қарсылы жүріп, інісін тосты. Кешікпей ақ боз атын ойнақтатып Бекасыл қақпадан өте шықты, Роксананың көзіне жас толды. Алқымына кесек тығылып, сөзден қалды. Бекасыл келген бетте Роксана ымдал, оны өзіне жақын келтірді де көзінен домалаған жасты жасырмastaн, аппак тістерін жаркырата күліп, інісін құйрық тұстан қамшымен силай соқты. Бекасыл құркірей күліп әпкесін құшты...

Роксанана мұнда екі-ақ іс қалған. Бірі Манасұр тобын бір жайлы ету, екіншісі Паратакентке сатрап тағайындау.

Манасұрдың тобын, Сартахұнның сыйбайластарын Роксана Суниот, Фиокл, Герострат үшеуіне тапсырды. Олардың байлығы тартып алынып үлкен қазынаға жеткізілетін болды. Ал өздеріне не үкім шығарғанын Роксана Бекасылға да айтпады. Арада бір жарым айдай өткенде ел ішінде әлгі жуандарды әскер Кара күмның тереніне ас-сусыз апарып тасталты деген қауесет жүрді.

X

Зариаспы мен Паратакенттегі оқиғалардан соң ол бұлықтар жаңа патшалыққа кіргенін тезірек түсінді. Роксана падишаның тегеурінін, кесім-шешімге келгенде іркілмейтінін, өз мұддесіне қайшы келген жайттарды сол сәтте сылып тастантын қатандығына бәрінін көзі жетті. Сонымен, сыртқы әлем Бактүр-грек деп атаған, тарихқа солай енген жаңа мемлекет ірге көтерді. Оны сақ әлемі алдымен, одан соң Македония, Грекия полистары, парсы мен арипейлер, Кіші Азия мен Фракия, Үнді патшалықтары, Мессопотамия, Парфия түгел мойындал, өз білдіргілерін жеткізді. Тұрасын айтса Мақаңда қарсылығы, Зариаспы мен Паратакенттегі бұліктер патшалықтың шеті мен шекарасын анықтауды, бұл бұлықтарды тап қозғалмастай мойыннатуды тездеткен ғана құбылыс болды. Қанлы қылышы, Үйсін, Массагет елдерінін қолдауы Роксананың Мақаңға көшуіне себепші болды. Роксана келді де Мақаңның қорғанына сүйкене орнығар өз сарайын салдыруға кірісті. Жұмысқа тартылған адам санына қарағанда Роксана өзіне өзі Бәбілдегі Шаммурамат бағы ма әлде сондағы Зиккураттай бір алпауыт құрылышты дүниеге әкелмек тәрізді. Бірақ шындықты падишаның өзі мен қоластындағы сәүлетшісі ғана білетін. Оның жобасын тұтастай ешкім көрмеген. Сәүлетші құрылыш жетекшілеріне өздеріне тиісті ғана сыйбаны ұстаратады. Падиша сәүлетшіге негізгі үш максатын сонау Бәбіл Зиккуратында тұрып жатқанда-ақ айтқан. Зиккураттың жобасын ол өз бетінше көнге түсірген. Ал жерасты құпия жолды осы сәүлетші Роксананың көшіне ілескенде ғана көрген. Сонда Роксана сәүлетшіге тақақтал, бәрін көріп ал, құпия есік калай ашылатынын, құпия жолдың ені мен биіктігі, неден жасалғанын жадына жазып ал, деп қатты тапсырып еді. Ал Мақаңда іске кірісерде Роксана жобаның көлемін, қандай-қандай қауыздар болуға тиістігін, қауіпсіздік жолдарын, құпия қылуеттерін, құпия жатын қауыздарын түгел өзі айтып берді. Сол максатпен және кісі бойы терендесе су шығарлық аумағы өте үлкен жер қазылды.

Болашақ сарайдың жер асты бөлігі наиза көтерсөн де жетпес биіктікпен шектелді. Ал жер бетіндегі жұмыстардың немен бітерін ешкім білмес үшін жұмысшылар мен құрылыш жетекшілері алта сайын ауысып тұрды. Осылай қала дуалының сыртына бастайтын жер асты жолы да салынды. Ол да қаладан ұзап, сайға түсер тұста әзірше тұйықталып тұр. Ен құйтырқы сәттерін Роксана бірінін тілін бірі білмес белгілі бір топпен бітірді. Одан соң олардың Мараканнан өте алысқа кетуін қадағалады...

Құрылыш каркындаған бір күні аяқ астынан әкесі Байтак патша келе қалды. Жер асты қауыздар мен құпия қылууеттерді, құпия жолды көріп, патша тек тамсанумен, бас изеумен болды. Жердің үстіндегі салынуға тиістіден екі мындаиді адам сыйытын төрт бұрышты ападанғана бой көтерген.

— Мынауың өте үлкен дүние фой, қызыым? Мұнда не болады?

— Бұл мен Бәбілде көрген сарайлардың осы тәріздес ападандарының оннан бірі шығар.

— Һм... Әбден біткен соң көрмесе, әзірше көзіме ештене елестер емес. Көргенің көп қой, жаса... Пұлың жетсе болды.

— Жетеді, әке!

— Олай болса көніл орнында, балам. Енді бір сөз бар...

Байтак патша ой шырмаяуынан әрен құтылып, сабактаған ойын аяғына жеткізген секілді.

— Менің заманым өтті, Роксана. Кеудеден жан үшып шыққанша — мен Байтак абыз болуға жарап қалармын. Онда да кәрілік ақыл-естен айырмаса. Ал ел билігін бір адамға біржолата ұстату керек. Егер ол адам — Бекасыл болса мен тек оның жалтақ бол қалыптасуына себепші болмакпын. Алдағы айдың он бірінші жұлдызында Битанда бол. Каңлы елі менің қолдан жасаған дүниелігім емес. Ел тізгініне менің ұлымнан өзге де дүрлер мен бектердің сака жігіттері таласа алады. Әзірше Бекасылды қосқанда жетеуінің аты аталағып, абыздар алқасының аузына ілікті. Бары да сол шығар. Өзім патшалыққа қалай өттім — Бекасыл да өте алса сол сүзгіден өтсін. Әділет жолынан бір тайсан одан өткен мемлекеттік кесел болмайды. Басқа әділетсіздіктер содан ары қарай қүштей береді. Сол патша сайланар күні алыс-жакын елдердің біразынан ел билеушілері келеді. Құллі каңлы елінің алты бұлығынан, оншакты дара кенттерден абыздар ат басын Битанға тірейді. Битанның өзінде отырған абыз-кеменгерлердің ұзын саны он үш. Бәрін шешетін сол абыздар. Абыздардан соң — үзіліп шықкан үміткерді бүгін сапта тұрған жосық қабылдай ма, жоқ па, ол да белгісіз. Қабылдамаса одан кейінгіні жосыққа жібереміз. Солай алғашкы үштік бәсекеге түседі. Үшеуі де жарамаса, сайлау үш-төрт айға шегеріледі. Әлті үштік сайлауға катастырылмайды.

— Менің түсінгенім... Бекасылға көнілініз толмай тұр ғой, әке? Эйтпесе халқыныз Кіші патша деп мойындаған өз ұлынызды мұндай неғайблігे итермелеп қайтер едіңіз? — Роксана өкпелі екенін, әкесінің мына істі өз еркімен киынданып тұрғанына наразы екенін өршеленген сөзімен андатты.

— Мен солай үйғардым. Ал сен, балам менің бұл қадамға неліктен барғанымды сайлаудан соң түсінерсін.

— Мүмкін түсінбеспін. Бірак, әрине, сол оқиғаның ішінде болам. Бекасылдың тілеуін тілеймін.

— Сонын дұрыс, қызым. Керіскенше...

— Әке, ас-су ішіп аттаныңыз!

— Қанлы елінің бір пұшпағына ілінsem — ас-су деген сол жерден де табылады. Елім аман болсын!

Роксана әкесінің сонынан қарап, жабырқау күйде калды. Әкесін де аяды, Бекасылға да жүргегі езіліп тұр, өзін де аяды. Өмір деген кілен дұдамал тіршілік болғаны ма? Бірінен әупіріммен таланып, жанынды шуберекке түйіп әрең шықсан және бір түйткіл жүрекке зіл бол жармасады. Неге олай? Байтақ ренжіп аттанды ма әлде осылай боларын біліп, сырын ашпауға бекініп кетті ме? Әкесінің не ойлағаны бар? Әлде Байтақ патшаның ойлағанын дөп басып, катпарларда не жатқанын түсінуге Роксананың ақыл-ойы жетпей тұр ма?..

... Роксана Битанға казанның тоғызыныш жұлдызында келді. Одан соң өз патшалығына арнайы тігілген, үстінде Ескендірдің байрағы желкілдеген ордаға барып аяқ сүйтты. Бұл да Роксана үшін күтпеген жайт-тын. Ол әдеттегіше әкесінің басты ордасындағы өзіне бөлінген қанатта боламын деп ойлаған. Шынын айтса ол тұрғысында еш ой да мазасын алмаған. Әкесі Роксананы басқа патшалармен тен ұстап, бөлек үй тіктіргені, бір жағынан қуантып та тастады. Қазір ол анау-мынау емес, Құнбекі көреген, Қайымдерден патшамен, басқа да сак патшаларымен терезесі тен бол тұрғаны емес пе? Бұл — таза саясат. Дұрыс саясат. Ал енді Бекасылдың осынша сынға түсіу ше?

Роксана Бекасылмен кешкі аста көзайым болды.

— Патшалар шакырған күні дәлме-дәл келуші еді. Бактүр-грек падишасы ертерек жетіп алышты ғой?!

Бекасылдың женил әзілі әкесі мен Роксананың арасындағы шүйкедей қапырықты желге ұшырып жіберді.

— Падишаның осы үйге бір туыстығы бар шығар? — Дәниша жаулығының ұшын иығынан асыра лактырып, көз қыығымен қызына қарап қойды. Тон жібіді. Байтақ патшаның жүзінен күн тәгіліп тұрғандай. Үйдегі бейқамдық бірте-бірте Роксанага көшті. Ас үстінде Байтақтың ұлдары қосақтарымен келе бастады. Сонымен Роксана өзі бұлан қыз кезінде де көп көре бермейтін

басқосудың ортасында қорғасындағы балқып отырды. Төрде отырған Байтақ патша өзінің оң жағына жиені IV Александрды отырғызып. Табаны сак жеріне тигеннен-ақ Роксана ұлының тәрбиесіне екі адамды бекітті. Біріншісі – мыңбасы Айсан саяткер, екіншісі бронхид грек тұқымынан алдырткан Феодот үстаз.

Айсан саяткер бала Ескендірді шәкрапттық, саятшылық өнерге баулиды, сак әлемінің салт-дәстүрі, азыз-әңгімелерін, ерліктерінен қызықты әңгімелер айтады. Феодот грек тарихы, әдебиеті, философиясы мен мәдениетінен және өртеден кара кешке дейін құмандың тіліндегі сөйлелер, анасының тілін үйретуде. Бала Ескендір, жиен Ескендір қазір төрде нағашы атасымен аратура құмандың тіліндегі сөйлесіп отыр. Сүйкімі ерекше, өзі ұфынтал, бауырмал баланы еркелетпейтін адам жок. Әсірепе нағашы атасының барқын даусы, аялы алаканы, мейірім меймілдеген көздерін бала Ескендір терен сезінетін секілді. Сонымен бірге бұл адамның бәрінен биік, бәрінен салмақты, құрметті екенін де анық аңғарған. Ен құрметті адамның өзіне деген ықылас-мейірін бала Ескендір бағалай да білетіні көрініп тұр.

– Ескендір! Осы отырғандардың барлығы сенің нағашыларын. Сен – жиенсің. Біздің салт бойынша осы нағашыларының кез келгенінің үйіне, оу шеттегі құрығына барып, мына зат менікі немесе мына атты мен аламын десен ешкайсысы аузын да ашпайды. Аласың да кете бересін. Біздегі салт солай. Жиенге ешкім қарсы сөз айтпайды, қол көтерсе көтерген қолы қалтырауық ауруға шалдығады. Түсіндің бе?!

– Түсіндім, баба!

– Ертең Бекасыл нағашының мына менің орнымды алу үшін алты сайдыпқыран жігітпен бәсекеге түседі. Садақ тартады, найза лақтырады, күреседі, ат үстінде аударыспақ ойнайды. Женғені менің орнымды альп патша болады. Қызықтың бәрі алда, балапаным. Бекасыл нағашының тілеулесі боласың ба?

– Эрине, баба! Менің нағашым бәрін женеді.

– Әй, мына құдай текті жиеннің аузынан шыққан сөз Тәнірдің құлағына шалынсын. Бекасыл женсін деп тілейік. – Йазыр атып тұрды да сүйемел аспабы – камыстан жасалған жел қобызының әкелді. Әлде бір ойнақы әуезден соң отырғандар бір демде керемет дала әнін аспандатып әкетті. Бұл әннің кендігін, өршілдігін, биік рухына жан-тәнімен елітіп, бала Ескендірдің құйқасы шымырлап, алаканы, екі беті от бол жанды. Сол рухпен түн серпілді, күн өтті. Казанның он бірінші таны атқанда сак патшаларының қөшпілігі, елдін барша абыз-кеменгерлері Битанға келіп жетті.

Кіші сәскеде бәсеке-сынақ басталатын. Дала данышпандарды өздеріне лайық орындарға келіп жайғасты. Одан соң ел ішіндегі

бетке шығарлар отырысты. Ойын-сауық, сайыс-атыс өтетін арнайы аландығы қызықты көргө уақытта жай халық үйлердің төбесіне, нән теректерге дейін өрмелеп кетті.

Аланда жеті сайыпкыран. Патшалықтан үміткер жетелі жеті. Қазыларға қемекші епсекті жігіттер жетеуіне жеті түсті, біркелкі жасалған жебе тапсырды. Алдымен сырый басындағы жамбыны атып түсіру керек-тін. Бірінші үміткер алға озды да садақ тартты. Жебе жамбыны жұлып әкетті. Ел шу ете қалды. Роксананың жүрегі мұздалап сала берді. Байқайды бала Ескендір тас түйін бол алған. Ол анасының білегін сығымдалап, ішкі толкуын білдіріп алым отыр. Роксана баласына андатпай көз қызығын тастанды. Нагашысының тілеуін тілеп толқып отырғаны жанына майдай жақты. Сол сәтте Роксана әкесіне бір қарап қойды. Байтак патша, Құнбекі көреген, Қайымерден, Арнай тиграхаудтың ендігі басиесі Ұззық патшамен арқа-жарқа әнгіме айтып отыр. Толқудын табы да білінбейді. Роксана әкесінің бұл жұмбагын және тусіне алмады.

Өз кезегінде шықкан алғашкы үшеудің үшеуі де жамбыны ұшырып жіберді. Кезек Бекасылға келді. Осы сәтте құллі қауым демін ішіне алғандай тыныштық орнады. Ақбоз атын билетіп келіп Бекасыл жамбыны көздеді. Ісілдап ұшқан көк жебе жамбының жанын алғандай жок қылды. Халық дүркіреп кетті. “Тәнірім қолда! Бекасыл! Бекасыл!” деп тәнірек дүркіреп тұр. Жетеудің екеуі ғана жамбыға тигізе алмады. Бірақ бәсекеден шеттетілмеді. Көлесі сынақ наиза лактыру еді. Бірінші ішіне бірі асты-устінен бекітілген үш шенбердің ортанғысынан өткізген наизагер женеді.

Бұл жолы елді зарықтырмай Ақбоз атты наизагер бірінші бол межеге келді. Белгі беріле ақбоз өршелене шапты. Көк түсті наиза өуелеп кетті – тұп-тура ең ортадағы кіші шенберден қалықтап өтіп, шымды жерге шанышла кадалды.

Мұлт кетуі мүмкін, алдамшы сын артта қалды. Бекасылдан соң кіші шенберге жуықтаған наиза болмады. Роксананың бойы байсал тартты. Оның кара тентек інісін күрестен, аударыспактан жеңетін жігіт мұнда жок болатын. Түйепалуанға жүрегі дауап, онын дал-дулын шығарған Бекасыл шынында да бұл бәсекеде ойнап жүріп жеңіске жетті. Жосық тек Бекасылды қолдады. Енді ұзын саны елу бір абыз бен кеменгерлерге әбден тас бол қалған біркелкі құрт бір-бір талдан таратылды. Олар отау тәріздес шатыр ішіндегі жеті түсті, өз руынын таңбасы бар шашқаты алашадан тігілген қалтаға өз құртын онаша кіріп салады. Кімнің қалтасында құрт көп болса – сол патша. Әлгі аланның шетіндегі көгалға тігілген шатырға карай ел естиярлары шұбап барады. Байтак осы тұста тақымын қысты. Бетке жылтырағанның бәрі дос емес.

Ол — жай ғана патшалыкка таласу емес, ел ішіндегі пиғылды айтып берер күмалақ болғалы тұр. Ол — Байтактың қандай патша болғанын айтар мүмкіндік те. Әкесінің әңгімені сап тыйып, әлденеден секем алған карт қырандай оу төмендегі тірлікке көз тігуін Роксана және түсінбеді. Елу бір абыз-кеменгер сүт пісірім уақытта өз сөзін өз ісімен айтып, қайтадан келіп өз орындарына ырғалып-жырғалып, жайбаракат әңгімеге көшті. Сыздаған тыныштық орнады. Жеті қалта қыстырулы шатыр ішінде ешкім жоқ. Екі жігіт жіті кимылдал, шатырды сыптырып әкетті. Әне бірі жоқ, бір бос, бірі тулкі құрсақ жеті қалта жарқ ете қалды. Параджа тәрізді, ұзын жейде киген жеті бала барып, бір-бір қалтаны ілгектен алды. Сейтіп асықпай басып, қатар түзеп келіп құллі патшалар мен абыздардың алдында тоқтады.

— Кәне, санаққа қайсысын дайынсын? — Байтак абыздарға ошарыла бұрылды. Мархұм Сасан аянның орнын басқан оның кенже ұлы орнынан атып тұрды.

— Мен санаң берейін. Жасым кіші дегендей... Ал көз алмай, кірпік қақпай қараныздар, ел ағалары!

Бекасылдың қалтасына елу бір құрттың он жетісі түспепті. Он жеті құрт басқа қалталарға бөлінген. Отыз төрт абыз қолдаған Бекасыл женіске жетті.

— Халыққа кім жария етеді? — Байтактың даусында толку, Роксананың көзінде жас әрен іркіліп тұр.

— Бейтарап адам айтсын! Құнбегі көрегеннің аузынан шықсын! — деді бір абыз. Басқалары тек бас шұлғыды.

— Да, жараптар! Ұлы Дағаның мактандышы, тірегі болып келген Қанлы елінің ендігі патшасы Байтактың ұлы Бекасыл баһадур! Бекасыл баһадур — патша! Патшаларың құтты болсын! Елдің бүтіндігі, халықтың қамы үшін өмір сүретін патша болғай. Аксүйек Байтак патша жер бетіндегі ғұмыры түгесілгенше, Тәнірім өзіне шақырып алғанша осы елдің Бас Абызы болып қалады. Абыздар мен кеменгерлердің кешегі талқысы осындей үйғарым жасады. Бас абыздың жасы ұзак болсын, жараптар! Кәне! Ак киізді әкеліндер! Патшаны ак киізben көтеріп таққа отырғызындар!

Байтактың күміспен, піл сүйегімен көркемделген, тысы алтын жілпен кестеленген нән патша тағы әкелінді...

XI

Қанлы елінде патша ауысты. Бұл оқиғаға шақырылған меймандар шұбырынды жолдармен лезде Дағаға сіңіп, ізі сұзыды. Кешкілік, бұдан былай Байтак Абыз аталағын ұлы тұлға, ұлдарын

және Роксананы шакырып, үзір сәтте көмейінде тұрған сезінен арылып, ұзак арқалаган патшалық батпан жүкті иығынан да санасынан да түсіріп, біржолата демалсам деген ойын бастады.

— Балаларым... Мен бұдан былай тек ақылшы, төрелік айтушы ғана адаммын. Такқа қайсысын лайықсың деп өмір бойы ересектеріннен пейіл, икем тостым. Бастарынды алып қаштындар. Оған да рахмет. Қөтеге алмас шоқпарды белге ілмес болар. Оларын өздерінді емес — елді ойлағандарын шығар. Эке — балаға сын. Сендерден еш ниет болмаған соң Бекасылды өзім икемге алдым. Нәтижесін көрдіңдер. Мен бұл үйден шыкса бір патша шығар деп үкілі үмітімді бүгінге дейін әкелдім. Сөйтсем Байтактың шанырағының астында, Тәнірім көп көрмесін, үш патша жүріппіз. Бұдан артық бақыт болмайды. Роксана келді де гректер мен парсылардың иегінің астынан бір патшалықты ойып алды. Мараканда патша сарайы салынып жатыр. Ескендірдің есімі жетпеген жер жоқ. Сол елдердің бәрі бұл мемлекетті мойыннады. Сол екі патшаның әкесі болғандықтан патшалар жүз жылдық, патшалықтарың мәнгілік болсын деп батамды беремін. Енді мен Мараканға барып құрылысты көргенде Роксана маған бір сауал қойып еді. Онысы, Бекасылды осынша кинамай абыздардың шешімі, жосықтың сайлауымен-ак аса дабыра жасамай таққа отырғыза салмадың ба дегенге сайған. Ол күні менің жауабым әзір емес-тін. Жауап енді ғана пісті. Эгар да Бекасыл патша тағына-әкесінің ықпал, беделімен отырса мен оған обал жасаған болар едім. Ел ішінде бетті, сөзге ұста, ойға жүйрік адамдар аз емес. Олар патша қолайына жакса, дау-дамайдан алыс журсе — қауіп жоқ. Ал біреумен ұстасып қалып, дауды шешу патшага жетсе, ал патша әділдік оның қарсыласында деп шешсе “Эке арқасында патша болған соң не білесін!” — деп бірден бетіне айтады. Эрине, патшада күш бар, ондай-ондайлардың бірді-екісінің аузына балқыған құрыш құям десен де жасай аласын. Бірақ бұл ой бүкіл халықтың ішінде құйрығын баспасаң ғана жиырылып жата берер қара жылан секілді жатады. Сен, Бекасыл, бүгін сол түйткіл, ішкі құмілжуден біржолата құтылған патшасын. Енді бір іштерінде кетуі ықтимал сауалға да жауап берейін. Экеміздің өзі жиырма төртінде таққа отырыпты. Ал Бекасылды жиырма тоғызға толғанша неге жетеледі дерсіндер... Айтайын. Мен таққа ел ішінде дүрбелен асқынып тұрған шакта, жынмен жағаласып, парсымен соғысып, тоқымдай жер үшін токсан күн ереуілдеген сын заманда келдім. Кисын, заман мені ерте есейтті. Ел ішіндегі бар шиқан түгел канталап тұрды. Сыртқы жаудың бетін кайтарып, бітім жасау, ондайда көбейіп кетер батырлар мен көсемдердің, шешендер мен сөзуарлардың, ел ішінің асқындысын өршіте түскен таза тентектердің, елді жырымдамақшы ішмерездердің пәпігін басып,

бірте-бірте ел сабасына түсті. Халқы күйзелген, елінің үміттен ғері аланы, күдігі көп кезде такқа отырған патшаның әрбір сәттә қадамы жаңғырығып тұрады. Елдің екі көзі, екі құлағы патша жакта болады. Кейін-кейін ел орнығып, әр отбасының казаны майланғаннан кейін патша естен шыға бастайды. Ең мықты ел — халқы патшаның бар-жоғын ойламайтын ел. Өйткені патша халықтың тіршілік жасауына, тойынуына, тіпті бай-бакуатты жағдайға жетуіне жағдай жасап береді. Басында үйі, бауырында казаны, малы өрісте, бау-бақшасы мәуесін төгіп түрған отбасына патшаның керегі не?! Мен өмір бойы сондай өмірге елді жеткізсем деп қызмет еттім. Соған жеттім де.

— Патшаның да ішкен-жегені, құрметі, салтанаты адал болуы керек шығар, ел иесі? Патшаның керек тұсын айта кетсөніз дұрыс болар еді. Өзіміз патша болмасақ та осы елдің адамымыз... Біле жүрейік те... — Байтактан каймықпайтын Йазыр әкесінің сөзін тірліткісі келді.

— “Ел иесі” деп калдың, Йазыр. Ендігі жерде елдің басиесі Бекасыл. Мен сенің әкең, қанлының қара шалы Байтакпын, бұдан былай. Дегенмен, сауалыңа жауап берейін. Бекасыл мен Роксанага деп екі орамға жазғызып, бұл ойларымды хатқа түсіргем. Оны өздеріне тапсырамын. Дегенмен... айтайын. Мемлекет қаржысыз болмайды. Қаржы жыл он екі ай алым-салықтан түседі. Салық патшаны елмен араздастыратын да коныр салықын ұстайтын да, патшаны ұмыттыратын да нәрсе. Алғашында елді тез сауыктыру үшін бұрынғы патшалардан келе жаткан ашқөз салыққа тиіспедім. Оған қоссан ел бүлінбек. Азайтсаң мемлекеттің ауруы ұзакқа созылады. Мен — елдің еті өлген салыққа тиіспедім. Шұ жылдан соң — кеміттім. Одан соң араға екі жыл салып және төмендеттім. Халық мен жакқа біржолата бұрылды. Дүшпандарым булығып калды. Ел іші тынышталған соң керуен жолы, кіре жолы Битәнға сокпай кетпейтін болды. Керуен тоқтар, туие шөгер, жылқы малын жемдер, айдаған сатын мал шашау шықпас орындар жасаттым. Келісті Керуен-сарай салдырттым. Осылай қаланы жанап өтер керуен-кіре жолы ханбазарға айналды. Отрықшы ел де, киіз үйлі малышылар да басы артық малын дуние-мұліккебе, жасау-жабдықка, дәнге, тұзға, тәттіге алмастырып, дәмді ас, дәмелі өмірге араласты. Болмашы алым-салықтан қашып-пысканды ел әуре, тіпті ұят санаар халге жеткіздім. Алғашқы жылдары он-он бес түтіннен бірді-екілі ғана салық төлейтін. Онда да елдің ызбарынан ығып, салықты толық емес, жартылай төлеп келді. Бүгін барынша төмендетілген салықты әр түтін төлейді. Салық төлеуге жарағандарын іштей мактан тұтады. Қанлының казынасы мығым болса — елдің арқасы. Екіншіден, патша ел ішіндегі тәртіпке, тыныштыққа жауапты.

Ол жергілікті тәңіркүттардын дұрыс тағайындалуы, өз руынын Абызымен ынтымағына байланысты. Тойынған ел койдан жуас бола бермейді. Мұндайда дәulet жарыстырған, елге деген ықпалын асырамын деген бәсеке басталады. Ол ушықса рулы ел, кент шенберінен асып, патшаға салмақ түседі. Ел басқарудын ен киын тұсы да осы. Бірін жактасан, екіншісінің ішіне қан қатып қалады.

— Сіз калай төрелік айттыныз, әке? — Тағы да Йазыр.

— Әртүрлі жағдай болды. Даушины үйелменімен, табылса сойылын сокқан итаршылармен қосып, елден аластаған кезімді жұрт біледі. Дауды, жауығуды бастап, отқа май қюышыны малынан айырып, айыппул салған да кез болды. Екі руды көтеріп, сойыл ұстакандарды аямадым. Бірер жасакпен коршап алғып, жаяу айдатып, құлдыққа сатқызып та жібердім. Құлдық — өлдіге тен. Ол қашып-пысып кайтып келе ала ма, әлде жазатайым болп бұрынғы өмірі арманға айнала ма?.. Оны бір күдай біледі. Сойылдың астына алғып, шайнасқан екі жакты қамысша орган да сәттер есімде. Осының бәрі даулы жердін Абызынан қонызына дейін жиып, қаһарлы сөздер айтумен аяқталып жатты. Ондайда патша елді осылай бетімен жіберген Абыздарға, тәніркүтка, ел естиярларына шүйіледі. Соларды кінәлады. Не істесе де патша солқылдақтық танытпауға тиіс. Тез жаса, тез бітір. Аскан дайындықпен, тұтқылдан барып ойынды іске асыр. Іс біткен сон тәртіпке, үреймен ұстauға жасақ таста да, өзін көп тұрма — айтарынды айт, пәрменді ел алдында бер. Соңан сон шалт бұрыл да ту сыртынды көрсет.

— Патшаның өзіне жармасатындарды қайттіңіз?

— Бір елде екі патша болмайды. Патшаның баһадур болғанын қалайтынным содан. Мен сондай көк ауыздардың екеуін ел алдында ат үстінен жұлып алғып, козы көш жерге көкпарша салақтатып есінен тандырдым. Жерге түсіп, камшынын астына алдым. Себебі сөз тәжікесіне іліксен сен оны өзіне шендестьрігенің бол шығады. Сөз тәжікесіне көрінген бол өкпе бара алады. Байлықтың буына шыдай алмай патшаға шапқандардың беделін осылай жоқ қылдым. Мұнда мен әскер жұмсағам жоқ. Тілім тиген жоқ. Жеке басыма тиіскенді жеке өзім сілейттім.

— Үйсіндермен де жер үшін дурдараз болдыңыз, басие...

— Болдық. Кінә өздерінен екенін білгендіктен, Үйсіннің патшасы Қунбегі көреген болған соң дау козбады. Ал одан кейінгі ірі оқиға Ескендір жорығы. Оны білесіндер. Бүгін міне, қанлы наизасының күшімен жиенге патшалық құрып бердік. Оны да осынша жосық ұстauға жарап тұрған қанлының құдіреті деп біліндер. Эр үй жидашыны патшаның адамы деп біледі. Расы да сол. Жидашы адап болмай қазына толмайды. Жидашылықта

адалдығымен, кісілік қасиеттерімен танылғандарды тартындар, жаңа патшалар. Қазынашың ел қамын өзіндегі ойлайтын, дүние-қоқыстан биік, қанағаты мол, тектілер тұқымынан болуы шарт. Сонымен, патшаның ісі бітпейді. Патша өз патшалығын кіммен жақындастырырын, туыстық-одактық жағдайда ұстарын, кімнен аулак болу керектігін, ойпы-тойты елдерді, ашық жауды айқындалп отырады. Соған қарай карым-қатынас, алыс-беріс орнатады. Ең бастысы – өзін қуатты ел болсаң ғана достас елдерің көп болады. Әлжуаз болсаң – жан-жағын тұлкіге түскен тазықұмайдай қапысын тауып, соғып алуудың сәтін тосады. Тәнірім сендерді сондайдан сактасын.

– Ал ұлы патша... Бекасылдың женерін білді делік. Бірақ соған тұрткі болған не жайт?

– Бекасылдың Түйепалуанды женгені. Бұған дейін де Бекасыл өз даңқын асырап еді. Соған татитын оқиға болмады. Түйепалуанды женгені оны бүкіл Даға шын баһадур етіп мойындаатты. Менің тосқаным сол – Бекасылдың өзі өз атын шығарар сәт! Қалғаның өздерің көрдіндер. Сонымен, Байтак патшаның сөзі тамам. Енді бүкіл ел болып Бекасыл патшаның аузына карау керек. Бекасыл баһадур патшаның есіл-дерті ел қамы болса елдін ертеңі алансыз. Патшаның тағы шайкалмайды. Халқынан алып қашып өзге елде байлық жасырма. Ел түсінбес әрекет жасама. Ел саған елдігін уақытша сеніп тапсырып отыр. Ел сенін ойыншығын емес, сен осы елдің перзентісін. Ақылшысы, қорғанысын. Ұмытпа! Өз өмірінмен елге өнеге көрсет. Алды-артынды бықыттай, сасыттай, сөз ілестірмей таза ұста. Не істесен де халқының ежелгі салты, дәстүрі, жаксы ырымдарынан аттама. Халық – теңіз. Теңіз төңкере алмайтын кеме жок. Соны ұмытпа. ...Енді мен аяғымды көсіп, арқамды кенге салып үйіктайтаға көшем. Ал патша – тәуліктің, жылдың кай мезгілінде де патша. Керек болса – түн ортасында, карлы-боранда, сіркіреген жауында, бет қаратпас дауылла жылы төсегінен тұрасын, жер шетіндегі қыжалат іске аттанасын. Ел аманат, жер аманат! Саған да сол, қызым. Жиен патшага елінді канаттыға қактырмай, шыл-шыргасын шығармай өткізіп беруге жақсын. Ірген бекісін, ішкі ынтымағын жарасым тапсын. Жау көз тікпесін, көршін сұктанбасын. Бас көбейсін, елін бақуатты болсын. Бұрын жалғыз қанлы патшалығы едік. Роксана сен бір патшалықты өзің ойып алдың. Осы ұлken кеністікке екеуің ие болындар. Тәнірім, осы тілеуімді қабыл ал!

Байтак абыз орнынан жөнкөріле тұрды да ұзын дәлізben қауыздан қауыз асып, көзден таса болды, жүрісі де естілмей жым-жылас болды. Бәйбішесі мен екі кіші қосағы, балалары мен келіндері ұлы тұлғаның мына кетісін неге жорырын, калай

түсінерін білмей зілмауыт тыныштықта салған суреттей абырал отырып калды. Әлден уақытта Дәнишаның төрөн құрсінің бәрінің есін жиғызыды.

— Неге үнсіз калдындар. Әкелерін үзак отыра алмайды. Тынығайын дегені да! Тамак алындар. Ойнап құліндер. Мына жаман үйден екі патша шықкан күн той емес пе? Бугін бәрін бір шанырактың астында түнейсіндер. Ертең асықпай тұрындар. Қара қасқа айғыр мен екі ту бие, бес кара кой алдыртты әкелерін. Ел билегенде арқа болған кеменгерлерін үрім-бұтағымен, өз балаларын қатыстырып Тәніріне құрбандық шалмак. Басықасында болындар. Арғы күні тарайсындар.

Роксананың таң атса болды Марақандты бетке алмақ еді. Жана әкесі ту сыртын қаратқанда жүргі түйнеп, ойын қайдағы жайдағы көңілсіз жайттар торуыллады. Әкесі осы кеткеннен қайта көрінбестей болды ма, әйтеуір, бір салқын леп шарпып өтті. Дүниенің бәрі уақытша ғана, алдамышы нәрсе екенін де осы бір сәт Роксананың есіне салды. Ақсүйек Байтак патша мәңгілік құбылыстай көрінбел пе еді? Енді, міне, әкесінің такты босатып, тыриған денесіне ет жамалмай сырыып, өз теңінен басы озып жүрер ойын баласы, енді жүрісі батпан, жүзі өткір, жұдырығы гүрзі, сөзі нық, аса мысты бол қалыптасқан Бекасылға өткізіп берген сәтінің күәсі болды. Соның бәрі көз алдында өткен, патшаның бұлан қызы Роксананың да ереккі кіндіктінің көз-күйі болып келе жатқан заманы бәйтерекке ілініп қалған қызыл шүберектей күн жауса, дауыл сокса жұлмаланып, шакырайған күннен онып, солғын тарта бастанғаны ма?! Роксана үрләніп жан-жағына қаранды. Дәниша — сол баяғы кең сөйлеп, алдыартын көлбекен көгал ғып үстайтын әдептімен отыр. Бірақ, бетінің әжімдері терендеп, торлауыт әжімдер көбейген. Тек оның жасында аузы опырылып, иегі кемиектенуден алыс. Задалық кескінің уақытқа жендірмеген. Бауырлары мен женгелеріне қарап қойды. Олар базары тарқап, сарықідір тартқан, көздерінде жылт еткен үшқыны жок, манаураған өмірге ыңғайланған төрізді. Тек Йазыр осылардың бәрінің токтаған рухын шайқалту, үйге жан бітіру өзінің мандайына жазылғандай өзін әлі де әзіл-оспақка бейім үстайды. Бірақ оның бір кездегі дала курайын өрт шалғандай дуылдаған әзілі, не шап берер, не шаптан түртер өткірлігі доғалданыпты. Әзілі өспей қалыпты. Дүбірлі ортаға түспегені, Даланың небір шешендері мен жыршылары, дүйім жүрттү әзбен жасқап отырап азулы да адудынды дүлдүлдердің арасына кірмегені көрініп тұр. Роксана еріксіз ел-жүрт Хан-терек деп атаған алып бәйтеректің саясында әкесі екеуінің пәлсапа айтқаны есіне түсті. Әлгі Бәйтеректің алыптығы соншалық бір жотаның желкесін бүріп, білем-білем тамырларын теренге де,

алысқа да жіберіп жайқалып әлі тұр деседі. Әкесі сонда айтып еді... Мына Бәйтеректің маңында қылтиған тал-шыбық та жок. Болса ол да өз тамырынан жаралған ескін. Бұл жарықтықтың саясы тап-такыр. Себебі күн түсірмейді. Шөп те шықпайды, себебі, бұл жуан жотаның бар нәрі мен құнарын Бәйтерек өз бойына тартып әкетеді. Мен осы Бәйтерекке ұқсағым келмейді. Ұлдарым әке ығынан алыс жүрсін деп, бір-бір лектің алдына қойдым. Жанықсын, ашылсын, төзімге, шешімге үрленсін, ер парызы не екенін білсін деген ой, менікі. Ал Тәнірім оларға қанша ақыл, парасат, ой мен от берді уақыт көрсетсін".

"Уақыт көрсетті..." деп Роксана бауырларын көзінің үстімен және бір шолып шықты. Құдайдың Бекасылды бергеніне және шүкіршілік етті.

Манадан аласының жанында барын да жоғын да сездірмей отырған бала Ескендір козғалактап калды. Әне-міне дегенше орнынан атып тұрып, нағашы атасы кеткен дәлізді бойлап, әр қауыздың есігін ашып-жауып бара жатты. Ең түлкі көлденен кең қауыздан ішкі аулаға шығар есіктен өтті. Атасы тор жібек тұтылған, едені жерден көтерінкі серіз қырлы масахананың ішінде үйқылы-ояу жатыр екен. Бала Ескендір келді де атасының бір білегін басына жастық қып жата кетті.

— Эй, мынау кім, өзі? — деп Байтақ жайылып тұсті.

Бала Ескендір былдыр-былдыр әнгіме бастады. Байтақ балқып жатып, бірде кері жауап береді — ондайда сұрақ басқаша қойылады, бала Ескендір атасына сөздің дұрысын өзі айтып әуреге түседі.

— Э, солай де! Кім біліпті, балам. Сен жассын — бәрін білесін. Менің өзім картайғанда ақылым картаймайды деймісің? Осылай аны-мұны нәрселерді ұқтырып тұр, макұл ма?

Роксана аулаға шықлады. Тек әкесі мен бала Ескендірдің өзімен-өзі самбырлап сейлесіп жатқанын көріп, білдірмей кері кайтты. Нағашы атасы мен бала Ескендірдің бұлай бір-біrine бауыр басқаны Роксананы қуантып келеді.

XII

Мараканда өмір арнасына тұсті. Халыққа каланың бір бүйірін алып жатқан құрылыш та үрненшікті өмірге айналды. Падишаның өзімен келген мол қазынасының да, тәркілеуден түскен олжабайлықтың да мұрты бұзылмады. Құрылышка жидашылар әкеліп құйып жатқан алым-салық жетіп тұр. Аршад сатрап пен Вавилондық сөүлетші падишаның өз сарайына коныстанар күнге асығулы екенін білгендейтін қолдан келгеннің бәрін жасатып жатыр.

— Аршад бек, сарайдың бар құпиясын бір адам бастан-аяқ білсе — ол құпия емес. Адамдарды жиі-жі алмастырып тұрыныздар. Жетпей жаткан не бар?

— Бәрі де жеткілікті тәрізді, падиша. Тек уақыт кана жетпейді.

— Тамақтандыру, жатын орын калай?

— Бәрін тез жасатып жаткан сол тамақтың күші. Қуатты тамак бергізп жатырмын...

Роксананың жанынан қалмайтын Кенсе басшысы Герострат падишаға бір орам білдіргі ұсынды. Сырт елдермен қарым-қатынас мәселесімен айналысатын Горгийден келіпті хат.

“Ұлы Падиша!

Эсхатада түсініксіз жайттер көбеюде. Үстіміздегі айдын он бесінші жұлдызында сонында бес жүздік жасағы бар адам келді. Галикарнастанмын, ныспым Демарат деді. Айтуынша Ұлы Александр Персепольда Дарийдің тағына отырғанда дәл жанында болған сарбаз болса керек. Енді соғыста тапқан олжасын жұмсап, жосық құрған. Сол жосықпен Гавгамелді басып алған. Айтуынша Гавгамел Ұлы Александр құрмак болған империяның кіндігі. Егер Ұлы падиша көмекке келсе Гавгамел ұлғая-ұлғая империяны қалпына келтіреді... Оған Роксана падишаның және IV Александрын мұрагерлік құқығы ғана жетпей түр... Демарат Парфиямен келіссөз жүргізуге кетті. Қайыра оралады...

Екінші мәселе, Ұлы падиша! Македониядан елшілер келіп жатыр. Сізді тосулы. Ұсыныстары бар. Оны өзініз естірсіз, деп мен ешқандай пікір иә, дерек шашау шығармадым.

Ұлы мәртебелі падишаның
сыртқы қарым-қатынастар
жөніндегі көмекшісі
Феофан ұлы Горгий”.

— Аршад бек, мынаны оқып шығыныз. Қажет деп тапсаныз Эсхатаға бірге барайық. Өз орнынызға сенімді адамынызды калдырарсыз.

Аршад хатты шолып шыкты.

— Бармасқа болмайды, ұлы падиша. Мүмкін Демарат оралып келгенше Эсхатада аялдауды да мүмкін. Кім не пиғыл аркалап жүргенін білу керек. Қазір патша болам деп қиялдаушылар Ұлы Ескендірдің жосығында болғандардың біразына ауру боп жабысса керек. Ескендір Зұлкарнайынның шын асыл болғаны. Мыналар Ескендірден калған ұшқындар. Олар Ескендірдің әсерінен әлі де шыға алмай жүр. Міне, ұлылық деп осыны айт!

— Мүмкін... Демарат дейді, ә! Демарат екені рас болса Апанасийге тапсырамыз. Персепольде болған біраз сарбаздар бар

емес пе, Эсхатада. Соларды жылып, көрсетеңін. Бір адам растаса болғаны. Ал тарихшылардың қаламына іліккен бір Демарат бар. Ол Ұлы Александр Дарийдің алтын тағына отырғанда осы ұлы сәтті көрмеген, бақылық болған қаруластарын еске алып сорасорасы шығып жылаған Демарат. Мүмкін сол шығар? Көреміз.

— Ұлы падиша! Мараканың зынданында бір жұмбак жан отыр. Александрдың өзі отырғызыған адам болса керек. Басында тек македон-грек тілінде сейлепті. Кейін жанына парсылықтар, сақ елдерінен тұтқындар косылған соң солардың да тілін жетік біліп алыпты. Зынданға жер үстінен хабар жетпеуге тиіс. Тәртіп солай. Бірақ олар болып жатқан өзгерістен хабардар. Сірә, күзеттен кеткен ағаттық болар.

— Әлгі жұмбак адамға не керек?

— Білмедім. Мына бір жалпақ тасқа өз есімін ойып жазыпты дейді. Тасы міне, жазуы бетінде.

Су астында кездесер жылмағай жайпак тас. Аумағы алақандай. Тасқа жазуды таспен жазған. Жырым-жырым жазу.

Роксана ары қарап, бері қарап, Аршадтың өзіне қайтарып берді.

— Горгийге тапсырыңыз. Оқысын. Білейік кім екенін.

Роксана падиша, Аршад бек бастаған жолаушылар Эсхатаға бір деммен жетті. Падишаны Апанасий карсы алды.

— Ұлы падиша! Мына македондықтар Антигон Гонаттан келдік дейді. Қолдарында Шақыру. Антигон Гонат Роксана падиша мен IV Александрдың қонаққа шақырады. Ұлы Александрдың мұрагері IV Александрды халқына таныстырмақ. Бірақ... Ұлы падиша Антигон Гонаттың мынадай жауапты пергаментке өз танбасын-қойуы көрек еді. Ол жок. Және бір күдігім... Мені Антигон Гонат өз сарайында қабыл алған. Сарай зиялышарының арасынан мынадай адамдарды көргенім жок. Менің жаман акылымды қабыл алсаныз, араларына кірменіз. Сізге керек адамды біз тінгіп кіргіземіз және тек бір-бірлеп қана. Қалай ойлайсыз, Аршад бек?

— Мен де солай ойлаймын. Қазір Апанас, қонактарынды ең шеткі қабылханаға ауыстыр. Олар падишаның оралғанын білмесін. Тек өзің кіргізген күystan шығарып, құрметті қонактарға арналған үйге жайғастыр. Сонан соң падишаның өзі шақырап.

Роксана өзіне-өзі келіп, жолға киген сарбаздық кебін падишалық салтанатты күімге ауыстырды. Тынығып жатып, сөзін жүптады. Одан соң әлгі елшіні алдына келтіртті. Падишаның тікірек көзінен елшінің бар болмыс-табиғаты құтыла алмады. Мынау сарай салт-дәстүрін, әр сөз, әр кимылын қалт жіберместің өзі екен. Ақсүйек. Сейлеу мәнері, өзін өзі ұстауы келісті-ак. Бірақ Антигон Гонаттың сарайында мынадай үзіліп, үлбіреп тұрған сыйайылық жоқ деп Апанасий сыйырлап қояды Роксанага.

Елші иліп, майысып сарайдан шыкты.

— Суниот пен Фиокл келсін.

Олар келгенше Роксана жана ғана Елші сыйлаған алтын талантты салмактап ұстап жүрді. Алтын таланттың аты Филлип, бетінде Ұлы Александрдың өз суретшісі Лисипп салған суреті бедерлене құйылған. Бұл шакыруды растауға жетерлік дәлел. Елде II Филипп патша мен Ұлы Александрға деген құрмет орныға бастағанын айғақтаған түр.

Суниот пен Фиокл келді. Шакырусыз Баршын кірді. Баршын алыстау бір шетке жайғасты. Әңгімелеге арапасуға рұқсат жок. Бірақ әңгімені мұқият тындалап отыр. Роксананың өзіне жетекабыл ажары, жетекабыл білімі бар, падишаға берілген адам. Құпия қызмет пәлендей құдік айта алмады. Суниот пен Фиокл кеткен соң Баршын падишасына жақындағы.

— Падиша! Македонияға бару керек пе, жоқ па? Ендігі мәселе соңда емес пе?

— Иә, солай. Бармасақ Отаннан қол үземіз...

— Барсан, падиша, ғұмырын үзілуі. Менікі қатын сандырақ десен Горгийді шакыр. Тындаійық.

Горгий келді.

— Горгий мына елшілер жайлар, бару-бармау туралы не айтасын?

— Қазір бүкіл грек әлемін, Кіші Азия, Египет, Кликия, Фригия, Фракия, Сидон, Тир, Марафон, Кармания, Гедросияның бәрін “Александр Македонский болам” дейтін жүқпалы ауру жайлады. Титтей жерге ие болған адам Ұлы Александрдың байрағын жасатып, жорыққа шығатын бір желікпе кезенде тұрмыз. Мыналар соның қайсысынан екенін кім біледі? Өзініз білесіз Демараттың деп біреу келді. Екпіні қатты. Тіпері бір ғана Гавгамел. Баруға болмайды. Бірақ текстеріп көру артық болмас еді.

— Мүмкін солай да шығар, Горгий. Сен боссың.

Горгий сөзін өткізгеніне қуаңып кете барды.

— Баршын, Суниот пен Фиоклды шакырт.

Құпия қызмет басшылары жетіл-жетіп келді.

— Суниот! Фиокл! Біз грек-македон әлемінде не болып жатқанын, Кіші Азия, Мессопотамий, Парфияда, Египетте не болып жатқанын анық білмесек қапыда қаламыз. Мына шакырыс кімге керек екені де жұмбак. Бірақ осы шакырысты пайдаланып Македониядан Үнді өзеніне дейінгі аралықта не болып жатқанын үзу кажет. Ол үшін...

Роксана падишамен жүздескен елші Эсхатада кепілдік ретінде қалды. Падишаның есімін алып, оның салтанатына беленіп Баршын жолға шыкты. Роксана падишаның бет-жүзін көрген адам ол жақта жок. Сондыктан Баршын “мен барайын” деп

қоймады. Баршынды Роксана деп қабылдарына күмәні жок падиша “осы ісім дұрыс па” деп екі ойлы күй кешіп кала берді.

Бір кезде құла дұздегі бір шекім кент, енді Эсхата аталаып, жер кіндігіндей-ак мазаң өмір кешетін болды. Баршындар жолға шықкан соң араға екі күн тастап, әлгі, Демаратпын деген батыр жетіп келді. Аланасий оны жазбай таныды. Рас, сол Демарат. Эбден алжа-алжасы шықкан карт болыпты. Бірақ іште от жеткілікті. Шіркін! Кейде жиырмадағы жігіттің күні бітуге жақын, тек сіңіріне ілінген қарттарша жүретіні бар-ау. Демараттың ішін жайлаған оттың бір үшкіны-ак сондайларға жетер еді.

— Ал, Демарат! Құшағынды аш! Бармысын, батырым?! Мен сенін сүйегін қурап кеткен шығар деп ойладап едім.

— Аланасий! Кәрі тарланым! Аманбысын!

Екі сарбаз мәре-сәре.

— Ұлы падиша! — деп Демарат Роксананын алдына құлдық ұра келді. — Сізді аман-есен көргеніме бакыттымын. Александр он ғасыр енсесін көтермеген елдердің бәріне рух беріп, теңестіріп еді ғой! Птоломей Ұлы Александрды құдай деп жариялады. Мен Ұлы Женімпаздың құдай екенін тірі күнінде-ак мойындағам. Дүниеде IV Александр бар деп естідім. Рас па?

— Рас, Демарат. Әкесі қайтқан соң бес айдан соң дуниеге келді.

— Соны естіген соң менің киялым құрт өзгерді. Есінізде ме... Александр Кратерді үлкен жосықпен Антипатрға қарсы жіберді.

— Есімде. Кратер ақыры жете алмады.

— Кратер басқарған сол жорықта мен де болдым. Патшаның тапсырмасы бойынша Кратер Антипатрды тұтқындалап, өзі Македония мен Грекиянын сатрабы болуға тиіс-тін. Ол дегенінде Кратер ен маңызды, ен құрделі жерде патшалық құрды деген сөз емес пе? Бірақ Кратер баяу жылжыды. Бір күншілік жерден соң он күн шатырды тігіп тастап демалумен болдық. Сол жорық жарты жолды енсермей-ак Ұлы Александр қайтыс болды деген хабар қуып жетті. Кратер жорықты мұлдем тоқтатты. Эфеске жосықты орналастырып, өзі тіке ұлы патша жерленетін Александрға тартты. Эскерді маған тапсырды. Аксүектер түгел Александрға патшаны жерлеу рәсіміне қатыспаққа асығыс аттанды. Мен кіммін? Анандай үлкен күшті ұсташу менің қолынан келмеді. Афиныдан келгендер бөлініп Афиныға кетті, Фивалық, Спарталық, Пеллалықтар да солай етті. Тек македондықтар иіріліп Эфесте қалып койдық. Жиырма мың колдан тоғыз мындаі қалған едік. Арада оншакты күн өтє әлгі тарам-тарам күш сәл азайып Антипатрдың псилиттерімен бірге өзімізді шапты. Соғыстық. Екі мындаі сарбаз қаза тапты. Жеті мынмен қаладан қашып шықтым. Сол қашқаннан Фракияға жетіп тоқтадым. Фракияға кім келгенін білесіз — Ұлы Александр

ұстазым деп өлермен шақта бір жұтым суды өзі ішпей сол арамза шалға бергізуші еді. Үзылдан, сүйретіліп жүретін Лисимах құлдыран қағып кетті. Мен Лисимахтың карсылығына қарамай патшалықтары бар жиһазын Вавилонның базарына аттандырдым. Одан соң Гавгамелді басып алдық. Қазірше бізге ешкім тиісken жоқ. Сол он екі мың атты әскерді бүкіл қала бол асырап жатыр. Ол аймақта Гавгамел адам қызығар қала емес. Содан ба?.. Әлде майда патшалықтардың ұшы-кирысыз соктығыстарынан бәрі шаршады ма, әзірше Гавгамел тыныш.

— Сіз, Демарат, мұнда жүрсіз. Елге кім ие бол отыр?

— Балам. Аристон. Патша мен емес — Аристон.

— Аристонның жасы қашада?

— Оттыз жетіде.

— Дұрыс-ак. Ақыл токтатқан жас.

— Ақыл! Ақылы жетеді. Өзім Лисимахтан еш нәрсе ала алмасамда баламды сарай данышпандары қытты. Білімге де, ерлікке де сонда барынша оқыды, үйренді.

— Маған неге келдініз, Демарат?

— Біз алакандай жердін иесіміз. Күш бар, шамалы казына бар. Ол бүгінгі жаппай жаугершілік заманда корған бола алмайды. Бізге одактас елдер керек. Осы жолы Мессопотамийге бардым. Селевк Үнді патшалықтарын кайтадан кайтарып алып, жолай өз елінде тәртіп орнатып келе жатса керек. Тосып жата алмадым. Мидия патшасы, баяғы Монофталымның немересі Юстинмен оп-онай тіл табыстық. Менің қайда бара жатқанымды білген сон Сізге мына хатты жолдады.

“Ұлы мәртебелі падиша!

Ұлы Женімпаздың мұрагері IV Александр!

Қазіргі кезде Македония гегемондығы Ұлы Александрын қазасынан кейін келмеске кетті, деген пікір Сицилия, Рим, Карфагеннен бері қарай жайылып жатыр. Эрине, ол жаңсақ пікір. Македонияның өзінде Антигон Монофталымның бір тұқымы Антигон Гонат тақта отыр. Мидияда — мен. Мессопотамияде Селевк патша. Египтте — Птоломей. Айналып келгенде бәрі де Ұлы Женімпаздың диадохтары мен солардың ұрпағы. Ең бастысы бәрі де македондықтар. Осы ақиқатты түсінуге тек антурған Антипатрдың ұрпактары жібермей тұр. Егер бүгін Антипатрдың өзінен аумаған оның қанқұйлы немересі Кассит тұбі македондық патшаларды шағыстырмаса, бірін-біріне айдал салмаса Ұлы Александр жеңіп алып, бізге тастап кеткен империя бірікпеген күннің өзінде (мейлі ол қалай аталсын) бір Одақ құрмас па едік? Сонда сырты бүтін, ел боларына күмәнім жоқ. Мен, Ұлы падиша, әзірше бес патшамен Одақ жөнінде, жалпыәллиндік

съезді әзірлеу жайлы келісімге қол жеткіздім. Егер осы съезде Роксана падиша мен IV Александр болса оның салмағы артар еді. Тұлтін түбінде Одактың автократоры IV Александр болса әділдік оринаған, Ұлы Женімпаз арманына баласы арқылы жеткен болып шықпай ма? Одактың автократорлығына IV Александрдың келуін армандаушы, Мидия патшасы Юстин Антигон”.

Юстин патшаның хаты Роксананың қөнліне конды. Бірақ ол айтқан Одактың қашшалықты алыс, қашшалықты қын екенін Роксана шамалады. Дегенмен ниеті дұрыс, ойы жүйелі адамдар бар екен. Роксана тек соған ғана сәл жібіген. Бәрі солай-ак болсын. Юстин бір нәрсені ескермей отыр. Ол съезд шакырылар. Патшалар “бұл табылған ақыл” деп бас шүлғыр. Бәрі үйіп келе жатқанда ең соңғы түйін – Автократоры кім болады дегенде, съезд қырық бөлініп түседі. Патшалар – пенденің пендесі. Мүмкін олардың жер бетін жауып тұрган қара халықтан озып, патша болуы да пендешілігінін, өзімшілдігінің арқасы шығар? Намыс ше? Жоқ, оларға біткен намыстың түрі бөлек. Оны Роксана ес білгелі алдымен Аксүйек Байтак патшаның жаңында жүріп, кейін Ұлы Александрдың жары ретінде өз көзімен көрді. Сол Лисимах шал, сол Птоломей, Селевк, сатрап Антипатр, Антигон Монофальм, Неарх, жеңілген патшалар құдіреті күшті Александрдың алдында демін ішіне тартып тұратын. Александр көмейіне келген сөзді іріклейтін мінезімен бұларға не айтпады! Сонда патша қаһарына мініп тұрғанын көріп, қарсы да сез айтпайтын, акталуға да батпайтын. Тәбесіне тоқпак тигендей теңселіп, бір катерден аман шыққандай қатып-семіп ұзап бара жататын. Оларды қойғанда “соғыс”, “шайқас”, “қызыл қырғын” десе “Парменион” болып көзге елестейтін, Филипп патшага талай-талай женісті жулып әперген Парменионды алдап түсірген Александр бар-жоғы жиырманың үстінен жана шықкан. Александр біреудің ақылына зәру емес-тін. Сондықтан өзі нени дұрыс деп тапса соны жасатты. Әрқашан айтқанын аяғына жеткізіп тоқтайтын. Парсы империясы құлағаннан кейінгі оның саясатын түсінбегендер қарсы тұрды. Бірақ олардан Александр тек елтіріп қана құтылды. Оппозицияның соңғы өкілі өзін патшадан артық санаған ұлы ақын Каллисфен еді. Ол да жолдан тайдырылды.

Роксана Аршад бек айтқан бір тұтқын жайлы ұмытып барады екен. Мараканың зынданында отыр, дегендей болды. Казір... Мына алаөкпе патшалықтарға жауап беріп, бір жайлы етейін, одан сон әлгі тұтқын жайлы Аршад бекпен ақылдасар. Алдымен оның кім екенін білу керек...

– Демаратты шакырындар. Аршад бек пен Горгий де келсін. – Резиденция ретінде салынған казіргі патша сарайының ең шеткі

кен қауызы ападан қызметін аткаратын. Роксана Демаратты сол ападанда ресми ренкін басымдау етіп қабылдады.

— Ұлы оқиғалардың бәрін Александр патшамен бірге өткерген, бүгін де оның ісін жалғастыруши Демарат! IV Александрдың патшалығында Сіздің есіміңіз құрметпен аталатын болады. Гавгамел мен Эсхатаның арасы шалғай болғанымен ниетіміз бір екен. Ризашылығымды қабыл алының және Аристон патшаға да ыстық ықыласымызды жеткізіңіз. Достық қолын созған отандастарына IV Александрдың елінде құрмет те, орын да жеткілікті. Егер Юстин патшаның Одак құру жөніндегі съезі нақтыланып, оның мақсаты, шарты, міндеті жазылған болса, съезд өтетін жер, мезгіл бекітілсе біз оған катысамыз. Юстин патшаға арнайы білдіргі бірер құнде кетеді. Сол білдіргімен қоса құжаттарының біз ұсынған жобалары да қолына тиеді. Арғы жағын уақыт көрсетеді. Ал Сіздер мен Біздердің арамызда түсіністік пен достық қарым-катынас орнағанының белгісі ретінде мына екі кубоктың бірін өзінізге, екіншісін Аристон патшаға сыйға тартамыз.

Роксана биіктігі кос карыс алтын, күмісі аралас аса көркем екі кубокты алдына қойды. Мұндай құрмет, ықыласты күтпеген, плебейлік тегінен арыла алмаған бейшараның қөзіне іркілдеп жас толды. Ерлігі мен өрлігі осы құнға жеткізген, ұсақ-түйекке мән бермейтін анғал жан көнілінің босағанына қысылмады. Лақылдата жауабын берді де сәл күмілжіп қалды.

— Иә, жер шалғай, падиша. Егер іргеміз жанасып тұрса Аристон IV Александрдың елін көзінің қараңызында сақтар еді.

— Кім білсін, Демарат ақылшым, Аристонның іргесі кеңейсе жанасу оп-онай емес пе? Ол үшін бір күйста жатуды місі тұттай бос кеңістікті бірте-бірте игере берсе... Алдынан дәл солай келе жатқан IV Александрдың жосығы жолықтай ма?..

— Түсіндім, ұты падиша. Мен енді мұнда тағат тауып жата алмаспышын. Тезірек Аристонға жетуім керек. Болған-біткенді, көрген-түйгенімді жеткізейін. Ал Аристон нақты ұсыныспен келсе падиша қабылдар ма екен?

— Тек, келсін. Дос-жар адамдарға бул елдің есігі ашық.

Гавгамелге жеткенше неше тайпа, неше елдің ұстінен өтерін, жүрген жерінде Роксана падишаны дәрілтеумен боларын түсініп, падиша Демараттың құрметіне қонақасын аста-төк қып өткізді. Демарат сонына ілескен бес жүздікпен қоқыста пайда болып, дәл солай сейілген құйындау көзден таса болды.

Роксана Демараттан еш пайда іздеген жок. Батыр шал келді, кетті. Александрдың күдіретін ұмытпағаны, өз көнілінің төрінде ұстағаны үшін-ак осы құрмет көрсетілді. Бір жағы Ұлы Женімпаздың аруағын риза еткендей көнілі жайланды. Осының

бәрін жасай жүріп, падишаның санасында үнемі Баршын тұрды. Кайда, қанша жерге жетті, не болады? Бұл сарытап ойға әлгі зынданда жатқан жұмбак жан косылды. Зынданда сыртқа шықса шетінен жалмар сиқыр жатыр ма, әлде кешегі мен бүгінді, ертенгі камынды, арғы өмірінді айтып берер сұнғыла жатыр ма? Ол кім? Жау жатыр ма, бейкүнә бейшара ма?

— Қундікші... Аршад пен Апанасийді және Горгийді шақыр.

Үшеуі де келді.

— Горгий... Тастағы жазуды оқи алдың ба?

— Оқитын да ештеңесі жоқ екен. Тастын бетіне борды жағып, одан соң сүртіп тастағанда мына кашалған әріптер шыға келді. Міне.

Роксана тасты қолына алды.

— Ка... ллис... фен.

— Каллисфен?! — Апанасий шошып кетті. — О, Жаратқан, мынауың әлі тірі екен-ая! Иә, Каллисфен осы Мараканда зынданға салынған. “Бұған кім азаттық берсе, зынданға сол түседі”, — деп Александр сатрап пен қала даруғасына шегелеп айтып, Эвмен ол пәрменді екі тілде жаздырып тастап кеткен.

— Қай жылы тасталып еді?

— Ім... Клитоның өлімінен кейін... Яғни 328 жылы. Сонда... қанша жыл өткен? Он жеті жыл!

— Апанасий, Каллисфенді танитын тек өзінсін. Бізben бірге жолға шығасың. Суниот қалаға ие болады. Горгий, сен де Мараканға баrasың. Аршад бек жолға дайынсыз ба?

— Эрине, падиша!

311 жылдың жазы өтті. Бірақ Мараканда жаз бен күздің жігі білінбейді. Батыстан өкпек жел соғып, түнге қарай шалшық бетіне мұз катса қыс келді дей бер. Қыстын ауылы әзірше алыс. Жаз жалқыны қайтпаған бір күні Роксана өрен-жарандарымен зынданға келді. Зынданды көрмеген екен. Бойшан адам көсіліп жатар ені бар, дөнгелек құлық. Астынан су шықпас үшін төбешіктің төбесін ойып қазады екен. Кабырғасын жұмыр ағашпен бекіткен. Табанына да ағаш төсеп, үстіне күріштің сабанын молынан тастаған. Терендігі үш құлаштан кем емес. Тұтқын сыртқа сұранбас үшін қықтайды дәліз қазылған. Сол дәліз біткен тұста қажетін өтейді екен. Роксана мынандай да тағдыр боларын естігенмен оны ертегі секілді кабылдап келіпті. Падишаның жаны түршікті. Зынданның дәл үстіне жасалған күнқағардың астына кіріп, өзі зынданның түбіне көз салды. Бір тутім ешкінің жүніндей ғана бір нәрсе ағарандады. Басқа еш нәрсе көре алмады. “Қанша зындан бар мұнда?” Ол жан жағына қарап бес күнқағардың бес зындан екенін үқтый. Күзет басын шақырып алды.

— Мына адамды шығарындар. Горгий жарлыкты ұстат. Қалған

төртеуінде кім отырғанын анықта, Горгий. Соңан сон маған айт. Бірер күннен асырма. Күзет басы! Мараканда, басқа кенттерде және бар ма зындандар?

— Басқа кенттер дегенде Зариаспы мен Паратакентте бестен-оннан отыратын зындандар бар. Ал аса қауіпті, тегі ақсүйектерді тек осында ұстаймыз. Мынауының бастапқыда Мараканда екі-үш жыл отырды.

— Горгий, жаңына көмекшілерді ертіп, Зариаспы мен Паратакенттің зындандарында отырғандарды түгел тізімде. Кімнің қай кезден, не үшін отырғанын, мерзімнің өтелген-әтелмегенін түгел анықта. Бар тізім маған келсін. — Падишаның тәбे шашы тік тұрды.

Зындан тубіне қауға түсіріліп, ішке түскен күзет сарбазы әлгі тұтқынды қауғага көтеріп салды. Екі жігіт арқанды саумалап, лезде қауғаны жердің үстіне алып шықты. Қауға ішінде шашы әппак, сүйектері терісін тесіп кетердей арық, сұр кебенек киген тұтқын жатыр. Ызындалап бірнәрсе айткан болады, бірақ жүруден қалған екен.

— Апанасий! Таныдын ба?

— Танып тұрмын. Баяғы кербез Каллисфеннен қалғаны осы-ақ болар. Он жеті жыл! О나и ма?! Асырап көремін. Мүмкін үні шығып, тілі орамға келер? Казір сейлесе алмаймыз. Падиша...

Апанасий күмілжіп қалды.

— Бір заманда македон-грек әлемінің екпінін әлемге танытқан жосықта аса қадірлі алты-жеті адам болушы еді. Эрине біріншісі құдай текті Ұлы Александр, одан соң Александрдың он көзі

— Гефестион... Жалпы сол алты-жеті ме, он-он бес пе, әйтеур ардақтылардың жуан ортасында осы, мына жатқан Каллисфен бар-тын. Каллисфен салт атка да мінбейтін. Шабыт шақырып арнайы жасалған салтанаты мен жайлышығы ерекше күйемен жүретін. Екі қызметшісі, оншақты сарбаздан тұратын корғанышы және бар. Ұлы Женімпаз Каллисфенді соңғы кезде катты жек көрді. Бірақ Парменион, Филота, Клито секілді өлтіре салуға бармаған. Каллисфен ойдың адамы ғой. Ойлансын дегені шығар? Өзі тірі болса шығарып та алар ма еді? Оқасы жок. Ойланғаны көрініп тұр. Енді тек не ойлағанын есту үшін асырап, күш-қуатын кіргізу керек. Оны сіз маған тапсырыныз. Мен оны Эсхатаға алып кетем де бір сенімді, онаша, жайлыш жерде ұстаймын. Соңда бір ем-домшы кемпірлер бар. Соларға қаратайын. Ишім-жемін солар реттесін. Мынауының, дәл қазір тірі аруақ.

— Айтқаның болсын, Апанасий. Көз жазып қалма. Былай, көтерілген болса маған айтасың. Мен онымен сейлессем деп едім.

— Түсінемін, ұлы падиша. Бұл жақсылықты білмеген, бағалай алмай, өзі отырған бұтаны шапқан адам. Шынымен тірілсе әлі де

кательлі жау. Сөзбен кімді де болса арбал, үйітып тастайды. Өзіне соншалактың жақсылық жасап, алаканында ұстаған Ұлы Александрмен иық теңестіргісі келді. Ол аз болса диадохтарының біразын ашық жауға айналдырыды. Жас аристократтардың кесеміне айналып, өз ортасында Ұлы Женімпазды мазаққа айналдырыды. Соңан соң... Он жеті жыл ойлануға мұрсат алды... Менің ішім оған ешқашан жылымайды. Бірак, маған Ұлы Александрмен узенгілес болғанын бәрі қымбат. Александрдан айырылып калған соң онымен дәмдес болған, қатар өмір кешкен ашық жауаларын да бағалауға мәжбүрмін. Өйткені Каллисфенің бар екені рас болса жұлдыздай ағып өткен Ұлы Александр да дүниеде болды дегеннін бір дәлелі деп кана қабылдаймын. Александр Македонияны адамзат тарихының ең биік сатысына шығарып кетті. Енді мына жатқан жан иесі есі жиналса құдайшылығын айта ма, жоқ па, деген бір ой ішінді тесіп барады. Соған жауап алуға асығыспын, падиша.

Роксана падиша орталық аланның жан-жағындағы ығызығы үйлерді сыптырып тастап Керуен-сарай салдыруды колға алды. Қаланың көшелерін тақтайдай етіп түзеткізді. Орталық көшелердің бетіне жайпақ тас төсөтіп, ескі семіп қалған ағаштарды құртқызып, көшеттер отырғызууды өзі қадағалауда. Қаланың төрт сарынан кіретін қақпаның біреуін жапты. Ол қакпа салынып жатқан жана патша сарайының бір қапталына жақын еді. Сарайдың аяқ асты болмағанын, Вавилон Зиккураты секілді өрі сарай өрі алынбас бекініс, кеңістікке жер асты құпия жолымен шығуға болатын күрделі әлем екенін есінде ұстады. Жұрт жаңа сарайдың көркемдігіне таң тамаша. Енді аз уақыттан соң Сарай жанасқан қала дуалы аса берік, биік камалға айналатыны, жаңа сарайды ішкі қамал жасырып қалатынын, әрине, білмейді. Сейтіп, Роксана өз әлемін барынша берік, барынша сәулетті, келген адамның мысын басарлық етіп бүтінде жатыр. Маракандтың жарамды үйлерін Роксана әрлетті. Жарамсыздарын бірте-бірте киратып, жаңа үйлер тұрғызыбак. Мұнда демалыс бактары, шайханалар кайта жасалып жатыр. Падиша әлгі базар, шайхана, түнемеліктердің иелерін сілкілеп, бәрін жанартқызып шықлады.

Не дегенмен, халық риза. Енді біраз жылдан соң падиша қала ішін жалғыз жүріп аралауға жетпек. Корғаушы, оккашар керек болмайды. Өйткені Падишаның амандығы баршаға қажет күн туғызады. Онын арманы – өз еліне қарасты құллі қалалар мен кенттерде осындаі сілкініс, түлеу, жанару жүргізіп, халықтың енсесін көтеру. Басқа елдерден керуен мен кіре үзбей келіп тұратын жасайды. Вавилонның базарына жете ме, жоқ па, белгісіз. Дегенмен Ұлы Дағаның хан базары Мараканд болады. Мараканд әлемнің үш астанасының біріне айналады.

Роксана соны жасайды. Эттен... Кейде қол қыска. Дәл өзі секілді жанығып өмір сүретін, бар іске жанын сала кірісетін тасқайнат бір адам болмай тұр. Аршад бек... Ол сатрап. Айтқанды жасайды. Адал. Бірақ екеуінің табиғаты екі бөлек. Ол Роксананың ойлау денгейіндегі көп жайтке кірісе алмайды. Дәрежесі төмен. Мүмкін содан болар?

Роксана Зариаспы мен Паратакентті аралап, жолай Киропольға сокты. Киропольда Аршад бек қарсы алып, Роксананы Бекасылдың қасты ордасы аталатын ерекше бір әлемге кіргізді. Алдынан ажары еркекті былай койғанда, ұрғашыны қызықтырар, бір сұлу шыкты. Енкейіп сәлем берді, киылып төрге шакырды...

— Ұлы падиша! Сіз бөтен үйге түскен жоксыз. Бұл үй Бекасылдың қасты ордасы. Алдыныңда тұрған Сая — келініңіз.

— Келін?.. Қашаннан? — Роксана тіксініл қалды.

— Жуырдан бері. Өзім Сізге айтам деп еді...

— Իм... Айтудың кисыны болмады... Абыр-сабыр көбейіп кетті. Рас, Бекасыл екішты жымпышпен, Роксана, өзіңе айттар бір жайт бар. Арнайы келіп айтамын. Одан кейінгісіне сенің көмегің керек, қолдауын қажет деп еді. Енді түсіндім... Аршад бек бұл өзгерістен тыс қалмаған болар?

— Басы-қасында. Дос-жар жағдай болғасын...

— Жарайды! Бекасыл інім екені рас. Бірақ ол мені он ораң кетер байырғы, іргелі мемлекеттің патшасы фой. Оған қысастық жасасақ: “Касты ордана өз еліннен орын табылмады ма?” — дерміз. Оған Бекасыл кинала қоймас. Қайта қуатты патшаның біздің елге келіп тұруына бір себептің болғаны да керек шығар, Аршад бек?

— Әрине, Ұлы падиша.

— Келіннің атын естімедік кой!?

— Сая... — Келіннің аузынан үл еткен самалдай бол осы есім ұшып шыкты.

— Керемет! Իм... Бәрін түсіндім. Бақытты бол, Сая. Келші, жақындашы... — Роксана келініңін мандайынан сүйді. — Өз үйімізге түскен екенбіз, онда бірер күн аялдаймыз. Қасты орда маған ұнап тұр. Саямен бірер күн сырласайық. Солай ма, қалқам.

— Сіздің келгеніңіз — төбеміздің көкке жеткені, ұлы падиша.

— Жә... Мен екі күн падишалығымды сылып тастап, көзден таса жерде еркін демалсам деп едім, Аршад бек... Бекасылдың құрығы екені рас болса ешкім бейсаут журмесін. Хабардың жақсысын да жаманын да өткізбеніз. Тек жау шаппаса болғаны.

Екі күнде Роксана мен Сая құрбыларша сөйлесіп кетті. Кейбір сәттерде Роксана Саяның білімділігіне, зеректігіне іштей қатты разы болды. “Адам болған сон кейде осылай ішінді еркін актаратын тындаушын да керек екен”, — деп ойлады Роксана.

Осылай екі күн бір тамылжыған жағдайда өте шыкты. Роксана өзінің қаншалыкты шаршағанын, қажығанын енді түсінді. Бірақ аз ғұмырында көпті көрген падиша неліктен осы Саяға келгенде буын-буынының босағанына ғана түсінбеді. “Сондай адамдар болады”—деп ойлады да, дунис бір уыс болып, өзі әбден титықтаса келіп тұрар бір жайдары әлемінің табылғанына қуанды.

Роксана жолға жиналды. Падишалық кебін қайта кигендей. Сая онын жаңынан шықпады. Аршад бек падиша алдында сымдай тартылғанмен Тәнір жарыстыра жасай салған екі сұлу әйелге алма-кезек көз тастайды. Сая сұлу-ак. Эрі жас. Оның сұлулығы кез келген еркекті есінен тандырар әйел сұлулығы, әйел нәзіктігі, бірден отша карып түсер сұлулық. Роксана хас шебердің қолынан шыққан мінсіз жаунардай мөлдіреген сұлулық. Аса ұстамды, кейде сұық сұлулық. Бірақ Аршад бек Роксананың еркін жүрген күндерінде оның маржандай аппақ тістерін жарқырата күлгенін көрді. Шашының көпсіл еркін бұлғақтағанына аузын ашып қалды. Сұлулық пен еркіндік қосылғанда әйелге, әсіреле Роксанада жетерлік сұлулықты бұл көрмеген екен.

Аршад бектің қеудесінде ұзак жылдар үйқыда жатқан бір албырт сезім бұлқынды...

Киропольден шығып, Падиша мен Аршад бек Эсхатаға бет түзеді. Аршад үнсіздікті бұзбауға тырысты. Падиша іштей әндептіп, тойдан кайткан адамдай женілейіп келе жатты. Екі құнгі жайбарақат, жауапсыз-сұраусыз, есепсіз-кисапсыз, сұраусыз-тергеусіз өмір оған қатты ұнады. Соның желіті әлі де басыла қойған жок. Тек үндеңегеннін арқасында сыр шашпай келеді. Аршад бекке қарап қояды. Отызды орталуға жакын сақа еркек. Қак-соктың бәрін көрген жігіт ағасы. Оған ешқандай баптың керегі жок екен. Қанша рет жолға бірге шыкты. Алқын-жұлқын кездері жағдайы болмаса да, шаршауық, мазан күй-кешсе де, сакалмұрты есінкіреле өнінін ағы – ак, қарасы – кара бол айқындала түседі екен. Екі көзі қалың да ұзын кірпіктердің қамауындағы қамысты-қоғалы көл тәрізденіп тұрады. Аса сымбатты жарапған жан. Бойшан. Аса жинакы. Өте ұстамды. Сабырлы. Сөзі санаулы. Падишаның жаңына ілескенде өзінің бар-жоғын білдірмеуге тырысатын секілді. Өз орнын, өз бағасын да біледі. Марақанының, яғни Соғдының сатрабы еткен Падишасының амандығын ертерек ойлап, алыстан корғаштайтының білдіргісі жок. Бірақ сезімталдыққа келгенде еркекті шаң қаптырар әйел түйсігі оны қалайша сезбесін. Неге екенін, кеше Роксана мен Сая, одан соң Саяның анасы – үшеуі суға шомылып, сыланып, таранып, иіс сулардың небір түрлерін жағып, дастаркан басында бір-бір тостақ шарап ішкен соң дөлебе қозды. Шарап Роксананың иығынан басып тұрған бар жүгін: Ұлы Александрдың жесірі, IV

Александрын анасы, Ақсүйек Байтактың дана қызы, бір елдін Падишасы екенін жерге жулып түсіріп, оған тырдай жаланаш әйел табиғатын қайтарып берді. Бір құмар қысты, лықсып, еті әлсін әлі өргенді, жанды. Сонда... көз алдына Аршад елестеді...

Бәрі де кеше осылай әдеттегі қатып-семген қалыптан шығынқырады. Бірақ енді де кеудеде тірілген бұла сезімді түмшалап, узенгі қағыстыра тасқайнат аттармен Эсхатаға сүйт келе жатыр.

Бұл жолы да Апанасий алдарынан тосып алды – және бір тосын жағдай деген сөз.

– Ұлы падиша! Юстин патшадан Шақыру келді. Съезге шакырады. Адамдары тосулы.

– Қашан жұру керек?

– Арғы күні жолға шыкканының жән. Сонда емін-еркін үлгеріп жетесіз.

Роксана Юстиннің қолын таныды. Бармасқа болмайды. Уәдесін қайтып ала алмайды. Патша болу бақыт шығар. Бірақ патшаның өмірі көтерлі өмір екенін жұрт біле ме?! Бұрын Ұлы Александрдың құлағына бізден гөрі жақынсыз ғой, деп неше түрлі етініш айтқан диадохтар ол жерге тәқаппар патша бол келеді. Кім қалай өзгерді? Кім не айтады? Не ұсынады? Элемнің жартысын билеушілер арқылы жақын кеністіктे нендей ағымдар, қандай саясаттар жүріп жатыр? Элемдік елдер арасында бұларды бар дең есептей ме? Санаса ма? Александр Македонскийдің аты атала ма? Атала қалай?..

Осылай таңға жуық көзі ілінген Роксана кунделікті уақытысында өрт шалғандай атып тұрды.

– Жатқақ! Тез киіндір! – Роксана тез киініп, Суниот пен Фиоклді шакыртты. Екеуі Юстиннен келген бес адамның екеуін жолбасшылыққа алып, он бес сарбаз ілестіріп Сузыға, Юстин съезд өткізетін жерге жедел аттанып кетті. Роксанада осы әрекетті айтуға келген Аршад ол шаруаны Роксананың өзі-ақ астын-үстін етіп аттандырғанын біліп, екі езуі-екі құлағына жетті.

– Падиша! Өмірім сізге жете алмаумен өтетін болар. Мен ойланғанша – сіз іс бітіріпсіз.

– “Падиша не айтады?” – деген іште тежеу бар ғой. Менде ол жоқ. Сарай салынып бітсе ары-бері сарсылып жұру азаяр. Сонда сатрап өз елкесінің иесі ретінде ешкімге жалтақтамай іске кірісер. Әзірше, менің шаруама бола падишаның шашбауын көтеруші бол жүрсіз... Сарайды тезірек бітіртсөніз, бұл міндеттен де тезірек құтыласыз.

– Кайда барсак та, не істесек те жана құрылып жатқан патшалықтың қамы емес пе, Падиша? Мені қинала-қинала ілесіп жүр деп ойламаныз. Керісінше қуана-куана жолға шығамын.

Сіз көз алдымда жүрсөніз дүнием түгел, көңілім ток. Егер қажет деп тапсанызы Сузыға да бірге баар едім. Сіздің амандағынызды менен артық ойлайтын, қауіп-кательді күні бұрын дәл мендей сезетін адамды көріп тұрғаным жок.

— Өзінізге жаман баға бермеген сияқтысыз, Аршад бек. Айтқаныңыз болсын. Бірге барамыз. Қаша жасақ ілестьреміз, жолда күтпеген жағдай туса не істерімізді ойланызы. Мен түнде көз ілмедім. Бүтін дұрыстап тынықпасам жолға жарамаспсын. Иә, Аршад бек, мен Дағаның жаугер қызы болғанмын. Енді Македонияның, Элладаның келінімін. Салт ат мінгенім ерсілеу болар. Күйменен барғаныма қалай қарайсыз?

— Күйменен барыныз. Ертеулі атынызды күймеге жанастыра жетекке аламыз.

— Неге?

— Жолда бәрі де болуы, Падиша. Күйме күншілік жерден көрінеді. Жау торыса күймені көздейді. Сондай бір апас-қапас бола калса салт ат керек болады.

— Басқасын Аршад бек өзі ойлар. Мен жолсоктылықтан көз аша алмай шаршаңқырап жүрмін.

— Тынығыныз, Ұлы падиша! Ешнәрсеге алаң болмаңыз.

Роксананы Сузыға дейінгі аралық әбден-ак титыктатты. Дегенмен оқыс жайтардан аман-есен жетті. Суниот пен Фиокл көлгөсір дайындықтың дәмін де татып алышты. Екеуі де сәл қызулау. Онысы Аршадқа ұнамады.

— Падишаның резиденциясы қайда? Тексердіндер ме?

— Резиденция тамаша. Съезд өтетін сарайдың дәл түбінде.

— Юстин әр патша сонына 300-ден артық әскер ілестьрмесін деген екен. Біз оны жасадық. Рас енді төрт жүзі кала сыртында қалды. Ол қайтар жолдын камы.

— Падиша! — деді Аршад бек онаша қалғанда. — Патшалар сізді елемеген болып көрінуге тырысуы. Бірак бәрінің көкейінде Александр империясының занды мұрагері келіп отыр деген кара ой түруы ықтимал. Мына алтын салты кездік аса көп салмак та бола коймас. Мен өзім тағып берсем деп едім.

Аршад өмірінде бірінші рет Роксананың білегінен үстады. Екеуінін де денесін ыстық күшп кетті. Ұлы Александрдың жанында да өз қалауымен өмір сүрген адам, Падиша. Еразаматтарға жетпей тұратын көп мінездің иесі. Ал қолы, білезіктігі жас баланікі секілді. Сірә, адамның шын мықтылығы білекте емес, ершіл рухында болды-ау..

Аршад құрыштан жасалып, сабына алтын жалатқан, қыны да жұқалтан кездікті Роксананың білегіне бекітіп берді. Кездік жен ішінде болады. Аршад съезд кезінде Падишаның ту сыртынан бағып отырады. Падишаның он жағында Горгий, сол жағында

Суниот орналаспак, Фиоклді Аршад Падишаның алдындағы қатарға бекітті. Бактүр-грек патшалығы үшін бұл съезден гөрі өз еркімен торға түсуге келген алтын балыққа ұксап та тұр.

Падишаның құймемен келгені абырой болды. Басқа патшалар аттан түсіп жатқанда Роксананың бір кезде Дарийдікі болған, одан Ұлы Александрға ауыскан, енді Роксана мініп келген алтын құйме баршаға таныс ерекше дүние еді. Құйменің өзі биліктін тұп қазығы қайда екенін тілсіз, сөзсіз-ақ бетке басқандай бәрінін назарын аударды. Құйменден түскен Роксана, сірә, әйел адамның шегіне жеткен сұлу шағында болса керек. Патша үйінде туып, әлемнің әміршісінін тұнғыш некелі жары болған әйел десе дегендей-ақ. Мінсіз сұлулыққа сүйекке біткен ханықелік қосылған соң ба, еркек біткен кіріптар қүйге түсіп, жүрісінен, кимылтынан жаңылды. Ішінде мызғымас орнықтылығы бірге жаратылған Аршад бек Падишаны демеп түсіріп, мынадай Падишаның жаңында тек осында еркек жүре алады деп Дағаның керім жігітін жібергендей әсер етті төнірекке.

Съезд бір қундан біте алмады. Майлы қасықтай жылпылдаған Юстин патша дәмесі аз да емес, көп те емес осы съезде Сузы Одағының автократоры мен болам деп келген тәқаппар патшалардың ниетін, ойын бір арнаға жуықтата алмады. Бірінші күннің сонында елеусіз ғана хабарлама жасады:

— Ертengі мәжілісте бірінші сөз Бактүр-грек Падишасы Роксанага беріледі...

Юстин осыны әдейі айтқан болуы керек. Ертен Роксана сөйлейді дегенде Аршадтан тер бұрк ете калды. Өкпесі қысылып, ойы пышырап, тізесі қалтырады. Өйткені мына ападанда бөлшектеп болса да жарты әлемді билеп-төстеп отырған алпауыттар ертен Роксананы сұрактың астына алып, шайнап тастауға тырысады. Себебі белгілі – мұрагерлік таразысында Бактүр-грек патшасы бәрінен салмақты. Одан асып тусу мүмкін емес. Адамгершілік тұрғысынан бұлардың бәрі екі жұзді, сатқын жандар. Әңгімені соған жеткізбей үшін үкідей желбіреген Падишаны мінберден үркітіп жіберу керек...

Кеш бойы Аршад бек Падишага мұсіркей караумен болды. Қенілі нілдей бұзылып, ертengі күн тезірек өтсе-кетсе деп тіледі. Бірақ Роксанада еш толку жоқ. Қонақасында өз айдынына конған аққудай еркін жұзді. Дегенмен Александрдың диадохтары болған, енді патша атанғандардан тек Селевк келіп қолын өбті. Лисимах Роксананы байкамағансыды, Птоломей ашық менмендік танытты. Кіші Азияны талапайға салған майда патшалықтар ғана еш дықсыз емен-жарқын сәлем беріп, жақсы ниеттерін білдіріп жатты. Соның ішінде Аристон да бар.

— Ұлы Падиша! Ертен анау іргелі патшалар Сізді сөзден

жанылдырып, тіпті дөрекі сөйлеулері мүмкін. Соған әзір болыныз. Мен мына өзім секілді бір дорбаға сиып кетер патшасымақтарды даярлап қоямын. Олар аузын ашса тұс-тұсташ шүйлігеді. Саспаңыз.

— Рахмет, Аристон патша. Ертеңгі іс жай сөз ғана... Одан ығатын болсам көлмес едім. Бұл съезд он төрт жыл іште қайнаған шындықты айтудың енді таптырмас сәті. Ал Одак мына сұрымен тым алыс киял екен. Одан гөрі Өзініз айтқан бір дорба патшалықтар қосылса бір дені дұрыс мемлекет құрылmas па екен?

— Ұлы падиша! Птоломей, Лисимах, Селевк, Юстин дегендерініз жайын ауыздар. Олар талғамай жұтады. Ал майда-шүйделерініз де онай адамдар емес. Олар кәдімгі бүйі, саршаян секілді шағады. Уыты кісі өлтірер бәлелер. Оның соры — ат тұяғы. Қыбырлап жүргенде кара тұяқ бырг-бырг басып өтсе сол жерде жанышылып қалады. Ат тұяғы бізде он екі мың. Сіздерде өте көп деп естімін. Қүш қосып, бір жүріп өтсек мен жеке патшалықтан бас тартып, жаңағы жерлердін сатрабы болуға келісер едім. Экем де осы пікірде. Olsen кісіре салсаныз ертең-ак, мал-мұлқінмен, атты әскерінмен Бактүргек патшалығына барып қосыл. Падиша астанасын Марақанға ауыстыруды. Сен Эсхатаны мықты бекініске, жақсы дамыған кентке айналдыр. Падишаның он көзі бол. Бәріміздің кеудемізге от берген Ұлы Александрдың атындағы елге әкен секілді адап қызмет ет. Гавгамелді саған ұстасып койып, парсылар да отырмайды, Египетке де ол қара тікен, ал Грекия үшін ол кисынсыз жерге шыккан шиқан. Алак-жұлак өмірін бір күні біtedі. Өз дәuletін, өз әскерін барда аман-есен Падишаға жет деп қояр емес.

— Демарат — кеменгер адам. Сізді жақсы мектептен өткізіпті. Зор білім әперіпті. Кінәз санатына жетіпсіздер. Мен тек өз пікірімді ғана айта аламын. Онда да бүгін емес, Аристон патша. Ертең — съезд аяқталған соң. Ойланыныз. Мен айтарымды Демарат ақылманнан айтып жібергенмін. Бактүр-Грек патшалығында бәрімізге орын жетеді. Мемлекет алдымен іштей бекіп, мызғымас калыпқа түспей жорыққа шыға алмайды. Бактүр-Грек патшалығының мемлекеттік коры мына алпауыттарыныздан кем емес. Қажет болса бір сөтте бес жұз мың жосық жалдарлық жағдай бар. Ол — мүмкіндіктің шегі емес, тек бір сынығы ғана. Эзірше Ұлы Даға патшалықтарының кара ормандай қалың қолы ту сыртымызда тұр. Ұлы Александрды үш жыл шырқ айналдырып, тоқымдай жер бермеген сак жосығы кірпік каклай ел мен жерін сактайды. Olsen күштің не екенін мыналардың бәрі біледі. Ел тірегі — бірлік, әділет, әскер, ақылды саясат. Жаңағы майда-шүйде дегендерінізді кылыш сілтеп, найза тіремей-ак қосып алуға болады, деп ойлаймын, Аристон патша. Жақсы, бүгінгі күнге рахмет, ертеңгі күннің тілеуін тілейік!

Съездің екінші күніне жер шарына шашылып кеткен македондықтар шашау шыклай түгел келді. Сөз берілді. Роксананың тық-тық өкшесінің дыбысынан өзге дыбыс жок — ападан тым-тырыс.

— Македонияның ұлы перзенттер! Бұған еш бір халық, ешбір ел осынша патша, қолбасшы шығардым, менің данышпан ұлдарым жарты әлемге билік етіп отыр деп мактана алмайды. Ондай бақыт тек Македонияға берілген. Дүниеге адам текті болып келіп Зевстің ұлына айналған, Птоломей Лаг патша құдай деп жариялаған Ұлы Александр күні кеше өздерінізben катар жүрген, ұлы армандарға Сіздермен бірге жетсем деп жорық жолынан қаһарман диадохтарымен бірге өтті. Мен сол қаһарман қолбасшылардың бүгін патша атанғанын мактанды етемін, амансау көргеніме шын жүректен куаныштымын. Осы жылдар мен Ұлы Александрдың соңы неге лаң болды деп көп ойландым. Жасырмаймын кешегі диадохтарының өзара қырқысып кеткен, Селевк патшадан басқаларының осы кеңістіктен Ұлы Женімпаздың мұрагері IV Александрге енші бөлуді біржолата ұмытқаны үшін назаландым да, қорландым да. Бірак уақыт өте келе бір ақиқатқа тоқталдым. Ұлы Александранан кейінгі империя үшін талас-тартыс занды құбылыс екен. Өйткені мың ажалдан аман өткен Александр дәл со жолы шын өлеңді деп ешкім күткен жок. Ол ауырады, содан соң жазылып бәрін өзінше жасайды деген сенім басым болды. Шындығы да сол. Бар болғаны отыз екі жастағы Ұлы Женімпаз төсектен енді тұрмайды деп кім ойлаған?! Тарихтың дәл осылай күрт өзгерген сәтінде Зевстің Ұлына бар құрметті аямай, өзі салған Александриясындағы мәнгілік үйіне жайғастыруда ерен қайрат жұмсаған, шын достың ісін істеген Птоломей Лаг патшаға мен — Ұлы Женімпаздың жары және оның мұрагері IV Александр атынан алғысымызды айтамыз. Кезінің тірісінде Александр Птоломей досын мындаған тірі пенделерден асырып, ең жақын қолбасшыларының катарына қости. Александры құдай деп жарияладап, Птоломей патша оны елдің сактаушы, желеп-жебеуші деп отыр. Солай өлі Александр тірілерге көмектесіп, аспаннан қарап тұр. Бұдан артық адамда нендей қасиет болуы?! Селевк патшаға біз мәнгілік карыздармыз. Он үш жыл бойы Семирамида аспалы бағын маған атап, Вавилон Зиккуратын IV Александрге енші етіп беріп, сактап, корғап отырды. Селевк патшаның досы — Александрға деген құрметі, зор адамгершілігі Ұлы Женімпаздың мұрагерін де мені де осы күнге аман жеткізді. Данкының артсын, Селевк патша! Патшалығының мәнгілік аман-есен тұрсын! Ұлы Александрды досым деп таныған баршага рахмет!

Енді... Бұғінгі съезд мақсатына байланысты айтайын.

Александрың актық сөзі баршаға мәлім. Ол өлерінде: “Өз орныңды кім басады?” – деген арсыз сұрапқа: “Тек лайыкты адам”, – деп жауап берді. Мен үшін оның сөзі – құдайдың әмірі. Егер македондықтар Сузы Одағын құрып, оған автократор іздеген болса, мен бүгін де, ертең де, яғни IV Александр он сегізге толған соң да ол талаптан бас тартамын. Әйткені, әкесі ұлы жан болғанның баласы да ұлы бола бермейді. Егер әкесіне тарткан сырты мұз, іші от патша болып қалыптасса ондай әмірші ешкіммен есептеспейді, билікті өзі жұлып алады. Біз бүгінгі күннің қамын ойлап, автократорлыққа кім лайыкты болса соған билікті ұстатаіык. Бактүр-Грек патшалығы күні кеше құрылғанмен оның артында кім тұрганы әлемге аян. Мен патшалыққа Александрдың бар қазынасы аман-есен жеткізілгенін мәлімдеймін. Бүгін Бактүр-Грек патшалығы бес жұз мың әскер жалдап, он жыл үздіксіз соғысуға жағдайы жететін мемлекет. Бірақ біздің саясатымыз соғыс емес. Біздің саясатымыз – Македон гегемондығын баршаңызben бірге кайтадан орнықтыру. Бүгін Автократор сайланса біз ертең-ақ ортақ қазынаға сұратқан таланттың жеткізіп береміз. Сол Бактүр-Грек патшалығының атынан мен екі патшаны Автократорлыққа ұсынамын: Птоломей Лаг пен жуырдаған жағдайында бағындырып кайтқан Селевк патша! Тындағандастыңызға рахмет! Македония жасасын!

Аршад бек аң-тан! Горгий екеуі бір-біріне карайды. Осынша жыл тісін кайраған патшаларды мақтағаны, оларды ұсынғаны қалай?.. Осы бір түсініксіз сәттің бір ұнаған жері, Роксана мінберден түскенде әлгі мүйізі қарағайдай, пан keude патшалардан бастап, Кіші Азиялық “бір дорбаға сиятын” майдада патшаларға дейін тік тұрып, дүркірете қол сокты.

Съезд тарады – Автократор сайланбады. Роксана падиша Александрдың диадохтары – бүгінгі патшаларға қарата айтарын айтуып қайту мақсатына жетті. Осы бір ұзақ қайнаған, өзінің де ішін жеуге айналған қыжылдан құтылды. Бірақ падишаның кайрымсыз, опасыз диадохтарға лағнет айтудың орнына алғыс айтуын Аршад бек те, елдін сыртқы қарым-қатынасына жауапты Горгий де түсінбеді. Екеуі де жеме-жемге келгенде Роксана падишаның табандылығы жетпелі деп ұқты. Аршад болар іс болды, енді қазбалаудың кажеті болмас, Падиша бір бармағын қысып қалған шығар деді де қайтар жолды ойлады. Әлі мұндай ірі додаға кірмеген, зымиян саясаттар тоғысқан түйінді көрмеген әлі де жастиқ албырттығы басым Горгий Падиша өз резиденциясына оралғанда ішін өртеп бара жатқан құдік пен күмәнін сыртқа лақ еткізді.

– Ұлы падиша, съезд ешкімге дәл сізге көрсетілген күрметті көрсетпеді. Бәрі – жау да, дос та, бейтарап та қол сокты. Оған біз

шексіз қуаныштымыз. Ал әлгі арсыз диадохтардың көзіне көк шыбын үймелете ме деп едім... Оған бармадыныз.

Роксана кәусар шыныдай сынғырлап, бар ниетімен құліп алды.

— Горгий! Аршад бек! Жақын келініздер. Падиша осынша жерге бос келіп, абыройсыз қайтты деп тұрсыздар ғой?! Олай емес. Мен сейлегенге дейін ападанға әрең сыйып, ісініп-қабынып кілен патшалар отырды. Мен оларды сирақтарынан сүйреп Александрдың диадохтары дәрежесіне бір сәтке болса түсірдім. Бәрін де Александр қолдаған сон бетке шыктындар деп және естеріне салдым. Ұлы Александрдың аруағының өзі сендерді корғауға жарап тұр деп тәбелерінен басып-басып қойдым. Өклем де айтылды. Ол сөз бәріне шашу бол қадалды. Бірақ жуып-шайдым. Себебі Александр көз жұмса да онымен иық тенестірер “лайыкты” адам, ерен тұлға болмағанын, әлі де жоқ екенін мойындааттым. Бірлікке шакырғаным майда патшалыктарға, әлжуаз елдерге майдай жақты. Олардың сапасы жоқ болғанмен саны көп, бәрі біз жаққа шыкты — ол аз ба? Бақтұр-Грек патшалығының күші де, тірегі де айтылды. Оларға анық мәлімет берілді — Александрдың Вавилонға жинаған империя қазынасы менің қолымда дедім. Оның қаншалықты күш екенін бәрі де шамалады. Ал біздін арқамызда сак патшалыктары тұрғанын бұлар және біледі. Ол патшалыктарға келіп соктырысканына кезінде Ұлы Александрдың өзі өкінгенді. Сак жерінен аман кеткенін бұл патшалар әлі де бақыт деп санайды. Ал, және қандай түсінік керек, Горгий?

— Енді түсіндім, ұлы падиша. Кешірініз...

— Үйрен, Горгий... Егер мен әйелдік көктікке салынсан кадір-касиеттен жұрдай боп шығарым сөзсіз. Егер Птоломей мен Лисимахқа сендер Александрдың алдында көжек едіндер десем — оларды жауға айналдырап едім. Өзінің нашар кезін айтқанды бір де бір патша ұнатпайды. Бірақ ол да естеріне салынды, бет жыртыспай айтылған сон олар ұзак жылдар Александрды ауызға алмағандарын іштей мойындағы. Эйтпесе, бірі болмаса, бірі менің сөзіме жауап берер еді. Сенің ен басты міндетің Горгий бейтарап елдерді бері енкейту, әлжуаз, майдаларды сініріп алу, ішінде бүлігі бар, немесе кан каткан елдерді дос ете алмасан да уын алдырған жыландағы мойның былқ-сылк еткізіп қайтару, Горгий. Егер ел басқару оп-онай шаруа болса мен бүгін-ақ ел тізгінің занды Мұрагерге ұстарат едім.

Аршад Падишаны ұнсіз тыннады. Падишаның қып-қыска сезінен осынша ой, осынша саясатты сыйғызығанына тан. Өзінің өз кулағымен естіген сөздің байыбына бара алмағанына қыстырып та отыр. Горгийдің көзі онсыз да құдықтың түбіндегі кара судай

жылт-жылт кара еді. Қазір мұлдем терендел, қөздері сыртқа емес, ішке бұрылып кеткендей үнсіз, қымылсыз ұзак отырды.

Падиша жолға жиналды. Оның алдында Юстин жолаяқ дастарқанға шакырды. Автократор сайланбаса да бұл съезд барша патшаның кайдан шыкканын, қандай жағдайда отырганын, ертенгі күннің не болатынын ойлауына себепші болды. Тубі македондық билеп-тәстеушілердің арасындағы дурдараздық сейілді. Бірақ бәрінің кекейінде бір түйткіл бәрібір кетіп бара жатты – Кіші Азиядағы құмырысқаның илеуіндегі майдашұйделер дәл осы калпында ұзак тұрмайды. Тұрмаса кімнің аузында, кімнің тісінде кетеді? Егер оларды көсіп, жинап алса жан басы да, ұлты мен ұлысы да, тауы мен орманы да, құнарлы жері де жеткілікті үлкен өлкес. Олар Лисимахтың Фракиясына жақын. Бірақ қарт патша жанағыларды шауып алғаннан гөрі арбал жұтуға бейім. Оған басқалары қарап отыра ма? Роксанан падиша Лисимахқа сәлем де берген жоқ, атын да атамады. Біреумен сәйлескен сөзінде Александрдың құдіретін айта келіп: “Ол “кәрі тулкіден” де патша жасап кетті”, – деген екен. Ол сөз съезде мәтелге айналып, патшалар “кәрі тулкінің” кім екенін жазбай таныды, Роксананың бейнелі тенеуіне езу тартудан басқа амал қалмаған. Ол сөз Лисимахтың өзіне де жеткен. Лисимах өз атына айтылмаған сөз секілді елемеуге тырысқан.

Осылай Сузы абыр-сабыр боп жатқанда Роксанан падишаның резиденциясына Птоломей Лагтан Египетке IV Александрды алып келіп кайтуын өтінген Шакыру реңми түрде келді. Птоломей Лаг Ұлы Александр көз жұмған күнді жыл сайын құрбандық шалып, атап өтеді екен. Шакыру сол күнге дәл келіп түр...

Селевк патша Резиденцияға өзі бас сұқты. Әппак кудай болып шашы ағарылты. Бірақ өзінің күш-куаты шүкіршілік секілді.

– Ұлы Александр бастаған теніз флоты құрылды. Мұрагеріміз бен Роксанан падиша сол флоттың мерекелі шеруіне катысса деген ниетпен келіп едім. Мессопотамий, әлемнің астاناсы Вавилон Бактүр-Грек патшалығының іргесі бекіп, мықты ел болуына тілекtes кана емес, одактас екенін Падиша ұмытпас. Соғыс ажал секілді айтпай келетін қатер. Дегенмен ең үлкен қауіп кайдан екенін ойламаған патша – патша емес. Ендігі қауіп, грек, македон, іә болмаса бүтін бастары косылған елдерден емес. Қазір Рим күшейді, Сицилия бұырқанып түр. Карфаген соғыс кемелерін үсті-үстіне жасатып жатыр. Не үшін? Оған Бактүр-Грек елі шалғайлау. Кеме жете алмайды. Бірақ Аппенинді түгел көтеріп, Рим Сицилия мен Карфагенді одакқа айналдырыса қатер күшнейеді. Олар Александрдан асып түсуге тырысады. Рим әлемге өз гегемондығын жүргізеді. Қазіргі біз аса мән бермей отырган еларалық жағдай осы деп білем, Ұлы падиша. Егер ондай әлемдік

құбылыс бола қалса Падиша сырт қалмайды деп ойлаймын. Әзірше, IV Александрдың патшалығы Кіші Азияны түгел каратып алса... Эрине бәрімен соғысу міндепті емес... Сонда Фракия опонай казан тубіндегі май секілді еріп кетер еді. Бұл тек, тілеулес адамның сөзі деп білер, Падиша. Ол майда елдердің Бактүр-Грек еліне бейім тұрғанын съездің өзі андатты емес пе? Тек бір мықты ықпал керек, соғыс емес — ықпал!

Селевк Падишаға ұмар-жұмар ой тастап кетті. Осы ойды корытып, ойы сан-сакқа алып қашып, Роксана жолда келе жатты. Жол бойында көз салып, қызығар, тамашалар еш нәрсе жоқ. Иен дала. Бұл өлкеде ақшатай¹ бітік өседі екен. Бірақ онын сабағы катып, түйін тастаған соң түйеден өзгесі аузына алмайды. Эне, соның дәлеліндегі әр-әр жерде келе-кеle түйелер маң-маң басып жайылып жүр. Ара-тұра жердің миы аузына түскендей күрт опырылған ойпандар, жарлауыт жыралар ұшырасады. Опырынды жер төменде жасыл кілем боп бір майсасы сарғаймай кездін жауын алады. Ондай тұстарда тал, қарағаш, жиделік, шок-шок қараған өседі екен. Сірә, шымырлап жер қойнауынан шығып жатқан қайнар да болуы ықтимал.

Жол жаңа басталғандағы алакөбен қөніл бастығып, бір сарындылық иектеген кез. Алты қанат киіз үйге жетпегенмен, көлемі шошақ бас жаппадай болатын күйменің ең түпкі жағында Роксананың отыруына да, демалып жатуына да ынғайлы қөлденен жай бар. Алдына перде тұтылған. Падиша жакка қарама-карсы бір төсек, сол капиталдың бойына тізілген үш мамық орындық бар. Керек болса тәбеге бекітілген тактай төмен түседі де кәдімгі ас-су қоятын, дастарқан жаятын жозыға айналады. Осының бәрі адам баласы нені асыл деп тапса содан жасалған, адам баласы жайлыштықты қалай түсінсе солай асқан ықтияттылықпен, әрине, асқан шеберлікпен іске асқан. Жолдан да, басқадан да емес, съезге келе жаткандағы толғаныстан, съезде сөйлер алдындағы ішкі бұлқыныстан, соның бірін де сыртқа білдірмеуге кеткен жүйке, қажыр-қайраттан шаршаган Падиша манаурап жатты. Осылай кете берсе екі күннен соң ел шетіне де ілігүі. Одан соң Роксана салт атпен өз шауыштарын ілестіріп жөнеп береді... Осылай үйқыға батып-шығып жатқанда төнірек табан астында дүрлікті.

— Сұрандар! Бұл не сүргін?

Айтып үлгергенше Аршад бек қамшының сабымен күйменің передесін көтеріп, сұық хабар жеткізді.

— Қарақшылар, Падиша. Саны тым басым! Киініңіз!

¹Ақшатай — сабағы қатпай тұрғанда төрт түлік сүйсініп жейтін, құмды, шөлді жерлерде өсетін бұршақ тұқымдас жабайы бұта

Аршад бек Қанайдұр сардарды қуып жетіп, әлденеге пәтуаласты. Каракшылар сол жақ қапталды ала қаптап келеді. Бұлар бес жұз болса, жау жағы үш еседей артық. Әдейі екі ойпаттың ортасындағы қылтада шапқан. Алтын құймеге сартта сұрт жебелер қадала бастады. Роксананың күтүші қызының арқасынан тиген жебе кеудесінен бір-ак ышқты. Роксана жебенің үшін сындырып, окты суырып алды. Қыз тірі. Бірақ сұлқ жатып қалды. Бақауыл қыз да жаралы. Қолы қан, білектен аккан қан саусақтан тамшылап тұр. Нағыз аласапыран, арпалыс басталды. Әзірше Роксананы бүйірі бүрыш сактап тұр. Соны тура түсінгендей анырап келген бір жебе сол жақ иық пен қолканың орта шеніндегі етті тесіп өтті. Падиша бір сәт есінен танып барып, шамырқана жан шакырды. Осы сәт ат үстінде құймемен қатарласа шауып келе жатып, бір қарулы қол Роксананы қолтығынан алды да құймеден суырып әкетті. Сол шенгелге екінші қол қөмекке келді. Падишаны лакша бөктеріп алған Аршад әскерді қалқалап қара айғырымен он қапталдағы жыраға жалт бүрылды. Бір-екі рет сүрініп барып тік тұрып кеткен қара айғыр тікеден-тік құлданап барып, қолтыққа жеткенде тоқтады. Шапқыншылар мен сак сарбаздарының дабыры алытай берді.

Бұлар бұғып қалған қолаттың басы қалың жыныс екен. Жылауық, талдар тұс тұстан ійліген тұска Аршад падишаны жас балаша көтеріп әкелді. Падиша катты жарапанған. Жебенің қанаты құйменің сыртында - қалғандықтан, Аршад жебеге қыстырылып қалған Падишаны жұлып алған. Жебенің үшін Роксананы екінші мәрте сойып өткен. Тек жебенің үшін денесінде қалмаса болды, деп ойлады Бек. Роксананы қөгалға жаткыза тұрып, аттын ертөкымын үзенгілерін салактатып түгел әкелді. Тоқымды астына тәсеп, ерді Падишаның басына жастады. Аршадтың кимылы жіті. Қонышынан мүйіз сапты құжантысын суырып, терлік пен тоқымнан кейін сәндік үшін ердің астына салынатын әппақ жабудын бір шалғайын кесіп алды. Тездетіп от жакты. Курай лап етіп, бұталар жанғанша Бек падишаның сол жақ иығын молынан жалаңаштады. Қан әлі тоқтамапты. Өзі қеудесіндегі бар лыпаны жұлып, ең ішкі жалаңатын дар-дар айырды. Падишаның көзі жұмулы. Әлсін-әлі қиналыс билдіреді. Оны естіген сайын Аршадтың табанынан тиянак кетіп барады. Қеудеден аккан қан бір қапталын ала қуалап төмен кеткен, қеудесі, іші кошқыл қанға бөгіп қалған. Көп ойланбастан Бек падишаның қанға боялған көйлегін де, ішкі көйлегін де сыпсырып-сыпсырып тастанады. Көйлектің етегін суға малып, денесін сұртті, барынша тазартты. Одан соң сатырлап жанған отқа жұмырланған екі ақ киізді үстады. Киіз әбден заарсызданғанда сол ыстық қуйінде жебенің кірген және шықкан тұсына басып, Падишаның

аспанды осып түскен айкайына қарамай ұстап тұрды. Падишаның арқасына тізесін сүйеп, екі қолы қақпанның қандауызындай ұстап тұрған катыгез кім дегендей Падиша көзін төнкере қарады.

— Аршад... Бұныныз не?..

— Шыданыз, падиша. Баска амал жоқ. Қан тоқтамай жатыр. Енді тоқтайды.

Қайнардан шымыр-шымыр шыққан тастай сұық су акқан жаққа қарал, Бек тапжылмастан бір тізерлеп тұр. Оттан шыққан киіз карып түскеннен кейінгі жан азабына мойынсынған Падишаның аппак кардай денесін төменинен өрлей сокқан самал аймалап, бұл сәтті барынша пайдаланып қалғысы келген сыйнай танытады.

Аршад Падишаның ішкөйлегінің етегінен дәнгелете жыртып алған ақ шүберектерді суға малып-малып алды да шақырайған күнге жайды. Роксананың басына ерді жастап, үстіне өз шапанын жапты. Өзі тірлікке кірісті. Падишаның қанға бөккен ішкі, сыртқы көйлектерін күректей қолдарымен жуып-шайды. Оларды да жайып қойды. Сокқан жылы лептің өзі-ақ оларды сүт пісірім уақытқа жеткізбей кептіреді. Олар кепкенше Аршад ойға шомды. Бұл сапар Бекке өүел бастан ұнамап еді. Жүргегі тартпады. Бірақ Падишаның да іштегі запыранынан арылғаның ақыл көрді. Сезімге бой алдыrsa өзі де, өзге де өртеніп кетер була күш бойын жайлаған Бек падиша Ұлы Александрды ұмыткан, оған сыртын қараткан пан қеуде диадохтарды, бүгінгі маңғаз патшаларды бір көрмей іш құста өмір кешерін білген соң осы сапарды макұллады. Бірақ оны бастап барып қайтуды ешкімге сеніп талсыра алмады — өзі бірге кетті. Нәтижесі міне... Құла дала. Бол-боз әлем. Соның бір пүшпағындағы тар қолатта Падиша жаралы жатыр. ...Аршад бектің құлағы ылғи да Падиша жақта. Сәл қиналыс білдірсе жетіп барады. Күн кешкіріп барады. Бек бас сардарға жау ұзаған соң алыстан орағытып, күймені осында жақындағындар деген. Еш хабар, сыйбыс естілмейді. Бұлар бес жұз, жау үш еседей артық көрінеді. Бәрі қырылып қалмаса де... Алтын күймені, ішінде өліп жатқан күндікші қызды олжа деп әлгілер кімге есеп берер екен? Бұл қайдан шыққан жау? Дала қаракшылары деуге саны тым көптеу. Сырт пошымдары қәдімгі басы байлы ләшкер. Ұрыс тәсілі, біркелкі киіністері соны айттып тұр. Сонда кімнін айтағымен шапты? Кім жұмсады?

Күннің көзі қайтты. Алтабтың жалқыны сағымға айналып, сонау етекте, мына қолат кеңейіп барып жазыққа ұласатын тұстап ары қарай телегей-теніз шалқып жатқандай. Аршад бек тәуліктің қай мезгіл екенін, өздерінің мына қолатта отырғандарына қанша болғанын шамалады. Егер бірер сарбаз тірі қалса қаншама алыстан орағыта айналса да келетін уақыт болды. Жүргегі сезеді

— бір үлкен қырсық шалды бұларды. Алда нендей жағдай боларын бұл болжай алмай отыр. Бәрі де болуы. Бірақ бәріне дайын болу керек. Ең бастысы — Падишаны аман-есен елге жеткізу. Сауырынан бит домалар кара айғыры, қынындағы қылышы, садағы, корамсак толы жебесі, конышындағы құжантысы, шақпак тасы... Не тамағы, не сусыны, сусын құятын қуыс ыдысы да жок. Дәл қазір Падишаны алып журу мүмкін емес. Кез келген кимыл жанына қанжар боп қадалады. Есін жиып, тілі орамға келгенше осы бұйығы бұрыштан жылжи алмайды. Аршад қалай-қалай емес деп, күн жарықта тоғайшықты аралап кетті. Бір жиде ағашына тап болып, жидені жейдесіне кішігірім бөстектей етіп жиып алды. Жабайы өріктін құні өтуге жақын екен. Одан да біраз тандап терді. Басқа талғажау боларлық ештеңе таппады. Осынын өзін олжа көріп оралды. Падишаның киімдерін, жара таңатын шуберектерді ұстап көрді — кеүіп кетіпті. Амал жоқ Падишасын және әурелейді. Онсыз болмайды.

Аршад ұзак әбігерленіп, Падишасын да қинал, жарасын таңды, көйлектерін кигізді. Ең қын соқканы Падиша денесінің нәзіктігі, баланың денесіндегі биязылығы. Бек қолы тиген жерді көгерпіл алам ба, буынын шығарып алам ба, тіпті опырып түсірем бе деп әбден қыстықты. Көз алдынан әйел сұлтулығының ең шегі мен шеті дерлік өтіп жатты — бірақ ойында бір-ак нәрсе түрді — жарасын ауыртып алмау. Тек сол армандауға да батылы жетпеген сұлұлықты киім кайтадан жасырып қалғанда әлгі көркем әлем түсіне кіргендей отырып қалды. Падишаның дene қызы қөтеріле бастады. Оған не амал? Ол не, жақсылық па, жоқ бәленің басы ма?..

Бек тік бетті жағалап кетті. Тунемелік орын іздеді. Талты. Аузы кен, тубі құрық бойлар үнгір тапты. Өздігінен жаратылған үнгірге ұқсамайды. Бек үнгірге кіріп төбесіне, табанындағы, карсы беттегі топыракка зер салды. Мына сары топырақ шеберлер камырша илеп, небір ыдыс-аяқ, дүниес-мұлік жасауға таптырмайтын май топырақ екен. Ол заттар өз қалыбына салынған сон, болмаса шикідей жасалып болған соң отка күйдіріледі. Содан сон ол көзeme, табак па, құмыра ма, әшекей зат па — әйтеүір адамның бір қыжалатына жарап береді.

Бек үнгірдін ішіне лаулатып от жақты. Осы кездे ту сыртынан біреу қарап тұрғандай керінді. Жалт бұрылды — Роксана. Ілбіп әрен тұр.

— Не әүре, Аршад?

— Осында түнейміз. От жаққаным — қаракүрт, бүйі, жылан тәрізді пәлекеттер болса өртеніп кетсін дегенім ғой.

— Құлғе аунаймыз ба?.. — Сәл жымыған болды.

— Жо жоқ, Падиша, бәрін тазартам. Жайлы орын жасап беремін. Күн жарықта, дегенім ғой!

Көнілді күлазытып түн келді. Аршад атының жуғенін сыптырып алып, омырауынан сипап еркелетіп тұрды да жалпық алақаңын жауырынына жапсырды – демал, жайыл, бірақ үзап кетпе дегені. Дөнен шықкан асылдың тұяғы жан-жағына осқырына қарап алды да арқан бойы алыстап барып жайыла бастады. Ай далада калған екеуі түнеп шықпақ үнгір етекте өсken ағаштардан биіктеу еді. Аршад үнгірден күлді сыптырып тастанды. Коншындағы құжантымен баспалдак тәрізді текше жол жасаған болды. Өзі айтқандай-ақ колда бар нәрсенің бәрін пайдаланып, Падишасына жатын орын жасады. Қанжығасынан тастанмайтын жуандығы саусақтай болғанмен ұзындығы бір аттын еркін жайылуына жететін арқанын үнгірдің кіре берісіне иыр-киыр етіп тастанап койды. Осыдан сон ак жабудың үстінде тісі-тісіне тимей қалшылдаپ отырған Роксананы көтеріп әкеліп жайғастырды. Падишаның қызы қөтеріліп кетіпти. Иә... Жаракаттың алқыны қайтқанша осылай болады. Су... Суды деміл-деміл ішкізе беру керек. Ертоқымнан сол жактағы қанжығаларды шорт кесті. Екі етігінің коншын және кесіл-кесіл алды да төменгі жағын қанжығалық таспалармен шарт буып тастанды. Екі конышка едәуір су сиды. Соны тәқпей-шашпай ала көленкеде үнгірге жетіп алды. Алдымен шүберекті сулап алып Роксананың мандайын, тәсін еппен сүртті. Қайнардың қара тастанай сұнының зәрі сындау дегенде ала келген түйе жапырақтарды қобылап, бір ұрттам, екі ұрттам су берді. Керегі де сол екен. Падиша және әкел деп ымдайды. Бек осы су ғана ет қызыуын қайтарарына, мүмкін тер шығарарына сеніп суды сұрағанынша бере берді.

– Аршад... Тоқымнан басқа ешнәрсе жок па? Астымнан өтіп барады.

– Еш нәрсе жок, Падишам. Қазір бір амалын табармыз...

Аршад арқасын тамға жапсырып орнықты да, Роксананы емшектегі балаша алдына алып, бауырына басты. Ту сыртын ешкінің түбітін арапастырып басқан ак жабумен қымтап, Бек демін ішіне тартты. Бір елдің падишасы жас балаша бауырына тығыла түсіл, балбырап үйкүға кете бастағандай. Элден сон Роксана сәл бусанып еді ет қызыту түскендей болды. Бектің екі көзі ана алыста. Мына биіктен алыс та болса бір үміт көрінердей кап-кара тунге қадалды. Бірте-бірте Бекті де үйкү дүшпан иектей бастады. Оның есіл-дерпті Роксанада. Көзі ілініп кетіп, білегі босаса ары карай домалап кете ме деп коркады. Осылай үйкүмен алысып, қары талып отырғанда көзіне бір нәрсе: от па жарық па, әйтеуір сарыжапырақтанып көрінді. Сипаланып сұлы шүберекті тапты. Көздерін, мандайын сүртті, дәндеген үйкүны сәл үркітіп жіберген болды. Элгі жылт-жылт отты іздейді. Бірсесе тапқан болады, ендігі бір сәтте адасып қалады. Анығы сол – түп-тура

осы жыраның бойында. Эне! Ұшқын да емес, нағыз от көрінді – өмір бар. Адамдар бар. Соншалықты алыс та емес секілді. Тан қылан бере жылжу керек. Роксана судан басқа нәр сыйзбады. Адам бар жерде – бәрі бар. Тек... Әлгі қаракышылар болып журмесе де... Анқаландап жетіп бармау керек. Жылғаны куалап, талдарды тасалап біраз бакылайды...

Алыста анық жалқындаған от бірте-бірте солғын тартты. Бозарып барып ғайып болды. Аршад сол от көрінген тұска қадалған қүйі үйкіфа бой алдырғанын білмей де қалды. Қанша уакыт үйкітағаны белгісіз. Әлде бір оқыс дыбыстап есін жиды. Алғашқы сәтте кайда отырғанын, қандай жағдайда екенін, алдындағы кім екенін есінен тарс шығарған меніреу күй кешті. Бауырындағы бір сүйкімді дүниеге жан бітті. Роксана ояу екен. Тек бетін Роксананың бетіне тигізіп сілесі қатып қалған, сом білектері дүниедегі ең асылын баурына басып сірескен күйден жазбаған. Роксана Аршадтың үйкісын бұзбау үшін ғана қозғалмауға тырысты. Оянғанда Аршадтың бадырайған көздері, калың да ұзын кірпіктері ес-түссіз Роксананың көзіне қадалып барып, оның көзіндегі әнтектік жымысы табынан оталды, жарық дүниеге қайтып келді.

- Падиша, қалайсыз?
- Тәуір... Тұрамыз ба?
- Өзініз білініз. Иық қалай? Ауырмай ма?
- Қозғалтпайды. Демалдымайды. Кеуде кере ауа жұтуға жібермей тұр.
- Бірте-бірте бәрі орнына келеді, Падиша...
- Бек... Мына иен далада, адам тұрмак құс та көрінбейтін медиенде, алдағы кундеріміз жұмбакқа, мүмкін категерге айналғалы тұрғанда біріміз Падиша, екіншіміз Мараканың сатрабы болмай тұра тұрсақ, қайтеді? Егер бәрі жақсылықпен бітер болса мына оңашалық, сырт көзі жок еркіндікті неге пайдаланбасқа. Аршад десем ренжімеймісін?
- Жок. Тек қуанам. Мен не дейін?
- Мен – баяғы Роксанамын. Тура атай бер. Келістік пе? Сен бозбаласын, мен бойжеткенмін.
- Келістік, Роксана. Тек бір өзгеріс болуы...
- Қандай?
- Түнде мен анау тұстан от көрдім. Әрине, осынша шөл далада тіршілік жоқ емес, бар. Бірақ өте алыс болуы. Су бар жерде – өмір бар. Жуынып-шайынған сон бұқпантайлап барайық. Ол жерде Роксана болу қауіпті.
- Дәниша... Жарай ма? Анамның аты амандығыма себепші болар?..
- Мен Байтақ бола салмаймын ба?

— Бол! Тәнірім аузына салған шығар... Тура сол корбандаған жаман әкем секілді алдына алыпсын. Кішкентай кезімді есіме түсірдің. Әкем мені осылай еркелетіп, бауырына басатын да, екеуміз бірдей шашылып үйқыға кететінбіз.

— Патшалар да сондай бола ма?

— Үйде, ешкім басып кірмейтін өз қауызында Байтақ патша тағынан тайып, Роксананың әкесі болғанына мәз болушы еді. Аршад, мені көтеріп бастау басына апар. Одан соң өзің атынды ізде.

— Үа, Тәнірім колда! — Бек Роксананы көтерген бойда тәмен түсті. Роксананы сәмбі талдардың арасында қалдырып, өзі кара касқа дөненді іздел кырға шықты. Шықты да көрді. Таяқ тастам жерде құлактарын қайшылап, тың тыңдал тұргандай көрінді. Иесінің даусын ести сала желгени билегенге ұқсап, еркелеп жетіп келді.

— Қалайсың, каска? Демалдың, тойдың. Енді жолға шығамыз. Жүр. — Аршад алдыға түсті, дөнен ілесіп отырды. Аршад қара қасқаны жарлауытқа жаната тоқтатып, Роксананы көтеріп барып ерге қондырды. Осы аралықта Бектің аскак арманын жакыннатқан бір жайт болды. Роксананың ақ білегі Бектің мойнын орап, Падиша өз ықыласымен оның алқымына тығыла түсті. Ерге конар сәтте ып-ыстық ерні Аршадтың ернін жанап өтті. Міне, енді Бек шылбырды колға алып алдыға түсті. Қара қасқаны жетекке алды, өзі карыштай басып жаяу келе жатыр. Роксана оның көркем жасалған ер мүсініне, анда-санда бұрылып қарап, жымып қойғандағы тек ереккек тән көркемдігін, күлгендегі аппак тістерін, бұрқырап; толқындана өскен калың шашының желкесіне түйіп қойғанын — осының бәрі сирек жарасым тапқан бір әлем екенін бүгінгі таңда жан-тәнімен түсініп, енді соған көз жеткізіл келе жатқандай.

— Қалай, Роксана? Тым тез келе жатқан жоқпыз ба? Иық қалай?

— Бәрі дұрыс. Алаң болма, жас жігіт...

Екеуі бір-біріне қарап құліп алды.

Түнде от көрінген жерге жеткенше күн тас төбеге жетті. Алда көлбелп жатқан жазықтың бір қыртысты биігіне көтерілді де Аршад қалт тұрып қалды.

— Ары жұруге болмайды, Роксана!

— Неге?

— Оба!

Роксана қатарласты. Кешегі от — өртенген жатак екен. Балшықтан сокқан жатаған үйлер, қора-қопсы, киіз жаппа дүниес-мұлкімен, малымен, опат болғандарымен бірге өртелген. Ұзындығы жұз қарымнан артық ор қазылған. Сірә, кеселлінің бәрін сонда түнімен көміп, топырақпен жал ғып бастырып

кеткен. Жатақ шетіндегі биіктеге жерге сырық қадап, жалаулатып қап-кара шүберек байланыпты.

— Анау кара жалауды көріп тұрсын ғой, Роксана?

— Иә, көріп тұрмын.

— Бұл маннан аулақ жүріндер деген белгі. Оба!

— Енді не істейміз?

— Жел батыстан шығыска қарай соғып тұр. Ылғи да солай екен. Яғни мына әрекетті жасағандар желге қарсы жүрді. Біз де солай етеміз.

Жатақты алыстан орағытып Аршад үнсіз келеді. Егер елді мекен табылса Роксананың жағдайы түзелгенше бірер күн аялдамақшы еді. Енді үш арсыздың біріне шыдағанмен екіншісі — ку тамак екеуінің де әл-дәрменін кетіріп, тізеде діріл пайда болды. Аршад қанжығада өзінің жалаңқатына бір карын майдың көлеміндегі етіп жидек, өрік байлаулы екенін есіне түсірді.

— Роксана, мынау дегенін хан да, кара да жейтін дәм. Ермек ет. Арасында су ұрттап қой. Мен де қалтама толтырып алайын...

— Оу, жас жігіт! Тамак бар деп әлдекашан айтпадың ба? Жидек жеген адам аштан өлмейді.

Жаңа өртengен жатақтың батыс жақ бүйірінен ырдуан арба, сүйретпеден түскен қосаяқ жол табылды. Жол болған соң ол әйтеуір бір тіршілік ортасына апаруға тиіс. Оның үстінен бұл жол сәл қиғаштап барып, кешегі өздері келе жатқан жолға қосылатын секілді. Ақылға сыйтын кисын. Аттылы-жаяулы екі кіріптар күнсіп, шаршап-шалдықты. Бірақ аял жасарлық бір көленке, как суы да болса көгеріп, сасып жатқан ешқандай меже табылмай дінкені құртты.

— Аршад... — Роксананың даусы карлығынки шықты.

Бек бүрүлғанда Роксана оның тұтығып, қалжырап, онсыз да терен орналаскан көздерінің терендеңеп, кіртип тұрганын анық көрді.

— Бек. Кел. Атқа мінгес. Қайратты жас мал ғой, аяғын тынықканша шыдайды.

Аршад бұл сөзді кабыл алды.

— Қолдарың салақтап жерге жетер. Кел, мені құшакта. Сені білмеймін, маған жайлы болады.

Аршад осылай Роксанага және жанасты. Жаны бір рахатка батты. Аршад кезінде Мараканда өз дәүлеті өзіне жетерлік отбасында өсті. Бала кезінен әкесіне ілесіп, сонау Үндіге, Жынға үнемі жүріп тұрды. Екі мәрте Вавилонға барды. Арапады. Бәрін көрді. Жүрген жерінде әкесінен өтінері жергілікті халықтың өуез аспаптарын әперу болатын. Аршад ол аспап қолға тиісімен оның тілін білетін өнерпаз іздейтін. Бар-жоғы екі шақ әлгінің қасында отырып үйренсе қалғанын елге жеткенше құтыртып

әқетер дәрежеге жеткізіп үлгіретін. Сол өнерпаздығымен Мараканды тамсандырган бозбала анау-мынау емес қала тәніркүтіңін қызына құлай ғашық болды. Тегін ғұндардан тарататын тәніркүттың алғаны парсы еді. Кыз да бұған көзін сүзген, бірақ тағдыр коспады. Әлгі тәніркүт иығынан шымқай көк шапаның түсірді де Вавилонға қоныс аударды. Сол бір таза да үлкен сезім Аршадты өзі жасап алған киял-ғажайып әлемінен шығармады. Сүйемеген адамнан туған бала сүйікті бола қоймас. Эйел – ұрғашы. Ұрғашыдан тарыға қоймасын... Ол осылай осы құнғе жетті. Содан кейін оның ұрғашыға деген меммендігін табан астында жок қылған – Роксана. Бірақ Роксана ол үшін аспандағы жұлдыз болатын. Көруге болады, қолға түсіру мүмкін емес. Бұл тығырық Аршадтың қеудесіне қапырық байлад, екі ұдай күй кешті. Өзіне сенім артқан Падишаға, әрине, адал қызмет ету керек. Бір тірлік бітсе, екіншісі даяр тұратын ел басқару ісінде осы кезеңде Роксанага акыл коса алатын, ісі де, сөзі де нық, мысы да мығым осы Аршад бектен өзге адам көзге шалынбады. Жок жерден патшалық құрам деген алашапқынның тұсында да Аршад көп кайрат жасады. Ен бастысы Падиша қайда жүрсе де, нендей істі бастаса да Аршад бексіз еш нәрсе жасамады. Осы ұзак-ұзак сарсылыс жүріс, категрлі, тартысты құндері екеуі біріне бірі үйрене бастаған еken. Екеуі екі қалада отырса бір бүйірі бос тұргандай ма, жел соққандай ма?.. Эйтеур бір ілік табылса кайтадан қосыла кететін болды. Ақыры ол айлар екеуінің де кенезесі кепкен, іште терең бұғып жатып алған сезімдерін көктетті. Алдыңғы құнғі қаскөйлік екеуін бүкіл адамзат әлемінен бөліп тастады. Қазір дүниеде Роксана, Аршад пен кара касқа дөнен ғана. Дәл осы сәтте аспандағы жұлдызын ұстамақ түгілі аш белінен екі ораИ құшақтап алған.

— Осылай дөнен журе берсе, журе берсе. Жол таусылмаса, ел кездеспесе, тамақ табылмаса... Солай осы отырысымды өзгертпей өліп кетсем, Роксана, арманым жок.

Роксана бәрін естіді. Бәрін түсінді. Сондай бір адасқақ, әуезге толы сезім өзін де билеп алғып еді. Аршад оны сөзбен жеткізді. Жай емес, дауыс ренкі бәрін білдірді. Іште жатқан өксік пе, құсалық па, жалғыздық па... Сондай бір аh ұрған көк жалын сыртқа шығып, Аршад енді үкімін күткен тұтқындаі демін ішіне тартты. Үкім шықлады. Құлакқа ұрған танадай ішкі тыныштық орнады. Әлден уақыттан соң Роксана ерге көлденен отырып, Аршадтың мойнына оралды. Бал жұтқан, жүрек тулап, алпыс алты тамырда қан тасыған сәт қаншага созылғанын екеуі де білмейді. Бір кезде дөнен аяғын санап басып барып тоқтады. Екеуі есін жиып алды. Не болды еken?

— Бек! Арманына жете алмадың?

— Тұсінбедім.

— Төмен карашы...

Опрылып төмен кеткен кең де терен сайдың тік кабағында түр еken бұлар. Жол екі айырылған. Бірі капитал жол, екіншісі тізе ұстамаса омакастырып әкетер тік соқлак. Дөнен өзінің егесіне қайсысын қалайсын дегендей тоқтапты.

— Ақылыннан айналайын, жануарым!

— Жануарың ақылды екеніне дауым жоқ. Сен анау табандады төрт кости көрмеймісің?

— Қос? Қәне?!

Екеуі де аттан түсті. Атты жетекке алып, жалғызаяқ капитал жолмен аяңдал келеді. Төрт кос дегені төрт жаппа болып шыкты. Бөгде адамды көрген иттер абалап қарсы алды. Тоқтауға тұра келді. Бір жаппадан көйлегі қолпылдаپ, басындағы орамалының бір ұшы жер сызып етті-жәнді қартаң әйел шыкты. Алыстан айқай салып, иттерінің екпінін басты. Кемпір келді де екеуіне аналық бір кендікпен күлімдей қарады. Аныктап бет-жүздеріне қарап барып парсыша тіл қатты. Оны Роксана да, Аршад та түсінді.

— Қаладан балалар келді еken десем, құдайы қонақтар екенсіздер... Оқасы жоқ, үйге жүрініздер.

Шошайған жаппаның іші осынша кен болады деп ойламалты екеуі де. Төсек орын, жүк аяқ, асадал. Табанға кат-кабат етіп көн, одан соң құрым киіз, оның үстіне өрнекті ақ киіз салған. Ірге куалай көрпе тесселген. Үстінде теңқиіп-теңқиіп бәстектер жатыр.

— Жән сұрасайық, меймандар...

— Мен Байтак деген Маракандық едім. Мына кісі менің әйелім. Аты — Дәниша. Сузыға салт атпен жолаушылап барған едік. Қайтар жолда қаракшылар шапты. Анау ұзын жылғаның түсінда. Бір атымызды, аны-мұны базарлығымызды алып кетті. Садақ атып, әйелімнің сол иығын жебе тесіп өтті. Кеше едәуір қансырады, түнде ыстығы көтерілді. Мен күйдіріп киіз бастым. Таңдым. Колда не бар, соны жасаған болдым. Қазір ашып керуге де дәтім шыдамай келе жатқам...

— Э-э-э. Түсіндім. Сондайлар пайда болды. Сырттан келген деседі. Мараканнанмын дедін бе?

— Иә, Мараканд.

— Со Мараканың Ескендірдің жесірі дей ме, әйтеуір, бір катын патша ие болыпты деп естіміз. Сол Мараканды сұліктей сорған, байлығы баукеспелігінен жиналған канылезердің басын алды дегені рас па?

— Рас, шешей. Рас.

— Олар ұзақ беріспей соғыс та болды дейді.

— Ол да рас.

— Е, мына далада жорткан қаракшыларың сол катын

патшаның көріне іліккендер дейді... Дұрыс қой... Бай болудын да жөні бар. Мына біз де Сузыда тұратын бір байдың малын бағып, өз малымызды қоса бағып күн көріп отырмыз. Үш ұлдың үшеуі де соның керуенін бастап, дүниесін саудалап беріп, калада тұрып жатыр. Қолдары қалт етсе келеді. Біз шалымыз екеуміз, макау туысымыз үшеуіміз, кеңже қызым мен күйеу бала осындамыз. Ежелден үйренген жер дегендей. Балаларға тірек, арқа болсақ деген өмір. Қазір мал өрістен қайтады. Құндіз қызымыз екеуміз үйде... Емшекте баласы бар. Өзі де маубас неме. Соны емізіп, үйықтап қалмаса. Қазір, ертіп келейін. Су қайнатып, жаранды қөрейік, қызым. Корыкла, апанның колы шипалы. Дұрыстап таңбаса, мына аптапта асқынып кетер.

Кемпір екі-үш рет ұмтылып барып орнынан тұрды.

— О, Құдай! Айтпакшы екі күннен бері не ішіп, не қойдыңдар, өзі?

— Тамақтан... Ештеңе татпадық, шешей.

— Алжыған деген осы да, алдымен соны сұрамаспын ба?

— Ендеше... Эзірше шөл баса тұрындар. Әрі қуат болсын.

Кемпір кос алақанмен ұстамаса саусақтың шамасы жетпес акпарға айран құйып, ішіне қос уыс талқан салды. Асықпай араластырып, екеуіне бір-бірден ұстартты. Сал салқын айран талқаннан сәл қоюланғанмен, өңештен өтіп, өзекке түскенде Аршад та Роксана да әлсіреп-ак калды.

Жаппада онаша калған екеуі бірі-біріне қарап айтқан өтірктерін, кемпірдің “қатын патша” туралы сөздерін қызықтап жымысыады. Роксана шынын айтты:

— Маған казір еш нәрсенің керегі жок. Осы тойғаныммен таңға дейін аякты кесіп тастанап үйыктар ма еді?..

— Тамакка әурелемей-ақ жаранды таңған соң түнеп шығуға рұқсат сұрайық.

Жара қайта таңылды. Кемпір меймандарының қалжырап отырғанын көріп, екеуін окшаулау тұрған жаппаға апарды.

— Міне, мынау мұсәпірлерге арналған отау. Бір күн боласындар ма, екі күн түнейсіндер ме өздерің білесіндер. Құдайы конактың жағдайы мен асы біздің мойында. Акы алмаймыз. Оған алан болмандар. Тек риза болып аттанып, анда-санда естеріне алып жүрсендегі болғаны. Құдай бәрін көріп, бәрін біліп отыр. Менің сіздерге деген жақсылығым шын ниеттен болса, құдайдың да ықыласы менің отбасыма молынан болады. Тамақ дайын болғанша екі шақтай уақыт бар. Өзім келіп оятам. Шөлдесендер, міне, айран, міне су..

Кемпір “ерлі-зайыптыларға” салынатын төсекті жайып тыска шықты.

— Тыныққан соң адам сиякты тынығайық та... — Аршад киім

атаулыдан бір-ақ лыпа қалдырды. Роксана етегінен Аршад ені қос карыс етіп дөңгелете кесіп алған ішкі көйлекпен көрпенің астына тұлкінің күшігіндей жылыштап кіріп кетті.

— Бек... Енді өлмейтін шығармыз?

— Кім білсін. Өзінді сарайына аман жеткізгенде жауабын бір-ақ айтам.

— Макұл. Одан соң?

— Одан соң Падиша кайда жұмсаса — сол жакқа бет түзейміз. Ердін ісі — түзде. Ел ішінде, ел шетінде. Падиша елдің ортасында. Патшалық болған соң оған біреу келеді, біреу кетеді. Әйтеуір тыным жоқ кой...

— Рас. Солай. Жүрекке салмақ түспейтін, әлдебір іске мазан кетпейтін кез болмайды. Әкем есіме түсіп... Патшаның ісі — патшамен. Олар кездеседі, ұзақ-ұзақ әңгіме айтады, талқыға жиналады, керіседі, келіседі. Бірде жарқырап жүзінен күн төгіліп қайтады, бірде жауар күндей түнеріп, бүкіл сарайды зілмауыт күйге бөлей келеді. Ал мен қалаймын, Аршад?

— Сондайсың... Байтақ патшаның көңіл-күйін бағып отырған падиашасы, бала-шагасы, сардары әрі жан досы, бір сөз шашау шығармайтын кемінде бір кеменгері бар. Байтақ патшаның жан-жағы тілеулес адамдармен қымтаулы. Әйткені Патшаның амандығын — өз амандығымен шенделеп-шегелеп тастаған ортасы бар...

— Менде ше?

— Сенде Роксана әзірше ондай каланып тұрған қорғаушыларын тым селкеу. Сенін жабырқаған сәтінді бағып, күмәнінді сейілтіп, жүргегіндегі зілді сылып тастайтын бір адамың жоқ.

— Сен ше?

— Егер жау шаппай, елге желе-жортып жетсек дәл осылай жақындаса алмас едік. Сен Падишамын деп онды-солды жарлықтарынмен жарқ-жүрқ жар салдырып жүре берер едің. Мен Маракандағы өзің тапсырған мың шаруамен күнді күнге, тұнді түнге үрып жұмыс істер ем.

— Сен менің жанымда көп болдың. Көңіл-күйім білініп тұрды ма?

— Білгісі келген адамға...

— Ол кім?

— Мен.

— Неге сөйлемедің сонда?

— Жарамсақтану.. Онай шаруа шығар дейтінмін. Сөйтсем, әлгі тіл тапқыш, сөз тапқыш, ішек-бауырыңа кіріп, жалғандағы жалғыз досы боп алатындар ерекше жаратылатын болу керек. Мен соны жасағым-ақ келді. Жасай алмадым. Менің Бекасылдан кейінгі корғаның екенінді өзім анық сездім. Сол ниетімді

адал орындаsam, андатпай, айтпай-ак, қорғап-колдап журсем жарайды. Оны Тәнірім көріп отыр деп жүріп жаттым. Қанша рет жүргегім езіліп, құмарым ұстап, былай... құшақтағым келді. Былай... аймалап-аялағым келді, бірақ Тәнірім екеумізді тен жаратпады. Мен өз кеудеммен, шегінбес мінезіммен, өнеріммен, адалдығыммен қалың жүрттан бірер мойын оздым. Бекасылды Тәнірім Киропольге айдал әкелмесе, екеуміз екі кенттің арасында ойын баласында тіл табысып, іштей бір-бірімізді түсінбесек мен сол бір қуыста қалар едім. Біздің Киропольде қарағаш қалың өседі. Өседі-өседі. Бір жылы қоқтемде бүр жармай қатып-семіп қалады. Бар-жоғы он-он бес кунде әлгі ағаштын өлгені көзге үрады. Әйткені жан-жағындағылар құлтеленіп, әр танға құлпырып жетсе ку ағаш сойдиып жараспай тұрады. Енді бір карасан әлгі семіп қалған ағаш жок. Отынға айналды деген сөз. Менің өмірім сол ку ағаштай боларына көзім жеткендей еді. Бірақ Тәнірім, маған аз күндік бақыт берді. Одан арғысын өзі шешер. Мен еш нәрсеге талпынбаймын, жанықпаймын. Тәнірідін айтқанына да қарсы бола алмаймын. Оған дәрмен жок. Өзімді өзім енді алдай алмаспын.

— Ұйықтайық, Тәнірідің ұлы! Маған да сөз қалсын... Менің де кеудемде көп сөз бар. Оны демалып алып, жүрек тоқтатып айтпасам үркітіп алармын.

Екеуі бір-біріне бауыр басысып рахатқа батып бара жатты.

... Ұй сыртынан дауыс естілгендей. Екеуі де бастарын көтерінкіреп алдымен қайда жатқандарын түсінуге тырысты.

— Қызым! Дәниша! Тамақ дайын. Иттен қорықпандар. Үйден шықкан адамға тиіспейді. Естідің бе, Дәниша?

— Естідім, шешей! — Роксана бұлыға құліп отыр.

— Байтеке, тұрыныз. Теріс қараныз. Мен киінейін.

Күндіз бас сүкқан жаппаның төрінде қабағы түкті, шашы сүйила-сүйила орайынаң аскан, бетте не болуға тиіс болса соның бәрі бадырайып, одырайып, олақ адам асығыс жасағандай бір картан қісі отыр.

— Келініздер, — деді қарт парсыша.

Аршад он колын кеудесіне басып, бас изеді. Роксана да сәл басын иіп, сәлемінің ишарасын жасады. Шалдың екі жағында екі жігіт ағасы отырған. Бұлар кірген бетте атып-атып тұрып, төрге шакырды. Шал сәл ығысып Аршадты төрдің төбесіне отырғызды. Роксана бұрын болмаған сынықтықпен “ерінің” он тізесіне таман гүлге қонған көркем көбелектей қалықтап барып жым болды.

— Ә, ә, кемпірім бәрін айтты. Мазаларынды алмайын. Тамактанындар. Өзімнің де өздеріндей ересек балаларым бар. Солар келгендей бол отырмын. Аптырай-а?! Садақ атқаны жаман екен. Аман қалғаның олжа, қызым. Қалайсын?

— Жаксы, әкей. Осы таңған күйінде аман-есен елге жетсем болғаны.

— Құдай колдасын! Жетесіндер. Бізден ары қарай ондай қаныпезерлер жок. Екі күн жүресіндер. Су да, ну да, жыра-жықпыл да бар. Жә... Оны ақылдасармыз. Тамак алындар.

Балбырап піскен бағланның еті үздік-создық әңгімемен қылғып кете берді, кете берді. Өмірі сорпа ішпеген Роксананы балаша үгіттеп, кемпір сорпа ішкізді.

— Ас алмасаң, сорпаланбасаң жара жазыла ма?! Әне, өңін өзгеріп шыға келді. Қундіз дұрыстап қарамадым ба? Әлде күнсіп, тұтығып келдің бе... Қараши жуынып, таранып, аздал әлденіп едің тұра бір падишаңай аруақтанып, сұл-сұлу бол шыға келдің. Солай ма, қызым?

Кемпірдің қызы екі езуі екі жакқа кетіп, макулдап бас изейді. Өзі Роксанада қызыға қарайтын секілді. Бір кезде карт сол жақ қапталында жатқан бес ішекті аспапты алып даңғыр-дұнғыр бір әуездің басын шалды. Аршад мұқият тындан отырған. Бір кезде аспапты сұрап алды. Құлак күйін келтіріп біраз әуреленді. Одан соң сәл демін ішіне алып отырды да жаңа ғана донғалағы желінген есқи арабадай далан-дулан шықкан әуезді Аршад жіптіктең етіп қайта тартты. Отырғандар мәз болысты. Одан соң Аршад әлгі аспапты жын қактырап бір сазға бұрды. Үй иелері билеп кетуге аз калған секілді.

— Өнерің жай өнер емес, қәдімгі құдай бере салған үлкен өнер ғой, мынауын? Мұны қайдан үйрениді?

— Әкеме ілесіп бала кезімнен керуенмен жүрдім. Сонда елдерінізге келген сайын бір аспап алғызып, әкемнің саудасаттығы біткенше мен осы аспапты білетін, әлгі керуен сарайдың сазгерлерінің арасынан шықпайтынмын. Иә, әлгі шайханалардың күмбезін кетеріп әкетердей керім әншілер, күйшілер бар ғой.

— Һм... енді түсіндім. Ондай әнді кім естімейді, бірак сол әнді, аспапты накышына келтіріп айту, орындау құдай берген қасиет. Байқаймын, ән де саласын. Мына жаппада отырмын демей, жаман шал мен кемпірімнің жастық шағын бір сәтке қайтарып берші, шырак.

— Біз үшін бұл жаппа қасиетті шанырак. Жанымызды алып қалдыныздар. Әнді сіздерден несіне аяйын. Парсының есқі әні. Мүмкін естіген де боларсыздар. Жаңа әндеріне жете алмай журмін. Есейіп те кеттік. Мынадай ән. Ән не ғашықтықтан, не мұншерден, не үлкен куаныштан туады ғой. Мынау ғашықтық мұны болса керек... — Аршад сәл жеткірініп алды. Одан соң шынында еттен етіп, сүйекке жетер бір әуезді жетелеп отырды. Бірге-бірте кеудесінің тұңғызынан коңыр дауыс баяу кетерілді де үдей-үдей үйді толтырды. Әуез үш мәрте қайталанып барып, сылк түсті.

Кемпір орамалының ұшымен көзін құрғатты. Шал анқайып қалыпты. Сұраттай және мына әуезден ескен мұнды серліп тастағысы келгендей Аршад бір желдірме тәрізді ойнакы күй бастаны.

— Енді біздің елден бір ән айтайын. Елімді шынымен сағынып отырмын. Бұл өз әнім еді. Елде көп айтылады.

Аршад парсыдан құман тіліне көшіп, сахараның кең тынысты, шарықтап, қалықтап тұрып алар өз әнін айтқанда Роксананың көзіне жас келіп, алқымына кесек тығылды. Ән біткенде шал көзінен мейірім мейілдеп:

— Шырағым, өзің шығарған ән болса және бірін, кәне. Одан соң қинамаймын.

— Мына әнді осы келінізге арнап шығарған едім. Ол бір жүлдзыға қол созған шак қой. Сондыктан іші толған жас жігіттін арманы еді. Ән шығарғанда қыздың атын жасырасыз ғой. Бар рухым мен санамды өзіне аударып әкеткен соң “Рұхсана” деген ән шығардым.

Аршадтың әні Мараканда кешкілік соғар анызактай өте майда басталды. Одан соң әуезден өрнек ерілді. Сөзбен түйдек-түйдек сыр ағытылды. Ән айтылған сәтте әдette сонау Үндіден келер жалт-жұлт құлпырым матаның көркем гүлдері көзге елестел тұрып алды. Арасында аһ үрган, түнілген, үмітке толы жүректен ескен тегеурінді, тебіреністі сәттер буын-буынға түсіп, тындаушы бақсыға арбалғандай қыбырсыз калып еді. Жаксы ән тез таусылады... Тындаушылар әсерден серпіле алмай аз-кем үнсіз қалды.

Меймандар жатын орынға оралды. Аршад өз үйіне келгендей, өзінін некелі әйелінің жанына жатардай еркін. Бәрі солай болды да. Аршад Роксананың ішкі дүниесінде бір нәрсе өзгергенін сезді. Не өзгерді? Жаксылық па, жамандық па? Даракыланамын деп өз бағасын түсіріп алды ма? Әлде жанағы ашық айтылған өленнен Роксана тіксініп қалды ма? Бүгін ғана бауырында бүйректей бол жаткан Роксана казір араға орын тастап шеттеп жатыр. Екеуі де үнсіздікті кім бұзады деп бәстескендей...

Аршад орнынан тұрды. Тұндіктен түскен ай жарығымен сипаланып барып, тосталқа айран құйды.

— Роксана... Шөлдеген жоқсың ба?

— Иә, бар аздал.

— Мен айран ішкелі отырмын. Жана етті көбірек жеп койсам керек. Айран ток басады. Асты сініріп жібереді.

— Ендеше маган да құйши.

— Айран ішкісі келген бойжеткен маган қарай жылжы. Әйтпесе төгіп-шашып жатар орынсыз қаламыз.

Роксана ішкөйлекпен жасқана басып келе жатыр. Аршад осыны көргісі келген. Он бір, он екі жасар қыздар секілді. Жел-

женіл. Көйлегі тізеден екі елі жоғары. Оның күлын мұсін денесін және бір көру тойымсыз көнілге уақытша алданыш еді.

Тағы да тыныштық, үнсіздік орнады. Екеуі де түнліктің арғы жағындағы жұлдыздарға карап, алыс-алыс ойларға кеткендей.

Роксана мына кештен есендіреп оралды. Адамды білу, түсіну қаншалықты қын екенін Роксана бүгін ең соңғы рет айқын анғарған секілді. Аршадтың сырты ғана сұлу ма деп ойлаған кезі болған. Іші қуыс көркем жігіттер өте жиі кездеседі. Бірақ Аршадтан ескен еркектік көп белгіні Роксана ары кетсе табандылық, мансап берген адамға деген берілгендей шығар деп те бағалаған күндері есінде. Киропольге оның катып-семген, ағаштанып болған сүр бойдақ еместігін сәл де болса сезген. Сонда өзі іштей мойындаға ырық бермеуге тырысқан, бірақ ішін жылытықан, бойна жылы қан таратқан сезіммен арпалысып, Эсхатаға жеткен. Қырсықты күндері Роксана оның жүргегінің қаншалықты жасыл жайлау екенін, ананың алаканындай мақпал, әкенің мекіренгеніндей шынайы екенін әбден ұқты. Сенде. Еш есепке бармай, сезімге жол берді. Арадағы ала арқанды Роксана өз қолымен алып тастағандай болды. Енді бүгін Аршадтың ішкі әлемі мына аспан секілді шексіз бе деп калды. Сол шексіздікпен салыстырғанда өзі жер бетіндегі бака есептен еңсесін көтере алмаған, өзімшіл, астамшыл, мүмкін атаққұмар, бола алмаса да болдым, тола алмаса да толдым деп жүрген әдемі қуыршақтан артық емеспін деп өзін аяусыз қемсітті, тергеді.

— Бек... — деді үйқының ауылы алыстал жеткен Роксана.

Аршад бектің өзі де жаратылысы берген сезімталдықпен Роксананы және бір көніл-күй және бір ой иектегенін андал, өзінің бар-жоғын білдірмей жата беруге бекінген.

— Бір нәрсе кажет пе, Роксана? Сусын ба?

— Жок, бек. Әдетте ұрғашыға ер адам сөз айтады. Бұл жолы мен дәстүрді бұзбакпын...

— Олай емес, Роксана! Мен осы күндері қисыны келсе-ақ өзіне деген інкәрлігімді жеткізумен болдым. Ең сонында тым ашық кеттім... Басымды бағаласан да, басымды алсан да өзін білесін, енді. Мараканда, осы жуырда ғана соншалықты құлазыздым, жалғызысадым, сені ансадым. Ондай күй кешпегелі қанша уақыт өткенін мен білмеймін. Жанағы өзіңе арналған әннің сөзі мен әузі балқыған алтындағы осы калыпта құйыла кетті. Сонда айтылған сөз ер адамның сөз айтуы, бар сезімін актаруы емей не болуы? Егер сол ән қабыл болса... Айттар сезін, Роксана тек берер жауабын ғана.

— Макұл. Мен де сөздің ашығын айтайын. Онсыз да бәрі белгілі... Сөзін де, әнің де, өзің де кабыл, Бек... Бүгінгі түнді есінде сакташы. Осы сәттен бастап мен сенің Тәнір қосқан қосағынмын.

Менін тілеуім – Ұлым, Эке-Шешем, бауырларым, Канлы елінің амандығы, өз патшалығымыздың амандығы мен абыроіы еді. Енді сол күндіз-тұні ойлайтын, сыртта көзден таса жерде жүрсө екі көзім төрт болып тосатын ең жақын адамым өзің боласың. Солай тосар адамымның табылғаны, ол адамның Аршад екені Тәнірдің маған он көзімен қарағаны деп білемін. Менін бул сөзімді тек өзің ғана өзгерте аласын.

– Тәнір қосқан қосағында бір-ак арман қалып тұр...

– Айт...

– Ол арман Роксана мен Аршадқа Тәнірім ұзак ғұмыр берсін. Екеуі әбден картайып, бала-шағаларының атын шатастырып, шөпшектерімен бала болп ойнап отырар жасқа дейін бірге өмір сүрсе... Ел аман болса.

– Сонда қалай?.. Бала-шағалы боламыз ба?

– Боламыз, Роксана. Құндіз Падиша бола бер. Тұнгі билік енді менің қолымда... – Үйіріп әкетті.

– Аршад... Мүмкін елге жеткен соң?

– Падиша сөзін қайтып алмас болар. Тұнгі билікке көнесін, алтыным...

Аршад сілесі катып, Роксананың қай кезде тұрып кеткенін сезбей де қалыпты. Бек таңғы асқа шакырғанда өрт шалғандай атып тұрды. Сәл өрлеп барып таңғы тастай кара сұық судың ііріміне күмп-күмп сұнғіп алды да аспанға қарады. Ылғи бозарып, шаш қауып тұрар аспан бүгін көкпенбек, биқтеп, тұнғықтаным көз суырады. Көкжиекті қомқерген кебік бұлт, әр-әр жерде тұрып қалған шүйке бұлттар аспанға тек сән беріп тұргандай.

Таңғы аста Аршад пен Роксана көздерін алып кашумен, ұрлана көз тастаумен болды. Үй иесі астан соң тоқетерін айтты:

– Көленеке ұзара құдықты сайға жетесіздер. Біздің балалар сол жерден бері қайтады. Одан арғы жерге әлгі құдық иесі жеткізіп салады. Балаларым оған менің сәлемімді жеткізеді.

Дәл кетерде Роксана кейуананы және оның қызын сәл оқшаулады да құлағындағы сырғаларын, екі білектегі екі сом алтын білезіктерін жұлып-жұлып екеуіне сыйлап кетті.

– Шырағым-ау, мынауын түске кіrmес байлық қой? Өзіне не қалды?!

– Мені ұмытпасын дегенім ғой. Шын пейілмен...

Төрт салт атты тұс ауғанша малшы аттарының шамасына қарай біраз жер өндіріп тастанды. Содан соң оу алыс көкжиектен бері қарай қара тікенектей бір нәрсе тізіліп тұргандай көрінді. Аршад және жаман ойға кетті. Тікенек те, курай да емес. Шеп құрып келе жатқан қалын қол. Не істеу керек? Жалт бұрылып тұра қашқанмен мына аттар құткарып әкетер сәйгүліктер емес. Борпылдан біраз шапкан соң өкпесі қызып, қызылмай болады.

— Токтандар! — Аршад шептің қай қанаты қысқа болса сол қанатына қарай ойыспақ. — Соныма ілесіндер! Тезірек!

Төртеу жазықта жи үшырасатын лып етпе бір астауша тәрізді ойпанға түсіп тебінген үстіне тебінді. Еркін келе жаткан тек Роксана. Оның астында қара қасқа дөнен. Дөнен желдей есті. Алға түсті.

— Аршад! Қайда барамыз?

— Сайдан шықпа. Сәл еңкейінкіре!

— Аршад? Кімнен қашып келеміз?

— Білмеймін. Эйтеуір жер кайысқан кол. Сұмдық. Сәл тәмендеп алсандар олар көрмей өте шығады.

— Сен ше?

— Қазір... Ұзап алайық. Соңан соң айтам.

Аршад әлгі қалың қолдың шанытып келе жатқанына дейін байқады. Бұлар шептің оң қанатына едәуір жер ұзапты.

— Токтандар... Аттан түсіндер!

Аршад өз киімін тез шешті де, басына бақташының беркін, үстіне шапанын, аяғына көн табан, күмпиген сұрықсыз етігін киіп, ас салған дорба мен торсықты ишінә іліп, кері қайтты.

— Аршад! Не істемексін?

— Сендер және тәмендеп кете беріндер. Мына жосық өткен соң тірі қалсам бір-бірімізге карсы журелік...

— Не ушін, Аршад?

— Бұл Падишаны іздең шыққан жосық болуы әбден ықтимал. Өйткені ұрысқа емес, іздеуге бейім сап құрған. Бізді таппаса олар осы бетімен әлі ұзак сандалады.

— Аршад? Тәнірім енді қосқанда...

— Тәнірден басқа қемекке келер ешкім жок. Қорыкпа... Бір амалы болар. Мені тұтқындаң әкетсе жолдан қалмандар.

Аршад шоқ-шоқ караған өскен тұска келіп, жейдесін күнкағар етіп, бір білегін басына жастап, үйкіға кеткен болды. Жүрек дік-дік. Жосық албастыдай төніп келеді. Әне, адамдардың сөзі, аттың пысқырынғаны да естілді. Қай тілде сөйлеп келеді? Әзірше айыра алар емес. Жақындастын. Бір кезде жердің тебесін ойған мың сан тұяктан денесі түршігіп кетті. Тәуекел! Жорық жосығы болса жалғыз жаяудың керегі не? Тисе қоймас. Аршад быршып терлемеген бетін топыракпен айғыздап, табан астында тапқан амалына онтайланды. Бұл — тіл-аузы жок мақау. Мақауды ешкім тергемейді. Көп болса бір төбер, жотасына қамшы тиер. Біресе ыржалақтап, біресе жыламсырап бір бейшара бола қалса олар өте шығады.

Бір ат Аршад жатқан тұска жақындағанда тайсақтап, үркіп, бұра тартты. Сарбаз қамшыны қеміп-қеміп жіберді ме әлгі жылкы Аршадқа жақындап келіп, тіке шапшыды.

— Эй, мынауың кім-ең, өзі? Тірі ме, өлі ме?

Таза қаныша тіл қатты әлгі сарбаз. Аршад орнынан тұрды. Жассанбай әлгі сарбазға қарады.

— Кімсіндер?

— Мә, мынаны кара?! Кімсіндер деп бүкіл жосыкты бір өзі тергейді!

— Есі дұрыс па, байқашы. Өзі біздін тілде сөйледі ғой деймін?

— “Кімсіндер” деп касқайып тұр. — Аршадтың төнірегіне біраз сарбаз жиналды.

— Эй, өзің кімсің? Соны айтты? Тоз-тозың шығып қайдан келесін?

Аршад бәрін түсінді. Бұл Бекасылдың жосығы. Роксананы іздел шықкан. Жосықта кемі бес мың сарбаз бар. Іріктелген, сайыпқыран жосығы. Мінген аттары, ат әбзелі, сарбаздардың сауыт-сайманы, атқа конысы, кару-жарагы — бәрі-бәрі соны айттып тұр. Осы жосықпен Бекасыл Паратакентті алған. Мүмкін кейбіреулерін шырамытып та қалар? Олар Аршадты жазбай таныр еді, бірақ оның киген киімі, айғыз-айғыз беті оған жібермей тұр.

— Мен бір келе түйемді іздел жүрген жокшымын. Жолда түйе көрінбеді ме?

— Өзіңнен басқа түйе шалынбады көзге, бауырым. — Сарбаздар ду күлісті.

— Атың кім, батырым?

— Біздін тұқымнансың-ау, шамасы. Бетіне қарап құлсен атына жармасады. Ей, ат мініп ненді алған! Есек пе, кашыр ма бірдене тауып алмаймысын? Өзің бір, бетіне бес ит тойғандай сұлу жігіт екенсін. Есек мінсен қалай жарасып кетер еді!

— Эй, тілі мен жағына сүйенген бір мықты мырза болдың-ау, шамасы?

— Е-е... Жаман емеспіз. Оны қайтпексін?

— Экеңнің атын тұра тапсам атынды түсіп бересін бе?

Аршад әлгі белді аттың үстіндегі жас бек екенін түсінді. Одан соң оның кім екенін жазбай таныды.

— Ал айт, әулием! Таппасаң қатты өкінесін! Кәне, әкемнің аты кім?

— Йазыр ханзада!

— Эп, бәрекелде-е-е! Мынауың жай адам болмады. Ат сенікі. Бірақ, щапанынды шешіп, басындағыны таста. Бетінді шайқа! Сені мен де таныл қалдым. Атынды атасам — атым өзімде қалады. Келістік пе? Аршад бееек?! Оу, көкесі, апекем кайда?

— Апекен аман!

— Кешірініз, Аршад бек... Ай далада Мараканың сатрабы көлденен түсіп жатады деп кім ойлаған? Апекемді бір жыраға тығып қойып жатқан жатыс-ау, шамасы? Таптым ба?

— Таптын. Жосықтың басында кім?

— Бекасыл патшаның өзі. Сәл кейінректе әлгі тобан аяқ Аланас алтын күймені, ішім-жем, су-сусынды баскарып келе жатыр. Эне, патшаның өзі де көрінді.

Аршад кайтадан әлгі шапанын, кепешін киіп, бетін айғыздап тастанды. Лекілдете жеткен патша Аршадтың төбесінен ары қарал тұрып тіл қатты.

— Мынауың кім? Бірдене айтты ма? Әлде даланың перісі ме?

Аршад кепешін шешті. Бекасыл сонда барып оның бұркыраған толқынды шашын шырамытты. Шапанын лактырып, бетін сұртті.

— Аршад! Тірімісің? Екеуің бірге деп еді... Роксана падиша тірі ме? Соны айтшы, досым!

— Тірі! Анау асташа секілді жыраға салып төмен жібердім. Каща қаша ұзап кетпесін. Ал патша, жол баста!

— Жоқ. Өзің алға түс. Ат беріндер!

Йазырдың ұлы аттан түсті.

Бес мың наизалы жосық жалт бұрылып, кері жүрді. Роксана күймеге жетті де, алкам-салқам бір күйге түсті. Ешкіммен сөйлеспелі, өткенде өзіне едәуір қорған болған түптегі жайлы төсегіне жатып, бесікке бөленген балаша тербетіліп келе жатты. Дүниеде адамға шынымен керекті нәрсенің, ненің қымбат, ненің түкке тұрғысыз екенін, адами қасиеттердің қайсысы табиғи, сонысымен ардакты, шынайы екенін, одан да басқа көп дүниенің паркын осы сапардың үш-ак қунінде телегей тенізден ак маржанды өзі сүзгендей анық қөрді, түсінді. Бұдан бұрынғы өмірінде артық дүниелер өте көп болған екен. Дәл осы күнге аман жеткізіп, бәрін орын орнына қойып берген Тәнірге рахмет. Ендігі бар асылы, эне Бекасыл екеуі үзенгі қағыстырып кетіп барады. Эрине, екеуі кездескен жерде Роксана бұдан былай да сыртта қалады. Солай-ак болсын. Екеуіңің достығы жаарасса, көп нәрсе онайлады. Достықтары мәнгілік болсын. Рас, Роксана, Аршадты сағынып, аңсал келеді. Бірақ ерек өз табиғатына лайық журмесе обал да. Сол Тәнірім жаратқан еркектік еркіндігіне сәл қысастық жасасан нағыз өр тұлғалы ер адам аюша ақырып, асауша тулас шыға келеді. Одан соң үнемі өзінің адымы қыскарып қалмаса деген қара тікендей ойдан құтыла алмай, құны неге тұрса да бой бермеуге бекінеді. Роксана Аршадтың өрісін де, адымын да шектемейді. Қайда барасын деп өмірі құрамайды, қашан ораласын деп те такактамайды. Еркін журсе, от басына өзі-ак үйірсек болады. Тіпті, кейде-кейде: “Падиша мені сағынбай ма? Күтпей ме? Аландамай ма?” деп ойлар күйге де жақындастып, олай еместігін құлағы жастыққа жайылғанда дұрыстап ықылас-ниетке, ләzzатта бөлеп тұрады. Ел ісі, мемлекет ісіне оны жұмсаудың керегі жоқ. Тынығар уақыт келді білем. Аршадқа бір ретін тауып,

ерекше мәртебе берсе Бекасыл екеуі екі елді ойнатып басқара бермей ме? Маған не деді? Балалы-шағалы боламыз демеді ме? Падиша атым қала берсін. Қиял жетсе, ел жетеді, атақ жетеді. Аршадқа ерекше бір мәртебе табуды Роксана ойластырады. Аршад әйелінің атынан емес, елді өз атынан басқарғаны жөн. Сонда ер намысы төменшіктемейді. Нендей мәртебе?.. Жә... бара көрер. Ақылдаса шешер. Өзі не дер екен? Оны да намысына шоқ баспай андал алған жөн. Екеуінің некесін кім, қалай, қандай салт-дәстүрге сүйеніп киғызады? Оған Ақсүйек Байтак патшаның басы ауырсын...

Бекасыл патша екі жасақтан өзге калың құшті сардарына бастатып ілгері жіберді. Суыт жүріп, сарбаздарды үйді-үйіне тарат деп пәрмен берді. Мінген атына қарай адамын андайтын сақ баласы жабыға мініп жолға, жорыққа шықпайды. Бәрінің мінгені өз жылқысынан тандаған әздек аттар. Сондыктан ерік өздеріне тиісімен калың кол бірінің шаңын бірі каппас үшін таркатыла шеп құрып, енкейе шауып шалқая тартады. Бұл аттарда өкпе жок. Ертеден қара кешке дейін шапсан да шыдас береді. Тек оған адамның өзі шыдамайды. Ішек-бауырың, колқа тамырың куығынның басына кептелгендей болады. Жылқы жарықтық сол келісте қантарылады, суыйды. Одан соң түн жарымында шөпке, жемге аузы тиеді. Таңертең қайтадан тың тұрады. Жосық осылай көзден таса болды. Бекасыл әпкесімен, досы Аршадпен Мараканда айырылыспак. Сірә, Бекасыл Киропольге, онда сүзіліп жолға карап отырған Саяға асығып келеді. Ол Сая жайлы әлі ләм-мим деген жок. Аршад айтып үлгемесе керек. Әлде бәрі өз жолымен, өз жөнімен жүрсін, араластайын дегені шығар. Енді Роксананың да інісіне айтарты бар. Әзірше ол да жұмбактап, білдірмей келе жатыр.

Сонымен, Мараканға келіп, Падиша осы қунге аман жеткізген Тәніріне арнап, желеп-жебеген аруақтарының атын ататкызып құрбандық беруді жөн көрді. Құрбандық шалудың ішінде болсын деп Битанға — қанлының тірі пірі — Байтак абызға, Эсхатаға, Зариаспы, Паратакентке шабармандар сайлады. Қанлы елінде бұрын бес бұлық болса енді алтауга жетті. Сонын ішінде, әрине, Сағай бас ие болып отырған қатзак¹ бұлығы ең бай, ең бүйірлі іргелі ел. Сағайды жуырда елі хан көтеріпті. Енді басқа бұлықтар да солай жасаймыз деп шала бүлініп жатыр. Ол жөнінде Бекасыл былай дейді:

— Ол бұлықтар Аксүйек Байтак патшаның тұсында өсті, өнді.

¹Қатзак — Қаңлы елінің Шаһарисабызы өнірінде орналасқан. Кейін “көзак” болып аталған, бірте-бірте Қаңлы елін де, Үйсінді де өзіне сіңіріп жіберген ұлыс атаяуы. (Қытайдың “Билік ғибратнамасы сөздігі”. 1 том. 631 бет.)

Тұтін саны екі-үш есеге артты. Бұрын Басие деген әкеміздің әр бұлықтағы сенген адамдары үшін әжептәүір мәртебе еді, енді жай телпек секілді бол қалды. Ол бұлықтар конданып, ел ішінен не бір азыны айға балаған адамдар шықты. Сондыктан толқып-шалқып жатқан ол бұлықтар енді бір-бір хандық атанады. Ол бұлықтарды ел көтерген хан басқарады.

— Бағынбай кетсе қайтесін?

— Хандар үш жұз атты әскерден артық ұстамайды. Патшаның әскери бекінісі, ордасы Тасқаладан бес мың жарап ат, сайыпқыран сарбаз үзілмейді. Ол — жай ләшкөр емес. Олар — шәккәттар. Өмірін соған арнаған, құндіз-тұні жаттығатын, өз үйелмені жанында, сол Тасқалада тұратын жандар. Елді корғау, іште алда-жалда бүлік шықкан жағдайда дереу жетіп барып су сепкендей етеді. Түбінде Падишаға да сондай тұрақты, аса жинақы күш керек шығар деп ойлаймын.

Роксана алғашында сол Сағай ханға, одан соң кезінде жеке ел болған Мауреннахрга ғана шақыру жіберсем бе деп бір оқталды. Одан соң Аршадпен кеңесті.

— Алалап шақыру Бекасыл еліне іріткі салумен бірдей, Роксана. Егер тек осы сапардан, жалпы жаманаттан Тәнірім сақтасын деген ниет болса өз елін, өз төркініңмен шектел. Ал осы дүрмекпен елінің басын қурауға көмектескен, арка болған ежелгі туыстарға пейіл білдіремін десен Үйсін Күнбегі көрегенге, Массагет Кайымдерден әкелеріне де шабарман жібер. Онда құрбандық берер күнді сәл шегеріп, патшалар мен хандар, сатраптар мен жуандар екі өкпесін қоюна альп жетпей, Роксана падишаның еліне барып, сергіп қайталық деген женіл, желікті көнілмен келсін. Менің ойым осылай.

— Дұрыс айттыныз, Аршад бек! Екінші ұсынысының қабыл болсын. Мен мына Сарай салынып біткен соң, жаңа Керуен-Сарайдың дақпырты біраз жерге жеткен соң бәрінін басын қоссам деп едім.

— Ол тұста да дәл осылай Падиша бір кеңдік жасаса уәжи түрарлық емес пе? Ол жай ғана келу-кету емес. Ас ішіп, аяқ босату да емес. Қанлы, Үйсін, Массагет патшалықтарының ықылас-пейілін өзімізге құлата беру. Дүние Ескендірден соң әлі балқыған қола тәрізді. Әзірше Империяны тулакша тілгендөр бірінің бакайынан бірі тартып, өктем күші бар ерекше ел туғызбай жатыр. Бірақ ондай елдің туар күні алыс емес. Тек сол алпауыт ел дөнкиіп тұра іргемізден шыға ма, жок карауытып алыстан көріне ме — белгісіз. Құш алған елдің ең бірінші қадамы басқа елдерді жаулап алу, тұқыртып ұстап отыру. Сондай бір алакулік күндер туса бізге арқа керек. Арқамыз жанағы патшалықтар. Бізге соктығысу сол елдерді де қозғайтынын қазір бәрі біледі. Сондыктан бұл елдердің

патшалары тұрмак, енді хан атанған бұлық басиelerіне дейін риза етіп ұстаяныз аблал, Падиша.

— Өзің ұстайсың, Аршад... Осы келісінде Әкемнің екеуміздін бас құрауымызға деген ризашылығын барша жұрт алдында алсам — бетіміз ашылады, жүзіміз жарқын болады. Мұным қалай?

— Падиша жаңсақ сөйлемейді. Біз пакырға тек бас изеу қалады... — Мауқы басылмаған жандардың жанаса кетуі қандай сүйкімді қөрініс еді...

Тұнғыш рет Роксана падиша Тәніріне бағыштап құрбандық шалатын ресімді ретке келтірді. “Марақанд менен екі жас кіші” деп әзілдейтін, шынтуайтында да өз катарынан ешкім қалмаған бір карт такуа кісі бар екен. Сол көпжасар адамды шакыртқанда әлі сөзі де, кимылы да сергек тәнірші өзінің айтқанын падишаға жасатты. Тәнірші такуа Ұлы жаратушыға арнап сөз айтатын төрт бұрышты шағын тұғыр тұрғыздырды. Тоғыз ірі кара, тоғыз дөнен айғыр бір мезгілде пышакка ілігер он сегіз құрбандық орнын жерден екі баспалдактай етіп жарты шенбер тәрізді тіздіріп, тастан жасатты. Қасапшыларға біркелкі киім кидіртті. Құрбандық шалу ресіміне қатысуға келген аса мәртебелі меймандар жайғасар орын да күн-тұн демей дайын болды. Тас та, кесек те, кірпіш те, жұмыр ағаш та, жұмыс қолы да патша сарайынын құрылышынан, дап-дайын күйінде келіп жатты. Сондыктан он уш күнгі мерзімде бәрі дайын болды. Айтулы күнге екі күн қалғанда Аксүйек Байтак Абыз бәйбішесі мен уш токалын, ұл-қыздарын, ержетіп, бойжетіп қалған немерелерінін бірін тастамай Марақанға жетіп алды.

— Біз келдік, — деді әкеден бұрын сөйлеп, қылжак Йазыр. — Әкем әйелдерін түгел әкелетінін білгенде мен де бәрін сай-сайдан теріп алар ем. Жіргіт адамға жеті әйел деген не, Роксана? Мен, момын солардың біреуін ғана ілестіріппін. Қап!

— Оқасы жок, Йазыр... Қажет десен қалған алтауын Марақанда жаңалап жібереміз, — деп Аршад арқа-жарка күлді.

— Міне, ер көнілге не жетсін. Жасамасан да риза еттін, Марақаның иесі екеніңе көзім жетті.

Келесі күні құллі шақырылғандар келіп болды. Сатраптың сарайында қонақасы берілді. Көптен көзайым болмаған кілен ел жуандары иығын басып, жүйкеге салмақ түсіреп талкы, келіссөздің жоқтығынан өздерін еркін ұстал, қонақасы мәре-сәре әнгіме дүкен кешіне айналды. Ойын-сауық басталды. Роксана төр жактан әкесін іздеумен болды. Табады, табады да тан қалады. Анау бұка бас, арыстан жал, басы мен иығы туласып кеткен кесек адам сол ел билегендердін бел ортасында баяғы калпын өзгерпестен әнгіме көрігін қыздырып отыр. Байтак жайшылықта да осындай окиғанын ортасын бермейтін адам. Роксана алыстан көз тастан, “патша” аты иығынан түскен сон не өзгерді екен деп

карап еді. Еш нәрсе өзгермепті. Байтак кайда отыrsa әлі де сол орын жер кіндігі саналатын қасиеті бәэ-баяғы калпында екен. Абыр-сабырдың арасында Бекасыл мен Аршад бек Роксанана жағастап жүріп алды.

— Екі батырдың маған айтары бар ма?

— Бар, Роксана! — Бекасыл аһ ұрғанда аузынан жасыл жалын шыккандай болды.

— Айттай-ақ кой, бауырым. Мен бәрін білемін. Саяны колымама калай қондырсам деп тұрсын-ау шамасы?

— Солай... Патшаға ұры жүріс аса жараспайды екен.

— Падишаға да солай...

— Не айтып тұрсын? Сендер, Аршад екеуін бір нәрсе бұлдірген жоқсындар ма?

— Бұлдірген жоқпаз, патша досым. Бутінделсек деп едік.

— Эп, бәсе! Сөздерің, былай ара-қашыктықтарың өзгеріп қалғанын байқап едім. Бұл — сәт! Бәрі сәтімен болғалы тұр-ay!? Абыз батасын бергенде төртеуіміздің бетіміз бір-ақ ашылмай ма? Бәрін өзін баста, Роксана. Патшаға, Абызға әмірі жүретін, сөзі ететін тек өзің едің ғой!?

Роксана сарай астындағы қалың қонак, теңселген жүрістің арасына сініп көлкө дейін көрінбеді. Одан соң асығыс, қобалжулы көңілмен жетіп келді.

— Сая кайда?

— Осында.

— Тез, ишкіна ақ жапсын. Аршад осы жердің бір адамын... Эпкен бе, женғен бе, жақынын ба, әйтекеүір өз жағыннан менің басыма ақ орамал салатын әйел адам тап.

— Табатын несі бар. Эпекем осында.

Бір кезде тұлпардың тұғындарай жез конырау соғылды. Байтак, жүртшылықтан сез сурады.

— Уа, халқым, құтты қонақтарым! Жер аяғы шалғай. Дәл осылай басқосу күнде бола бермейді. Бірін ойда, бірің қырда дегендей. Осы бір желе жортып, женил келген сапарларыныңда мен екі бірдей куанышымды бөлісіп, батаны бірге беруге тілек білдіріп тұрмын. Роксана падиша өзім такілдеттес ел ортасынан қайнап шықкан, күллі Далага қаршадайынан әнші-сазшы аты жайылған, кейін естияр шакта ел билігіне араласқан, алдын арам сез кеспеген, ту сыртынан ілік сез ілеспеген тік мойын, сының мінез жарасқан Аршад бекпен ендігі өмірімді жалғастырам дес тұр...

— Бұл пейіл екеуіне ортақ па, Аршад бек?

— Ортақ! Ұлы Абыз.

— Ажалдан, одан соң азаптан құтқарып, бүгін осы сарайда Роксананы аман жеткізген соқмандығы¹ аян, осы жасында

халық Көл білге² атаған бектін ниеті кабыл болсын! Қызым, Роксана! Тенін табылып түрганда текірек міnez танытпағанының Тәнірім қолдайды. Ұлы жаратушы сенің тал бойына шак келмес ауыртпалықты ұзақ аркалағанының бағалап, сол ында Тәнір жолынан айнымағанының көріп, жүгінді көтерісер, уайымының сейлітер Адам жіберді. Бұдан былай бұл өмірде қатар жүресіндер ме, бірін ілгері, бірін сәл кейін жүресіндер ме өздерін байлауын табындар да бақытты болындар!

Байтақ екі қолын аспанға атты:

— Уә, Тәнірім ниет қоскан екеуіне бақытты өмір бергейсің!
Кабыл!!!

Екі алаканын мандайына жapsырып барып, қолын түсірді.

Аршадтың әпкесі көзінен жас моншактап келіп, мөлдіреп түрган Роксананың басына әппақ тезинжекті³ салды.

Бұлардан соң Байтақ, абыздың алдына Бекасыл патша мен Сая келді...

Құрбандық шалу рәсіміне бүкіл Марақанд халқы қатысты.

Роксана халықпен жүздесіп, бірге дәм бәлісіп, осы күні үлкен бедел жинағы. Енді оның келген беттегі қатқылдығынан сескеніп қалғандардың да жүйке тамыры босады. Роксана қаумалаған халыққа өзінің арман-мұрраттарын жеткізді.

— Марақанд мен көрген қалалардың қаласы Вавилондай бола қоймас. Болса кейінгі үрпак, біз мол қазына тастап кеткен үрпак сол дәрежеге жеткізер. Дегенмен бұл да әлемдегі айтулы қалаға айналады. Патша сарайы — елдін денгейін көрсетер дүніне. Ол салынып жатыр. Керуен-Сарайдың біраз бөлігі іске косылды. Ол да өткен-кеткен тамашалап айтып, кайыра келгісі келетін мактанышымыз болмак. Ғибадатхана салдырамыз. Ол Тәнірдің жердегі үйі — Тәніртағы болады. Әлемнің ғұламалары келіп тұра алатын, өз ілімін шәкірттеріне еgetін, әрі жайлы коңыс әрі ғылым мен ілім Сарайы болады. Грек пәлсапасы, арабы математика, шайырлар ортасы, сазгерлер, әнші-куйшілер мекені боларлық жеке бір ерекше кент қала ішінде салынады.

— Қалаға сия ма, падиша?

— Сыймайды. Қорғанды кенітеміз. Қорған тұра берсін. Арасының кен кеністік тастап Марақанды камалмен қайта коршаймыз. Сауданы үдету керек. Коленершілерге, кәсіпшілерге салық салмаймыз. Өнері өзін бақса болғаны.

— Осылай Роксана жарты күнін анталаған халықтың арасында әткізді. Адамдардың өзінеге деген ықылас-лейілінен қуат алып

¹ Соқман — Батырга беріледі ең жоғары атақ.

² Көл білге — көп біллетін, данышпан.

³ Тезинжек — жібек жамылғы.

кайтты. Елдін үстінен қараушылар қашан да елді томаға-түйік ұстауға тырысады. Ел сондықтан да нені жасауға боларын, нендей жағдайда жаңылыс болатынын білмей әрі-сәрі күйде жүреді. Бір іске бел шешіп кірісе алмайды. Роксана, тұмысынан ешкімге жалтақтамаған, жалған сөз айтуда мәжбур болмаған адам. Жаңағы елге айтқан сөздері оның шын сөзі, арманы, асығып, жете алмай түрган өркеш-өркеш мақсаттары еди.

Роксана адаскан қаздай, Сарайға қалың ой, батпандаған әсермен мәнгіріп жетті. Жан-жағына бозан жасыл жібектен шымылдық тұтылған падишаның жайына келді де құлай кетті. Даяшылары мен құндікшілері еппен шешіндіріп, үстін қымтап койды. Роксана жападан-жалғыз. Құлағында кара халықтың үні. Кез алдында көмпіс бейшаралардың үмітке толы қөздері. Осыларды алдауга бола ма? Қанау дұрыс па? Қазіргі ішкен асына разы, одан кейінгі корегін өмір бойы іздеумен, сол үшін кайысып, кажып, кейде өлімші халге жетіп, еңбек етумен өмірі өтіп жатқан кара табандарды жазалау керек пе? Олар онсыз да үкімі шықкан, мәнгілік азапқа, бейнетке келген жандар емес пе? Мен неге бақыттымын? Жо... жоқ... Мен Сузыға дейін, кайтар жолда ажалдың қөзіне үніліп қарағанша соншалықты таусылып, мұқалып, өзімді бақытсыз жан деп жүрмедім бе? Енді не өзгерді? Оны кім өзгертті. Аршад па? Әлде құлама сайда шошайған төрт жаппаның арасында өмірін өткізіп жатқан әлгі мейірімді, ынсаншыл жандар ма? Дүние құрт өзгерді. Бұрын Роксана бәрін нақты билетін. Өзі – падиша, халық та, патшалық та оның меншігі. Бәрі осының айтқанымен жүреді, осының ойындағысын орындаиды. Енді калай? Әлде билікке шығандап шыққан адам бұлай босаңсымау керек шығар? Жоқ, олай емес. Ақиқатты кім айтады? Өзі, тек өзі ғана айта алады. Патшасы елін алдамаса, елі патшасы үшін ең ардақтысы – басын да беруге барады. Патша тек айтсын, тек бүйірсын. Егер ел іші толған жалғандық, сөз саясат, алдау-арбау, халықты шатыстыру болса ол мемлекет тез қираиды. Себебі... Иә, бакшада бір аскабактар жатады. Қоленке аз түсетін тұста. Жаз өтеді, күз бітеді. Әлгі аскабак дөнкіліп бір қоленкеде көз қызығардай бол өсе береді. Сабағынан үзіп, көтерсен кара тастай ауыр, жарсан әлі көкпенбек – піспеген. Алдау-арбау, зорлық-кулыққа құрылған ел сондай. Ол іші піспеген соң быт-шыт бол далада қалады. Ондай елдін арты – лан...

Осылай кірпігі айқаскан Роксана жалғыз жатып, жалғыз түрді. Бұлай болмауға тиіс еді ғой? Бүкіл бір әлемнін орны үнірептіп тұр. Ол не әлем? Иә... Аршад Байтактың бір ауыз сөзіне бола жолға шыққан.

– Сен Аршад, өзің билеген Киропольға дейін бізге ілес. Сонда

құда орнындағы құдамызбен, құдағидын өзімен жүздесіп, алдына барған ырымын жасап, елге іс тындырып жетейік. Жол үсті ғой. Болмаса ары-бері журу де онай емес. Жас келді. Уакыттан ұтыламыз.

Кеше Байтақ патша Саянын кім екенін жазбай танып, елжүртқа ол жайлы таратып айтып берді.

— Экесінің атына қарағанда Сая келін Зариаспының даруғасы, кейін Бактұрдың сатрабы болған адамның қызы. Бақ келеді, бақ таяды да. Баязат зор адам болды. Ол адам даруға, сатрап бол тұрғанда парсы билігі қылдай, сақ баласының жолы даңбыл еді. Ақылмен ала алмасын білген Дарий патша оған мықты жосық жіберіп, бір түнде астын-үстін етті. Біз келіп үлгіре алмадық. Баязат қаза тапты. Бар дәүлеті жана парсы сатрабына көшті. Ел арасында қауесет жүрді — Баязаттың бала-шағасын Дарий ішкі парсыға алып кетілті деген. Кейін естідім, бала-шағасы басқа аталарының атын жамылып елде қалыпты деп. Бірақ Бекасыл патша айтқандай тоз-тозы шыққанын кеше естідім. Білмеген у ішеді, қызым. Енді Баязаттың аруағы жебеп, бізге келін болдың. Бар уайым-кайғың артта қалды дей бер. Баязат білгемен талай-талай дәмдес болып, ол маған, мен оған барған, жантайып жатып қунді-кунгеле, тұнді-тұнгеле ұра сырласқан, іш ағартқан кездерім мың жылға татиды. Оның жесірі мен бүкіл бала-шағасы, шебере, шөпшектері өртөн менімен бірге Битанға көшеді. Олардың бар камы мына менін қыл мойнынан енді түспейді...

“Бәсе, — деді Роксана. — Бекасыл екеуі сырттай құда түсіп, косылған жок. Сөзі жарасып соншалықты ынтызар боларлық касиетін Бекасыл зеректігімен сезген-ау, шамасы. Қара тентек... Аршадтың жасағанын көрмеймісің? Тұнімен сүзілтіп, масан жігіттің жанына соншалықты сұлу задалығы сыртқа сәуле шашқан бойжеткенді отырғызып коюын... Мейлі, неде болса бар әнгіменің басы ашық. Бірақ Аршадты кім деп ұстайды? Сатрап? Қисынсыз. Жалғыз жол қалды. Ол — Аршадты Александрың регенті етіп ресми турде жариялау. Бірақ ол бес жылдан соң міндетті турде патшалықтан түседі деген сез емес. Эне, Байтақ патша өзі әбден тәрбиелеген Бекасылға билікті жиырма тоғызға жеткенде ғана ұстадты. Онда да Бекасыл күллі қанлы алдында женіп алды. Оның алдында Түйепалуанды жайратып тастап, Ұлы Дағалаға аты шықты. Байтақ бәрін дәл уақыты келгенде, алдағы уақытта Бекасылға экесінің патша болғандығы бетіне басылмасын, жетектегі тазы дей алмайтын жағдайда патшалықты өткізіп берді. Бұл жолы да солай болады. “Әкеге тартып үл тумас” деген бар. Егер ел билеуге ынтасты, алып бара жатқан оты болмаса Роксана асықпайды. Эне, өзінің бір әке, бір шешеден өрген үш ағасы патшалық, десе басын алып қашып, көнбеді емес пе? Адамның өзі сезеді — қолынан не

келеді, не келмейді. Әзірше Александр өз жасағы бар, өзінін бас еркі бар ойын баласы. Эсхата мен Битанның арасын шаңдатып, атасы Байтақ абызбен дос бол алды. Байтақ абыз және бір патшаны дайындал жатса құба-құп. Бала биліктен бас тартса – зорлық жоқ. Ұлы Әміршінің ұлы сак қызына үйленеді. Мүмкін бірер ұрпактан соң Ұлы Александрша ақырып бір ұлы адам осы өлкеден шығар?.. Бәрін уақыт көрсетеді. Әлі бес жыл бар. Ең кемінде. Ол да аз уақыт емес”.

Аршад Киропольден Эсхатаға тарта жөнелді. Онда есін жиған Каллисфен Роксанана айттар сөзім бар деп жан таптай жатса керек.

– Келтіріндер. Ұлы ақын не айтпак? Тыңдайық.

Каллисфен кезінде сұнғак бойлы, келісті жігіт болды деп Роксана көп естіген. Қазір оның алдында өті бойына жайылған көксарғыш ренді, мұжілген, дәрменсіздігіне одан бетер корланған тірі аруақ отыр.

Аршад пен Роксана қатар жайғасқан.

– Роксана екенің анық па?

– Анық. Сейлеменің ұлы ақын.

– Дұрыс айтасың – мен ұлы ақынмын. Александр Ұлы ақымақ болатын.

– Дәлелденіз, ұлы ақын. Ұлы Александрдан гөрі жағдайыңыз жақсы емес пе? Ол – өлі, Сіз – тірісіз.

– Жоқ. Мен де өлікпін. Рухым ғана тірі. Жан-тәнім көкаяз бол өліп біткен. Дәлелде дедін, Роксана. Айтайын...

Әлі мойнын әрен ұстайтын, буыны бекімеген бала секілді орынтаққа қонжитқан, жан-жағын жастықпен қымтап қойған Каллисфен зорға отыр.

– Менің әңгімем алыстан басталады. Соның өздеріне түсініксіз тұстарын айтып отыру үшін Апанасий келсе...

Апанасий Александр Македонскийдің Каллисфенде каншалықты жек көргенін білетін жалғыз адам. Апанасий пір тұтқан ұлы қолбасшыны жорық бойы оппозициямен алыстырып койып, өзі жым-жылас білінбей, іші үй тәріздес арнайы күймеден түспеген, астың ардақтысын, сусынның мәлдірін ішкен, астың тісті мамық, жазуға, шабыт шакыруға бар жағдай жасалған адам осы. Шайқас кезінде Ұлы қолбасшы қылышын қынаптан суырған күйі тозактың ішіне қойып кететін. Ал мына сыздап жатқан адамды садақ оғы жетпейтін тұсқа тастап, жанына мықты жасақ қалдыратын. Бұл әр күн, әр шайқастан сон сала қулаш Ода жазады. Ол Одалар Элладаға үздіксіз кетіп жатады. Эллада жерінде, Кіші Азияда, Эгей тенізінің бергі жағалауында, одан асып, Рим, Карфаген, Сицилия жеріне де Ұлы Александрдың данкына ілесіп, Каллисфен Гомерден кейінгі атағы кен жайылған

акынға айналды. Каллисфеннің өзі туралы да сол заманда неше түрлі аныздар өріп жүрді. “Каллисфен де Гомер секілді соқыр екен”... “Каллисфен Одасын биік жерге шығып тұрып төгеді екен. Жеті хатшы жарыса жазып, соңынан өзі оқиды екен”. “Каллисфен Одасын айтып тұрганда толқынды ұзын шашы дудыраг аспанға қарай желкілдеп тұрады екен. Каллисфеннің табаны жерден үзіліп, конып, үзіліп қонып барып, Ода аяқталғанда ес-түссіз құлайды екен”...

Ол аныздардың бәрі Аланасийге аян. Ал Каллисфен оған таң емес. Жақсылықты көтере алмаған, Аристотельдің өзі жетектеп әкеleiп, жорыққа қоскан, сол Ұстаздың жақын туысы деген ой санасында конактап қалған Александр Каллисфеннің жымсымалығын оппозиция қүшейіп, өзі нысанана айналған шакта сезді. Клитоның өліміне тікелей себепші, шағыстыруышы болғандықтан осы түтіндеген, мұнсіген у толы шанашты зынданға тастатып, Александрдың көзі ашылды. Одалар тоқтап қалған жок. Одан асып тусер Одаларды басқа бес ақын кезекпен кезек жарқылдата жазып, елге аттандырып жатты. Сейтсе, Каллисфеннің ен үлкен қасиеті – жан жағындағылардың бәрін аузына қаратып, басып-жанышып, дуалап тастау екен. Сол кара бүйі жер астынан қайта шықты. “Ішіне ас түрмайды, күні санаулы” деп емшілер, тамыршылар түніліп кетті. Оны Каллисфеннің өзі де білетін болу керек. Бірак тәқаппаратының өзімен бірге алып кеткісі бар.

- Мені шакырттыңыз ба, Падиша...
- Аланасий! Ұлы ақынның әнгімесін бірге тыңдайык.
- Жанындағы адамың кім, Роксана? – Каллисфен Аршадты мензеді.
- Грек-Бактұр елінің патшасы ұлы мәртебелі Аршад білге.
- “Білге” не деген ұғым?
- “Білге”—қосымша. Ел, халық әр адамның ерекше қасиетіне қарай осындай атакты өздері береді. “Білге”—көп біледі деген ұғым.
- “Білгеніз” грекше бірер сөз ұға ма?
- Ұғамыз. Қысылманыз! – Аршад білге катқылдау сейлеп, барған сайын еркінсіп, басына бастаған Каллисфенді селк еткізді. Каллисфен сөз бастады:
- Александр мен оның шешесі Олимпиада Филипп патшаны өлтіріп барып, таққа қонды. Олимпиада – әйелдің жыртқышы, тойымсыз адам болған. Александр әкесінен айлакерлікті ғана алған. Басқа қасиеттері анасынан ауысқан. Жаңа айттым анасы жыртқыш деп. Александр да дәл сондай болатын. Ол кан ісін сезгенде есінен танатын. Өзінің өлерін дәл жыртқыштар секілді біржолата ұмытатын. Тойымсыздығы да солай шексіз болды. Осы екеуі оның түбіне жетті.

— Ақынның ойынша Александр не істеуге тиіс еді?

— Гавгамелдегі ойраннан соң Дарий екі-үш мәрте хат жолдады. Иерусалимнен бастап Тарс, Кликия, Фригияны түгел, арасында жатқан Дамаск, Марафон, Исс қалаларын және ал да токта. Бала-шағамды қайтарып бер деп. Александрдың токтайтын жері сол еді. Жаңағы қалалардың бәрі дамыған, су катынасы, саудасы қайнап жатқан өлкелер ғой. Егер сол тұста тоқтаса Александрдың билігі жинақы, ішкі қуаты аса мығым, басқаруға онтайлы, жан-жағын ықтырып отырап аса ірі мемлекет болары күмән тудырмайды. Өйткені, оған Кіші Азия түгел кіретін, Эгей, Жерорта теңізінің жағалауындағы портты қалалардың бәрі бағынатын. Грекия мен Македонияның арасында белгі қалмай араласып кететін еді. Теңіздердің парсы жақ бетіндегі порттар да, елді мекендер, грек ру-тайпалары ежелден арипей, парсы, сак, ұнді, жыңмен араласып, саудаға бейімделген. Сөз салырудан гөрі сүт салыруға бейім, аспанға қарал пәлсапа соғудан гөрі еңкейіп өніс баптап, дән егуді, мал бағып, қызы-жазы ырғын өмір кешуге үйренгендер аз жылда Фивы, Спарта, Афины, Пелла, Македонияны басқаша тіршілік жолы бар екеніне баулытын еді. Александр ушін құрылышқа жолы, теңіз жолы сайрап жатыр емес пе? Теңіз Флотын жасатса Аппенин, Риммен қоса колына түскелі түрған. Сицилия мен Карфаген қалың флотты қөрген соң соғыссыз берілмей ме? Міне, Ұлы империя кайда жатыр? Ол женістен басы айналып, ку медиенге қарай тарта берді. Вавилон, Сузы, Персепольмен шектелсе де мүмкін терең-тендікті ұстап қалар ма еді? Ал сак жеріне кіруі ессеziдік болды. Не тапты? Ұш жылда сенен басқа колына не ілікті? Үндіден не тапты? Үнді жақын ба еді, әлде Аппенин жақын ба? Үндіні алғаннан беделі есken жок, Аппенинді алса шынында Әлемнің әміршісімін деп өзін жариялауға болатын.

— Соны кезінде неге айтпадыныз, ұлы ақын?

— Александрға оны Неарх арқылы айтқызығанмын. Арым таза. Александр бүкіл Парсыға тән жерді түгел алдып, парсы-грек-македон Әміршісі атану жақынырақ деп сол күнге асықты. Жер көлемінің тым далиып кеткенін, бір жағы бүркүлдап қарсы шықса тұра-тұра шабумен күні бітерін түсінбеді. Дарий айтқан межемен шектелсе Александрдың күші шашырамас еді. Оның ойға жүйріктігі, алғырлығы, тәуекелшілдігі, ер-жүректігі сол жерлерді тырл еткізбей ұстап тұруға жететін. Оған қарсы келу – елім екенін бәрі біліп болған. Сол кезде Александр жиырманың ішінде емес пе?! Мен айтқан империянын халқын да, казынасын да, әскері мен флотын да мығымдап алса жыл сайын салық төлеуші Дарий бірте-бірте әлсірей берері өзінен өзі белгілі. Сол бір Дарий әлсіrep, Александр дәүірлеп түрған заманда Ұлы

қолбасшы бір деммен барып, Вавилон, Сузы, Персепольды басып қалатын... Асыкты. Александрда байсалдылық, алысты көздей алатын көрегендік болмады. Бір-ак адамды тындарды. Онысы – ішмерез Лисимах шал. Лисимах Александрдың өлігінен аттап барып, патшалық құрды.

– Сіз сол үшін оппозицияны айдал салып отырдыныз ба?

– Айдал салғам жоқ. Александр жерде осы ойларымды ашық айтып жүрдім. Гавгамелде тоқтай алмады. Персепольға жеткенде төрт ай бойы өзімен өзі алысты. Ақырында парсыланған патша болам деп күллі жосығын, диадохтарын жай әурелеген жоқ, корлады. Проскинеза Александрдың Гавгамелден кейінгі тапқан амалы болатын. Бірақ ол амал тек орға жығатын саясат екеніне ақылы жетпеді. Аристотелі, Диогені, Демосфені тірі Эллада парсы кебін киуге бір-ак жағдайда келіседі – түгел қырылып қалғанда. Александр бірте-бірте гректі парсыландырып, парсыны гректендірем деп ойлады. Сол үшін әркайсысы отыз мыңнан үш кеме Грекияға жасағспірімдерді. алып кетті. Грек ілімін менгерген тоқсан мың парсы баласы еліне қайта оралғанда сол Александрдың өзін алып жеттін күшке айналмай ма? Олар соғыспайды. Олар қарсы да келмейді. Бірақ Александрдың астынан ер-токымын білдірмей сұрып алар күшке айналар еді. Олар парсы баласы бола тұрып, парсы мұддесіне де, Александрдың мақсаттарына да қызмет етпейтін, отансыздықка үйренген, тек қаракан басының қамын ғана ойлайтын жайынауыз тойымсыздар кастасын қурайды. Бар болғаны сол. Александр не парсы боларын, не грек, не таза македондық боларын білмей, Зевстің ұлымын деп аспандап жерге түсे алмады. Александр үш ұлттың арасында жүріп адасты. Ажалы өз отандастарынан келген жоқ. Сол өзі салтын қабылдатып, алтын зерлі шапанын кигізген, астына алтын так, алтын күйме мінгізген елдін уын ішіп, азалты өлімге тап болды. Артына дені дұрыс сөз қалдырмады. Оның шектен асқан өзімшілдігінің зардабынан диадохтары бірінің басын бірі алды. Егер өлерінің алдында диадохтарының бірін өз орнына сайлап, егер Роксана үл туса ол мурагер бала дүниеге келгеннен бастап, соның регенті болады секілді түсінікті сөздер айтса еш нәрсе бүлінбей байсалды саясат орнығы мүмкін болатын. Ол менен кейін не болса о болсын деп кете берді. Сені де тозакқа тастап кетті.

– Мұның бәрін зынданда жатқан адамға кім баяндап отырды?

– Грек-бранхидтер бар ма осы өлкеде?

– Бар.

– Ендеше оған несіне танданасыздар? Маган тек деректер ғана жетіп жатты. Басқасын адам ақылға салмай ма?

– Александр жас патша, жас қолбасшы ретінде қателесуі

мүмкін. Ал оның жеке басына деген қызғанышының орынды болды ма, ұлы ақын? Әркім өз ісімен болғаны жән емес пе еді?

— Ха... Қызғаныш. Білмеймін. Болса болған шығар. Бірақ қызғаныш емес мені күйдірген. Жиреніш.

— Естик те! Ол не жиреніш?

— Ол Александр жасаған іші кеуек империядағы оның шектен тыс данкы. Ол соғыспен өткен жерде кираган қалалар мен сан мындаған жазықсыз өлгендер қалып жатты. Ол еш нәрсе өзгерктен де жок. Дарийге беретін салық кана Александрдың казынасына бұрылды. Оның арнайы жендеттері басып алған, соғыссыз берілген жерден түскен асылдың, алтынның бәрін дерлік оның шешесі Олимпиадаға алып кетіп жатты. Кала сыйлау, сарай сыйлай салу, сұраншыларға сүйек-саяқ тастату болды, әрине. Бірақ оның бәрі өзі бастап берген озырылых, тойымсыздық, зорлық-зомбылықты адамның қастерлі қасиеттері катарына жатқызуымен бітті. Дүниеконыз, ашқөздік алға шықты. Тойымсыздық қарақан басынан қара табан сарбаздың канына сіңген басы ашық қоғами норма ретіндеге қалыптасты. Адамзатты осындағы рухани кеселден айырамыз деген, Александрға дейін адамшылықты, қайырымдылықты, ынсаншылдықты, кіслікті, мәдениетті уағыздал келген ұлы отандастарымың аппақ үміті, асыл ойлары, маржан сездері кан-жынға араласып, басып жаншылып калды. Әскер жаппай маскунемдікке, зорлықшылдыққа ұрынды. Мен бір-ақ нәрсеге өкінемін. Ол Персепольда Александрды өз қолыммен өлтіріп, одан сон өзіме кол салуым керек еді. Адам тұрмак мал бауыздамаған, құс атпаған табиғатым оған жібермеди.

— Персепольда не болып еді?

— Персепольде грек-македонның көн шәркейлі сарбаздары кез келген бақуатты үйлерге кіріп келіп әйел затын қорлаумен, дүниесін тартып алушмен болды. Әйелі мен қыздарының қорлығын көрген басиeler биік дуалдан құлап өлуді жән қөрді. Солай төрт ай азындық азынап тұрды. Александр ешкімге мұның дұрыс емес демеді. Ол аз болса парсы патшаларының кесенелеріне өзі бастап барып от қойды. Ондағы бағалы заттар түгел талан-таражға тусты. Сондай Александр әнә-міне, парсы шапанын киіп, парсы тағында отырып, алғашқы проскинезаны өткізбек-тін. Ақылы асқан адам болса өзі патша боламын деген халықты осынша қорлауға бола ма? Халық оны өз патшам деп қалай қабылдайды. Құні кеше сарбаздары тас ошактарын талқан етсе, әйел демей, қыз демей түгел зорласа, жер төлелеріндегі шараптарының тубінде конып, оразасын сол шараппен ашса оларды адам деуге келе ме? Азғын, босқын. Персепольдан сон әскер Александрдың өзіне де сүйнди. Себебі Грекиядан Элладаның Автократоры боп аттанған

Александр Персепольде парсы патшасы бола қалды. Одан сон шапанын сілкіп тастап сақтарға бет түзеді. Бұл үшінші көтелігі еді. Автократор Элладаға парсылардан кек кайтарамын деп аттанған. Персеполь берілген сон кек кайтты, деп есептеді, қолбасшылар да, әскер де. Ендігі жорықтың еш кисыны жоқ болатын. Әскер әбден тойынды. Бар болғаны токсан мын сарбазды тойдыру үшін оның жеті ұрпағына жетер байлық аркалату үшін Персепольдің бір-ак көшесі жетіп жаткан. Персеполь көз тоймас сәулетті, байлықтың үстінде тұрган қала екен. Ахемен әулеті жан-жақтағы халықтарды, елдерді сан ғасыр торап, елін меймілдете тойғызған ел еді. Сол елді, аш-жалаңаш елдің тер сасыған сарбаздары, түк көрмеген жалан бүттәры ашық торап та тауыса алмады. Мына Бактур-Қанұлы жерінде алдынан шықкан, дәм-тұз ұсынған грек-бранхидтерді қырғынға ұшыратты. Сонда... бұл адамды не үшін жақыс көруге болады? Білемін “тарих” дейтін сайқал ілім бар. Ұакыт өтеді, жамандық ұмытылады. Майда-шүйде қырғындар да, кескілескен соғыстар да көмескі тартады. Бірақ соның әрін жасаған адамның аты тартымды, қызықты бола түседі. Сайқал тарих соны сезіл Александр Македонский адамзатқа ізгілік жолын ұсынған демесіне кім кепіл? Оның өзі қол токпактай ғана, шошайған ешкібас жігіт еді. Рас, қәдімгі қасқыртекtes сұсты болатын. Кез келген ұакытта алқымынды орып түсер, іс-әрекетін болжауға келмейтін аса қатерлі, аса шапшаш болатын. Айлакерлігі де сол қасқыр тектес.

— Александр Сізді зынданға бекер салмаған болды. Ұлы тұлғадан титтей жақсылық көре алмасыз. Яғни көзінізді қызғаныш шелі басқан. Өтініз бойыңызды түгел улаған. Оның орнында неге мен осынша данқка бөленіп, осынша әлем аяғымның астында жатпайды деп күйінгенсіз, ұлы ақын. Сіз екі жүзді адамсыз, Каллисфен! Осынша жек көре түршіп қалай ғана мадақ Одаларын жаздыңыз?

— Мениң Одаларымның бас кейіпкері менің қиялымнан туған, сондай болса деп көксеген Женімлаз бейнесі еді. Александр оны да түсінбеді. Тек көбік ауыз Демосфен түсінді. Бірақ ол түсіне тұра арамызға от тастап хат жазды. Александр хатты оқыған сон мені бір екі жерде кекетіп-мұқатты. Мен жауап бермедім. Кажет деп таппадым. Ал қызғаныш туралы... Рас, Александр жер-әлемді өз данқымен толтырып жіберді. Ондай бакытқа жеткен жан менің есімде жоқ. Менде қызғаныштан гөрі жириңіш көп болды. Себебі тым жақын жүргендеге ұлы тұлғалардың кем-кетігі көзіне өзінен өзі кептеледі. Мен – ақынмын. Мениң міндетім адамның сырты не деп тұр? Ішінде не тұр? Дәл осы сәтте ол кімнің кебін кіп, кім бол көрінгісі келіп тұрганын жазбай тану. Мен Александрдың мын күбылған құлығын шегіне жеткізе үқкан адаммын. Есімде,

Филота бастаған оппозицияны өлім жазасына өзі емес әскер тартсын деп ойқастап шықкан сәті. Өзі парсы болуға қарсы шыккандарды жазалатпак болғұрып, әскерге қарата былай дейді: “Ұлы македондықтар! Филота өзінің ана тілінде сөйлеуге де арланатын халге жетіпті”, –дейді. Македонның жыртысын жыртканнан өлді Филота! Ал Александр оны бурмалап, өзінің парсы қолтығынан сая іздегенін осылай бүркемеледі. “Сен ұлы бұзакы ғана емес, ұлы демагогсын”, –дейді әбден қалжыраған Филота.

Филота және басқалары құллі әскер лактырған кесектін астында ынырсып калды. Енді тез арада Мидияда отырған оның әкесі, қарамағында отыз мың әскері бар ұлы қолбасшы, Александр жеңістерінің рухы Парменионды өлтіруге жүз адам дереу аттанды. Олар кайтып келіп, Парменионның басын алдына тастағанша жиырма күндей өтті. Сол жиырма күнде Александр тамақ ішуден калды. Әлгі жүз адам бір көлденен қаракшы, босқыншы бәлелерге соқтығып, Парменионға хабар өз бетімен жетсе үлкен майдан басталарын білетін Александрдың жапырақтай қалтырағанын мен өз көзіммен көрдім. Оны адам сүйсінер қылыш деуге аузым бармайды. Бір сауалға рұхсат болса...

– Сұраныз акын.

– Аршад патша сізге кім болады?

– Менің Тәнір қосқан қосағым.

– Бір әділдік дүниеге кайта оралған екен. Бақытты болыңыздар.

– Енді бір өтінішім бар, Падиша!

– Айтыңыз.

– Менің күнім санаулы. Осы елде болатын ырдуан арбаға салып, мені елге кайтарсаныз. Елге жеткенше өлмеуғе тырысамын. Ал Александр Македонскийді осынша жамандады деп сөкпеніз. Мен оған тым жақын жүрдім. Бүкіл әскердің данқын, диадохтарының көзсіз ерліктерін ол бір өзіне әкеліп жапсыра берді, жапсыра берді. Мен оны одан әрі өндеп, ершелендіріп, елге жеткіздім. Тарих одан керемет тұлға жасайды, халық анызды, ерлікті жақсы көреді. Ол мындаған аныздың кейіпкеріне айналады. Бір менің сезім түк те емес. Тирандардың өмірі лан, өлімі тан, одан кейін сол оқиғадан әркім өзіне керек, өзіне лайық тарих жасап алады. Замандар құбылады. Тарих та құбылады. Солай бірде жақсы, бірде жаман бол өмір үзай береді.

– Мен сізбен сөз жарыстырмаймын. Сіз қолында тек кара бояуы ғана бар суретшісіз. Александрдың акқан жұлдызыдан ерлік өмірін одан ақылдымың деп отырған Сіз, Каллисфен, анаңыздан он рет кайта туып келсөніз де жасай алmas едініз. Александр жай ғана адам емес, бір дәуірдің белгісі, ескерткіші, тарихы.

Басқасына уакыт таразы. Иә, өтінішінде кабыл деп білініз. Ертен-ак жолға шығасыз.

Әңгіме осымен бітті. Аршад Падишаға тіл қатты:

— Роксана! Мені неге өтірік таныстырыдын?
— Өтірік емес. Маған көп бала туып бер деген кім?
— Мен.
— Ендеше соған мұрсат бер. Бүгін Герострат сондай жарлықты дайындал әкеледі. Мен қолымды қоямын. “Аршад білге IV Александр таққа отырғанша мұрагердің Регенті болып тағайындалады”. Ал мұрагер он сегізінде, яғни бес жылдан соң таққа отыруға әзір болмаса, ол әлі басы післеген деп екеуміз тапсақ және бес жыл күтеміз, немесе, өзін біржолата патшалықты аласын. Бұл менің соңғы пәрменім, соңғы жарлығым.

— Марақанды кімге сеніп тапсырамыз?
— Оны патша шешеді! Мен сүйген адамыма жай ғана әйел болуды көп жыл армандаған едім. Шалдығып жеттім. Енді ел ісімен менің басым ауырмасын, Аршад білге. Енді — Аршад патша.
— Патша тағына отыру рәсімін не істейміз, Роксана?
— Ол үшін патша сарайы салынып бітсін.

Таңтерен Сарай маңы сыйыр-кубірге толып кеткендей көрінді. Роксана түнгі ләzzаттан соң не түс көрместен үйкіла кара тастай батып кетіпті. Түнгі жайдасы Аршад патшаның орны бос. Аршад көзі қашшада ілінсе де танмен жарыса тұрады. Атқа жайдак мініп, кара таста кайнап жатар таңғы бұлакқа барып тыр жалаңаш жуынады. Тас көтереді, тал лактырады. Құрыс-тырысын жазған соң бірақ оралады. Бүгін Роксана әдеттегіден кештеу оянған болармын деп ойлады. Аяғын төсектен салбыратып, шашын жиганша Аршад та келді.

— Роксана... Каллисфен кеше жатқан орнынан түрмастан о дүниеге аттанып кетіпті.
— Мені араластырма. Менен ақыл сұрама, Аршад патша. Патша өзіңсін. Қөргім де, естігім де келмейді.
— Иә, солай еді-ау! Ендігі өмірің тек менің жасағанымды көрүмен өтсін делік. Дегенмен, артық кетсем, киғаш кетсем кыбын тауып, патшаның қанағына іліnbестей етіп ескертсерсін, Роксана!

Каллисфен не грек-македон зиратына, не басқа зираттарға жерленбеді. Грек-македонға Апанасий карсы болды.

— Тірлігінде менсінбеген, адам демеген отандастарымның арасына барып “бұлік шығаралды”, — деп әзілге бұрды.

Басқа зираттарға апарудың жөні жок. Аршад өзі шешті.
— Апанасий! Адамдарының жақыннатшы... Жігіттер! Ано-о-о-у кереге көк тасты көріп тұрсындар ма?
— Қырдың үсті ме, басилем?
— Дәл өзі. Сол көк тастың түбіне жерлендер де көктаска ірі

әріппен “Каллисфен. 312 жыл” деп кашап жазындар. Болды сонымен. Апанастың қас-қабағына карамай құллі грек-македон тектілер Каллисфенді көз ұшындағы қыратқа жаяу алып журді. Патшаның айтуымен оның аты ғана жазылған. Соңан соң өлген жылы. Қабыршықтанбайтын кереге көк таста бір үйдің қабырғасында орын бос қалған. Аршад патша мен Апанасий болған-біткенді көрген сон аттың басын ауылға бұрды. Екеуі де үнсіз. “Өмір деген... Сонау Македонда дүниеге келген адам. Енді Эсхатаның маңындағы бір қыраттың үстінде жалғыз жатыр. Отанымға жетсем деп армандағ еді. Ел туралы, саясат туралы каншама ескертпелер айтты. Есінде қалғаны, сірә, ұнаганы, мемлекетті тым жайып жібермей іші мығым ел жасау.. Ол сөздің керегі бол қалар. Және жалтақтамау. Өзің мықты болсан қаған өзгелер жалтақтайты. Астамшылдық... Карапулық. Тойымсыздық... Қарашы, дәл бір өзінің соңғы сөзін дәл сол күні патша атанған адамға өситет етіп айтқандай болыпты. Каллисфен Апанасийге ұнамас. Роксана да жиринетін болар. Бірақ тұра сөз кімге жаққан? Бүгін Каллисфеннің Одаларын жатқа айтатын ұста грекке мал-пул бөлгізіп, Каллисфеннің аруағына бағыштап қонақасын бергізейін. Адам өлді. Ақын өлді. Ақикат өлді. Сол ұстага ел көзінше тапсырма берейін – бейіттің үстін мал баспасын. Не таспен, қажет болса кірпішпен кен етіп қоршал қойсын. Енбегіне ақысын алады. Ол бізге “Бақытты болындар”, – деп те үлгерді. Мен енді оған бакыл бол дейін. Менің елімде Элладаның бір ұлы перзенті жатса, ол Аристотельдің туысы, Александр Македонскийдің сарай ақыны болса несі ерсі?”

Аршад патша Каллисфеннің қазасына байланысты, қонақасы тұрғысында пәрмендерін беріп, енді Сарайға беттегенде Герострат алдынан шықты.

– Ұлы мәртебелім! Эллада жактан, дәлірек айтсам Баршын бекзадаға ішесіп кеткендерден жеті сарбаз оралды. Жаман хабар әкелді.

– Баршын жазатайым болғаны ғой?!

– Солай. Александр Македонскийдің анасы Олимпиаданы өлтірткен Антипатр сатраптың баласы Кассандр мен немересі Кассий Антигон Гонаттың атынан шакырған екен. Баршын сол қандықол кектескендердің колына түсіпті. Ары тергеп, бері тергеп, Баршынды Роксана деп қабылдаған. Содан... Жариялы түрде жазаға тартқан. Құллі Эллиндік елдерге, Батыс пен Шығыска Александр Македонскийдің нақсұйері біздің қылыштан жан тапсырды деп жар салған... Не істейміз?

– Роксана үшін бұл өте ауыр қаза. Бүгінше қоя түр. Ертен естіртеміз. Баршын падишаның өзімен бірге өскен ең жақын тұлға. Қалай айтсақ екен?..

* * *

Айлар өтті. Аршад бір жолы түскенде Каллисфен жатқан қыратқа көтерілді. Сөйтсек кереге көк тас жазуға толып кетіпти. Грекше, македонша, ең кызығы куманша да жазылған жазулар. Бәрі де Ақынға деген ел құрметінен туған сөздер. “Патша боп жасаған бірінші ісім осы еді”. Дұрыс болған еken. “Шебер ортак, Ақыл ортак, Ақын ортак. Осыны ардақ тұтқан ел – мәнгілік”, – деп біреу орта тұсқа бадырайта жазыпты.

Аршад сар желіспен патша жайына келді. Роксана қүйеуінің жүзіне бір карады да сабырмен жөн сұрады:

- Тыныштық па, басие?
- Жай... Жолай Каллисфен жатқан қырға at басын бұрып ем...
- Орнында жоқ па?... – Роксана тіксініп калды.
- Орнында. Енді қайда кетсін. Айтайын дегенім – кереге тастағы жазулар.
- Кім жазған?
- Халық.
- Не жазылған?
- Бәрі есімде жоқ. Оны тек көру керек.
- Қазір барып көруге қалайсыз, Аршад патша?
- Болады.
- Онда кеттік.

Патша мен Роксананың алдында үш салт атты, сонында төртеу. Олар желістен жүріске, жүрістен желіске аудып отырып, көздеген қыр үстіне қалықтап шыға келді.

Роксана Каллисфен қабірінің жан-жағына жыпырлата қойылған қыш тоостактардағы неше түрлі ғұлді көрді. Бәрі суарулы, бәрі күтімілді. Кереге таста енді бір нәрсе жазарлық орын қалмапты. Жазулар түгелдей ақынға деген ұлы құрмет. Роксана ол жазуларды бастан-аяқ оқып шығып, бір нәрсени ұқты: он сегіз жыл жер астында, зынданда жатса да ақынның сөзі бәрібір жер бетіне жайылып жаткан. Халық онын қайда екенін білген. Кол үшін бере алмаған, бірақ жарық дүниемен жалғап тұрған жана өлеңдерін жатка білген. Анау грек-бранхидтер, Эсхатадағы грек-македон отырықшылары Каллисфеннің өзіне азаттық әпере алмағанмен оның асқақ ойлары мен кейде үмітке толы, кейде кал-кара түніліске, қасіретке толы төгіліп тұрған жырларына жіңішке жол тауып беріп келген. “Шебер ортак, ақыл ортак, ақын ортак”... Яғни олар дүниеге тек жақсылық жасауға келеді деген сөз емес пе? Халықтың шын жетекшісі солар болғаны ғой? Ал Александр өткен жерде қырылып адам, кирап кала, еніреп ана қалады... Екеуінің тірліктері ішкі текетіресі жайдан-жай болмады.

Роксана атының басын патша жайына қарай бұрып, аяндатып келеді. Осы жүріс, осы екпін қазір көрген тосын жайттан алған әсерін, қауалап бара жаткан ойын төгіп-шашып алмауға жайлы еді. Бір ойды бір ой інінен тұрткі шығарды: “Егер дәл осы қырдың үстінде Каллисфен емес, Александр жатса халық пейілі қалай болар еді? Мына кереге тасқа не жазылуы мүмкін?”

Халық саяулы Александра бір мәрте жұмбак қүйінде қойылып еді. Екі көзі топыракпен бітелген адамның бас сүйегін аса сыпа көрінген ақ қиімді, ақ сакалы тесін жапқан бір абыз Таскалада Ескендірге жолдап: “Осының шешуін тауып, жанындағы патшаларға да айта кетсін”, – депті. Ол құндер сақ даласының төрт сарынан бітімнен кейінгі Роксананың ұзатылу тойына патшалар келіп болған. Роксана сол оқиғаға күә-тін. Дала патшалары үшін ол онай жұмбак еді. Баршасы Ескендір не айттар еken деп тосты. Александр бүкіл болмысын билеп алған озбырлықтан бір сәтке құтылғандай жарқ етті.

– Абыз дұрыс айтады. Адамның көзі өлгеннен соң тек топыракқа тояды. Одан бері еш нәрсеге тоймайды... – Ескендір өзін сынап тұрған патшалардың баршасына естірте айтты. Әрине, бәрі жұмбакты тусінді. Санага жетті. Ал тірлікте бәрі де, бәрін де керісінше жасайды... Александр да бірнеше күннен соң Үндінің жері мен байлығы кекейін тесіп, жолға шыққан. Ал оның көксегені – әлемді түгел билеп-төсту. Соған жетсе Александр тоқтар ма еді? Ары қарай ұмтылар да еш нәрсе жок қой!? Ол өзін бақыттымын деп тоят сезімге бөление ме? Әлде өрлей-өрлей шыққаны бақытсызық, жалғыздық, зұлымдық шынына айналар ма еді?

Роксана адасқақ ойлардан шыға алмай, киылып алдына келген көп саяулға жауап іздеді. Жауап табылғанша біразы сейіліп те кетіп жатты. Аршадқа қарады. Тұла бойы тұнған әуез, жыр. Бір әлем. Өзі ерен әнші-жыршы, тендессіз өнерпаз. Енді – патша boldы. Қайсысы жеңер еken? Үстемдік әзәзілі ме, өнер киесі ме? Роксана терен күрсініп алды. “Таразысы тен түсіп, бір басында ынсап, екінші басында ақыл тұрса еken”.



МАЗМҰНЫ

Бірінші бөлім	3
Екінші бөлім	111
Үшінші бөлім	139
Төртінші бөлім	166
Бесінші бөлім	228



Эрнест Төреканов

ЕСКЕНДІР МЕН РОКСАНА

Роман

Редакторы *Зияда Ижанов*
Техникалық редакторы *Ардақ Мұқышева*
Корректоры *Айман Бабиқызы*
Компьютерде беттеген *Рамазан Омаров*

Басуға қол қойылған күні 10.07.06.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$.
Көлемі 25 б.т. Тарылымы 2000 дана.
Тапсырыс № 787.

“Өлкө” баспасының өз баспаханасында басылды.
480002, Алматы қ-сы, Достық д-лы, 7.
Тел.: 73-22-21, 76-09-13

Казакстан
Ұлттық кітапханасы



2 100112 916027